




# ТАБЫЛ ҚҰЛЫЯС

ТАБЫЛ  
ҚҰЛЫЯС

ТАҢДАМАЛЫ

ТАҢДАМАЛЫ



II  
ТОМ

II<sup>o</sup>  
ТОМ

FOLIANT

# ТАБЫЛ ҚҰЛЫЯС

---

## ТАҢДАМАЛЫ

ҮШ ТОМДЫҚ

ЕКІНШІ ТОМ

*ДЕРЕКТІ ХИКАЯТТАР*

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

АСТАНА-2017

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84(5Қаз)-7  
Қ 74

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау  
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару  
және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Қ 74 **Құлыяс Табыл.**  
**Таңдамалы. Үш томдық / Т. Құлыяс.** – Астана:  
Фолиант, 2017.

ISBN 978-601-302-273-4  
Т.2. *Деректі хикаяттар.* – 392 бет.  
ISBN 978-601-302-633-6

Белгілі жазушы, сатирик, архив зерттеушісі Табыл Құлыяс бұл кітабында халқымыздың басынан өткен аштық, қуғын-сүргіннің ауыр зардаптарын, сталинизмнің қанды қасабын құнарлы тілмен, бұлтартпас құжаттармен шынайы баяндаған.

Заманның тынысы, дәуірдің дауысы болған деректі хикаяттар көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84(5Қаз)-7

ISBN 978-601-302-633-6 (Т.2)  
ISBN 978-601-302-273-4

© Құлыяс Т., 2017  
© «Фолиант» баспасы, 2017

## ҚАНАТЫ КҮЙГЕН ҚАРЛЫҒАШТАР

Күн тұсау бойы көтерілген, бөлме іші жарық, кішкене терезеден күн сәулесі түсіп тұр. Етікші Ғафу ағамыз ойға шомып, жан-жағына көз тастап қояды. Қайыстан тіккен етікті ұлтандап, ағаш шегені сіңіріп болып, қайта-қайта тексеріп, сүйріктей боп бойжетіп қалған нәркес көзді қызға:

– Етіктің басын алтындап та тіккенмін... Былғары, шегірен, ұлтан барында, несін айтасың, талай сұлудың аяғын бүтіндеп едім. Қазір алтын қайда?! Қара машина мініп, қара киім киініп, қара мылтық асынғандар ауылдың алтын-күміс бұйымдарын жинап әкетті ғой, – деп етікті ұсынды.

Қыз қуанып кие бастады. Көңілі көтеріліп, жаны жадырағанына риза етікші:

– Қызым, қызым, қыз кісі, қызыма келер жүз кісі, жүз кісіге бермеп ем, алып кетті бір кісі, – деп күлімдеп қалды. Тірегі де, қуаты да, қорғаны да жастар ғой. Солардың қуанғанына мәз-тін.

Бұйра шаш, балаң жігіт үйге қуана кірген қарындасы Рысқалға қарап:

– Етік аяғыңа шақ па? – деп сұрады.

Қыз көзі мөлдіреп:

– Жақсы, – деп күлімдеді. Кісінің қабағына қарап тәртіп, тәрбие сақтаған ұрпақ, бұл ауылдың бәрі түбі бір атадан тарағандықтан қыз алыспайды. Қатқыл сөз, салқын жүзділік кездесе бермейді. Бір қызығы, жазда осындағы елу шақты үйдің қуыс-қуысына, суағардың астыңғы жағына қарлығаш ұя салып балапандарын өргізеді. Содан ба, жігіттер аузында бір ән бар.

*Ақ тамақ қарлығаштар-ай,  
Сұп-сұлу қарындасым-ай!  
Жаманға қор болмай,  
Жақсы жар бұйырсын-ай!  
Бойыңды түзедің-ай,  
Ибалы мінезің-ай.  
Сыңарың табылып,  
Айдында жүзерің-ай, –*

деп ойын-тойда шырқап, әркім өзінше өлең шығарып, жырларды жаттап таңды-таңға ұрып, татулықтың күй пернесін шертуші еді. Егін егіп, шөп шабатын кезде киіз үйлер қатар тігіледі. Оларды үлкен үй, ортаншы үй, қосбасар үй деп атап жатады. Дастархан басында жоқ-жұпынылықты білдірмей, татулықпен талай қиындықты жеңуді ойлаушы еді. Кейде тамақтанып жатқанда, отырғандардың кейбіріне дәуіт қонады. Ондайда балалар мәз. Қолдарына ұстап: «Дәуіт, дәуіт, биле, биле», – десе, әлгі жәндік алдыңғы аяғын ерсілі-қарсылы қозғап билеген тәрізді болатын еді (қазір Қаракөл өңірінде қарлығаш та жоқ, дәуіт те жоқ, таң алдында шырылдап тұратын бозторғай да жоқ, Бүйрек құмында сыналған түрлі қарулар, түрлі экологиялық апат бәрін құртты – Т.Қ.). Толғанып тұрып, алыста қалған жылдарды ойланып тұрып «бәріне Адамның өзі кінәлі» деп пікіріңді қорытасың. Олай емей немене, Орбай деген бір жерлесіміз әйеліне ренжісе немесе біреу келемеждесе, ашуға булығып үйін өртеп жібереді. Өртте балапан басып жатқан қарлығаш қанаты күйіп құлайды, жазықсыз құс тағдырына жаның ашып жылайсың. Бала кезінде қып-қызыл өрттің қорқынышы есіңнен шықпайды. Еһ, елдің татулығын айтсайшы, саналы, қайырымды, адал мінезімен көпшіл жұрт Орбайдың бала-шағасына қарасып аяқ-табағын, көрпе-көпшігін түгендеп, баспанасын көтеріп береді. Кім біледі, сырын тереңге тастап бүгіп жатқан мінез саясатпен бірге құбылып жасанды әрі қауіп-қатері мол жолға бастап бара ма? Көз жеткен жерге сөз жетпей, сөз жеткен жерге көз жетпей, айла-тәсіл, қулықтың қырсығы адам тағдырын ермек етіп, ойыншыққа айналдыра ма? Адам жақсылықтан жерінсе,

өзге түгілі, өзінен безінсе, тілі күрмеліп, тіпті тірі екенін сезінбейтін, кісілігін білмейтін қатал, қатыгез, жауыздық шеңберіне түсіп кете барады... «Әкесі бай, жеті атасынан бері бай болған тұқым-құлақ түрмеден орын тапсын» деп арызданатын тасжүректердің беті ашылып, түр-қияпаты жыртқыштық қалып-қа түссе, кімді кінәлайсың? Әрине, адамды. Кімнің кім екенін байқамаппын деп өкінесің бе? Кеуде қуыс, қараңғы, ешкімнің ішіне кіріп шыға алмайсың. Жаныңды қиып түсетін жалмауыз жаныңда жүреді. Аңдығанын алып тынады, қылбұрауды мойныңа салып тынады. Кімді дейсің бе? Айталық. Шегініс жасалық. Басқан қадамыңды аңдушы жүр... Оған сенген бар, адалдығым, адамдығым деп ашық жүргені бар... Міне, солардың бірі – Шахзада Аронқызы. Қаратаев әулетінде қоғамға болмасын деуші жоқ, жаңаны жарқыратуға, халықтың болашағына, білім-ғылымға еңбек етуді мирас еткен. Бірақ Шахзада оқу орындарынан да қуылады, қызметке де тұрақтатпайды. Аңдушылары «үстем таптың, қанды балақ, шұбар төс қансорғыштардың ұрпағы» деп айыптайды. Уіл-дуіл сөз етеді, «сіңірі шыққан кедейдің мемлекетіміз, бұлар қоғамға зиянкестік жасайды» деп «жатыпатарлар» үштіктің құлағына құяды. «Дәулетті, үйі толған алтын шығар» деп желіктіреді. Шахзаданың озық ойлы, білімдарлығымен надан топ санаса ма? Білгенің де зиян, білмегенің де зиян, ешкім түсінбейтін түйсіксіз уақыт. Көрікті, әсем киінсең де дұшпандық ой өріп шығады.

...Мінсіз ажарлы. Көрген көз тамсанатын сұлулықты Жаратқан Ием бере салған. Мөлдіреген мойылдай қара көз, әйелдің бір сұлулығы қос бұрымы, ақ қағаздай бет-пішін, жазық маңдайда адалдық қана ұялағандай дерсің. Шахзаданың замандасынан асып тұрған мінезі, ой-санасы, білімдарлығы сұлулығымен жарасым тапқандай еді. Қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі – лингвист-ғалым, профессор Телжан Шонановпен жанұя құрып, болашаққа іңкөрланған кезі еді. Телжан болса екі сөзінің бірінде:

– Ақ тамақ қарлығашым! – дейді екен.

Қиялына қиял ілестіріп, ақыл-ойын бірлестіріп ғылымға екеуі де құлай берілді, шөлі қанбайтындай сусындауға талпынды. Бір үйден екі ғалым атанып, бақытты

боламыз деді. Жақсылықты күтті. Жастық шақта ренжісе де, өкінсе де өмірге құлшынғандарда реніш пен кектің ізі де қалмайды. Бірлесіп қиындықты жеңеді, бәрін ұмытады, ойнап-күліп небір түйіні шешілмес қиынды да шешеді. Шахзада ҚазПИ-дің аспиранты, мамандығына, ізденісіне шаң тигізгісі жоқ-тын. Жүйрік ойы басқадай күдік келтірмейді. Сүйіспендігі де таза, ниеті де адал.

– Бізді ажал айырар...

– Тәуекел етіп, ғылымды меңгерсек...

– Ғылым ғана өмірдің сәні де, мәні де! – деп жарқын, жайдарлы қалып танытса да, Одақ бойынша әр шаңырақты торып жүрген қара ниет бар. Әуелі шала боп жанып, соңы өртке айналмаса неғылсын?! Күдікті сөз құлаққа жетіп жатыр. Сөйтсе де «Кеңес үкіметінің болашағы ғылымға байланысты ғой, бізге тиіспес» деп өздерін ажалсыз, пәледен аулақ болатындай сезінуші еді. Ешкіммен егес-қиястығы да жоқ болатын-ды. Адам қанша сақ болса да, сырын бермей жанында жүретін қаскөй ойлы, күңкілмен-ақ іліп түсетін, опырып тастайтын, қара дауыл пәлені тауып, өміріңді қылышпен қиятын жауыз күш табылады... НКВД-ның тыңшылары бар. Олардың түр-түсі жұмбақ.

Зұлымдық жолы жасырын ба – жасырын. Білгірлікке тынысы тарылатын ба – тарылатын, басынан сөз асырмай іліп түсетіндер бар ма – бар. 1937 жылдың 4 тамызында Ежов, Берия әрбір республикаға қатаң тапсырмалар беріп жатты. Республика облыстарға, облыс аудандарға ондағы НКВД бастығына: «Белгіленген лимит бойынша үштікке сіздерден ондаған іс қаралады. Атап айтқанда: 1) ұлтшыл-интеллигенция; 2) контрреволюцияшыл; 3) панисламист; 4) саяси сатқын; 5) бай, капиталистің тұқымы; 6) діншіл; 7) отанға опасыздық жасағандар, т.б. Осыдан басқа істер әзірге қаралмайды. Кейін қосымша лимит күтесіздер!» деген сықылды жеделхаттар үштіктің қолына құпия түрде тиеді. Содан-ақ алашапқын басталады. Ізде, тап, әкең де болса аяма, тездетіп үкімін шығар. Атылатынын атып, түрмеге қамайтынын қама. Ақталуға дәлел таптырма! Үштіктің қолына түскендер ақталмайды да, ешкім араша түсе алмайды. Су түбіне кете барады. Мойнына тас

байлап түпсіз тереңге батырғандай жоқ етеді. Моласын да таппайтын ететін амал бар, күш бар, заң бар. «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» деген ұранды айтасың ба?! Ұран бойынша қоғамды ақ қардай тазартып, сіңірі шыққан кедейлермен социализм орнатып, одан соң коммунизмге бір-ақ барамыз. Өткен қоғамда байлықты ойлап алжасқандарға обал жоқ, ұлтшылдығы – ескіні аңсау, ол да ауыр қылмыс, саяси сатқындық делінеді. Кімнің кім екенін тәптіштеп тексеріп жатпайды, ағайын-туыс, дос-жолдасты бір-біріне сөзбен айдап салып, алалап өшіктірсе болды, сосын он шақты сөйлем жаздырып, қолын қойдырсаң «жау» деп атып тастауға болады. Куәгер әкеп, әлгі он шақты сөйлеммен, уақыт өткізіп кінәластырып, беттестірудің де қажеті болмайды. Тазарту осылай 1920 жылы басталған, оны үштіктің әр мүшесі жақсы біледі. Тапсырыс, лимит тез орындалады. Ондайда үштікке марапат, байрақ әзір тұрады. Құлық, айла-амал, адамға қолданылатын әр түрлі тәсіл-әдіске үштік төселіп алған. Олардың кейбірі Мәскеуден арнайы дайындықтан өтіп келген, біреудің басынан үш рет атып қанын төксе де аяушылықты білмейді, қара тастай қатып селт етпейді. Ыстық темірмен денесін күйдіріп бақыртып жатса, қызық көргендей күлімсірейтін сиқы кісі шошырлық. Алла өзі берген жанын өзі алады, адамды адамның өлтіруі ауыр күнә дегенді олар ұқпайды, темір адамдар. Кісіні атып, ит сілікпеге салып қорлап өлтірген сайын құлшына түсетін үштік «адал болып арығанша, арам боп байып қал, аларыңды алып қал» дейтін сықылды. Тұтқынның тәуір киімі, қымбат мүлкі солардікі. Ұстағанда да бәрін байқап, нені олжалауды сезініп отырады. «Қылмыскерді» көшеде жөніне жүрсе де бірден таниды. Алтын сағат дейсің бе, алтын білезік, алтындаған жиһаз дейсің бе, қымбат киім, қымбат мүлікті көзі шалып қалса қапы жібермейді. Қиянат солай, заман солай, саясат солай. Берияның концлагері бос тұрмауы керек.

Қара машина, қара киімді, қара мылтықтылар жан алғыштай жалмаңдап, күннің қызылы семе Телжан Шонановтың үйіне басып кірді. Бірден:

– Ұлтшылсың ба? Жапон шпиондарымен ауыз жаласып қандай қырғын істемекшісің?



– О не дегеніңіз, мен ғалым адаммын. Орысты орыс, қазақты қазақ деу ұлтшылдық болып па? Төлқұжатта бәрі жазылмай ма?

– Ғылымыңды шетелге сатпақшысың ба?

– Шетел дегенді білмеймін. Өз Отаным үшін... Ұрпақ үшін оқу құралдарын шығардым, Қазақстан жағрапиясын шығардым, социализмге ауадай керек.

– Ғылымыңда тіл, діл, дін дейсің бе? А. Байтұрсыновпен бірігіп «Тіл дамыту» атты кітабын жазып шығарыпсың. Неге орыс тілін бірінші айтпайсың? Ұлтшылдық... Қазақып дейсің. Орысша үгіт қайда, қазақшыл?!

– Ұлтын кім айтпайды?!

– Дінсіздер бесжылдығын білмейсің бе?! Жорта мүләйімсің... Сөзді қой, тұтқынсың, қолына кісен сал, – деп танауын көтерген біреуі үйді тінтуді бастап кетті. Өршіген өрлік, өмір мен ажал арбасып тұрды. Бұл шайқаста тіл табысу жоқ. Қара киімді, қара мылтықты шошаңдатқан үшеу алымы бардай бөлмелерді тінтіп жүріп, Шахзаданың алтын, бриллиант, күміс жүзік, білезік, алқа, шолпы сықылды қымбат бұйымдарын, тұтыну заттарын, араб әршімен әдемілеп жазылған кітаптарын тауып алды да:

– Мұнша байлық байдың тұқымында ғана болады. Әріптестеріңнің арғы тегі хан, бай болған, алтын табақпен ас ішеді деген жазбасы рас екен. Молда болғандары, батыр, жыршы, жырау, би, арабша білетіндері де бар шығар?

Мылтықтың үңгісінен мыңдаған адамның өмірін қиятын ажал-оқтың атыларын сезген Шахзада үнсіз қалды. Телжанның қолын кісендеп есіктен шығарып бара жатты. Қайран сүйіскен жүрек, Шахзадаға бұрылып қимай қарады. «Торғай ақ жауында балапанын қорғайды, қатты нәсерде өз басын қорғайды» дегенді көзбен ұқтыру ма еді?

– Дүние-мүлік өздеріңдікі ме?

– Ата-бабадан қалған ескерткіш, ешкімнің ала жібін аттаған жоқпыз. Шындық бар шығар, біреудің жаққан күйесі өзіне жұқсын.

– Қансорғыш, кедейді сіңірі шыққанша, арқа еті арша, борбай еті борша болғанша қанаған байдың тұқымымын деп айтуға аузың бармайды, – деген қара киімдінің бірі тартып алынған заттарға акті жасап, қол қойдырып алуға

кірісті. Өр сөзінде өріп қатесі толып тұр, ақ жолды молырақ тастап айдақтата бастады. Қол қойғаннан кейін заңға сыятын сөздерді бос орынға өздері толтырады. Құжат, дерек дайындауда да осындай қулық бар.

– Оқып, қолыңды қой?! – деді мысық мұрт, қыли көз, қара сұр үштіктің бірі. Түр-сипаты бұзылып, құр сұлдері тұрған Шахзада өткен өмірімен қош айтысқандай, тірліктен жақсылық күтіп ақталып шықпасын білді де, оқымай-ақ қолын қоя салды. Сөйтсе де:

– Не жазығымыз бар? – деп баяу үн қатып еді.

– Кедейлер үкіметіміз... байдың тұқымын құрту міндет екенін білмейсіз бе? Баяғының сұлтан, хан, байларының тұқымы болмасаң, мұнша байлық үйіңде сақталмас еді. Бөлен-түген деп дәлелдеп ақталсаң, үй-мүлкің өзіңе қайтады, мол қазына, байлық құжатталды, өзіңнің басыңды жұтпасын деп тіле! О дүниенің жақсылығынан үміт ет...

Шикіл сары қымбат бұйымдарды жинастырып, құныға қарады. Көзі жайнап қызығады, таңданады, өзіне салса, сатып қаржы жасап, өмір бойғы тірлігіне жетер еді. Өмірін байлық жолына құрбан етер ме екен? Кенет «ойым неге бүлінді» дегендей, жиналған заттарды автокөлікке тиеп әкетуге алып шықты...

Бойды үрей билеген, ерлі-зайыптылардың тілі байлаулы. Үштіктің қимылын естіген, басқа қонған бақ оралмайтынын түсінеді. Шахзада ненің пайда, ненің зиянын қапелімде есі шығып, пайымдай алмайды. Түсініп болмас... қолы кісендеулі күйде есіктен шыққан еріне қарайды. Абыржу есін аударған.

– Жүзік, сырға, сақина, алтын табақтың бәріне есім жазылған сый ғой, – деп еді, әлгі жып етіп:

– Мүліктің бәрін қағазға тіркейміз, үкіметтің қорынан ештеңе жоғалмайды... Біз үкіметтің адал адамымыз... бізден еш қате кетпейді, ештеңеге ешкім күмән келтірмейді, – деді.

«Басымыздан қымбат па? Дүние-мүлкі құрысын, қайырсыз болған» деп Шахзаданың жүрегі үн қатқандай болды ма? Жалынса да жанын сақтап қала алмас.

Шикіл сары елге барғанда біреудің байталын тартып алып, соғымға сойып еді. Сонда жылқының иесіне екінші танысы:

– Милицияның зорлығына төзбе, арыз жаз, малыңды қайтарып берер, – дегенде, бейпіл ауыздыға қараған мал иесі:

– Ақылсыз неме, арыз жаз дейсің... Байтал түгіл, басым қайғы болсын дейсің бе? – деген екен. «Әлдінің әлсізді қысуы бар, әлсіздің шаңша ұшуы бар». Сол айтқандай, үштіктің шаруалары түгел. Тұтқындарға жан қайғы. Өзді-өзі әзілдеседі, мырс-мырс күліседі, айыптылар алдында жүздері ызғарлы. Адамда осынша өзгеріс бола береді екен-ау. Үштік мүшелері төркіленген қымбат қазынаны құпия тәртіп бойынша банкке өткізіп, өздеріне аздаған сыйақы алады. Банк жиналған алтын-күміс, неше түрлі қымбат сәндік бұйымдарды Мәскеудің банкісіне жеткізеді. Халықтың атадан балаға қалған мұрасы, сый-сияпаты – бәрі де қоғам меншігіне айналады. Ар-намысты ардақтап, ешкімді арқа тұтып көрмеген, біліміне сүйенген, үлкен үміт күткен, ғылым жолындағы еңбегін ардақтаған Шахзада 1930 жылы ақпанның бірінде шыққан КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БҚ(б)П-ның «Бай-кулактар – қоғамның қауіпті элементі» деген сыңайдағы қаулысынан хабарсыз. Әйтсе де, жұрттың сақтанғанын естіді, бірақ соған онша сене қоймап еді. Үштіктің сол қаулыға сүйенген протоколын, ОГПУ бестігінің протоколымен табанда ату, түрмеге үн-түнсіз әкетіп қамау екенін естіп-білсе де, Шонанов шаңырағына зұлмат төнеді деп ойламаған шығар. Олар өлер алдында туыс, дос-жолдастармен арыздасу, бақұлдасуға, тілдесуге де мүмкіндік таппайды. Үштік құжаттары бес-алты парақ қағаздан артпайды, кінәлі болмасаң да – кінәлісің, жау болмасаң да – жаусың, болаттай берік болсаң да ұрып-соғып, сүйегіңді сындырып қан қақсатып, етіңнен ет кесіп, айтқанына көндіреді, мойындатады, қол қойдыртады. Сосын қысқа жазылған үкім қағазы толтырылады да, өлер жерің осы, қақ маңдайдан бір оқпен атып, жөнелте салады. Кейбір деректерде он шақты адамды қатар қойып «атқыштар» әрбіреуіне үш оқ жұмсайды делінген, егер жан тапсыра алмай жатса, басынан төртінші рет атады екен. Үштіктің шешімімен атылуға бұйырылғандарды орындаушы қызыл жағалылардың көбісі Мәскеуден құпия дайындықтан өтіп келетін нағыз

тасжүрек қанішер болған деседі. Сол қанішерлер Шахзаданы 1938 жылы 9 наурызда ұстаған бойда атып кеткен. Іс сонымен бітеді. Екінші, үшінші, мыңыншыларына да дәл сондай зұлымдықпен қанқұйлы тәсіл қолданылады. Үштіктің құжатында Телжан Шонановты «қазақ интеллигенциясын біріктіріп, топ құрып, үкіметке қастандық ойлаушы», ал зайыбы Шахзаданы «тегі – үстем тап» деп көрсеткен. Үкімнің түрмеге түскен бірінші күнінде ақ орындалуының өзіндік себебі жетерлік, үйіндегі бар байлықты иеленіп қалу туралы залым ойы болмады деймісің. Сонда бәлкім үштіктің бірі:

– Әйел екіқабат емес пе? – деді ме екен.

– Аяныш білдірсең – өзің бірге атыласың, – деуінде де мән бар.

Түрлі архив құжаттарында екілік қол қойып, үшіншісін атып тастағаны да кездеседі. Айтпақшы, шикіл сары қымбат мүліктерді банкке тапсырғаны туралы түбіртекте жоғалттым деп азар да безер болады. Шені жоғары, Мәскеудің көзі, құлағы, жазалаудың арнайы дайындығынан өтіп келген безеу бет ірі тұлғалы бастық алаң көзін оған оқша қадап:

– Тезінен тауып әкел! – деп бұйырады да, екіншісін кабинетіне шақырып құжат дайындап, «таза емес, сатқын» деп куәландырып, шикіл сарыны да атып салады...

\* \* \*

Зұлымдық Кеңес Одағы бойынша арындап тұрғанда, әлгілердің атылған күнінде, 1937 жылдың 4 тамызында, Ойыл ауданының 15-ауылындағы көп балалы ана Шолпан Шындәулетова, Жұрын ауданындағы «Жаңа жол» кеңшарының колхозшысы Қалия Қалиева «Отанға опасыз» жанұя мүшесі ретінде үштік шешімімен сотталып, түрмеде өлген. Қылмыскер делінгеннің құқын қорғау, жазылған жала-деректерді өзіне оқытып таныстыру болмайды. Солардың біразы сауатсыз, соған қарамастан шпион, халық жауы дегенге күлерсің бе, жыларсың ба? Әйтеуір тергеу амалдарында кінәлі дегеннің қолын қойдыруды ұмытпайды екен. Қол қоймаса, шыжбайлап құжатқа жаза

салу да кейбір архивтерде кездесіп қалады. Қылмыскерге арналған әрбір істе бес-алты парақтан артық жазба жоқ, сол арқылы тағдыр тез шешіледі. Қараңыз, персиялық Ізенғұлова Ақбала 1906 жылы Тарбж қаласында туған, жоллаушылап ағайын-туыстарына келген, үштік ұстаған бойда протоколда «шпиондық әрекеті үстінде ұсталды» деген жазамен түрмеге түскен. Азапты, зәбір-зорлықты көтере алмай түрмеде өлген. Оның өліміне ешкім жауап бермейді. Қылмыстық ісі дәлелденіп қолы қойылған, араб әрпімен түсініксіз шыжбай бар. «Бітті шаруа, түрмеге кетті Маруа» депті бір ағамыз. Демек, үштік лимитті орындады. Байрақ, марапатқа қолдары жетті. Қасқырды аяғы асыраса, бұларды қару-жарағы асырады.

Сол қырғын жолда қызыл жағалы, қара шекпенділері, алысқанмен алысып, жұлысқанмен жұлысатындары да көшелерде жүреді, түрлі өндіріс орындарын аралайды, онда «жатыпатарлары» бар, солармен құпия сөйлеседі, алдымен әйелдерге көздері түссе, жақсы киімі, қымбат сақина-сырғаларына қарайды. Жұрттан өзгелеу түрін бақылайды. Осы қауіпті адам-ау деп шап беріп ұстай салатынға ұқсайды. «Отан үшін, ел үшін, қоғамды жамандықтан тазартамыз!» деп тышқан аулаған мысықтай жүретін қызыл жағалы неден қаймығады, Берияның амандығын тілейді, саясаттың осылай тұрақты болуын тілейді. Өйткені өздеріне құрмет бар, шен-шекпеннің атағы бар, табыс бар, соған қуанады, соған жетістім дейді. Тасыраңдайды, масығады. Әлсіз бұққан сайын жанын инемен шабақтап рахат табады. Ыржыңдап күліседі. Бұлар да адам сықылды. «Ниетіне қасқыр шапқан» деп қарапайым халық айта алмайды. Қара мылтық қан шашып жатса, оған төтеп берер күш қайда?

Архив құжаттарының ара-арасында көрініп, белгілі боп қалатын бриллиант, алтын-күміс, тағы басқа қымбат заттарды тартып алу, оны банкке өткізу турасында банк құпиясында, үштік құпиясында жазбаша дерек болған-ау деп қаласың. Әйтпесе, килограмдап өткізген қымбат заттарға берілетін сыйақы онша көп болмағанға ұқсайды. Кеңес Одағының әлемдегі кедейлігін ойласаң, банкте жиналған алтынның құнымен өндіріс орындарын ашу-

ды ойлады ма? Ұлы Отан соғысынан кейін сол кезде Одақ қаржы саласын басқарған, ғаламат қаржыгер Зверев халықтың қайыршылық тұрмысын ойлап:

– Алтын қорымыз соғыс басталғанға дейінгіден анағұрлым көп, халық кедей, соғыстан ел-жұрт қатты күйзелді, бір жақсылық жасасақ, – дегенде, көсем Сталин:

– Жыл сайын март айында тұтыну тауарларын арзандатып беру керек, – депті, сосын қалың халық март айындағы тауар арзаншылығын күтіп қуанышқа бөленіп жататын еді. Саясатты да жұрт әр түрлі түсінеді, саясаттың қитұрқы құпиясын да біле бермейді. Бірақ зұлымдықты, зұлматты ұмытпайды. Халықтың жағдайын білетін, оған жаны ашитын – Полтава техникумын бітіріп, бүкілодақтың Қаржы министріне дейін көтерілген ғұлама қаржыгер А.Г. Зверевтің кітабын оқыған едік. Кеңес үкіметін олай-бұлай болды десек те, отаншыл биік тұлғалары болғанын неге ұмытамыз?! Зверевтей қаржыгерді енді табар ма екенсің? Жамандықтардан безінгенде жақсылықты да сезінбей тұра алмайсың. Қалың жұрт сол зобалаң жылдарда да жақсылық күтті, көсемдерді кінәлаған жоқ. «Менің адал екенімді, кінәсіз жазамды көсем білмейді ғой, сендердің бос сандырақтарыңды естімейді ғой», – деп контрреволюцияшыл әрекеті үшін он жылға сотталғанда Ойыл ауданындағы «Сапақкөл» кеңшарының колхозшысы Әбдірахман Мұқашев қалай қиналмады дейсің. Алдындағы малын бағып, шөбін шапқаннан басқа, ешқайда аттап шықпаған сауатсыз шаруаға қойылған сұрақтың түрі мынау: «Байлар елден қашқанда қымбат жиһаздарды, сәндік лағыл, маржан, інжу, алмаз, алтын-күмістерді қайда тыққанын айт. Орнын білетін көрінесің, қай жерде екенін көрсетсең, түрмеге түспейсің», – деп етінен ет кескендей қыстайды. Өйткені бұл кезде ойылдықтардың пыш-пыштаған сөзінде: «Байларды тәркілеген кезде сүйектен істелген сандықтарға қымбат мүліктерді салып, оны киізбен орап Жыланды тауының үңгіріне тығыпты. Оны қарауындағы құлдары айтыпты. Ойыл халқы ауыз суға пайдаланып отырған бұлақ көзін бітеп, құдықтарды улап кеткен жаулықты үкімет кешірімес» деген сыбыс болған. Қариялар оңаша бас шұлғып, әлгіндей сөзді тыңдап отырып:

«Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен» деген сөз аштықта қырылғандардан қалып еді», – дейтұғын. Тығылған қымбат мүлікті милициялар қанша іздесе де таба алмады, әлі де табылмайтын шығар. Өйткені Жыланды тауының үңгіріне кіретін жолды, тесікті бітеп тұрған жымдасқан тасты табатындар, құпия сырды білетіндер өлген. Бірақ сол сыбыс, сол байлықты табу жолындағы әрекет талайды түрмеде шірітті. Кейін жұрт «білемін деген – көп сөз, білмеймін деген – бір сөз», «еректі көз бұзады, әйелді сөз бұзады» дегенді меншіктеп үнсіздікпен тынды. Құғын-сүргіннің белең алуы үдей түскен кезең – Қазақстан бойынша 1935-1939 жылдарда 25 мың адам түрмеге тоғытылды. Лауазым иесіне де қарамады, Мәскеуден келген лимит бойынша Ақтөбе облысының бірінші хатшысы Мусиннің тұтқындалуына байланысты әйелі Хадиша Мусина да қымбат сырға-сақина, жүзіктері болғаны үшін атылып кетеді. Байдың тұқымы деп есептелген. Оны айтамыз-ау, қазақи ою-өрнекті киім кигені көзге түссе, ұлтшыл деп қылмысты іс көтеруге негіз бар. Үштік заңы жоғарыдан түседі, оныңыз құпия, лауазым иелері де білмейді. Облыс басшылары сұрапыл соқпағында ел үшін, халықтың тұрмысы үшін, болашақ үшін, ұрпақ бақыты үшін, социализмнің жарқын келешегі жолында игілік үшін деп ұйқы көрмейтін Ә. Досов, А. Мусин, Саакиян, Ф.И. Буланин, Стецюра, Т. Жаманмұратов, Ж. Қожахметов, Ж. Дүрімбетовтер «Отан үшін, социализмнің жақсылықтары жолында алға!» деп жүріп атылып кетті. Ақтөбе облысының өзінен архив құжатында анықталған 6 400 адам құғын-сүргінге ұшырап, атылатыны атылып, түрмеге жабылғаны жабылып, қан кешудің жалмауыз тұңғиығына батқан. Білім беру саласынан 140 қызметкер тұтқындалса, ғалым, филолог, профессор Қ. Жұманов «халық жауы» деп атылған. Қан жоса қырғын ба – қырғын! Жанұясы, ұрпағы «жаудың» тұқымы деп ит қорлықты көрді ме – көрді! Менің анам Қалила мен сіңлісі Балқия әкесінің ағасы жау атанғасын қашып, елден безіп жүріп ағайын-туыстарының есімін айтуға қорқатын еді. Апалы-сіңлінің алпысыншы жылдары бірін-бірі тауып көз жастарын көл еткенін көргенде, сүйегің сырқырамай тұрмас

еді. Бұл – талайлардың ұрпағының қан түкірген оқиғасы, шемен шері. Әкем Тұрсынғали сотталып Берия түрмесіне жөнелтілісімен, анам Қалила, бауырына басқан ана Науша қолына – сақина, құлағына – сырға, омырауына алқа тағудан, жамаусыз киім киюден үрейленетін еді. Абысын-ажындарымен аяқ-табақ араласын да сиретіп, қатар-құрбысымен ойнап-күлуден ада болғандай сүлесөк еді. Өйткені жаудың жақындары, туыс-туғаны басқалардың көзіне шыққан сүйелдей көрінетін. Әйел – Отан, әйел – мемлекет десек, әйелді жауға санап ату, түрмеде шіріту – мемлекеттің өзін-өзі жауға санап қырып-жоюы екенінен түңілесің, астарына ой жіберіп, ақылға салмаса, саясаттың құзғындығы емей, басқа не дей аласың?! «Тасжүректер дегенің ақылға қолын созбайды, қанішерлердің жарысы, әлемде одан ешкім озбайды, адамынан айырылғандар, боташа сарнап боздайды» деген жоқтау да іште тұншыққан. Есуастықты, есірікті, ібілістің айтағына еруді, милициялардың көзіне ақ шел қаптағанын құзғындық, жыртқыштық әрекет десек, солардың тұқымының да оңғанын естімеген шығарсыз. Жазықсыз төгілген адам қаны тегін кетпейдіге тоқтайсың. Лағынет айтудан басқа сөз таппайсың. Құзғындық демекші, жатаған үйіміздің сыртындағы бұрышына жылда қарлығаш ұя салып, балапанын өсіретін. Балапаны жұмыртқаны жарып шыққан бойда құлап кетпесін дегендей, аяқтарын қылмен матап қоятынын көргенбіз. Содан бір күні қарлығаштың ұясына жылан жорғалап бара жатты, оны көре қалған Науша жыланды бақанмен іліп алды. Жыланды басынан ұстап, құмырсқаның илеуіне апарып тастап едім, құжынаған құмырсқа жыланның түте-түтесін шығарды. Мұндай көріністі көрген Науша:

– И-и, табиғатта жазықты бар, жазықсыз бар, қара ниет бар, ақжүрек адалдық бар, құзғындық бар, қайырымдылық бар, бәрі жанталас арпалыста екен-ау, – деп күбірлегені бар. Осындай сөзді қай ана айтпады дейсің. Шаңырағын талқандап жатса, кім шыдайды? Өкінішін білдіріп қалады, алашағым кетсе де, айташағым кетпесін деу бар ғой.

Хадиша Мусина құзғын құстарға қарап:

– Құзғынның жасы ұзақ болады деуші еді, – деді ме екен. Соны құлағы шалып қалған тыңшы елпең етіп:



«Үкіметті құзғын құсқа теңеуден саумысың, өзің зұлым жаумысың?!» деп үштікке жеткізбей ме. Хадиша 34 жасында үштіктің шешімімен 8 жыл үкімді арқалап түрмеге қамауға алынады. Содан 1989 жылы қылмыстық істе «Отанға опасыз» дегенді дәлелдейтін дерек жоқ деп Мусина ақталады. Бір ғана Ойыл ауданы бойынша 1937 жылы тазартуда 260 адам шетел тыңшысы, ұлтшыл, «панисламист» деген айыппен түрмеде қорлық көрген екен. Батшалы Қасымова, Зеріп Мұқашева контрреволюциялық әрекеті үшін деген жаламен сотталса, Сүтбай Мұқашев колхозшы үштік шешімі бойынша «жегі құрт» жау атанып түрмеге қамалса, әйелі Ұлла Мұқашева «контрреволюциялық әрекетке жанұясымен қатысқан, Кеңес үкіметін құлатпақшы болған, «қандыауыз төбеттердің шпиондық тобы» деген қылмыстық іспен түрмеде отырған. Әрбір жүректі тырналап жатқан қара мысықтың улы тырнағы мылтық ұстап көрмеген, жалпы қазақ салтында «кісіге пышақ кезенбе, оқтаусыз мылтық та атылады, мылтық ұстама» деген ұлттық қағида қайда? Құдық басында малын суарып тұрған Сүтбайға келген милиция:

– Сізді жұрт жау дейді ғой.

– Оттамасын, кімге жаулық жасаппын?!

– Жалған айтпайтын сенімді адамымыздың жазбаша қағазы бар.

– Аузына келгенін айтатындардың өсегіне ересіндер ме? Милиция үкіметтің адамын қорғайды десек...

– Біз жаудан қорғаймыз.

– Ізде, тап, күшің жетпесе болысайын. Өсекпен сана-сып, шындықтан қашу ұят емес пе? – деген сұрақ-жауаптар кімнің кім екенін анықтап тұрғандай емес пе? Милиция бәрібір «жатыпатардың» сөзіне, жазбасына сенеді. Сөйтіп, ағайын арасындағы араздық кейбір жанұяның тас-талқанын шығарып құртып та тынған. Ұрпақ алдында ұятқа қаламыз дейтін бірі жоқ. Біреу біреуге өкпелі ме, кектенді ме, кіжінеді, құртамын деп қоқияды. Аласұрады. «Өштескенімді құртпасам, жер басып тірі жүрмейін» деп шіренеді. Зұлым ойлы да адаммын десе адалдықты қайтіп күтесің?! «Сұмырай сұрынан белгілі» деген сөз шындықты күткендерден қалған. Кеңес үкіметін кемеліне келтіру

жолындағы «тазалауда» жанұялармен қатар тұтас ұлттар да қуғын-сүргінге түсті. Адалдықты күтем деу бекерге айналды, өліп кетпесем, қауіп-қатер қайдан деген үрей кезді. 1936 жылғы 28 сәуірдегі КСРО ХКК-нің 776-120 қаулысы бойынша «О переселении лиц польской и немецкой национальности из Украинской ССР» (политически неблагонадежный элемент) деуіне байланысты Каменец-Подольский, Хмельницкий, Винницк, Житомир, Киев облыстарынан Ақмола облысына жүздеген эшелон толы адамдар жер ауып, қоғамға зиянды атанып зөбір-жапа шекті, пойызда өліп қалғандары қаншама? Олардың қымс еткені, лагерьден түрмеге отырғаны, ауыр соққыны көтере алмай өлгені қаншама? Жаның түршігеді. Бәрі де адам, Алланың құлы. Үрейлі кезде сөз тыңдауды ұмытса қайтесің?! Бұқар жыраудың:

*Ай, заман-ай, заман-ай,  
Түсті мынау тұман-ай,  
Істің бәрі күмән-ай, –*

дегеніндей, өткенге өкініп тынасың, түрмеде өлді талай шын асыл. Тұқым сапасына төнді қауіп, өңкей ақылдыны жинап алды тауып... Туыс-туғандық ұмытылды. Өркімге жан қымбат, үрей қара бұлттай аспанды тұрды жауып...

**Жиёмбет жыраудың:**

*Жүруші едім араңда,  
Өзіңнің інің менен ұлыңдай, –*

дегенін «жатыпатар» ұғар ма, қызыл жаға түсінер ме, жұрттың тынысын тарылтып, түн ұйқысын бұзып, қалың шерге батыруды мақсат еткені белгілі.

...Малиновская Янина Адамовнаның жүрегі бір жамандықты сезгендей түн атасына шошып, көз ілмей шығыпты. Өйткені өмірдерегінде Польшада туғаны жазылған. Отанға сенімсіз ұлтты ұстап жатқанын поляк елшілігінде қызмет істеп жүргесін біледі. «Сенімді өкіл дейді, әуселесін көріп, бармағын басып, денесіне ыстық темір қарып шындығын айттырып көрелік» дейтін үштік

«шпиондық әрекеті үстінде ұсталды» деп тездетіп шешім шығарды да түрмеге тыға салды. Шешім бұзылмайды, арызданса, жоғарыдағылар қарамайды. Сондықтан елші қызметшісі тас төсеніп, мұз жастанады. Пәлек көже мен шіріген картопқа тойынады. Түрмеден шыққанда «Социализмге адал қызмет етімін!» деп ант-су ішеді. «Күн көсем жасасын!» деп ұрандайды. Кісілігімді ойландырып, адам қалпына түсірген үштікке рахметін жаудырады. Құлағына таққан бриллиант сырғасы, алтын-күміс жүзіктері мен алқасын сұрауды ұмытады, есі шығып жаны аман қалғанына той жасайды. Ондайды үштік түсінеді. «Аман болыңыз, кетуге лұқсат па?» деп иіліп-бүгіліп, төгілген ар-намысын да білдірмей түрмеден шығып кетеді. Бірақ соңында із бағатындар жүретінін аңғаратын да болар...

Максимчук Наталья Акимовна Одесса қаласында 1909 жылы туған. Акустикасының теңдесі жоқ театрдан талай пьеса көріп, өзін ширақ сезінген. Кітапты көп оқыған, әсіресе Гоголь, Чехов, Шевченко шығармаларын қайта-қайта оқыпты. Тамақ асырауына жетерлік білімі бар. Онымен түрмеде танысқан Махухи Анна Адамовна украиндық, 54 жаста, қарапайым шаруа. Үш баласы бар, балаларын ойлап жылай береді. Туған жерімнен топырақ бұйырмай қала ма деп жылайды. Он сегіз сағат түрменің жұмысына азар шыдайды. Өмірге құштар, атқан таң, шыққан күнді қимаймын дейді. Не үшін ұсталды? Сенімсіз ұлтсың, Отанға опасыздық жасамақты ойладың деп ұстады. Бірден алмаз сырғаны, қолындағы жүзіктерді сыпырып алды. Өлтіреді екен деп түсінді. Ешбір ұлт тәртібінде о дүниелік болған әйелдің қымбат заттарын қабірге жібермейтінін есіне алды. Құрып кетсін, жаным қалса деп ұрып-соққанға шыдас берді.

– Елуден асқан адам не қауіп тудырады?! Түсініңіз! – деп өтініп еді.

– Жаулық ойлап жүргендерді білесің, соларға ақылшы көрінесің.

– Ақыл өзіме де жетпейді.

Оны елең қылатын үштік пе? Лимитті орындауы керек. Тәртіп темірдей. Украинсың ба, Одессада тудың ба? Капиталистің тұқымысың. Одесса – ежелден шетелмен

сауда қатынасы дамыған, портты қала. Халқы еңбек етсе, тұрмысын түзейді. Осыны дәлелдеп, салғыласуға үштік алдында ақталамын деп сөйлеуге қақы жоқ. Сұраққа сараң жауап беруге тырысады, өйткені үрейлі. Жан тәтті. Бала өсіріп отырған анамын, қалай жазықты дейсіндер деп ақталса да түсіну жоқ. Қарсыласуға қақы жоқ, тергеушінің сөзі заң. Күшпен мойындатады. Бұдан да сорақысы бар, Морозова Дария Филиповна Херсонда 1896 жылы туған, неміс жігітімен сөйлескені үшін, шпион атанып, 8 жыл үкіммен түрмеде қорлық көрсе, тірліктің қылыштың қырында екенін ұғасың...

Бір ғана Ақтөбе облысына қуғын-сүргінге ұшырап, жер аударылған 3 мың орыс, 5 мың украин, 700 бұлғар, 6 мың шешен, 400 еврей, 500 кәрістердің өмірдерегі мен туу туралы куәлігі, еңбек кітапшасы «Отанын сатқан опасыз, үкіметке пиғылы жат» деген сықылды тайға басқан таңбадай қара күйеден кенде емес. Ауылдағы бір ақылды қария соларды аяп: «Пәле іздеме, ажал іздеме, керегінде өзі табады», – деп шүкіршілік ететін еді. Қазақтар жер ауып, қоныстануға келгендердің арып-ашып жүргеніне қолдан келгенінше жасырып-пысырып көмегін берді. Адам деген алтын басты ғой, басқа түскен қиындықта көмек берсең, жақсылығың өзіңе оралады деуші еді. Жер ауып келгендердің ата-бабаларынан қалған қымбат бұйымдар аз болды деймісің. Бәрі тәркіленді. Банкке түсті. Қоғамды дамытуға қызмет етті ме, үстемдік иесінің, көсемдердің байлық, мұраты болды ма, бәрі күмәнді. Қазақстанды басқарған Голощекин алтын сапты қылыш, алтын кездік, түрлі қымбат заттарды үйіне сықап жинамады деймісің. «Алтын жүрген жерде албасты жүреді» деген мәтелді қазақ бостан-босқа айтпаған шығар. Сол зұлмат жылдардағы қасіретті байланыстырғаны анық.

Бірде Қалы жеңгеміз жаман-жұманға оралған түйіншекті шешіп, алмаз, асыл тастармен безендірілген алтын білезікті апам Зылипаға ұсынып:

– Аналарымыздың көзіндей ескерткіш еді, қорқып таға алмадым, қыздарыңа, жақсы көрген келінге ескерткіш болсын, – дегені бар-ды.

Кеңес үкіметі жылдарында алтынмен апталып, күміспен күптелген бұйымдарын таққан әйелдің болмауы үрей, қорқыныштан сақтануы еді. Бас амандығына бола тағынып жылтырамады. Сталин халықты ойлап отыр деп тілеген жұрт төменгілеріне сенбеді. «Ойлауды тілден айырып тастап, И.Я. Марр идеализм батпағына түседі» деп Сталин айтарын айтса да, халықты саясат арқылы батпақ, ұймаға салғанын тарих кешең білді. Әйелді – өсекші, олардың біразы түрмеде отырғаны жөн демеді деймісің. «Жат элемент» деген, «Отанға қауіпті» делінетін желеу бар. Берияның тапсырысы бойынша 1940 жылы Орталық Бас мұрағат 14 392 «жат элементке» тізім жасап, қатаң бақылауда ұстаған сыңайлы. Бірақ жергілікті халық адамдықты сақтап, оларға зиянын тигізбеген екен. Саясат құйынына, кейде қара дауылдай құтырына соғатынына кім шыдас береді, ығады, бас сауғалап үнсіз тынады. Қандай қорлыққа да шыбын жаны үшін шыдайды. Қатира Төкенова отызға да жетпеген кезінде ұсталған. Ол Ақбұлақ станциясындағы шеберханада тігінші боп, жоқ-жұпынының киімін бүтіндеп алғыс алғанына мәз болған. Әжесі бой жеткен Қатираға «өмірлі бол» деп алтын алқасын сыйлайды. Оны құрбыларына мақтанышпен көрсетеді... Күндердің бір күнінде, елең-алаңда қара киімді, қаба сақал милиция үйіне келеді де қолына кісен салып үн-түнсіз әкете барады. Архив құжатында «Отанға опасыз» ретінде 8 жыл түрмеде отыруға үкім шығарылады. Алтын алқа, қолындағы сақина, жүзіктер банкке тапсырылады. Өзі лагерде тігін цехында сотталғандарға киім тігеді. Қарабет болу оңай, қарабет боп өмір сүру қиындығын жанұясы 1989 жылы ақталғанға дейін кісі бетіне тіке қарай алмай, біреумен сөйлескенде «жаусың» деген сөзді еститіндей жан азабын тартады. Күйеуінің де өмірі түрмеде өтіп, балалары жетімдер үйінен табылса, біреу аяр, екіншілері «өзіне сол керек» деп даттар. Үрейлі кездегі пенделік тірлікті түсінбессің. Қатира түрмеде тігін тігіп отырып жылағысы келетін-ді. Көз жасы құрғап қалған ба, ақыл-есінен біржола айырылған ба, жас шықпайды, есесіне өзегі өртенеді. Ыза-кек, оны кімге арнайды. Замандастарына ма? Ойға шомса қысқа ғана жастығы есіне түсіп:

*Инжу, жақұттай сәндісің-ай,  
Жылы сөзіңнің мәндісін-ай.  
Ар-намысым едің,  
Жүректе өшпес әнбісің-ай,  
Ағарып атқан таңбысың-ай,  
Тап болып тұрмыз,  
Заманның мұнша қарғысына-ай, –*

деген жары Бектен көз алдынан көлбеңдеп өткендей болатын-ды. Ойлайды бөрігіп, асып-сасқан елді бөрі талап болды ма екен деп. Елін жатсынып, бөтен, құрбы-құрдасына да сыр айтпас енді. Оларда мұны көрсе жауды көргендей кірпіше жиырылатынын білетін сыңайлы. Со-сын да буынын босатпай, бостандыққа шықса да темірдей төзімін жоғалтпас. Сенетіні – уақыт емші, қайғы-қасіретті қуанышты күндер ұмыттырып жатады. Соған жеткізсін деп тілейді. Анасы «бір жамандықтың мың жақсылығы болар, төзе біл» деуші еді. Түрмеде солай толғанатын-ды.

Кім толғанбады?! Кім жанұясын ойламады?! Алтай өлкесінен босып келген Фризе Зара Абрамовна да «Отанға опасыз» деген жаламен түрмедегілердің киімін тігіп, жуып-тазартып жүрді. Он жыл үкім, уақыт өтпейді, қайғы жұтып, қан түкірсе де кісі есебінде емес. Бала қайда, бай қайда, туған жер қайда? Сенімсіз ұлт, «Кеңес үкіметінің адамымын» деп айта алмайды, сөйлеуге, арыздануға құқы жоқ. Кейбір әйелдердей борбас, босаң емес, ұрып-соғуға, аштыққа, азапқа төзіп келеді. Бастығып төселіп алған жұмысын атқарады. Тегін жұмыс. Атқармасына амалы жоқ, аяғын тәртіптен тыс аттаса, түрменің кісі етін жеп тойынған иттері алып ұрады. Жүрек қана жылайды. Басқаға дәрменсіз. Жүрек талпынады, жастығын, өмірін аяйды. Жүрек бір күні қара тастай қатар ма екен?! Ертеңі бұлдыр тұман ғой, тағдыр қабағын ашар ма екен? Мойны-на түскен бұғалық бұғананы үзер ме екен? Түрмеде өліп жатқандардың бірі бола ма? Қашпақшы болғанда ит талап өлтірген әйелдің жан дауысы шыққаны құлағына келеді. Шошиды. Бәрібір кім жұбатады? Түрмедегілер өздерін-өздері ғана жұбатады. Ой тербеп: «Кептер едім, ұша алмадым биікке, бір қиянат жібермеді ерікке, қайғырумен

әжім түсті бетіме, айдап салды желдің өтіне. Бұлбұл едім шырқаған, жақсылық жетер ме екен, асу-асу қырқадан», – деп бұқа пікірін, сөзін, сөйлемін ішінде тұншықтырады. Қайтеді, бірдің емес, мыңдардың қайғысы осылай.

Унгефук Лидия Борековна – неміс қызы. Жиырма бір жасында есеп қызметкері болып жүріп, «Отанын сатқан жанұя» мүшесі деген айыппен сотталды. Түрмеге де есеп қызметкері керек. Құлағына таққан бриллиант сырғасы, алтын сақиналары Отанға керек. Банкке өткізіп сыйақы алатын милицияға да керек. Адам тағдыры ойыншық, ойынды саясат бастайды, пайдасын содырлар көреді. Олар қолымен тасты сығып, суын шығарудың да амалын табады. Әдемі қызбен ойын-сауық құрса түрме басшыларына артық па? Үстемдік, дүлей күш шыдатпайды, алас ұрып тыншу таптырмайды. Содырлықтың сойқандығына тоқтау болмаған. Олар өздерінше шаршап, ерігіп елірген кезде көңіл көтерсе серпілмей ме? Түрмедегі әйелдер жүкті болып бала туса, оны бағатын орын бар. Қоғамға азамат та керек (бүгінде балаларды мыңдап шетелге сатып жатқанымызды қайтесің. Сонау зұлмат жылдарда баланы қорғау жолдары болған). Содан шіренгенде шідер үзетіндей тергеуші:

- Әкең кедей болмаған шығар, капи-тал-ис...
- Орта тірлігімен күн көрді.
- Иелігінде жері, саяжай, сәнді үйі, шаруасын атқаратын құлы болған ба еді?
- Үй жұмысын өзіміз атқардық, құл дегенді білмейміз.
- Жасырасың, ә?
- Тәркілегенде қағазға бөрі жазылды ғой.
- Мықты капиталист болмадым деп армандаған шығар. Байлық иесі бірінен-бірі асып түскенше жанығады.
- Байлықты кім жек көреді?!
- Сіңірі шыққан кедей жек көреді. Қақы желініп, бай есігінде телміріп, ішкен дәмді асынан бір тойынсам деп көзін сатып құл жүреді бүрсендеп. Кегі қалың кедей... Айтпақшы, есепші маман болғаның әкеңнің байлығын есептегің келді ме? Есеп білмейтіндердің қақын жеу, ә?
- Есеп әділдікті сүйеді, қоғамға керек.
- Алмаз, алтын бұйымдарды жол-жөнекей тексеретін тергеулерден қалай жасырып өттің?

– Сәндік үшін сырға, алқа тағынбаса әйелдігіміз қайсы?  
Сосын жасырасың...

– Әйелдер қу...

– Күнкөріс, тірлік.

– «Бір әйелдің қырсығы қырық есекке жүк болады» депті бір айтқыш. Бәрі жөн. Енді түрменің пәлек көжесіне тойынып қаржы, мүлік, тағы басқа да есеп-қисапты қатасыз жүргізесің, түрме басшыларының ішкен-жегенін, кигенін амалдап есептен шығарып отырасың, – дейді.

Айтқанын орындады, басқадай амалы жоқ. Жананына батқан зәбірі қалың, зорлануын, қорлануын тісінен шығармайды. Бірақ жүрегін түйнеп, көкірегі күйіп тұрады. Содан дейсің бе? Үкімін атқарып шыққасын үсті-үстіне Мәскеуге, Алматыға қуынып арызданып жүріп 1989 жылы ақталып, жетпіс жасында кісілік атанғанына қуанып, «енді о дүниенің рахатын бергей» деп тіледі ме екен. Елу жыл бойы «Отанын сатқан» атанып шерленген жүрегі тастай қатып барып қайта жібіді ме екен? Сол лагерьде қара жұмысын атқарған венгерлік М.Л. Ургенкейдер 39 жасында «жапон тыңшысы» деген айып тағылып сотталғанын айтқан сайын жылай беретін еді есіне түсіп...

– Ауқатты адамның шошқасын баққаннан басқа не көрдім?! Жапон деген елді біліппін бе?

– Сонда қалай?

– Өтірік... жалған сөзден түк шықпайды. Одан да ауқатты адамның қымбат бұйымдарын сақтайтын орнын айт, – дейді.

– Біреудің адал асын ішіп отырып, нендей байлығы барын білсем де айтпас едім. Ондай қаралау адамдыққа жатпас еді.

– Е, капиталистің асы адал да, социализмнің асы арам демексің бе? Протоколға осылай жазам, айтқаның шын, қолыңды қоясың. Отанын сататындар осылай тайсақтап, капиталистің, байдың көңілін қимай, солармен бірігіп Кеңес үкіметіне жаулық әрекетін жүзеге асырмақ.

– Оу-оу, бұлай бұрып айтып не дегеніңіз, мен саналы өмірімді мал бағуға бағыштадым. Қожамның жанұясымен бірге ас ішпесем, өзімнің жатып-тұратын бөлмем, еншілік заттарым, тамағым бөлек болса, біреудің бөлмесіне өздері



жоқта бас сұғып тінткілеп жүру арсыздық емес пе? Теріс пікірлі, жаман әдетті сұғанақты кім жақсы көреді?!

– Құрғақ сөз, бәрін білесің, жапон тыңшысы болғандардың бәрінің айтатын мылжыңы, жалтаратыны осылай. Тайғақ жолға түсіп, қастық жасауға әрекеттенгеніңе құрбыларыңның жазбаша дәлелдемесі бар, – деп барқылдап тергеуші боқтап, ұрып-соқпай ма? Соны айтады да жылайды... Жанұясы жоқ, тамақ тауып күнкөріс үшін жалданып тірлік еткен венгерлік қыз елін таба алмай лагерьде жылаумен жүріп ақырында мерт болады. Күніне қаншама лагерьдің тұтқын адамдары өліп жатады. Бәрін бір шұңқырға көме салады.

Елін, жерін дүние-мүлкін тастап, іліп алар киімі де жоқ, жұтап, жүдеп жер ауып келгендерді бақылау қатаң тәртіппен жүргізілген. Өйткені олар Отанға сенімсіз, қауіпті адамдар деп есептелген еді. Жүз мыңнан астам жер ауып келген кәрістердің бірі Тянь Се-Хун «шпиондық әрекеті үшін» деген УНКВД-ның үкімімен Қарабұтақ ауданының Бөгетсай елді мекенінде жазасын өтейді. Қазақтар басы артық киімін берді. Қарнын аш етпеді. Мектепте мұғалімдік жұмысқа орналастырды. Бірақ бақылау қатты. Жергілікті «жатыпатарлар» қасында жүр.

– Қандай әйелмен не жөнінде сөйлестің? Ол үкіметке қарсы сөз айтқан жоқ па? Әке-шешесі байдың тұқымы емес пе екен? Үйінде қымбат бұйымдар көп пе? Нені сұрадың?

– Ағаш ожау, ағаш қасық берді, ірімшік, құрт, май, тары берді. Басқа сөз айтқан жоқ. Мен қазақша білмеймін, ол орысша білмейді.

– Бәрін түсінесіңдер.

– Неге нанбайсыз?

– Әйел сөйлескесін бірін-бірі тез ұғынысады. Ол неге ұлттық киімін үстінен тастамайды, ұлтшыл шығар?

– Оны қайдан білемін?!

– Байқа, бірігіп шпиондық әрекет дайындап жүрсең, бүгінгі өміріңді көп етеміз. Сенімсіз адамның жолын қырқа білеміз.

– Ылғи да осы сөзді айта бересіз, жамандауға, қастандық ойлауға жүрегіңіз қалай шыдайды?

– Мен үкімет адамымын. Байқа!

– Біз де адамбыз. Ұрпаққа білім береміз.

– Адаммын дегенді ақталғасын айту керек. Көкірегіңде жаман пиғыл бұғып жатса, оны кезінде аңғармасақ пәлеге қалмаймын ба? Пенденің жан дүниесі бұлыңғыр, бықсық пікірлілер жетеді. Жымысқы ойлылар жасырынып аяқтабақты дәлелдеп танысып, сөйлесіп, ұтымды тұсты аңғарып ойнап-күлісіп, бірдеңені бүлдіргісі кеп жүреді. Жау дегенің аяғын байқап басып, сенімге кіргенше сыр тартып сақтана біледі. Ондайды ГПУ қалт жібермейтінін біліп қой. Сондықтан ізің аңдулы. Егер көзтаным әйелдің алтын-күміс, басқа да қымбат мүліктері, асыл тас, сәндік дүниелері болса, оны қайда сақтайтынын біліп алсаң, бізге айтып қызмет етсең жазаң жеңіл, тез ақталасың, оған кепілдік берем, – деді домалақ қара, төртпақ, бұжыр бетті ГПУ-дың қызметкері.

– Құтырынған қулыққа түсінбеуші едім...

– Түсінесің... амалсыз айтқанға көніп үйренесің. Шпиондықты түсінгеннен қиын ба? Өмір сүргің келсе неге көнбейсің?! Сенбейтіңге сенесің, нанбайтынға нанасың, тап дегенді табасың, аңдығанның аяғынан шаласың, – деп қара бұлттай түнеріп, өз бағытымен ГПУ-дың қызыл жағалысы кете барды. Ешкімге жамандық жасап, қастық ойлап көрмеген, тірліктің адалдық атты заңымен, ұлттық дәстүр-салтымен қалыптасқан кәріс әйелі қулықты, бұлтақты, біреуге қастық ойлауды қаперіне алғысы келмеді. Рас, біледі, жұрттың сыбыр-күбір сөзінен сезеді, лагерде де, түрмеде де шен-шекпендіге қызмет етіп, кімнің не айтқанына дейін жеткізіп тұратын сатқындар бар. Ондай-дан сескенеді. Жаныңда отырып қитұрқы қулық ойлайтындар жаналғыш Әзірейілден кем дейсің бе? Қорқынышты...

Архив құжатында Тянь Се-Хун 1961 жылдың 10 қаңтарында ақталған екен. Туыс-туғаны, ұрпағына қосылып той тойлағандай боп:

– Біз Кеңес үкіметінің бұдан былай адал азаматы атандық, бақыттымыз! – деген екен көз жасына ерік беріп. Қуанышын жария еткені естен шығар ма?

Ал Тянь 1938 жылдың 7 октябрінде шпиондық қылмысы бар делініп жазаға іліксе, 11 октябрде қытайлық жолаушы Хван До Сен 44 жасында «шпиондық қимылы үстінде

ұсталды» деп лагерь азабын тартады. Орысша тіл білмейді. Бар тапқаны басын шайқай береді. «Жаусың ба?» десе де басын изейді. Орысша толтырылған құжатты өз тіліне аударып, түсіндіретін тілмаш жоқ. Жазылған қағазға қол қойдырады, іс бітті, үкім кесілді. Арғы жағын түсіне бер.

– Міне, жапон шпионы, – деп үштікке мәлім болады.

Шені жоғарысы:

– Дорбасын тінткенде не табылды? – дейді сызданып.

– Бір сұғым шұжық, бір бөлке нан, ескі көйлек, бір пар шұлық.

– Пышақ жоқ па?

– Жоқ.

– Протоколға қару бар деп жаз.

– Жазайын.

– Қымбат бұйым табылмады ма?

– Жоқ. Айтпақшы, кітап бар, жазуы түсініксіз.

– Жапон тіліндегі кітап бар деп жаз.

– Жаздым. Шпиондық әрекеттің белгісі деп атап көрсеттім.

– Дұрыс екен, таныстары, өзімен сөйлескен адамы жоқ па?

– Сол күні ұсталғандармен байланысы болған деп жаздым.

– Дұрыс екен.

– Өзі оқыды ма жазбаны?

– Оқи алмайды, оқымаса да оқыды деп жаздым.

– Өте дұрыс. «Жатыпатарлардың» бір-екеуін көрдік, білдік, шпиондық уағызын тыңдаушылардың қасында болдық» дегізіп қағаз жаздырып, қылмыстық ісін қалыңдата түс.

– Аяқ астынан, қапелімде «жатыпатар» кездесе қоймады. Бірақ протоколда кейбір сөйлемдерді заңға сыйғызып жазатын сөйлемдерге орын қалдырған едім. Жә, «жатыпатарды» табамын...

Құғын-сүргін жылдарында жазықсыз жапа шеккендердің біразы «жатыпатарлардың» жаласынан екені байқалады. Өйткені архив құжаттарында куәларды сирек кездестіресің, қылмыстық істің папкісінде тұрса да көрсете қоймайды... Онысы да жөн, бүгінгі ұрпақтың, ағайынтуыстың қылжағын қоздырып, бас араздықты өршітудің

керегі қанша? Күні үшін, басын аман сақтаудың амалы үшін қорқақтардың сатқындығын бүгінгі ұрпағының бетіне басып кек қайтарғандай өшігудің қажеті қанша? Одан да ауылда Дүтбай ақынның «жатыпатар» туысына ренжіген төмендегі өлең жолын бүгінгі ұрпақты сатқындықтан сақтандыру үшін айтсақ та жетеді.

*ГПУ-ға не ерген жағады,  
Қылмыскерді тізіп берген жағады.  
«Жатыпатар» жарайсың деп,  
Байрақ ұсынып, арқадан қағады.  
Сонда жаман ағаң еліріп,  
Бұрынғыдан да желігіп,  
«Жауды» танып, табады.  
Тамақ тоқ, уайым жоқ.  
Жазықсыздар жалбарынып,  
Жаны үшін қалбаңдайды.  
Сөзім ГПУ-ға өтетін болғасын,  
Қажетімді өтеп жалбаңдайды.  
«Жатыпатарға» сенетін ГПУ  
Қылмысты ашуда алданбайды.  
Ар темірдей күйдіреді,  
Өтім жарылып кетер ме екен?  
Тірі өлім бе, кім біледі?!  
Бірақ ГПУ артық сыйлап,  
Ақтап, мақтап жөн біледі, –*

деген жолдардан-ақ жағымпаздық, сатқындық қай заманда болған іштей деп тынасың. Ірі денесінде артық ет жоқ, жүдеу Дүтбай қарт күйеуі өлген әйелдерге жоқтау жазып беріп жүретін. Шығармасында үрейлі кезеңнің көрінісі білініп тұратын. Ащы сөзі үшін «жаусың» деп түрмеде шірітер еді, сексенге келіп қалған жасын көріп, қызыл жағалылар да, «жатыпатар» да теріс айналып жүре беретін еді. Сол қария:

*Қайтейін, мына заман құйындады,  
Адамға жайсаң тірлік бұйырмады.*

*Ишер ас, киер киім болмагасын,  
Қанішер, рахым күтіп сиынғаным.  
Қанылез қасымыздан табылып тұр,  
Түрмеге талай жайсаң жабылып тұр.  
Іштен шыққан есерлер елді кезіп,  
«Жауларды» атамын деп қағынып тұр.  
Қара мылтық аузында жаным қалды,  
Тінткілеп жиган-терген барымды алды.  
Содырлар сойқандатып жүгіріп жүр,  
Жалпақ өрт жайпап кетті жалындары, –*

деп, ел басына түскен зауалды батыл айтатын еді. Өмір шындығын дөп басатын еді. Өйткені қыңыр іске сай, қыли көзқарас жұртты тірліктен баз кештіріп жатты. Содыр шытыр, дөй, бет қаратпайтын зұлым. Оларда ес жоқ.

Кейде біреуге өшіксе «жатыпатар, сотталасың» деген үрейлі сөзді айтып қайқыып кете барады. Оны көргендер «өлсең жаназаға ешкім келмес» деп ауыр күрсінеді. Бірақ «жатыпатар» ширақ, жиындарда өткір сөйлейді, екі сөзінің бірінде «жасасынды» қосып айтады. Көзі сығырайған қысық болса да, біз жамандықты жамбасқа салып тоңқалаң еткізіп, жұрттың бөріне жақсылықтың есігін айқара ашқызамыз, жаңсақ қадам басқандарды Тескентауға асқызамыз, кедейдің бақыты үстемдігін біліңдер деп желпінеді. «Қылмыс жасағандарға Ақтөбе лагерінде орын жетеді, зауыт салсын, өндіріс орнын ашсын, тамаққа тойынып, киім-кешегін жаңартсын, езіліп еңбек етіп, Отанның өркендеуіне қызмет етсе қалың кедейдің бағы ашылады», – деп сайрап жатса, екінші ауданда бір көзінің ағы бар, пышақ жанығандай жағы бар, аздап сөзді тұтығып айтатыны тағы бар бір жүдеу лепіре сөйлейтін дағдысымен:

– Тыщенко Агафья Антоновнаны ұстадым, саусақтары толған алтын сақина, шыттай киініп, аяғын кербез басып паңсып жүруі тегін емес. Капиталистің тұқымы, уызына жарыған көркі де көз тоймайтын әдемі. Қуйбышев қаласында тігінші болыпты. Қылмысының беті ашылмағанға ұқсайды, – деп «жатыпатардың» бірі ГПУ-ға мәлімдей салды.

– Түр-қияпаты сезікті дейсің бе? Сенімсіз ұлт деп жер аударылғандардың бірі ме?

– Дәл солай. Түк білмегенсиді... гәп сонда. Ақтөбе лагерінде есепте екен? Қоғамға ашынуы байқалады. Жүндей түтілген тірлігіміз деп кекете күледі. Сезікті емей немене? Мысық торғайды қалай аңдыса, мен де жұртпен әңгіме-дүкен құрған сөзін тыңдап, қимыл-қарекетін ұзақ байқадым.

– Жә, түсінікті. Босқа дігірлемей, көрген-білгеніңді қағазға жаз. Лагерьдің киім-кешек тігу цехына орналас-тырып қатаң бақылауға аламыз, – деді ОГПУ басшысы. Шені басқалардан жоғары болғасын қысқа айтады, жүзі сұрланып қатаңдығын танытады.

Қылмысты делінгендердің тегін қызметі өндіріс орындары мен фабрикаларды тұрғызуға тас төбеден пайда келтіреді. «Беломор», «Москва» каналдарында он бір миллион тұтқын жұмыс істеп, Отанға таза пайда келтіргенін үштік мүшелері аздап болса да құпия хаттардан кейде кездестіріп қалады. Өйткені түрмеге түскендерді жұмысқа қалай пайдалану қажеттігін жоғарыдағылар айтады ғой. Оны өздері де жоққа шығармайды, түрме болсын, лагерь болсын істі болғандар қажырлы еңбек етеді, азық-түлік шығыны аз, олардың ішінен он саусағынан өнері тамғандар да, ағаштан түйін түйетін шеберлер де табылады. Қандай мамандық керек, жеңдерін сыбанып шыға келеді. Үштіктің бірі ойлайды: «Социализмді де, коммунизмді де тап-тұйнақтай етіп, алдымен түрмедегілер орнататын шығар», – деп. Ішкі пікірін жария етпейді. Ашып айтса, сөзді құбылтып бұрып таратса басы пәлеге қалмай ма? Жан-жағында бірін-бірі аңдысу екенін біледі. Қырағымын дейтіндер қиып түседі. Жә, Агафья «Отан азаматымын» деп айта алмайды, бірақ «Ленин де түрменің дәмін татқан» деп өзін-өзі жұбатады. Туған-туыстары оны іздеуге де қорқады. 1990 жылы 31 қаңтарда қылмыстық ісінде көрсетілген «Отанға сатқындығы бар» дегені дәлелсіз деп Қазақ КСР-і Жоғарғы Соты ақтағанда елге оралып дастархан жайып, қуанышын бөліскендердің сұрағы болмай ма?

– Түрме, лагерьден нені үйрендің? – депті бірі.

– Татулықты, адалдықты.

– Сосын?

– Еңбекқорлықты, шеберлікті, өз ісіңе жауапкершілікті.

– Тағы қандай?

– Елді, туған жерді сағынуды үйрендім, елдегі еркіндікке толы күндер есіме оралғанда жүрегім аузыма тығылғандай болады.

– Сосын?

– Қиындыққа төзуді, сенімді жоғалтпауды ұқтым, – деп жауап береді екен.

– Тағы не айтар едіңіз?

– Шекпен кигендердің сөзіне емексіп елжірей алмайсың. Жоққа елітіп, болмайтын жақсылықты күтіп көңіл күйді тербеу жөнсіз. Адалмын деп тірі жүргеніңе риза боп, орынсыз ойын-күлкіні емсеудің өзі де адасқан ой, құлазыған көңіл мен шерді баса алмайды. Біреулердің күтетін жақсылығы алдамшы боп тынады. Алдағы өмірің рахат деген ой да иландырмайды. Таңның атысы, күннің батысында тірі болғаныңа, терезеден күн сәулесін көргеніңе жұбанасың. Түрмеде саясат бар, социализм, коммунизм ұрандары, Ленин мен Сталиннің сүгіреттері көрнекі жерлерде тұрады. Ешкім көсемге кінә тақпайды, бәрі де қастандықты жанындағылар жасаған деп топшылайды. Қаралап қылмыскер ететіндер де жақын-жуық, дос-жолдас дегендер сықылды көрінеді. Басқа пәле бір жабылса оны дәлелдеп ақтала алмайсың. Үштіктің бұлтағы мойындатады. Ал қорқақ адам зәбірден жаны қиналса, істемегенді істедім дей салады.

Пенденің «ажал астан төтті» десе де, жанының қиналмағанын тілейтіні бар емес пе? Мұны қиқуы қалың, зұлмат жылдарда қызыл жағалылар тиімді пайдаланды. Қылмысты дегені ақталып шықса, өздерінің жұмысына сын, кемшілік деп біледі. Сондықтан «қарға қарғаның көзін шұқымайды» деп заң маңындағылар бірін-бірі қорғай біледі. Заң қадірін кетірмеу жолында не түрлі залымдыққа барады. Бірде ауылдағы ағайындар төбелесіп қалмай ма. Қолында шоқпары бары екіншісінің басын жарып тастайды. Артынан өкініп жалынып кешірім сұрайды. Анау «кегімді жібермеймін, қорлығыңды өлгенше ұмытпай түрмеде шірітем» деп заңға жүгінеді. Сот болады. Бастың жарылғанына дәрігердің анықтамасы бар, куә да тентектің әрекетін мойнына қиып салып тұр. Содан не керек,

басбұзарға бес жыл үкім шығарылады. Залда отырған інісі жылап: «Енді мен қайтем?» – дейді. Қайта-қайта соттың жанына барып «енді мен қайтем?» дей бергеніне ерегескен сот: «Ағаңсыз өмір сүре алмайтын болсаң, саған да бес жыл үкім, түрмеде бірге болыңдар!» – дейді. Мұны жұрт аңқау деді ме, әлде надан деп әжуа қылды ма, өкініштісі сол, ағасы бес жыл үкімін орындап елге аман оралды, ал інісі құрылыс жұмысында жүріп биіктен құлап о дүниелік болғаны аянышты еді. Жұрт: «Көрер жарығы таусылып тұрғой... Түрменің дәмі тартқанын қарашы», – деп қиналса да өлген тірілмейді. Ойлылар жаны ашығансып: «Отарлық езгі, үстемдіктің салқыны, үрейлі кездің қорқынышы адамның миын ашытып есінен тандырғанның кесірі ғой», – деп жатты. Ажалынан бұрын өлетіндерге не болса сол себеп кездеспей тұрмайтынын көріңіз. Ызындаған құйтырқы, жағымсыз сөз де қылмысқа жетелейді. Мінез үрейлі, тыныштық бұзылған кезде пенде әбден қажып ақылынан адасады. Ататегі істі болса ағайын-туыстың бетіне шырмау, қара күйені қызыл жаға аңдиды, сәл шалыс басқанын тосып жүріп пәлені үйіп-төге салады. Қорқақ, сатқын үнемі қасыңда жүреді. Жылтыраған мүлкінді, жыртықсыз киімінді, тоя ішкен тамағыңды, жақсы жатып, жайлы тұрғаныңды, өзгеден артық өнегелі сөзіңді көре алмай ГПУ-ға сыбырлай салатындар да аз болмаған. Ақ байпақ кию сән болған кезде өзінің қара қойының жүнін қоймадағы ақ қойдың жүніне алмастырып, ақ байпақ бастырып киген кеңшар бастығы «үкіметтің таза адамы емес, қоғамға жат пиғылды» деген айыппен сотталды да кетті. Күйреуік әйелі абысын-ажынның кекетпе сөзіне шыдай алмай, аһ ұрып ауру тауып, күйікпен дүниеден өтті. Үй мүлкін тал түсте жұрт талап алды. Екі баласын интернатқа оқуға тапсырды. Жетім балалар жылап жүріп кілең беске оқыды. Орнында бар оңалып шықты (бүгінде байпақ бастың килограмдаған жүн емес, миллиондап қаржыны жеп қоятын сыбайластардың қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, қылмыскерге неткен бақытты кезең туды десеңші, әлсіз заң пайда болды. Қылмыскер айыпты болмаудың бәрін ойлап тапты). Иә, сталиндік зұлмат саясат қара тереңге жол тартқан кезеңде адал сезіміңді көпсінетіндердің де



жазықсызды жалалағаны үшін деп бірен-сараны түрмеден табылып еді, жұрт кісі өлтіргенді көріп тұрса да куә болудан тайып шыға келді. Ал түрмеде тесік тамағы үшін, басын жарып, көзін шығармауы үшін, тізесін сындырып, бел омыртқасын опырмауы үшін жанындағылардың артық сөзі, бөлек ойы, қашып кетуге ыңғайы болса милицияға жеткізе салатындары да болған. Тыңшы боп тыртындап жүргендерді білетіндер оларға жиіркене қарайды екен.

Сталиннің тазарту дүрмегіне ілікпегендер кемде-кем. Қараңыз, 1930 жылғы 9 декабрьде «Степная правда» газетіндегі «Процесс контрреволюционной «Промпартии» деген астын сызған сөз бен «Государственное обвинение требует расстрела всех подсудимых» деген бірінші беттегі айқай ұранда Кеңес үкіметінің жылу-энергетика, транспорт саласындағы шетелдіктердің арандатып, қастандық жасауға бағытталған жауларын табанда ату керек десе, сезікті де жетеді, пәле жабушы да табылады. Түрме де, лагерь де бос тұрмайды. Атылатынына кең шұңқырды сотталғандардың өздері қазған, терең, даладай далиып жатады, ұлтына, жынысына қарамайды, шұңқырға лақтыра салады. Бастарына белгі де қойылмайды. Кейбір қылмысты істің папкісін өлгендермен бірге көмеді. Кейінгі ұрпаққа сезік қалдырмауды ойлағандар да болған (бүгінде архив түгел сақталды ма, жоқ па, бір Алла біледі). Өлімші болып, жаны толық шығып болмаса да шұқырға лақтырады, неше түрлі ит-мысық, адам етін жегендері де кездескен көрінеді. Оны көрген тұтқындар аяушылық деген сезімді ұмытады. Әлді, мықтылары паханмен одақтасып, бас сақтаудың амалына көшеді. Бірақ біреуге ара түсіп, кінәсіздің жанын қорғауға пахан да араласпайды.

Түрме бейнетін шегетіндер – әр ұлттың ұлпершектей, әр жанұяның маңдайына біткен жұлдызындай адамдары.

Трихон Людмила Ивановна – украин қызы. Жастығы көңілді, қайғыру-қамығуды білмей өскен, ештеп ән салады, гармоньда ойнайды. Би билейді. Жүрегі жұмсақ. Мінезі ашық. Сенгіштігі басым. Үштіктің таққан айыбы бойынша Отанға «опасыздық жасапты». Опасыз болмаса да себеп бар, Донбасстың теміржол байланысында кәкір көрініп, поезд тоқтап қалса кінәні жауыздық әрекет деп тынады.

Мұнай өнімдерінің уақтылы жеткізілмегені қастандық делінеді. Ақпарат құралдарындағы ағынды айқайды «Промпартия» Кеңес үкіметіне жасалған қастандық әрекет, жауыздық пен жойымпаздық үлкен зиян келтірді деген сарында Одақ бойынша жариялап жібереді. Людмила сол жерде туып-өскен, қызмет істеп жүргенде сотталып, Ақтөбе лагерінде жазасын өтейді? Рас, түрмеде абыройлы жұмыс істеген. Көркемөнерпаздар үйірмесін басқарған. Людмила 1962 жылдың 30 қазанында ғана қылмыстық іс делосында «Отанға опасыздық дегені дерексіз, дәлелсіз» деп ақталған. Бірақ түрмеде өлгендерді, аштықты, шектен тыс қорлықты, ауру-індетті, зәбірді ұмытпайды. Сөйтсе де тіс жарып жамандамайды. Өйткені адамнан сезіктенеді. Кісіге сенімі жұтап қалғанға ұқсайды.

Хлесткина Анна Петровна – орыс қызы, депода есеп қызметкері болған. Алтын сырға, алтын жүзік, алтын алқа тағынып сәнденіп жүреді екен. Сұлу келбетіне бәрі жарасады екен. Сұқ көз қадалады. Сұлулықтың өзіндік қайғысы болмай тұрмайды, көріксізден де қалың боп жатады. Түн шырмауында төсекте жалғыз жатқан жанның өкінішін салқын сумен баса алар ма? Қанаттасын іздеді, тышырлаған томашадай жүрегі бір тыншу таппайды. Жұмыс орнында сыбыр-күбір көп. «Осы қыздың ататегі капиталист шығар, жебір қыз күніне жеті рет киінетіндей неткен байлық?» деген сөз қызыл жағаның құлағына жетіп, кеңседе қаннен-қаперсіз отырғанда қолына кісен салынып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10-тармағы бойынша он жыл үкімді арқалап, «контрреволюцияшыл топтың белді мүшесі» деген айып тағылып, түрмеден бір-ақ шығады. Кінәм жоқ деп жалынып, жылап-еңіргеніңмен, үштік алған беттен қайтпайды, жалбарынғаның тыңдалмайды, үкім кесілді, бұзылмайды. Су түбіне батасың, қолын созып қорғайтын ешкім жоқ. Ондай болса контрды жақтаған екенсің деп, өзі істі боп, қылмыскер атанады. Таңдан-таңырқа, сол кезеңдегі саясат солай. Қия бассаң қиылдым де. Кінә өзімнен деп түңілдім де. Қоянжүрек боп қалтырап жүр... Саңырау бол, сақау бол, керең бол, қысқа күнде қырық құбылған қызыл жағаның құрығынан құтылар ма екенсің.

Адамда бір нәрсеге әуестік, құмарлық болады. Трухина Клавдия Алексеевна табиғат аясында серуендеуді ештеңеге теңгермейді екен. Өзен, көл, не түрлі үнмен қиқу салған құс базарын тамашалапты. Туған жері – Ворошилов қаласының маңайы. Сыңсыған қалың жынысты орман бар. Орыс орманының атағы төмендеген кезі жоқ шығар. Өмірдерегінде жұмыссыз үй шаруасындағы әйел, үш-төрт баласын табиғатқа таныстырып, табиғат аясымен туған жерін сүюге үйретіпті делінген. Ал тергеу құжаттарында үйде отырып, жұртты Кеңес үкіметіне қарсы көтеріліске шығуға үгіттеуші, белсенді топтың мүшесі делініп, үштіктің шешімімен 10 жыл үкім кесілген. Баймен, баламен жылап қоштасты. Оның көз жасын көріп аяйтын болар ма? Жылы ұя талқандалды. Айтпақшы, ауылымыздың ақылгөй қарты бала кезімізде: «Қарлығаштың ұясын бұзба, өрмекшінің торын бұзба! Бұзып, бүлдірген тентектер елден, жерден тентіреп кетеді, азады, тозады, жоқ болады», – дейтін еді. Адамның да жанұясы қарлығаштың ұясындай әсер етпей тұрмайды.

«Әйелің Отанын сағушы!» деп жарына үштік айтты ма? «Өзің де тегін емессің, кезек саған да келер» деді ме?

«Анаң үкіметтің жауы!» деген сөзді балаларының құлағына құйды ма? Ана үшін одан ауыр, одан қайғылы, одан артық қасірет болар дейсің бе? Түрменің қорлығына шыдап, жазаны өліп-тіріліп өтеп шығады. Жанұясынан хат-хабар алдырмайды, олардың өлі-тірісін білуге жаулық пиғылдының білуіне құқы жоқ. Адам құнсыз. Түрмеден шыққасын ақтығын айтып арызданып кінәсіз екенін дәлелдеп шағым хаттар жазады. 1958 жылдың 30 қаңтарында Қазақ КСР-і Жоғарғы Сотынан «Қылмыстық іс делосында сатқындық, жауыздық, шпиондық дегендер анықталмады, дәлел-дерек жоқ, кінәсіз» деген құжат алғанда ананың қуанғанын айтсаңшы!

«Халық жауы» атанған кейбіреулердің жанұясын түгел қыру деректері де баршылық. Ол үшін күні бұрын «жау» деген адамның туыс-туғаны кімдер, арғы тегі кім, түгел зерттеледі. Үштіктің қолына түстің бе, 58-бап, «халықтың жауы», оған аяушылық жоқ, атылады. Сұрланған сұсты үштік Бекіш Хұсайыновты контрдың басшысының бірі

деп табады. «Жатыпатарлардың» тап басатындай, бұлтартпайтындай жазба қағаздарын заңдастырады. Қонаққа барғанына дейін, түрлі жиындарда сөйлеген сөздеріне дейін, туыстарының өлігін жөнелтуге қатысқаны дейсің бе, дүкенге кіріп азық-түлік алғаны дейсің бе, бәрі-бәрін жіпке тізіп, қылмыстық іс қозғап, Омбыда жүрген жерінде ұстап тергеуге алады.

– Топтың басшысы өзің екенсің. Кеңес үкіметінің адамдары аштан өліп жатыр дейсің бе? Тағы қандай жабатын жалаң бар?

– Қайдағы топты айтасыз?

– Шетел адамдарымен бірігіп үкіметті құлатпақшы болдыңдар. Бәлкім Дутовтың ақтары да араларыңда тірі жүрген шығар. Шындықты айтсаң тірі қаласың? – деп сұрақты төгіп, шені жоғары үштіктің басшысы үстелін тоқпақтады. Ұрып-соғарын шақырды. «Шындықты айтып мойындамаса санына біз тық, етінен ет кес. Қараңғы бөлмеге апарып үш бұрышты таптырып, лақтырып допша тебіңдер. Қорлықтың жаңа түрін сыннан өткізіп көріңдер. Басын жар. Бұған енді бас керек емес, атылады», – деді. Жіліншік сынды, көз ақты, бас жарылды, естен әбден танды. Екінші күні бетіне су бүркіп тірілткен болып:

– Мына қағазға қолыңды қой, сауаттысың, – деді де, айналасы төрт күннің ішінде милицияның арнайы бөлмесіне апарды да атып салды.

Әйелі Хұсайынова Мәкен шиеттей жас балаларымен жер соғып, еңіреп жылап қала берді. Азық-түлік, киім-кешек жоқ, іліп алар заттарды, алтын-күміс қымбат бұйымдарды милиция сыпырып әкетті. Төрт-бес кило майды да, он килодай етті де қалдырмады. Тәуір киімнен ештеңе жоқ. Самауырға дейін керек деп автокөлігіне салып алды. «Жаудың жанұясы өлмейді», – деп кекетті және. Содан-ақ, көршілер қатынасты үзді, балаларын да ойнауға шығармады, пышақ кескендей пендемен қатысы тоқтады. Мәкен жан азабын, қатты қайғыны көтере алмай, дертіне дерт жамап, о дүниелік болды. Балалары әркімнің босағасында қалды, одан қалса жамағайынның көлеңкесінде дейсің бе, үкімет үйінде дейсің бе, әйтеуір орта мектепті бітіріп, жоғары дәрежелі білім алды. Бір

ұлы – Қайыржан Бекішұлы Еуразия университетінің доценті, жоғарғы оқу орындарына арналған физика пәнін оқытудың тәсілі туралы оқулық жазып, мыңдаған студенттердің сапалы білім алуына өзіндік үлес қосып жүр. Бір ағайындары «қиындық көрер ме екенсің, әкеңнің атын өзгертесің бе, қайтесің» деген де шығар, бәлкім. Айтпаса да меңзеп, астарлап жеткізген болар. Бірақ қайсар Қайыржан өзінің алғырлығымен әке даңқына кір келтірмейтіндей тас бекінді. Бүгінде ата-анасының сол бір қиын шақтарда әділетсіздікке тап болып, қысқа ғұмыр кешкенін ойлап қамыққанымен, уақыттың төрелігіне шүкірана айтады.

\* \* \*

Орынбор облысында жарыққа шыққан «Естелік кітабында» облыс бойынша қуғын-сүргін жылдарында 3 777 380 адам сотталса, 765 180 адам жер аударылыпты. Ал түрмеде 2 369 220 адам жазасын өтеген. «Архипелаг ГУЛаг» бойынша 53 лагерь, сондай-ақ 425 еңбекпен түзеу лагері жұмыс істеген. Дүрбелеңнің қалың дерті әйелдердің басына қайғының қара бұлтын төндірген. Бериядан келген лимит бойынша Орск қалалық прокуратурасының қызметкері Дмитриева Клавдия Дмитриевна да түрмеге түсіп, жазасын өтеген. «Кеңес үкіметінің саясатына күмән келтірді» деген айып тағылған. Заң қызметкері Бармут Антонина Лироновнаға «Отанын сатқан» деген айып тағылған. Қайда, кімге сатады? Түсініксіз. Бірақ түрмеде орын бар, лимитті орындау және міндет.

Үштіктің қолында билік тұрғанда қыбыр-сыбырды қалт жібермей түрмеге қамаудың жоспарын екі жүз пайызға орындаса марапат бар. Алғыс хат алады. Никифорова Полина Яковлевна 34 жасында «халық жауының» әйелімен сөйлескені үшін жапон шпионы атанып, он жыл үкім кесіліп түрмеде отырады. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деп алды-артына қаратпаған сұсты топ ел арасындағы татулықтың шырқын бұзған. Қарбалас уақытта дүрмекті үрейден шошып әркім күн батса ертеңгі күнге дейін тірі шығамыз ба, өліміз бе деп жанұясымен

қоштасып жататын кез қандай ауыр! Өйткені қара машина кісі жинауға түнде шығады, ал оған дейін күнұзаққа «жатыпатарлар» ағайын-туыстың араз-ашуын, не айтып, не қойғанын аңдып сезіктіні тізіп береді. Архив құжаттарын оқып отырсаң, зөрең зөр түбіне кетеді. Одақтағы зобалаң қырғынға төбе шашың тік тұрады...

Аудандарда ГПУ-дың жаналғыштай жалаңдағандары да, үштіктің қара дауылдай құйғытып өтетін түйғындары да бір күндерде ауырды. Дәрігерге барды, дәріден дәру таппады. Емшіге барды, олар: «Буаз биенің қанын ішсең, тірі қаласың», – деді. Қанды жиіркенбей ішті. Сонда да ем қонбады. Иегін бір қағуға да жарамай, имансыз боп кете барды. Біреудің ажалына себеп болғандар ажал алдында қандай әлсіз еді?! Енді біреуіне емші: «Қасқырдың өтін, бақаның көтін, бүркіттің қанын іш, тірі қаласың», – деді. Бәрібір дертіне шипа болмады. Келесі біреуіне: «Қырылған адамдардың терең әрі кең шұңқырдағы өлігіне барып түне», – деді. Шатасып, есі ауып жүріп шұңқырды таба алмады. АЛЖИР-дегі сол шұңқырды қалың жыныс тал басып өсіп кеткен.

Өлім жазасына кесілген лимитін алып, ататын адам мылтығын кезенгенде Берия жата қалып бөтеңкесін сүйіп: «Жанымды қалдыр», – депті деседі. Одан басқа да шені жоғарысы бар, төмені бар қанішерлердің кейбірі шыңғырып өлді деседі. Ұрпағы қалмағасын ескі диванда жатып, мылтығын сипалай беріпті деседі. Ал кейбірі төсекте нәр сызбай арып, ашып қаңқасы қалып қақырап жатқанда ажал келіп, жанын мұрнының ұшына апарғанда атып тұрып мылтығын кезенді деседі. Неге? Бүгінгі сыбайлас жемқорларға ма, кісі өлтіруші қаныпезерге ме, әлде шетелге бала сатушыға ма немесе шетелше адам қанын жүктеп, басқадай қылмыс жасап түрмеде отырған әйелдерге оқталды ма? Белгісіз. Олар баяғыда өлген өлік қой. Олар да сүзеген бұқадай шамына тисе жайратып салатын қайрат жоқ, «ажал, келе ғой, астан тәттісің» демейді. Жанталасады, шыңғырады. Қандай аянышты. Осылармен бақұлдасып қоштасатын да ешкім табылмапты. Кейбірі ауыр кінәсін, талайдың қанын жүктегенін есіне түсірді ме екен? Жоқ. Қазір жер қойнында, молаларының топырағы

ортасына түсіп кеткен... Елес... Қу дүниені қуған жалмауыздардың ұсқынсыз елесі... Сталиндік қырғын, азаптардың жан шошырлық концлагерінің жалмауыздық, құзғындық көрінісі... Халықты сендіре отырып, ажал төндіріп қырып-жоюдың құпиясын ұйымдастырған Сталин де өлді. Кісіліктен айырылған саясат содырлары тірлігін ұмытып өлі жандар қатарын көбейтті. Қария жауыздықтан түңіліп қан түкіріп отырып 1953 жылы Сталин өлгенде: «Қанішерлердің ұрпағы қалмаса жарар еді», – деп күбірлеп еді. Онысы ГУЛаг-тың азап лагерінде өлген қызын жоқтауы ма еді. Кімнің қара шаңырағы қайғысыз қалды дейсің?! Қансыраған қайғылы жүректердің қабы жыртылып барып, қуанышты күндерді көріп ұмытылды ма?.. Берияның лимитімен сот, прокурор, жазушы, интеллигенция, ел басшылары атылып жатқанын Сталин білмеді деп ешкім арашалай алмас. «Балтаның басы кінәлі болса, сабы да кінәлі» деген мәтел қалған... Зар еңіреген халық мұңын тарих ұмыта қоймас... Тіфө, пәлекет...

Бүгінде ауылдың ұйқысы тыныш, күлкісі ақжарқын. Қарны тоқ, киімі бүтін болғасын алакөздік жоқ. Ақ тамақ қарлығаштар жылдағысынша ескі ұясына қонақтап, жұмыртқа басып балапанын өргізді. Қанаты күйген қарлығаштардың да тұқымы бар. Қауіп-қатерсіз... айдын көлге аққу қонып, құстар ұшады, ұя салған жеріне құстар қайта оралып өзен-көлдің «жырын» шырқап жатыр. Ұзағынан болғай, осы тыныштық...

## ДЫҒЫР ТАЯНДЫ

Дырдушыл ел жастары майданға кеткен соң, білгенінен айырылғандай әлсіреген соң, бықсыған қазандық алдынан шыққысы жоқтай еді. Белсенді есектей өкіріп, бақырып шыға келді. Ақылды – жынды, ақылсыз – бұлды. Иленген қой терісін уқалап жұмсартып отырған қарт арсыздықты көргісі келмей, зұлымдық сөзді естігісі келмей, Мөңке бидің болжамын ойына алды: «...Қу баладан биің болғанда, менің байқауымша, бір заман келейін деп тұр, сенікі мақұл деген жеңейін деп тұр, шындық айтқан адам табан астында өлейін деп тұр. Жағымпаз, жалтақ, суайт адам рахатын

көрейін деп тұр», – деп ұршық иіріп отырған кемпіріне қарады. «Қарақұлдың зәбірі, қиянаты жанымызға баты ма? Жаналғыш неме, жұрттың айтқаны шын болса лағынет атсын!» – деп іштей күбірледі. Сосын терезе алдына барды. Күн тұсау бойы көтеріліп қалған. Кешегі ақ түтек боран ашылған. Шеген ауладан әрі көлдің қалың қамысы бадырайып көрініп тұр. Шағырмақ аяз. Қар сипап кеткен үйлердің мұржаларынан будақ-будақ түтін бұрқырап жатыр. «Аяз неге ділгер ыстыққа, қалың қар неге мұқтаж су болуға?! Қақаған қыс неге зәру жайсаң жазға? Бабалар айжұлдызға қарап табиғатты топшылаған. Ал дігір салған жалмауыз өз пайдасын ойлап әлсіздің мысын құртады».

Бейсенбі қарт әлгінде далаға шығып ықтасын ақ аланы биіктетіп жатқан. Көрші үйдің есігін қаққан етегі елпі, жеңі желпі егде әйел аладауыл айқайға басып:

– Қарақұл, жаныңның барында шық үйден! – деп шаптығады. Онысы жөн, үйге қонбаған келіні буыныптүйініп төркініме кетем деп лаң салып отыр. Тұлымшақтары желбіреген Ұлдай мен Қыздайды да алып кетпекші. Келінінен айырылса да, екі бірдей немересін көзі қалай қисын?! Есік ашылмады, Қарақұл мен Нүргүл ұйқыдан оянса да есікке жақындамады. Үрейленді. Ел алдында төгілетін ар-намыстан, ұяттан қорықты. Нүргүлдің көзі ағыл-тегіл жылаумен ісіп кеткен. «Қарабет Қарақұл, өзің де қыз асырап отырсың ғой, алдыға жамандық оралады деп қорықпайсың ба?» – деп Сынымның айтқан батыл сөзін дүлейлігі есіне алғызар ма? Мисыздың шайнам ақылы жоқ. Ағаш бас. «Талайдың үстемсіген көңілін бастым, ауылда талай қызбен қойындастым», – деп іштей елiredі. Нүргүлді де нанша илеп алған. «Сотталасың, түрмеде шірисің, Қосай молдаға туысқансыңдар. Әкең діншіл болған. Халықтың жауы атанған Жанша Досмұхамбетов – бауырларың, білесің, әкеңмен бірігіп Кеңес үкіметін құлатып, Алаш үкіметін құрмақ болған» деп қанша бұлқынса да бұлтартпай дегеніне көндірген.

– Майдангер Әлімжанның қалыңдығымын, милицияға айтсам өзің сотталасың, – деген Нүргүлге:

– Аманғали милиция менің туысым, қорғайды, – деп шіренеді.



Қарақұл бригадирдің алдына ешкім шықпаған, егін орағы кезінде келдек теріп үйіне бір тостаған бидай әкелмек болған талай әйелді соттатқан. Аманғалимен бірігіп әйелдерге істемеген зәбірі жоқ-тын. Әлсізді зәбірлеп әлек салған-ды. Сондықтан Қарақұлға «ана сөзіне, ата сөзіне тоқта, жамандыққа құнықпа» деп ешкім айта алмайды. Тыңдар құлақ жоқ. Күңіренген анасы есік-терезені қағып-қағып, ашпағасын аязға шыдамай, бүрсеңдеп үйіне кеткен. Нұргүл сыртқы сықырлауық есікті ашып, есік алдындағы қарды күреген. Қарақұл бұқпантайлап бір туысының үйіне барып өтірік ұйықтап жатқан. Ұры мысық болар ма? Нұргүл өз денесінен жиіркеніп, бір жаман, сасық иіс шыққандай сезінді... Көрші үйдегі қарт ақ шалған мұртына мұз қатып, түтін тартпай қалған мұржаның ысын ағашпен түсіріп жүр екен. Қарақұлдың шыққанын көрген болар. Мейлі, жан тәтті деп ойын түйді. Әйел боп жаралған соң, еркекпен жақындасудың қандай айыбы бар?! Қалыңдығы Әлімжаннан «қара қағаз» келді деп ел шулап жүр... Кимелеп әр түрлі ой келеді. Жынданды ма? Ел бетіне қарабет атанып қалмақ па? «Сотталасың, байдың тұқымын түрмеге әкетіп жатыр!» дегеннен қорықты. Жарық дүниені қимады. Түрме десе кімнің жаны шошымайды. Оған батырлық жүрмейді. Өліп жатыр ғой, солардан жаным артық па? Қорқақпын. Ақырын тұрып көз жасын төгіп жіберді. Әкесі-шешесі аштан өлді, ағасы соғысқа кетті. Хабарсыз. Жалғыздықтың да зар-мұңы есін алған. Іштей уайым кеміріп жеп еңсесін басады, тұңғыыққа тартып бара жатқандай. Тек киім ішінде қампиып тұратын сырты ғана бүтінге ұқсайды. Махаббат құсасы, Әлімжанмен өткізген күндер мен түндер жүрегін сыздатып, соңғы кездерде әбден меңдетіп жібергендей. Кейде шырт ұйқыда жатқанда төсін аймалап жан дүниесін бір рахатқа бөлегендей сезінетін еді. Ерді аңсағаны екен-ау. Ондайда не істеп, не қойғанын да аңғармаушы еді. Осылай, шаршап-шалдығып ер құшағын аңсап, жоққа алданып өмірден безсе, кейде беймәлім қуанып бір үміт сағымға жетелейді. Сонсоң, үнемі ұзақ ойланып, маужыраған пішінде жүреді. Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібітетін бала сүйгісі келеді. Әйел емес пе? Оның несі айып... Ұры мезгіл, таршылық, түрлі

қиянат, зобалаң қысқан уақыт тірінің көз жасына суарылып өтіп жатады. Соның бірі – Нұргүл, оның азалы да жаралы жүрегіне, пәре-пәре сырына Қарақұл қанып болса да, одан күдерін үзбей қасында жылтыңдайды да жүреді. Нұргүлді іштей «менен асып қайда барасыңға» жориды, көңілін одан сайын делбей түседі. Ессіз, есалаң мінез. Бірде іңір қараңғысында, жетілік жер майшамның жартымсыз жарығында көзі қарауытқан Нұргүл құлап түсті. Миы айналып дүние төбесіне төңкерілгендей болды ма, солқылдап жылай берді. Ескі киізді саусағымен тартқылап тісін шықырлатты. Қайратын шақырды, бәрібір әлсіз, еңсесін езеді қайғы. Өкси жылады.

– Сүйіктім Нұргүл, не көрінді көзіңе, қандай қырсық тап болды? Ұл туып бересің, саған үйленемін, бәрін тәрк етемін, – деп жалбарына Қарақұл емірене құшақтап алды жан-тәнімен.

Нұргүл бар қайратын жинап тістенген күйі Қарақұлды өңменінен итеріп:

– Кет әрі, ұяттан безген, басыңды, абыройымды төктің, мен өлімін, – деп зекіді де, ернін жымқыра тістеп алды. Қос жұдырығы тастай түйлі.

– Беу, дүние-ай, күндегің осы, – деп Қарақұл быж-тыж боп қорғалақтады. Кетіп бара жатып: «Өлгеннің артынан өлмек жоқ, өлгеннің тіріліп келгені жоқ» дегенді айтты зілдендіре себепсізден-себепсіз.

У ішкендей тулаған жүрегін баса алмай Нұргүл:

– Жыңдымын, ақыл-есім жоқ, миым шатасты... өмір сүргім келмейді! – деп айқайлап жіберді. Көз алдына бір тарғыл мысық тұздай көзін ойнақшытып, есікті сықыр еткізіп, басқан ізі өртеніп бара жатқандай елестеді. Оның ар жағында қара киімді, өңі сұп-сұр, қалың қасын түкситіп, алаң көзін ақштитып сықсия күліп Қарақұл тапыртұпыр етіп келе жатқандай шошыды. Жан-жағына қарады да: «Кетті, жоғал әрмен, енді қайтып келме. Ой, кетті, жалғыз қалдым ғой, жалғызбын, «жалғыздық бір Аллаға жарасқан» дейді, жалғызбын бәрі өлді, енді жоқ», – деп күбірледі.

– Ақ құсым, келдің бе? Әлімжанбысың?

– Келдім, сүйемін...

Бұл елес сезім. Соған алданып Нұргүл:

– Сүймеймін, жоғал, көзіме көрінбе!

– Өлтірсең де сүйемін. Дүниеде жалғыз сені, – деп Қарақұл ежірең-ежірең етеді. Сәңкиген танауы жаман үйдің туырлығындай желпілдейді. Бұ да елес. Біраз уақыт сұлық жатып, Нұргүл есін жиды. Басын көтерді. Қаймақ араластырып қатық ішті... Таң атқан. «Иесіз мешітке көкек азаншы, иесіз елге есек азаншы» деп, жүдеп-жадаған елдің кейбір үйіндегі ит үре бастаған. Нұргүл әлден уақыттан кейін басын көтеріп, қара қоңыр түбіт шәлісін басына тартты да, бір тартар орамалмен белін таңды. Көнетоз жамау-жамау костюмін киді, анасының ескі күпісін иығына іліп, сыртқа шығып терезенің қарын аршыды. Қайтадан азынаған суық үйге аздаған қамысты жағып, сарысу – шаймен оразасын ашқан болды. Бір жұлым түннен қалған етті жеп еді, әрі қарай жүрмегендей түйіліп қалды. Ол әрі-бері солығын басып, пештің алдында тұрған шарықпен шандулы байпағын киді. Жылы киім дегеннен көнетоз пальтосы бар-ды. Соны киіп, Қосай жақтағы фермаға асығыс аяндады. Көршісіндегі Бейсенбі қарт күрегіне сүйеніп тұрып: «Қызым, жолың болсын!» – деді. Оған жолшыбай көлденеңдеп Қалпенің үйі жағынан Әлима кездесе кетті. Лепірме Әлима салған жерден жеті қоян тапқандай ыржаңдап, қуаныш па, өкініш пе:

– Байғұс-ай, шіркін, Қалима шешейге обал болған. Жалғыз баласынан «қара қағаз» келіп әлме-әл талып жатыр. Абысындары аузына су тамызып отыр, сол үйге кіріп шықтым, – деді де Нұргүлдің білеудей ісінген әлпетіне таңырқай, күдіктене қарады.

– Соғыс кімді қан қақсатпады?! – деді Нұргүл аяныш білдіріп.

– Нұргүл-ау, әлгі Қарақұл әуейі, нақұрыс қой өзі, түйеден құлап аяғын сындырып еді, сол аяғын сылти басып, әйел көрсе қылжақтайды да жүреді. Айтпақшы, таң атпай сіздің үйден шығып бара жатқаны несі? Жынды ма, ері жоқ үйге сұқақтай беруге беті бұлк етпейді. Бригадир болғанда сүйте ме екен? – деп Әлима томсырайып бұртиды.

Бұл сөз жанып тұрған отқа май құйғандай болды. Нұргүл ызаға булығып:

– Аузыңа келгенді оттап мылжыңдамай маза бер, – деді.

Өсек өрті... Әлима не дерін білмей жым бола қалды.

Нұргүл фермаға келді де өгіз шанасын жекті. Айыр, күрек құралдарын тас қылып арқанмен таңып тастады. Шанаға шөп тиесетін 12 жасар Өмірбекті тонға ораған болды. Жұртпен бірге шүү деп іскірттен шөп әкелуге жүріп кетті.

Ферма мен шөп таситын жердің қашықтығы – небары бес-ақ километр. Бірақ митыңдаған өгіз шанамен және мынадай қақаған қыста шөп тасу үлкен күш. Олар ертеңгісін кеткеннен үйлеріне ымырт үйірілген шақта оралады. Мал жайлаудың жұмысы бітіп болмайды.

Кешегі боран іскіртті төбесімен бірдей етіп сипап кетіпті. Адамдар әп деп шанадан түскен бойда қарды аршыды. Нұргүлдің мұндай қиын жұмысқа көндіккені қашан. Барлығы бір кісідей еңбек етіп, іскірттің тоңын кесті жабылып. Басына бөрік киді деген ер-азаматтан үш-төрт шал. Олар да шал десең ашуланады, еркекке дауа жоқ. Соғыстан жарымжан болып келгендер некен-саяқ және аяғының сылтығымен соғысқа бармаған Қарақұл. Жігітпін деп сүс көрсетеді. Езу мен езілу, әлсіз тәлтіректеп барып құлап өледі. Бұл ауылда жетісіне бір-екі адам өліп жатады. Бүгін де Қарақұл бөзек шанасымен тәрбие құрып әкімсіп келді. Шанадан түспей жатып:

– Түк бітірмегенсіңдер ме? – деп әкіреңдей бастады.

Оған Өмірбек қана:

– Ойнап жатыр деймісіз?! – деп күңк етіп еді, сол бойда Қарақұл сегіз өрме дойыр қамшыны ала ұмтылды. Оған Нұргүл айырын ала жүгірді.

– Жорта ғой, баланың тілі ащы екен! – деп Қарақұл күлді.

Күн осылай біреудің басынуымен, кейбірінің ашу қысып ашынуымен өтіп жатады. Ауыр тірлік... қайғы жұтқан кезең, былайша өлі өмір сықылды тым сұрықсыз... Тойынып ас ішпейді, жылтырап сәнді киінбейді... Күндер өтеді... Уақыт жараны емдей қоймаса да, тірідей көрге түсу жоқ. Ел аузына кім қақпақ болған?!

– Нұргүл ұятты болып ел бетін көруден қалыпты. Жылтындаған Қарақұлдан келген пәле. Қарғыс атқыр... – десе, екіншісі елеуреп:

– Жүзіқараның өзіне сол керек! Өл де маған, етегіне ие болмай. Өлімжанның басқан ізінен садақа кеткір, Қарақұлға алданып...

– Соны айтам-ау, қыз күнінде Қарақұлды мазақтаушы еді. Өлімжаннан «қара қағаз» келді деп...

– Ей, қойшы, өзі ұшқалақ, төніне ерік беріп... ардан ада болғаны, – деп сөзуар әйелдер гуілдеп жүрді.

Екіқабат екенін Нүргүл біледі, әйелдердің өсектейтінін сезеді. Қастарында жүреді. Жүзі сынық. Өкініші қалың. Кінәлі адам... қылмыскер тәрізді. Ешкімге тура қарай алмайды. Көз жасын іркеді. Ұят өртейді. Іште шөмен шер қалың. Қасындағы әйелдерге бірдеңе деуге кейде бата алмайды. Әлима жаны ашығансып:

– Нүргүл, шаршама, біз істейміз ғой, – деп астарлай сөйлейді. Ондай аяушылық білдірген сөздің өзі Нүргүлдің жүрегіне ине сұққандай ауыр. Нүргүл бұйығып үнсіз тынады. Өшін, кегін алғандай болып, төрт тармақ айырмен үсті-үстіне шөпті шанаға лақтырады. Соған Қаракең ақсақал риза боп:

– Бөрекелді, көп жаса, қайратың тасысын!

– Ата, көп жасадыңыз, сіздіңше өмір деген не?

– Шырағым, оқымаған қара жаяу адаммын. Тірлік толған арпалыс, жан беріп, жан алуымен қызық. Ыстығына күйіп, суығына төзгенге не жетсін! Өмірдің қытымыр жағын есінде сақтап қаласың. Ертең жігіттер соғыстан келсе, жалғыз сиырды сойып той жасар едім, жоқтықтың да шүкірлігі жақсы, – деп қарт шоқша сақалын сипап, буынын бекіткендей, құлақшынының маңдайын көтеріп қойды... Таласқали қарт кемпірі дүние салғасын Аққыз деген жас әйелге үйленіп еді, биыл алпыс жасында ұл бала сүйіп Алпыс атандырды. Қара шаңырағына ие барына қуанады... Бейсенбі қан түкіріп өзер жүр, мал күту жұмысынан қалған... «Майданнан жігіттер келсе жоғымыз түгенделер еді, әзірге пендеге түрлі дығыр таянып тұр ғой», – деуі жаңа ұрпақты ойлауы еді...

\*\*\*

Өлімжанның майданнан келе жатқандығын пошта таситын Еріш хабарлады. Сол түні Нүргүл зым-зия жоқ бо-

лып шықты. Үйінің есігі аңқиып ашық қалған. Ертеңіне ауыл адамдары дүрлігіп, тайлы-тұяғы қалмай, сабыла іздеуге шықты. Фашист оғы жамбасын сындырып, азар жүрген Шүйінішқали да атқа қонды... Қарақұл үйінде бұғып қалды, үрейлі. «Сенің қырсығыңнан майдангердің қалыңдығы өлді», – деп сотқа берсе түрмеге кете барады. Ондайда Аманғали милиция қорғай алмайды. «Жаусың» десе, бітті шаруасы...

\* \* \*

Нұргүл жұрт орынға отырғанда «Қызылқоға, қайда-сың» деп жаяу тартып отырған-ды. «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» дегенді ойлады. Түн ортасына таман алай-түлей боран басталды. Қамыстыкөлдегі ескі бір зілмән-кенің ығына паналады. Ертеңіне алақаншықтап боран ашыла бере тағы ілгері жүріп кетті. Қас қылғандай біраздан соң бұрқасын қайта үдей түсті. Өлгі бір өзірде шөп тасыған қайрақтай жолға түсіп еді, одан да адасып қалды. Бойдағы қайрат сарқылды, қарға адым жер жүру қиындады. Дүлей боран қақпақыл қылып қаңбақтай қуып берді. Сүрінді, құлады, өлігімді ешкім тапшасын деп қарды кеулеп бүк түсті. Тоңған денесі ысығандай ма? Ұйқы басты. Шытырман ойлар елес береді. Біреулер сақ-сақ күледі. «Әлімжанның майданнан жазған хаттарын өртедім, сені сүйгесін менде не жазық бар?» – деп Қарақұл күлетін тәрізді. Іштегі шарананың обалы... Әлімжан келеді, оның алдында кінәсін қалай ақтайды? Қардың асты жылы ма, ұйқы басты...

Ертеңіне Қызылқоғаның шөпке бара жатқан адамдары Нұргүлді тауып алды. Кеудесінде құр жаны қалған оны үйге бірден кіргізбей салқын сенекте тонға орап, дәрігерге хабар берген-ді. Емханаға түсті... «Қаракөл» кеңшарына хабар жетті. Ел адамдары тірі қалғанына қуанды. Арада бірер ай өтті. Нұргүлдің үсіген екі аяғын кесті. Жаны қалды, өмір сүруге құштарлық оянды...

Бір күні Әлімжан іздеп келді. Төсекте жатқан Нұргүлдің көз жасы тыйылмады. Кеудеден шықпаған шыбын жаны бар. Екі аяқ жоқ. Үнсіз. Әлімжан:

– Қалайсың? – деп еді, тіл қатпады.

Өлден кейін:

– Екі аяғы жоқ әрі ұятты әйелді қайтесің? Өз бақытыңды тап, – деді ақырын тіл қатып.

– Мен бәрін кешірем.

– Мені қинама, Әлімжан! Бізге тағдыр теріс қарады. Ақырғы сөзім де, өтінішім де сол. Оқығым келді, еңбек еткім келді, көзім жеткенді көріп, аяғым жеткен жерге барғым келді. Таудай талап иесі атансам дедім, Алла оны қош көрмеді... Ойлан, менімен бірге жүргеннің өзі саған азап, өзім көтерейін жан азабымды.

– Жоқ, олай деме. Мен қасыңда боламын. Менің жүрегім сендік, – деп Әлімжан еңкейіп бетінен сүйді.

Әйел үнсіз, жүрегі шаншып, көзден жас боп құйылып жатыр.

– Жыламашы, жаным! – деді Әлімжан...

Ғасыр қайғысын, зұлмат жылдардың шерін Нұргүл мен Әлімжанның шаңырақ көтеріп үбірлі-шүбірлі болғаны ұмыттыра бастады. Доссор халқы ағаш аяқ сұлу әйелді аса құрметтеуші еді... Нұргүл де, Әлімжан да дүниеден өткен, балалары Құлсарыда тұрады. Доссордағы келіні Қаламқас: «Орны бар оңалар, ата-енемнің аты өшкен жоқ, соған шүкіршілік етемін», – дейді.

\* \* \*

Таласқали майданнан жаралы болып оралып өмірден өткен Рахметжан ұлының қабірінің басында дұғасын оқып ойға шомды. Рахметжан Ойыл аудандық комсомол комитетінде хатшы қызметін атқарып жүріп елге келгенде: «Нұргүлді оқытып комсомол жұмысына тартамын, алғыр, іскер», – деуші еді. Енді Жаратқан Ием қолдап Нұргүл аман қалды, Әлімжанмен отбасын құрды. Бәйтерек батырдың аруағы қолдады, жолы ашылсын. Бәйтерек батырға қатыстарың бар деп зәбірлегенге шыдамай, Нұргүлдің әкесі, анасы дүние салып еді. Батыр тіріліп келіп, үкіметке қастандық жасайды деді ме? «Жөнсіз лаң, жөнсіз зұлымдық бола береді екен-ау», – деп, Таласқали алыста қалған ойларын жүйеледі. Иә, Бәйтерек батыр

он мың әскерімен Абылай ханға қосылған. Алғыр әскери қолбасшы Абылай ханның сенімді батырларының бірі атанған. Абылай шұғыл ерлік пен шеберлік көрсететін әскери топты басқартқанын Таласқали бабалардың аңыз етіп, ұйытып айтатын, ерлігін мақтан ететінін талай естіген еді. Енді «жау» іздеп тіміскілеушілер «жатып-атарларынан» батырдың, ханның, молданың тұқымынан кімдер тірі жүр деп сұрауын қоймайды. Екі-үш әйелге дейін айдап өкетті... «Алпыс екі азаматын майданға аттандырып, көбісі елге оралмай оққа ұшқан ердің қолына зәру, жоқ-жұпыны күйсіздіктің қиындығын кешіп отырған елдің әйеліне дейін балаларын жетім етіп, үкіметке теріс пиғылды деуі не сандырақ?!» – деп ойласа да Таласқали пікірін жария ете алмайды... Ел үнсіз, үрей әр босағада. Көргені қорлық, шеккені зәбір, оның бәрі өз адамдарымыздан. Айтпақшы, Қарақұл өкпе ауруынан қан құсып қайтыс болды. Жоқтау салып сексеннен асқан анасы ғана жылады... Таласқали айнадай жарқырап жатқан көлдерді жағалап жүріп ойға шомады. «1921 жылғы, одан кейінгі 1932 жылғы күйедей сыпырған аштықта елді балығы аман алып қалып еді. Туған жер, біз де бір күні сені тастап кетеміз-ау», – деді ме екен... Рас, саясатпен шаруасы жоқ. Әйтпесе тарихта: «Бір ғана Орал губерниясы халқының әлдісі өзі өлмеу үшін адам жеуге дейін барды. Тек қана төрт уезде 350 адамды әлділердің сойып жегені, 437 мүрдені тамаққа пайдаланғаны қазір тіркеуге алынып, анықталып отыр. Губерниядағы халықтың бестен бірі, яғни 48 802 адам аштан өлді», – деп Орал губкомының баяндамасында ауыр оқиғаны жеткізіпті. Бір құжаттарда «аштыққа ұшырағандар саны 3 миллионнан астам» делінгені талай шаңырақты ортасына түсіргеніне дәлел. Аштық басталған төрт айда 480 022 бала панасыз қалған екен. Осындай қасіретті біле тұра Сталин мен Калининнің 1922 жылдың 26 қаңтарында: «Бір ғана Еділ бойынан 23 миллион халық аштыққа ұшырады... Бұл апаттан халықты құтқару үшін ашыққандар Қазақстан мен Түркістан республикасына қоныс аударсын!» – деген қаулысы «қырылса, қазақ қырылсын» дегені ме? Демек, Қазақстанның Орталық Атқару Комитетінің төрағасы С. Меңдешевтің: «Қазақ-



станда аштық басталды. КСРО-ның орталық органдарынан аштыққа жәрдем көрсетуді сұраймыз?» – деген арнаулы хатына Сталин құлақ асудың орнына 1922 жылдың жаңа егінінен жиналған 417 миллион пұт астықты салық есебінде жинап әкеткені қазақ халқының қырылуын қолма-қол ұйымдастырғаны сықылды. Бірте-бірте таянған дығыр қалың ажал қырғынына ұласты, одан соң екінші дүниежүзілік соғыс апаты халықтың көзін аштырмады, өмір сүруге қадам бастырмады. Саясаттың мұндай құпиясын ешкім де біліп болды деймісің? Сатқындық, жаулық, қатыгездік, тіпті бірге ас ішіп, аяқ босатып жүріп жамандық ойлайтын «жатыпатар» ес жиғызбады. Сол зұлматтарды әйелдер көрді, соғыс уақытының өзінде Қазақ елінде 1 миллион 200 мың әйелдер күн, түн қатып жұмыс істеді. Олар үреймен жүрді, қымс етсе түрмеге жабылатынын білді, біразының Нұргүл сықылды ар-намысы қорланды. Кәне, сталиндік заманның кісі қанын төккен саясатын қорғап көр?! Ондайлар да табылар. Өйткені сол қоғамда үріп ішіп, шайқап төккендердің тірі жүргендері де баршылық қой.

## КЕМДІ КҮНГІ ДӘУРЕН-АЙ

– Адам әлсіз, дүлей күшке бағынған, өткен күнін өлгенінше сағынған, жақсылықты табар ма екенмін, булы бұлттай шұбатылған сағымнан?! – деп қария қолдорбасына түскен бір үзім нанға қуанып, Зұлқияға батасын беріп сүйретіліп шығып кетті. Нұра бойындағы Қоржынтүбектен жаяулап келгенін айтқан-ды. Зұлқияның балалық шағы осында қалып еді, түрлі түсті жидек өсетін, Нұраның бойы биік-биік жартастар еді, шебердің қолымен әдемілеп қалағандай тастар да бар-тын. Ата-баба бейіті сонда. Қалың төре тұқымы мекендепті. Елге мейірімді, халқына қайырымды Айтжанның Қасымы, Темір Қожа дейтіндері қалың көпке жағып, сыйлы болыпты. Зұлқияның әкесі Арыстанбек орта шаруа екен. Қолқайырымы мол деседі. Есінде қалғаны – жақсылығымды адам қайтармаса да, аруақ есесін өтейді дейтіні ғана ма? Алғыс алуға ештеңе теңгермеді... Әкем осы Ақмолаға қоныс аударған 1906-

1911 жылдарда халқы 58 768 отбасы, яғни 1 500 мыңдай болыпты. Аздаған өндіріс орындары жұмыс жасаған. Кеңес үкіметі орнағанда жұрт ескі тозды, жаңа озар, деп үміттенген-ді. Озды ма, тозды ма, Зұлқияның ойын тербеген әлгі қарияның: «Кемді күнгі дәурен-ай, бұл өмір кімдерден кейін қалмаған, пенде болар дейсің бе, төбе басына бармаған», – деген сөзі ойландырып тастады. Осындай ой үстінде балаларға тамақ беріп, жұмысқа жинала бастағанда үй арасында үй жоқ, құдай дескен көршісі Нәзім үйінде бас паналап отырған Зайып Ауышова келді. Күндегі дағды бойынша Зұлқия жұмысқа кеткен бойда Зайып үйдің есігін іштен кілттеп алады. Үрейлі, сәл нәрседен қорқады. Жалғыз өзі аяғын аттап баспайды. «Қызыл жағаны», милицияны айтам, соларды көрсе бақырып қоя береді. Жұбату бермейді. Тығылып жүріп Зұлқияны пана тұтады, осы үйдегі он жанға аздаған асты өзірлейді. Барды ұқсатады. Балалардың жыртылған киім-кешегін де жамап, әп-әдемі етіп қояды. Балажан. Өзінде бір ұл, бір қыз болыпты. Олардың есімін атаса жылайды. Ал Зұлқия насос зауытында жұмыс істейді. Қабырғасы қатып, омыртқасы бекімей, он бес жасынан осы зауытқа жұмысқа кірген. Нан үшін, жанұясын асырау үшін. Ал зауытта шикі жас балалар, еңкейген қарттар жетерлік. Ұраны – «Барлығы да майдан үшін!». Азық-түлік аз, киім жеткіліксіз, әйтеуір әрбір жұмыскерге күніне 800 грамнан нан береді. Бірде зауыт бастығы Муравьев жылы жүзбен:

– Қызым, үйінде неше адам бар? – деді.

– Он жанбыз.

– Әкең бар ма?

– Әкем де, ағаларым да майданда.

– Хат келе ме?

– Сиректеу.

– Өзіңнен басқа жұмыс істейтіндер бар ма?

– Апайым мұғалім, екіқабат, жездем соғысқа кетті.

– Өз күшіңді байқа, ауыр зат көтерме! Қолдан келген көмекті береміз.

Зұлқия да, зауыт бастығы да біледі, ауылда аштық бар, нан жетіспей жатыр. Апасы Балқия мұғалім болғысы келеді, мамандығы бар. Бірақ ойланады. Ұнның бір пұты

1500 теңге, сиырдың құнынан кем емес. Ауылда айына сегіз килограмм бидай береді, мектептегі балаларға бір стақан сүт, жүз грамм нан беріледі. Ел ашқұрсақ, ауру-індет қалың. Ауылда мұғалімдік жұмыспен тамақ асырай алмайтынын білді. Және туыс-туғандарына көмек керек. Елде аштық бар. Өлім көп. Сонда да жұрт жұмылып соғыста жеңіске жету мақсатында талпынып, тырмыс-ды. Балалар: «Біз тойлаймыз, тойлаймыз, фашистердің қолынан Тельманды алмай қоймаймыз!» – деп әндетеді. Айта кетелік, 1941 жылы сұрапыл соғыс басталысымен Қазақстанға көшіп келген насос зауыты танкі, самолет, қару-жарақ, мұнай кәсіпшілігіне қатысты 153 түрлі өнімді шығарып, үш ауысыммен жұмыс жасап отырды. Жер ауып келгендер бар, оларды жұмысқа арнайы рұқсатпен орналастырады. Кейбірі жақсы мамандар еді, жастары ұлғайса да қайраттылары болды. Көбі үрейлі, үнсіз жүреді. «Саяси сенімсіз» деген айыптылары ыңқ ете алмайды. Жер ауғандар Қазақстанның әр аймағына орналастырылды. Тарихи құжатта, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1942 жылдың 29 майдағы МГОКО №1828 қаулысы бойынша, Бас қолбасшы И. Сталиннің қол қоюымен Краснодар өлкесі, Новороссийск, Тупса, Анапы және Таман жарты аралындағы халықтарды «социализмге көзқарастары қауіпті, саяси сенімсіз» делініп, екі жетінің ішінде тазартып болған. Оған он мыңға тарта НКВД мен НКГБ адамдарының армиясы, қару-жарақ жұмылдырылған. Негізгі халқы – немістер, румын, татар, грек, адыгейлерді мал тиейтін вагонмен қазақ еліне жеткізген. Дүние-мүлік қоғамға түскен, елді мекендер иесіз қалған. Міне, Зұлқияның үйінде жүрген Ауышованың екі баласы вагон ішінде ауырып өлген, қаншама қарттар, ауру-сырқаулар асусыз азап вагонында көз жұмған. Ауышованың «қызыл жағаны» көрсе, неге бақырып жылайтынын енді түсінген боларсыз. Зұлқияның үйіндегі он адамның зауыт берген нанмен жан сақтағанын, сондай ауыртпалық езде де татулықтың сақталғанын бір үзім нанды бөліп жеген өзге ұлт өкілдері ұмытар ма? Ақынжанды Зұлқия кейін ақпараттан оқығанын есіне түсіретін еді. Белгілі жазушы Г.И. Серебрякованың «Қара құйғын» кітабында: «Менің

камерамдағы тұтқын әйелдер – 16-дан 80 жасқа дейінгілер. 17 адамдық камераға 72 әйелді тоғытты... Кешікпей кемпірді соттады, өзін жиырма жыл қамауға кескенін білген соң, сол судьяларға қарап, иіліп тағзым етіп:

– Ұзақ өмір сүруге өмір еткендеріңізге рахмет, қарақтарым, мен қазірдің өзінде жетпіс үшке толдым ғой, – депті. Міне, сталиндік зұлмат жылдарда Ауышованың замандастары елін, жерін тастап босып келсе, «жазықсызбыз» деп аузын да аша алмайды. Өлсе бір шұқырға итере салады. Жоқтайтын ешкімі жоқ... Жаулық ойлылар делінгеннің әрбір аттаған қадамы аңдулы. Олар кісімен жұғысуға да үрейлі... Көкіректе тұншыққан үн: «Сталин салған әурені-ай, құмша шашылған дәурен-ай», – деген өкінішпен тынады...

\* \* \*

Сарғыш тартқан архив құжаттарын, сойқан саясат әбжыланның ізіне де қақпан құрғандай елестейді. Елестемейді, мың сан адам тағдыры шерін тарқатқысы келеді. Қайтеді, көзін бақырайтып қойып «жаусың» деп жалалап жатса, кім шыдайды?! Ербиген біреу еңсені езіп бақастығын қоздырып қоғамды бүлдіріп біттің деп қылбұрауды мойынға іліп, қолына кісен салғанда қайтіп жаның ышқынбайды?! Ойыл ауданынан ауыл мұғалімі Қапан Ізтілеуов, райкомның инструкторы Тастанбай Ізтелеуов Кеңес үкіметін құлатпақшы, контрреволюционер атанып, үштіктің шешімімен 58-бап бойынша он жылдан үкімді арқалап түрмеге кете барды. Әйелдері қалды жер төпеп, шашын жұлып жылап. Балалары қалды: «Әке, әке!» – деп құлындай шыңғырып. Тасжүрек «жатып-атар» «бәлем, өзіңе сол керек!» деп тасадан сық-сық күліп, «жаудың» дүние-мүлкін тонауға қатысып олжалап жатты. Жыланның көзін шұқып ағызып жіберетін дәуіт болатын еді, жылан заманға дәуіттің де күші келмес деді де, аудандық милицияның бір басшысы Құбай ағамыз күндердің бір күнінде қартайған әкесін түрмеге жауып қояды (үштіктің дұшпандық әрекетін байқап, сезді ме екен?). Жұрт ду етеді. Үштік мүшелері:

– Қарт әкеңнің бірдеңе бұлдіргені бар ма? – дейді.

Сонда Құбай ойланбастан:

– Ойыл өзенінің балығын алдырып жейді, үкіметтің өзені, үкіметтің балығы емес пе? Дұрыстап қара суды қайнатып ішпес пе?! – дейді.

Үштіктің бірі қартты түрмеден шығарып жібереді. Бірақ олар әкесін де аямаған Құбайдан сезіктенуді қояды. Саясат қит етсе «үкіметтің ісіне күмәндімісің?» деп пендені бір-біріне сенімсіздікпен қаратқан тұста алыс-жұлыспен көкірекке қалың шерін тастап кетті. Үштік мүшелерінің де көкірегінде қорқыныш болмады дей алмассың. Талай боздақтың қыршыннан жазықсыз қиылғанын кейбірі сезеді. Бірақ жан тәттілік, қатып қалған тасжүрек тебірене бермейді. Көкейдегі мұңға толы қасіретті оқиғаны сарғыш тартқан қағаздар сараң айтса да, қанқұйлы заманның қайталанбауын қабырғаң қайыса ойлайсың.

«Күн көсем Сталин қырғынды білмейді» деушілер түрмеде азап шегіп өлсе де, басы жерге жеткенше зұлымдықты жанындағылардан көрді. Ал Сталин: «Өсіп келе жатқан революциялық қозғалысқа патшаның итаршылары төтеп бере алмады», – десе, сол бай-кулактың тұқымын жоямыз деп жазықсыз жандар басымен қайғы болды. Түрмелерде: «Жасасын Сталин, жасасын социализм!» деген ұрандар, көсемдердің бейнелері сүттен ақ, судан таза сықылды боп көрінбеді деймісің.

## КӨЗДІҢ ҚҰРТЫН ӨЛТІРГЕН

– Айдын көлде қос аққу, қанатымен суды сызғандай, білмейсің ғой, құрбым-ау, көсем сүйген қыз қандай! – деген қыз тоқаш танауын бір тартып суырыла сөйледі де, жанындағы бәкене бойлы, тобылғы реңдес жігітке сұқтана қарады.

– Көсемде нең бар, көкем сүйген қыз қандай демейсің бе?

– Әкемнің сүйгеніне қолы жеткен.

– Бәлкім, өкініші бар шығар, мейлі ғой, бірақ көсем деп айтпа, сотталып кетерсің!

– Қаладағының хабарын ауылдағылар тез біледі, көсем біреуді сүймейді деймісің?! Егер сөзімді айыптап жатса,

«Төкен сүйген қыз қандай?» деп сені куәға тартам. Сен Төкен емессің бе, ақтап шығасың. Ал, былайша айтқанда, халықтың сүйіктісі күн көсем десе жараспай ма! Мен де көптің бірімін, махаббатымды көсемге арнағанымды жасыра алмаймын. Сен сықылдыға сөз шығын, қасыма ерте алмаймын. Мәскеуге барам, көсемді көрем...

– Жә, той тойлап, тойдан шықсаң да бөзбіреудің ойынан шықпайсың, толып жүр, сөздің түп төркінін ұқпайтындар. Пендеде көзқарасы қылиы бар, ақылға жарымғаннның отқа өзі түсетін сыңайы бар, жақсының жүрегінде шындықтың шырайы бар, ондайлар сұрқияға ұнайды ма? Кейбір дүлей әлсізді қансыратып тастауға аш бөрідей ұлиды, ә? – деп Төкен су жұқпастай сылдырап еді.

Қыз оған сынай қарады да:

– Бәрі ойын, бәрі қалжың! Ойнап айттым, айтқан сөзімде қате болса қайтып алдым, тесік ауыз тек тұрмай, қайтейін көкейдегіні айтып алдым, – деп қос бұрымы мықынынан асып, шашбауы сыңғырлап дыбыс шашып, аяғын кербез басып қыз кете барды... Артына қарайлап қояды... Сезім нәзік, ой ұшқыр, қиял кетер шарықтап. Қолға түсе ме, сұлу деген көзге түскен...

*Пісіп тұрған алмадай,  
Үзіліп түсер шағың бұл.  
Қылуалы қылықпен  
Талай ерді қағындыр.  
Сүйіп қалып біреуін,  
Өлгенінше сағындыр!  
Жүзің жылы, жаның нұр,  
Қыз екенсің аңсаған.  
Көзіңнің тұнығына қарап,  
Бақытты бол деп тамсанам! –*

деп қай жігіт қай қызды жырламады дейсің. Сұлу біреуге бақыт, біреуге қайғы болған...

## СИҚЫР КҮШІ СҰЛУДЫҢ

Рас, қай заманда да сұлуға қызығу болған, қолына түспесе қорлау болған. Күш көрсетіп зорлау болған. Арнамысы тапталса зарлау болған. Қазақта ататегіне қарап қызды таңдау болған. Теңін таппай тентірегеннің мұңы қалған, үстемдік білмей құсаны, ерігіп іші пысады деген сөздің шыны қалған. Біреулерге бәрібір. Ар-қорда шаруасы болмас.

Сүйіп-құшып, аңқасы кепкен сезімді сәттік алдау болған. Биіктегі үстемдік иесі көнбейтінді де көндірген, бақытты етемін деп сенбейтінді де сендірген. Бұдан жетпіс тоғыз жыл бұрын социализм таңы арайлап атқанда, капитализмнің қарасы батқанда, бай-кулактар түрмеден орнын тауып жатқанда, Мәскеуде халықаралық әйелдердің құрылтайына талай сұлу қыздар қатыспай ма. Сұлуды сүюді көпсінбейтін ерлердің жүрегі тайдай тулап, кімге қалай қарарын білмей әбден шатыспай ма. Жоқ, көсемдер тінте қараса шатыспайды, көзінің құрты түсетін, қарай-қарай сұлулыққа таңданып, іштей жарымдай боп, ой-сана арымдай боп жанымда жатса деп көңілі күпті бар. «Оның жолында аярым жоқ, байлық, мұрат сонікі», – деп өлердегі сөзін айта ма? Жоқ, бедел, бақ-тақтың дегеніне қарсылықсыз көнетін, жанындағыға ым қақса тырп еткізбей үстемдік иесінің қойнына салатынын білетін бар. Жиналған сұлулар бірінен-бірі өтсе де, Полина Жемчужинаға теңесері табылмапты. Көзін суарған ашқарақ ойлыларды бірден сиқырлық әлеміне әкеткен, көсемнің ойынан кетпеген Полина қулық сезімін нықтап баққан. Ұнай кеткенге құлай кетпеуді біледі. Есті болғасын күлетін жерінде күледі. «Еркектің күлегеші атының соры, әйелдің күлегеші артының соры» дегенді естияр қызға ескертіп отыратынын ойға аласыз ба, өзіңіз біліңіз. Есіл-дерті бұра сөйлеуге, шын ойды да жан-жаққа жыра сөйлеуге икемділер коммунист болғандықтан, көбісі көз махаббаты, көз құмарынан артыққа бармайды, ығай мен сығай көз қиығын тастағанға мәз-тін. Еркін марксистер есірік емес қой. Тілін безей түсіп, ойын кезей түсіп, ойын-тойда ойындағысын орындайтындар да табылар.

Табылса да көсем алдына ешкім шықпас. Алқызыл орамалды сөндеп тартқан қызға Молотов іңкәр болса, қыз да оған еркелеп тұрса, кім қарсылық көрсетеді дейсің. Сезімді қолдайды, кездесуін дереу ыңғайлайды. Оны ешкім сезбейді, ешкім білмейді. Білсе де тілін жұтып үнсіз қалады. Сұлудың ернінің дәмін татқысы келгендер шеттей береді. Үстемдіктен ығысады. Ауыл айтқышы АЙСА байқағанын баянды етіп қасында жүргендей: «Молотов «Инжуім» дегенде Полинаның бетіндегі күн нұры Кремльді жарқыратып, сан түрлі бояуға бояп құлпыртып тастайды екен. Тасжүректі де оятып жігіттік күйін шертеді екен. Сол «Инжудің» қолынан шай ішкенде денемдегі қаны кеуіп, қуарып қалған тамырларым қайта соғып, қарнымның аштығын ұмытып, жүзім нарттай боп балбырап шығып едім. Сұлудың жүрек қылын шертетін нәзік сыры денсаулыққа құдіреті мықты, емдік қасиеті жоғары екенін ұғып едім», – деуші еді. Қаланың қандай да құпия хабары «жіп телефонмен, ұзын құлақ» арқылы желдей есіп жататын-ды. Өйткені түрлі жиынға Одақтың тұс-тұсынан адамдар көптеп жиналады. Жөн-жосық ауыздан-ауызға жұғысып жатады. Қисығы болса, қатесі болса, естіген құлақта жазық жоқ деп ақталып қояды. Сол Полинаның көріктілігінің сиқырлы күші магниттей тартып Надежда өлгеннен кейін Кремльдің «бірінші сұлуы» атанбай ма. Оған негіз бар. Ажар-көркі артық, мінезі мінсіз, сезімі тұрады шалқып. Туған жері Запорожьедең шығып Кремльдің дәмі бұйырғасын, күн көсем маңындағылардың таңдайын қақтырып, көзі тірі кезінде Сталиннің жары – Надежда Аллилуеваның да құрметіне ие боп, достық тамырын тереңге тастаса, алмайтын биіктігі жоқтығы белгілі-тін. Тірліктің ар жақ, бер жағында есеп бар, қолы жеткенді жан нұрымен шырайын кіргізсе, қандай лауазым жолына бөгет болады?! Ләззатқа бір күйіп, бір жанған сәтте қандай ауыр өтініш те орындалады. Сұлудың сиқыр күші солай. Білімнен бұрын көкіректегі көрік, беттегі ажар, жүрім озған кезенді Айсаның тәптіштеп: «Әйелдер өзінен өткен сұлуды жыр ғып айтады, құрбы-құрдасына сыр ғып айтады, Надежда мен Полина солай еді. Еркек өзінен сұлуды көріп, біліп тұрса да төкаппарсып жұмған аузын ашпай-



ды, ол түгілі, қай жерде баласы қалғанын да білмейді. Құшағына сыйғанын нанша илегенге мәз, оны сәттік ләззат деп мақтанады, әйел жүз еркекпен көңіл қосса да, соның біреуін есінен шығармайды», – дегені жөн-ау. Сталиннің жанұясы Молотовпен көрші тұрса, аяқ-табақ араласып, дәм, тұз татысып көршілік ілтипат болса, Надежданың сырына қанығып, «Инжу» басқалардай емес, үйлесімді, үйірімділік, сыйға – сый, сырласқанға балдайлық жөнін білдіріп сүйсінуін, жан сырын танытпай ма. Кейде Надежда, қуанышын айту бір басқа, өзек өртер өкінішін сырғып ақтарып, болар-болмас үнмен көсемнің кейбір ісіне мұңданып, жанын тазартпады деймісің. Көсем болсаң да етпен сүйектен жаралдың, қызғанышың өрттей болса кешіре аласың ба, әлде жасырын жолын тауып басын жұтасың ба? Надежданың ойын, пікірін тыңдаған Киров атылды. Қызғаныш де, кектену де, не айтса да көсемге сын тағып, пәле жұқтыра алмайды. Ешкім көзімен көріп, құлағымен естіп жанында болған жоқ. Теріс, қаскөй пікірді де шындық дей алмайды. «Әйелдер өсек айтады, осылардың біразы түрмеден тәрбие алғаны жөн» деп Берияға айтқан Сталин сөзін кім жөнсізге шығарады. Ондай күш қайда? «Айтылғанды орындаймыз!» – деп іліп өкетеді.

Пенде сұлулық алдында тым әлсіз, аласарып тұратыны да кездеспей ме? «Сұлуды қанша сүйсем, көпсінбеймін», – деп ақын неге айтады дейсің. Бедел, бақ сұлулықпен ажарланады. Полина Семеновна білімі бар ма, жоқ па, Мәскеуге нықталып орнығып, орын тепкесін-ақ Халық Комиссарының орынбасары, Балық өнеркәсібінің халық комиссары, Бас парфюмердің ТЭЖЭ фирмасының басқарма бастығы болғасын түрлі құжаттар бойынша Сталинге емін-еркін кіріп, қол қойдырып, жүзі құлпырып, ойнап-күлгендей төтті де, сәтті де тірлігіне ешбір алаң болмай-ақ қойыңыз. Оның ізін бағатын, қимыл тірлігін, жұмыстағы, тұрмыстағы аяқалысын аңдып, жіпке тізіп, қылмысты істі өзірлейтін Берияның қауқары жоқ. Сұлулық қандай істі де тындырады, биіктен-биікке құлаш ұрғызады. Әйтпесе, халықты қара шыбындай қырып, адам қанын судай төгіп жатқан НКВД оны тайраңдатпас еді. Амал не, түк көрмегендей, түк білмегендей болуының

себепін түсініп, Сталиннің Полинаға деген тыншу таппай қызба құштарлығының бар екенін біліп, жобалай беріңіз. НКВД себеп таппаған шығар деуге негіз жоқ. Басқаны айтпағанда, Полинаның үлкен ағасы Америкада тасы өрге домалаған ірі капиталистің бірі екенін Берия да, Сталин де біледі. Орыс басылымдарынан қазақшалаған А. Құрманбаеваның жазбасында: «Полина Семеновна – Аллилуеваның шын досы емес, Сталиннің одақтасы. Ол Надежданы емес, Иосифті ұнатқан. Молотовтың өзі де: «Әйелдер Сталинді жақсы көрген», – деп айтқан... Еркін махаббат идеясына ешқашан бөгет жоқ... Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады. Полина Жемчужина-Молотова өз өмірінде күйеуінен басқа, жанұялық махаббатпен әуестенген адам, ал Сталинді тек партия мүшесі ретінде ғана емес, әйел ретінде сүйген», – десе кім айыптай алады?! «Зұлымның аждаһадан да көрі мықты» деген бар. Соған тоқтап тынады бәрі де. Күшті қай заманда да күшті...

Күндердің бір күнінде: «Ииссу шығаратын фирмаға неміс шпиондары кіріп кетіпті. Небір құпияны біліп кетіпті. Танысымыз деп қайдағы-жайдағы келетін көрінеді, өндірістегі жаңалықты сұрастырып жүретін көрінеді. Шпиондар таппайтынды тауып алған... Өнім сапасын анықтайтын құрамын анықтамақ көрінеді. Бара-бара бүлдірер, бақылау бапты болмағанға ұқсайды, шпионның жүруі масқара ғой» деген оқиға бойынша аңсыздықпен алдырған Полина жауапты деп шешіліп, ескерту жазасы беріле салмай ма. Басқа болса атылар еді. Жердің асты, аспанның үстіндегі қимылды білсін-білмесін бәкенеден пәле өргізетін Берия тістеніп, Сталиннің ыңғайынан бата алмай қатты қапаланбады деймісің. Оның сұлулығына қызығып, бір қойындасуды армандап жүрген Берия қарап қалмай, Полина Семеновнаның кедір-бұдыр шаруасы, үкіметке жат жұмыстары туралы қара күйеленген құжат, деректермен тағы бірде Сталинге баян еткенде көсемнің оған келіспеуі Полинаның махаббатының баянды екенін растамай ма? Қорғаны мықты Полина ештеңеден қорықпайды. Ақылды, айласы жетерлік. Көсемнің оған деген ынтасы суымайды, қорғасындай балқыған жүрегінің емін тапты, Полинаға жан құмарының қанбауы,

ықыластың сөнбеуін Берия түсінбейді дейсің бе? Жүрекке әмір жүрмейді, оның ішінде үстемдік иесінің кімді сүйіп, соны қорғаймын десе де қақысы бар. Содан-ақ, Полинаның ізін аңдып, түрлі қызметтік қателігін, жөнсіздігін тергеп-тексеріп тәртіптеуге бағыныштының дәті бармайды. Өйткені Сталин біреу. Оның маңына жолауға ешкімнің қақы жоқ. Қандайда айла-амал, құрылған тор іске аспайды. Оған кәміл сенеді.

Полина саяси дүлей күш иесін айтқанына көндіре білгесін өзінің жақын-жуығы, ұлтының мұңын мұңдап, жоғын түгендеудің амалын ала білгені соншалық, 1948 жылы Израиль мемлекетінің құрылып, нық орналасуына Кеңес үкіметі ұйытқы болғаны тарихтан белгілі. Бірақ Сталин бұл екі мемлекеттің тарихында тыныштық болмас деп күмәнданса да, үнсіздік танытқан. Мәскеуде Израильдің елшілік есігі айқара ашылғанда қуаныштан жүректері жарылуға шақ қалған Екатерина Ворошилова, Мария Кагонович және басқалары туған халқының қыздары болып той тойламай ма. Ал Полина еврей елшісі Голда Меирмен бірігіп, Қырымды Еврей автономиялық облысы атандыруға жоспар-бағдарлама жасапты. Ұлтының болашағын кім ойламайды, бірақ ол кезде Кеңес Одағын ойлау ғана, басқаша пікірлілер Одаққа қауіпті деп түрмені толтырып жатты. Полина қақында у-ду сөз, жөнді-жөнсіз әңгіме тараса да оның маңдайына шаң тимеген. Сталиннің көлеңкесінде көлеңдеп, еркін махаббат ләззатына сусындағандықтан іздегенін тапты, ойлағанын орындады. Адыра қалған тірлікте не болмайды, жақсылық та, жамандық та ұмытылмайды. Бәрін тарих түгендеп береді...

Кремльден тараған махаббат хақында Бас прокурор Вишенскийге де арналған анекдот-аңыз да тарап жүрді. Ол бір сұлуға ғашық болып, ресторанға шақырыпты-мыс. Қыз келіпті. Әзіл-қалжың, таныстықпен дәм татысып, жүз граммап шарап ішіп отырып Вишенский ресторанның шыққасын оңаша үйге баратынын, түні бойы бірге болып қойындасатынын айтпай ма. Сонда қыз: «Менің бір тілегім бар, соны орындасаң көнемін», – демей ме. Жігіт: «Қандай?» – дейді. «Мына аяғымдағы туфлиді дүкеннен жаңа сатып алып киіп келдім. Бір бөтелке арақты осы

туфлиге құйып, басқа үстелде отырған жігіттерге жүз граммада ішкізсең, айтқаныңа көнемін», – дейді. Содан туфлиді шешіп алып, арақ құйып, отырған жігіттерге жүздеп ақша тастап ішкізеді. Дүлей күш, үстемдік, билік, тәж-тақпен есіргендер ойына келгенін істеп жатса, оларға мұның ерсі, заңсыздық дейтін ешкім жоқ. Орынтақ құдіретінің қайсыбірін айтарсың. Мәскеуден төменгі топқа дейін бастан кешкенді кім толық баяндап берер дейсің. Халық «қара машина» қағып әкетпесе жарар еді» деп бүрсеңдеп жым болып, аузына құм құйғандай үреймен тұншығып тірлік етті... Бір сорақысы, көз көргенін, көсеу түрткенін істейтіндей, Кремльден басталған махаббат хикаясы ауылдағы кішігірім билік иесіне дейін тарап, оны өнеге көріп соғыс жылдарында қарт басшылардың жас қыздардың арын қорлауы да жазасыз кетті. «Етімді шал сипаған құрт жесін деп, жартастан қыз құлапты терең суға» деп, әлсіз, бағынышты қыз көз жасын төгіп, кейбірі екіқабат болып, елде Олжабайлар қатарын көбейткен еді. Ал сталиндік концлагерьлер мен түрмелерде қаншама әйелдің ар-намысы төгіліп, зорлық көрді десеңші... Адамдықты алыстатқан мезгіл солай болды...

\* \* \*

Менің «Шемен шер» повесімнің кейіпкері – Зұлқия Арыстанбекованың апасы Балқия бір жылдық институттың дайындық курсы бітіріп, Еркіншілікке мұғалімдік жұмысқа барады. «Қосшы» кеңшарын басқаратын немере ағасы қарасып тұратын еді, ауылда өрт болып, адам өліп, басшы кінәлі деп сотталып кетті. Балқия амалсыз жұмсаған жерге бармаққа бел байлап еді. Ауылға келді, мұғалім болғанда Балқияның айлығы – 1 000 сом, бір пұт ұнға да жетпейді. Ауырлық, жоқтық қинады, кейбір ауқатты қарттар: «Маған ти, үлде мен бұлдеге ораймын», – дейді. Есі шығып жылады. Содан қорланып ауылдан кеткісі келді. Осы кезде Ақмола облыстық ауыл шаруашылығының бір басшысы кеңшарға келгенін естиді. Ауыл бастығының үйіне түскен, қой сойылып жатыр екен. Қасындағы атқосшысымен ретін тауып сөйлеседі. Пар ат екен, көлікте орын бар.

Басшы қырықтан асқан қызыл шырайлы жігіт екен, қызды көргесін көзі жайнап:

– Ертең алып кетеміз, жолшыбай немістер тұратын кеңшарға соғып Ақмолаға барамыз, – дейді.

Сыртқа шығып тағы да атқосшыдан:

– Бастығыңның мінез-құлқы қалай? – дейді Балқия.

Өзінің қызындай көрген қарт:

– Қызым, иманды бала екенсің, бұл әйел көрсе қырғидай тиеді, аман-сау жібермейді. Обал-сауапты біле бермейді, – дейді.

Балқия «Әскер отбасын зөбірлесе сот бар» деген сөзбен мысын басармын деп ойлайды. Сонымен, ат шана жолға шықты, бастық қара тонмен қымтанып отыр. Аяз қарып барады, жеңіл киім қамсаулық етер емес. Аяп кетті білем, атқосшы қаудырлаған ескі тонын жапты. Сөйтіп, жұрт орынға отыра немістер мекендейтін ауылға жетіп, ауылдық кеңестің төрағасы ылпылдап күтіп алды. Дастархан толы тамақ. Үйме табақ етке, ақ бөлкеге, шай, сүт, қаймақ, май мен көкөніс өнімдеріне бір тойынып алды. Облыстық дөкей үй иесімен бірге арақты сілтеп алды. Бірін-бірі қапысыз мақтап қояды. Елдің күйзелісі, қайғы-шері, соғыстың әлегі хақында бір ауыз сөз айтпайды. Мансап, лауазым уы тасбауыр еткен бе? Ешкімді бетіне қаратпай, жан баласына илікпей, жұмсақ орынтағынан өліспей беріспейтінін, ұрпағын да мансапқа тәрбиелейтінін аңғарды Балқия. Сондықтан дүлей күш алдында абай болуды ойлады. Езгі, қапас тірлік... Езілгендер қашанда дәрменсіз. Өлсіздер аштан өліп жатыр. Қорғансыз. Бірдеңе десе «халық жауы» деген айыппен түрмеге кетеді.

Сонымен, түннің бейуағында Балқия ұйықтап кеткен екен. Кенет шошып оянды, қасында дөкей тұр. Өңгі-мелесейік дейді. Балқия төсектен басын көтеріп: «Мен мұғаліммін... Соғысқа кеткендердің жанұясымын, қорлыққа көнбеймін, Сталинге дейін жазатыным бар», – дейді. Осы сөзден кейін дөкей «жаман қыз екенсің» деп кете барады. Жас науша қыз осындай дөкейлердің зұлым ойын ұмытар ма? Халық майданда да, елде де қан жұтып, өлгені өліп, тірісі өлімші боп, азып-тозып жатқанда дөкейлер серілік құрып жүрді...

Серілік те, перілік те Кремльден бастау алса не шара?.. Бұ да заман тарихы, жақсысы жетіп жатқан кез десек те, кейбір сорақылық, пендешілік мінезден туындап, абыройға аз да болса кір келтіретінін кім ойлайды дейсің. Баста тұрған бақ, төж-тақ – бәрі мәңгіліктей көру өз алдына, өлімді, ажалды ұмытатындыққа қайран қаласың. Кім періште болған, қай заманда да үстемдіктің жөндісі де, жөнсізі де жетіп жатқан... Оған өкпе-наз жүре қоймайды, айту, еске салу ғана сақтандыруға жарап қалар...

## АСАҰ ТОЛҒЫН АРПАЛЫСЫ

Кейде бір елдің атын жалпақ жұртқа бір адам шығарып, жария ғып танытып жатады. Мұндай құбылыстың иесі батыр ма, ақын ба, шешен бе, көсем бе, әйтеуір Жаратқан Иемнің пендесі ғой. Иә, ет пен сүйектен жаралған адам... Бұдан сексен екі жыл бұрын жұмыр жер революция деп дүрлігіп жатқанда кедейдің қара қосында өмірге келген Ақан Құрманов Отан соғысы басталғанда Атбасар өңірінен замандастарымен бірге белін бекем буып, аруаққа сиынып ел қорғауға аттанды. Днепрден өтерде фашистермен шайқаста асқан ерлігі бойынша Кеңес Одағының батыры атанды. Жиырма бес жыл жарық дүниені көрді, халықтың тыныштығы, махаббаты жолында қыршын кетті. Тәуба, ержүрек ұл есімін мәңгілікке жұрттың жанында қалдырды. Өмірге парызын да, қарызын да өтеп, мәңгілікке есімін жазған батырдың көзі жұмылар алдында қанды қырғын, қанға малынған өзен, жанарында жұмыр жер тұрды жылап. Өмір деген көк мұз екен тайғанақ, ажал құп соғады әп-сәтте. Қорғасын жауған аспан тұр мұңды күйде қорғалап. Елдегілер есін жимай қайғыға омырылады кейде. Азаматы жоқ елде күш-қуат та сарқылған. Қиялданады, тыныштық, махаббат, түн тыныштығына құлап түскен үн келеді құлаққа. Сағынған сәттерді көп күтесің-ау бірақ та. Адам өмір бойы сынақта жүреді...

\* \* \*

Сол Ақанның туған ауылын Қосбармақ дейді. Ертеде қос бармақты ақын болған дейді, жақсы жолға бастайтын

сөзі құлақтарда өшпей қалған дейді. Сөз әулиесі, сөз киесі атанған дейді. Ақын жолын Әлкен туысы жалғастырды дейді. Елдің дуалы аузында аңыз көп. Теңсіздікпен күресіп кесапаттың, зұлымдықтың райын сөзбен қайтарған дейді. Діңкелеткен үстемдік үмітсіздікке тіреп талай жастар арманына жете алмай қамыққанын да ел біледі. Ондайда ақын елінде ақындыққа еліктеу болмай ма? Сөз сәулесінің жарығы алысқа түспей ме? Дастархан жайып отырып терең ойға берілді Жібек Әбуалиқызы. Жанарынан жас білінді. Майданнан оралмаған Әлкен атты жалғыз ағасын ойына алды.

– Бір ұяда өскен қарлығаштың балапанындай едік. Өстік, кедейліктің қамытын киген шаңырақта тірлік тұйықталған. Еркіндік түпсіз тұңғиықта. Оны үнсіз ұғынсаң да жастық жалын кеңістікті армандайды. Талпынады, алдамшы өмірді қаперіне де ала қоймайды. Сол жігіттік шағында Әлкен байдың қызына ғашық болды, екеуінің өмірі Қозы мен Баяндай еді. Шаңырақ көтермекші еді, бірақ қыздың әкесі «қалыңмал бермедің, кедейсің» деп жолын кесті. Махаббаттың ақ уыз таңы атпады, жүрек жалыны жанбай жатып сөнді. Қыз дәрменсіз, дүлей күшке төтеп бере алмады, аяғы ауыр екенін айтып анасына көз жасын төксе де қатыгез әке алған бетінен қайтпады. Қызды елінен безіндіріп белгісіз жаққа мал бергенге қосақтап жіберді. Махаббат дерті қалың, Әлкен ешбір қызға көз салмады, үйленбеді. Ынтыққан жүрек қайғыға айналып жүргенде соғыс басталды. «Әлкен Абуалыұлы Байпақов 1942 жылы ерлікпен қаза тапты» деп «қара қағаз» келді.

Махаббаттың нұрына шөлін қандырмаса да елін, халқының сүйіспендігін қорғады. Өзі о дүниелік болса да халық аузында махаббат жыры қалды, – деп Жібек ана қазақ аспанында эфирден талай шырқалып жүрген Әлкен өнін термеледі. Өннің аты – «Кәмила».

*Хат жазғанда сары қарындаш қолымда,  
Мен қалдым зой қасіреттің соңында.  
Әлі де болса жас жүректі қуантсаң,  
Жаным құрбан болар еді-ау жолыңда.*

Өзіңе аян менің саған құмарым,  
Табылды деп қуанушы ем сыңарым.  
Шын айырылсам жаным сенен, Кәмила-ау,  
Екі талай тірлік етіп тұрамын.

Малдың жоғын салып едім алдыңа,  
Тілегім сол – кездескейсің малдыға.  
Топ ішінде мұнша жерге қараттың,  
Әлде менен көңілің суып қалды ма?

Мен қайтейін жаутаңдаған көзіңнен,  
Жылы тәтті, жібек майда сөзіңнен.  
Өлтіріп кет, ботакөзім, қолыңнан,  
Мен садаға басып кеткен ізіңнен.

Мехнатқа салдың менің басымды,  
Мен қайтейін қиғаш қара қасыңды.  
Ғұмырымша қалыңдық деп мен қалдым,  
Мойныға артам көзден аққан жасымды.

Қайғы болды ғұмырымша арылмас,  
Бірдей болып келмеген соң мал мен бас.  
Онды-бесті мал итіңнің жоқтығы-ай,  
Ағызды ғой қан аралас көзден жас.

Қанатым тұр осы күнде қайырылып,  
Жүрек шіркін, жабырқайды майрығып.  
Құдай десіп қол алысқан жарымнан  
Қалғаным ба, шыныменен айырылып.

Сезім менен ісім деп-ай кеңескен,  
Мұның арты бұлай болар деместен.  
Көңіл сүйсе мал жолдас па дегенің,  
Өле-өлгенше кетер емес сол естен.

Еркем едің, ақ маралдай керілген,  
Екі аяқты бір басуға ерінген.  
Алдымызда әлдеқандай күн болар,  
Қатты қысып құшақтайын беліңнен.



*Қош бол, сәулем, қолыңды бер ұсынып,  
Айтқан сөзге құлағың сал, түсініп.  
Иә өлі емес, иә тірі емес мен қалдым,  
Делдал болып екі арада қысылып.  
Мал дегенің бақты байлап тұрғанда,  
Бағасы да кетіп тұр-ау ұшынып, –*

деген Әлкен өлеңі сол заман, тарымшылық қысқан дәуірдегі басында билігі жоқ жастардың мұңы еді. Кәмила да жүрек зарымен о дүниеге аттанған. Бүгінде бұрынғы Талдықорған облысында Әлкенев Телман деген ұрпақ қалған. Малжанды, дүниеқор әкенің қаталдығын Кәмила кешірді ме, кешірмеді ме, өзіне аян, ішкі сыр өзімен бірге құпия кеткен де болуы мүмкін. (Кейде ойлайсың «бүгінде Әлкен мен Кәмиладай ғашықтар бар ма?» деп... Жоқтықтың көк дауылы қысты дейсің бе, әлде көргенсіздік нәпсіге ерік берді дейсің бе, тәнін сатқан қыздар жүр, базарларда арып-ашып арба сүйреп жігіттер жүр. Мұны оң ойласаң да, теріс түсінсең де өзің біл, «еркіндіктің қадірін білмейтіндер-ай» деп бармақ тісте. Өзәзіл олай да, бұлай да сүйреп, шетелдің жаман насихаты көңілді күйретіп жатыр ма? Ойың он саққа жүгіріп мұңға батпасқа амалың қалмайды.) Тән жарасы жазылар, жан жарасы жазылмас, бұрынғы сүйіспендік жыры, бүгінгіге қалай ауысып жатыр? Толған сұрақ. Бірін-бірі қапысыз сүйіп, құшып жатқан теңіздің асау толқыны біреулердің сәтсіз махаббатына апши қояр деймісің. Тең теңімен, тезек қабымен деп ащы шындықты сүреңсіз кезеңге арнай саласың. Жоқшылық етегіне сүріндіріп, жүрегіне қайғы салғаннан басқа не табады?! Ақынның азапты жыры – Жаратқанның сыйы, оны ғашықтар жер қойнына бірге әкетеді. Кейінгілер шексіз сезімнің тұтқыны болған екен деп бас шұлғып тыңдағаннан келіп-кетер не бар дейсің? Ғашықтықтың сын-сипатын түсініп, араша түсетін адалдық табыла бермейді. Оның себебі неде? Үлкен жұмбақтарды шеше алмай, уақытты мазалап, еркіндік қашан деп талайлар дүниеден өткен... Әлем ойшылдарының бірі Н. Макиавеллидің даналық сөзінде: «Ұзақ уақыт құлдықта болған халық еліне деген құштарлықтан, отансүйгіштік пен имандылықтан айы-

рылып, жалтақ, көнгіш, тілалғыш, жағымпаз болады. Мұндай ел кездейсоқ жағдайда тәуелсіздікке қол жеткізсе, ол еркіндікті де пайдалана алмайды» делінген (Н. Макиавелли. Государь. Сочинения. – М., 1998). Бүгінгі тәуелсіздік пен еркіндіктің қадірін білгің келсе, өткен тарихыңды, халқыңның бастан өткен өкініші, арманын түсіне біл, ойлан! Ұлтым, жерім дей біл. Бабаларыңның: «Қасірет шеккің келмесе, күншіл болма ендеше» дегенін түсін...

### «СЕН КІМСІҢ» ДЕМЕЙДІ УАҚЫТ

Еділ, Жайық арасы – жайлаған жер, тең құрбымен ән шырқап, ойнаған жер, үйір-үйір мал айдаған жер, қайырлы ел, о, аруақ деп атқа қонған қазағым дер. Өксікті үн де құлаққа тұнып қалған-ды. Ажалынан өлгенді ақ жуып, арулап аттандырады ел болып. Тірлік құйын ортасында адамдар. Бас шайқау бар табиғатқа телміріп. Сөйтеді де тірліктің сәтін тосқан, өмірдің тыныштығы жолында, той-думанда бөйгеге атын қосқан. Қынынан қылышты суырмай, алыстан алағайлайтын жаушының жолын тосқан. Жақсылық хабарына қуанып, алдына адал асын қойып, «таспен ұрғанды аспен ұр» деп кең пейіл байтақ елдің босағасындағы үн еді. Қазақ аспанына тарайтын, тыныштығыңды бер дейтін сөз хан сарайынан кедейдің қара қосына дейінгі ақ тілек үн еді. Алаң көңіл, мазасыз уақыт солай. Міскін күйі болса да кедей жоқпын демейді. Өзегі талса да тарылмайды. Мейман арылмайды, жақсымен сырласқанды бағалап, көшіп-қонып жүрген халық өзен-көлді сағалап. Ұлы атасы Әбілқайырдан бастап Жайық, Нарын өңірін жайлаған қалың елдің бір бөлімі бақытсызбыз дей алды деймісің. Әріректе Есім хан заманы, қалмақтармен үсті-үстіне соғысқанда қырылғандарды біледі, сосын да тыныштық қой тілегі. Көбінің көңілі көтеріңкі, әр таңнан жақсылық күтумен өмір көрінісі жалғасып жатыр. Әркімнің басынан өтетін толқымалы тірліктің біреуге жайлы, біреуге жайсыз екенін түсінесің.

- Жұрт тарықпай өмір сүрді ме?
- Әркім әліне, қабілетіне қарай.

– Көбісі кедейліктің азабын көрмеген шығар. Малды баға білгені табысты таба біледі ғой. Жаппай бай болуды армандады ма екен?

– Армандамаса азады тағы. Барлықтың, байлықтың да азабы, өкініші бастан аспайды деймісің. «Бар болсаң таспа, жоқ болсаң саспа» дейтін абыз бар.

– Мүмкін, «жарлылық деген жақсы екен, жатып ішер ас болса» дер біреулері.

– Десін, өз обалы өзіне, жанұясын асырауды білмесе, алдына мал салып, қойнына жар салғанда ұқсата алмаса, дауа бар ма? «Тарта жесең тай қалады, қоя жесең қой қалады, қоймай жесең нең қалады» деген сөзді ұғынсын деп ағайын-туысқа ақыл айту да азап. Түсінбеген беттен алады, аяқтан шалады, қастасып барып жауығып тынады. Байдың азабы, соры қалыңдығы осы емес пе? Өлшемнен асқан өміріңе залалды кім түсініпті?!

– Дегенмен өзгеден асып тұратын, өзгенің кісімсіген көңілін басып тұратын байлыққа не жетсін!

– Бар болғасын, Жаратқан Ием жар болғасын, елді ойлайсың, елі мықтының белі мықты деп, жұрттың көңіл-күйінің дұрыстығын тілейсің. Аты өшкір, қысқа күнде қырық пышақ болатын жамандықтан сақтанасың. Өмірге құштарлықты бастап, ол-пұл қиындықтан саспау керек. Елден естігенді жаңартып, көптің құлап түсетін ойын ашуды кім ойламайды?! Көз ашылып, көңіл оянса... оныңыз оңай емес.

– Кімді мысалдауды меңзедің?

– «Жақсы-жаман болса да, тартпай тұрмас негізге» деп Әбілқайырдың тұқымы Нұралы ханның қызы Хүсни-Жамалды айтам. Қасым Аманжолов: «Сақыпжамал, бір өзінде екі әйелдің аты бар», – деп жырлаған екен. Сол сықылды, Хүсни-Жамал елден асқан сұлу болыпты деседі ғой.

– Егер бір әкенің кіндігінен елу ұл жұлдыздай жайнап, отыз қыз құндыздай құлпырып, жапырағын жайса, олардың оқыған-тоқығаны мол, қайырлы қызметі жан сұлулығын да айқындап жатса, аңызға айналмай ма? Арғы бабасы қырық жылдай ел басқарды, талай жаугершілікте халқына қорған болды, текті тұқым өссін дер. Солардың рухы бабасының тас мүсінінің алдына келсе, тілдесе қайтер еді.

Мөңгілік мекендегі бабаға:

– Өзекті жанға бір өлім екенін білдік, – десе, тас мүсін үнсіз қалпынан айни қоймас.

Сол сәтте тағы да шөбересі:

– Баба, аттан түспейсің бе? Кең далада Жайық самалына кеуде тосып сөйлесек қайтеді? – дейді.

Тас мүсін:

– Байтақ жерді аттан түспей, жатқа бастырмай, жаудың қадамын аштырмай, жайлы жатып, жақсы тұруды ойламай қорғап едік. Байтақ дала ұрпаққа баянды мекен болсын деп қаза тапқандардың, қырылғандардың арманы көп еді. Соңғы сөзі, соңғы демін айта алмағандар...

Немересі:

– Хан болдың, халқыңның алдында қате басқаның бар ма?

Тас мүсін:

– Жаратқан Ием денеме жан берген мен де пендемін. Тап-таза адаспай тірлік еттім деу бекершілік. Қателіктің өзі тірліктің баянды болуына жол ашады. Жаңсақ қадамнан үйренбесең, үйдей пәлеге тап боласың. «Жай айтсаң Жайықтан су ауыспайды, қатты айтсаң қарындастың көңілі қалады» деген сөз бар, мың жылғысын ойлайтын көреген көз бар. Төле бидей дана жолымды ашып, жөн сілтеп отырды. Ұлт олжасы – данасы болғаны, жұрт шындық іздесе сөзге тоқтайды. Ақылға жүгінеді, әйтпесе сүрінеді. Тірлікте арман қуасың, ол қырдың қу түлкісі көбіне алдап соғады.

Шөпшегі:

– Кімге сендіңіз? Ойы кереннің сырына қанықпадың ба?

Тас мүсін:

– Қалың көптің қызметшісі ғой деп сарайдағыларға, үзеңгілес ел басшыларына сендім. Бекер болды. Кімнің кім екенін жете танымаған екенмін. Жауды жеңгенмен, ел ішіндегі жымысқы дұшпанды жеңу аса қауіпті екен. Ақырында Барақ сұлтанды қазалы етті. Алла өзі берген жанын өзі алады деуші едім, қате ойлаппын. Хан-сұлтанның қатесі халыққа қауіпті... Ұрпағым әлем білмегенді біліп, әлемде жоқ ғылымды тапса деп армандап едім, берген батам да, тілегім де сол келер ұрпаққа...

Рух үні ме? Ұрпақ өз құлағына өзі сенбейтіндей кездер де болған шығар. Жылдар ұйқы-тұйқы, аласапыран мезгіл, тіріні уақытымен жер жұтып жатыр. «Жә, түсініксіздіктің түп-төркініндегі шындықты ешкім дөп басып айта алмас» деп Хұсни-Жамал баба өмірінің қыр-сырын ойламады деймісің. Ойласа, бір әкенің кіндігінен жетпіс ұл мен қыздың пікірін жүйелеп, бір тоқтамға келтіріп көр. Сонда хан болсаң да, патша болсаң да, батыр, би болсаң да, ажал алдында: «Сен кімсің» демейді уақыт, көрер жарық, татар дәм таусылды», – деп тынады екенсің. Біреулерінің есімі аңыз болып ғасырларға жол тартар. Солардың бірі де бірегейі Хұсни-Жамал болды ма екен? Заманында солай ұғынғандардың тарихта ізі қалды. Жамал есімін «аңыз қыз» атандырыпты деседі. Қалай дейсің бе? Әбілқайырдан тараған ұрпақ ғылым-білімнің ғажайып сырларын білуге, оны замандастарына үйретуді дйттеген ғой.

– «Оқығанның беті жарық, оқымағанның беті көн шарық» дейтін сөз қалған. Араб, парсы тілдерінде шыққан кітаптарда тұнып тұрған білім-ғылымды алғыр ойлы Жамал үйренеді, содан Бөкей ордасында қыздар мектебін ашып, Фатима ананың қайырлы ісін жалғастырады, – деп Орынбор облысының тұрғыны Шүкіржан қария айтып отыратын еді. Сәл тыныстап желшінеді де, ойын дәлелдеуге көшеді. – Жамалдың ақылы айқын, мінезі дәйекті, жұрт таңғалатын сұлу келбетіне жан сұлулығы жарасыпты деседі. Орынбор көшесінде патшалар мінетін тройкамен салтанат құрып жүргенде қалың көп таңданып, тамсана қарайды екен. «Адамда да мұнша сұлулық болады екен-ау» деп ойлайтын шығар. Даңғой бос сөз емес, шындық қой. Үрдің қызындай сұлулықты кім мақтан етпесін.

– Ел айтса, дұрыстығы дейміз.

– Дүйім ел сұлулығынан бұрын кісілігін, кіршіксіз пиғылын бағалайды ғой. Ұлтына білім беру, әсіресе қазақ қыздарына ой қанатын дарытуды ойлағаны – ақылды, білімді әйелдің ел мен жер қайғысынан құтқаратын ұрпақ әкелетінін білгендігі. Халықтың басында дығыр бар, зіл көтерем жүк бар, тепкілеп жатқан үстемдік, дүлей күш бар, одан құтқаратын ақыл керек, білім керек дейді екен. Содан-ақ шәкірттерінің жүрегіне сенім ұялайды, бойлары-

на күш-жігер бітеді, серпіледі, еңсесін көтереді. Өліп, би, тиден бастап араб әріптерін ауызша айтып жаттатып, жаз-баша жаздырып жүз шамалы қыздарды тегін оқытқан. Ал есеп, жағырапия, тарих сықылды пәндерден дәріс оқитын мұғалімдерді өз қаржысына жалдап білім берген. Талай-ды білімге ұйытты, қиялдағыны көз алдына келтірді, жұрт қуанып, көктегі жұлдыздай бағалайтын қыздарын оқытып, Жамалға мың мәрте алғыс айтып дәріптейді, – деп Шүкіржан елге бергеннің елде кетпейтінін ескертеді. – Өзім білімсіздікті – тас қақпа, ал оның арғы жағы тамұқ деп түсінем. Оқысаң тас қақпаны бұзасың, әлемді танысың, өзіңнің құдай қосқан жарыңның ақ жолын оңғаруды тілейсің. Сол Жамалдың өнегесі болар, ұл-қызымды оқыттым.

Жамал әрбір сабақта: «Білімді болсаң, ғылымды түсінсең, ұрпағыңның жүрегіне мәңгілік маздақтай нұр құясың, кеуденді жайлаған қайғы-мұң болса құтылып, теңсізбін демей, еркін сезініп көз жасыңды тыясың», – дейді екен. Ұлағатты үгіт жүректерге түскен жылылықты, өмірге құштарлықты арттырмай ма. Адал сөз – ажар, азаптан құтқарар құрал. Ақымақпен алысып торығып жүргендер, зәбір көріп, кектеніп жүргендер сілкінді. Шерлі жүректің мұңы тарағандай Хүсни-Жамалдың сырын тыңдап, алғыр ойын ұғынып, бақыт жолына түскендей болды ма екен шындап. Тірлік ағымы үрейлі, аласұрған үстемдіктің дүлей күші бар, ақтық демі біткенше күреседі. Тіреседі. Қараңғылық дүниесіне қарғыс та өтпейді, жақсылық жалпыға бірдей жетпей тұрғанда, оны Жамал аңғарса да ата-баба беделі, байлығы қиындықтарды шешіп жатты. Отарлық езгінің сұп-сұр, түсі суық қара бұлты тараған жоқ. Бұратана халық деп кемсіту жетіп жатыр. Дәрменсіздің жүрегін дірілдетіп, өлі өңге кіргізеді, қорқыныш, үрей жанын шошытады. Түсі оңған шүберектей жымысқы бар жақсылық жолын көпсінетін. «Жамал мектеп ашып, халқын үгіттеп жатыр, сезікті» дейтін сөз үстемдік иелерінің құлағына жетпеді деймісің. «Тағы халыққа білім не теңі?» деп патшалық Ресейдің ақсүйектері ойланды ма екен? Қайткенде де жақсылық жолына төте кету қиын, арман-мақсатқа оңайлықпен

жету жоқ. Талас-тартыс істің ақырын қаражат шешеді. Дүлей күштің ығына паналағандар дәрменсіздікпен сық-сық күліп: «Байтал шауып бәйге алмас, аққұла еңбек», – деп тынады. Тынбайды, зұлымдық жасаудың басқа амалын қарастырып жатады. Жамал ондайдың бірін де елең қылмайтын, алакөңілден аулақ-тын. Ісінің жемісін тіледі. Ол толғанып: «Көзге түрткісіз қараңғылықтан сүрініп-қабынып жарыққа шығып, Күн көзіне қарағанда көзің қарығады екен. Ал денедегі қуатты, жүректегі алғыр ойды қапас түнектен аман алып шықсаң бақыт қой. Білім-ғылыммен жетілудің құдіреті Күн қызуынан қуат алмай ма?!» – демеді деймісің. «Қыз жақсысы: өнегесі – анадан, ұл жақсысы: даналығы – әкеден» деп жұрт айтып жатса, өнегесі – Фатимадан, сол білгірлікті, ұлттық өнеге-білімге құштарлықты дамытуға әкесінің дәулеті қызмет етті. Туыс-туғандары да Ресейден білім алған. Досан ақын соған сүйсініп: «Хан баласы ұқсаса – қолына тұрмас ел алмай, би баласы ұқсаса – жүгінсе қалмас төр алмай», – дегені Фатимадан тараған тәртіп-тәрбие Жамалдың мектеп ашып қыздарды оқытуы еді. Жасынан әуестігі, арманы – білім болса, өзінің білгенін замандасына беру, баба шаңырағына әріден мирас – мектеп ашу, Жәңгір ханның тұсында Орда мектебі ұрпаққа жұғысты болды.

Бірыңғай пайда қуып алқынғаннан халыққа қызметтің жөні басқа ғой. Әрине, білімге шөлдегендер мектеп шаруасын әр кезде құрметтейді. «Жамалдың мектебінде оқып едік» деп мақтанышпен айтады... Өттеген-ай, 1918 жылдардағы алағай да бұлағай боп өткен қоғам тірлігі, біреуді біреу жау көріп, өнбес істі дау көріп, даңғой, даурықпа оймен ойрандап жатқанда 24 жастағы Жамал қазақ әйелдерінің талайын оқытып, кейбірі Кеңес жұмысына белсене араласса да, «хан тұқымы» деген ащы сөз алқымынан алып, тыныс тарылтты да талай. Сондай сәттерде біраз дамыл тауып күй тыңдағысы келетінді. Қара домбыра шанағына халқым деп күй толқынын нықтаған Дәулеткерей Шығайұлын есіне алады. Аталас, қандас еді. Лирикалық күй толқыны тыңдаушысын тебіrentпей қоймайтын-ды. Ұлт даңқын ғасырларға паш ететін өлмес өнер.

– Тағдырға не шара, жаныңда отырып домбыра қылын шерткенде, тыңдаған жан ұйып тыңдаушы еді. 1887 жылы өмірден озды, халқына қадірлі болды, әйелдер туралы «Желдірме», «Тартыс», «Қыз Ақжелең», «Ақбала қыз», «Құдаша», «Мұңды қыз» күйлері жан дүниені тербейтін, – деп анасы айтып отырады екен.

Хұсни-Жамал күй құдіреті атанған Дәулеткерейден жеті жыл кейін дүниеге келді. О да Әбілқайыр тұқымы, әкесі Шығай биліктен де шет қалмаған. Дәулеткерей де күй өнерімен қатар, Бөкей ордасы бойынша қалмақ бөліміне сұлтан болған. Ресейдің Орынбор, Москва, Петербург қалаларындағы мәдени мұралармен танысып, композиторлық өнерін өрлете түскен деседі. Жамал да бұл қалаларды аралап, білім нәрімен сусындады. Туғанынан еншілестердің бәрі де орыс елінің ғылымына енді. Ендігі тірлік «хан тұқымы» деген сөз емірену емес, өзектен тебу болмасын. Құлаққа еміс-еміс естілетін революциялық бағыт-бағдар да «үстем тапты талқандап, байлығын тартып аламыз, олар қас жауымыз» деп жатыр. Жамал өмірінің құпия қалтарысы дыраусығандардың дігір салуымен ұштасқан да шығар. Ақ жолға бастаушы табыла қоймас, үстемдік есіктері еркін кіргізбес, маңынан жүргізбес. Болашақ бұлдыр, дүрмек шыдатар түрі жоқ. Қалың ел дүрлігіп, дүлейленіп тентек қара дауылмен тұншығып жатыр. Жамал дүрбелеңнің бағытын байқап, «сен кімсің» демейді уақыт» деп іштен тынып бас сауғалап өксіді ме екен? Әрине, уайымы ұйқы берген жоқ. Жазығы сол, білім кеңістігіне жол салды. Жатпиғылды оны жақсылыққа жори қоймас. Жалындаған жүрек оты ерте сөнді ме екен? Өмір кейде аңыз болып бітетін шығар. Құпия сыр, жұмбақ тірлік, дұшпандық қатайса, кімнің түбіне жетпес дейсің. Дүлегей айбарлыны да алып түсетін зұлымдық бар... Хұсни-Жамал бір сөт: «Жұмақта ақ тамақ қарлығаштар қонақтаған болар. Құйындардан аман өтіп, қалың өртке қанатын күйдірмесе жарады. Мәңгілік мекенге пенде біткен ерте ме, кеш пе, барады. Саналы жүректер жер қойнына санасы сарғаюмен жетеді. Пенде мұраты жер астында жатар ма екен өтеліп?!» деп толғанды ма екен?! Өйткені жұмыр жерде қызыл жалаулылар ұзақ салқар



көш құрап, жолына бөгет дегендерді қырып-жойып барады...

«...Қай деңгей, ана деңгей, мына деңгей, отырмын ши түбінде аштан өлгім келмей», – деп аулақта өлеңдеткен қарттың үні Жамалдың құлағына жетпейді. Сол бойда ұлы анасы Бопай өзені мен Бопай тауы атанған өңірді бір шарлап, масаты кілемдей далаға аунап, бір серпіліп сілкінуді ойлады. Сосын: «Адамның қай тілегі орындалған дейсің. Қанша күндік өмірім қалды? О дүниеге апаратын жол түскен болар. Опасыз дүниеге кім алданбайды?! Бүгіннің де, ертеңің де ешкімге алдын ала мағлұм бола қоймас. Пенде жүрегі сыздаса ғана ақырын сезер ме екен? Бәрінің де ақыры ажал», – деп өз-өзін тоқтатты. Көз алдында қып-қызыл қан елес берді. Зәресі қалмай тың тыңдап еді. Қызыл жалаулылардың даңғыра музыкасының қатыгез дыбысы бөгде тосын сөзді де, жұмсақ үнді де өшіріп жатыр... «Күдеріңді үзесің бе, өзің біл... тірліктің көлеңке жағы, сүріндің, мерт боласың» дегендей ме?!

## ЗҰЛЫМ

– Дауыл тұрды, топырақты суырып құйындатып жатыр, – деп үрей шақырып, Көшкен үйге дабырлап кірді. Айналуға келмейтін тар бөлмеде жүресінен отырып, түлкі құлақшынын шешіп жанына қойды да: – Қара дауыл, сүйек-саяғыңды сырқыратып қуырып жібереді екен. Таяқ тастам жердегі үйден өзер жеттім. Құйын құтырынып тұр... адамда өші бардай жалмап кететін түрі бар. Жақсылығы жақын болса игі, и-и, табиғаттың ашуы, арсы-гүрсі мінезі тарқар-ау, – деп бурыл мұртын сипап қойды. – ...Біреулерді, біреуі несі, өз туыс-туғандарымызды «қара тақтаға» жазып жатыр... тамағы тоқ, көйлекі көк адамдардан ешкімді қалдырмас. Себеп-сылтауы да жетерлік. «Оу, кедей ғой, орта шаруа ғой, үкіметке жұмыс істеп жүр, оны қайтесің?» дегенді тыңдайтын түрі жоқ. Босқа дәлелді соқпа! Мына біз – есікте жүрген құлы, әйеліміз күңі болған. «Кімнен қорлық көрдік, бірін де қалдырмаймыз, кегімізді қайтарамыз» деп үш-төрт белсенді қызыл тілін қыздырып, «өзімізге жақпағанның жағын айырамыз, кеңірдегін

жұлып қолына береміз» деп еліреді. Көздері шатынап кеткен, жүздеріне тіке қарап тұра алмайсың, үрейге толы, ызғар шашып тұр. «Жақсылығын көрмеген жұртымды несіне аяймын?! Жаз, пәленше туысымды, әйелі албасты бір аяқ көжені азар беретін, сорпасын итіне құйса да маған қимайтын, тас сараң еді. Оның он бес сиыры, төрт түйесі, қара бурасы, он шақты жылқысы бар, нағыз орта шаруадан жоғары, шөбін шаптырды, алақаным ойылды. Кегім тегін кетпесін» деп тістенуде. Үкіметті бағалауға ауызы келіспейді. Байды жақтайды. Тоқсанға келген әкесі «қайран Николай патшаның заманы-ай» деп баяғы дәуірді көксеп сарнап жүр...

– Немене?! Босағама біткен бақ-дәулетімді үкімет беріп пе екен? – деп қасқыр ішікті жамылып жатқан қария басын көтеріп алды. – «Қара тізімге» мені ілсін, қолынан келсе жерге тірідей көмсін. Бірақ ұрпағыма тиіспесін, менің басымды жұтып тыныштала қойсын, шырағым, Көшкен, осылай деп сәлемімді жеткіз... Өзіңнің басыңды сақта!..

– Аталы тұқым жетерлік, пәлен атасынан бері бай болған, молда болған деп жатыр.

– Өй, оңбағырлар, өздері атасыз тұқым ба екен? Саңылаусыз қара ниет немелер... Зұлымдық іргеге енсе, әділдік бас сауғалап кете барар ма екен?! Ататектің өткен-кеткенін тәптіштесе үкіметке жағатын ешкім қалмас. Мисыздар... не деген сандырақ?! Өттеген-ай, мұндай зұлым боларын білгенде баяғыда жардан ұшыруымыз керек еді. Қап, бәлем... – сақарға салған сүйектей еті тартылған саусақтарын ербеңдетіп барып қария күркілдеп жөтелді де, мамық жастыққа қисайды. Жанында алтын сапты болат кездік жатыр.

Осы кезде әбдесте құманын қолына ұстап дәрет алып келген Әжібек:

– Төрге неге шықпайсың? – деп Көшкенмен сәлемдесіп үн қатты.

– Нағашы, әр ісімізге, әр сөзімізге абай болмасақ... «қара тақтаға» ілініп қалатын түріміз бар. Бойы өсіп, буыны қатпаған бес-алты қара домалақ балаларды аяймын, әкесіз қала ма деп қорқам.

– Е-е, адамға қасиет боп біткен, қанына сіңген адалдығымыздан айыра қоймас.

– Үш-төрт белсендінің «қара тақтаға» тізіп жатқан әрекетін ауданнан келген Қаршыға, туып-өскен жері осы Қаракөл ғой, ағайындарына батып айтып: «Оу, «қара тақтаға» бөрік кигенді еңкейген кәрісіне дейін тізіп жазғанда, елге өздерің тұтқа боласындар ма? Артық малды ың-шыңсыз ортаға өткізіп жатса, Кеңес үкіметінің ісін мақұл көрсе жетпей ме? Шаруашылық жұмысына еркек керек, еркегінен ада болған ел өсіп, өркендей ала ма?» – деп тоқтау салды. Қаршығамен таласқысы келді, мұның сөкеттігі жоқ, «тәртіптеп аламыз ауқаттыларды, жансарайлары тазарып үкіметті қолдасын!» деп ерісті.

Әжібек шапанын желбегей жамылып:

– Қаз дауысты Қазыбек би: «Ақылыңнан адасып, өзің түскен өрт қиын», – депті. Ағайын салған өртті сөндіру оңайға түспес, табалдырықтан асқан тау жоқ, ағайыннан асқан жау жоқ дейтін түңіліс кезеңі қайғыны қалыңдатып, шыбынымызды қаға алмайтын етпесін. Кекшілдік, екіжүзділік, көреалмаушылық, жәдігөй, қорқақтықтың бет бейнесі көріне бастады дейсің, ө? Қиянатты, қастандықты үкіметтен бұрын өзімізден күтерміз... – деді.

– Иттік қой, ынтымақ, бірліктен айырмақ. Ұяттан жүрдай болғандар... Байтақ даламызға сыймайтындай, қай бұтаны пана етіп қонар екенбіз?! Бәлеқордың жұлымын бесіктен үзбеген өзімізде де обал жоқ. Қаршыға жанына батырып айтса да, ащы сөзбен қатырып айтса да түсінетін түрі жоқ-ау. Өздері ешбір тарымшылық көрмеп еді, соны ұмытып «біз ашыққандармыз» дейді, – деп Көшкен шығып кетті.

Қаршыға түсінігі кем, алды-артын болжап үлгермеген кейбір желөкпелерді тыя алар ма? Кеңес шаруасына бастықпаған, саясатты зұлымдыққа бұрғандығын дәлелдеп көрсетсе де кек шыдатпайды. Дүрлігудің басуға көнер түрі жоқ, мұның аяғы ешкімді оңдырмас-ау деп сезіктенді қалың халық. Өйткені шіп-шикі жала тірі жүруді көпсінетіндей еді. Жылдар өте «қара тақтаның» тізімін жасаушылар «жатыпатар» деген сұрқиялық атаққа ие болып, жымысқылар тамағын тойындырып, киімін жа-

ңартып жатты. Осы тұста Қаршығаның да басына қауіп төнді. Қызметіне қабілетті, жеткілікті білімі болғасын заман заңдылығын сақтап, анық басып, саясатына көз-қарасы ашық болғасын сенімі бар еді. Еңбекшінің мұңын мұңдап, тілегін орындауға батыл кірісіп жүрді. Шындықты қорғады. Өз ойын батыл білдірді. Өткір айтады. Түйіні қиын істі де ақылмен шешудің жолын нұсқайды. Көлгірсуді білмеді. Кадрға зәру кезең ғой, Қаршығаның насихат жұмысындағы шеберлігі басшылыққа ұнады. 1940 жылы Ақтөбе облыстық БК(б)П комитетінің бюро мәжілісінде (№141 протокол) Қаршыға Ахановты Темір аудандық прокуратурасына халықтық тергеуші қызметіне тағайындайды. Әрине, бұл қызметіне дейін оның Кеңес үкіметінің түрлі жұмыс саласында абыройлы еңбек еткені еленіп, жоғары бағаланады. Таптық түрлі тазарту, шаш ал десе бас алуға дайын әрекет етушілердің теріс істерін бір қалыпқа түсіруде күн-түн демей, адал іс атқарғаны көпке аян еді.

Ескілік шіріді деді. Шірігенді қиратып тынды. Бірақ қызмет бабында жүргендердің жақсылық қайдан, жамандық қайдан екенін ұға алмайтыны түсінікті еді. Кейбір белсендісімақтар елдегі үрейді, қорқынышты пайдаланып бұзықтығын асыра бастады. Қаршыға, ойлап қараса, Қызылқоға ауданы ғана емес, Орал, Ақтөбе халқына танымал ақын Насихатты атып «жауыз» деп актілей салды. Оған дейін атақты өнші, ақын Қызыл аштан өлді. Мал-мүлкін бұзақылар талап алды, туысының өзі ақынға жаны ашып дәм бермеді. Ағайын арасы суып, ашкөздік аузын арандай ашты. Бірін-бірі көрместей боп қашып, көшіп кетіп жатқаны да баршылық. Бұқарашылмыз дейтін белсенділер бұқпантайға басып бірін-бірі жалалап сатқындықпен төске ұрып еліріп жүр. Қанша заманнан бұлжымаған ұлттық өнеге, береке-бірлік бұлтарысқа түсіп азып барады. «Бұралқы ит үріп жағынады деп, өзіміздің қолда өскен күшігіміз өзімізді талап жатыр», – деп Қаракөлге бір барғанда қария жыламсырап Қаршығаға мұңын шағып еді. «Жатыпатар» әкесін де аяйтын түрі жоқ, тірі жүргенді көпсінуге айналды. Саясаттың бұрылыс бағыты түзелер ме екен? Белсендімін деп бұрсанғандар бұрынғы

күнімізді көп қылар түрі байқалды. Елдің шаңырағы шайқалды...

Қаршыға жұрттың білдірген мұң-шерін ұқса да, бүк-пелеп ашық сөз айта алмайды. Оның үстіне әкесінің қажы атанғаны, ауқатты болғанын ел түгел біледі. Сталиннің дінсіздер бесжылдығы атандырған қаулысынан да таныстын. Қаракөл ауылдық кеңесі ғана емес, Қызылқоға ауданының халқы бұл өулеттің тұрмыс-тірлігіне қанық-ты.

Аудандық партия комитетінің хатшысы Сметинканың мінездемесі мінсіз еңбегіне арналған. Онда: «Аханов Қаршыға орыс орта мектебінен білім алған. Ауданда сот орындаушысы болып адал қызмет етті. Саяси сауатты, халық соты мен прокуратураның кәсіподағына сайланды. Жергілікті советтің депутаттарын сайлау кезінде округтік комиссияны басқарды...» деген мақтау оның қызметін ақтап, сақтай ала ма? Саясаттың бұралаң бұлтарысқа ұрынуынан сақтандырған В.И. Ленин: «Демек, бұл жұмыс бастапқы бағытына бүтіндей қарама-қарсы нәтижеге алып келді», – десе, «әкесі үшін баласы күймейді» деген көсемдік сөзді жергілікті жерде кім ескеріп жатты?! Білімсіз белсенді, жан сақтаудың амалын ойлаған қорқақтар шала бүлініп «анау да жау, мынау да жау, үкіметке көзқарасы жатпайды, пиғылы теріс» деп былшылдап, бетімен лағу Қаршығаның да басына төнді.

«Білікті, қызметін адал атқарады деу бекер, ірі байдың баласы, әкесі үш әйел алған, молда болған, туған ағасының байлығы 1928 жылы тәркіленген, «Ойылда тудым» дегені өтірік. Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы 13-ауылда туған. Халықтың тергеушісі болуға жатпайды, ниеті бұзық» деп депутат Ж. Алмағамбетов арызды бұрқ еткізеді. Осылайша қиқу басталады да кетеді. Әлгі ауылдағы «қара тақтаға» кімнің кім екенін жазып жүргендер қылмыс қып көтереді. Тірлік арпалысы, жан беріп, жан алу арпалысы, «ертең тірі жүрем бе, өмір сүрем бе, әлде ажал құшып кісі қолынан өлем бе?» деудің қайғысы мен қасіреті томашдай жүректі шыдатпайды. «Көңілдегі сырды көз білдіреді, жақсылық пен жамандықты сөз білдіреді, қызыл тіл қыршын басты желге ұшырар, саясаттың қулығын түсініп ал қатерді ой сездіреді, ондайда туыс-туған безінеді» деп

Ахановтар әулетінің шаңырағына да қара бұлт үйіріліп, күншілдіктің, өсектің өрті лап ете қалды.

Қаршыға ойға берілгенде заңгерлердің облыстық бір жиынында Әбидолла Биекеновтің сөйлеген сөзін еске алады. Ол сонда:

– Заңгер білімсіз, надан, топастықтан аулақ болсын. Көп оқып, көп үйреніп, әрбір істі терең зерттеп, түрлі себеп-салдарды таразыға тартып, шындықты, тек қана шындықты таппаса өкіндіреді. «Пәлен айтқан, түген айтқан, солай шығар, естідік қой, солай болар» деп белгісіз істі заңдылық деп шара белгілеуге қақымыз жоқ. Адам тағдырын бірді-екілі біреулердің желбуаз сөзімен шешуге болмайды. Қылмысты деген адам да социализмнің мүшесі деп түсіну керек. Коммунистік партия осылай үйретеді, егер қиянаткер болса жауапсыз қалмайды, – деген еді.

Мәскеуден жоғары дәрежелі заң білімін алған Әбидолланың құнды пікірлері алыпқашпа белгісіздікке ұрынып шара қолдана салудан сақтандыруы және сол пікірі арқылы талайдың тағдырын қорғағаны анық еді. Бірақ «тазартамыз, ескіні құртамыз!» деп далақтап екі иығын жұлып жегендерге талайлар қосақ арасында жазықсыз күйіп те жатты.

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деп ұрандатқанның мағынасын қараңызшы? Сыбыр-күбір, өштік, қастық, көре алмау, ағайын ашуы, күншілдік, ыза-кек – бәрі-бәрі асыра сілтегендікті өздігінен-ақ дәйектеп тұр. Бірақ солардың бірде-біреуін Сталин келіп қолынан жетектеп, кісендеп әкеткен жоқ, өзімізді-өзіміз ұстап бердік. Сталин саясаттандырды деп, орындауын шұғыл жүргізген де өзіміз. Ал «аша тұяқ қалмасын!» деп малды түп-түгел жинап алған соң, халықтың өзі-ақ үн шығармай қырылып қалады деуді қалай жұмбақтағысы келсе де, түсінгенге түпкі түйіні зұлымдық екені айқын еді. Осындайда өштесіп, қастасқандар бірінің етін бірі жеп, ессіз елірумен тіршіліктің алды-артын болжауды қойды. Әркім діт қарақан басын сақтаудың қанды қасіреті әрбір шаңыраққа төнді, ес жиғызбады. «Кеңес мемлекетінің күші артқан сайын, өліп бара жатқан таптардың ақтық қалдықтарының қарсыласуы күшейе

беретіндігін есте сақтау керек» деген күн көсем Сталиннің сөзі естеріңнен шықпасын!» – деп дүлей үстемдік иесі – саясаттағылар заңгерлердің құлағына құйып жатты. «Аса құпия» деген белгі соғылған түрлі жазбалар Қаршыға Ахановтың шаңырағын шайқалтып, барар жер, басар тау қалдырмауға айналды. Темір аудандық партия комитетінің секретары Батыршинге (245, 22.07.1940 ж.) жазылған Тайпақ аудандық партия комитетінің хатшысы Әбсаттаров қол қойып куәландырған білдірме хатта: «...Аханов Қаршығаның әкесі шынында да ірі бай болған, 3-4 кедейді құлдықта ұстаған, қажылыққа барған, бірақ 1924 жылы өліп қалған. Қаршығаның туған ағасы Мұраттың мал-мүлкі 1929 жылы тәркіленіп, 5 жылға сотталған. Қаршыға қызметкер болған, оның да екі әйелі бар деседі, біреуі бай Арыстанғали Биғандыровтың қызы көрінеді. Ал Арыстанғалидың бес әйелі болған, өттеген-айы, о да тәркілеуге дейін өліп кеткен. Қаршығаның туыс-туғандары, жекжат-жұрағаты бай болғандықтан партия мүшесі болуға жатпайды...» деп жазылған. Осылайша жазылған қаралау хаттан бастап дүрліккен оқиға Темір аудандық партия комитетінде, заңгерлердің жиналысында қаралып, тағы да «Аса құпия» деген белгі соғылып, Ақтөбе облыстық прокуроры Федоровқа жазбаша жетеді... Одақта он сегіз мың заң қызметкері тұтқындалып, түрмеге түсіп, кейбірі атылып жатқанда, Қаршыға Ахановтың өмірдерегіндегі қаралауға қарап кім ақтап, кім аяушылық көрсетеді?! Жұмыстан шығарылады, партия қатарынан қуылады. Қаршыға да саяси сауаты, заңгерлігі өзін қорғауға жетіп тұрғасын республикалық прокуратураға шағым хатын телеграмма арқылы жөнелтеді.

...«Еріксіздік», «сенімсіздік» аталған зар-мұң жанын қоярға жер таптырмайды. Сүттей ұйыдық дейтін көрші-көлеңнің, аяқ-табақ араластыруды айтасың-ау, тіптен балаларын да бірге ойнатпай тыйым салып, жаулық көз-қараспен қарағанына жүрек шыдар ма? Танитындар безіп шықты, кәдімгі өлі тірлік, еңсе көтертпейтін зөбір. Ақырында, 1940 жылдың желтоқсанында Қазақ КСР прокуратурасының кадр бөлімінің бастығы Михайловичтің, Ақтөбе облысының прокуроры Федоровқа жазған

хатындағы жылы сөз Ахановтың өзін ғана емес, бүкіл әулетінің жанын сақтап, өмір сүруге деген жылт еткен үмітін жалғады.

Пенденің дүлей топастығын ойлағанда Қаршыға:

– Заңгер әрбір істі қолға алған бойда арым, адалдығым деп толғанып, шалалықпен асығыс шешім шығаруға жол бермеуге тиіс. Заңдылық, тағы да заңдылық, қара қылды қақ жарғандай әділдік етсе, жазықтыдан да, жазықсыздан да ұялмайсың. Соны есте ұстау міндет, сонда біз ұрпақ алдында тазалығымызды қалдырамыз, кінәлінің отына кінәсіз күймеуі керек, – деген Әбидолла Биекеновтің сөзін іштей қайталайды... Зұлымдық жаныңнан демде табылады... ол жасырынып, бұға біледі. Сосын ондайға сот жоқ. Зұлым ойлы ғасырларға жалғаспай тұрмайды, оныңыз талайдың басын шырмайды... «Жауыздың балы – мұртында, уы – ұртында» дегенге жүгініп, қоғамдық мерезден түңілесің...

## ҚЫРШЫН КЕТТІ

Бұл тірлікте мұңсыз адам бар деймісің? Әр пенденің пікірі солай...

Ақмоладан шыққан автобус «Ақсу» кентіне үш сағаттай жол жүреді. Жолаушылар өмірінің арқауы болған ойларын есіне түсіріп, ара-тұра кең далаға автокөлік терезесінен көз тастап қояды. Әркім өз ойымен әуре. Жаулық тартқан бөкене бойлы кейуаның жанында қос жауырыны қақпақтай төртпақ жігіт отыр. Кірпігін баяу қағады, маңғаз. Оның осынша жасқа жеткенін, бес баласының өмірін сақтаған кейуана... «Аштық қырғынында бауырыма басып едім, бір атадан қалған тұяқ едің», – деп арагідік айтатын еді. Одан өзге бар жайды тәптіштеп, түгел түсіндірмейді. Қайтеді, аңырап қалған елі, қалың халықтың басына төнген қасірет. Бір ауыл тұтас аштыққа ұрынып түгел босып жатты. Қырғыннан аман шығуға да қайрат керек, анасы, сіңлілері өлді, тірі қалған ағасы және екі жастағы осы жігіт, үшеуі Степногорскідегі алтын қазушыларға поек береді деп естіп, солай қарай беттейді. Сонда жетіп жан сақтауды ойлайды. Дала толған қауіпті,



бірақ қыз қарулы, қанша ашықса да ағасындай емес, тың. Қайсарлықпен екі жастан асқан інісін арқалап, көз байлана ел қарасы көрінгенде ағасы біржола құлады. Аш адамның тіл-аузы байланып, денесі көгіс тарта бастайды екен, жансыз, сұлық жатты... Іштей дұғасын оқып, жолдан тасалау жерге жеткізіп, ерні кезерген сәбиді құтқаруды ойлады. Мүмкін болса, қайта айналып ағасының бетін топырақпен жабуды есінен шығармады. Елге жеткенше асықты... Ажалсызға кейде орайы табыла кете ме, ауыл шетінде тұрған үйдегі ерлі-зайыпты асын беріп жанын шақыртты. Сәби де тойынды, одан артық қайыр, одан артық бөліп бергендей байлық болар ма? Кейуана сол Ерханның шаңырағынан тірлігін жалғастырып, бозөкпе інісінің өмірін сақтау үшін әйелі өлген, алтын комбинатындағы күзетші шалға тиді. Өркім басын сағаттап, есі ауыса бастаған тұста Ерханды, оның зайыбын қайта көрудің орайы болған жоқ. Есінде қалғаны, еңбектеп жүретін ұл баласы еді. Есімі Нығмет екенін ұмытпапты... Өкініші көп, тағдырға өкпесі жетерлік... Төсін сәби тартпады. Шүкіршілігі, інісінің бес баласы бар. Үлкен қызы Ақсуда тұрады, тұрмысқа шыққан. Соған әдейі қыдырып келе жатыр...

\* \* \*

Сол Нығмет автокөліктің екінші орындығында отыр. Бірін-бірі танымайды. Одан бері де қаншама жыл арада зымырап өте шыққан-ды. Талайлар таршылықта бір-бірін ұмытып, өлі-тірісін білмей адасып, опасыз жалғанда жалғыз-жалғыздап кете барған-ды. Оны Нығмет те, қарындасы Кұлбан да біле бермейді. Аштықты сезінген жоқ қой. Адам тағдыры оңды-солды өзгеріспен өтіп жатты. Қайғы-мұңсыз ешкім жоқ. Нығмет бір жастан аса бере туған әкесі дүние салып, інісі Қибаттың тәрбиесінде өсті. Қибатты «Әке» деп тілі шықты. Ол да бір шаңырақта жалғыз. Нығмет те жалғыз. Айтпақшы, осы жанұяда төрт қыз бар, жалғыз емес қой. Қибатұлы Абай бар.

«Жалғыздардың жапырағын жайғай!» деп тілек тілеумен әжелер, аналар да дүниеден өткен-ді. Кұлбан әкешесі, ағасының ақылымен медициналық училищені

бітіріп жұмыс істей бастайды. Сапарғали деген жігітпен тұрмыс құрады. О да бес қыздың ортасындағы жалғыз ұл екен. Құда-құдағилар, Әбсалам, Шолпан, Қибат, Бағда татулықпен жарасым тауып, қуаныштарында шек болған жоқ еді. Бір-біріне кеудемсоқ мінез жоқ, әзілі де, қалжыңы да жарасты тірлік өтіп жатты. Қарапайым қазақи үлгіні қанға сіңірген шаңыраққа Арман есімді немере келіп қуантты. «Той тойға ұлассын!» деп достары да құттықтап жатты. Уақыт өте берді. «Оң қолың ұрыс бастаса, сол қолың арашашы болсын» дегенді көкірекке түйіп жүрді. Екі шаңырақта еркін өскен Арман Сапарғалиұлы 1986 жылы Алматы политехникалық институтының студенті атанып жүргенде Желтоқсан көтерілісі бұрқ ете түспей ме? Репрессия... Аузынан ажал отын шашқан саясат Горбачевтан басталып, Колбиннің қуырып жатқан қаскөйлігі тым жымысқы еді. Бір ұшақпен жүгін, бір ұшақпен итін қазақ елінің қаржысымен тасып әкеліп республиканы басқару орынтағына күржиіп қонжия қойысымен дүрліктіру, қуғын-сүргін өрті лап ете түспей ме? Барлық мекемелер мен оқу орындарында аттестация деген қазақтарды тазалау қызу басталғанда қазақ студенттері қуыла басталды. Сынақтан мүдірмей өткендерді, сонымен бірге әскери борыш өтейтін кафедрасы бола тұра жігіттерді әскер қатарына жіберуді бастады. Аттестациядан өте алмады деген сылтаумен отыз студент институттан қуылды. Ал Арманның көзінің көруі жарамсыз болса да жарамды делініп, Уссурийск қаласына әкери борышын өтеуге кете барды... Бірер хаттар келді: «Уақыт аз, өмірім қысқа, ішімдегіні айтып қалайын деймін-ау» деген сөздер де болды. Ашық айта алмайтын түйткіл байқалады. Ізі аңдулы екенін сезді ме, әлде бейбіт шеруіне шыққан талай қазақ жастарының өлімі, көрген қорлығын есіне алғысы келмеді ме?.. Колбиннің әккі қулық саясаты Алматыны қазақ жастарынан тазарту осылай жүргізілді. Тірегі – Горбачев, жүрегі тастай қатыгездікке толы, үйіндегі итін аяуы кәдіксіз, қазақ ұлтына деген зұлымдығын ішке бүкті. Әй-шайға қарамай, қуырып бара жатты. Жағымпаздары да табылып, алдында құрша жорғалап жүрді. Жазушы, майдангер дауылпаз ақын Жұбан Молдағалиев күлбеттенген жүзіне тіке қарап

тұрып: «Мен фашистердің концлагерьлерінде де әйелдерді шашынан сүйреп, жанды жерінен тепкілеп қорлағанды көрмедім едім, естімедім едім... Алаңға бейбіт шеруге шыққан өрімдей қыздарды әскерилердің асқан жыртқыштықпен ұрып-соғып, зәбірлегенін көргенде кешегі соғыстан тірі елге келгеніме қатты өкіндім», – деген қатал үкімді сөзі Колбинді ойландырды ма, «Мен қазақша сөйлеуді тез игерем», – деп қу тұлкідей қулыққа басып сырғақтай бергенін Арманның замандастыры ұғынған-ды. Бірақ мемлекет машинасына, оның тереңдеп кеткен қулығына кім жетіп болған-ды.

Уақыт өтіп жатты. Кенет Сапарғали шаңырағына төбеден түскен жасындай жалғыз ұлы Арманның өлімі туралы қаралы қағаз келді... Бүкіл туыс-туған аза тұтып жер соғып қалды. «Қыршын кетті... Қайғы орны толмас мұңшер... Көріңде өкіргір Колбин! Қазақ жастарын үйінде бағатын итіндей көрмеді ме? Көріңде өкірсін!..»

– Сол жылдары әскер қатарында жүргендердің кейбірінің үйіне қаралы қағазбен қоса қорғасын табытпен жеткізілген қазақ жігіттерінің өлімі туралы медициналық сараптама жүргізілсе, Горбачев заманындағы жендеттік қантөгістің құпиялары тарихтың ақтаңдақтарына қосылар еді, – деп ойын қағазға түсіреді Ішкі істер министрлігінің ардагер қызметкерлерінің бірі Нығмет Ерханұлы, Ақкөл ауданы Домбыралы ауылындағы Арманның қыршын кеткен қайғысын ұмыта алмай...

«Бір қайғыны ойласаң, мың қайғыны қозғайды екен. Пендеге әлпештеген ұрпағынан айырылғаннан артық қасірет болар ма?» – деп іштен тынсаң да, өлдеқайдағылардың зұлымдығы талайдың жүрегіне жазылмас жара салды... Аштық жылдарында бір үзім нанды өлмелі әлсіздерге бөліп беріп, тірлігін сақтаған талай Ерхандардың да жан қайғысы жетерлік еді...

\* \* \*

Қымыр байланыс бөлімшесінен алған бір топ газетін автокөлігінің кабинасына қойды да, қол арбасын қоқысқа толтырып жатқан Тымырға келіп:

– «Қас бекзаттың белгісі, қайғысын жұртқа білгізбес» деп Желтоқсан көтерілісінде талай жастар өлді, зәбір шекті. Талай шаңырақ аңырап қалды. Шеркөкіректер бір шындықты тарихтан күткелі қашан, құлақ шері тарқар-ау, жүрек шері қабірлерге бірге түсетін болар, – деді.

– Қазақтан сөз қалмаған, мысалдап болсын, мақалдап болсын, жақсылықты да, жамандықты да жеткізе білген ғой. «Ит құтырса, иесін қабады» дейді. Шындық. «Біз коммуниспіз, билік қолда!» дейтін кейбір күжірейген жендеттер талайдың төбесінен құдық қазғандай болды ғой, тірі жүргенінді көпсінді, – деді Тымыр.

– Тәуелсіздігіміз қайғыны да, ыза-кекті де ұмыттырды ғой. Бірақ сұм-сұрқия, жемқор қоғамға жат қылмыс түрлері қоғам өзгерісі кезінде «көркейіп» шыға келді. Алдампаз қағыс естідім десең, танып кете қоясың, айланың шеберлігі көкірегіңде оянсын. Оңай олжа табарда ешкімменен бағыспа, маған аз, өзіңе көп деп қағыспа. Өлді алғанынша алсын, бәсең бол, жарыспа, риза бол бұйырған табысқа. Бірдейлік деген болмайды, байдың ындыны толмайды. Пайда десе бірбеттігінен таймайды. Үстемдікпен алыспа, кір келтірме сыбайластық намысқа. Өліңе қара, орынсыз түсіп кетпе миллиондық жарысқа. Сыбайласып ұрламаса қабақ жаман, миллиондарды өсіре алмай, көштен қалған адам жаман. Байдың итінің де құйрығы қайқы, кедейдің маңдайы қай заманда да тайқы. Байдан жарылқа деп үміт етіп бетің қайтып жүрмесін, өзіне жетпей зар қақсап отыр, дағдарыстың қалың тұманы деп өтірік өкінеді, оған күлмейді, күлсе алақаны ашылып беріп қояды. Кешегі тонаушы тобырларда қанағат кеткендік бар, түрлі қаныпезерлікпен «мақсатына» жеткендік бер. Қаланың қара таяғы деп әлсізді сөккендік бар. «Қашпаған қашардың уызына жарисың» деп көкитін шенеунік бар, орысшаға судай, қазақшаға орашалақ, ұлттық намысын маңдайдан тепкендік бар. Құбаң-қуқыл тірлік солай, бес саусақ бірдей болмаған, тәуелсіздік болмаса бірен-саран жат пиғылдылар, есектің күші адал, еті арам болатындай социализмнің қамытында мойыны ырғайдай болып жүрер еді. Бүгінгі сыбайласпаса құлқыны құрып тұратындар өткендердің көрген тірлігін бір сәтке ойламас па екен?.. –

деп Қымыр азап шеккендер мен қысасы кеткендерді ойлады...

Түңілетіні, имандылықты түсінбейтіндер о дүниеге барғанда алдымен «әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін ақтадым ба» деген бірінші сауалға не деп жауап береді? «Жекешенің тұсында елді тонап, әке еңбегін ақтадым» дей ме? «Ел алдында жемқор атанып, ананың ақ сүтін ақтадым» дей ме? Адалдықты көкірегіне қондырмаса, көрінде өкіріп аруақтарды шошытып жүре ме? Бақас сорлылар өлетінін ойласа... Қиянат о дүниеге кетпес-ау.

## ШЕМЕН ШЕРІ ҚАЗАҚТЫҢ

Франция тарихшысы Изабелла Очаена: *«Қазақтардың 80 пайызы аштықтан қырылып қалды. Салдары геноцидтен асып кетті»*, – деп жазса, Австралия тарихшысы Стивен Уиткрофт былай дейді: *«...Колхоздан шықпау керек, қарсы болғанды атты, отырықшыландыру процесі мүлдем қорқынышты, қырғын аштық»*.

Қалың кедей «үкіметке қожасыңдар» дегенге кеуделері желденіп, еліріп күнкөрісі артықтарды қорлап басса-лып қан шашып жан қиюға әбден батылданып алды. Кикілжің күшейді, тобырда дүлейлік ештеңенің парқына бармай арамзалар қырып-жойып жатты. Оразғалиевтар мұндай зұлымдыққа шыдамай қатал тағдырды мойындап үрей құйынынан ықтай бастады. Маран ана ерте тұрып көршілердің көзіне түспей жолаушылап кеткен ұлдары Қаршыға, Жұмабайдың ізіне ескі табақтарды төңкеріп: «Аман қауышуға жазғай, қадамдарыңды жын, шайтан аңдымағай» деді іштей толқып. «Қаршығаның ізі ғой, қайда жүрсендер де ізбасарларың болғай!? Құлындарым-ай, Мөден, Кәдемдерім! Жұмыр жерді тар етті ғой, мына зауал, қорқыныш... үрей...». Ана жүрегі қалтырап кетті. Қамыққаннан қан түкіргендей болды. Адамға ажал қорқынышты емес, үрей қатерлі кез еді...

Ағайындылар бұрынғыдай сән-салтанатты, уайымсыз күндерді ұмытып, бозала таңнан үреймен оянады. Туысқандық рух әркімнің жанын сақтауды ойлауымен алмасты. Қорқынышты күш елден, жерден бездіріп жойқын

босқындық басталды. Озбырлық қан төгіс шыдатпады. Азаттықты ойлау арман, адам аз ажалдан аман қалған. Мәскеу саясаты талдауға жатпайды, әр алуан жаза дайын тұрған. Ақсуат өңіріндегілер де лыпып тұрған ажал қылышымен жазаланып өмірлері қиылып жатты. Мал, дүние-мүлік шашылды, белсенділер басынды, зұлымдығын асырды. Бір шаңырақ астында өсіп-өнген он сегіз азаматтың тағдыры да ойыншыққа айналды. Кіндікті аталатын туған жердегі ағайындардың сүттей ұйып, бір-біріне тілектестік пиғылы өзгеріп белсенділердің зұлымдығы күшейе түсті. Кедейлерге билік тиді деп күнкөрісі барларға, халықтың қанын сорғандарға аяушылық жоқ деп қара күйе жағып, не түрлі жала тауып кіділікті үрейге жеткізді. Қазақта балапан басына, тұрымтай тұсында, игі сезімді жойып, зәлімдік пікір ұшынған деген сөз қалды. Елдегі татулық ыдырап, әркім басын сағаттап кетті, өмірден баз кешті. Расында, елдегі халықтың тұрмыс-тірлігі әржақты, бірі кедей, бірі ауқатты дамып өмір сүру қажеттілігі әр алуан болатын-ды. Ғасырлар бойына бірдейлік сақталмаса да есесіне татулықтарына сызат түсірмей бірнің жетпегенін бірі жеткізіп, біріннің кем-кетік тірлігін бірі түгендеп, ағайында болса ауызға тиеді деп тұтас ұлтты сақтап келген-ді. Басты байлық қайырымдылық, тірліктің ауырлығын бірігіп көтеретін бірлікшіл ұлттық қасиетті жек көру басталды. Үрей ақылға ділгөрлікті туғызды. Халық көкірегіндегі құса-дерт меңдеп, қасірет қалыңдап, аман-есендіктің аузын жапты. Саясат инабаттылықты ұмыттырып қулық-сұмдыққа мәжбүрледі. Енді, міне, дөрекі тобыр алдымен дінді айыптады, байды жау атандырды. Діннен безудің қалың қасіреті Лениннен басталды: «Всякая религиозная идея, всякая идея о всяком боженьке... Есть невыразимейшая мерзость... Самая опасная мерзость... Самая грустная зараза» (Л.И. Ленин. Об атеизме, религии и церкви. – 1980. – Стр. 350). Міне, саясатта тайға басқан таңбадай діннен безуді сызып берсе, тұтқындаудың түрлі тармақтарының адам өміріне қатысты себептер жетіп артылып, жазалау сұмдығы 1922 жылы Сталиннің Сібір өлкесіне келіп Новосібір, Барнауыл, Рубцовск, Омбыдағы партия-совет активтерімен кеңесінен кейін

іле-шала басталды. 1920 жылы одақ бойынша астық дағдарысы 30 пайызға құлдыраған кезде Сталин: «Біз алдыңғы қатарлы елдерден 50-100 жыл артта қалдық, 10 жылда міндетті түрде алға шығуға тиістіміз» деп халықты сендіріп, саясатқа негіздеп тазарту, қара тақта, қызыл тақта дегенді ойлап тауып, адамдардың жеті атасына дейін тексеріп сілкілеудің, «халық жауы» деп талайды атудың, түрмеге жабудың басты амалын жүзеге асыра бастады. В. Познанскийдің мұрағаттық және басқа мемлекеттік органдардың нақты құжаттары бойынша зерттеу еңбегінің (224-бет) бір парағында: «Көшелердегі үйлер маңы қоқысқа толы, адамдардың ішетін асы шіріген, борсыған қалдық, басқа тамақ жоқ. Адамдар көлеңке секілді жүреді, есуастанған, ештеңе ойламайды, қабақтары түсіп кеткен» – деп жазылса, Барнауыл мұрағатының тағы бір қорында сақталған жантүршігерлік сөйлем бар: «В селе Андреевка голодающими съеден труп женщины... В селе Любимовке... ночью раскапываются могилы умерших, из трупов варится пища», – делінген (169-қ., 1-т., 1-іс). Осындай сұмдықты С.М. Соловьевтің: «История России» атты еңбегінде: «Ата мен ана балаларын жеді, балалар ата мен анасын жеді, үй иесі қонақтарын жеді, адамның еті базарда сиыр еті деп сатылды», – деп жазылған (Т. 2., 740-742-бб.). Үрейлі халық мал-мүлкінен айырылып босып кетті, далада, қалада қырылып жатқанының мұрағаттардың парақтарында қылаң беретін осындай шындығы жетерлік. Жер жөніндегі халық комиссары В.Г. Яковенко Сталинге жазған хатында: «Еңбекші ерлердің пікірі Совет үкіметі ер адамдардың тәуір өмір сүргісі келетінін ұнатпайтын сықылды», – десе, комсомол мүшесі Пинегиннің: «Жеке меншігіндегі әрбір жұмысшы жалғыз аты немесе жалғыз ірі қарасын тегін есебінде сатса, шаруашылық қалай өркендемек?!» – деп дабыл көтергені де аштық қыса бастағанын дәлелдейтін құжаттар еді. 1922 жылғы аштықта Қазақ елінің солтүстік өңірінен он бес мыңдай адам босып жолшыбай өлгені өліп, тірі қалғаны Кемеров кен өндірісіне жұмысқа барғанын да деректер растайды. Ал Сібір өлкесіндегі астық өндіретін шаруашылықтардың 65 пайызы кулактардың меншігінде болғаны да мұрағат құжаттарында көрсетілген. Олар

Кеңес үкіметін жылы қабылдай қойған жоқ, «малым – жанымның садақасы» деп қазақ байлары малын ортаға өз еркімен өткізсе де қудалаудан көз ашпады. Сталин: «Қырғыз партия ұйымдары ұлттық саясат негіздерін жете меңгермеген және оны практикада бұрмалайды» деп қатаң тәртіптеп алса, 1923 жылы ГПУ-ға «жауларды» тазартуға тапсырма берді. Көсем айтты, жүз пайыз орындалады деп «Степная крестьянская газетаның» 17 наурыздағы 154-санынан бастап дабыл қағыла бастады. 1922-23 жылғы, оның алдындағы 1918 жылғы аштықтарда қазақтардың бір миллионнан астамы (кейбір деректе халықтың 25 пайызы) аштан қырылғаны жазылған. Демек, 1900 жылы статистика мәліметіндегі Патшалық Ресейдің боданы Қазақ елінде 8 миллион 200 мың қазақ болған нақты есепке саяды. Сөйтіп, аштық, қуғын-сүргін тірінің үрейін ұшырып, байтақ даладағы адам өлігін құзғын құстар жеп жатты. Қайғылы болашақ, тосыннан шүйліккен қырғын. Саясат зұлымдығы зәреңді алып, туыс-туғанды да жауластырып өмірді қиып жатты. Одақтың барлық жерінде жаппай тұтқындау шапшаң әрі жойқын күшпен жүргізілді. Үрейленбеген пенде қалмады. Өресіздікке өкінбеген жан жоқ шығар. Ақыл жетпейтін қорқыныш туралы Боаевтың кітабында: «1937 жылы Ока Городовиков Буденныйға: «Жұрттың бәрін жинап жатыр, одан әрі не болады?» дегенде Буденный: «Бәрін емес, тек қана ақылдыларын. Біз екеуімізге қатысы бола қоймас» деген деседі. Ал маршал Егоров, Блюхер, Тухачевский, Булин, Гамарниктей тұлғалар атылып кеткенін ақпараттар хабарлап жатса, қалың халықтың үрейі одан сайын ұшпай ма? «Жіпсіз телефон, ұзынқұлақ» атандырған қазақ даласының оқығандары болашақты болжауы тек қана аман қалуды ойластырса, Оразғалиевтар қара шаңырағындағы он сегіз азамат саясаттың құпия ізін түсініп, еріксіз аңырап ажал құшудан сақтанбаққа бекінді. Дүлейлерге жалынғанша тәуекел десіп өздері қарманды. Қайткенде де шаңырақта ұрпақ қалуды қатты ойластырды. Ауқаттылардың бір тобы Қытайға үдере көшті.

– Жолға шығамыз!

– Қытайға тартамыз.



– Мен Ленинградқа кетемін, сонда оқып білім алдым ғой, бір тірлік табылар. Қоржынға азық сал. Тек қана қойдың, сиырдың құрты болсын.

– Бай тұқымын құртамыз деп даурыққандардың ақиқатын тарих көрсетер.

– Мал, дүние-мүлікті алды... Ортаға салды... Кедейлер күн сайын сойып жеп тойынып қалды... Тойынды, енді саябыр тартар, уақыт өткізіп елге оралармыз, – дескен он сегіз ағайынды ай жарығымен ақ таяқты қолға ұстап, үнсіз тұрып туған жер табиғатына табынды. Одан кейін буынып-түйініп, қоржынын арқалап жылай-жылай жолаушылап кетудің қамына кірісті. Жол ақысы жүрсе бітеді, қайғы-шер зұлымдыққа күлсе бітеді. Он сегіздің біреулері Ақмола, Көкшетауда жасырынып жүріп пана тапты. Ататегін жасырды. Тапсырған жұмыстарын атқарды. Еңбекке адалдығымен көрінді. Бірақ қайда да тіміскі аңдуы дамылсыз жүріп жатты. Тіміскінің көзіне түскендердің жазадан құтылуы жоқ. Айнала сүргін, қызыл жағалылардың құлашы кең, беттеріне көз салудың өзі қорқынышты және адамға ұқсамайтын құбыжық тәрізді көрінбеді деймісің.

Көкірек күңіренеді. «Бұл өмір бірде түлкі, бірде кірпі, жігіттің қайда қалмас жиған мүлкі, босқын халық, болжаусыз жүрген сүркіл», – деп тынады Қаршыға. Бұлар елден қопарыла кете алмайды және. Белсенді тіміскі тобыр байлардың жазасына нұсқау күтіп, қырағылықпен аңдулы еді. Оқығаны бар Қаршыға елден кетудің кезегі келгесін мола басына барып дұғасын оқыды, өзіне тәрбие берген қарттардан батасын алды. Елдегілердің біріне де сыр білдірген жоқ. Жанының жүдеулігін де сездірмеді. Шетпұшпақтап әңгіме қозғағысы келгендерге жақ ашпады. Іштей түңіліп кейбіреудің ішкі сарайы мақсатсыз бос қуыстай көрінетінін байқамасын ба? Кейбірі орыстардың білімділік данышпан қуатынан алған тәрбиең, оқуың бар, саған үкімет тиіспес деп өтірік көлгірсігендей болады. Надан бейшаралардың лас, қоқым ойларының дәрмені жүріп тұрғанда үрейге тұншыққандар пенделік жаны ашуды ұмытатынын байқаған Қаршыға кедейлердің бақыты жанып, таңы атты дейтіндердің күні бататын кезі болмас дейсің бе деп ойланады. Қалың көпке жарылқаушы үкімет

келді, саясаты түсінікті бола бастаған-ды. Петербургта білім алып, орыс елінің тірлігіне, қанықтығына сеніп, басын бағып өмір сүруі жеңіл боларына үміті бар-тын. Сонымен Қаршығаға ата-бабаның бүкіл байлығынан бұйырғаны жирен аты ғана, басқа дәулетті ұмытты. Қалған өмірінде баю деген сезім мүлде болмайды. Ортаға санап бергені аздай, кейбіреулердің өжектеп, «бай тұқымына тышқақ лақ та көп» деп тұс-тұстан жауыққан қорықсыздарды есіне алып кектенгісі келмейді. Кектенсе ажал тісін ақситып, жанын қинап өмірін үзетін сықылды. Көрге тірідей тығатындай көрді. Зердесінде әдеттен тыс жауыздықтан басқа ой жоқ болса кімге өкпе артады. Қаршығаның толқитыны – елде қалатын інісі Тоқтасын мен апайы Нариман тағдыры. Белсенділердің көзтүрткісі болып зорлығына шыдап аман жүре алар ма? Қайтеді, саясат қара халықты меңіреулікке көндірсе, серпілуге күші жетпейді, белсендінің айтқанына бас шұлғып, әркім жанының амандығын ойлаумен тынады. Көзге көрініп тұрған сұм-сұрқиялыққа төзудің ауырлығы шындықты, наным-сенімді әлсіретіп ауыр халға ұшырататынын пенде кеш ұғады. Бірен-саран ұғымы барлары дәрменсіздікпен тынады. Үрей өрті жүрек отын сөндіріп ажалды тездетеді. Қалың өкініш халықты тегіс қамтиды. Саясат күш алғасын оның бағытын тоқтату жоқ, зорлық үдеп қан кешуге ұласады. Ақсуат халқы бұрынғы қалпына оңайлықпен келіп болмас, қаталдық күн сайын қыза түсер деп көкірегі күңіреніп жолға шыққалы оңды-солды босқын адамдарды көп көрді. Кездескендері жөнді сөйлеспейді өңдері өрттен шыққандай. Еркінен айырылып, еріксіз бас сауғалап босу. Сенделгендердің бірі өзі, күн, түн қатып жүріспен «Құлынды» өңіріне де ілікті. Аспанда Айдың бетін бұлт басқан, іңір қараңғысында елді мекеннің шеткі үйінің шарбағына атын байлап, үйдегілермен хабарласты. Жетілік шамды қолына ұстап аулаға шыққан егде адам сөйлесе келе қонып шығуға лұқсатын берді де: «Атыңды қораға кіргіз, елде ұры көп», – деп ескертті. Өзін Тельман деп таныстырды. Неміс болса да қазақша сөйлеп тұр.

– Көлеңкеңнен қорықпай қиып қондырғаныңа рахмет, – деп Қаршыға жол азабынан тарыққандық білдірді.

– Менің де туыстарым Германияға босып кетті. Қазақ еліне еріксіз жер аударғандары қаншама? – деп ойын жалғады: «Әйеліміз екеуімізді тауық асырап отыр. Жұмыртқа пісіріп шай беремін. Мектепте мұғалім болып тірі жүрмін, одан басқа бір сиыр, бір шошқадан басқа малым жоқ еді. Егер он үш гектер жері, екі аты, екі сиыры, бір қойы болса, кіріс пайдасы 500 рубль болса, бұлардың кулак деп тәркіленіп жер аударылып кеткені қаншама? Үштік пен ОГПУ-дың №185 қаулысы қатты қысымға алды. Қарсылық көрсеткендер оққа ұшты».

– Аз ұлттардың әлемге тарыдай шашылуы тоқтамас, – деп Қаршыға жан қиналысын сездірді.

Өркімнің ішінде жеткілікті қайғы, мұңы басқалармен де ортақтығын түсінді. Қоғамға қабілетті адамнан гөрі қорқақ, зұлым, сұм-сұрқия, ниеті бұзықтар көбірек керек болғанға ұқсайды. Кіршіксіз таза өмірден күштеп безіндіруді түсінгендер үнсіз, жаны қатты қыйналумен тынады. Арада жетпіс-сексен жылдар өткесін тарихтың қанды қырғындары анықталарын Тельман да, Қаршыға да болжап біле алмайды. Білуге де құлқы жоқ, бас амандығын тілеуден басқаға амалсыз (Азамат соғысы жылдарының өзінде Ресейдегі 120 мың немістер құғын-сүргіннің қаупінен шошып, үрейленіп Германия мен Америкаға жер ауып кеткен емес пе? (Л.П. Белковец. «Большой террор» и судьбы немецкой деревни в Сибири. – М., 1995. – Стр. 10).

– Мұздай қаруланған ОГПУ-дың адамдары ауылымыздағы егін егіп, мал бағып жүрген казактардың үйлерін тінтіп, алтын, күміс, бриллианттарын жинап алып, өздерін қарсылық көрсетсе атып, ың-шыңсыздарын түрмеге әкетті. Халықтың көзінше шошқа, қойларын тиеп алып, мал-мүліксіз қалдырды. Сондай зорлықты көргесін үрейленбей қайтеміз, – деді Тельман бұйрық кімнен екенін білмесе де көзімен көргеніне ашынып (Әрине, бұлар Дзержинскийдің қанды бұйрығы бойынша одақта бір миллион казактың дүние-мүлкі тәркіленіп, атылып кеткенін орыс тарихшылары нақты құжаттармен дәлелдеп шындықты айта бастайтыны Кеңес үкіметі құлағаннан кейін екеніне көзі жеткен жоқ).

– Бізде де байларды тәркілеуде атты, түрмеге жапты, жер аударды, – деді Қаршыға одақ бойынша сүргіндердің нақты дерегін білмесе де қатал саясаттың зұлымдық құбылысының қатері әр халыққа ортақ болғанын ұққандай ниетпен. Қызыл империя тұсында 1917-1987 жылдар аралығында одақ бойынша 62 миллион адамды қырып салғанын, оның ішінде «халық жаулары» делінген 46 миллион адам темір тордың ішінде ит қорлықпен өлгенін Шведтің танымал саясаткері Пьер Альмарак «Ашылған жарақаттар» кітабында: «Қызыл Коммунистік жүйе әлемде кімді жарылқады дейсің. Қытайда 1949-1987 жылдары 35 миллион адам ажалынан бұрын өлсе, әлем бойынша социалистік қоғам тамыр тартқан 23 елде 110 миллион 286 мың адамның жаны жаһанамға аттанған», – деп көрсетеді. Аталған кітапта Германияда 1933-1945 жылдары 21 миллион, ал Жапонияда 1936-1945 жылдары 6 миллион кісі бұл жарық дүниемен жазықсыз жапа шегіп қоштасқанына төбе шашың тік тұрып, жұмыр жер беті, қанды қырғынның қайғысымен теңселіп кеткендей үрейленесің және адамдардың киелі қаны көтерілсе не түрлі табиғат апаты жайпап өтетінін есіңе түсіресің. XX ғасырдың құпиясы бүгінде белгілі болған деректерде қуғын-сүргін жылдарында 139,6 мың поляк, 23,6 мың еврей, 85,7 мың латыш және басқа да отанынан айырылған халықтың босқынында, ауыр азабына шыдамай 27 пайызы жол-жөнекей өліп қалды деген дерек бар. Тірі қалғандары бордай тозып қазақ жеріне жетіп жан сақтаған.

– Адам зұлымдыққа үрейлене қарап ажал алдында жанының қиналмағанын тілейтін шығар. Сонда да ажалдан құтылуға арпалысып жүректегі адалдығынан безіп, әлдебір өтірікті да мақұлдай бастайтындай-ау, – деп Қаршыға толғанды ма екен. Жанның сырын айтып, түсіндіру мүмкін емес кезеңде үреймен тірлік ету соншалық қауіпті екенін ұғынған да шығар.

– Сол үрейлі пенденің сатқындыққа бас ұрып, ақыл-естен айырылған тұсында дауылпаз ақын Ілиястың әкесі Жансүгір мен зайыбы Бәтиманы да ауылдастары «байдың құйыршығы» деп көрсетіп, оңтүстікке жер аударылып кетті, сол жақта аштан өліпті дегенді әжелеріміз

күйзеліп, сыбырлап айтып отыратынын естіп едік, – деді Сәбира. «Бүгінде он сегіз бауырлас қара шаңырақтан елде қалған Тоқтасын мен Нұриманнан ұрпақ өсті. Әжелеріміз түннің бейуағында біреу есік қақса бауырлары келіп қалғандай шырт ұйқыдан ұшып тұрып, ағаларының есімдерін біртіндеп айта бастайтын еді. Әке-шешелеріміз де хабарсыз кеткен бауырларын өлдіге қиған жоқ, үмітін үзбей, сұрапыл-сұмдықтардан аман жүрсе елге оралар, туыс-туғандарын қуантар деумен өмірден қоштасты. Сүргін жылдарда босып кеткендердің туған жеріне аман оралғаны кемде-кем шығар... Тоқтасын әкем еркін ел болғасын немерелері Нұрболат, Динардың бетінен сүйіп: «Өмірде адамынан тірідей айырылғаннан артық қайғы жоқ. 1929 жылдардағы байларды тәркілеуде ауылымыз аштыққа ұрынды, талай адам өлді. «Бір күн ашыққаннан қырық күнге дейін ақыл сұрама» деген сөз қалды. Соғыста байдың тұқымы деген ажалдай сөзді естімейін деп көзсіз ерліктерге бардым. Борап тұрған оқ ішінде ажалды, қан-төгісті көріп жүріп Алладан тілегенім де, үмітім де елге аман жету еді. Алла тілегімді орындады, ендігі арманым ұрпақтың аман жүруі. Бүкіл қайғы-қасіретті көргеннің соңы біз болайық», – деп, 1993 жылы 75 жасында дүниеден өтті.

– Бабалар, әкелер мен аналардың тағдырының мейірімсіз тұсы, үреймен өткізген қауіпті кезеңі тарихтың меңіреу түкпірінде топырақпен жасырылып тынды. Олардың айтылмаған қайғы-қасіретін қиялдап та анықтау қиынға айналды, ажалынан бұрын кісі қолынан өлгендер мәңгілік мекен дегенді місе тұтқан да болар, Қызыл империяның саясатының құпиясын түсінді деймісің, мың қайғыны бір қуаныш ұмыттыратындай үрей зардабын аздап ұмытқандай боласың. Бұл шемен-шер бір қара шаңырақтың ғана емес, бүкіл қазақ ұлтының әрбір жанұясын ойрандап кеткен қанды қырғынының бір парағы ғана еді деп қалың халықты терең уайымға батырған өткен ғасырлардың тарихын білгіміз келіп, шаң-тозаң басқан мұрағат, мұражай деректерін ақтара бастағың келеді (1921 жылы Қазақстанның бес губерниясы бойынша – Орынбор, Ақтөбе, Орал, Бөкей, Қостанай губерниялары мен Адай

уезінде 2,5 миллион халық аштыққа ұрынды. Ақтөбе округінің Ақкемер ауылында Позднов деген қазақтарды үйінде қамап, қарсыласқанының аузына керосин құйып өлтірген («Известия ЦИК Туркеспублики». 23.02.1918). Құпия құжаттар қара сандықта ешкімнің қолына түсе бермейді. Әулеттің бүгінгі ұрпағы сұрапыл жылдарда тірі кеткен бауырларының өлі ме, тірі ме, бір хабарына қанығып білуге зар болуда. Қанға бөккен жұмыр жер үнсіз, саясат құпия, табиғат тілсіз, қорқу мен үрейдің телегей теңіздей толқыған қалың зардабын жел ызындап жеткізер деймісің. Зарыққандар адамды қыруға арналған сынақтың қатерін көкірегі күйреп ойланумен тынады. Белгісіздіктің өкініші қандай ауыр.

– Бәлкім, бауырларымыздан бір жақсылық хабар білініп қалар, – деп дәрігер Сәбира ниетін бекіндіргендей болады.

– Шіркін, үміттің үзілмейтіні – Қаршығаның осы «Құлынды» өңірдегі еміс-еміс құпия хабарынан басқа арада қанша жылдар өтсе де тірі жүргенінен сыбыс жоқ. Әрине, бағыты Петербург, қажетті құжаттары бойынша аты-жөні өзгергені анық-тын. Елдегі шүйкедей кейуана әжесі алаша тоқып отырып күбірлеп жоқтау әнін шертіп: «Төбемнен күн түскендей толықсымын, Ұлдардың еске түссе қылықтары. Екі жеңін сұғынып кетіп еді, зұлымдық тек жүруін бұйыртпады. Жауыздың жаман екен сиықтары, төбемнен күн түскендей толықсымын, ұлдарымды көретін күн болар ма, шемен-шер көтертпейді иықтағы», – деп күрсінетін әже де, ана, әке – бәрі де о дүниелік болды.

Сәбира сөзін жалғады: «Қара шаңырақтағы он сегіздің қуғын-сүргінмен елден кеткендерінің өлі ме, тірі ме, хабар-ошары білінбегенге әкем Тоқтасын да, нағашым Зейнолла да іштей мүжіліп өкінумен өтті өмірден. Бұлардың қай-қайсысы да араб, парсы, орыс тілін меңгерген оқыған, тоқығаны мол еді. Үрейден қажыған сәтінде Зейнолла: «Ортаға салдым малымды, қалдыр деп аман жанымды. Жағдайды тыңдар түрі жоқ, дүрліккен тобыр залымның» деп көкірегі күңіренетін-ді. Елде қалған туыстары колхоз шаруасының отымен кіріп, күлімен шыққандай, тірлігін

күйттеп еңбек етті. Үрейі байдың тұқымы деп ататегіне тіл тигізіп жөнсіз жазаламаса деп бетегеден биік, жусаннан аласа боп бұғып жүрді. Несін айтасыз, қорғалақтап, кісінің көзіне тіке қарай алмай жазықты өмір кешуді дұшпанға да тілемес едің. Дұшпан аластан келген емес, елдің желөкпелері үкімет кедейдікі деп ұрандап шыққан белсенділері, жатыпатарлары. Ал Тоқтасын болса қабырғасы қатып, буыны бекімей-ақ алғашқы ұйымдасқан серіктіктің түрлі шаруасын атқарды. Безбүйрек белсенділер бетінен алып, тұщы егіне қамшы салып жатса да шыдады. Дүлей күшпен тіресуге дәрмен қайда? Шер тарқатамын деп қара домбыраны қолына алып, «Манас» пен «Қобыланды» жырларын жатқа айтқанына ауылдастары бір серпіліп қалатын еді. Ондайда Зейнолла: «Тоқтасынның өзі де өлең шығарудан қара жаяу емес» – деп, басқа қиындық түскенде өлең, ән-жырмен қайрат шақыратын қазақпыз деп қояды. Сосын жырдың кезегін күтіп:

*Дүниені басып тұрған жалпағынан,  
Танимыз зұлымдарды қалпағынан.  
Өмірге екі айналып келгендей-ақ,  
Қорқасың үрейленіп тақтағыңнан.  
Жамандықтың батып кеткен батпағына,  
Кісіліктің бойында жұғыны жоқ,  
Дүлейдің дүрілінен сақта, құдай,  
Түсірмесін жаналғыш қақпанына, –*

деп елдің үрейлі адамдары сақтануды да біледі, жүректердегі мұң-шерді оңашасында ақтаруды да біледі. Кезең солай. Күнелткеннің күні артық деумен тынады. Әйтеуір, пендешілік үміті үзілмейді. Қайтеді, тірі тірлігін істейді.

Ақырында он сегіз жасқа толысымен Армия қатарында міндетін атқаруға сұранып кетті. Қаныпезерліктен құтылып емін-еркін болармын деді.

– Адам ұрпағына шындығын жеткізе айта алмағаны қаншалық аянышты, қаншалықты жүрекке түсетін салмақ десең, Сәбира әкенің, ананың қазақпын дейтін ішкі сезім қасиетіне қаныға алмағанына өкінгендей болды да: «Әкем Тоқтасын өз еркімен 1939 жылы әскер қа-

тарына алынып, елге қайтамыз деп тұрғанда Фин соғысы, одан кейін Екінші дүниежүзілік соғыстың басынан аяғына дейін болған. Бірнеше орден, медальдармен марапатталған. Жауынгерлік жолы соғысты жеңіспен аяқтап, одан кейін Жапон соғысына қатысқан. Елге 1948 жылы оралып мектепте ұстаздық қызметте жүрген Күләш Кеншінбайқызымен танысып, тұрмыс құрды. Соғыс жылдарында қаншама ерлік жасаса да, майдангерлік көмектен, өзін дәріптеуден бас тартып, мен соғысқа жерімді қорғауға қатыстым деп ойын түйіп тастайтын-ды. Еркін ел атанып, егемендікке қол жеткенде қуаныштан жүрегі жарылғандай болып, ұрпағыма атажұрттымды – «Ақтана» аталатын елді мекенімді көрсетемін дейтіні біртүрлі асқақ естілді. Немере, шөберелерін бабалар мекенінің топырағына аунатып, көкірегіндегі шөмен шер боп қатқан үрейден сілкінгендей болса да хабарсыз кеткен бауырларын есіне түсіріп көзін сулады. Бірақ Қазақстанды басқарған Голощекинге 1927 жылы Сталиннің жауап хатында: «Жолдас Голощекин, менің ойымша, осы хатта белгіленген саясат негізінен бірден-бір дұрыс саясат», – деп қазақ халқын қырып, жерінен, мал-мүлкінен айырып босқындыққа ұшыратқанын, Тоқтасын ақпараттан оқып білмесе де, қанды қырғын жылдарында бауырларынан айырылған ана томашадай жүрегі өлгенінше шерленді. Құғын-сүргін, қырғын жай басталған жоқ. 1926-1930 жылдары Мәскеу тапсырмасы бойынша Қазақ елінің «Қызыл керуені» 2 830 820 тонна астықты жөнелтті. Қоймада астық қалдырмады. Бұл кезде 40 миллион малдан 4 миллиондайы қалды. Халық аштан қырылмай қайтеді. Орыс ғалымы Данилов: «1932 жылы астықты шетелге шығармаса, Кеңес Одағында 7 миллион адамның өмірін сақтап қалуға болатын еді», – деп жазды. Өлгендер бұл деректі білмей-ақ кетті.

– О дүниелік болар алдында да әкемнің бауырларының бірі болмаса бірі келіп қалар деген үміті үзілмеді. Мен оларды көзбен көріп қуансам, дертімнен де жазылып кетермін деумен жаны үзілді.

– Үрей-ажал қаншалық ауыр, қатал болса да, пенденің сенім, үміті тірлігінің ақыр-аяғына дейін үзілмейтінін



қайтерсің. Амал қанша, пенденің тілегі орындала бер ме? Пенде бұл жарық дүниеге жолаушылап келеді, кетеді, тарихта ізі қалады. Кейбіреулері ізсіз жоғалады. Сәбира тірі кеткен туыстарын өлдіге жорымайды, Петербургта болсын, Қытайда болсын, үйленіп өмір сүрген шығар. Миына үрей кірген адам өлгенінше қорқады. Елге оралуға батылы жетпейді. Кейде түрлі аурумен өліп те кетуі мүмкін ғой. Бұрынғылар адамның басы Алланың добы десе, адамның басы саясаттың добына айналған кезде аяусыз кескілеген зұлымдықта жазықсыз жандардың сүйегі әр жерде шашылды... Байтақ дала желмен ызындап мұңды күй шерткендей сезінесің кейде. Сәбираның көз алдында қуғын-сүргіннің зұлымдығына шыдамай бас сауғалап қаңғырып кеткен бір әулеттің он алты азаматы елде тірі жүрсе бүгінде төрт буын, немере, шөбере, шөпшек, неменесі әр шаңырақта төрт адамнан болғанның өзінде жеті-сегіз жүзге жетер еді. Бұл бір әулеттің қалың қасіреті. Қазақ елінде қанша шаңырақ ортасына түсіп, ошағының оты өшті. Тұқымы жойылды. Қаншама данышпан, таланттылардан айырылды. Аналарымыз, әжелеріміз төбемнен күн түскендей толықсымын деп зарлап өтпей қайтеді? Ұлт деген ұғымды есіне алатын бүгінгі ұрпақ ата-бабасының өмірінің ақиқатын шамашарқынша зерделеген тірлігін бағалай білуіне жол ашады, – деп Сәбираға мұрағат құжаттарындағы деректерден мағлұмат бердім: «1937-1938 жылғы «Қызыл қырғын» барша елді жайлап, жайпап өтті. Қазақстанда 101 мың адам қуғын-сүргінге ұшырап, оның 27 мыңнан астамы атылған. Республика жеріне 25 елді мекені бойынша обсервациялар құрылып, оларға бүкіл одақтан 70 мыңнан астам жер аударылған кулактар айдап әкелінген. Қазақ даласы ГУЛаг-тың қоршаулы концлагеріне айналып, тек қана Карлаг-тан 2 мыңға жуық адам қуғын-сүргіндік жазасын өтеді... Отыз жетінші жылдың 27 ақпанынан бастап, айналасы он күнде республика мен облыстардың басшыларынан ғана бес жүз адам атылып кетті. (Социологические исследования, 1989, №3. – Стр. 626). Мұндай қанды қырғынды Мирзоян кімге, қалай түсіндірді, оның алдындағы 1932-1933 жылғы аштықта 2,3 миллион қазақ

аштан өлгеніне қалай қарады, бәрі белгісіз, топырақ жасырса да, тірінің көкірегінен өшпес қайғы. Пәле жапқың келсе өлгенге жап демекші: «Қазақтар, бір-біріңді түрткілеп жардан итере салуды қашан қоясыңдар?» деп қулық-сұмдығын Мәскеуден үсті-үстіне сұраған лимитін жасырып, ақталғысы келді ме, Мирзоян? Кезеңінде саяси кәзәаптардың зымияндығын дөп басып кім түсінді дейсің. Қалың халықтың зарлап өткен қайғысының шындығы кешең ашылады. Сол үрейдің зардабы тірілердің көкейінен кетер ме? Адамын жоғалтқандар мауқын басын ата-бабасының моласын таба алмай әлі күнге зарығуда. Бұлқынса да бәрібір зая кеткен өмір. Сәбира толғанып:

– Өкем, бауырларым тірі жүрмей өлі болса, моласын көрсем арманым жоқ дер едім, – дейтін көзінің жасын сүртіп. Ашық аспанға тесіле қарап көрген түсін есіне алады: «Ақбуылдыр бұлт арасынан он алты ақ боз ат мінген ақ киімділер көрінді де, кенет атқа да, адамдарға да қанат бітіп ақ құс боп ұшып кетіп ғайып болды. Сол екі ортада көкшулан бұлт арасынан қара мұртты қазақтар «елден айырылған» дегендей зарлы күйді төгілдіріп өтті. Тоқтасын түсініксіз түсі болса да бауырларын өлдіге жорыған жоқ. Адамға үрей, қайғы да ажалды жақындатады... Қорқынышты түс те жаныңды мүжиді. Сөйтіп толғанып, қайғысына өзі дем бергісі келгендей ме, ірімшік, құртын жайып жүріп өлеңдеткен, табанда өлең шығара салатын әжейді есіне алады:

*Өзеннің суы лайсыз,  
Қоғам осы құдайсыз.  
Тұрмеге кеткен әкеңді  
Жоқтап ұлым жылайсың.  
Жетім деген жетелі,  
Қорлыққа төзіп шыдайсың.  
Өзеннің суы тұнық-ты,  
Саясат сүргін болғасын,  
Көрерсің талай былықты  
Жетімнің көңілі сынық-ты, –*

деп бірдің емес, мыңдардың қайғысы дейтін-ді Тоқтасын. Сосын өзі де жаны езіле толғады: «Құшағым кең деп

ашылма, дүние кең деп шашылма». Жараспайды пендеге, өлшемін білмей тасынған. Ақыл жетпесе қашанда, ашылып-шашылып, тосылған. Тосылған бір сәтінде, кім көрінген басынған дегендей деп өткен өмірді еске алудан басқаға лаж қайсы. Әкенің көкірегінің мұң-шерін Сәбира жасынан сезіп өсті. Даламыз өлшеусіз қайғыны көтере алмай қайысып тұрғандай-тын... Қаншалық үміт етсе де қуғындалғандар оралмады.

– Менің құлағым «Петро» күйі келгендей сезіндім де, «Социалистік Қазақстан» газетіндегі жабық конкурста бөйге алған екі шығармамды оқушыға ұсынуды жөн көрдім, Сәбира.

## КӨЛДАРИЯ КӨЗДІҢ ЖАСЫ

Ұлтымыздың кісі жатырқамайтыны, бейбітшіл болатыны, жылағанды жұбататыны, тарыққанда қарасатыны, түбі бір пендеміз деп бауырына тартатыны, ататегін сұраса келе бауырлас болып шығатынына қуанысып отыратыны ежелден қалыптасқан заңдылық деп түсінерсің. Қас қағымдық тірлікте қазақ жақсылыққа құштар. Зөлімдікті, қаскөйлікті, кісі қанын жүктеуді, қиянаттың қандайда түрін ауыр күнө көретін еді қазақ. Сосын да атышулы қырғын болады деп ешкім қаперіне алмас еді. Тозығы жеткен тоқал үйдің шарбағында қара мұртты, қапсағай денелі Әбілқайыр қара нарды қомдап жол сапарға жиналса керек. Қызылтаудың шыңдарына сұсты қара бұлт біржола қонақтап түксііп ызғар шашатындай сыңайлы. Бұрынғыдай Жайық өзені де қалыпты емес, ақ езу толқынымен саманнан салынған ескі зілмәнкенің іргесіне кейде тақалып қалады. Анасы о дүниелік болғалы бес жасар Сәтбай кейде көз жасын тыймайды. Онсыз да қайғыға батқан әке жанын қоярға жер таппағасын, ұлын нағашы жұртына апарып біраз күн сергітіп қайтуды ойлаған-ды. «Әйт-шу, әйт-шу, қара нар, Орынборға тура бар. Өмір құйын зулайды, тірлік бір қалпында тұрмайды» деп ыңылдап жүріп еді. Кенет Тарас Шевченконың түрмесі маңына орналасқан милиция кеңсесінен шыққан екеу тура үйге жақындады. Жүрістері суыт. Байлар мен

капиталистерді төркілеуді аяқтап, енді орта шаруаларға тырнағын батыра бастағанын іші сезіп қылып ете қалды. Жақында ғана көршісі Цымбаловқа қоғам атының бес қабырғасын ұрып сындырды, үкіметтің жұмысына зиян келтірді, қоғамның жауы, кулактың баласы деп 10 жылға үкім шығарды. Сотқа 109 адам қатысты, 39 куә болды (1-қ., «а»-т., Орск қаласы). Сол сотта Әбілқайыр жылқыны төледі, зауытта жұмыс істеп жүр. Жұмысшы керек емес пе дегені бар еді. Залдан біреулер байдың құйыршығының қылмыскерді қорғағышын қарай гөр деп даурықты. Залдан тағы бірі Цымбаловтың әкесінің ағасы Кобзоев революция ісіне қатысты ғой деп еді. Оның аузын жапты. Міне, екі шен-шекпенді аман-саулық жоқ, сөмкесінен қағаз-қаламдарын алып тергей бастады. Үйіне тінту жүргізді. Құран, арабша жазылған кітаптарды жинап алды.

– Ханның есімін алып жүр екенсің. Өзіңді жұрт молда дейді.

– Тірі жүргенді көре алмаушы не демейді.

– Малың қанша? – деп үсті-үстіне сұрақ қойып қағазға жазып жатты.

– Есімімді қалай атағанын өлгенді тірілте алсаңдар өкемнен сұра, Қызылтаудың етегіндегі қазақтар зиратында. Мал дейсің бе, екі сиыр, он қой, бір түйем бар. Оны да әйелімнің дүние салғанына жылы тола құртамын. Үкімет кедейді жарылқайды дегенге шын ниетпен сенеміз, мына бес жасар ұлымды тарықтырмас, өлтірмес. Революция теңдік берді, басымызға бақ орнатты деп қуанып жүрміз. Жұбанып жүрміз. Патшалық Ресейдің зұлымдығы қырып-жойып, қаламыздың атауын жаман қала деп еді. Совет үкіметі зауыттар ашып жарылқағанын түсінеміз дегенін тергеушілер өздеріне икемдеп заңға сыйыстыра қағаз толтыра жазады, сірә да. Оны оқымай-ақ қол қояды Әбілқайыр. Тілінің ұшында 1847 жылы Тарас Григорьевич Шевченконы І Николай патша жер аударып, Орск түрмесіне отырғызғанда: «Вот вам крепость. Недаром ее киргизы называют Яман-кала (плохой город). По-моему, это самое приличное название, Шевченко» деп әлсіздерге ақылмен қорған болғысы келген Тарасты қазақтар таразы атап кетті, заңда таразылық әділдік болмай ма?» деп

Әбілқайыр тарихты есіне түсіріп сөзін өткізіп қорғана алмайды. 1795 жылы іргесін көтерген бекіністе 31 артиллериялық солдаттар мұздай қару-жарақтанып, көздері қанталап найзаның ұшымен, қылыштың күшімен жұмыс істетті, әлсірегенін өлтірді, жерге жазықсыздардың көлкіп қаны төгілді, патша жендеттері жазықсыздарды азаптады. Адам қаны киелі, қан көтерілмей тұрмайды. «Өлім тыйылмайтыны ма?» деп ойлаған Әбілқайырды шеншекпенді тыңдар ма? Қолына кісен салды. Ботадай боздап жылаған Сәтбайды сүйрелеп, көршісі Цымбаловтың үйіне апарды. Адамдардың көз жасы Жайыққа ағыл-тегіл құйылып жатты.

– Жарым Сәтбайдың балалығының көрген, баққаны осылай басталады, – деп сексеннен асқан Жібек ойын жалғады. – Әбілқайырға діншіл, молда, бай, капиталистерді жақтаушы деген айып тағылады да, сотталды. Түрмеден оралмаған. Сәтбай жылап жүріп, ағайын-туыстарының арасында ер жетіп, он бес жасынан Кольчугино түсті металл өңдейтін зауытында жұмыс істеді. Саясатшылар зауыт жұмысшы табыныкі, еңбек етесің, табыс табасың, еркінсің, бақыттылық осы деп жатады. Сталин айтқан: «капиталистерге жалданбаса, пролетар өмір сүре алмайды» деп, біз жалшы емеспіз деп дәлелдейді. Егде жұмысшылар сыбырлап, ежелгі қазақ жерінің байлығы деп мақтансады екен. Менің де тұқымымда сотталғандар болғасын ба, әйтеуір зауытта бірге жұмыс істеп жүріп Сәтбаймен тұрмыс құрдым. Алты бала өсірдік, өкініштісі, ұрпағының қызығын көре алмай, Сәтбай жұмыс үстінде апатқа ұрынып дүниеден озды. Жан дескен жарды жоқтауды қоймайды екенсің, – дей бергенде Сайын құдағиы Жібекке қарап:

– Менің туыс, туғандарым да қуғын-сүргін, аштық азабын аз тартпады. Әжем Балқия ағасы Жолмағамбет жау атанып түрмеге түскесін Орскіге қашып келіпті. Өлгенінше тұс-тұсқа бытырап кеткен апа-сіңділерін, інілерін жоқтаумен жүретін-ді. Қызыл жағалыны көрсе тұла бойы мұздап, өңі бұзылып, үрпие қалушы еді...

– «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, бауыры бүтін сұңқар жоқ» деп Орскі тарихы мыңдардың мұң-шері, қуанышы аз,

ауыр қайғысы жетерлік. Бабалардың зиратына барғанда ежелгі мекеннің тарихының әр парағын оқығандай боламыз, – деп дастархан басында сексеннің сеңгіріне шыққан Дүздубай Қалыбеков сөзге араласты. – Академик П.С. Палластың 1769 жылы жазған: «Орская крепость находится в киргизской степи, недалеко от Яика» деген дерегі бар. Ал В.И. Дальдың зерттеу еңбегі бойынша бұл өңірге халықтың қоныстануы (б.э.д. 348 жылдан) ертеден екен. Оған тағы бір дәлел – мұрағаттардағы сарматтардың қару-жарақтары, тұтынған заттары. Ағаш айна, қола айна дейсің бе, біраз мүлік бар. Ор деген сөз қазақтан басқа тілде кездеспесе, қала тарихы 1896 жылдан басталып 897 түгінде 12 890 жан, оның 2 474 крестьян ғана. Әбілқайыр ханмен Ресей патшалығының келісімі, сауда қатынасы бойынша әскери бекетке казактар, түрлі ұлттар шұғыл қоныстана бастайды. Байтақ өңірде 71 815 жылқы, 50 136 ірі қара, 92 350 қой, 14 680 ешкі, 4 240 шошқа өсірілсе, Орал тауынан су ағыны Үлкен Ортағазым, Таналық (Тана руы), Үлкен күбірлі, Сүйіндік, Құмақ деген жер атауларын картаға түсіргенде Әбілқайыр хан бақылап, жазба деректі қатесіз белгілетсе керек. Ал қазақтар мен башқұрттардың иелігінде 3 555 086 шаршы метр жер болса, әскерилерге жалға бөлінген жер көлемі бар болғаны 752 099 шаршы метр. Жоғарыда Тарастың қазақтар «жаман қала» атандырды деуі патша жендеттері мен казактардың жергілікті халыққа жасаған қастандығы, ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алып, аяусыз зөбірлеп, біразын жерінен бездіріп көшіріп жіберсе керек. Орскідегі Тарас мұрағатында сақталған қазақтардың тұрмыс, тірлігі туралы жазбалары, фотосуреттері оған дәлел. Сонымен әлемдік сауда қатынасы мақсатында поляктар мен литвалықтардың да өмір сүргені, түрлі металл ақшасы сауда қатынасында болғаны белгілі. Орскідегі оқу орындарында, шағын өндірістерде испандық математик Жуан де Ортега еңбектері насихатталса, Джон Кэстль Әбілқайырдың бәйбішесінің суретін салып, қазақтар арасында жүреді. Демек, қаншама ғасырлар өтсе де, Орск тарихы Еуропа мен Азия халықтарының ежелден байланысы жүйелі болғанын әкелерімізден, аналарымыздан, көзі көргендерден естідік, мұрағаттардан көріп,

оны ұрпақтарымызға айтып, көрсетіп отырамыз. Одан жүректегі шемең боп қатқан жара жазылар ма? Зер әжемнің туған ауылы «Тумабұлақ», туған ағасы Ұзақбай Құлымбетов, қоғам қайраткерлерінің бірі, ақпараттарда оны «халық жауы» деп ұстағаннан кейін бір түнде мал-мүлкін тастап, балаларын ертіп, жаяулап Орск қаласына келіп тығылады. Ешбір жанға тіс жарып, аты-жөндерін айтпай, ет комбинатында жұмыс істейді. Қоғамның қаны-пезерлерінен үрейленіп жүзін көрсетіп, кісіге тіке қарауға жасқанатын, күн батып, қаракөлеңке болғанда дауыс салып ағасы Ұзақбайды жоқтайтыны ешуақытта есімнен шықпас. Үрей қарашаңырағымызды басып түнеріп тұрды, ауыр қайғыдан әжеміз жүдеп, жан азабымен о дүниелік болды. Сол кездің адамдары бір-бірінен сезіктеніп, үрпие қарасып ақылынан адасқандай боп жүретін тәрізді еді, – деген Дүздубайдың сөзін Сайын тірілтті:

– Дутовтың бандылары қаланы өртеп аяусыз талқандады. Қала бірнеше күн бойы өртеніп жатыпты, осы кезде Самара, Ақтөбе қалаларынан Қызыл армия көмекке келмесе, Орск жермен-жексен болуға шақ қалыпты. Енді Орск мұрағатының деректері сөйлесін...

Қызыл террор тұсында 7 мың орскілік атылып кетсе, өлкелік мұрағат қызметкері Е. Нижник 1919 жылы Қызыл Армияның комиссары болған М. Терехов 1937 жылы жалламен түрмеде отырғаны, 10 жыл үкім дегені, көрген қорлығы, үш жүз адамды атып қазашұңқырға лақтырғаны, түрме қабырғасындағы зұлымдықты қарт большевик кешіре алмағаны қанды қырғынның ұмытылмас дерегі еді. Бәлкім, пенде бір-біріне өштесе қараңғы үйде шірітемін деп жалалай салудың шындығын ашуға заң орындары атүсті қарады ма, әлде жоғарыдан нұсқау беруші Сталиннің сенімді серігі Ішкі істер халкомы Г. Ягодадан тапсырыс қатаң ба? Орскінің халық сотында Хабаровск ауыл кеңесі бойынша М.Г. Помитун, К.Т. Уфимцова, кеңшар бастығы Вушиннің қылмыстық ісі қаралып (1-с.қ., 1-т.) 54 гектар егіс алқабын шегірткеге жегізгені, шегіртке тоқтамастан 600 гектар жерге жайылып кеткені үшін Помутинге 5 жыл үкім, Вушинге 1 жыл 6 ай үкім шығарылған. Ал ГПУ-дың №2299/47 протоколы бойынша

И.В. Старчинковтың жалға алған бес жүз гектар жері, 6 аты, 5 ірі қарасы, 3 қойы, ұста дүкені болған екен. Барлық жұмысын атқаруға жалшы ұстаған делініп, он жылға үкім кесіледі. Зейнелғабиденов, Байжанов, Старков колхоз басшылары, Корнов МТС директоры капиталистермен, байлармен сөйлескен, бірге отырып ас ішкен деп айыпталады. Ал Орск прокуратурасының қылмыстық іс құжатында (1-қ., 1-т., «а», 34-қ.) қоғам мүлкін ұрлағандар жөнінде 34 іс қаралып, 136998 рубль өндіріліп, қылмыскер 20 адамға 10 жылдан үкім, 69 адамға 2-5 жылдан үкім, 49 адамға еңбек түзеу лагеріне үкім шығарылған. Сондай-ақ Тұтынушылар қоғамының бастығы Оспановтың саудагерлігі анықталып, 10 жыл түрмеде қатаң ережеде жазасын өтейді. Осы мекеменің ақшасын жымқырған Көлбаева мен Морозоваға 5-3 жылдан табанда әй-шәйға қарамай үкім шығарылады. Сол сықылды Г. Шумилова, Н. Әмірханов, Қ. Махметов, Т. Үсебаев, тағы басқалары ұсақ саудагерлікпен айналысқан деген айып тағылып жазаланады. Жоғарыда М. Тереховтің: «300 өлік бір шұңқырда жатты, кейбірінің бетін топырақпен дұрыс жаппағасын түлкі тырналап тастапты» дегенін жұрт туған-туысқанын іздегісі келсе де үрейден батпай іштен тынады. Қан түкіріп бұғып отырады. Өзінің халқын аямаған үрейлі қоғам Орск қаласының құрылысын басқарып жүрген Ф. Даньшинді жұмысқа кешігіп келді деген күзетшінің сөзіне бола үштіктің шешімімен НКВД 10 жыл түрмеге отырғызса, шіркеуді басқарып жүрген В. Косолаповты, жанұясындағы 9 адамды да бірге жазалап Беломорканалға айдап жібереді. Қуғын-сүргін жылдарындағы жазасыз сотталғандардың ісін қайта қарап, 7 мың орскіліктің қылмысы жоқ деп ақталған дерегінде С.Н. Помещников 57 жасында көкөніс сақтайтын қойманың күзетшісі болып жүріп, Орынбор облыстық УНКВД үштігінің үкімімен 10 жылға сотталады (20.06.1989 жылы ақталған). Зауыт жұмысшысы А.Д. Вольнов, ағаш шебері А.В. Селиверстов, тас қалаушы Д.Ф. Гудков, ағаш шебері Д.В. Рязанов, теміржолшы А.П. Антилин, мейман күтуші Ф.И. Летов, жұмысшы Е. Нұрмағамбетов, «Промкомбинат» жұмысшысы Сарқұлов, «Ормедьзолото» зауытының



архитекторы Л.М. Груземан, тізім, міне, осылай жалғаса береді. Негізгі айып австриялық және польшалық адамдармен байланысып, сатқындық әрекетке бару, троцкийшілдік-фашистік ұйыммен байланысқандар деген секілді ауыр кінә тағылады. Орск өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері Елена Нижник: «Орск қалалық кеңесінің бастығы И.В. Бондовский жиында: «Партия аз да болса, адамды сыйлауды біле ме? Өркөкіректік, сынға төзбеушіліктің соңы өкініш боларын сезіңдер» дегені үшін НКВД тұтқындаса, Орск қалалық партия комитетінің екінші хатшысы В.И. Цвилиховский «көпшіліктің бәрін троцкийшіл, фашист деп қаралауға болмайды, жалақорлар, қорқақтардың жалған айыбын жіті тексеру қажет» дейтіндей партиялық ұстамдылығын білдірсе керек, үкім кесіліп, қолына кісен салынып, жапон шпиондарымен де байланысатын шығар деп түрмеден бір-ақ шығарады. Сталиндік заманның қанды, қырғындық қасабына іліккендер күн сайын автокөліктерге, жабық темір жол вагонына тиеліп жөнелтіледі, НКВД қабырғасында азапталып, атылып өлгендері қаншама? Энгельс, Шевченко көшелерінің қиылысындағы милиция бөлімінде қаншама адамның көздерінің қанды жасы толассыз ағып, көбісі өсек-аяңмен, жаламен сотталып, жанұясындағы балалары өмір бойы жаудың ұрпағы, туысы, тұқымы деген атақпен үрейленіп өлімші болып тірлік етті. Ал КСРО бойынша 1936-1938 жылдардағы үлкен тазалауда 5-10 миллион адам тұтқындалса, қоғамға қажетті шара деп түсіндірілген екен. Ал 36 761 әскери басшылар, 300 теңіз флотының шенділері тұтқындалып азап шегіп, өлгені де сұраусыз кеткен («Огонек» журналы. – 1989 ж., №13, 29-б.). 1937 жылғы қаулы бойынша контрреволюциялық элементтерді жою науқанымен сұраныстардың 1-категориясы бойынша Қазақстанда 900 адам атылып, 3500 адам 2-категория бойынша тұтқындалған («Наука и жизнь». – 1997 ж. №9, 72-б.). Қаламгер В. Мочалов кітабында: «Бірінші дүниежүзілік соғыста одақ бойынша 15,2 миллион адам өлсе, 1937-1938 жылдарда 8-12 миллион адамнан айырылды», – деп жазады.

«Залымдық – адам баласының дұшпаны» деп Абай айтқандай, тазалау науқанында жатыпатар атанған сат-

қындарды НКВД мықты пайдаланды. Олардың бір жапырақ жазған жалалы сөзі талай адал, шыншыл, алғыр ойлылардан айырып, туыс-туғандары да жанының амандығы үшін бірін-бірі үрейленіп қылмыскер деп атандыруға куәлікке тартылды. Атыраудың мұраға-тындағы (90-қ., 47-т., 158-б.) деректерде қуғын-сүргіннен жапа шеккендер аз емес. Қылмыстық істің біразы байларды, кулактарды тәркілеуден, оларды тұс-тұсқа жер аудару дүрмегінен кейін шұғыл басталады. Мысалы, Қ. Сүндетов, Т. Құрманғазиев, Қ. Қазиев, К. Қонақбаев, И. Соболев және басқалары істі болса, олардың балалары, жақын, туыстары да азапталып, қатты зардап шегеді. Осындай үштіктің үкімімен қылмысқа тартылып сотталғандадың біразы Орскінің зауыттарында күн-түн қатып, азып-тозып еңбек еткен көрінеді. Айта кетерлігі қуғын-сүргіннің жаппай қырғыншылықпен жүргізілуіне себептер жеткілікті болар. Ең бастыларының бірі Мәскеуде 1937 жылдың 23-30 қаңтарында КСРО Жоғарғы Соты, жоғарғы әскери коллегиясының ашық сотының үкімі одақ бойынша жедел қаралған сот мәжілісі, прокуратура, НКВД мекемелеріне троцкийшіл-зиновьевшілдер шетел басқыншыларымен байланысып, КСРО-ны құлатуға шпиондық әрекет етуде деген шешім, олардың 17-сінің қылмыстық ісіне 8-58-1-а, 58-8, 58-9 және 5 811 РКФСР Қылмыстық кодексі бойынша үкім шығарылғаны аса құпия түрде адамдарды тұтқындауға сұранысты орындауға құжат есебінде қарастырылған секілді. Өйткені қаншама адамға тағайындалған жазада жапон шпионы, неміс шпионы, экономикалық террор ұйымдастыруға әрекет еткен дегендей жалған айып тағылып отырғандығы белгілі.

– Халықтың көл-дария көз жасын бала жастан көріп, түн ұйқымыздан шошып, ілгері аттағанмыз кері кетіп, үреймен тұншығып өстік қой. Туыс-туған шаруаның ісін сөз ете бастаса, жатыпатарлары ұйып тыңдап, адал сөзіңді қылмысқа икемдеп бұрып жатты. Үш адамнан артық басы қосылғандар үкіметке жаулық ойлап кеңеседі деген қараниеттік ойлылар да өмірден өтті, пенденің үнсіз жүріп, бірінен бірі қауіптенетін қасіреті қандай ауыр еді, – деп Қалыбеков Дүзелбай туған нағашысы Ұзақбай

Құлымбетовтің ақталғаны туралы хабарды естігенде қуанышы қойнына сыймағанын айтады. Кәлдария көздің жасы тыйылып, Қызылтау бауырына шөккен қайғы бұлты тарап, Жайық өзені бабымен толқи ағып жатқан Орскіде елу шақты ұлттың адамдары бір үзім нанды бөліп жегендей татулықпен тірлік етуде. Орыстың «тапқан – анаң емес, баққан – анаң» деген мақалындай, ұрпақтың ана тілін ұмытқанына қынжылыс әрбір қазақтың жүрегінде. Десе де, қуғын-сүргіннің зұлмат зілді оқиғалары мұрағаттарда сақталып, өлі аруақтар тыныштықты ғана тілейтіндей сезінесің... Қанды тарих кейде ойға түссе есіңнен адасып, зәрең қалмай бүгінгіге жетіп шүкіршілікпен тірлігіне тынады тағы. Әйтпеске, амалы қайсы... қолдан келер дәрмен жоқ.

– Басы зеңіп қанша шыдаса да, күпті жүрек жылайды. Балқия әжем қуғын, сүргінде бас сауғалап қашып кеткенде, ұзақ жылдар бойы көрмеген апасы Қалиламен кездескенде «сағындым-ау зәузатымды» деп Қалила үн салып еді, – деді Сайын Байзоллаұлы. Сондағы Қалила зары төмендегіше:

*Ойылдың бойы самал-ды,  
Тұрмеге тықты жарымды,  
Сыпырып алды барымды.  
Теке сақал шауып жүр,  
Қарыстыр деп жағыңды,  
Детдомға бер деп балаңды,  
Зәрлі тілін жаланды.*

*Ойылдың бойы самал-ды,  
Жазылмайтын түрі бар,  
Жүрекке тұскен жарамның.  
Қарғыс атсын  
Жатыпатар залымды!  
Боз жусан желмен боздайды,  
Қайғы, шерді қозғайды.  
Жаралап жатыр әр дыбыс,  
Көкірек күпті санамды.*

*Ойылдың бойы самал-ды,  
Толып жүрген бір әңгі  
Аш қасқырдай талайды.  
Түнерген сұсты түндерде.  
Жатыпатар саларылаңды.  
Басы сірә кесілмес,  
Іштен шыққан жыланның.*

*Қолыма ұстап құранды,  
Аллаға ғана сиындым.  
Жұрттың көбін жау деген,  
Үндемес деген ұйымның.  
Қара дауыл құйында,  
Зәресіз жүрер күн қайда?  
Адамынан айырылған,  
Зар көкірекке сыймайды, ә! –*

деп аңыраған талайлардың көз жасы көлдария боп жатты. Содан апалы-сіңлілі Қалила мен Балқия туған ағасы Мәтжанның емханада қайтыс болғанын естеріне алды. Рас, қуғын-сүргін жылдарында халық аштықтан түрлі ауруға шалдықты. «Доссор, Мақат халқының 80 пайызының қаны аз, 40 пайызы қарын, ішек аурулары. Мұнайшыларға нан жетіспейді. Дәрі-дәрмекке өте қардармыз! (90-қ., 47-т., 158-б.) – деп дәрігер Казанский «Наркомтрудқа» хабарлама салғаны қуғын-сүргіннің қалың зардабынан не түрлі індет халықты жалмап жатқанының ащы шындығын көпшілік біле берді ме? Бәрі үкіметтің қара сандығында құпия жатты. Жаппай қырғынның басталуы 1936 жылдың қыркүйегіндегі ЦК ВКП(б)-ның саяси бюросының «Троцкийшіл-зиновьевшілдердің» революцияға қастандығы жайлы қаулысына орай, КСРО НКВД-ның №00447 бұйрығы бойынша УГБ НКВД қызметінің 3-бөлімі мен 4-бөлімі арасында жауды кім көп тұтқындайды, соған байрақ деген жарыс ұйымдастырылған екен. Оны қарапайым халық қайдан білсін, емін-еркін жүріп-тұрса да, қызыл жағаның көзіне түссе түрмеге кете барады. Онсызда төрт бірдей аштықтан қырылған үрейлі қазақтар аш-жалаңашпыз деп айта алмайды. Айта кетелік,

орынборлық тарихшы Саложников: «Мен білетін қазақтар саны 1911 жылы 8 200 000-нан бірде-бір кем емес-тін. Санақта кейбір қазақтар төрт-бес қара домалақ бар деп он баласы болса да шындығын айтпағанның өзінде», – деп жазғанын еске алсақ, аштық, қуғын-сүргін, ақтардың қырғыны, қызылдардың ойрандауы салдарынан көбі мерт болған. Жоғарыдағы мұнайлы аудандардағы халықтың нанға, дәрі-дәрмекке жарымағаның, түрлі індеттің ауырлығын дәрігер Казанскийдің күйзеле жазады.

– Дегенмен сұм-сұрқияның жағдайы жаман болған жоқ, қару-жарағын асынып асты-тасты, – деп Ырысты қан түкіргендей күрсінетін-ді.

– Пенде болғасын маңдайға жазылғанды көрмек бар, татар дәмің таусылып, көрер жарығың біткесін өлмек бар. Айналымға келмейтін қасқағымдық ғұмырыңда таудай жамандықты қабырғаң қайысып жеңбек бар. Өтірік күлетін зұлымдар кездесе айтқанына амалың құрып сенбек бар. Аққұла кетер еңбек бар. Көресіні көрмей көрге түспейсің дегенге көнбек бар. Ырысты әженің көкірегі қарс айырыла өткенін ойлады. Жоқтау зары талып-талып жетер деймісің жарының құлағына, сызат түспес сағыныш пен шыдамына. Аллаға жалбарынады жараланған жанына ем іздеп. Төңірек меңіреу, жауап қатпайды, таңды таңға ұрса да көз ілмей. Арман, үміт қою таң арасынан пайым таптырмайды, қос жүрек зарын айқай-сүрең ұмыттырғандай түрі бар. «Есіңді жи, ұрпақты аман сақта!» деген жарының қатал үні бар. Жары Жолмағамбет балалары, інілерімен Ойыл өңіріндегі мұнай қорын зерттеп жүргенде ауданға барған сайын 1932 жылғы аштықта қырылған адамдардың сүйегін жинап, жерлеп діңкесі құрығанын айтатын еді. Құтмамбет ұрпағы Қасқырбай, Қалиқан, Ғалымжан, Еркеқаралар мұнай шаруасында еңбек еткен адал жандар емес пе еді. Қайтіп кінә тапты, жау деген не сұмдық, – деп нағашы әжем Ырысты жазықсыздан жау атанған құдай қосқан жары Жолмағамбетті ойласа, бұл қайғы бірдің емес, мыңдардың басында деп өзін-өзі кейде жұбатады. Кер заманға лайқат зәлім, қанішер адамдардың қиянаты екенін түсінеді. Әйтпесе, Жолмағамбет Аннен-



ков басқарған ақтардың армиясын талқандауға қатысып, Атырау Ішкі істер басқармасының жауапты жұмысын атқарып, одан соң мұнай өндіру шаруасына кірісіп еді. «Кеңес үкіметі жарылқайды, теңдік алдық» деп жүргенде жау атануына ешкім сенбес еді.

Шен-шекпенді сұстанып қағаз, қаламын алып:

– Әкең Құтмамбет Нобельдің мұнайшыларымен бірге қызмет істепті. Рас па? Жерді сатқан шығар.

– Рас болғанда қандай. Жер менікі, қазақ қызын сатса да жері сатылмайды, табысымызды дұрыстап төле деп ша-тақ шығарыпты. Жерімнен қуып шығамын депті. О заман бөлек қой, ақыры Ленин көсеміміз нобельшілерді тыр-қыратып қуып шықты ғой деген анық пікірімді түсінуің қиын ба?

– Әкеңнің мінезіне тартып, Кеңес үкіметінің мұнайшы-ларына жаулық көзбен қарамайсыз ба?

– Жаулық деген не деген сөзді қоқсытып тұрсыз?

– Әкеңіз ауқатты болғасын, байлардың қағазын, арыз-шағымын жазып заңсызды заңдастырып береді деседі.

– Деседі дейтін сандырақты айтудың өзі ұят.

– Қылмысын жасырғысы келетін көңігілер ұят деген сөзді желеу етеді деп әлгілер беттейді. Залымдардың зобалаңы саясаттанған, өздерінше дұрыс, жала жабу-лары оңай. Құлқының үшін, совет үкіметіне қарсы астыр-тын үгіт жүргізіпсің, байларды қорғапсың дегенді үштік қалайша сұхитып айтады? – деп Ырысты еске алады. Дастархан басында қағаз жазғандардың беті былш етпе-геніне Жолмағамбет ызаланып: «Ақтарды қалай тал-

қандадыңдар, ерліктеріңді ел біледі» демейсің деп әлгілерге айтқанда, олар үнсіз сұрланып, бар болғаны: «Уақыт тығыз, тез киін!» – деп әмір етті. Содан жиырма беске жетпей жесір атанып, екі ұлын бауырына басып еңіреп Ырысты қалды.

Зымырап өткен уақытқа үмітпен алданды. Жары сол кеткенінен оралмады, ең болмаса жұбаныш етер мола-сын да көруді жазбады. Құтмамбеттен тараған Балмағамбет, Бимағамбет, Жолмағамбеттің ұрпақтарын, төрт жүз жылдан бері мұнайшылар әулетінің абыройын сақтап, келіндерін ұйыстырып отыру Ырыстыға жүктелді. Бәрі мұнайшы және. Ескененің мұнайын одаққа танытуда ерекше еңбек сіңірген Құтмағамбет ұрпағы мұң-шерін көкіректе тұншықтырып ар-ожданның тазалығын танытса да, үстемдік иелері «тұқымыңда жау бар көрінеді» деп айта ма деп үрейленіп, жасқанумен тірлік етті. Ырысты ана: «Пәле-жала ұмытылады, қасірет зары көкіректе шөгіндіге айналар, өмірде ізгілік те, зұлымдық та болмай тұрмас, адалдық жеңер түбінде», – деп табиғатындағы аналық ақылын айтудан жалыққан жоқ. Көкірегіндегі үрейді сездірмей, ертеңіні көріп тұрғандай, келешекке сене білді. Әулет мұнайшылары Атырау, Ақтау өңірлерінің біраз кен орындарында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Еңбектен зеріккен жоқ, адал терін төкті. Одақтың орден, медальдарын омырауына тақты. Еңсесін түсірмей қайғы-қасіретті жеңе білді. Қандай да үрейді қаймықпай жеңетін үміт, сенім дегенге мысал тарихымызда жетерлік. Тәуелсіздікті көрген Жанша жеңгеміз әкелеріміз бен аналарымыздың аруағына дұғасын оқып, жатса-тұрса тыныштықты ақ ниетпен тілеуі бізге бұйырды, ұрпағымызға бұйырды, қайғы, зардың өтеміне Алланың көзі түзу болғай деп кеткенді келтіріп, өлгені тірілгендей әсердегі шексіз қуанышын көріп едік... «Үрейдің қан жауардай қара бұлты тарқады... Бұл мәңгілік қуаныш болғай!.. Ойыл өңірінде ұлылардың рухы құлаққа ұрар өшпес, ырғақты үні болып естілетіндей сезінеді екенсің. Өткен кездерді ойлап ұзақ толғанып, Ойыл өңірінің ғажайыптары жаңаша таңғалдырса деп тілейсің. Жүрек сезеді, бабалар даңқы сілкінер әлі-ақ!

## БЕЛШЕСІНЕН ҚАНҒА БАТҚАН

Саясаттың долы дауылы ышқына соғып тұрды. Қап-қараңғы түнде тарс-тұрс атылған оқ секунд сайын тоқтаған жоқ. Буырқанған кісі атушылар қара түндей түнеріп қара машина ішінде қара мылтықтарына оқтарын әлсін-әлі салып, таудай көңілмен, қан жұтпа дүлейлікпен ерсі күліседі кейде. Кеудеден оқ тескенде өкіре құлаған адамдардың қаны шашылып жатқанына міз бақтайды, қанға оралған өліктерді киім-кешегін тінтіп алтын, күмістен істелген тұтыну заттары болса, төуір киімдері болса бөлісіп алып, денесін терең шұңқырға лақтырады да күледі. Ажал шашқан ауыздарынан «жаудың жазасы» деп есалаң ой айтса да күледі. Бұлардың миында сезім жоқ, аянышты білмейді. Адамдардың қаны лықсып ағып теңіздерге қосылып жатқандай екенін де түсінбейді. Қара дауыл саясаттың орындаушысы болғандарын өздеріне мақтан көреді, халық ең қымбаттысы – ақыл иелерін жоғалтып жатқан жоқ па деп қаперіне де алмайды. Арман-мақсаттарын саясаттың көлеңкесі, көсемнің сүгірет елесінен ғана тауып, өздерін ерекше адаммын деп сезінеді. Жаңа қоғам орнатуда батылмыз, өжетпіз, саясатқа әділміз деп кеуделерін өрлікке билетеді. Қара машина елу үйлі «Қаракөл» кеңшарына да келген. Шіренген шикіл сары иығындағы шенін бір сипап:

– Ақсақал, саясатты білесіз, елде «жау» бар ма?

– Шырағым, саясат мені, мен саясатты қайтемін? Кеңес үкіметін көркейтемін деп еңбек етемін, өзіңнің аузың жау бар ма деп сұрауға қалай барады? Лениншіл адамдар жау бола ма екен? – деген Бекқазының сөзіне шенді тосылып қалып:

– Жел өтінде, жер шетінде өмір сүрсеңіз де, Ленин идеясымен көңіліңді шаттандырғанға ұқсайсың, ө?

– Е, інім, елдің жоғын түгендеп, басы артығы болса қолын кісендеп әкетпесеңдер саясаттың жарық нұры деп түсінемін. Өттең, інімді серіктік ұйымдастырып, колхоз атанамыз деп жүргенде өтірікшілердің жаласымен түрмеге әкетті. Лениннің саясатын жалақорлар түсінбей халықты қорлауға айналды, – деген Бекқазының да түр-



меден орыны болар еді. Қызыл жағалыға мұндай қарт түрменің асына шығыннан басқа пайдасы жоқ деп есептелді.

– Адамдардың өзін-өзі асырап тірі жүргенін көпсініп, өмірден гөрі өлімді тездетуді көсемдеріміз жөн деп саясаттандырған сықылды. Өйткені Кеңес үкіметінің бүкіл халқын асырау оңай еместігін, әлемдегі ең мешеу мемлекет екенін түсінсе керек, 1922-1923 жылдары И.В. Сталин Сібір өлкесіне келіп кеткеннен кейін жер халық комиссары В.Г. Яковленко Сталинге жазған хатында «Еңбекші ерлердің пікірі – Кеңес үкіметі ер адамдардың тәуір өмір сүргісі келетінін ұнатпайтын сықылды» деп жазса, комсомол мүшесі Пинегиннің «Жеке меншігіндегі әрбір жұмысшы жалғыз аты немесе жалғыз ірі қарасын тегін есебінде сатса, шаруашылық қалай өркендемек?» деп дабыл көтергені де аштық қыса бастағанын дәлелдейтін құжаттар еді, ал Новосібір, Барнауыл, Омск өңірлеріндегі астық өндіретін шаруашылықтардың 65 пайызы кулактардың меншігінде еді. Олар Кеңес үкіметін жылы қабылдаған жоқ, – деді омбылық қарт Есенқұл сөзін жалғап, – аштық ел шегіне келсе өрттей жалмай бастайтынын көргенбіз. Комсомол жастар таңның атысы, күннің батысы дейсің бе, көше-көшелерде аштан өліп жатқандарды жинап, жанымызды қинап, көкірегіміз қайғыдан күпті болған кезең ұмытылар ма? Міне, солақай саясат қырғыны дегенді айтудың өзіне көңілің дауалай бермейді. Аштық ажалының шеңгелінен құтылғандар аз-тын.

– Саясаттың тым құбылғаны талайдың өмірін үзді, талайды босқындыққа ұшыратты, әсіресе, азғантай ұлттарға жаулық пиғыл шүйілді, – деді неміс Гейс.

Айта кетелік, Омбы әкімшілігінің кең бір бөлмесінде «Қазақ мәдени орталығы», «Неміс мәдени орталығы» ұлттық мүдделеріне сәйкес жұмыс атқарады. Мақсаттары – қандай салада қызмет атқарса да діні, тілі, ділін ұмытпай бүгінгі ұрпаққа насихаттап татулықпен тірлік ету.

Есенқұл – әдебиетші, тарихшы, өмірден түйгені көп шежіреші десе де болады. Осылай пікірлесіп отырғанда еңсегей бойлы неміс азаматы кеңсеге кірді. Жүзі таныс, көзіме оттай басылды. Аман-саулықтан соң:

– Ақмола облысында болған жоқсыз ба? – деп қалдым.

Ол күлімсіреп:

– Туған жерім Атбасар ауданы, – деп қазақша тіл қатты таза жанын танытып. – Кеңес үкіметі құлағасын немістер Германияға үдере көшті ғой. Одақ бойынша он-он бес жылда екі миллиондай Кеңес үкіметінің есебіндегі немістер тарихи отаны – Германияға оралды ғой. Бес-алты жыл тарихи мекенде өмір сүрдім. Несін жасырам, тәртіп, тәрбиеміз өзгеше, бейне жат боп көрінді де, Омбыға оралдым, – деді де Гейс ойын үзіп, қайта жалғады. – Қазақтар айтатын еді: «Кіндік қаның тамған жер қадірлі, кімнің жерін жерлесен, соның суын сула, асау ойың туған жеріңмен қалыптасады, сезім салқындығын шүбәсіз жеңесің» деп. Расында Кеңес үкіметінің жүйесі, саяси тәрбиесі болсын, қазақтардың дарқандық пейілі болсын, жас кезден үйреніскен қалыпты ұмытпай, өзге мекенде өгейсіп тұрады екенсің. Тағдырмен таласу қиын, арманың шарқ ұрса да, өткен күндер елесіндегі жақсылықтар жаныңа тыныштық таптырмайды. Сөйтіп Атбасарға оралуға арсынып, Омбыдағы Ресей-Германия бірлескен өндіріс орнына жұмысқа орналасып тірлік етіп жатырмын. Сібір өңірінде өмір сүрген ертедегісі бар, бүгінгісі бар, немістердің тарихын, өлісінің, тірісінің бастан өткізгендерін біліп, ұрпағымызға таныстырып, қайғы-мұңның жауабын тауып көзімізді ашқан артық емес қой.

– Сібір өлкесінде ертеден немістер аз қоныстанған жоқ қой.

– Әрине, бірақ азғантай ұлт көп халықтың ішінде саясат теріс болса азап шекпей тұрмайды. Көбіне жоғарғы биліктен басталатын саясат төменгі жерде бұрмаланып жататыны да болады ғой. В.И. Ленин Германияда «Искра» газетінің алғашқы сандарын шығарды, революцияны дамытуға немістерден де қолдау көрді. Көпұлттылық саясат қиялдың ойыны тәрізді болып кетсе қайтесің. Неміс тарихшысы В. Бруль жазбасында 1917 жылы революция мен азамат соғысында немістер онша белсенділік таныта қоймағанға ұқсайды. Оның басты себебі шығар, Ленин діннен без деп жар салып жатса, яғни «всякая религиозная идея, всякая идея о всяком боженъке... есть невыразимейшая мерзость... самая опасная мерзость... самая грустная

зараза» (В.И. Ленин. Об атеизме, религии и церкви. – 1980. – Стр. 350). Сөйтiп, азамат соғысы жылдарының өзiнде Ресейдегi 120 мың немиc қуғын-сүргiннiң қауpiнен шошып, үрейленiп Германия мен Америкаға жер ауып кеткен емес пе? (Л.П. Белковец. «Большой террор» и судьбы немецкой деревни в Сибири. – М., 1995. – Стр. 10). Үйренiскен ел мен жердi қимай, осы жерде тудық, өлсек осында өлермiз деген немиcтер де аз болмағанға ұқсайды. 1925 жылы Сiбiр өлкесiнде 26 424 немиc өндiрiс орнында және шаруашылықтарда еңбек етсе, «Құлынды» даласындағы серiктестiктер мен ұжымшарларда астық өндiру, мал өсiру шаруасында кедей немиcтердiң жиырма пайыздайы атылып, түрмеге түсiп, жер аударылып, өлгенi өлiп, тiрiсi өлiмшi болған екен. Азық-түлiктiң аудан бойынша 11,5 пайызын өндiрген немиcтердiң бар жазығы, ауыр кiнәсi – «Шетелге кеткен немиcтермен байланыстарың болған, Кеңес үкiметiн құлатқыларың келген, шпионсыңдар» деп жазалауды аяусыз жүргiзген. Қандай да болмасын Кеңес үкiметiнде «Қызыл террор» зұлымдығын кеулетiп, саны аз ұлттардың көздерiне көк шыбын үймелетiп көрсетпеген бейнетi қалмаған-ды. Аяғын аттаған сайын ажал андиды, құрып кетугет тақаған қасiреттi оқиғалары тарих беттерiнде қалды. Тiрлiктiң астан-кестенi шықты. Далаларда адам өлiгi шiрiп, құзғын құсқа да жем болды. Адалды да ажалдан арашалайтын пенде табылмады, үрейлi халық желiккен қанжұтпа саясатқа жанын пида еттi. Түрлi мәлiметтердi жүйелеп ойға алғанда, Кеңес үкiметi халықты асырай алмайтынын түсiнiп, құпиялы түрде небiр себеппен адамдарды өлтiрудi, қыруды ойлаған сыңайлы. Өлi тоқырау, айуандық саясат тiрi қалғандарын үреймен бағындыруға мүмкiндiк алғаны көрiнедi.

Адам үрей арқылы рухынан айырылып кiсiлiк қалпын жоғалтады, ол үрей ұрпақтан ұрпаққа жалғасады. Тiрi жүруi үшiн пенде опасыз, сатқын, жағымпаз, пәлекор, не түрлi зөлiмдiктiң құрмалы болып азып-тозып бiгедi. Үреймен өлген рухтың қайта қалпына келуi екiталай. Үмiт, сенiмiн жоғалтқан пенде айуандық тiрлiктi табады. Дос дейтiнiң залымдық ойлайды, сүйген жарым дегенiң өзөзiлдiк жасап, қайғылы, қам көңiл, мұң-шерлi

жүрек жақсылыққа талпынбайды. Жадау көңілді ажал арбайды. Сүлесоқ өмір басты тауға, тасқа соқтырады. Адам қанының судай аққан кезі басталысымен 1927 жылы ақпан айындағы ОГПУ-дың дерегінде Омбыдан 175 жанұя Канадаға өтіп кеткенін дәлелдейді. Бұл дерек бойынша көшіп кете алмаған кедей, шаруа немістерді тұтқындауға, шетел шпионы деуге таптырмайтын дерек еді. Зарлылардың қалың қайғысы, ажалына басқа да себеп табылмады деймісің. Мұндай тарихи деректерді Гейс те біледі, мұрағат ақтарғанда өзіміз де танысып оқиғаға қанықтық дер едің.

– Саясатқа ықтап бүрсең қағып, көзіңнен қан ағып, жауыздықтың не түрін ойлап тапқан қасиетсіздіктің дерегін естісем, жаным шошиды. Одақ қуғын-сүргін жылдарында төрт жүз миллиондай адамынан айырылса, талайдың көзінен аққан қанды жас ұмытылар ма? – дейді Есенқұл. – Қуғын-сүргін террор революциямен бірге басталды ғой. Ең сорақысы, адамдарға жарық дүниені көпсінгендей, жиған-тергенін, мал-мүлкін тартып алып, аштыққа ұрындырды. Бала кезімізде көзіміз көрді Омбының темір жол вокзалында күн сайынғы аштан өлгендерді жинап үлгері алмайтын едік. Олардың бәрі де Қазақ елінен шұбырып келгендер болатын-ды. Өлер алдында зарлап кеткендердің құлағымда үні қалды.

*Жүректі қайғы қозғайды,  
Боз дала желмен боздайды.  
Бозарған үміт алыстап,  
Кеткенінде сол қайғы.  
Зұлымдық толы айналам,  
Жақсылық неге озбайды?  
Көгімде құзғын құстар жүр,  
Қайғыны қозғап зырлайды.  
Бақыт деген өлшеулі,  
Қонақтап мәңгі тұрмайды.  
Ашыққан мына халыққа,  
Тойып ішер ас қайғы.  
Белсенділер қарны тоқ,  
Ажалға жұртты бастайды.*

*Адам – құнсыз,  
Өліп жатқанынан саспайды, –*

деп Есенқұл не түрлі қырғындарда ақылдылар, даналар, ойлылар алдымен өлетінін жан жүрегі тебірене айтты. Жойқын қырғында өлгендерге өкінішпен сәл үнсіз қалып бүгінгі еркіндікпен айқындалған деректерді ұрпаққа жеткізудің мәні, маңыздылығын тілге тиек етті. Қазақ ұлтының да басына төнген қайғы мұхиттай терең, қан дариясы шексіздей еді.

«Тұтқындау саясатының сұмдығы 1928 жылдың қаңтарында Сталиннің Сібір өлкесіне келіп Новосібір, Барнауыл, Рубцовск, Омскідегі партия-совет активтерімен кеңесінен кейін іле-шала басталды. ОГПУ дереу тұтқындау әрекетін қолға алды, – дейді Алтай өлкесі мұрағат басқармасының бастығы Г.Д. Жданова. – Жұрт жан сауғалап үрейленді, атып жатты, түрмеге топырлатып жауып жатты. Мысалы, Ремпель Яков Мартиновичтің жекеменшігінде он үш гектар егіншілік жері, екі аты, екі сиыры, бір қойы болса, кіріс пайдасы 500 рубль, салық төлемі нақты, сөйте тұра ол кулак болып жазаланады. Одан да сорақысы, Үштік пен ОГПУ-дың 31. Ч111-30 г. №185 қаулысы бойынша Я.П. Петерс, М.С. Кириченко, И.А. Плехотникова, И.М. Винтер, Д.Ф. Нейфельдтерді атуға үкім шығарса, 25 адамға концлагерьлерде бес-он жыл мерзімде түрмеде отыру жазасын берген. Қуғын-сүргіннің бір күнгі қасіреті осындай. Әркім жанын аман сақтау қиындаған тұста бірен-саран немістер темір жол бойымен жаяулап Германияға кетіп, жолшыбай талайы аштан өлген оқиғалары да болған. Сібір өлкесіндегі халыққа ОГПУ-дың қара мылтығы кезеніп, ажал оғы кеудеге шүйілген кезде талайлар жазықсыз да шапа шекті. Қасіретті қайғыдан Одақ теңселіп жатты ғой, мұрағаттағы әрбір парақ қағазды қозғасаң, қан жылаған адамдар көз алдыңа елестейді, сай-сүйегінді сырқыратады... Алдымен ақыл иелері оққа ұшты ғой...».

Ұлтымыздың ойшылдары, даналары, біліктілерінің қай-қайсы болмасын дербес мемлекет болуды, басқа республикалармен экономикалық қатынас арқылы дамуды

көздеп, сол жолда күрескендігі де белгілі. Олар қырғыз-қайсақ деген сөзден құтылып, РКФСР құрамында болса да Қазақ Автономиялық КСР-ін құру мақсатында 1920 жылғы 26 тамыздағы Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің декреті бойынша әкімшілік-аумақтық шекара, қаржы, техникалық құралдар, басқа да толып жатқан істер тетігі белгілі болған. Оған Т. Рысқұлов, С. Қожанов, А. Байтұрсынов және басқаларының құнды ұсыныстары, қосымшалар тапсырылған. Оған Сталин көнер ме? Американың түрлі штаттарының жай-жапсарын ойламайды деймісің. Егер Кеңес Одағына, бір партияға, бір ұлтқа негізделіп құрылмаса, лениндік идея да жүзеге аспасы белгілі. Сондықтан Сталин ұлтшыл, солшыл, оңшыл деген сықылды саяси астар беріп басқыншылық тәртіпті нығайтпаса онсыз да мешеу елдер бет-бетімен түйе айдағандай болады деп түсінбеді деймісің. Сондықтан Сталин: «Қырғыз партия ұйымдары ұлттық саясат негіздерін жете меңгермеген және оны практикада бұрмалайды», – деп бір тәртіптеп алса, 1923 жылы ГПУ-ға тапсырыста Алашорданың қызметінде нендей шикілік барын тексеруге бұйрық беріледі. Көсем айтты – жүз пайыз орындалады.

«Степная крестьянская газетаның» №154 санында, 17 наурызда Орынбор қаласының облыстық съезінде қозғалған: «...На съезде стоял вопрос о форме будущей власти. Комиссар г. Оренбурга Букейхан, призывал голосовать за конституционную монархию» деген сықылды мәліметтерден Сталин хабардар емес дейсің бе? Сөйтіп, Кеңес Одағында 1927 жылдан қуғын-сүргін басталды да кетті. Онсыз да аштықтан еңсе көтермей, қырылып жатқан халықты түн ұйқысынан шошытатын үрей кезді. Ерлі-зайыптылар түнгі ұйқыға кетер алдында таңға тірі шығамыз ба, жоқ па деген күмәнмен бақиласып жататын-ды. Тарих ғылымдарының кандидаты З. Байдосовтың 1922-1923 жылғы аштықта қазақтардың 800 мың адамы қырылып қалды деуі, қандай деректен алса да, тым аз сықылды деп жоғарыда айттық. Өйткені ол кезде халық саны да нақты емес және далада босып, қырылып қалған адамды кім санап көмді дейсің. Сондықтан екі-үш жылға созылған аштықта

кем дегенде екі миллион адам аштан өлген болуы әбден мүмкін. «Степная правда» газетінің 1929 жылғы 48 (255) санында Ресей соғыстарда халқының екіден бір бөлігінен айырылды, 1 миллион 700 мың адам өлді, 300 мың адам жараланды, 500 мың адам шетел тұтқынында өлді. Германия 67 миллион халықтан 65 миллионға азайды, Австро-Венгрия 52 миллион халқынан 49 миллионға, Франция 39 миллионнан 35 миллионға азайды. Соғыстың үш жылында Англия, Франция, Германияда өлім 7,11 пайызға өсіп тынды. Бірінші дүниежүзілік соғыс зардабы осындай болуымен қатар, жер шарында испан тұмауы 12 миллион адамды жалмап кеткендігін жазады. Мұндай адам шығыны қазақ елінде де болды ғой. Испан тұмауы да талай қазақты ажалынан бұрын о дүниеге әкеткенін бабаларымыздан қалған сөздер ыспаттайды. «Жылың тұман болсын, ауруың тұмау болсын» деп қарғаса, екінші «Тұманның соңы – жұт, тұмаудың соңы – құрт» деп түйіндеген. Осындай аумалы-төкпелі кезде халық зарын шексе де тірілері болашақтан үмітін үзбеді. Кеңес үкіметі жарылқайды деген сенім мықты еді. Капиталистік қоғамнан көрген зәбірден түңіліп, буржуазиялық саясатқа жиіркенішпен қарады. Оған дәлел газеттің 1929 жылғы 22 августағы санында М. Горькийдің «Если вспыхнет война» мақаласында «Фашистердің «стальной шлем», «война родит героев», «бесстрашные люди» сықылды Американың сақтандыру ұйымы 1913 жылы ұрланған мүлік үшін 2 миллион доллар төлесе, 1927 жылы 17 миллион доллар төлеген. Банды мен ұрыларды мұндай ынталандыру, мемлекеттің сақтандыру қоры арқылы қаржыландыру буржуазияға тиімді, әрі өте керек...» деген ойды білдіреді. Демек, Кеңес үкіметі мұндай бандылар мен ұрыларға жол бермей, заңмен қатаң жазалайтынын санаға жеткізіп тұр. Газеттің 25 ноябрьдегі санында 33 кулактың 1000 пұт астықты халықтан жасырып тығып қойған қоймасы табылғанын жазады. Демек, ұрлықпен күрес бастау алғанын оқушы түсінеді.

Аштан өліп жатқандар обалымызға бай, кулактар қалып отыр деп ұғынады. Көп ретте өзі солай болғаны анық та шығар. Өмір, тіршілік, ғалам, бүкіл әлемде түрлі-түрлі өзгеріс бір елден екінші елдерге естіліп, жаңарып не-

месе азып-тозып жатпай ма? Кеңес Одағы бірегей біртұтас әділетті мемлекет атанып, дүлегей айбарын өлімге танытқан тұста еркіндік аңсаған халықтың бас көтерулері жиі екенін газеттің хабарларынан білеміз. «Степная крестьянская газетінің» 1927 жылғы 30 августағы №142 санында электр столына отырғызылып өлім жазасына кесілген Ванцетти ұлы Саккоға: «Сенің әкең қылмыскер емес, әлемдегі таңдаулы адамдардың бірі, еркіндік аңсаушы, адам құқын қорғауды заңдылықпен шешуді талап етуші. Әкеңнің адалдық жолындағы ісі жұмыр жердегі қорланушы халықты оятады! Сау болыңдар, еркіндік аңсаушылар! Сау болыңдар, әйелім, балаларым, достарым!» – деген.

Сакко да электр столына отырғызылып өлім жазасын тартады. 28 тамызда әлемнің түкпір-түкпірінде Сакко және Ванцетидің жерленген күнінде ереуіл толқулары болғанын жазады. Олардың есімімен талай көшелер аталады. Еркіндік туын көтергендер өлім жазасына кескендерге қарғыс айтады.

Газеттің осы санында КСРО ЦИК-тің сессиясы 1927-1928 жылдардың бюджетін қарап, 6 миллиард 88 мың рубль қаржы бөлінеді. Бұл қаржы еркіндік аңсаған елдің қажетін өтеді ме, өтемеді ме, оны уақыт тарихтың қараңғы қойнауына жасырып тынған. Ақпарат құралдарындағы хабарларда Арал балық зауытында 500 000 центнерден балық өндірілсе, оның өнімі де аш, жалаңаштардың өмір, тірлігіне бұйырмай, «Отанға» жөнелтіліп жатқан көрінеді. Жоғарыда Еділ бойынан қазақ еліне 23 миллион халықтың біразы жер аударуын Сталин бұйрығы екенін айттық. Оларға азық-түлік үй жағдайлары құпия тапсырыстармен нәтижелі қаралса, жергілікті жерлерде олар үстемдік етіп, тартып алу, тонау, түрлі ұрлық, зәбір көрсету байқалып жатқан. «Актюбинская правда» газетінің бір санында «Жетіқара ауданының РПС мекемесінің бастығы Молчанов: «Егер жұмыс істей алмасаң аштан өл, өлігіңді итіме жегізем!» – деп қазақтарды қорлады» депті. Шовинизмдік көзқарас басқа жерлерде де байқалған. Аштық, зорлық, зомбылық, ар, намысты қорлау, өлімші ету, мазақ, түрлі жазалау сықылды дүмпуге шыдамаған халық наразылығы күшейіп, ақырында 1929-1932 жылдарда 372 көтеріліс



болғаны аздап айтылады, бірақ толық зерттеліп, шындықты келер ұрпаққа ашық жеткізетін мезгіл жетті. Орыс тілділердің қазақ жеріне қоныс аударулары толассыз жүргізіліп отырған. Мәселен, Ақбұлақ ауданына 388 жанұя көшіп келісімен билікті қолдарына алып, шаруашылықтардың азық-түлігін мал-мүлкіне қожалық етіп жергілікті қазақтарды шеттете бастаған.

Осындай қорлық ереуіл, көтеріліс туғызбай қайтеді. «Ұра берсең жылқы да шам шығарады» деп, еркіндіктің нақты жолын аңсаған Сакко және Ванцетидей көтерілістердің ұлттық көсемдері тарихымызға алтын әріптермен жазылуы керек еді. Қызыл жендеттердің жылтырақ саясатына малданғандармен, кесер кеңірдегі, орынтағын күйттеген күйкі күйбеңдер шындық айтуға батылы жетпей, қайта ұлттың даналары мен ұлы тұлғаларын түрмеге тоғытып, атып, тіпті тұқымына дейін жойып жатты. Саясаты қарапайым халықты қолдау емес, қорлауға айналды. Оған дәлел – 1920 жылы елден аластатылған Әлихан Бөкейханұлы, Жаһанша Досмұхамбетұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқайұлы және басқа да 47 адамға сот болып әр түрлі жаза алса, 1937-1938 жылдары Алаштың көш бастар көсемдері «Халық жауы» деп танылып, атылып кетті. Халқымыздың данасы Ахметті жоқтаған ақын Уәлі Беспақұлы:

*Айдарлым түсті азапқа  
Болатын тұтқа қазаққа.  
Ахметке қол салу –  
Көрсеткен бізге мазақ па?  
Кетсем де белден тозағым,  
Досыма қолды созамын.  
Ахаң мен Жақаң айдалды,  
Кімнен мен, сірә, озамын.  
Өзіме-өзім оқ аттым,  
Өсекті қардай бораттым.  
Осылай жүріп мен сорлы  
Абыройымды тонаттым, –*

деп зарлаған толғауы халық жадынан ұмытылар ма? Сталиндік зұлматты кешіре алар ма? Торғай екеш, торғай

да ұясын қорғайды, қорғанышынан айырылған ұяда не қалады? Жылан жатады өз інінен безінген. Ұяға қайтып келіп қонақтайтын құсты аңдиды. Жылан ылаңы да құпия. Сол сықылды ессіздік, үрейлі, қорқақтық, сатқындық кеуделерге бір ұяласа, одан еркіндікті, азаттық ойды, ақылды сұраудың өзі қиянат. «Жатыпатар жалбаңбайым» деп іштен тынып, күшінді бүркеніп ажал қашан келер екенсің деп бүк түсіп жатасың. Халық аузында «Сужүректік... түбіңе сол жетеді, өлім, үрей – ағайынды екеуі» деген мәтелге айналған сөз қалды. Оны түсінгендер күрсінер, түсінбегенге бәрібір. 1931 жылы Батпаққара ауданында 46 246 жанұя болған, тәркілеу, тартып алу дүрілдеген тұста қару асынғандардан дірілдегендер малдарын сойып етін жерге көміп, өзен, көлге тастап, қорқыныш, үреймен жаппай аштыққа өздері ұрынған. «Оқтаусыз мылтық та атылады» деп, пышақты кезенбе деп, суық қару ұстамаған қарапайым халықтың 1932 жылы 12 884 адамы тірі қалғанын, олардың иелігінде бар болғаны 8 597 мал барлығын аудан хатшысы Ибрагимов пен аудандық кеңес басшысы Торғаев амалсыздықты айтып жұқарса, оны кім тыңдапты. Қарапайым есепке жүгінсек, 46 246 жанұяның әрқайсысында 4 адамнан болды дегенде, 184 874 адамның аштан қырылғанынан қалғаны 12 884 болса, ажалынан бұрын өлген 171 990 адамның обалы кімге? Қызыл жендеттерге ме? Бәрібір бір өлім деп, қайраты барлар көтеріліс жасамай қайтеді? Бұл бір аудандағы бір кезеңдегі қанды қырғын көрінісі болса, қазақ елінде қанша 656 ауданда қаншама халық қырылғанын айтып жеткізу қиын шығар. Өйткені шындық айту – мылтықтың қарауылына іліндірген қауіп, қатерлі кезде әркімге жан төтті. Бір күн болса да көрер жарықты қимау баршылық. «Кештік өмірің болса, түстік мал жи» деген қазақилық пиғыл және бар. Социализм адамдарға жасалған қатыгез сынақ, ерте ме, кеш пе, капитализмге айналып соғар деушілер де табылған шығар, ертеңін болжайтын естілер болмады деймісің. Голощекиннің нұсқауымен Сталиннің келісімі бойынша 1930 жылы 20 ақпанда Орталық Комитеттің «Экономикалық жағынан артта қалған ұлт аудандарындағы коллективтендіру және кулактармен

күрес туралы» қаулысын орындау мақсатында белсенділер жойқын зұлымдықты танытып, сүргінді бастаған. 1932 жылғы 7 тамызда Қазақстаннан қазақтарды тазарту үшін колхоз мүлкіне қол сұққан адам ату жазасына бұйырылатын болған. Мұны естіп үрейленгенде зөрең зөр түбіне кетпей көрсін. Қостанай ауданының Қызылжар ауылы кеңесі бастығы Жармұхамбетовтің жанұясы да көппен бірге аштыққа ұрынса, үрейлілік емей немене? Ал Шалқар ауданы хатшысының: «Шалқар ауданының 18 ауылында 58 шаруа, 733 адам: «Нан бер, тойындыр, жұмыс жасаймыз, егін егеміз!» деп отыр. Ауданға ВКП Крайкомның және КСНК-ның 1931 жылғы қаулысы бола тұра ашыққандарға көмек азық жеткізу бес-алты айдан бері жеткізілген жоқ», – деген хаты обком хатшысы Жармұхамбетовке, облисполком бастығы Ивановқа тіреп жазылыпты. Мұндай зобалаңда, топалаң қырғында алдымен кісілігі мықты, ажалдан бұрын адалдығымды ойлайын дейтін елдегі жақсылар өледі. Қазақта «Қойшы мінген қасаңға, қазанат айғыр шаппайды» деп халықтың сүт бетіндегі қаймағындай ардақтыларынан айырылғасын, сүм, сүрқия, жағымпаз, қорқақ, сатқын, қаскөй ойлы, өсекшіл ойсыз, есалаң ессіздер, дәрменсіз дәлдірлер көбейіп ұлттың қадірі кетем ме деп ойқанғандар да болған. Дағдарған елдің саналы адамдарымен қатар, бүйте берсе азғанттай ұлттар жойылып кетер деп те күмәнданбады деймісің. Көтерілістердің шығу себептерінің негізі қарнымның ашқаны емес, қадірдің қашқанына тұяқ серпердей сүс көрсету сықылды болды ма? 1920 жылдары КГБ-ның қарамағындағы ғалымдар адамның ақыл-есін, кісілікті жоюдың тәсілін тауып, тіпті адамның қабырғаларын титаннан жасатып сезімсіз, тасжүректікті құпия дайындап іске асырып жатты. Қылмысым жоқ деп еріскендерді ұрып, соғып әбден қажытып, одан соң химиялық қоспалы бір стақан су ішкізіп, тергеуші не айтса соны қайталап, қылмысы жоқ болса да қылмыскермін дейтіндей амалды да жүзеге асырды. Ал ірі ғалым Иванов негр әйелінің жатырына маймылдың ұрығын жіберіп, қолшоқпар, аяусыз адамды дүниеге әкелмектің жұмысымен айналысты. Мұның бәрі тек қана Кеңес Одағы халықтарын ғана емес,

әлемді үрей арқылы жеңіл басқарудың жолдары, жоспарлары емес пе еді. Білікті ұлыларымыз қырғын себептерін болжап, одан құтылудың амалын таппай дал болғаны да анық.

Аштық қазақ елін бүтіндей қаусатып, үрерге ит, тігерге тұяқ қалдырмай жатқанын біле тұра Мәскеудің тапсырмасымен көшіп келушілер тоқтамаған. Ақбұлақ, Қостанай және басқа елді, мекендерге Ресейдің орта Волжский облысынан 3 777 жанұя, былайша 13 427 адам көшіп келген. Оларға бірден 3 500 пұт астық бөліп беріліп, үй жағдайына орналастырған. Осы папкіде Тынышбаев Тұрыстай, Жалмұрат, Бекмұраттар губернияның Адам ауданында тұрып, Орск қаласына көшіп кеткен байлар: «Қазақстан керек емес, қорлау, өлу, не түрлі зәбірлеуге шыдамадық. Патша кезінде қалай жақсы тұрдық, Орскіде солай өмір сүреміз», – деген сөз қалдырыпты.

«Мал-мүлкін тәркілеуге үлгермедік» деген ОГПУ бастығы Титов пен СПО бастығы Духовичтің қол қойып обкомға тапсырған мәліметі де, оған қоса «Торғай ауданында күніне 25 адам аштан өледі, Обаған ауданында 300 адам өледі, Бетбақарин ауданында 585 адам, Семизорда 10-15 адам, Ойыл ауданында 181 адам аштан өлген, Меңдіқара ауданында екі айда халқының 50 пайызы ісіп, кеуіп кеткен, өлім алдында» деген мәліметті де ОГПУ хатқа тіркеп көрсеткен. Азық көмегі жоқтығын айтқан. Мұндай хат, хабарлар Мәскеуге дейін жетіп жатқан. Бірақ тым-тырыс, үнсіздік, аштықтың ылаңына тоқтау салып, көмек беруді Мәскеу қаперіне де алмаған. ОГПУ-дың шындықты айтып шала бүлінуі де саясаттың мың қатпар қулығы деуге саяды. Өйткені ашыққандарға көмек көрсету үшін адамдар жіберіп, жай-күйді нақты анықтадық, бай-кулактардың зымияндық әрекеті бойынша қылмыскерлерді түрмеге жауып, шара қолданып жатырмыз, социализмнің адал ісін бүлдіргіштерге жол бермейміз, деуге керек деректер екені анық. Айта кетелік, аштық 1934 жылға дейін тоқтамаған. «Ырғыз ауданында, – деп жазады аудандық партия комитетінің секретары, – 120 адам аштан өлді. Жетім балалар үйінің екеуінде 470 бала, Ырғыз интернатында 300 бала бар. Оларды азық-түлік, киіммен қамтуға жоспар

бойынша 419 039 рубль керек болса, алғанымыз 54 372 рубль, тұрмыс ауыр, аш-жалаңаштыққа көмек жетпей жатыр...». 1931 жылы 13 ақпандағы «Степная правда» газетінде жарияланған Голощекиннің баяндамасында: «...Астық дайындау компаниясында республика бойынша 182 аудан жоспарларын орындай алмады. Ет өндіру майданында да кешірімсіз кемшіліктер жетерлік, 1 апрелден бастап 700 000 тонна ет дайындап Отанға жөнелтуге тиістіміз», – деп жатса, революцияға дейін әр үйде 40-50 мал болса, кедейленіп аштық ауырлығын тартып, аман қалған үйлердің әрбірінде бірер бас мал қалғаны анық. Оны да белсенді тартып алмай тынбайды.

– Халыққа коммунизм орнатып беремін, осы жолда қыршынымнан қиылсам да өкінбеймін деңдер, басқаша ой айтпаңдар, «саясат кіршіксіз таза» дегенді бетперде еткен жылдардағы аштықта қаншама халық қырылды. Мына қала іргесіндегі Киров атындағы ұжымшарда Нина Сергеевна деген басшы аштықта қала жолдарымен босып келгендерді күндіз-түні арбамен тасып, асханада тегін азықтандырғанын ел тарихы ұмыта қоймас, – деп Аманжол қарауындағы қызметкерлерге кимелеген қиындықты ақылмен, іскерлікпен, мігірсіз адал жұмыспен жеңуді тапсырып, өзі қадағалап болашаққа сенімділікті иландыра білетін еді. Барына қарай ізгілікті істі ұйымдастырғанға не жетсін. «Әкім – халқына жақын» деген сөз мінсіз айтылып жүрді...

## ҚҰЛАШ ҰРҒАН

Өмір дегенің қозғалысқа толы қайнап жатса, Тазшамың жылғыны ойлағандай толғанады. Өлімді де жеңетін ғылым бар, қазақта асқақ ой бар, құдіретпен үндескендей пікір бар. Соның бәрін қағаз қайығының ғылым бөліміне тіркейді, жұртқа мәлім болғанын қалайды. Бүгінде жазатынын жаза бастағанда жанына атыраулық қара домалақ бала жүгіріп келіп: «Көке, жасырын оқиғаның құпиясын аштым, керек пе?» – деді. – Аспанда «Қазақ елі» деген жұлдыз 1996 жылы әлемдік картада шекараларымыз бекіп, беркіген кезде пайда болыпты.

– Тікелей дәлелің қайсы?

– Ақиқатына түсінікті мысал бар. Ертеде Мәскеуде қар жауса, жаңбыр сіркіреп өтсе, жел дүркіреп өтсе арада үш күн өтісімен Ақмолаға табиғаттың сол құбылыстары қайталанып келетін еді ғой. Мәскеу түшкірсе, Ақмола «жәрәкмәллә, мұңсыз бол» дейтін-ді. Оны өзің де, өзгелер де байқаған болар. Ал жұлдызымыз өзгергеннен бастап ондай ауа райының қайталауы сап тыйылған емес пе? Кәдімгі қазақ табиғаты өзгеше дамыды. Жаратылыстың жасырын сырын зерттеп байқадым. Табиғаттың тынысымен пенденің де мінез-құлқы ұқсасып, таланттылар әлем халқының көзіне түсе бастады. Үздік жаңалықтар жұлдызымыздай жарқырап шықты. Енді ұқтың ба, көке? Бәйтеректің басына шығып, әлемде сирек кездесетін өзім жасаған дүрбімен жұлдызымыздың ерекше жарық және сөнбейтіндігін көзіммен көріп қатты қуандым. Жұлдызымыз жоғарылай берсін, жапондармен бірігіп оған барып зерттермін-ау түбінде.

– Ұлым, ой жетпейтін жұмбақ жоқ дейсің ғой. Биікке құлаш ұрған екенсің, жолың таза болғай! Күлкің тау жаңғырықтырып, әуезді үнің жұлдызыңа жетіп тұрсын. Есіміңді дүниежүзі дәріптегенде мақтау сөздің сиқырын төгіп жатсын. Қорқыныш пен үрейден мең-зең болған халық мақтауға тіл жеткізе алмай, жұлдыздай жарқыраған әлемдік таққа отырғызсын!

– Әлемдік жаңа жұлдыз мазмұнының терең мағынасымен, сыр-сипатымен әбден танысып, оны зерттеп, Менделеев кестесіндегі жерімізден табылған жаңа химиялық қоспамен салыстырып, жұмыр жерге таратып, ғылым саласында көп нәрсені ұтамыз. Байқалмайтын құбылыстардың да өлшемін таразылап жұрттан бұрын біліп шығамыз. Көзге ілінбейтіндердің де сырын бейнелеп шындықтың ақиқаттығын жер бетіне таратып талайды қуантамыз, қазақ ұлты осындай дарынды дегізіп. Сонда қыран көңіліміз өз жұлдызымыздың сәулесімен үндеседі, соғысқұмарлар мен лаңкестердің, ойрандағыш терроршылардың жұлымын қырқып тастайтын жұлдызымызда тұрып бүкіл жойқын қаруды залалсыздандырамыз, – деді Тазша періште мінезімен мейірленген ұлға сүйсіне қарап.

– Рас, ақылға ақыл қосылса ежелгі бабаларымыздың ғылымын да оралтамыз. Ертеде жұлдызшыларымыз болған, олар меңіреу түнде, түнерген қараңғылықта жолаушылап жүргенде жұлдыздың тууын, Айдың қозғалысын нақты есептеп сапарласа, адамның өмірге келуі, оның өмірден озуы, тіпті тұрмыс-тірлігі, көрер перзентіне дейін жұлдыздың нешесінде келді, бәрі-бәрін болжап отырған. Мықты жұлдызшылардың адам тағдырын болжау дәлдігі ерекше болған, оларды әулие, киелі деп атандырған. Міне, сондықтан әлемде зерттелмеген жұмбақтар жетіп артылар, алған бағытың құтты болсын.

– Адамзат тарихында жұмыр жерді мекен еткен, жасарын жасап өмірден өткендердің аманаты көп, солардың бірі, Алдар бабамыз жайлы білігім келіп еді, – деді бала.

– Біреулер Алдардың тірі болғанына, әлсіздердің қорғаны пірі болғанына күмәнданып түсіне бермейді. Өз-өзінен қақтығып, тірлігінде береке таппай әр нәрсеге соқтығып жүргендер тарихын ойлауға енжар. Алдар 1845 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Бөкей ордасында байланыс бөлімін басқарған (туған жылы шамамен 1827 жыл болғанға ұқсайды – Т.Қ.) Қай заманда да үстемшілдер әлсіздің қанын соруға жиіркенбеген ғой. Алдар талай жетім-жесірлерді, әлсіздерді қорғап маңдайына шаң тигізбегендіктен халық оны «Тіке би» атандырған, талайлары перзенттерін Алдар есімімен атаған. Сол ұрпақтар да Алдардай болып көптің қорғанына жараған. Есімінің аңызға айналып ғасырдан-ғасырға жалғасуы, бүгінгі Алдарлардың қоғамдағы қызметінің бастауы әріден келе жатқан шындық. Алла сәтін салса, әлі талай Алдар халықтың сөзін сөйлеп, биліктегі кейбір оспадарды қабағының астымен түйіле қарап тәртіптеп тастар. Алдардың әкесі Алдан үстемдіктен көрмеген қорлығы болмағанға ұқсайды. Оған дәлел Алдар өмірге келгенде күн жарығының сәулесін құмарлана жұтып, ерліктің рухын шақырғандай құлшынып, сәбиін айналып-толғанып отырып:

*Алаяқ, арсыз көбейіп,  
Заңнан тойдым, қарағым.  
Сұм-сұрқия көбейіп,  
Арсыздан тойдым, қарағым.*

*Билікте кеткен кегім көп,  
Қиуазын соның қайтар деп,  
Алдар қойдым, қарағым.  
Қорғансыз жүрген әлсіздер,  
Қорған болсаң жарадың,  
Қара қылды қақ бөлер,  
Әділ болсаң, қарағым, –*

деген жазба деректі ешкім жоққа шығара алмайды.

– Тазша көке, күн сәулесі де кейде көлбей түседі, Алдардың пейілі таза болып әке өсиетіне адал болған-ау, шамасы. Ертедегі аштық жылдарында атамның әкесі айттып отырады екен. От ауызды, орақ тілділер әрі білімді, әрі табиғат жағдайына қанық болыпты деп. Аштық халықты қырып жатқанда Қожакөл, Шоңқайлы, Жетікөл өңірін мекендегендер қамыс, қоғаның тамырын, Бүйрек құмы ішінде өсетін өсімдіктің құмаршық дәнін жеп аман қалдық деп. Ақылгөй қариялардың айтуынша, жаңбыр жауман жылдары су ішінде тұрған қамыс та қурап қалыпты. Бүгінгі байларымыз өткен кездің әдет-ғұрыптарының, мәнін, мысалдың негізін түсініп, қурап қалғысы келмесе әлсіздерге көмегін аямаса ғой. Сонда мемлекеттің мықты тірегі орта шаруалар қатары көбейіп жұлдыздарымыздың жарық жолы айқындала берер еді. Бабаларымыз басынан өткен үрейлі өмірін әркім жадында ұстаса ғой, сонда ісі де оңғарылады, баталыға бақ қонған деп дәріптер едік, – деді де айтқыш бала Тазшадан лұқсат сұрап компьютердің жазбасын көрсететін тетікті басты да:

– «Тазша мен сиқыршы» деп тұр ғой, көке, оқимын алақай!.. – деп қуанды. Екеуі бірін-бірі көрген бетте қуанысып қалатынын қайтерсің. – Тазша көке, мен неге сиқыршы болмаймын, – деп қояды бала.

## **ЖОЙҚЫН ЗҰЛМАТ**

Орынборлық тарихшы Саложников: «Мен білетін қазақта саны 1911 жылы 8 миллион 200 мыңнан бірде-бір кем емес-тін. Қазақтар санақшыға он баласы болса да, «төрт-бес қара домалақ бар» деп шындығын айтпағанның



өзінде», – десе, француз тарихшысы Изабелла Огаена: «Аштықта қазақтардың 80 пайызы қырылып қалды. Салдары геноцидтен асып түсті», – дейді. Австралия тарихшысы Стивен Уиткрофт: «Колхоздан шықпау керек, қарсы болғанды атты, отырықшыландыру процесі мүлдем қорқынышты. Аштық...» – деп әлемге жар салды. Жалпыға кездесе бермейтін құпия деректерде 1918-1919 жылдың қақаған қысында аштықтан халықтың 25-50 пайызы өлген делінеді («Известия ЦИК Советов Турк. Республики», 23. 1918 ж.). Қазақстанның бес губерниясы – Ақтөбе, Орал, Бөкей, Қостанай губерниялары және Адай уезінде 2,5 миллион халық аштыққа ұрынған. 1897 жылғы әлем халықтарының санақ мәліметінде жазылған «қазақтар 10 миллион, өзбектерден бес есе көп» дегенді ескерсек, аштық қырғыны қазақ даласын қанға бөктірген. Үрерге ит, тігерге тұяқ қалдырмай малын тартып алып, аштық үдегенін Мәскеу біле тұра Ақтөбе облысының Ақбұлақ ауданы, Қостанай облысына Ресейдің Орта Волжский облыстарынан 3 777 жанұя, адам саны 13 427 орыс тілді халықты қазақ жеріне жер аударған. Голощекиннің нұсқауымен, Сталиннің келісімі бойынша 1930 жылы 20 ақпанда Орталық комитеттің: «Экономикалық жағынан артта қалған ұлт аудандарындағы коллективтендіру және кулактармен күрес туралы» қаулысы бойынша қазақтарды Қазақстаннан тазарту үшін колхоз мүлкіне қол сұққан адамды ату жазасына бұйырған.

– Бабаларымыздың жаны бақытсыздықпен шыңдалған-ау. Қаншама қақтығыс, соғыс, аштық қырғыны басынан өткенде де тірілері еңсесін түсірмей жеңіске бел байлады, ерлік әрекеттерінен жаңылмады. Күшін сарқып алысты, торығу, қайғы-қасіретті сеніммен жеңуге тырысты. Ұлт басына түскен нәубеттің себебін білсе де үмітін үзбеді. Тауға, тасқа соғып маңдайын торықса да әлін шамалады. Ар-намысын сақтады, – деп Қымыр тарихи дерекке жүгінді: «К середине 90-х гг. XX века общее число казаков составляло около 10 миллионов человек» (Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г., 1904-1905 гг. – Вып. 81-87). Тарихи құжатта, бұлтартпайтын нақты дерек бойынша, осыншама қазақтардың 6,8 мил-

лионы – қазақ жерінде, 1,7 миллионы – Кеңес Одағының құрамында, ал шетелдерде 1 535 000 қазақ өмір сүрген екен. Қазақ елінің жер көлемі 1911 жылы 2 386 852,8 шаршы метрді алып далиып жатыпты. Олай дейтініміз Орынбор, Омбы және басқа Ресейге шекаралас жерлерді ежелден қазақтар мекендеген. Байтақ елді мекенде екі жүз ру өсіп, дамып, әрбір қазақ шаңырағында жеті адамнан болғаны да деректен білдік. Жоғарыдағы Ресейдің нақты санағы бойынша, Он екі ата байұлының саны – 550 000 болса, жегіру – 300 000, Торғайда – 410 904, Ақмолада – 389 204, Семей – 604 564, Жетісуда – 515 001, Сырдарияда – 741 811, Маңғышлақ – 63 795, Астрахан губерниясында – 207 299, Омбы уезінде – 38 185, Томск облысында – 24 643, Тобыл облысында – 5 148, Ташкент уезінде – 163 105, Әмудария бөлімінде – 47 145 қазақтар мекен еткенін түрлі құжат растайды (Турчанинов Н.В. Население Азиатской России. Т.1. – СПб. 1914).

– Қазақтың деп көзін ашқан бүгінгі ұрпақ тарихымызға көлеңке түсірмей шындыққа жүгінуге тиісті, ұлтымыздың басынан өткен төрт бірдей аштық зұлматы, қуғын-сүргінде аяусыз қырылғанымызды есінде ұстап, еркіндікке шаң тигізбеуге тиісті. Бабаларымыз қаншама зорлықты көрсе де, шектен шыққан жауыздыққа тап болса да, ұрпағы бақытты боларына, ұлтқа адал боларына сенді, солай есептеп басы жерге жеткенше үмітін үзбеді, – деген Тымыр Қымыр дерегіне таңданысын жасырмады. – Негізін білген ұрпақ негізсіз болмас... Ойсыздық бола қоймас, қара су теріс ақса да мыңқ етпейтін қорықсыздар арамыздан табылмас, сірә? Астана көшелері тап-таза ғой. Көше тазалаушылардың еңбегі қайтты деген жорасы осылай. Адамдар жаны да зұлымдықтан ақ мақтадай таза болса өсіп, өнер еді. Дұрыстығын айтқанда, жүз жылда қазақтардың өсімі қайда?

– Ыңғайсыз болса да шындыққа жүгінсең, төрт бірдей аштықта қазақтардың 80 пайызы қырылса, жауапты қызыл империя саясатынан сұра? Ұлтымызға жасалған жойқын қырғын болғаны рас деп бір ауыз жылы сөзді кім айтар екен? Көршілер үнсіз, неге көрші қақын ұмытады, адам айтқысыз қазақтардың аштықта қырылғанын кезінде

шетел ақпараттары да жазды. Жекенің өмірін емес, жаппай халықтың өмірін жойған қызыл империя зұлымдығын көршінің саясаткерлері білмейді емес қой. Нақты деректер мұрағаттарында тұрған жоқ па? Ұрпақтың ой көзіне үміт арттық... – деп Қымыр жан азабын байқатты да жер шұқыды.

«Әділетсіздікке амалсыз төздік» деген үн бе? Өз құлағына өзі сенбес, сірә. Бірақ тарихтың анығын ашу бар емес пе?» – деп Қымыр күбірледі. Ел елденіп, жерді жерленіп, суын сулап, әркім өз тірлігімен өмір сүріп, бірінікі жетпесе, бірі жеткізіп, елдесінің де, жерлесінің де жан түкпіріне үңіліп, жамандықтан түңіліп, жақсылыққа жүгініп бақыт тапқысы келді, адамдар басқаны тілеген жоқ. Өткен 1900 жылда Ақтөбе уезінің өзінде 10 450 елді мекеннің әрбір шаршы метрінде – 2,4 адамнан, әрбір жанұяда 7 адамнан өмір сүріпті. Ал Торғай губерниясында 435 735 адам егіншілік, мал өсірумен тірлік еткен. Айта кетерлігі, өндіріс саласы дамып, құс, балық өндірісі, тау-кен, тұз өндірісі шаруасында қазақтар еңбек етіп, жылына 6 пұт алтын, 266 643 пұт тұз өндіріп, губерния бойынша 295 өндіріс орны 266 950 рубльдің өнімін Ресейге өткізіп отырған. Сол 1900 жылдары Торғай губерниясы бойынша 12 дәрігерлік учаскеде 45 медицина қызметкері 56 256 адамға дәрігерлік көмек көрсеткен екен. 1903-1904 жылдың Торғай губерниясының шолу дерегі бойынша шаруашылықтарда 2 245 860 төрт түлік мал болған («Тургайская газета», 16-14 қаңтар, №58). Газеттің осы санында Қызыл крест бастығы Н.Н. Ардашев, орман шаруашылығын Ысқақов басқарғанын жазады. Білім беру басқармасы құрылғанын, губерния хатшылары Бубнов, Тұяқин хабарлайды. «Қабырға» болысын Абдезан Тұрғынбаев басқарып, 600 жанұя тарты егіп табыс тапқан екен (ф. 18. хр. 390. Орынбор).

Әрине, Ресей патшалығы отары атанған қазақ еліне ізгілік пен шындықты көзіне көрсетпек түгілі, азаптың түр-түрін ойлап таппады деймісің. Көлгірсіп тұрып ел байлығын тонауды тыншытпады, үсті-үстіне салық салды, оны азсынсаң, ешбір себепсіз қасақана қантөгістер болғаны тарихтан белгілі. Содан запы болған қазақтар

«кеңес өкіметі жарылқайды, жұлдызымыз оңынан туады» деп біраз қуанысты. Тоқтай тұрыңыз, қуаныш ұзаққа бармай мал-мүлкі тәркіленіп, аштан қырылғандардың сүйегі әр бұтаның түбінде қалды. Голощекин басқарған кезде қазақтардың аштан қырылғанын Сталин және басқалары білсе де Голощекинге кінә тақпақ түгілі, «Кіші Қазан» саясатын» дұрыс жүргізіп жатырсың деп қуаттап жатты. Неткен қатыгездік деп түңілесің де Ресей ғалымы А.Н. Яковлев: *«Саяси қуғын-сүргін жылдарында 20 миллион адам ажалынан бұрын өлді»*, – десе, төрт бірдей аштықта қазақтардың 80 пайызы қырылғанын шетел ғалымдары дәлелдеп жатты (Цит. по. Яковлев А.Н. указ. Соч. – С. 41). Жазықсыз өлгендер ақиқатты білмек түгілі, шындықтың аздап сезілуін де аңғармай ажал құшқандарды тарих қалай ұмытады. Аштық үрейі ақыл-естен айырып, тектілікті жойды. Қызыл империяның кешіруге жатпайтын қасіреті осы. Кеңес өкіметінің құрылған алғашқы жылдарында тіршіліктің тұңғиыққа тірелуі белең алады. Өмір сүру дағдысы теріс айналып әркім шыбынын қаға алмай қалады. Әр босағада ажал арбап, ындынды кептіреді. Соғыс қасіреті, дүлей күш дүрліктіріп түрлі елес ентелеп өзек талдырады. 1921 жылдың желтоқсанында қазақ елінде ашыққан адам саны – 1 213 020, 1922 жылы қаңтарында – 1 354 197, ал ақпанындағы есепте – 1 625 396, наурызда – 1 714 324, сәуірде – 2 705 591. Осылай қайғылы есеп мәліметі жалғаса береді. Келгірсіген саясатқа алданған қазақ елінің далаларында аштық қасіреті «Авангард красного востока» журналының №1, 3, 4, 7 сандарымен қатар «Степная правда» газетінің 1922 жылдың қыркүйек айындағы беттерінде ашық жазылған екен. Газетте Бүкілқырғыздық советтердің съезінде де халықтың аштыққа ұрынуын делегаттар ашына айтқан.

«Республикада денсаулық орны жетіспейді, Адай губерниясының территориясына бір Франция мемлекеті сыйып кеткендей, осы өлкеде 270 000 халық есепте тұрады, оларға медициналық көмек көрсетілмеген. Ашыққан адамдар түрлі жұқпалы ауруларға шалдығып, өліп жатыр», – деп Алаш қайраткерлері Меңдіғали Сәрсенбаев, Сейітахмет Хасановтар ашына айтса, бұл кейін олардың қуғын-сүргінге ұшырауына куә дерек болды.

Алаш қозғалысының ізіне түсу, кімнің не айтып, не қойғанын есепке алу, бірін-бірі анди бастау, шындыққа топырақ шашудың зұлымдығы кеңестік жымысқы құпиялықпен жүргізіле бастайды. Солай бола тұрса да ақпарат қызметкерлері аштық қырғынын статистикалық ақпараттармен жарияласа, «Степная правда» газеті көтерген тағы бір мәселе – республиканың әрбір губерниясындағы мәліметтерді жариялапты. Солардың бірі Орал губерниясында 1917 жылғы санақта 2 571 770 бас мал болса, 1922 жылғы аштықта 307 535 бас мал ғана қалған. Өңірде халық саны 48,8 пайызға азайған, Бөкей губерниясында да мал саны екі есе азайып, аштан қырылған адамдар көптігі айтылған. 1922 жылы әке-шешесі аштан өлгендіктен, қаңғып кеткен жетім балалар саны 189 233-ке жеткен, оларды жетімдер үйіне орналастыруда қиындықтар көптігін Қалида Сәрсенбаева, Күнжамал Сисекеновалар ашына айтса, кейін олар Кеңес өкіметінің саясатына қарсы ниеттегі, жаулық пиғылы барлар болып жазаланады. Қазақ елінің халқы аштан қырылып жатқанда, 1921 жылдың өзінде Ресейдің аштыққа ұрынған аудандарынан 400 мың орыс тілділер жер аударылып, қазақ жеріне қоныстана бастайды. Оларға баспана, азық-түлік, жұмыс орындары жан-жақты ойластырылады. Кейбір аштыққа ұрынған әлсіз адамдарды сойып жеу деректері де болған. Мысалы, Астрахан облысынан Ақтөбе өңіріне жер ауып келген кулак Зражевский Иван, Коля деген балаларымен бірігіп Ақбұлақ ауданында адамды сойып жеп жатқан жерінде НКВД көріп қалып, Коляны атып өлтіріп, Иванды әкесі екеуін түрмеге қамайды. Тарихтың қанды парақтарын бұлтартпас деректермен ғасырдан-ғасырға жеткізген ақпарат құралдарының ерлігі шындықтың шырайын келтіріп адамдардың тірлігі жолында күйініп қайғыра білгенін көрсетеді. Қоғамдағы үрей қаталдығынан тайсалмаған жоғарыда айтқан газет, журналдардың әрбір бетінде жарияланған қасіреттің адамзат өмірінде қайталанбауын тілейсің. Құлазыған дала толы өлік, үміті өшкендердің ақырғы рет соңғы сөзін айтуға да тілі оралмаған шығар. Үрейден өлмей қалғандардың бүгінгі ұрпағына қазақтың «таспа, төгілесің» дегенін мысалдап сақтандырған артық болмас. Еркіндікке масыққанның

жолы оңғарыла бермес, сірә? Күні кешеге дейін ақылды қариялар «көп сөйлеме, ұтымды ойыңды қысқа айт» деп үрейлі қоғамнан сескенгенін білдіріп отыратын-ды. Тірлік мейірін көрмегендердің өкініші қалың еді... Аштан қақталып, таңдайына қатқан қайғы шерлі бабалар-ай...

– Пікір алысатын адам да аз, адам өзінің еркіндігіне сенбейтін болды, үрей жаңғырығы есті алды, – деп бірде Дүзелбай шындықты түсінгісі келіп Бегениязға тіл қатты.

– Пенде тірлігінде ұтады, кейде ұтылады, әркімнің өз талғауы бар. Бірақ бас қатыратын, тірліктің түйінін жақсылықпен шешетін қоғам қалай есептейді, түсінбей қалдық қой, – деп Бегенияз тірі жүргеннің артықтығына тоқтады.

Кенет тәртіп, тәрбие өзгеріп жаңа қоғамның түпкілікті күші дүмпуін айқындата бастады. Өйткені жеке дүкен ұстады, Құлсары мен Орынбор арасында сауда жұмысын жүргізіп халықтың тілегін орындады. Кеңес өкіметі оны түсінген жоқ, байсың деп дүние-мүлкін тәркілеп Түзтөбе түрмесіне жапты. Қаден ана он баламен асыраушысынан айырылып жер соғып қалды. Ішер ас, киер киім жоқ, азып, тозғаннан кейін, оның үстіне ағайын-туыстардың «өзі тірі жүрсіңдер ме, байдың ұрпағы» деп қуғындап түсініп болмастай мазақ-қаңқуды күшейткесін, Қаден балаларын балалар үйіне тапсырып Орынборға барып паналады. Жан шопитын қасиетсіздіктерді Дүзелбайдың замандастары, бай атанып тәркіленгендер көресіні көрді. Кеңес дәуірінің сол жылдарында «Бай-молданы қойдай қу қамшыменен» деген дүрліге ұрандату кімге оңай соқты дейсің.

– Тоз-тоз боп босудың аяғы барар жер, басар тауды қалдырмай, жаппай өлуге ұшыратпаса неғылсын, – деген Бегениязға, Дүзелбай:

– Түйенің құйрығы көкке жеткенше, суайттың сөзіне сеніп кеткенше, өз қотырыңды тырнай бер. Қолыңды саныңа соғып, өкініп бағыт-бағдарсыз зырлай бер. Таттар дөмің таусылғанша үрейден ығып құрша жорғала. Қапыда сайтанның құйрығын ұстасаң, қолыңды босата көрме, босатсаң кеудеңе қонжияды, қонжиса ақыл, есінді тастайды мыжғылап. Көп білемін деп көкіп жұртқа жайма, білімділікке, білгірлікке де керек айла. Жақсылыққа

тырысқанның қадірін білетін аз, сүрінгеніңді тілейтін жетерлік кез келді. Бай адамдар да түрлі болды, өзінен де қызғанып, өзгеден де қызғанып жинаған байлығының игілігін көрмеген байдың күні құрсын. Қазақ «қызғаның қызыл итке жем болады» деген. Байдың байлығы өкіметке бұйырды, ақтабан кедей күнде ашты жиынды. Он екі мүшесі түгел кедей өзін өзі асырап ел алдына шыға алмаса, оған ақыл айтып шаршап, сөз таппай-ақ қой. Кедей де болдым, бай да болдым, кісіліктің мың түрлі қасиеті шақшадай басқа түп-түгел орнай бермейтінін білдім, білдім де ойсыздың көрген күні жақсы деп түйдім. Кедей аштан өліп жатып, ажалын Алладан көреді, ақылдының аузы жабық жүреді, ақылсыз мылжың сөзді тауып жүреді. Құлашты кеңінен сермеп, адал жүрекпен ой айту басқалардың ашуын қоздырып, басыңды жұтуға тіреген кезді ұмыта қоймаспыз, – деп Дүзелбай Ойыл тарихын есіне түсірді.

1900 жылдары мұндағы көктемгі жәрмеңкенің тауар айналымы 1 491 000 сом, күздегі жәрмеңкеде 509 000 сом, сауда айналымы 3,5 млрд сомға жетіп, Ресейге қарасты сауда айналымы үлкен он үш жәрмеңкенің ішінде тоғызыншы орынды иемденіп, халқының саны 23 мыңнан асып, тұрмыс-тірлігі, мәдени өмірі шалқып тұрғанын тарихтан білеміз. Ал осындай өңірде аштық болып халқының көбі қырылып қалды дегенге бүгінде ешкім сенгісі де келмес. Қырылғандарды ұмытар едің, арада жүз жыл өтсе де сол Ойылдың халқы 23 мыңға жеткен жоқ. Ал республикада қаншама мың-мыңдаған адамдар аштан қырылды. Сойқан саясат тірі жүруге мүмкіндік бермеудің барлық амалын алып, не түрлі қастандық жасады. Деректерді сөйлетелік. Ақтөбе обкомының секретары. Ә. Досовтың (1934 ж., 9 сәуір, №1 папкі, Ақтөбе мұрағаты). Крайком ВКП(б) Мирзоянға жазған хатында: «Облыста аштыққа ұрынған халықта цинга ауруы шығып 150 адам өлді, темір жолдағы жолаушы 6 579 адамның 129-ы аштан өлген, аштық күшейді, азық жетіспей жатыр... Сол 1934 жылы аштықтың ауырлығын жазған Ырғыз ауданының хатшысы: «Ауданда 120 адам аштан өлді, 2 жетімдер үйіндегі – 470, интернаттағы 300 баланы асырауға азық жетпей

жатыр, балалар аш, жалаңаш... (тіз. 13. Ақтөбе мұрағаты). Елдегі аштық ажалымен арпалысып, өлікке толы төңіректі көріп, біліп жүрген ОГПУ бастығы Титов, СПО бастығы Духовичтің облыс басшысына жазған хабарламасында: «Обаған ауданында – 300 адам, Батпаққара ауданында – 585, Семизор ауданында күніне 10-15 адам, Ойыл ауданында – 181, Меңдіқара ауданында екі айда халықтың 50 пайызы аштан өлгендігін анықтадық» делінеді (1932 ж. Ф. 13. Оп.1). Осындай жантүршігерлік аштыққа қарамастан Волжский облысынан 3 777 жанұя, 13 427 адам көшіп келіп, оларға 3 500 астық берілгені де хабарламада айтылған. Жергілікті халық қырылып жатқанда Сталиннің нұсқауымен 48,4 миллион центнер астық 1930 жылы шетелге шығарылса, 1931 жылы 51,8 миллион центнер астық шетелге жөнелтіліп, аштыққа ұрынған Қазақ елі халқынан 277 миллион салық жинап алынған. Бұл кезде «хлебный фронт» революциялық әскери кеңес басшысы Ворошиловқа арналған мына бір хатта: «Ақтөбеден Москваға әрбір бес күн сайын 67 мың 395 пұт астық жөнелтілді. Күн сайын 7 мың 463 вагон толы астық Мәскеуге кетеді», – деп жазады 1929 жылғы «Союзхлеб» газетінің нақты дерегінде.

Басқаны айтпағанда, байларды төркілеу басталғандағы 40 миллион төрт түлік малдан 1933 жылы төрт миллионы ғана қалған. Демек, аштық бұғауы 1935 жылға дейін жалғасып, халықтың жиған-тергені өзіне бұйырмай, көрер жарығы қастандықтан біржола сөніп, аштан өлгендердің есебі шексіз. Голощекиннің «Кіші Қазан» қырғынын Мирзоян жалғастырып, тарихтың әр парағында адам қаны төгіліп, түнек түндей түнеріп, саясаттың зұлымдық оқиғасы, міне, осылай шерлене береді. Пенде бір-біріне жан тартуы түгілі, тірі жүргенін сезінуден қалған, өмір сүруге тырысу ұмытылған, ажал жойқындығын ұғып, үреймен тұншыққан-ды. Атақты жылқышы Қилаш нағашым: «Басыңды тауға, тасқа соқ, денең ауырса да көзіңнен жас шықпасын. Қайсарлана түсіп шыдатпайтын қиындықты атқарып, жеңіс менікі дей біл. Босаң болсаң, ынжық, қорқақ болсаң дәнеме атқара алмайсың. Басқаның дегеніне жөнсіз былғана берме, әлдеқалай зұлымның ойыншығы



болып кетерсің. Өзімен-өзі мәз болған сорлылық, ондайдан сақтан...

Бүгінгі бақ, тақ, байлық таласына құмартқандар ақыл-есі түзу болса алдымен тарихын біліп, ел ақылдыларының өнегесін жадынан шығармағаны жөн-ау дегің келеді. Біреулер азып-тозарда есі ауып тамұқтан қуылған жын-шайтанның миын билеп еліктіргенімен ертеңін болжай алмай құрып тынады.

## ТҮЙЕТӨБЕ БАСЫНА ШӨККЕН БҮЛТ

Бұлттың да қайырлы, қайырсызы барлығын көріп жүрміз. Таза тамшыларды Алланың нұрына балап, «жау жаңбыр, жау жаңбыр!» деп бала кезде қуанушы едік. Бүгінде сол тамшылардан да радиация тарап, өсімдік түрлерін жойып, адам денесіне не түрлі дерт қалдырып жүр. Қызыл империяның сан мыңдаған жойқын қаруларын сынаған Батыс өңірінде радиация жетерлік. Сондықтан қара бұлттан селдетіп құйылатын жаңбырдың зияны мен пайдасын қапелімде біліп болмассың. Айтпағымыз, Түйетөбе басына сұсты қара бұлт шөгіп қалғандай болғанда, аруақтар еске түседі. Көз алдыңа ақ киімділер у-ду боп жүгіріп жүргендей елес пайда болады. Тау да күрсінеді, төмпешіктер де тебіренеді, неше түрлі шөптің ызыңы дауыл желмен сыңсып жоқтау салғандай болады. Бұл – арыстарынан айырылған тарихтың жоқтауы. Ақ киімді күңіренеді. Екі қолын төбесіне қойған. Бетін құбылаға бұрған. Зарлы үн:

*«Балықшы байымайды көлден алған,  
Етікші байымайды елден алған».  
Маңдай тер, табан етің болмаған соң,  
Желменен кетеді екен, желден алған.*

*Зұлымдық түсіреді қазған орға,  
Адалдықты, Жаратқан, өзің қолда!  
Басынан қайғы бұлтты кетпей қойды,  
Ойшылдар қамалып тұр құрған торға.*

*Аш-жалаңаш халықтың күні құрсын,  
Алдамшы саясаттың түрі құрсын.  
Адамын түрмелерге айдап тыққан,  
Коммунизм дейтуғын үні құрсын.*

*Шетімізден жаусың деп атып жатыр,  
Не түрлі пәлелерін шатып жатыр.  
Түсі суық ызғарлы жаналғыштар,  
Туысын да жаны үшін сатып жатыр, –*

деп қуғын-сүргін жылдарында жазықсыз атылғандардың мүрдесі тарихи құжаттар арқылы жан-жақты зерттеліп, бұл аймақта 1920-1952 жылдар аралығында оққа ұшқан зиялы азаматтардың сүйектері жатқаны белгілі болып, ескерткіш орны ашылған-ды. Бұл істі толық анықтауда. А. Жұбанов атындағы Ақтобе мемлекеттік университетінің профессоры З. Байдосов күн-түн қатып мұрағаттарды зерделеп, бірнеше кітаптар да шығарған екен. Адамды пәлелеу оңай, ақтау қиын, шындықты айтқан бір сөзді теріске бұрып, жау атаңдырып атыла салуды жаппай жүргізген кездегі жойқын зұлматты анықтау оңайға түспесі де белгілі. Осы тұрғыдан З. Байдосовтың түрлі құжаттар негізінде халық жауы ретінде Ақтөбе облысы бойынша 3 480 жұмысшылар мен колхозшылар, 46 обком, райком хатшылары, 39 облыстық, аудандық атқару комитетінің төрағалары, 84 облыстық, аудандық мекемелердің басшылары, 32 МТС шаруашылық басшылары, 64 отбасындағы әйелдер, сотталып атылып кеткенін дәлелдеп көрсетеді. Кітаптың авторы З. Байдосов осындай қанды қырғын құжаттарын саралау мақсатында Ресей мемлекетінің Томск, Омск, Астрахан, Орынбор, Иркутск, тағы басқа да қалалардың мұрағаттарын ақтарып, саралап, нақты зерделей білген. Қазақ елін Мирзоян басқарып тұрғандағы бұл бір облыстағы жазықсыздардың атылуы болса, тарихтың ақ парақтары әлі талай деректермен толығыры сөзсіз. Осы орайда қазақ сатирасының классигі, аштыққа ұрынған Жиенғали Тілепбергенов өлер алдында райком хатшысын үйіне шақырып, қан түкіріп отырып: «Мен енді

Алланың қарауына кетемін, мына партиялық билетімді өзіңе тапсырдым, көрген рахатым аштан өлу болды», – дегенде, хатшы жүзін суытып, дірдектеп тұрып: «Жиенғали, адаспа, атылып кетесің, адаспа!» деп жазушының билетін алып, есіктен зытқаны жазбасында айтылады. Сол сөздерді оқып отырып сталиндік концлагерьдің Мәскеуден бастап қиянда жатқан ауылға дейінгі үрейдің қанқұйлылығын сезесің. Табан еті желініп, маңдай тері төгіліп адал еңбек етіп жүрсе де жау атанып атылып кеткенін сатқындық, облыс, республика басшыларының сұраныс лимитіне Мәскеуден рұқсат егілетіндіктен үштік дейсің бе, НКВД дейсің бе, лимиттің түр-түрін аласұрып жүріп орындайды, орындамаса өздері оққа ұшады. Өзінің халқын қырып, жойған қоғамға қызмет еткендер, кісі атып, қанын жүктеушілердің кейбірінің шөбере-шөпшегі сол Түйетөбе басындағы жазықсыз өмірін қиған боздақтардың басына барып дұға тигізгенде әкесінің, әкесінің қанды қолының кінәсін түсіне алар ма екен? Ай, қайдам. Қайғысы қалың, қанша ғасырлар өтсе де ұрпақтың жадында жүретін қасіреттің қалыңдығы, әсіресе қазақ халқына тым ауыр тигенін мұрағат құжаттарынан біліп отырмыз. Сосын да шүкіршілікпен бүгінгі ұрпақтың жанына жамандық болмай, тату елге тақсірет жоламайды деп өмірлері жарқын болуын тілейміз. «Түйетөбе» басына шөккен бұлтқа көз қиығымызды тастап, жанынан өткенде аруақтарға дұға арнаймыз, бір зауал өтті деп көз жасымызды сүртеміз...

## ҚЫЛ ТҰЗАҚТАН ҚАЙМЫҚПАЙ...

– Қос шырағы көкке қарап телмірсе не болар еді? «Сөйлемесе сөздің атасы өледі» деген бабалардың айтқаны қайда? Қатты сұрар келер ұрпақ, – деп Керей ештеңеден жасқанбайтынын ойына түйді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың соңғы жылдары еді. Әбден жүдеген халықтың сүйенері де, панасы да – езу тарттырар сөз, оны айтқыштар келістіріп әңгімелейді. Өкіметтің әрекеті де, саясаты да тыныштықты асыға күтуге тіреледі. Содан аудандық басшы болса ел аралап анда-

санда шығып тұрады. Құлазыған даланы, мұң-шерлі адамдардың пікірін тыңдайды. Бірде дөкей «Сарбие» колхозына бармаққа жиналады. Онысы – осы ауылда айтқыш Керей деген бар дегенді естіп, керемет болса менің бағыма, орынтағыма сөз қалдырып көрсін деген пікірмен. Сөздің де, ойдың да орны бар. Мәселе – тайсалмай айтып, ел аузында қалатындай жеткізетін салмағында. Әйтпесе, өзі ілінеді қыл тұзақтың қармағына. Жеткізіп айтса, көкірекке қондырып өткізіп айтса, қарапайым ойдың әсері мінез-құлықтың одағайын түзетуге көмектеседі, сылып тастар кеселін. Дөкей ауылға ат арбамен іңірлетіп жетіп, қосшысы ауылдастардың бірінен Керейдің үйін сұрап, есік қағып кіріп келеді. Амандасады. Билік алдында осалдық танытпаған Керей қарсы алып, төрге жайғастырады. Болашақты барлайтын, жаршысы үзілмес үміттің, төрешісі саяси үгіттің деп түсінетін билік иесін адал ниетпен қарсы алады.

Біраздан соң дөкей:

– Ауыл жағдайы қалай? – деп сұрайды.

– Мұңдығымыз жоқ, шындығымыз бар. Торығу жоқ, аздаған молығу бар. Бәрінен бұрын әрбір үйдің балашағасын асырап отырған бірер сиыр, бірер жандығын көзден таса болса қасқыр жайратып кетеді. Елде азаматы жоқтығын қасқыр екеш, қасқыр да біліп қанды ауызын салуды қоймаған соң, ең мықты арланын желкесінен қысып тұрып, аңқиған аузына оқтау тығып келісімшартқа қол қойдырттым. Қанішер жауыздығыңа, түрлі қиянатыңа күлеміз деп қорқыттым. Жауды жеңіп тыныштық орнғаннан кейін жайлау толы мыңғырған мал болады, сол кезде малдың ақсақ, тоқсақ ауруын жерсің деп едім. Батыс аймақта патшалы Ресейдің жәрмеңкелеріне 1 миллион 200 мың мал апарғанын қасқырлардың арғы тегі білетінін айтып, көлгірлік етпей, тарқап кеткен мезгілге мұңайғандай болды. Көзімнің отын шашып тіке қарап едім, кеңірдегінен қысып, жасқанып екі-үш жылға дейін малға тиіссек, жағымыз қарыссын деп ант-су ішті. Сөздің шындығы, қасқыр шаруасын тәртіптеп алдық. Айтпақшы, кеше түннің бейуағында қара машина келіп еді, ауық-ауық үріп тұратын дерегей төбеттер жым болды.

Дөкей бірдеме айтқысы келгендей ала көзімен бір қарады да үнсіз отырып, іштей пенденің кейбіріндегі қасқыр мінезді тұспалдады ма деген ойын жария ете алмады. Біледі, қасқырлар бар, шаш ал десе басты қағып тастайтын, қан жылатқан сұмдықтар бар, жақсы өмір құрмалы дейтін. Біраздан соң көңтіг ернін тілімен бір жалап:

– Қасқыр жайын білгір екенсіз, аңшымысыз? – деп таңданысын жасырмады.

– Аңшылық дегенің – осындағы бөрік киген бес-алты шалдың қасқыр аулайтын кәсібі. Сатығалидың қасқырдың иттігіне өштігі соншалық, қақпанына түссе тірідей ноқталап әкеліп «қылмысын» елге жариялап, менің қара тазымның алдында билетіп, терісін тірідей сыпырып далаға қоя береді. Қанішерлікке мұндай батырлық бізде ғана бар. Табиғаттың құдіреті адам болғасын әлсіздерге көресіні көрсетіп, артықшылықты танытқанға не жетсін. Ондайда бұқпалап бұтаға паналағысы келген жүдеулердің рухы көтеріледі.

– Сөзіңіз өткір екен.

– Жалғыз тіл соқамен жер жыртатын адамның бірімін, далбаса тірлікте мал өсірмесек те, сөз өсіріп, ажал күткенді арашалап, сыйықсыздың жүзіне шырай кіргізіп, міні барды мінеп, тентекті шенеп, ашыққан, жүдегенді теңеп, көңілді күйге ауылды толтырып, ойын, күлкісін үзбей, көзге көрінбейтін қулығы терең пішіндінің үнін түзеп жүрміз. Сөзіміздің өмірі ұзақ болады, қылмыскерге қыл тұзақ болады. Бір жатыпатарымыз тірі жүргенді күндеп, тірлігін қызғанып, ақырында өзінің өті аузына құйылып, қаны кеуіп, тірлігі тыйылып, денесіне біткен дерт жиылып, тіл тартпай қата қалды. Біреуді түрмеге телміртпесем өмірдің еш қызығы жоқ дейтін-ді. Оның ісін жалғастыратын біреу табылар ел іші ғой. Құпиясын өзінен басқа тірі жан білмейтін, шайтаннан басқаға белгісіз елес адамдар қай заманда да болмаған. Соқа сынса да, жалғаншының, пәлеқордың сөзі сынбайды. Ондайларды қызыл жағалы дұрыстап тыңдайды.

– Соқа деп қалдың, тары өсірушілердің жағдайы қалай? – деді дөкей Керейдің жасырын ойын, ұшқыр қиялын әдеттен тыс шеберлікпен жеткізгенін аңғарғандай болып.

– Тарыға торғай өш екен, дөнденіп пісіп жетілген басын теуіп қалса ақтарылып түседі. Сосын мектеп оқушылары торғаймен жиналыс өткізіп, олардың қатты қорқатыны – дыбыс болғандықтан, ауылдағы түбі тесік қаңсып қалған шелектерді жинап даңғырлатып қояды. Миды қозғайтын үрейлі дыбыстан торғай түгілі, жүрек жұтқан адам да шошиды ғой. Мәселен, Жиёмбет бабамыздың ауылына ертеде бозала таң мүлгіп тұрғанда қалмақтар соғыс ашпай ма? Содан батырлар ақ бұлтқа ырғып мініп керней, сырнай, даңғараны дабылдатқанда жан шошырлық дыбыстан жау жата-жата қалыпты, естерінен таныпты. Дүлей музыка күші сәл бөсеңсігенде жау жағы қару-жарақтарын тастай, тырағайлап қашыпты деген аңыз бар. Сол аңыздың шындығын оқушылар жалғастырып, қарақұрым боп ұшып жүріп тарына басына қонып шұқып төгуін тоқтатты, шамасы торғайлардың жүрегі жарылып өлген шығар. Егіс даласынан біржола шығынып, безіп кеткен. Шығанақ еккен тарының бір-бір дәні түйедей болатынын, Берсиев өз қаржысына жасатқан танкінің фашистердің талай танкісін өртеп, ойрандағанын естіп қуандық. Тарының қуаты ғаламат қой.

– Дұрыс екен.

– Біздің ісіміздің де, тау қопарар күшіміздің де дұрыс емесі жоқ. Аспанда жалтылдап жұлдыздар шоғыры тұр, жерде ерлеріміздің мұқалмайтын айбаты тұр. Тіршіліктің қиындығын жеңуге жан тербетер сөзді ермек етіп, кемшілігімізді өзге емес, өзіміз келекелеп отырамыз...

Тамақ табаққа түсер алдында Керей көршідегі жолдасына барып үйде дөкей барлығын айтып, ертемен келіп «мейманың кім?» деп сұрарсың дегенді ескертіп қойғанды. Адам қандай биікте тұрса да аңғарғыштарға бойындағы ерсі қылықтары байқалмай қалмайды. Ондайды айтқыш Керей қате жібермейді. Сөйтіп, дастарханға табақ тартылды. Дөкей ұсынған жамбасты мүжіп, жыңғыл түстес өңі жылып, орақ тұмсығының ұшы терлеп-тепшіді. Ет желініп, сорпа ішілді, арада қанша уақыт өтсе де дөкей ашылып сыр айтып, өзін таныстырмады. Өте сақ отыр. Белгісіздіктің мәнін шешерсің мықты болсаң дейтіндей, айыз қандырып сөйлесуден аулақ. Керей нендей сөз

қалдырар екен деген дәмемен отыр. Астан соң екеуі де далаға шығып, үнсіз аспандағы жұлдыздарға қарап, бір ауыздан «ертең күн ашық болады» деп жатудың қамын ойласты. Қосшы баласын жұмсап қасқыр ішігін жамылды, үйдің көрпесін ысырып тастады. Өмір тіршілігі өзінің білдігіне сәйкестігін танытты.

Тыныш ұйқы. Таң атты, күн шықты. Үй іші ұйқыдан оянды. Осы кезде Керейдің көршісі есіктен «ассалаумағалейкум» деп дауыстап кіріп:

– Кереке, мейманың кім? – деді.

– Жолаушы ұлылығын аңғартып, данышпандығын ашылып сөйлемеген соң байқай алмадым. Түсінігім бойынша ет жеді, сүйек мүжіді, ит емес қой, жатарда қасқыр ішігін жамылды, қасқыр емес қой, енді ұйқыдан кім болып тұрарын білсем бұйырмасын, – деді Керей де.

Дөкей естіп жатып: «Өттеген-ай, қатырды-ау мына сойқан», – деп өкініш тапса да, Керейге ләм-мим деместен бар құрметпен ризалық білдірді. Іштей парасат пен парыз бар, ел өмірін мысалдап жеткізетін айтқыштарды сөз байлығының бұлағына теңгергендей еді. Далаға шықты. Жүру қамын ойластырды. Осы кезде кітаптарын қолтығына қысып, қолына қағаз қайығын ұстап мектепке жүгіріп бара жатқан балаға таңырқап дөкей:

– Бұ, қай бала? – деді Керейге қоңыр көзінің қиығын тастап.

– Қызық бала, қағаз қайығын қолынан тастамайтыны – әкесі сотталып кеткен. Соны қайыққа мініп барып іздеуді армандайды. Тұла бойы толып тұрған өнер. Неше түрлі аңның, ит, құстың, тіпті бұқаның, айғырдың дыбысын айнытпай салады. Тары, нан жемейді, азыққа шығынсыз, шөптің тамырымен қоректенеді. Тұлдыр жетім. Айзада деген мектеп еденін сыпырушының үйінде жатып оқиды. Осы өңірдегі үш ауылда бір бұқа бар, сиырдан ұят, әлгі бала бұқа болып мөңірегінде сиыр тұмсығын көтеріп елендейді. Тағдырымызға үлкен рахмет, осындай неше түрлі үні бар баланың ауылымызда болғаны. Бұрынырақ өлген Тазша аузына түкіріп, батасын беріпті, енді айтқыштың орнын осы бала басады деп кейбіреулер күңкілдейді. Қайтсін, жұрт күлкісі келеді. Сыбырлап айтса да, отбасында жы-

бырлап айтса да, құтыла алмайтын шарасыздыққа айтқыштың күлкілі сөзі жарасып, мұқалған көңілді көкке көтереді. Үкімет жұмысын еңсере атқарғандарға күлкіден артық не керек. Осындай аулымыздан көрген-білгеніңізді, не істеп, нені қойып жатқанымызды, жоқты барғып өзгеден бұрын тапқанымызды, қабат-қабат тон киіп, таңғажайып түс көріп, не түрлі қызыққа батқанымызды тіліңіз жетсе айтып жүрерсіз. Кешкен ернім жібіді, о да сөзімнің шындық лебі, жер сусынып үнімді тыңдайды. Қамсыздық жоқ, берекені дауыл жел әлемге хабарлап жатыр. Ана жылдары райкомнан келген өкіл қалаға жететін көлік сұраса, ауыл басшысы райком түгілі, ауданға милиция жаяу кетті депті. Шүкір, сіздің көлігіңіз бар екен. Өзіңізді көргенде тарыққандар жұбанып қайраттанып қалар... Кейде ашығып тарыққандарды, азаматы өліп зарыққандарды көрсем жұбата алмай сөзім сұйылып қалады. Сонда пендеңді жарылқа, мұңсыз ет деп табиғатқа сиынып қалам. Табиғат «шыда» деп үздіге тіл қатады. Тұрғылас екенбіз түсінерсің бәрін, тыңдап жүрген шығарсың даланың өнін.

– Ұтқыр сөзің бар екен. Бірақ желмен сөйлескеніңе сене алмадым.

– Сенбейтінге сенетін, көнбейтінге көнетін, өлмейтінге өлетін, денесінен ет кессе де мыңқ етпейтін, қасқыр жеген қоң етіне шыдайтын, көзінің жасы жоқ бұлайтын, кеуіп қалған, бермейтінді беретін, жүз жылға соттасаң да аман есен келетіндіктің барлық оқиғасын жел жеткізбегенде, не жеткізеді. Ұзынқұлақтар сараптап бірінен-бірі өткізбегенде жел айтты, ел тыңдады, бөрі мақұлданды деп жанымыз жайланып жатпай ма? Жел сөзсіз шындықты ешкім таппайды, жел сөзге зулаған уақыттың өдемі әуені тарих бетін толтырады. Желін алып тастасаң сөзіңде береке қалмас еді. Ел басына талай күн туған, есіңнен шықпас өткендер. Жаз бар, қыс бар, асығатын не іс бар, өкіметте орасан күш бар, күмәнсіз өмір бар, жан бергенге, әл берген, әлің тайғанға өлім бар. Анау айтқандай жүдеулік жоқ. Ырыздықтың ұзынын үзіп, қысқасын қиып жеп, қасқырымыз тоқ болса, өзіміз тоқ, естен шықпас ерлігімізді марапаттап, өсек аяңның сөзіне түспей, теріс ісімізді тезінен оңғарып,



жан-жануарлардың ақыл-кеңесін ойға алып, туысқан бауырларымыз түнде жұлдызбен тілдесіп, күндіз жерді игеруде күштесіп жүргенімізге назар аударсаңыз, өкіне қоймаспыз. Өзімнің жан ләззатым билік бұқтырса, қара дауылдай күшімен дірдектетіп ықтырса, қуатым тасып, аяғымды алшаң басып, ерекше шабыттанып, небір құпияның көзін ашып тәуекелімді нықтап, жүзі суық жандарды көзімнің тірісінде құрметтеп басымды иіп өтем. Одан басқаға көңіл шаппайды, рухани күшіміз биікте, коммунизмнен басқаны таппаймыз. Бастысы қиялымыз аспандап ұшады, бұл даңқымыздың өскені. Білемін, сіз бәрін түсінесіз, айтпақшы бірде бұралқы ит жетім күшіктердің асын тартып жеп жатқанда ызам келіп иттің жағын айырып, тілін суырып лақтырып тастадым. Тірлікте кіріп-тар аз ба, ашқұрсақ аз ба, кірбің көңіл күлкімен тазарды. Ауырлық, қасірет дегенің түсінген адамның өмірін ұзартып, дүниені өзгеден ерекше көріп, біліп қастерлейтіні ерекше шаруа ғой. Білемін, биліктің жолы сара ғой. Кейде орынтақта отырған ағаш баста дана ғой. Жарқын жүзді деп мақтаған адамның да жарығы, мейірі көпке жаппай түсе бермейді. Кәдімгі шамның жарығы түбіне түспейтіні сықылды. Осындайда аз сөйлеп алысты аңғарып, қабағыма мұз қатырып, жүрегіме сыз тастағандай болғанда ой-өрісім кеңіп, биліктің ықпалын байқап, ырықтан тыс сезіммен жаным сергіп қалады. Ертедегі құрып, бітудің шырмауын талқандап социализмнің кемесінде жүзіп келеміз. Әлі талай рахатты жыламай жүріп көреміз. Көздің жасы көбіне кермек ұйқыны бұзып тыныш таптырмай жатады, ондайдан сақтасын.

– Кітап оқисыңдар ма?

– «Ұзынқұлақтың» ауызша кітабын жаттап аламыз. Қасым ақынның: «Жігіттің көрдім жүйрік, шабанын да, Көк бөрік, көк жағаның заманында. Үстімнен қара пальто түспей қойды, Апырым-ай, бір шаба алмай қаламын ба?» дегенін бесіктегі балаға дейін судыратып айтады. Ана жылдары ақ байпақ кигендерге: «Киген екен ақ байпақ, іздеп жүр жауды бір байқап, әлсіз адамдар өкінеді бас шайқап» деуші еді. Айтпақшы, қоңыр байпақ киеді екенсіз, пешке кептіріп қойдым. Қоңыр тірлікке не жетсін. Киім кию ба-

рынша өзгеретін болар, бөз-баяғыдан өмір болғасын солай дамитын тұрмыс қой. Жаңа өмірдің жаңа киімдеріне сын жоқ.

Бірінші басшы көк жаға, көк бөрік деген соң қозғалақтап қалып еді. Керей сөзін жалғап:

– Елдегі жатыпатарларымыз біраз миыларымыздың қисық-қыңырлығын тазартып, шаруамыз оңып қалды. Қоғам да киім сияқты жаңарып, тазарып тұруы керек қой, – деді.

– Енді нендей өкпең бар?

– Өкпе түгілі, ішек-қарынымды әдейі алдырып тастағанмын. Азық-түлікке шығынсызбын. Сол шеберлігімді көре алмаған аттасым жазғыш Керей үштікке хабар салып Ойылдың түрмесінде біраз жатып орта бойлы едім, бойым өсті. Өйткені тар бөлмеде топырлаған адам күн-түн қатып түрегеліп тұрдық. Өкініштісі, «ішек-құрылысы жоқтың қара жұмысқа қабілеті жоқ» деп түрмеге отырғызбайды екен. Жаныма ауыр тигені – көп кешікпей өлесің деді. Өлсем о дүниеде де қалың халық бар ғой, тірілердің өлгендерден бар болғаны біреуі артық дедім. Ұсқынсыз жүзіне қарап қара киімдінің, қара ниетіне риза болып тұрдым-ау, шіркін. Оу, олар менің өлетін күнімді айтпай білетін ерекшелігімді бағалар ма? Сондықтан өкпе жоқ, сол өкпесіздің бірі Нәдір қарт еді, тұқым шашып жүріп өліп кеткен-ді. Әйеліне ауылдың ақыны ұзақ жоқтау жазып аяғын: «Балпаң-балпаң басқаның, тұқымды еппен шашқаның, коммунист боламын деп, өліп жатқанын қара қасқаның» деп түйіндепті. Расында коммунист денесі өлсе де, рухы өлмей, мәңгі жасайды ғой. Ажал алмайтындарда өкпе болмайды... Адамды бір құртса, кек, өкпе, ыза құртады. Ондайлар жынын ойнақтатып жүреді жақсылықтан сырттап. Қалай десек те, ондай қадірсіздер аздап бар ғой. Пасық немелер көзге күйік.

– Сөздерің шын ба, әзіл ме, әжептәуір ойда қалдырдың.

– Басшы кірпік қақпай ойланса бүгінгі өмір ертең өзгеріп сала береді. Сұм-сұрқия жер жастанып қала береді. Ел байлығы көктей қаулап өседі, коммунизмге бірден көшеді. Биліктің ісі көбіне ертегіге ұқсайды... Аңыз ғой... Қыл тұзақтан қаймықпай өтетін айтқыш пенденің

із-түзсіз жоғалмайтын сөзі қалады... Көреген әулиеде мың жылғыны болжайтын өткір көзі, басқа әлеммен байланысқа шығатын санаулы сәтті кезі болады. Сұр жылан сықылды ібіліс зұлымды үшінші көзі көргіш құдіреттілер тоқтата алады.

– Талайды көріп, тірлікке қанық екенсіз.

– Оның жөн, өткен-кеткенді бес саусақтай танып өтем.

## КЕДЕЙ КЕКШІЛ

Жаншаның заңгерлігі орыс халқына да, қазақтарға да, өзге ұлттың зәбір көрушілеріне де танылып, есімі аңызға айналған-ды. Талайды тұтқыннан қорғап еді. Өзін ешкім қорғамайды. Қолына кісен салынған. Санаулы уақыты қалды. Атақты әнші, ақын, батыр жүректі Қызылмен ойша сөйлесіп отырғандай еді. Ажалдан қорықпайтын Қызылдың қайсар мінезі жадында екен. «Асылдарынан айырылып жатқан қазақ, күнің нешік болар екен?» деп еді-ау. Соңыма түсетін шайтандар бар, кейде кірерге тесік таппай қалам, Жанша деп даланы басына көтерердей ән шырқады. Жанша көкірегінде тереңнен тартылған толғаныс осылай басталып еді... Туысқаным бар дейді, о да кедейліктен қара ұзап аспаған. Аталарынан мұраға қалған мал, мүлік аз. Жоқшылық зарын да, қиындықты да тарта-тын көпшілік. Ажал әлсізге киліге кетеді. Жылап-сықтап өлгенін қара жерге тапсырады. Кедей бай қарасар деп дәмесін үзбейді. Ұрысып, жер-жебіріне жетіп, аз-маз азық береді. Ататегіне тіл тигізіп, қомсынып, адуын мінездінің ащы сөзі еттен өтіп, сүйекке жетеді. Сонда да кедей амалсыз көнеді, есекдәмеліміз деп көбіне күледі. Күлмегенде, көнбегенде қайтеді, талшық етіп отырған екі ешкісін де байдың сойылын соғушы дәйлер сойып жеп қойған. Қызылдың анасы:

– Екі ешкімді көрген шығарсың? – деп сұраса:

– Қасқыр жеп қойды, – деп бет бақтырмайды.

Ана сөзіне құлақ аспайды, соған қайғы жұтып тұрып:

– Неткен ақымақ қасқыр, ауқаттының малын жемей, кедейдің екі жандығын таңдап жейтін, – деп күрсініп тынады. Байғұс ана қан жұтып, Қызылды бауырына басып

өксіп жылайды. Оны кім қорғайды. Үстемдіктің қолшоқпары, ұрда-жық сойқандар обал дегенді ұқпайды. Қайта қамшы жұмсап, тұщы етіне ащы таңба салады.

Қызыл ержеткен соң да, байға жалданып жүргенде де түкке тұрмайтын іске бола таяқ жеуден кенде болған жоқ. Тамақ табу үшін бәрін амалсыз кешіреді. Кешірген сайын ақымақтар есіреді. Інге тірідей тыға түскісі келеді. Киіз қазық болса да қара жерге жұттырамын.

– Оу, құдайсымай, ақылға неге тоқтамайсыздар? – десе, Қызылды келекелеп:

– Кедейге Құдай деу не теңі, – деп ырқ-ырқ күледі. «Барды жоқ ете аламыз, қиратып, бүлдіру, әлсізді төбесімен жүргізу, бұрқанған күшімізге ешкім қарсы тұра алмайтынын өзеге білгізу», – дейді.

– Кедейлер де халық. Мінез-құлқын білген жөн танып.

– Кедейде үн болмайды. Өлсе төленетін құн болмайды, жаны сұраусыз, біліп қой, ол анық, – деп бір көзінің ағы бар, бетінде шешек дағы бар, дүр қара өзінше байдың інісімен, тірлігінің тынысымын деп талай сабағанын Қызыл ұмытпайды. Кек қалың, қара тас боп жүрегіне қатқан. Оның үстіне қалың мал төлеп сүйгеніне қолы жетпейтіні, жоқтықтың зар-мұңы. Ән айтып, өлең шығарып, талай тойдың сөнін келтіріп тапқанын кедейлерге бөліп береді. Тамыры қырқылғанда оныңыз кімге жұқ болады. Теңсіздіктің қара түнегі дірдек қақтырады, байдың қатал төртібі, қарсылассаң жерге қазық қып қағамын деуі әлсізге ажал қақпасын ашып тұрады. Езілгеннің еңсесін басып тұрады. Осындай бір жазықсыздан жазықсыз киліккен дүр қараны Қызыл біраз алысып, алып ұрды, аяқ, қолын матады. «Сенде ұят-ау деп елге қарайтын бет жоқ», – деді де бетінің терісін пышақпен тіліп қанын ішті. Сосын пышақты жалаңдатып кеңірдегіне қымтырылып-қысылмай тақап тұрып:

– Қойша бауыздайын ба? – деді.

– Жаным сауға, енді жоламаймын дауға.

– Бұдан былай әлсізді басынасың ба?

– Жаным сауға, маңдарыңнан жүрмеймін.

Осыны көрген Қызылдың анасы:

– Қарағым-ай, кегің қайтты ма? – деп кемсеңдеді.

Басынан сөз асырмаған, ешкімге кеудесін бастырмаған, өзі де жөнсіз пендені басынбаған, қайрат, күшке ретсіз тасынбаған Қаныбет, Жұбанәлі, Тұрдалы заманында әлсіздің қорғаны, тым өршіп кетсе кекті қанға суарудан тайынбаған деседі. Сол аталарындай қатыгездікпен күресті білетін Қызыл арын кез келгенге қорлата алмады. Байға кедейдің маңдай тері, табан етінің қайтарымы кетсе, қақын жібермей барымтаға бару қайрат, күштің, ыза-кек, намыстың ісі. Сондай бір барымтаға Қызыл, Іздібай сықылды кедейлер айыпты делініп, Жымпитыда орналасқан Алашорда ханы Жанша Досмұхамбетұлына қылмысты ісі мәлім болады. Жанша заманның аумалы-төкпелі тұсында, отарлық езгі, нетүрлі зұлымдық өршіп тұрғанда қаскөйліктің ұлт татулығына аса қауіптілігін түсінеді. Ел арасында өтірік бар, қайбат бар, бай билігінде қорқыту бар, айбат бар. Қайғысызы кемде-кем. Нұралы ханның сарай биі, Малайсары Қарамантегі: «Біріңнің көзіңді бірің шұқыма, жауыңды көре алмай қаласың, тірлігіңнің ұмытасың бағасын» деген астарлы сөзін есіне алса, ХХІ ғасырдың аяғында Кіші жүздегі 158 мың 200 жанұяның 71 мың 800-і Байұлы тұқымдары. Қалың ел ішінде данасы бар, шаласы бар, ақыны бар, ойшыл озығы бар, өттең, туыс, туғанның түсіністігі неге жетпейді? Азғыру бар, азу бар. Далада ой толғап жүргенде алыстан ән естілді. «Кек сақтама, тек сақта, байлық сақтама, өнер сақта» дегенді есіне алып, кең байтақ жерге жаңғырығып естілген дауыс қой дегенде жанындағы Бексұлтан:

– Қылмыскер делініп тұрған Қызылдың әні, – дейді.

Біраздан соң Жанша отырған үйге тайсалмай әнін төгілдіріп, ашық аспанды сөзбен жайнатып, қисық деудің қисынсыздығына көз жеткізгендей, кедейліктің кегін тарқатып:

*Ақ сандық ашылмайды желімдеген,  
Белгісі үлкендіктің белім деген.  
Барында оралыңның ойна да құл,  
Артыңнан қуып жетеді өлім деген.  
Ақ сұңқар қолға қонбас жем болмаса,  
Дария тасымайды сең болмаса.*

*Қолынан кеңсе адамның дым келмейді,  
Белгілі тәуекелшіл ер болмаса, –*

деп Қызыл шырқамай ма? Жаншаның көреген көзі, ұлтым деген, халқымның азаттығы деген, алғыр ойы тоқтамға келіп ақынын соттайтын елдің ертеңі бұлыңғыр деп астына ат мінгізіп, барымташы, қияңқы деген жазадан құтқарып жібереді. «Біріңді-бірің көзінді шұқып ағартсаң, досың қайсы, дұшпаның кім екенін ажыратудан қаласың. Сонда отарлық езгінің шынжыр кісені, құрсаулы торы, қанша ғасыр өтсе де үзілмей, өзіңе өзің өш, қастықпен өзегіңді тіліп, жаныңды жегі құртқа жегізіп тынасың, – дейді Жанша. Қақы желініп, қансорпа болған кедей кегі әнмен тарқап тынған кезеңге таңданасың. «Артыңнан қуып жетеді өлім деген» деп заманына кекті ақын Қызыл 1921 жылы аштықта қырылған халықпен бірге аштан өледі. Кектің соңы қызыл жендеттердің арнаған ажалымен тынады. Үстемдікке жасылдай ойнаған ақын өлеңдерін қара жер жұтып тастады... Жоқ, шемең-шер, Кеңестің қолдан жасаған аштық қырғыны тірілердің құлағында қалып, бүгінге жетті.

*Тап болды біздің сорға мешін-тауық,  
Қызылға биылғы жыл болды қауіп.  
Үйіне Қарағұлдың барып едім,  
Қатыны кіргізбеді иттей қауып.  
Ер құны бір аяқ ас дегені рас,  
Барады көз бұлдырап, есім ауып.  
Амал жоқ, кет дегенде ит те кетер,  
Бара алсам жарар еді үйді тауып, –*

деген ақын қайғысын айтып отырғаным бүгінгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кезеңде әлсізді, жетім, жесірді қорғау – байларымыздың арына аманат. Қырылуды көп көрген ұлтымыздың бүгінгі ұрпағы пейіл тарлығынан, сананы жейтін өзімшілдіктің жегі құртынан сақ болуды қажет етеді.

Сөз түсінбейтінге, ақын үміті ғасырдан-ғасырға озатынын білмейтінге, байлығына масығып жөнсіз үндейтінге,

тісінді қайрап наданым-ай деп өкінесің. Түсінен шошымай ма екен деп түңілесің...

\* \* \*

Жанша қара машинаның ішінде қап-қара ниеттілердің қолға салған кісеніне қарап отырып, «туған жерден топырақ бұйырмады-ау» деп жанынан түңілулі еді. Қызылдың өнін қайда жүрсе де қажып кетсе, өкінішпен өзегі өртенсе есіне алатын еді. Сол оқиғаны түрмеге жеткенше ойлап отырды ма екен? Ольгаға мұңды көзін тастады. Сөз айтар еді лұқсат жоқ...

Түрмеге кіре сала әскери соттың тергеушісі жерден шыққандай көріп:

– Әлемге танымал адвокат дейді. Саған қорғаушы керек болмайтындықтан үкімің шығып тұр.

– Оны оқуға болмай ма?

– О дүниеге барғасын оқисыз.

– Өлгендер де заңмен қорғалу керек қой.

– Оны бір шұңқырда қатарласып жататын генералдарға айтарсың. Қазақстанды бөліп әкетпек едік, жолымыз болмады деп өз армиямызды құрып үлгере алмадық деп өкінішінді баяндарсың.

– Соңғы өтінішті орындайсыздар ма?

– Неңдей?

– Құлақ естімеген жауыздықтардан аулақ, бірден атсаңдар екен?

– Ленинградты, Томскіні іскерлігімен таңдандырған адвокаттың ол тілегін орындауға болатын шығар.

– Жанымдағы өліктерді сұрауға бола ма?

– Сұрама? Атқыш келе жатыр... Камерадан шығыңыз. Тарс-тұрс. Жапа-тармағай құлап жатты... Үнсіз өліктер.

\* \* \*

– «Сталин білмейді ғой мыналардың жауыздығын...» деген үн ауаға ілініп қалды. Жаналғыштардың зұлымдығын жұрттың бәрі біле берді деймісің. Бүгінгінің ойы басқа, – деп Қымыр сары күртеше киген қоқыс тазалау-

шылардың жанында тұрып біраз ойланып еді. Мезгіл күдірет деп толғанып еді. Аруақтармен тілдескендей болса да пікірін бүгіп еді.

Қымыр иек асты, жер асты деген сөздің төркінін тәптіштеп күлімсіреп қалды. Ертеде бір жолаушы: «Қазақтың иек астында» дегені күншілік жер екен», – депті. Сонда өтірікті сөз жасырады, қылмысты жер жасырғаны-ау. Бүгінде де жұртты мәжнүн ететін жалғандық машақаты жетерлік.

– Маужырап мүлгіп тұрған тұрғын үй шаруасын айтпақсың ба? – деді Тымыр.

– Ертеде бір өтірікші «Ай астынан он алты қанат киіз үй көрдім, есігі жоқ, кіріп-шығар тесігі жоқ бітеу екен» депті дегендей, жұмбағы баршылық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында екі жүз мыңға тарта адам қызмет етеді. Жұмыс сайлы, басшыларының тірлігі жайлы, қалтада жыбырлаған қаржы. Қызмет түрінің тозығы бар, әжептәуір өзгеден озығы бар. Тозығы болса жаңарады, техникалық жұмыстарға 3,7 миллиард теңге қаралады. Кейбірі қолды-қол жуып ептеп-септеп пара алады. Сосын ескі трубалар болса «списать» етіледі, темір далада қалмайды, айтпақшы, шойын болса жүз жыл тұрса да азбайды, оны олжа керек болса қозғайды. Былайша суырып алып Қытайға жөнелтіледі. Пайдасын құлар көреді. Өзімізде ондай темірді, түсті металдарды қайта өңдейтін зауыт жоқ па? Тірлікте пендені қанау бар, сұрқия сұрынан танылып сыбайласқа ұнау бар. Кешегі кезде қанды қырғын азап болған, мұң-шерін арқалап туған елім аман болғай деп о дүниеге кеткен қазақ болған. Қалың қасіретке жұмыр жер дөңбекшіген, Отаныма азаттық деп емексіген, азу шалған саясатқа бейімделіп, зұлымдықтың бағытын байқап, басын шайқап жөнсізді жөн көріп, елі үшін тәртіпті сақтаған. Кім болды дейсің қазақта біреудің ала жібін аттаған. Аз ғана топ мінбелерден бірін-бірі мақтаған, бәрі-бір ұрлыққа, жемқорлыққа намыстанып белшеден батпаған. Азды-көпті өмірін түрмеде өткізгендер Сталин ісін жақтаған. «Қоғам мүлкін ұрлаған ұры, жемқор, алаяқ сол бойда атылсын!» десе, оларда Отан, ел, патриоттық сезім, адалдық жоқ, қоғамдағы басы артық адамдар, деуі



көдіксіз. Бірақ көбіне кінәлі аман қалып, кінәсіз жазаланбады дейсің бе? Өйткені сыбайлас ұрының басшысы қай заманда да тасада бас бағып тұрады ғой. Оны қазақ: «Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылды» деп сөз қалдырған-ды. Жерін, Отанын, елін ойлайтын адам қылмысқа бармайды. Қосақ арасында босқа күйіп кеткендердің көңілі темірдей болса да, саясатқа таттанған, халықтың көш басшысы, еліне елеулілерінің тұқымы атылған, сотталған. Сталин заңының қаталдығынан кім бар дейсің ақталған. Темір жол бойынан қоғамдық мүлікті ұрлағандар бірден атылса, бүгінде мыңдаған тонна темір, түрлі түсті металл вагонға тиеліп Қытай өтеді, одан әрі кетеді, кеденнен де кедергі жоқ. Ақша алдында аяғынан тік тұрып шығарып салады. Бұл не? Туған елдің киелі нанын жеп Алланың кәрінен қорықпағандарға ерік беріп қоя береміз бе? «Иесі жоқтың игілігін қулар көреді» деп, бұрын түйені түгімен, биені жүгімен жейтіндер болған десе, бүгінде пойыздың вагондарға тиелген байлығын жұта салатындар жер астынан шыққан Жіктей болғаны ма? Әңгіме, коммуналдық шаруашылыққа құрылғанда, көшелердегі, құрылыс алаңдарындағы электр қуаты, су шығындарын халық мойынымен көтере берсе де мыңқ етпейді. Халықтың мойыны жуан деп олжалағыш қулар ырқ-ырқ күлетін болар. Тонаушы дүрмегі тоқтар емес, – деп Қымыр адасқан ойын өткенге бұрып термеледі.

*Апыр-ай, мына судың лайын-ай,  
Азғантай өмір бер деп сұраймын-ай.  
Арам ас ішіп өлгенімше,  
Қанша күн ашығуға да шыдайын-ай!  
Қан аралас мына су лайын-ай,  
Пендеге бейнет берген Құдайым-ай.  
Көзімнен жас сорғалап тұрса-дағы,  
Сілкініп жерді басып тұрайын-ай.  
Алақұйын заманның бұлаңын-ай.  
Сталиндік жарық шамшырағын-ай.  
Аза бойым дірілдеп тұрса-дағы,  
Кіндік қаным тамған жер тұрағым-ай.  
Айла ойлап, азаптанып күңірендім,  
Өмірден неге сонша түңілемін.*

*«Жасасын Сталин» деп айтсам болды,  
Құс болып, қанат қағып жүгіремін.  
Апыр-ай, мына судың лайын-ай,  
Кім зерттепті пайдасыз құрамын-ай.  
Әр заманда бір зауал қиғашы бар,  
Туған жерден түңілме, шырағым-ай?! –*

дегенде қазақ жерінің бел-белестері үн қатқандай сезілді ме? Тазша Бәйтерек батырдың (1710-1795) 10 000 сарбазымен Абылай ханның шақыруы бойынша шекара күзетінде қызмет еткенін, сол жылдарда Жиёмбет батырдың: «Жерімізді қорғауда талай батырлар қанын төккен, соның киесін түсіне біліңдер» деген өсиетін ұмытпаңдар десе керек. «Қан төккен» деген Жиёмбеттің күйі де болыпты деседі. Сол сазды өлеңге айналдырса, төмендегіше болар ма еді.

*Батырлардың басқан ізі киелі,  
Билерінің айтқан сөзі жүйелі.  
Жауларына қарсы тұрып, міз бақпай,  
Қорғай білген туған жердің алабын.  
Ерлік деген елдігінде сананың.  
Байтақ дала әр бұтасы сыр шертер,  
Еркіндігім, елдігім деп ту көтер.  
Батырлардың асқақ рухы өлмейтін,  
Тарихымның әрбір беті күй шертер.  
Талай батыр жерім үшін қан төккен.  
Жер сақталды, ел сақталды ерлікпен.  
Қазақ деген ұлылықтың белгісі,  
Даналықпен болашаққа көз жеткен.  
Жауды көрсе арыстандай айбатпен,  
Жасыл болып төбесінен шүйілді.  
Сан батырлар қорған болып тұрмаса,  
Ұлт болуы, ел болуы қиын-ды.  
Қан шашуға асыққан бар,  
Жер байлығын иеленіп.  
Шайтанменен кеңесіп,  
Өлмейміз деп масыққан бар.*

*Қос ішек неге сарнайды,  
Қан төккен жерлер қыл-қызыл.  
Уақыт-сынап тұрмайды,  
Өмір көк мұз жып-жылтыр, –*

дегендей болса еліміздің тыныштығының қай заманнан бергі кепілі болған ерлер рухы жүдеп, жадай көрмесін деп тілейсің...

## **ҮРЕЙ... БҰҚПАНТАЙЛАРДЫҢ ҚИЯНАТЫ**

Адам кейде жүріп келе жатқан жолынан да адасып кетеді. Ондайда тау-тауға самалымен, саясымен, биік шыңына ұялатқан бұлтымен табысатындай, адамдар да өмір жолында танысып, сырласып жатады.

Баймағамбет Тілеумағамбетұлы Түрікменстанның Балқан облысы Жебел елді мекенінде 1933 жылы дүниеге келді. Байларды тәркілеудің қанқұйлы зобалаңы талайды тентіретсе, Тілемағамбеттің басынан да орта шаруасың деген қиқу кетпей, жанын шүберекке түйіп, туыс-туғандары, анасы Балқан, әкесі Пысқынбай және төрт ұлы болып түрікмен жеріне бір түнді қашып көше жөнелді. Дүние-мүлік, малды ортаға өткізіп кетті. Әйтпеске лаж жоқ, орта шаруа қоғамға қауіпті деген пәле, қиянат ақ түтек борандай жауып тұрды, ажалдан бұрын өлетін қауіп тұрды. Екі дүние ойрандалған, астыртын топ жарық дүниені көпсініп зар қақтырды. Байдың құйыршығы деп кенеше жабысады, әлсіздердің қақын жеген деп залымдар дүлейленеді. Үрім-бұтағымен құрту керек, бұларға өмір сүру керек емес, өліп кетсін деп жыртқыш аңдай жалаңдап жүрді. Қаруын шошаңдатып құтырынғандардан қашып құтылудан басқа жол жоқ еді.

– Түсіністік пен ақиқат қайда?

– Белсенді қарық қылып ұйытып айтады. Кеңес үкіметі жер бетінде теңшілік, еркіндік орнатып әлем халқын жарылқайды. Соны қуаттаймын дегендерің қол көтеріңдер. Міне, жүз пайыз қарсы жоқ, қапы қалғандар жоқ, құжат толтырылды. Шындық деген осы, – деп белсенді тебірене айтады, құлақ құрышын қандырып айтады. – Ақтарды

талқандадық, коммунизмге ұмтылып, болашақты тани білу өте дұрыс. Қолында дерегі бар дарындылар адастырмай үлкен жақсылыққа бастайды, – дегенді айтып жұртты иландырады.

– Халық күйзелді, кедейлер мен әлсіздерді түйе асырап отыр, – дегендерге белсенді:

– Байлардың қатал тәртібінен құтылдындар, ендеше күйзелді деген сөзді айтпай іспен айналысындар. Сонда ақылдарыңа ақыл қосылып, қызықты өмірді жайнатып тастайсындар! – дейтін еді.

Иса бабаның кіндігінен тараған Дәулетбай, Теңізбай, Базарбайлар зұлымдыққа шыдамай шетел асып көшіп кеткен туыстары туралы ләм-мим дей алмайды. Олардың өлі-тірісінен де бейхабар. Елде Кеңес үкіметінің айқын емес, жүз ойланып, мың толғанса да түсініп болмайтын ұстанымын біліп, үстемдіктің ығына жығылып күн кешкен кезде қызылдардың басшысы Ә. Жанкелдин келіп жұртты жинап, Кеңес үкіметінің жауларын талқандау жолында қару-жарақты құм басқан өңір арқылы түйемен жеткізуге әмір етті. «Орск қаласына жеткесін түйелеріңді қайтарып береміз» деп уәде етті. «Бала-шағамызды түйенің сүтімен асырап отырмыз» деп қарсылық көрсеткісі келгендерге әскерилердің ескі етіктерін беріп, Кеңес үкіметінің адамы өтірік айтпайды дегенді нықтап сендірді. Қарулы әскерлері түсінгісі келмегендерді ата саламыз дегендей сұсты еді. Ақырында түйелер де қайтпады, қоғамдық істің жолында өтірікші-алдамшылардың жемі болып тынды. Осы оқиғаны, Дәулетбай күйзелген елдің ақтардан, қызылдардан, елдегі белсенділерден көрген зәбірін күйіне еске түсіріп отыратын-ды. Қайтеді, тарыдай шашылған қазақ шашылды, ашынғаны ашынды, бас көтерегендері оққа ұшты, тірі қалғандары жым болды, көресіні көрмей көрге түспеспіз деген үн болды, адам қаны теңіздей толқыған ғасырдың әр күні жауыздық алдында мұқалып, қастандық алдында жұқарып, ұлттық сезімнен бірте-бірте айрылып, үрейлі топтың жәбіріне де шыдады. Бой бермейтін үрей естіні есалаң етті, қылымсыған жағымпаз, дүрдиген дүлейлер адамның ұлылығын жоя бастады. Мұның бәрін түрікмен жерін мекендеген туыс-

тар көріп, білген жоқ. «Тату елде тақсірет жоқ» деп өмір сүрді. Қанатты қақпады, тұмсықты шұқымады, еңбек етті, ұтылмады. Бірін-бірі сыйлап іш тартып, кісілікті құрметтеп, адамдықты танып түсінудің ғаламаттығын көрді. Десе де, Баймағамбет ержетіп, оң мен солын тани бастағасын әулиелердің мекені күндіз ойынан, түнде түсінен шықпағасын Маңғыстау өңіріне оралды. Әкесі, анасы, басқа да жақын туыстары ажалы жетіп түрікмен жерінен топырақ бұйырды. Қайтеді, тағдырдың жазғаны деп жұбанады. Айтыс-тартыс, небір зұлымдыққа шыдамай қабырғасы қайысып елден шеттегенді кім қалай түсінсе де өздерінің еркі біледі. Бірақ пенденің туған жерінде тірлік етуі қазақтың ұлы қасиеті деп түсінді де, 1964 жылы Баймағамбет «Жаңаөзенге» келіп мұнайшылық жұмысты бастады. Иса бабадан тараған туыстарына жылап көрісті. Өліп, өлім сарқыты болған бауырластардың қуанышында шек болмады. Қауынды, Қорғанбай, Кәкімбайлар болып Темір баба жеріндегі мұнай көзін ашуға қатысты. Киік толы байтақ даланың аспанында көгершіндер жырттылып айырылады. Түрікмен жерінде әкесінің замандастары сөйлесе кетсе, туған жердің аң-құстарының көптігін айтып, үрейлі өмірін ұмытып, жүрегі жақсылықпен оянатындай болатын-ды. Зәбірді ұмытпас-ау, сәттік сағынышқа құлшынудың сыры ғой. Елдің дүлей күштері елді аман сақтауды ойлаған жоқ, кесер кеңірдектерінің амандығын көксерп қалың жұртты оққа байлады. Өткенін еске түсіргендер толғанып:

*Шалғайда жүрміз, шалғайда,  
Сағынғанда ел қайда?  
Көкіректі қысса мұң-шерім,  
Баба-аруақ қолын бұлғайды, ә?!  
Зұлымдықтарды ойласақ,  
Күпті жүрек сарнайды.  
Қанішерлер зарлатқан,  
Көрмесін ұрпақ ондайды, –*

дейтінін Баймағамбет елдегі туыстарына жеткізді. Елден кеткен келмес, өлген тірілмес, зұлымдар да о дүниеге кет-

кен, тірілердің көз алдында, жадында қанқұйлы жылдар жатталып қалған-ды. Ардагер мұнайшы Баймағамбет сөзін ірікпей өткен өмірінің уақ-түйегіне дейін жастарға айтсам деген ниетін білдірді де:

– Бұ сексен жас оңай емес екен, көз көрмейді, аяқ жүрмейді, тіл сайрайды бірақ. Көмескі қиял бар, қорқынышты, үрейді аз көрген жоқпыз, енді өзге елмен тереземіз тең тұрғанға қуанымыз. Бірақ мына табиғат құбылысына таңырқаймын. 1973 жылдан бастап аспанымыздағы көгаршын құрыды, байтақ даладағы киік азая бастады. Көзбен көргенімізді жаның тілейді, ұрпаққа қалсын деп борышты болғандай сезінесің. Табиғат талауға түспей көрікті болса, пенденің рухы жүдемес еді. Келешектің бейнесі алып елдің рухы жоғарылығымен танылса деген тілек қой, – деп халық ақылына ден қою жастардың борышына айналарынан үміті молдығын білдірді. Кейде кіндік қаны тамған Түрікменстан жерін аңсайды.

Қайран, пендешілік-ай! Ескі өмір, жаңа тірлік дей қалса осы даладан жер ауып үдере көшкен қазақтарды жылан қуған жоқ. Кеңестік дәуірді түсінбеген арам ойлы зәлімдер атар таң, шығар күнді көпсінген ауыр қыспағы еді. Кім көрінген пасықтың қолына билік тисе, сүттей ұйыған жұрттың әңкі-тәңкісін шығармай тұрушы ма еді? Баймағамбеттің әкесі елден айырған, ұлтты құртуға мәжбүрлеген қатал тарихты оқта-текте айтып отыратын еді. Мақсат – қырғыннан аман қалу. Сол кезде қалың жұрт боса бастады.

Қап-қараңғы түн. Пысқынбай екі аяқты арбаға торы атты жегіп, төрт баласын, Балқан ананы отырғызып аздам азық, жеңіл-желпі киіммен шұбырған жұртқа ілесіп туған жерін, Бекет ата өулиенің отанын тастап кете барды. Ертеректе кедейлердің алдына мал салып, тұрмыс-тірлігін жарылқаймын деп жүріп бір қайырымды байдың Теңге, Ілгек деген екі қызы құйындатқан көз көрсетпейтін боранда адасып, екеуі екі жерде өліпті. Халық қашанда әділдікті аңыз ғып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Содан ел аузында Теңге, Ілгек деген жер атаулары қалыпты. Сол қайырлы қонысты төркілеудің ойраны басталғанда қаншама халық басын қорғап жер ауып кетті. Сексен жасқа иек артқан

Баймағамбеттің қос қарашығында дүрбелең жылдардың көрінісі басы жерге жеткенше өшпестей еді. Малдасын құрып отырған күйі қазақы шапанының етегін тізесіне жауып күрсініп алды да:

– Былайша қарағанда, жұрт «Байда қақым кетті, айналайын Кеңес үкіметі жарылқады, байдың байлығын тартып аламыз» деп өршіленіп шыға келсін-ақ. Оу, сонда солардың қарнын аш қылмай, киімін жыртық қылмай, ішпесін ішкізіп, кимесін кигізіп, барын ұқсатып, қарауындағы халқын баққан бай емес пе еді? Осыны ойнанайық, күнелткен күніміз түбінде не болады деуге ешкімнің ақылы жетпеген шығар. Ақырында аштық жылында жер соғып қырылып қалған жоқ па? Әкем Пысқынбай төрт баласын асырау үшін түрікмен жеріне аяғы іліккесін теміржолдың қара жұмысына кірісіп, адам басына карточкімен екі жүз грамнан нан алып тұрды. Ұзынқұлақтан естіді аштық жылында жерлестері баудай түсіп өліп қалғанын. Мыңдаған қара шаңырақта тұяқ қалмады, – деді тарамыстанған саусағымен бетін сипап ауыр күрсініп. – Әкем қатты қайғырып жүрді. Елде қалған Иса бабадан тарайтын Дәулетбай, Теңізбай, Базарбай аман ба екен деп көкірегін күңгірететін еді. Есіміз кіргенде туған жер, ондағы талай әулиелер туралы, ұлтық өнеге, кие, әдет-ғұрпымыз, туыс-туғандармен өткізген қуанышты жылдарын анам екеуі жиі есіне алып отыратын-ды. Бұл құлаққа сіңіп, көкірекке ұялап туған жерді сағынуды қалыптастырды. Содан 1947 жылы Кеңес үкіметінің ақшасы өзгеріп, нанды карточкімен беру жойылып, нанға тойына бастадық.

Ол сөзін үзіп біраз отырды да, дастархан үстіндегі бауырсаққа қолын созып:

– Осы нанға тыңқия тойған кездегі қуаныштың несін сұрайсың? Кейде түрікмен таныстарымыз өзілдеп: «Тойыңғасын, тыныштық орнағасын, туған жер магниттей тартпай тұрмас, байқаймыз, алакөңілденіп жүрсіңдер», – дейтін-ді. Сонда әкем: «Біздің орнымызға пияз егесіңдер ме? Отырған жерімізден су шыққан жоқ, ғасырларға кететін қайырлы еңбегіміз ортақ», – деп жылы шырай танытатын-ды. Десе де, өзіл сөздің өзі қамшы болды ма, елге оралудың қамына кірісті.

Ойына байларды төркілеп, ғұмырларын тас-талқан еткен кезде елде қалған байдың тоқалы әр үйден ас сұрап ішіп жүріп: «Біз де қатын болғанбыз, қапқа тары салғанбыз, өлсем әке-шешемнің моласына көміңдер», – деп есі кіресілі-шығасылы күйде жүргені оралды. Сол әйел аштан өлейін деп сандырақтап жүрсе де, туған жеріндегі моланы есінен шығармағаны таңғаларлық. Баймағамбет және оның замандастары Маңғыстау өңіріне оралып, бабалар мекенімен табысып жатыр. Егемендікті орнықтырған еліміздің әрбір азаматы шын адал жүректі болса, оңай олжаға салынбайтын басшылық болса, қарттар өткенді ауызға алып, тарихымыздың ақтаңдақ беттерін толықтыра түсері анық. Сонда ғана кейбіреудің миына қойылған үрейлі жарылғышты залалсыздандырып, ұрпақты жақсылық жолдан тайдырмас еді... Қос қарашықта тұнған өмір, әрбір қарттардың жүріп өткен тірлік жолдары жазылмаған роман дерсің. Мейлінше тереңде жатқан тарих осылай түгенделеді.


## ҚОЛҚАМЫЗҒА ҚОЛ САЛДЫ

Жаратылыстың құпиясы жетіп жатыр. Біреулер бүгінше ақшалы батыр, миллиондаған қаржы қойны-қонышында жатыр. Бай болғасын мінезі тығыз шытыр, басынан сөз асырмайды, әлсіз сұсынан кірерге тесік таппай қалтырап қалған. Биліктің маңына жуи алмайды өңшең пақыр. Абыржыған кедейлер келіп қалған шығар дейді заманақыр. Есек те ертеңім деп елеңдесе, ертең түгілі, бүгінгі шенеунікте уәде жоқ іске татыр. Ал әкім түшкірсе, әлсіздердің дене қызуы көтеріліп, қолқасы қопарыла жөтеліп, есінен тана бастайтын капиталистік мінез түрленіп тұр. Үш жүз жетпіс жылдан астам тарихы бар Атырау Есім хан заманынан бері қалыптасып мұнай, көгілдір отын өндірумен кемеліне келген шағы, үстем болып тұр бағы. Тұлғасы тұтас байтақ даласында 513 400 халқының саны. Біразының тынысын тарылтқан қиындық сындырып тұр сағын. Байлық бар, өткен жиырма жылда өнім көлемі алты жүз есе өсті, өсе береді тағы. Инвестиция мөлшері 1 триллионнан асса, ұлттық қорға түскен пай-





Қасқырбай



Еркеқара



Ғалымжан

да шаш етектен болса, әркімнің жүрегі толқып коммунизмге жеткендей сезінеді. Бәлен-түген деп апшымайды. Әлсіздер шенеуніктердің есігінен сығалап шаруасын айта алмайтын болғасын безек қағып босқа шапшымайды. Кеңес заманындағы бейбастық дейсің бе, зұлымдықтың түр-түрін көргендер бейқам көңілмен тірі қалғанына тәуба дейді. Қайтеді, жойқын қаруларды сынаған өңірлердегі халықтың өлгені өліп, тірілерінің қолы жеткендерінің жағдайы түзелді. Қолдаушысы жоқтар кем тірлігіне көмек сұрай алмай үмітін үзеді.

Бұлтарысы көп бұлыңғыр кезеңге бұралқы болғандай өкінгендер өткенге ой тастап: «Қолқамызға қол салып, қыршынынан талайды қиған, әлі күнге күйік иісі шығатындай Тайсойған өңіріндегілер біраз өлікті көміп, бүгін еркіндікке сеніп, зұлымдықтарды жеңіп отырмыз. Бүгін жетіспеген аздап кемшілік болса, жаз бар, қыс бар, асығатын не іс бар деп тарта береміз», – деп аздап қуақылық танытатындар баяғы үрейден шошып, үстемдікке бөйек болатын қалпынан алысқа ұзап кете қойған жоқ. Үрей азабынан құтылғанға қуанады, байлықтың мол екеніне жұбанады, елде болса ерінге түбінде тиер деп капиталистік тірлікті құп алады. Қайтеді, халықтың 5%-ы екі қолы жанына сыймай, талшық табар жұмыс іздеп безек қағып жүр. Жиырма жылдан бері халықты пәтермен қамту 100%-ға жетпегеніне аздап өкінгендер кінәні кімге тағып жүр? Бедірейгендер мен едірейгендер, кісімсіп күдірейгендер

қай заманда да болған, ондайлар әлсіздің жағдайын түсінеді деу бекершілік. «Жаманға жалынғанша, жат та, қарман» деген қазақ. Булы бұлт тасасында қалып бара жатқандай ата-аналарының, бабаларының тарихын есіне алған Күлән Қасқырбайқызы: «Әкем бүкіл туыс-туғаны болып Атырау, Ақтау өңірлерінің мұнай қорларын зерттеген геологтар еді. Олар шетінен ер, батыр еді. Әкем Ленин орденін алды, Еңбек Еріне ұсынған болар, әкесі Жолмағамбет «халық жауы» делініп, атылып кеткен ғой. Әжем Рысты айтып отыратын еді, Жолмағамбет Толстовтың бандыларын талқандап, облыстық милицияның шаңырағын көтерді. Одан соң мұнай өндіру шаруасына араласты. Себебі әкесі, оның туыс-туғандары Балмағамбет, Құтмағамбет әулеті ағылшындардың мұнайшыларымен бірге еңбек еткен ғой. «Дүние бірде жарық, бірде бұлыңғыр, біле алмайсың тағдырды танып» деп бәрі де бұл дүниеден өтерде, о дүниеге жетерде «Коммунизм жақын ғой, бақытты боларсыздар» деп еді. Үш атаның әулетінен шыққан жоғары білімді, алғыр геолог Қалихан ағайым: «Мәскеуден ренжіп келдім, ауылшаруашылық көрмесінде Атыраудың байлығы көрсетілмегені қастандық қой», – деп түнеріп, тұнжырап жүрді. Ақырында облыс басшыларына асыл ойын өткізіп, зейнетке шыққан мұнай іздеушілер қалаға жақындап, денсаулығына күтім тапсын деп геологтар қалашығының іргетасын қалап еді. Ерлік еңбектерін ел біледі, тарих түгендейді деп сенеміз, бірақ сол Қалиханға, Қасқырбай, Ғалымжандарға бір көшенің аты бұйырмады. Өзіме қаладан пәтер тимеді, денсаулық жұқарды, ізденуге дәрменсіздік бар, зілдей дерт бар. Бірге туған бауырым Қыдырғали, Абайлар де тыртысып, тырмысып, үй салуға алақандай жер ала алмай тірлігімізді жақсарта алмай отырмыз», – деп дал болады. Байлықтың киесі атып, Кеңес үкіметінің құлағанына өкінбейді. Кейбір басшылар қақымыз кетті, әлі аларымыз, қармап қаларымыз көп еді деп желпінеді, әлсіз кейдейлер олай деуге де дәрменсіз. Биліктің дәуірлегені дұрыс, көлеңкесіндегі дедек қаққандардың қақын жемей, көз қырын салса қалың ел дүркіреген атағына шаң жуытпай дүркірей бермек. Ойлайсың кейбір дөкейге мұңын айтуға есігінің босағасын аттай алмай жүрген әлсіздер

тағдыры ойыншық, ермек. Діңкесі құрығандар дұрыстық шешімді қашан көрмек? «Өкімдікке жазған арызыма дұрыс жауап келер деп үмітпен отырмын шөлдеп. Қалаға жетсем денсаулығымды сақтауға білгір дәрігерлер көмек беріп өмірімді ұзартар еді», – дейді Күлән дімкәстіктен терлеп. Жалғыз Күлән ба, жүздеген адамдар пәтер кезегін жылдап сарсыла күтеді. Егіл-тегіл жылау бар, үміті үзіліп о дүниеліктің шұңқырына құлау бар. Екіұдай көңілмен күн кешу бар, пара дәмбететінде кісілік намысты қорлау бар. Етіктің қонышы тесілгенше өтірік уәденің шегіне шыға алмай сорлау бар. Қалтасы тесік, қолдаушысы жоқтар шенеунікке арызданса, сөзге құлақ аспай, жорта саңырау бола қалады. Себепсіз салдар жоқ, бүгінгі сұм-сұрқияларға әлсіздің қақын қайырып беретін Алдар жоқ. Қағынан жеріген құландай ашынған біреу әкімшілік маңына келіп өзін-өзі жарып жібергенге кімнің қылшығы қисайды? Капитализмнің ұзақ салқар тізбек көші ақшаға тірлігін билетіп ілгерілеп барады. Бұл көш ешкімді өбектей алмайды, өз жағдайыңды өзің ояу көңілмен шеше біл. «Аспаннан киіз жауса, кедейге ұлтарақтығы да бұйырмайды» деген қазақтың ақылын есіңнен шығарма. Өткен қоғамдағы үкімет жарылқайды деген дағды Жайық суына батып кеткен. Ол бүгінгі байлар мен шенеуніктердің аяғына оралғы болудан қалған. Өкімдік омыраулай бастағанда оқыс оқиғаларға қарап жоқтан өзгені дәмепе. Өкелерімнің табан еті, маңдай терінің құны қайда дегің келе ме? Таланды, тоналды, ұялмағандар бұйырмағанды алды. Ақырында билік қалың халқынан бөліне бастады. Олардың биіктеп тұр аспаны. Алым-берім деп аласұрғандар ақыл емес, ақша сөйлейді деп әлсіздер тірлігін жуадай солдырып барады. Кеңес заманындағы дүлейлер қара халықтың миына үрейлі бомба қойса, бүгінде одан да сойқан ақша аталатын мина қойып жатыр. Қоғамның мұндай ауруын емдеп жазу әлем бойынша оңайға соқпайтыны көрініп қалды. Қандай қорқынышты?!

Әлсіз зұлымдықтың бөріне әлем бойынша көндігіп жыламай өледі. «Қолқаға қол салған қалай екен, жаныңды көзіңе көрсетті ме?» деп лауазым иесінің кейбірі сақсақ күледі. Өмірден опық жегенім өзіме олжа деп ал-

данғандар, азаптылар кекетіп жүреді... «Қабырғалы қара нар қабырғасын сөксең бық демес» дегендей шыдамдылығымды Жаратқан ием ниетіме қабыл қылғай деп ойыңды салмақтап тынасың... Қиянаткерлерден Алла өзі сұрақ алсын...

## ЖОЛАУШЫ

*Қаскүнем қоғаммен бірге жасап келеді.*

*Автор*

Таң сызат берген, көгілдір аспан бұлттан айыққан. Жылы леп еседі. Одан басқа табиғатта арсы-гүрсі өзгеріс жоқ. Таң атады, күн батады. Халық күйтің-күйтің тірлігін біледі. Қызылтау өңірін ежелден мекендегендер таулы, тасты, өзен, көлді, шалқар жайлауды жақсы біледі, мүлгіген үнсіз күйін де көріп жүр. Батыржан жүрегі елін сағынғандай жыр толғайды.

*Қарашаңырақ қадірі шеттесең елден білінген.*

*Алла берген ақиқат, сөзімнен жүрмін сүрінбей.*

*Көз көрген жерді қимаймын, сақталып тұрса бүлінбей.*

*Бұлқынсам бұлтқа жетер ем, ойлана берсем көз ілмей.*

*Қара шаңырақтың қадірі жүрекке берген қанағат.*

*Шалғайда ұзақ жүрсем де, еліме тимес жаманат.*

*Жауыздық сұқ көз байқалса, оларға келсін лағынет.*

Жиһанкез Батыржан байтақ далада тірлік еткен адамдардың құпия тарихын тірнектеп жинап жүргенде жаны жадырап осылай толғанады. Тыныш өмір сипаты көз алдында, мал өрісінде, жатаған үйлерде қаншама ғасырлардан бері атадан балаға жалғасқан пендешілік тірлік. Таңмен тұрып ырыздығын табуға күйтің-күйтің қимыл, еңбек, төгілген маңдай тер, желінген табан еті, күс саусақтар. Одан байып шыққаны жоқ, кезеңінде алақан жайып қайыр сұрағаны көп. Жоқшылықтың зіл батпан жүгін арқалап, теңсіздік зарын шеккендер құдайға қараған адам құр қалмайтынын жариялап айта алмайды, аңдитын

үрей көп. Халық тарихы тереңде. Дала даналарының ауызша жырлары мен әңгімелерінде. Батыржан кеңестік үрейден ұшты-күйлі жоғалмай тұрғанда ғасырлар дерегін жинап алуды армандайды. Үнемі ой үстінде, үнемі қолға түскен дерегін саралап отырып қағазға түсіреді. Тағысын тағы, әлденелерді іздейді. Негізгі мақсаты тым алыстарда қалған ел тірлігін, қым-қиғаш өмір арпалысын білу еді. Батыржан Кенжетаевтың жолсапарлары қазақ елінің Ресеймен ежелгі байланысы қақында. Қай заманда да көршінің жақсы ісін үйрену болады, жамандығынан жирену болады. Жанында жүрген адамдарды көкірегін ашып кісілік көрсетіп сыйлау болады, кейбір дәйдің орынсыз қинауы, зәбірлеуі үйме-жүйме арпалыс қантөгісі болады. Біреуден сезіктенген көкірек сөйлейді. Жанымда жүрген желік пе, оған онша елікпе. «Өтірік күледі екен, жарай қоймас серікке» деген қазақ көреген. Кісінің беті-жүзіне қарап кімнің кім екенін айыра білген-ді. Қазақ сапарға шығатын азаматына: «Жолың оң болсын, табысың мол болсын, ер жігіт үйінен кетсе үйірін табады, жақсыға жанасып жылуын алады», – деп игі тілек тілеп жатады. Барар жеріне де онша қысылып, қымтырылмайды.

Қазақтың мейманға дастарханы жаюлы, мейман ырыздығын ала келеді деп есігіне құлып салмаған, несібеге кесел келтіреді деп қабаған ит ұстамаған. Қазақтың бірінен бірінің еншісі алынбауы – осы дастархан құрметі. Қазан университетінің аспиранты Батыржан Кенжетаев Орынбор, Орск, Астрахан өңірлерін аралауда біраз деректер жинады. Тәуелсіз қазақ елінің тарихына өз үлесін қосу арманы еді. Ел аузындағы ауызша айтылған оқиғаларды қағазға түсірді. Жұған-тергені де аз емес. Бірде Орскіде кездесіп, дастархан үстінде танысқан Байзолла:

– Аңызға айналатын шындық бар, шындығын айта алмай кеткен мұңлық бар, – деді тобылғы рендес жүзінен жылылығын жариялап. – Осы қаладан он төрт шақырым жерде Құнанбайдың досы, Торғай губерниясының генералы Дербісалы қажы өмір сүрген. Бірде 1891 жылы орыс патшасы Николайды қонаққа шақырып, он төрт шақырым жерге кілем төсеп қарсы алған. Қайтеді, патшалық Ресей үстемдігінің дүлейлері қазаққа қабағының астынан тү-

йіле қарап, қасақана қара ниеттілері жек көріп, қымс етсе өлтіріп, қан шашып оған үймелеген құзғындай шүйіле қарап, әлсіз халыққа тыныс алдырмағанын айттып жеңілдік, кісілік күтуі еді. «Жібек жолы» бойындағы қазақтардың байлығын, алғырлығын, адалдығын көрсетудегі үлкен есепті шешуге қапелімде ешкімнің миы жетпейді. Сонша жерге кілем төсеу мүмкін емес, ақылға да сыймас еді деп кім ойламайды? Бұл құрметке патшаның тәтті сезімі тербеліп, Дербісәлінің ұлт тағдыры жөнінде айтқанына ықылас білдіріп, сұранысына көмегін аямас еді. Бүйідей тиген содырларының құбыжық зұлымдығын тәртіпке шақырып, ел ішінде тыныштықты сақтауға патша әмірі болар еді.

– Патша нөкерлерінің көзіне түспеуі таңғаларлық екен, – деді Батыржан оқиғаны қойын дәптеріне түртіп.

– Былайша, ғаламат сиқырлы жұмбақ есеп. Әңгіме ұйымдастыра білу, адамдардың тәртібі, татулығы үлгі емес пе? – деді Байзолла.

– Әбілқайыр ханның тұсында шекаралық бекет атанысымен, бұл жерді мекендеген байырғы қалың қазақтар Орск қаласына қоныстануға жер ауып келген казактардан көрмеген қорлығы жоқ. Ұрып-соқты, өлтірді, мал-мүлкін талап алды, қару кезеніп келіп, үйлерін өртеді. Қарапайым халық қырқысуға дәрмені жетпей бас сауғалап, ата-бабаларының моласын тастап безіп көшіп кетті көбі. Сұм-сұрқиялар мекендеген қайырсыз қаланы зәбірленгендер, қан жұтып қайғыға тап болғандар «жаман қала» атандыруы – құт мекенінен айрылғандардың нендей күйге түскенін дәлелдейтін қасіреті қалың сөз емес пе? Ресей патшалығы жерін кеңітуге саяси бағытын қай ғасырда да тоқтатқан емес және бұл шаруаны орындауға қылмыскерлерін, бұзықтарын, баскесерлерін жіберіп, билігі түк көрмегендей, түк білмегендей монтанси қалады. Сол сапарда Николай патша анау-мынау жай шаруамен емес, Орскінің болашағын бағдарлап, бүтіндей биліктің тұрақтылығын білу, өз көзімен тірлікті көру ойында болмады деймісің. Кенет Торғай губерниясының генералы Дербісәлінің мынадай байлығын көрсетіп, қазақтың ұлылығын танытуы сөзбен де, іспен де, сый-құрметпен де дұшпан ой-

лыны да иілдіріп, үн-түнсіз мойындататынына патшаның көзі жетіп бұл халықты ренжіткен жараспас деп ой түймеді деймісің. Оған дәлел, уақыт өте келе орыс патшасы Дербісәліні қонаққа шақырады. Екі шақырым жерге кілем төсеп, құрметпен қарсы алады. Патша сарайындағы үстемдік билік иелерінің алдында: «Ресейдің байлығы жалғыз Дербісәлінің байлығымен теңесе алмады. Бір миллион екі жүз мың мал өсіріп, жылдың екі мезгілінде өтетін жәрмеңкеде мал өнімдерімен қарық қылатын бұл өлкеге көздерің түзу, ойларың ашық болсын», – деп дала тұлғаларының бірі Дербісәліге сүйсінісімен, өзінің екі дүниеде ұмытпайтын өкінішін де білдіреді.

– Міне, бұл кезеңінде аңызға айналған шындық емес пе? Халқымыздың ауызбірлігі, дос болып келгенді төбеге көтеріп сыйлай білетіндігі, ал арам ойлыға кеудесін бастырмайтындығы атадан балаға жұғысты болып келеді ғой. Ол – ол-ау, дала данышпандары әр түрлі ғылымның да, саясаттың да мән-мағынасын сөзбен түйіп есте қалдырғаны неге тұрады? Қараңыз, «Хан құнықса халықтың соры, би құнықса өлгенде де топыраққа тоймайтын көзінің соры» деуі жемқорлық, парақорлықтан сақтандыратын заң тәртібін білдірмей ме? Еттен өтіп, сүйекке жететін ащы сөз арқылы талайды сабасына түсіріп отырды, – деді Байзола жанындағы Шүкіржанға қарап. – Мына құдам жатса-тұрса да Абай шығармаларын оқиды, қолынан кітапты тастамайды. Жиын-тойда, не түрлі басқосуда өлеңдерін оқып, жастардың құлағына құйып отырады. Ұлым Сайынды да, өз балаларын да Абайды оқи берсең, ақын боласың деп сендіреді. Ақылын ұйытып көндіреді. Қазақ зілкөтерем ауыр тұрмыс кешсе де, түрлі індет, дерттен өліп жатса да өлең, жырларын жанына медеу еткен. Ұлылық сөз арқылы көңілі сергіп дертінен де айығып, тәтті сезіммен сілкінген емес пе?! «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген содан ғой. Сосын да өлер жеріне дейін күліп барған ғой. Ауыздан-ауызға тарап бүгінге жеткен, ертең де есте болатын өлеңнің әр жолында тарих бар. «Келемін Орынбордан арып-ашып, Үстінде көк арбаның түсім қашып, Осыдан аман-есен елге жетсем, Анашым қарсы алады есік ашып. Қазақтың мен өлгенде несі құлар, Қансұлу қарындасым,

шешем жылар» дегені – оқу іздеп Орынбор, Қазанға барып, тұрмыс қиындығы, түрлі зілзәледен өкпе ауруын тауып өлгендердің зары.

Осы кезде Шүкіржан зар деген сөзге ауыр ойланады. Өзінің әкесі бай деп тәркіленіп, атылар алдында анасы жүгіріп бармай ма? Содан қызыл жағалылар ананың үстіне керосин шашып от қойғанда өртенген ананың шыңғырған дауысы, осы зұлымдықты көзімен көрген он төрт жасар Шүкіржан елден безіп, жаяулап, арып-ашып Орскіге келіп ет комбинатында қара жұмыс істеп жүрді. Арада біраз жылдар өткесін оны «Үштік» іздеп тауып, Уфа қаласына жер аударады. Сол қалада техникум бітіреді, үйленеді. Шүкіржан қылмыскер атанса да Сталинді кінәламайды:

– Қолыма кісен салып түрмеге әкеткен Сталин емес қой, жер астында жетпіс мың құлағы бар «жатыпатар» ағайын, туыстардың зобалаңы, – деді де, буыны босады. Қазақ осындай сүргін жылдарда «Ағайыннан асқан жау жоқ, табалдырықтан асқан тау жоқ» деген сөз қалдырды.

Батыржан одан әрі Шүкіржанды сөзге тартып, шемешерін ақи-тақи білгісі келмеді. «Әрбір қазақтың өмірі – бір-біріне ұқсамайтын роман» деп ойын түйді. Біраз үнсіздіктен соң Шүкіржан:

– Батыржан, ұлым, Қазан университетіне қазақтардың оқуға бара бастауы қай кезеңге тура келеді? – деді. Онысы сол Уфа қаласында көрі құлақтан естігені бойынша, 1 783 жылы Суворов ноғай мемлекетін жоймаққа бекініп 500 мың ноғайды қырды деседі. Сонда орыстың әйел патшасы қуанып, «Ол аймаққа славяндар орналасады, Жайық бойын еркін мекендейді» депті.

Тарихта қазақтардың «Көп қорқытады, терең батырады» дегені отарлық езгінің сықпытын көрсетпей ме? Саясат бет қаратпай қатуланса құртатынын құртады, ұтатынын ұтады. Батыржан Шүкіржан мен Байзолланың жөні түзу, ойлы әңгімесіне қанығып, Тарас Шевченко туралы да біраз мағлұматтарды біліп қанықты. Сосын сұраққа орай жауап берді.

– Университеттің тарихи дерегінде 1840-1861 жылдары Ы. Алтынсаринмен есімі қатар аталған алғашқы ағартушы



Н.З. Алдияров болған. Әрине, башқұрт азаматтарының біразы оқығанын, ондай деректер, зерттеулер С.М. Михайловтың Шығыс халықтарының мәдениеті, өнері қақындағы зерттеуінде толықтай айтылады. Ал 1877 жылдан кейін Қазан университетінде оқыған қазақтар саны көбейе бастайды. Бұл ұлттық интеллигенцияның өсуіне, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың дала даналығын өзге халықтарға таныстыра бастаған кезеңі болып табылады. 1758 жылы малдәрігерлік институт және мұғалімдік жұмыс істей бастайды. Осы екі оқу орнында көптеген қазақтар білім алған. Өйткені сол кезеңде қазақ ұлтына бірден-бір керек білім екені аян. Алдияров бастаған біраз мамандар жоғарыда айтқан Дербісәлі Беркімбаев басқаратын Торғай губерниясына келіп халыққа қызмет көрсетеді.

– Е, Құрманғазы бабаң айтты деседі: «Табиғат апаты қырды не, патша жендеттері қырды не, қырылған қазақ қырылып жатыр» деп сол кезеңде түрлі індет адамды да, малды да қырып тастады деген бар. Өліп-өліп өлім сарқыты болғанбыз, – деді сөзге араласқан Байсолла. – Соған орай елдің: «Ызылдайды әуеде жасыл сона, Жаз жайлауда қалыпты жалғыз мола» деген жұқпалы аурудан өлгендерді жоқтаған зары құлағымызда. Біздің бір туысымыздың жеті баласының төртеуі оба дертіне шалдыққан бойда әкесі ауру балаларын «Қызыл таудың» шоқы, шыңдарына арқалап өкетеді. Ойы – қалған үш баланы аман сақтау. Өлгі туыстың үш жігіті ержеткесін әкесі мен бауырларының сүйегін жыл сайын өңірді шарлап іздеумен болған еді. Ей, жұтаң тартқан өңір отарлық езгіге жұтылып небір обыр, жауыз, қанішерден және тарыққан халық обадай опырған түрлі дерттен ажал тапты. Бабаларымыз ондай қанқұса қайғыны қабіріне бірге өкетті.

– Пендеде қуаныш аз, қайғы қалың кездер өтті ғой, – деді Батыржан.

– 1870-1880 жылдары қазақ даласында жыл сайын 150-300 мың ірі қара оба, аусыл және басқа жұқпалы аурумен өліп жатты. Сондықтан Орал, Торғай, Ақмола облыстарымен қатар Астрахан губерниясының далаларында 29 емдеу, сауықтыру пункті ашылып, онда білімді мал маманда-

ры жұмыс істеген-ді. Бұл дәрменсіздіктің тас қапасынан аз да болса құтқара бастайды. Содан болар Орал облысының вице-губернаторы Булацел сұлтан Қ. Сермұхамедовтің балаларын және Қ. Иманбаев, И. Құлпейісов, Г. Бердеевтерді Қазандағы малдәрігерлік институтына жергілікті жердің қаржысымен оқуға жібереді. Ал оқуға барған А. Сейдалин Әбілқайыр ханның ұрпағы болатын-ды. Сонымен жиырмаға жуық қазақ жастары малдәрігерлік институтты бітіріп, қазақ даласында жұмыс істеген еді.

– Әрине, жастардың білімінің қайтарымын ел көрді ғой, бірақ солардың көбі байлардың тұқымы. Өйткені кедей баласын оқытуға қанша талантты болса да, күйі көтермейтін кезең еді, – деді Байзолла.

– Әрине, 27 студенттің алтауы сұлтанның баласы. Е. Көшербаевтың әкесі болыс, И. Қарабаевтың әкесінің жеті жүз жылқысы, елу ірі қара, жиырма бес түйе, алты жүз қойы болған. Ал Меңдешевтің жанұясындағы тұрмыс, тірлігі әлдеқайда төмен екен. Университеттің мұндай есепті жүргізуі студенттерден түсетін қаржыны болжап отыру мақсатында сықылды. Батыржан ұлым, кедейлік жан азабы ғой. Езіліп жаншылған мида ақыл да жетімсіз. Мына Қаратөбедегі құдаларымыз тойға шақырып барып едік. Сол жерде «Торы ат басы» деген жер бар екен. Неге осылай аталды дегенде сөзге шебер бір жігіт: «Көрінген сонадайдан торы ат басы, Жаманды жаратқанша, жаратпашы. Айқасып қалқатаймен жатқан түні, Аулыңды жау шапса да оятпашы» деген. Себебі кедей жігіттің құс боп ұшатын су айғыры мен дала биесінің ұрығынан жаралған аты болыпты. Байдың қызына ғашық болған жігіт тән ләззатына балқыған кезде аттың жұмбақ сырын айтып қояды. Содан ат қара тас боп балқып қалады», – деді. Міне, теңсіздік, міне, езілгендік, шемеңгер, қалың қайғы бұлты қазақ басынан арылмады ғой, – деген Шүкіржан сөзі Батыржанды толғандырды:

– Италияның бір ойшылы: «Ұзақ уақыт құлдыққа болған халық еліне деген құштарлық патриотизм мен имандылықтан айырылып, көнгіш, жалтақ, тілалғыш, жағымпаз болады» депті. Ал Абай: «Жасөспірім замандас, қапа қылды, сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді, жұлды» демей ме? – дегенде, сөзді Шүкіржан жалғады.

– Мен өзім де қорқақпын. Өйткені байдың, бидің тұқымын «халық жауы» деген, соның ұрпағы деген. Бірақ «жазасын өтеген» деген өмірдерегімде Кеңес үкіметінің жазуы бар. Қазір тәуелсіз ел атанғасын тілім шығып, сайрап отырмын. Қазақтың екеуінің біреуі ақынжанды, сол тарыққан кезде башқұрт жерінде жазамды өтеп жүргенде:

*Тасқа соқтым маңдайды,  
Тірліктің дауыл құйыны.  
Ағайыннан шет кетсем,  
Татулықтың қиыны.  
Мынау сүркіл өмірде  
Бақытты жан бар ма екен?  
Жабырқаған көңілдер  
Шемен-шерлі зар екен.  
Келте-келте өмірде  
Жақсылық жолы тар екен.  
Тасқа соқтым маңдайды,  
Зұлмат жылдардың азабы.  
Қанжұтпа болса саясат,  
Адам соның мазағы, –*

деп талайдың көкірегі күңіренетін еді. Біздің жазылған тарихымызды ұрпақ түгендеп ала алса, шіркін! – деп Шүкіржан Абай кітабының оқып отырған парағын жапты.

– Орынбор өлкесі әлемдік әдебиеттегі белгілі тұлғалар В.И. Даль, А.С. Пушкин, С.Т. Аксаков, М. Жәлел және басқаларымен мақтана алады, – деді сөзге араласқан Бай-золла. Одан соң Батыржан Кенжетәев тарихи бір деректен білгенін айтты. Одақтық темір жол картасының құрылысы бойынша Ленин Каспий жағалауынан бастап Ембі өңірін қамтитынын және Орск қаласына дейінгі аймақты қарындашпен сызып «нефть» деп белгі соғыпты. Расында, бұл өңірлерде 1916 жылға дейін Нобельдің мұнайшылары қазба, зерттеу жұмыстарын жүргізіп келген. Ал мұнай тарихына келгенде 1752 жылы Кармалы өзені маңынан Надыр Оразметов «жер майы» деп құтыға құйып алып, мұнай көзін ашудың құрылысы бірінші рет жүргізіле бастағаны туралы дерек құжат бойынша дәлелденсе, байтақ даламыздың теңдесі жоқ байлығын қазақ ашып отыр.

– Жер қазынасын игеру білімге байланысты болды ғой. «Жеріміздің түгін тартсаң майы шығады» деген сөз тегін айтылмаған. Орск, Орынбор, Саратов ежелден қазақтың атамекені ғой. Осында бабаларымыздың моласы жатыр. Қала басшысы Берег пен бас сәулетші Сауранбаев қолдап көмектесіп, су келмейтін биік жотадан қазақтардың моласына жер беріп, оны қоршатып қойғанына ризамыз. Дүние жалған басымыздан ауып күнмен бірге батады.

«Еділ мен Жайық қос өзен, қазақтың еді-ау мекені» деп еңіреп өткен бабаларымыз мәңгілік тыныштығында. Ескі қорымды көрсек, аруақтарға дұға тигізіп отырып көзіміз қарайлап ғасырлар тарихын іздегің келеді. Еркіндікті аңсап, содан басқаны арман етпегендей бабалар бейнесі көз алдыңнан жүгіріп өткендей сезінеді екенсің. Зая кеткен арпалыс, үлгертпеген ажал, үлкен үміттерін ұрлаған уақыт, қара жерге тығылып тынған ұлылық толы дене, соны ойласаң жүрегің шымырлайды, – деп Шүкіржан өткен өмірдің өкінішті тұсы молдығын айтқысы келмеді. Өйткені жақсылығымыз көбіне қатыгездікке кезігіп ішімізге түскен ыза, кекпен алмасты. Жөнін айтсаң, жаманатқа ұрындырды, шынын айтсаң, басыңды жұтып жатты. Осы құдайға қараған шығар деп сенетінің қара тереңге батырды. Бастан өткен-кеткеннің бәрінің соңы өкінішпен аяқталып жатты. Оны Батыржан Кенжетаев жақсы түсінді. Жолсапарларда Саратов, Астрахан, Петербург, Челябині, тағы басқа қалалардың мұрағат, мұражайларын ақтарып, талай адамдармен сөйлесіп ұлтымыздың ауызша және жазбаша талай құндылықтарын жинастырып еді. Біліммен ғана емес, жан дүниесін ұлттық қасиеттермен де байытып еді. Шүкіржанның білім дегеніне орай қазақтың қай заманда да сауатсыз еместігін, араб, парсы тілдерін жақсы меңгергенін ойына түсіріп:

– Қазақты кейбір пікірі бөлек, өзінен басқаны кісісінбейтін өркөкіректер Кеңес үкіметіне дейін сауатсыз, надан халық еді деп көкірегін көтеріп тәсіреді. Ондайларға шыдамай дала даналары ғылымның көптеген түрін ерте заманнан-ақ меңгергеніне мақал-мәтелдерінің өзі дәлел бола алады. Оны азсынсаң 1884 жылы Торғай облысында – 6 422, Ақмола облысында – 25 575, Жетісуда 15 762

оқушы болған. Петербургтың профессоры Э. Петри Орынбор өңірінде 250 мектеп болғанын, онда 8 236 қазақ жастарының оқығанын, олардың білімге алғырлығын баяндамасында ерекше атап өткен. Әрине, Торғай өңірінде оқушылардың көп болуы Ыбырай Алтынсариннің еңбегіне тікелей байланысты, – деді де Батыржан туған жері Қостанайдың Орск өңіріне жақын жатқанын, ата-анасын, бауырларын сағынғанын ойына оралтты. Анасы оқуға Қазан қаласына аттанарда жолына ақ мата төсеп: «Сапарың оң болсын, Алланың көзі түзу болғай!» деп тілеп еді. Мұндай ақ тілек қазақта ежелден қанға сіңген қасиеттей сақталып келеді. Ұлттық ақ тілек, өнеге, тәртіп, тәрбие адамдарды теріс жолдан сақтандырып, кісілік ұлылықты ғасырдан ғасырға жеткізгені аян. Қазақ қазақ болғалы ешкімнің ала жібін аттамай, ешкімге қаскөйлік танытып қиянат жасамай, ананың ақ сүтін ақтау парызым деп түсінуімен әлем алдында мақтана аламыз. Батыржанды анасы айналып-толғанып өсірді, өзіңді емес ұлтыңды сүюден айныма деді. Өзі де айрықша қатарынан озық ойлы болып еді. Он сегізге толып еді, иә, сәт деп ғылым отауына қырандай қалқып арманы қонып еді. Тірліктегі жамандық анталап тұрса да, әр ісіне абайлап қарады. Сақ жүрді, өзіне сенгесін абдырамады. Ел-жұрты жол болсын, талап оң болсын айтты, әлей болсыны томашадай жүрегінде жатты. Әуелеп ұшқан талап қанат қақты. Әрқашанда жоғалғанды жоқтап табуды мақсат етті. Тарихтың бұрма жолын байқап, ғылыми байламға ден қойды. Байыз таппады. Университетті бітірісімен В.В. Ивановтың аспиранты атанды. Мінез-құлқы бапты ғалым оның Қазан университеті тарихындағы қазақтардың білім алу жайын зерттегеніне қуанып қалды. Алғырлығын да таныды.

– Бастапқы дейсің бе, бұл оқу орыны 1758 жылдары шаңырақ көтере бастаған. Бәлкім, содан бергі жылдарда білім алған қазақтарды табарсың, – деді профессор ғылымға берілген, әсіресе тың тақырыптың бейнетінен қорықпайтын, шындық жолында бұйығып, қысылып-қымтырылуды білмейтінін білдіргеніне ризалықпен. Жүзіндегі жылы күлкі, ойнақы ойлы мінезді жария етіп

тұратын-ды. Болжам бар, шындығы, дерегі әріде. Бөгесін көп, буалдыр дерек те жетерлік. Бірақ сүйенеді сенімге. Күн мен түн, айлар, жылдар Мәскеу, Петербург, Астрахан, Омбы қалаларындағы құжаттарды ақтару, қиналыс, шаршау, ізденіс, бір деректің ұшын ұстаса бұрылысы жұмбақ. Шешуіне білгірлік керек. Сарғайған қағаздар әр тарапқа бастайды. Батыржан Кенжетәев бәрібір жеңетініне сенеді. Өзі, өзі ғана, өз көзімен көріп анығына жету ғана. Адыра кезеңдердің топас ізінде қайғы бар, отарлық езгі бар, кемсіну, кісісінбеу де кездеседі. Қуанышты аңсау да бар. Білім жарығына қолы жеткен бар, арманда кеткен бар. Қараңғы қапастағы тірліктің жақсы, жаманын ажырату қиын-ды. Алау жалынын іздейсің, сөнген шаласын көресің. Күндердің бірінде Жәңгір ханның университет кітапханасына берген үлкен сыйлығын тапты. Соған орай оқу, ағарту ісінің Құрметті мүшесі атаныпты. Кітапханашы К. Фойгт: «1841-1845 жылдарда Жәңгір хан араб, парсы, түрік тілінде жазылған 6 қолжазба, Нефистің медициналық шығармасы, әл-Казвинидің 735 жылғы, Хабибтің 927 жылғы, Жалалиддин Румидің 661 жылғы және басқа да шығармалар университеттің жаңа «Мекке» ғылымын ашқандай болды», – деген 1852 жылғы архив құжатына қанығып қатты қуанды. Қазақта жазба әдебиет болмаған ба? Демек, болған, қазақ кітапқұмарлықты ертеден бастаған-ау деп ширап серпілді. Батыржан құжаттарды ақтарып отырып өмірдеректе пенденің жағымды және жағымсыз тұстарын қадағалап қарағанда күтпеген себепсалдар байқалмай тұрмайды. Ресейдің отары болғасын қазақ елін теспей соратын байлығы нақты есептеп түгендеп отырған. Жәңгірдің жекеменшік байлығы қой, ешкісі 17 мың 97 бас, ірі қара – 719, түйе – 232, жылқы – 4 274 және ақшасы 13 404 рубль. Міне, отарлық езгі, жергілікті байлар халықты араша талағаннан кейін В.И. Дальдың жазбасында көрінген: «Ашыққан қазақтар ұл балаларын 75 рубльге сатқанын көрдім, Исатай, Махамбет көтерілісінің шығу себебінің бірі қарапайым халықтың зұлмат зілге шыдай алмай, қатты күйзеліп тірідей өлікке айналуынан деуі шындық емес пе? Адам өмірі жақсылық пен жамандықтың тізбесі ме? Қайран өурелік.

Жә, осындайда зәбірмен қажыған халық адалдықты білімнен іздеді. Міне, А.Е. Алекторовтың кітабында (1900 ж., 366-б.). Қазан қаласындағы университетте 1877-1917 жылдар аралығында 37 қазақ оқып, оның 20-сы бітіріп шыққан. «Кітап оқудан басқаға алаңы жоқ, аса білімдар, болашағынан үлкен үміт күтетін», – деп мінездеме берілген З. Құдайбергенов 1893 жылы оқу ордасын бітіре алмай, өкпе аурынан дүние салыпты.

– Қазақ аспанының арманда кеткен, ағып түскен жұлдызы, – деп Батыржан тебіренді. (Өзі де мезгілсіз сөнетін жұлдыздай боларын ойлады деймісің).

Мігірсіз ізденіспен нақтылап Қазан университетінде оқыған қазақтарды төмендегіше тізбеледі. Халқын шын сүйген, ұлт тарихындағы бабалар аты-жөнін атағанның өзінде аруаққа сауап деп түсінген Батыржанның тізбелерін тұтас жазғанды жөн көрдім. (Бәлкім ұрпағы оқып, біліп қуанса не тұрады). А. Алдияров, Н. Алдияров, Г. Арғынғазиев, С. Аманжолов, Ш. Бекмұхамедов, А. Бірімжанов, А. Балғожин, Г. Ибрагимов, А. Едігин, М. Қаратаев, И. Қашқынбаев, М. Қарабаев, Б. Мәметов, С. Нұралыханов, Ж. Сейдалин, С. Сүйінішқалиев, О. Танашев, М. Шомбалов, М. Шолтыров. Бұл тек қана 1877-1911 жыл аралығында білім алғандар.

Батыржан осындай деректі дәйектей отырып, әрбірінің өмір жолын зерттеуді, олардың бүгінгі ұрпағын іздеуді де мақсат еткені анық. Сондай-ақ Қазан малдәрігерлік институтында оқығандар: М. Ақтанов, У. Базанов, А. Боштаев, Г. Бердеев, М. Бекетаев, М. Жасмағамбетов, С. Ибрагимов, Т. Есенқұлов, Д. Избасаров, Ш. Құсбағылиев, И. Құлпейісов, К. Сермұхамедов, А. Сейдалин, М. Сызықов, Н. Жақыпов, Б. Жанқадамов, Ф. Иманбаев, Ж. Рүстембаев. Бұлар 1877-1913 жылдың аралығында білім алғандар екен. Олардың біразы Торғай облысында қызмет еткен. Одан кейін Батыржан Кенжетаев мұғалімдер семинариясын бітіргендердің кімдер екенін, қазақ жерінің қай түкпірінен келгенін зерделейді.

– «Зерттеуімді бітірдім, бірнеше томдық еңбек жазатын еңбектің нұсқасы бар. Ұлтымның тарихына үлес» деп Батыржанның көз жанары өткірленіп болашағын болжа-

ғыштығы байқалатын және әлі талай зерттеу жолына түсетінін айтатыны құлағынан кетпейді. Кенеттен басбұзар, қаскөй қапыда ту сыртынан пышақ салып өкінішпен дүниеден өтті. Ортасы толмас өкініш, – деп Қазандағы мәдени орталықты басқаратын техника ғылымдарының докторы Сағит Жақсыбаев жан дүниесі күйзеле сөз етті. Батыржан уақыт құрғатпай мешітке баратын, ізі қалды, жоқтаушысы күйзеле сөз етеді. Қазандағы екі мыңдай қазақтың қайғысы екенін біледі. Батыржан Волга өзенінің жағасына барып ерке толқындарды тамашалайтын, ізі қалды, желмен бұлғаң қаққан тентек толқын жоқтар деймісің. Талай өртке оранып халқы қырылған Қазан тарихы жоқтар ма екен. Батыржан кең көшелерде еркін жүруші еді. Тылсым табиғатпен сырласып, бабаларымның осы жерде ізі жатыр, соны бұлдыр сағымнан алып шығам деуші еді. Үнсіз табиғат жауап қатпайды. Кезең-кезеңдегі өмір жолы іздесең табасың дей ме? Біреудің біреуге кіжінісі де үнсіз, соғыс жылдарындағы бандылардың «қара мысық» атанып талайдың жанын қиғанының тұқымы жойылмады ма? Жақсылыққа жау көп пе? Табиғат үнсіз. Ұлт тарихының тың парақтарын қап-қараңғы түнде дүлей құйын жұлып әкеткендей жаның күйзеледі. Тасжүрек құзғын, жүрегі мұзға айналып тірі жүрген пендені көре алмайтын зұлымға жер басып жүрудің өзі артық екенін білер дейсің бе? Батыржанның жүрек тұсынан қапыда пышақты шаншыды да кетті. Осы ма адамдарды сүйе білгені, осы ма ел-елді кезіп халықтың тарихын зерделеп жақсылық жолда жүргені. Қанішер оны түсіне ме? Мөлдіреген қос қарашық суланып барып біржола жұмылды. Тірліктің орта жолында өмір үзілді. «Ісімді, ұрпақ, жалғастыр!» деп соңғы сөзін айтып дүниеден озды. Қаскөйдің, қарғыс атқырдың қанды пышағы. Табиғат шаң-тозаңды тазартар, қылмыс тазармас. Жақсылық жалғасар, жамандық та тоқтамас. Ақылды, ақылсыз тұрғанда солай болмақ. Көз алдында Батыржанның ашық жүзі «мәңгілік өмірдің жырымын», «мен қазақ ұлтының азаматымын» деп құлағыңа сыбырлағандай. Өлімге қимайды екенсің.

«Ата-анасы «ұлтыңның ұлы бол, қажетсіңсе құлы бол» деген аманатын айтыпты. Қазақ ғылымы алғыр ойшылы-



нан айырылды. Жаныңды жегідей жейтін бұдан артық өкініш болар ма?!» – дейді досы Дихан Қамзабекұлы.

*Жұлдыздарды сөндірген,  
Зұлматын да төндірген  
Заманнан да қорқамын.  
«Жауыздық түбі – қасірет»,  
Жауыз деген сайын тәсіред.  
Толып жүрген сілімтік  
Зұлымдығын өсіред.  
Жаныңдағы жыртқыштар  
Қан төкпесе күрсінед.  
Сатылғыш, сатқын бақа бас  
Адамдардан қорқамын.  
Кісілікті таптаған,  
Жақсылық оған жақпаған  
Құзғындар жүр қасымда.  
Заңды көзге ілмейтін  
Қылмыскер бар ма тосылған.  
Шетелден алып өнеге,  
Лаңдатып жосылған.  
Қара жүректен қорқасың.  
Біреулері тауып жүр  
Фашистік деген ортасын, –*

деп, қабырға қайыса толғанып, ақпараттарда айтылып жүргендей «тақырбас-скинхедтердің» ұйымы ма, әйтеуір қазақ, қырғыз елдерінің екі жүзге тарта азаматтары ажал тапса, оны заң орындары басбұзарлық қылмыс деумен тынатын көрінеді. Демек, бұл ұйымға Кремльдің тосқауыл қоя алмай отырғаны ма деп қаласың. А. Тарасовтың дерегінде қазірде Ресейдің 85 қаласында жетпіс мыңдай «тақырбас» өздерін ұлықтап жүргенге ұқсайды. Онымен қоймай көрші елдерге де қадам басып ұйым ашып елірмек екен. Бұлардың қанды саясатын түсінген Украин, Беларусь, Литва елдері тезінен шара қолданып жұлымын қырыққан. «Зұлымдық қандай қауіпті, тәуелсіздіктің фашистік жаулығы біздің елімізден қылаң берсе үнін өшіруге тиістіміз дегің келеді. Ол жүретін жолаушылар өзгеге

емес, өзінің жүрегіне сенер болар», – деген Батыржаннан сөз қалған. Жұмыр жер бетінде қыбырлап уақытша жүрген пенденің бәрі де жолаушы, көрер жарығы, татар дәмі таусылғанда мәңгілік мекеніне аттанады. Ең ауыры – кісі қолынан ажал тапқанның жаныңды түршіктіретін қайғысы қалың.

## СӨЗІ МЫҢЖЫЛДЫҚ

Ақиық ақын Сырбай: «Торғай – қазақтың Ленинград», – деп тегін айтқан жоқ. Зейінін аударатын, зерттеуді ойға алдыратын ақын үні еді.

Тарихымызды терең білгендікті меңзеді. Кейінгі ұрпақтың жадында қалдырып, қанына сіңіруді парыз санағаны еді. Отарлық езгінің зардабы, кеңестік кезеңнің тыныс алдырмаған үрейі тарихымызды тәптіштеп ұрпаққа айта алмаған өкінішті ақын аманттағандай еді. Бүгінгі тәуелсіздік ізденуге мүмкіндік бергесін жоғалғанды табуға зейіл салып тұңғыш астанамыз – Орынбордағы тарихымызға қатысты құжаттарды ақтарасың. Біз біле бермейтін Торғай даласын, байтақ қазақ жерін зерттеушілердің есімдері де көзге оттай басылады. Айталық, Генс Григорий Федорович 1814-1815 жылдары Петербург ұйымдастырған экспедициямен қазақтардың орыстармен қарым-қатынасын, қазақтардың өнерін, әдебиетін, тарихын, хандық басқару құрылымын, табиғатын, жер байлығын зерттеген екен. Ғалым жақсылықты ойлаған, отарлық езгінің обыр, жауыздығына қызмет етпеген. Генс неміс, француз, татар, қазақ тілін жетік білген деседі. Сондықтан ол қазақ ұлтының тарихын, өнерін зерттеп, біраз еңбектенгеніне төмендегі жазба куә. «В 1818 г. ему было поручено привести в порядок богатейший архив Оренбургской губернской канцелярии и пограничной комиссии». Әрине, әр ғасырдағы өзгерістер Ресейдің отарлау саясатының жүруі, әсіресе Екатерина II патшайым тұсында түрікке ұйыған Астрахан хандығы Ресейдің қол астына кіргені белгілі. Онда қалмақтар Ақтөбе желісін басқарып, өңірді игеруге қалмақ полкі, Астрахан казактар армиясы, Орал армиясы, оны басқарған генерал-

фельдмаршал граф Паскевич-Эриванский екені тарихи құжаттан белгілі. Патшалы Ресей қазақ даласына ендеп кіруді, отарлауды мақсат етіп, екі жүз жылдай қалмақтар мен қазақтарды қырқыстырып отырған-ды. Ал осы тұста саясат үшін газеттің атқарар қызметі ересен. «Тургайская газетаның» 1896 жылы жарыққа шығуы соның дәлелі. Газетте бірінші мақсат етіп, өңірлерді кімдер басқарады, қандай қызмет атқарады деген сұраққа жауапты табасыз. Газеттің 58-санындағы бір мақалада Торғай губерниясы бойынша «Қызыл крест» басқармасының бастығы Н.Н. Ардашев, орынбасарлары А.А. Кравцов, И. Богданскийдің ұйымдастыруымен кедейлерге көмегі айтылады. Ел ішіндегі түрлі індетпен күресу барынша баяндалады. Газеттің осы санында қазақ даласындағы орман шаруашылығын басқаруға білімді маман Ысқақовтың тағайындалғанына губерниялық хатшы Бубнов пен Тұяқов қол қойған екен. Бұдан байқайтынымыз, орыс елінің мамандары қазақ даласына қоныстана бастайды. Билік патшалықтың қолында. Заңдылық деп есептеледі. Ал осы газеттің 74-санында Торғай губерниясының губернаторы Д. Беркінбаев, С. Нұрмағамбетовті туыс-туғандарымен Ресей патшалығы арнайы қонаққа шақырып, Александр залында жылы қабылдап, театрға құрметті орынға отырғызған. Беркімбаев императорға күмістен жасалған түйе скльуптурасын сыйлағанын жазады. II Екатерина Орынбор губернаторына арнаған хатында «Қырғызқайсақтармен тіл табыс, кінәсіне қарай жазалауды түсіністікпен жүргіз» деген тапсырма бергенін ойға алсақ, қылыштың қырындағы өмірді, айла-амалды қолдануды меңзейтіні көрініп тұрған жоқ па? Біреудің қолымен от көсегеннің қолы күймейтіні тәрізді, өзді-өзіне өшіктіріп, бірін біріне айдап салып қырылыстыруды мақсат еткен жоқ па? Жұтаған көңілді жұбатқан сықылды болып көріну сиқырлығын түсінген бар, түсінбей отқа түскен бар. Дегенмен «Тургайская газета» ел мен жердегі байлықты, ел тірлігін біраз жазған. 1900 жылдары Торғай губерниясы бойынша 435735 халық болса, 1904 жылы өмірге келген сәби 13304 екен. Күйзелген тұрмыс, жоқтық қысқан тірліктен дүниеге келген сәбилердің 8016-сы шетінеп кет-

кен. Бұл дерекке сүйенсек, губернияда медициналық қамту жеткіліксіз. Бүкіл аймақта бар болғаны 12 дәрігерлік учасок, онда 45 медицина қызметкері еңбек еткен. Осындай қиындықтарға қарамастан, дәрігерлер жылына 56 256 адамға медициналық қызмет көрсеткені айтылады. Сондай-ақ газет жазбаларында халыққа білім беру мәселесі де қозғалған. «1901-1905 жылдары губерния бойынша 161 мектепте 7 143 оқушы білім алған. 4 ер балалар интернаты, 3 қыздар интернаты жұмыс атқарып, 2 883 ер бала, 356 қыз бала оқыған» деп жазады газеттің 54-санында. Мұнда әскери губернатор Никольский, Наурызым болысы Ә. Тоққожин екенін де деректерден көреміз. Мақалада бұларды атап отырғаны 1895 жылдың өзінде мектептерде оқулықтар жеткілікті және министрлік қажетті қаржымен қамтығанын, әрбір мектептің оқу-тәрбие жұмысына 51 191 рубль бөлініп және әр баланың оқуына жұмсалатын қаржы 421 рубль 51 тиын екені айтылған. Жері шұйгін, табиғаты ерекше Торғай өңірі қай кезеңде де төрт түлік малға кедейшілік танытпаған. Патша сарайындағылар да Торғайдың бағыланының етін, қымызын, шұбатын алдырып азықтаныпты дегенді естігенбіз. Газетте 1902 жылы Торғай уезінің өзінде қой, ешкі – 45 210, ірі қара – 7 220, жылқы – 1 328, ал облыс бойынша барлық мал саны 554 127-ге жетіпті. Осыншама мал облыстағы 16 218 жанұя меншігінде болса, қоныстанған орыстардың жанұясы 1 405 екен. Ғұлама жазушы Лев Толстойдың қағазға түсіргені, жұрттың айтуынша, 1898 жылы аштық болған. Әрине, аштық Торғай өңірін де шарпыған. Дегенмен егіншілікпен айналысқан халық жұтқа жаппай ұрынбаған. Облыс бойынша 1903 жылы 296 710 гектар алқапқа егін өсіріп, 1 242 818 пұт астық өндірген. Торғай газетінің мақала, хабарларында өндіріс орындарын да жазады.

Тау-кен зауыты 136 учаске бойынша 6 пұт алтын өндірсе, тұз өндірісі 266 643 пұт тұз өңдеп таратса, құс өсіру, балық өңдеу өнеркәсіптері жұмыс істеп, жылына 266 950 рубльдің өнімін шығарып таратқан. Демек, Торғай губерниясы бойынша ірілі-ұсақты 295 өндіріс орындарында жұмыс істеген қазақтардың тұрмыс-тірлігі олқы болмағанға ұқсайды. Патшалы Ресей қазақ жерін жаппай от-

арлауды жүргізгендіктен, газеттің негізгі мақсаты аз-кем жақсылықтарды насихаттай отырып отарлау саясатын тереңге тастаған. Барлық уездерде басшылық жұмысы, тәртіп-тәрбие, заңдылық шаруалары көп қорқытады, терең батырады дегенге сәйкестеніп, мыңдаған орыстардың қазақ жеріне қоныстануы, оларға жасалатын жағдайды баяндау баршылық. Орыс мектептері де ашыла бастайды, оған қазақ жастарын да тартады. Орыс тілін жас ұрпақтың бойына дарыту бірінші кезекке қойылады. Көптеген уездерде билік орыстардың қолында болады. Торғай уезінің басқармасын капитан Алексей Авдеевич Молчанов басқарса, көмекшісі Т.А. Сейдалиев болыпты. Ал ұжымдық хатшы қызметін К.Д. Чодольский атқарған. Сондай-ақ түрлі арыз, шағым, құжаттарды тәржімалауды О. Мәмбетұлы жүргізіпті. Уезд халқына медициналық қызмет еткен П.В. Добровольский, Бакин, Рогожниковтар және мал дәрігері В.Х. Элпидинг болса, байланыс бөлімін С.Т. Гаврилов басқарыпты. Сондай-ақ орыс-қазақ училищесінің мұғалімдері И.Г. Григорьев, шоқындырушы Киличков, мұғалім Есенғазы Бағин, ислам дінінен сабақ беруші М. Болғынбаев жұмыс атқарғанын газет деректерінен көреміз. Торғай өңірінде орыс-қазақ қыздар училищесі, сол сықылды қолөнер училищесі де жастарға білім берген. Оларға Ахмет Балғынбаев ұстаздық еткен (ұрпақтары бар шығар). Сол 1895 жылдың өзінде Торғай өңірінде көптеген ауылдық мектептар жұмыс атқарып, халыққа білім берумен айналысқан екен. Қараторғай болысы бойынша болыстық мектепті Тілеген Медетов басқарыпты. Шұбалаң болыстық мектебінде Салық Бабин, Сарыторғай болыстық мектебінде Ерназар Көбенов қызмет атқарғандығы туралы мақалаларда айтылған. Сондай-ақ болыстардың аты-жөні де назардан тыс қалмаған. Мәселен, Шұбалаң болысын Смағұл Токин басқарып, халық соты М. Итаяқов, Н. Бұзаубеков, Б. Атабаев, Ы. Бөкеевтер халыққа қызмет көрсеткендігі жайлы газет деректері көрсетеді. Мақалаларда олардың жұмысындағы жетістігі, кемшілігі баяндалады. «Тургайская газетаның» 1902 жылғы 6-санында Қабырға болысын басқарған Абдезан Тұрғынбаев және Торғай ауыл мектебі ұжымы, сонымен

қатар Торғай болысының бірінші ауылы, Қараторғай, Сарықопа адамдары Баймұрат Түркебаевтың жұмылдыруымен өзен, көлдерден бөгет салып, суармалы егісті жолға қойып, тары дақылын өсіргенін, одан мол өнім алғанын газет мақаласы жұртқа жариялайды. «Бұл кәсіпті 1777 жылы Қабырға өңірінде туған Жарылғап Шармышевтен жалғасқан диқандық дәстүрді алты жүз жанұя жалғастырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп келеді» дейді газет мақаласында. Сөйтіп олар жылына өндірген астықты, әрбір жанұя бойынша 100-150 пұт тарыны сатуға мүмкіндік алған. Дамыл таппай жер өңдеп, астық өсіру отырықшы елдің байлығына айналған. Олардан өнеге, тәжірибе алған Кеңарал болысын басқаратын Өміртай Аққошқаров, Шұбар болысын басқаратын Жүсіп Аманшаловтар жұртын егіншілікке жұмылдырғанын газет мақтана жазыпты. Торғай өңірінің табыстары көпке дабыра емес, шындығымен жүректерге жол тапқан. Жазы болсын, қысы болсын табиғаты жайнап тұратын өңірді талай ғасырдан биің болсын, биігің болсын дәріптеуден кенде емес. Орынбор мұрағатынан көзіміз шалғаны, XVIII ғасырдың 50-60-жылдарындағы орыс-қалмақ тарихы туралы кітапшаның 147-бетінен «1747-1748 жылы Әбілқайыр хан ұлы Ералы екеуі Торғай өңірі «Борсық» құмын қыстаған» деген жолдардан аңғарғанымыз, Қазақ елінің қалың халқымен байланысып, Ресейдің отарлау саясатының жымысқы тұсынан сақтануды хандар, билер болып ақылдасты ма екен деген ой келеді. Десек те, «Тургайская газетада» бұрынғы хандар мен билер туралы деректер жоқтың қасы. Басты бағыты да, тақырыбы да болыстар мен уездерде, облыс, губернияда Ресей патшалығының заңдары негізінде ғана мақала, хабарлар жазылыпты. Бір айта кетерлігі, газеттің кейбір сандарында фельетон айдарымен сыни мақала көрініп қалады және оны бірінші бетке орналастырады екен. Бірқатар уездерде басшылықта орыстар жоқ. Мысалы, Сарыторғай болысында болыс Жүсіп Шонов, халық соты Айқадам Әутенов, Сырлыбай Керімбаев, Жүсіп Жауғашев, Тілеулі Қайсаров, Дабы Бекеновтер екенін оқыдық. Қайдауыл болысы Жүніс Қаратышқанов, ауылдық соты Жарылғас

Көбегеновтердің есімдері аталады. Иә, олардың патшалы Ресей талабына қарай жұмыс атқаруы бақылауда, сараптауда болатыны белгілі. Мүлт кетсе газетте фельетонмен сынап тастайды. Сын, сықақ жанрының ерекшелігі сонда. Сарыторғай өңірін ауызға алғанда, ерте заманда бой көтерген мешіттердің құрылысындағы ерекшелік – қабырғаға қаланған кірпіштердің арасында ауа қалдыруы арқылы қысқы аязда да бөлмелерге от жақпай-ақ жылылықты сақтап тұратынын көріп-біліп, қазақтардың құрылыс салудағы ерекшелігіне таңғалғанбыз. Осы өңірдегі «Қыз моласы» (классик жазушы Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасының кейіпкері деседі), «Шымылдық» және басқа да кесенелердің кірпіштерінің әлі күнге міні құрымағанының құпиясы аңыз тәрізді. Сонау 1552 жылдары бой көтерген Юнусов және Байская мешіттерінің құрылыс сапасы қазақ даласында жүзеге аса отырып, ертеден дінге ұйытып, дін сабағын алатын оқу орны болғанын ескерсек, кейбір Акимов сықылды шовинистердің қазақта жер болмаған, олардың мекені Моңғолия мен Қытайда деп оттауы көрсоқырлық дер едік. Басқа әріден басталатын тарихымызды білгісі келмесе, «Тургайская газетасының» Орынбор мұрағатын бір оқып шықсын. Тіпті жалаң ойлылар Кеңес үкіметі қазақтардың көзін ашып, адам қатарына қосты деген мылжындар осы газеттегі қаншама білімдар қазақтардың ұрпақты оқыту, медицина саласында қызмет көрсету, егіншілік, мал өсірудегі ғаламат еңбегін білсін. «Аурудан әдет жаман» дейтін қазақ шовинистік зәлімдікті заманында көріп, білген.

Патшалы Ресейдің отарлау саясаты, рейдерлік басқыншылығы аш қасқырдай талғамай жұтқан қыспағына түскен қазақтар 1840-1850 жылдарда Троицк, Челябин, Орынбор губернияларындағы алтын, тұз, балық өндірісінде құл есебінде еңбек еткен. Қазақты кісісінбеу, қорлау, небір азапты көрсетіп, миына жарылғыш қойғандай патша жендеттерінің қанқұйлылығын Акимов сықылдылар ұмытпай жүруі – еркін ел болып, әлемге танылғандықты көре алмауы. Қазақ ондайға «Ішің күйсе тұз жала» деп қолын бір-ақ сілтеген. Дана ойлы ақын «Торғай – қазақтың Ленинграды» деуі тапқырлық, тарихи шындыққа көз

жеткізетін асыл ой екенін түсініп, «Тургайская газета-дан» біраз ақиқатқа көзіміз жетті. Бұл газет 1911 жылға дейін Орынборда шығып, қазақ еліне тарап тұрған... Жамағатқа айтарымыз, тарихыңды біле жүріңіз. Сонда жандайшаптардың еліргенін басып, ешкімге жалтақтамай шындыққа жүгіндіре білесіз!

## БОСҚЫН

Алтын діңгектей көретін елі бар еді. Аяқ астынан лаң шықты. Әркім тағдырына табынып, өзара шүйіркелесіп, бірінің жетпегенін бірі жетістіріп, тату-тәтті ғасырлар бойы өмір сүргендерді бір-біріне жауықтырып құтыртып жіберді. Кім көрінген атқа мінді, адалдықты аттап мылтық кезенді, қарсы пікір айтқанды атты. Ауыл, елді өртеді. Мың құбылған жаулық тыныш тұрғызбады. Қалың көпті саясаттың қара дауылы қайғыға батырып, босағасын сындырды, шаңырағын талқандап тастады. Зұлымдық өрттей жалмап жатты. Қорқақ ағайындар жауығып, «Байдың құйыршықтары жер басып жүруге тиісті емес» деп зөбірлей бастады. «Ер басына күн туса етігімен су кешер» деп туған жерін қимай көз жасын көлдетпегені аз шығар. Жаңа өмір жарылқайды деген белсенділер жүрегі жарылғандай қуанышты. Туған жерден топырақ бұйыртып ма деп босқынға түскендер егілгенде етегін толтырды. Бабалар мекенін көзі қимай қабырғасы қақырап күйзелді. Жүздеген, мыңдаған халық бас сауғалап жиған-тергенін, мал-мүлкін белсенділерге тапсырып, қолымен, еркімен емес, қара мылтықтың үреймен тартып алғанына кектенсе де, туған жер топырағын бойтұмарғып түйіп, ызамен тұншығып, жат жерден талшық іздеуге бел буған-ды. Теңіз жағалап шұбырған жұрт бірен-саран арбаға аяқ суытып күн-түн қатыш жүріп кетті. Буыншақ,



Әбжет Балиев



түйіншектегі азығы таусылғандар жол бойы аштықтан ажал құшып қырылып жатты. Өлі барлар өліктердің бетін топырақпен жауып үлгереді, көбісі құзғын құстардың жеміне айналған-ды. Теңіз жағалай шұбырған жұрттың соңғы көретіні аспанда жыртылып айрылған құс, теңіз бетінде шоршып жатқан балық. Аң-құс ататын мылтыққа дейін белсенділер тартып алған, балық аулайтын құрал да жоқ. Ішер ас, ірімшік, құрт, сүзбе таусылып, көбінде меске құйып алған су біткен-ді. Буып-түйгендердің түбі қағылды, жасөспірім балалардың зары жан шыдатпайды. Қаншама сәбилердің өлгенінің есебін шығару қиын-ды.

Бұғанасы қатпаған, ана сүтінің дәмі таңдайынан кетпеген сәбилердің өлімін көргенде Әбжеттің жүрегі қан жылайтын еді. Кім тебіренбей тұрды дейсің? Аяқты аттаған сайын өлік. Теңіз жағасына шығып қалған өлі балықты аузына салып, оны шайнап жұта алмай жантөсілім болғандарды көргендер өмірі ұмыта қоймас. Көзден аққан қан аралас жас, уылжыған сәбилердің өлі денесін құзғын құс көзінен бастап шұқып жей бастағанын көргенде қайғырған кеуде жарылып кете жаздайтын-ды. Әбжет және қайырымы бар азаматтар соңғы құрт, ірімшікті, бидай, тары дәнін өлімші боп жатқандардың біразына талғажау етіп жанын сақтады. Құлазыған өңірде қан сасыған өлік арасынан кейбіреудің өлі адамның сан етін кесіп жеп жатқан сұмдығын да көрді. Құзғын құстар топ-тобымен өлген дененің етін жеп, қанын сорып ішкенін де көз алдынан өткізді. Үлкендерден «Қарға тамырлы қазақпыз» деген сөз қалған, сонда қарғалардың титімдей денесінде тамыр сіңір ғана емес пе? Қазақ құзғындығын, кісі етін жеп, қанын соратынын білмеді деймісің, қалың тамырды бір-бірімен қосылып, тыныс берегіндігін мысалдаған болуы ықтимал. Адам ұшқан шаңдай көз алдында жоқ болып жатса да ізгілік, қайырымдылық қасиеттен басы жерге жеткенше айнымаған, тілі күрмеліп өлгелі жатқанның басын көтеріп аузына су тамызған Әбжеттің алған алғысы адамдардың бәрінің бірдей басында бола бермейтін еді. Бірақ жол бойы босқындардың айдалада қаңсып қалған қаңқа сүйегі, адамдардың өлер алдындағы жанталасуы, сәбилердің жан дауысы кейде түсіне енсе шошып оянатын-ды. Қанды

оқиғаға құжат, дерек керек емес, қос қарашықтағы қасіреті қалың жан түршігерлік сүгіреті басы жерге жеткенінше өшпек емес. 1929 жылы жиырма тоғыздағы Әбжет туыс-туғандарының жол бойы өлгендерінің бетін топырақпен жауып үлгергенінше үлгерді. Өлер алдында «Қарашаңыраққа ие болыңдар!» деп жаны үзілгендердің аманатын жадында сақтап, зарығып жүріп өмір сүруге жігерленді. Босқан елдің тірі қалғандары айлап, күндеп жүріп Түрікменстанның Красноводск ауданының «Куйбышев» ұжымшарына табан тіреді. Түрікмендер жатырқаған жоқ, таза тақыр босқындарға дәм-тұзын ұсынды, бауырына тартты. Өлі аруақтар ақ құс боп көкті кезіп шыр айналып тірілерге тілекші болғандай көрінеді.

Татар дәмі таусылып, ит-құсқа жем болып өлерін алдын ала кім болжады дейсің?.. Қуғын-сүргін зобалаңы талай жақсының өмір жасын қиды... Халық қате баспауы керек еді, зұлымдыққа толы қоғамның жойқын күші жел айдаған қаңбақтай қаңғытты да жіберді. «Дәм айдады, жан тәтті, бұйрық қатты, бәрі ұмытылар, жас өсіп жетілер» деп түрікмен қариялары саясаттан бұрын кісіліктің байымына барып, түсіністік білдірді. Жылы қабақ көрсетті. Бұл өмір сүруге бел байлап, жұртпен бірге жұмыстың ауыр-жеңіліне қарамай еңбек етуге қайраттандырды. Әбжет бірден жылқы бағу жұмысына кірісті. Елдің әдет-ғұрпы, тірлігімен танысып білісті. Мол мейірге сусындады. Босқынға түскен қалың көптің соншалық зәбірленуін қоғамның солақай саясатынан басқа жерлестерінің мейірімсіздігі екенін сұрағандарға айтпаса да жергілікті халық ұққан-ды. Айтуға оңай, батыс өңірдегі халықтарды ақтар қырып-жойып, тонап, әйелдерді зорлап өлтірсе, қызылдар да қапы қалған жоқ, аяушылық танытпады. Байды төркіледі, атты, орташаны төркіледі, Сібір аударды, өлтірді, жазалады. Тұтқиылдан тап болған қырғынға пұшайман болғандар бас сауғалап қашты. Тұттай жалаңаштанып тентірегендерді аяған түрікмендердің бірі: «Мұның соңы жайшылық болмас, бұл қалай, туған жерден бездіргені» десе де, құйындай ұйтқыған саясатты түсінбей Әбжетке көзін қадап ойқаныс білдірді. Пенденің басқа түскен қайғы-қасіретіне шыдам керектігін сездірді.

Әбжет еңбек етіп, қарын тойдырып, тыныш ұйықтай бастаса да босқындардың жол-жөнекей өліп жатқаны, аяқ басқан сайын өлік екенін көз алдынан өшіре алмайтын, түсіне енсе шошынатын. Ақ бұлт арасынан көп аруақ қаптап, «Біз о дүниеде бақыт таптық. Жұлдызымыз жанып мұратқа жеттік. Ұлым, өркенің өссін, еңбегіңмен таныл!» деп әкесі, анасы болып үн қататындай еді. Расында, еңбек өмір сүруге құштарландырды. Қысылғанда таяныш болған түрікмендердің мол мейіріміне бөленіп, көбімен қалжыңдасып, туыс-туғандай болғанын, оны адал еңбекпен ақтау азаматтық парызым деп түсініп, бірде төрде отырған ақ сақалды қариядан «Аға, қазақтарда «Түрікмен төрін бермес» деп мақалдап жатады. Оның сыры неде?» – демей ме? Қария күнге тотыққан жүзіне аздап жылылық шығарып: «Төріміз – туған жеріміз. Төрім менікі деу. Осы төрге жасы жеткенше еңбек етсін, маңдай терімен жер суарсын, жанұясын ешкімнен кем етпей ішіндіріп, киіндіріп асырасын. Дұшпанның сұқ көзінен сақтап, жаудан қорғасын. Ұрпақ қарашаңырағына ие болып, ері айбар, әйелі тұрмыс тұтқасы атанып, ұлттық қасиетін зәредей мінсіз атқарсын. Ділі, дінін, тілін сақтап еліне еленгесін, төріне отырсын», – деді де, ойын саралап көз қиығын Әбжетке тастап: «Жөнсіз саясатқа бой алдырған ойсыздар ғана өзінің адал халқын аздырады. Ондайлар – қарғыс арқалап о дүниеде тамұққа баратынын түсінбейтін нағыз зәлім кешелер. Алла алдында жазасы ауыр. Айтпақшы, қазақта «Таспен ұрғанды аспен ұр» деген сөз бар ғой. Дұшпанын біле тұра дастархан жайып, ақ ниетін білдіріп дәм ұсынады. Оны әрбір он адамның бірі түсініп, «нан ұрсын» деп қарғар деп зәлімдік райынан қайтады, ал тоғызы кіршіксіз таза көңілді түсіне бере ме? Қорқып, үрейленіп сыйлады деп басына бастайды. Демек, ықылас білдіріп, сыйластыққа шақырудың да жөні бар.

Пенденің әлсіз тұсын біліп алатын арам пиғылдылар жоныңнан таспа тіліп, басыңнан сүйек алады...». Төрде отырған қарияның пікірі елге жақсылықпен, ақыл, парасаттылықпен, адал еңбекпен беделге жетуді, одан соң төрден орын алуға болатынын меңзегендей еді. Егер олай болмаса, әлсіздік танытсам, қазақтар айтатын есіктен кіріп,

төр менікі дейтіндер болмайды деймісің дегенді білдіріп, саусағын шошайтып ақиқатқа түсінгенді жөн көрді. Ауызекі айтып көкірекке жатқызды. Расында қандайда опасыздар ортамызда жүреді, алас ұрып дамыл таппай төрге ұмтылған аяғыңнан шалып, сүріндіруге ұмтылады. Опасыз төрге шықса, жер менікі деп сайрай бастайды, алмайтынды алуға тырысады.

«Түсінер болсаң, төр – төртіп орнату, бейбастыққа жол бермеу, желігіп, өштесіп жүрегінді сабасына түсіру, ақылға бағындыру, тәртіп, тәрбие екенін ұрпақ ұғып өседі. Түрікмендер ежелден төрін, елін, жерін сатқандарға ауыр жаза берген. Сондықтан тарығып, зарығып келдің екен, бұтаға қонған торғайдай паналайсың. Бірақ түрікменнің бір азаматына көкірегіңді көтеріп, баса-көктеуден сақтан. Кісілігіңді танытсаң қорғаның болады», – деп қария құс жастыққа жантайды. Сәске түсте бөлмеге түскен күн сәулесі оның жүзін ажарландырып тұрды. Расында, түсініскен босқын қазақтар түрікмен еліне сыйысып, тіл табысып тірлік етті. Ұлы Отан соғысы жылдарында асыл тұқымды бес жүз жылқыны бағып, майдан даласына сөйгүліктер дайындап берді. Жұбайы Қалмакеш екеуі алты ұрпақ өсіріп, шілдехана, үйлену тойларын түрікмен-қазақ дәстүрімен өткізді. Жарлы байып, жетім теңелгендей мезгілде ұлы Тұрмамбет институт бітіргеннен кейін кеңшар директоры болса, Байжігіті Красноводск ауданында халық соты, Бимамбеті су шаруашылығы маманы болып, Түрікменстан еліне адал қызметімен танылды. Тұрмыс-тірлік жақсылықпен, адал еңбекпен мүлде өзгерсе де, жүрек түкпірінде жататын ата-баба жері – қазақ даласын сағына еске алатын-ды. Әбжет замандастарынан озып тұрып қаншама орден, медальдармен марапатталды. Әбжет Балиевтің еңбектегі ерлігі Түрікменстан тарихында ғой деушілерге дәлел: «Жұмысшы» газеті, №54 (774), 1942 жылғы мақаланы деректеген жөн болар. «Үкімет пен партияның мал өсіру жөніндегі қаулысы әрбір мал бағушы азаматтарға баққан малдарын аман және күйлі етіп бағу үшін заң. Мұндай заңды орындау, әсіресе Ұлы Отан соғысы кезінде керегірек. Осы заңды орындағанда ғана үкімет пен партияның қаулы-қарарларын толық орындаған боламыз.

Бұл міндеттерді орындауда «Куйбышев» колхозының жылқы фермасының жылқышысы Балиев Әбжет бәріне үлгі көрсетіп жүр. Бұл Балиев Әбжет «Куйбышев» колхозында жылқы фермасы ұйымдастырылғаннан бері істеп келеді. Міне, сонан бері ол ферманың жылқысын аман және семіз етіп бағып келеді. Мал бағудағы ұқыптылықтың арқасында оның баққан малы семіз, құлындайтын биелері аман құлындап келеді. Жылына бірнеше асау тайларды жалғыз өзі бас білдіреді.

Осы кезде Әбжеттің баққан жылқылары көктемдегі жылқы сияқты семіз. Сондықтан барлық мал бағушылар Балиевтен үлі алсын!» деп газет мақаласы адал еңбегін дәріптеген. Ерлік-еңбекті, жоғары кісілікті ел мойындайды. Зұлмат жылдарда жатсынбай бауырына тартқан түрікмен халқына адал еңбегін ақтаймын деген сертінде тұрды. Шыңыраудан өзі қауғамен су тартып, бес жүз жылқыны суаруға ердің ері шыдайтын еді. Соны көрген, дәм-тұзы жарасқандар «Бұл теңдесі жоқ ерлік қой, ерлік қой, бауырластыққа таза ниетіңмен төрге де отырарсың» дейтінін ұрпағы ұмытпайды, ел ұмытпайды. Сөйтіп, Әбжеттен тараған ұрпақ қайырлы еңбектің ғасырларға кететінін де біліп өсті. Әбжет дастархан басында ержеткен балаларына: «Қабырға қайыстырған туған жерден айрылу қайғысы қабіріме бірге түсер. Сендерге туған жерге еңбектерімен ту тігуді жазғай! Табан тірегенім – тағдыр, оны да көрдім, қайрат-күшіммен жеңдім. Өсек-аян айтатын көре алмаушы зұлымдық бар, содан сақтана біліңдер. Ит пен мысықтай ырылдасып өтетін пендешілік жалғанда таусылар деймісің, кезеңі құрғыр кісілік тәрбиеден де шатастырды, қанша жұрт азды, тозды, сол қырғындардан аман қалғаныма таңым бар, бәрі Алланың көзі түзулігінен шығар. Арым таза, намысыма дақ түскен жоқ», – деп отырушы еді. Онысы ұрпағы өсіп, түрлі қызмет атқарғасын Әбжеттің көз жасының тыйылғандығының белгісі еді. Десе де, «Тіріде сыйласпаған, өлгенде жыласпайды» деп көрген зәбірі, көр азабынан кем болмаған үрейлі кезді көкірегінен шығармайтын-ды. Қайраты барда кім көрінгеннің алдына жығылып жәмпеңдеген жоқ, жан сарайындағы жақсылық жасаудан, еңбек етуден басқаға алаңдамады. Жүрек сы-

рын да толық ашпаған шығар, себепсіз сөзден де кесірлік боларын түсінді. Пенденің көкейін тесетін дүниеқорлықты жек көрді. Өзінің тірлігіндегі осал көрінетін мінезін барынша ақылмен шешуге сергек еді. Бірде балаларының басы қосылғанда қазақтың сергек, жақсы, жамандықты сезгіштігін айта келіп: «Бабалардан сөз қалған, «Отбасы ала болса, кереге басы сайын пәле болады» деген. Біріңді бірің алаламай, татулықты сақтаңдар. Кейде жандарыңда түйсігі жоқ, ақылдан жүрдай, пиғылы жаман, дұдамал адамдар жүреді, олар қулық-сұмдығын да сездірмейді, сондайдан сақ болыңдар. Әй, анабір қазақ бүлдірді деген қаңқу сөз өзіңнен бұрын ұлтыңа жаман атақ жұқтырғандай болады», – деп Әбжет жетпіс жасқа аяқ басқасын-ақ ұлдары мен қыздарына, келіндері мен күйеу балаларына ақылын айтып, өмірдің сыр-сипаты, ұлттық өнеге, әдет-ғұрып туралы құлақтарына құятын-ды. Бұл балалары жетілгесін түрікмен елінде абыройлы қарт атанғасын көкірегіндегі үрейдің аз да болса сейіле бастағаны шығар. Бірақ үрейлі жылдардың салқыны, туыс-туғаны, өке, анасын жоғалтқан қайғысы өмір жасын қысқартты ма, 1974 жылы өмірден озды. Ұзақ салқар тірлігінде бірге жасасып, бірінің бетіне бір жел болып тимеген татулықты жоқтаудан ба, зайыбы Қалмакештің ажалы жетіп, екеуі Түрікменстанның «Күржі» жерінің топырағын мәңгілік мекен етті. Ұрпағы туған жері Ақтаудың топырағын қабіріне салды. Қабір басында түрікмен достары «Кере қарыс маңдайынан ақ тер көзіне құйылып тұратын. Еңбектің адал тері еді. Талай ауылдастарының жазатайым денесінің сүйегі сынса тез салып беретін өулиедей сынықшы шебер еді. Есімі көзін көрген түрікмендіктердің жадында жазылмаған тарихтай шежіре боп сақталады» деген сөздерін өке қасиетін сақтап отырған Бимамбет жадынан шығарар ма? Әкені ойласа көңілі жарқырап, бір ерекше нұрлы сәуледен қуат алғандай өз жұмысында ерекше жігерлілік танытады. Әкесі еңбекте, өмір сүруде өзгеден озып тұрса, бүгінгі ұрпағы да биіктікті аңсайды. Сол биіктікке ой жібергенде әлем экономикасына үлес қосқан ғалым Кэнестің мына сөзі еске түседі: «Біз әлемдегі тұлғалар деп қолбасыларды, патшаларды айтамыз. Анығында, бұл – бос сөз. Өйткені

айналып келгенде дүниені басқаратын әлеуметтік ойшылдар» дегеніндей, «Әкелеріміздің ойшылдықпен мұраға қалдырған тәртіп, тәрбиесі, өнегесі талай тар жол, тайғақ кезеңнен алып шыққан тәжірибесі жүрегімізде жазылған хаттай сақталар» деп бүгінгі ұрпағы ой түйіндейді.

«Әкелеріміз бен аналарымыз қызыл империяның зұлымдығына шыдамай босқындыққа ұрынып, Түрікменстанға жүз мыңдайы өліп-өшіп жетсе, олардан тараған ұрпақ алты жүз мыңнан асады. Туған жерден шалғайда жүрсе де қайырлы қоныс ұрпағымыздың бауыр басып, туған жері – түрікмен даласының қайырлы қоныс болып, олардың тілін, өнерін, салт-дәстүрін меңгеріп, қазақ шаңырағының шырайын жалғастырдық», – деп Бимамбет әкесінің замандастарын көрсе шүйіркелесіп, әңгімелесе кетеді. Жоғалтқанын тапқандай қуанады. Өткен ғасыр шындығын көзімен көріп, көкіректе сақтаған шемешерді тарқатып, күллі қиянатты жүйелеп жеткізіп, бүгінгі ұрпаққа түйіндеп берудің мәні зор еді. Жаңа ғасырда ептеп-септеп ес жиып бұрынғылардың қиялындағы еркіндікке кейде көңіл қобалжиды...

Сонымен Түрікменстанда табысқан екінші кейіпкеріміз асарын асап, жасарын жасап, сексеннің сеңгіріне құлаш ұрған адал жолда арымағандығын айтар еді...

## **СӘКЕН ЖӘНЕ ҮЗЕҢГІЛЕСТЕРІ**

Заманында бір адамдар болады, жоғарылаған жұлдызын төмендетпей ғасырлар бойына есімін ұмытылмастай тастап өтетін. Олардың аты тастағы таңбадай тарихта қалады. Солардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ақынның маңдайына кезеңнің дауылды құйыны, үрейдің кеуде қысып үріп тұрған кезі тап болған-ды. Ақмола қаласында Қолчак бандыларының қолына түседі. Ресейдің мың жарым толна алтынын шетелге тасып жатқан Қолчак қанішерлері Омбыға бір топ қайраткерлерді айдап әкеткені тарихтан белгілі. Қолчакпен ауыз жаласқан казактар кімді аясын. Сәкенге де ит қорлығын көрсетіп Омбыға жеткізеді. Бұл кезде Дзержинскийдің бұйрығымен бір мың казакты аттырып, үйлеріндегі алтын, күміс, бриллианттарды сыпы-

рып алғанына өшіккен казактардың көздері қанталаулы еді. Айта кетелік, Омбы 1934 жылы өз алдына облыс атанған-ды. Бүгінде онда 2 миллионнан астам адам мекен етсе, оның біразы қазақтар. 1925 жылы омбылықтардың саяси өмірі Тұрар Рысқұловпен сабақтас өріледі. Ірі қоғам қайраткері Тұрардың РКФСР Халық Комиссарлар Төрағасының орынбасары болғанын да тарихтан білеміз. Міне, осы тұста алашордашылар идеясына үн қатқан Тұрар Оңтүстік Батыс, Сібір, Қазақстан және Орта Азия елдерінде түркітөктес елдердің жеке мемлекетін құруға әрекеттенді-мыс, аштан қырылғандарға көмек беріпті-мыс деген сыбысты КСРО көсемдері кеңінен таратып, пыш-пыштап қылмыскер атандырудың амалын қарастыра бастаған кез-тін. Сөйтіп, Омбы өңірінде рысқұловшылар мен сейфуллиншілер делініп ұлы тұлғаларымызға сенімсіздікпен қараудың түтіні бұрқ етіп, өрт жалыны бұрқ ете түседі. Ессіз әмірлікпен елді бұзудың қат-қабат жасырын тірлігін бастаған қан жоса қырғын сталиндік террордың құйындатқан құтырынды қара дауылы ауыл-елді аяусыз кезіп, талай боздақты қыршынынан қияды. Солардың бірі Мұқан Айтпеновті айта кеткен жөн. Оған тағылған басты кінә Сефуллинше бұлжытпай шындықты айтуы еді. Қазақ халқының 1932-1933 жылдардағы аштықта қырылып жатқанын, үкіметтің көмегі жоқтығын көпке жариялағаны болатын-ды. Шындығында, Айтпеновтің бұлтартпас дерегінде 34 мың 100 қазаққа нан салығы, оны азсынсаң 22 мың 300 қазақты өкімшілік жазаға тартқаны, кеңес белсенділерінің адам төзгісіз қорлығы деуі еді. Онымен қоймай, мүліктердің салығына айып есебінде 23 миллион сом төлетіп есебіне сәйкес, халықтың 53 мың 400 малын тартып алып құжатқа тіркелгені көрсетілген екен. Омбының жергілікті қазақтарының осындай аштыққа ұрынып, үреймен зобалаңға шыдамай қалың қазақтың тірі қалғандары, 200 мың қазақ туған ауылын, атамекенін тастап басқа елдерге қаңғып кеткені құжаттарда нақты көрсетілген-ді. Сөйтіп, сейфуллиншілдердің бірі Айтпеновті 4 ай тергесе де жоғарыдағы деректердің шындығын көзбен көрген тергеушілері кінәлі дей алмағанға ұқсайды. Қызыл террордың тау бұзғандай екпіні ақырында Айт-



пеновқа алашордашыл, ұлтшыл, рысқұловшыл, сейфуллиншіл делініп контрреволюциялық төңкеріс жасап, түрік мемлекетін құруға әрекет еткен деген жалған айып тағылады. Сөйтіп, Сібір әскери прокуратурасының үштік баскесерлері Черлак ауданынан Айтпеновпен бірге 41 қазақты халық жауы деп, оның 37-сін тергеу, тек-серусіз табан астында атуға үкім шығарады. Ал Азов ауданынан мемлекеттік төңкеріс жасағысы келгендер деген желеу, жалған дерекпен тұтқындалған 30 қазақтың 25-іне атуға үкім кесіледі. Олардың қатарында партия, кеңес қызметтерінде болған Ахмет Нұржанов, Айдархан Тұрлыбаев, Мағзұм Әкімбаев, Қожахмет Кемеңгеров, Шарбақкөл аудандық «Ленин туы» газетінің редакторы Ғабдолла Құсайынов, газет қызметкері Әшім Исабеков және басқа да толып жатқан жазықсыз жандар сталиндік зұлматтың құрмалдығына шалынған. Олардың қатарында әлемдік сот атанған ақмолалық Айдархан Тұрлыбаев та бар екен. Ол Ақмола қаласында Колчак бандыларының түрмесінде Сәкенмен бірге азапталса да үкіметке жақпай сейфуллиншіл, рысқұловшылдың қатарына ілігіп кете барған. Сол кезде төңкерісшіл атанып, үштіктің ажал нысанасына іліккен 62 омскілік қазақтарды арада 20 жыл өткен соң Т. Рысқұлов, С. Сейфуллиннің ақталуына сәйкес Сібір әскери трибуналы, ерекше омскілік үштіктің жалған құжаттарын Омбы мұрағатындағы деректерді сүзгілеп, тайға басқан таңбадай, заңсыз деп дәлелдеп отыр. Ал халық жүрегіне жұлдызы жоғары болып орныққан Сәкен қақында ел тарихынан мағлұматы мол, баспасөзге үзбестен араласып жүрген Есенболов былайша толғанды:

– Бір айта кететін нәрсе, Сәкен – еңбегі қазақ халқына да, орыс халқына да ортақ, замандастары ерекше ардақ тұтқан ірі тұлға. Омбыдағы «Қазақ» қоғамы және «Омбы үні» газетінде Сәкен жайында талай тың деректерді жинастырып оқырмандарға жариялады, өзім де білгенімді, естігенімді жаздым. Әділетсіздікті, адамдардың қанын сүлікше сору езгісінің шындығын шырайлы айтып араспалайтын, халықтың ойларын бүкпесіз айтатын, түсіндіретін газет болмақ. Езгі дегеннен шығады, Сәкеннің замандасы, қазақ ойшылдарының бірі Қошке Кемеңгеров

«Езілген ұлттар» еңбегінде: «Ресей үкіметі қазақ даласын Индияға шығатын ауыз болады деп қазақ хандарын ақша, медаль, шекпенмен бейнебір балаша алдайтын болды. Қазақ даласына қанды тұяғын батырып, нықтанып алған соң, қылыш-мылтық, найза, қамшыны жұмсады. Жерге қолқа салды, қанішерлікпен керегін тартып алды. Ресей үкіметінің қазақ туралы мынадай қанды саясаты болды.

1. Қазақтың байлығын сүліктей сору.

2. Қазақтың сорпаға шығарларын сыпырып, қазақты шөлге қуу.

3. Ауылнайлық билік, облыстық партиясының отын үрлеп, май тастап, қазақты бір-біріне қарсы қойып, ұлттық, азаматтық сезімін өсірмеу.

4. Қазақты жағындыру. Осындай қанды саясаттың дәмін қазақ елі қай бұратанадан да кем тұтқан жоқ. Азабы да, мазағы да жеткілікті еді... Басқа келімсектер қазақ жеріне алғашқы дәуірде жер иесі – қазақтан да, үкіметтен де сұрамастан өз беттерімен орнықты. Бертін келе патша үкіметі келімсекті қазақ жеріне шегірткедей қаптатады. Келімсектерге жәрдем көрсетті. Адам шығынынан оларды неше жылдай азат қылды. Қазақ елі орыстан білім ала алмады. Қазақты бағындырған орыс дәрекі мінез, надан болды. Үлгі болудың орнына үкімет қазақты талады. Алдауға үйретті», – дейді.

Сәкен және оның замандас ойшылдары Октябрь революциясынан бостандық, теңдікті алдымен күтіп қара халықтың мұңын жоқтап капиталист, байлардың зөбір-жапасынан құтқаратын бірден-бір жол деп түсінуі де осындай тарихи негізде демеске қақымыз жоқ. Расында, Октябрь төңкерісі алғашқы кезде, социализмнің сипаттары езілген халыққа жайсыз болды деп ешкім айта алмайды. Есенқұл Есенболов ойын тежеп ашық аспаннан жарық жұлдыздарды іздегендей тебіренді.

Ертістің терең өзені үнсіз ағып жатыр. Үйдей-үйдей сендерді де мінгестіріп алған толқын алыстан ұсақ көрінеді. Мұнысы тереңдіктің нышаны және дауылдың жоқтығы. Төңіректі түн қымтасымен жұлдыздар сәулесі өзенге құлайды. Сөнбейтін жұлдыздар сүгіреті қалады. Өзеннің түпсіздей қап-қара иіріміне қарап тұрып, көңіл

шіркін қобалжиды. Анау жағада Сәкен жүгіріп келіп, білім дариясының тереңдігінен інжуді аламын дегендей, жұмсақ желмен үн қататын тәрізді. Ақын Сырбайша: «Халқының заңғар биік бір ерекше, бір өзі байтақ жатқан жыр өлкесі, көркіндей Көкшетаудың қияпаты, аққу-жан, сері-көңіл, ұл еркесі», – деп ұлылаған Сәкен қалам құдіретімен бұл дүниенің даңқына бөленді. Қазақ аспанында сөнбейтін жұлдыз боп қалды. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқан құрметке айналды. Енді қаламмен қалтқысыз халқын басқаруға ұмтылған Сәкен осынау Ертіс өзенінің салтанатын келтіріп тұрған Омбы қаласына 1913 жылдың 15 мамырында оқуға келеді. Сол кезден бастап оның өмір-тірлігі қақындағы деректер Омбы мұрағатында сақталған екен. Мұрағат қызметкерлері де достық ниетімен Сәкенге байланысты деректерді алдыңа жайып салады. Сәкен туралы деректердің көбісін өзімен бірге оқыған досы Иванов жинастырып, мұқияттап қойғанына шексіз алғысыңды білдіресің. Ол Сәкеннің өзіл-қалжыңы, сатирасы қақында ғылыми еңбек те қалдырыпты. Сөйтіп, Омбы мұрағатындағы деректер Сәкеннің мұғалімдік семинарияда оқығанынан басталады. Ақмола облысы Нілді болысынан білім іздеп, он сегіз жасында келсе бейтаныс қалаға тезінен сіңіседі. Биіктерге самғауды осы жерден бастайды. Капиталистік езгідегі халықтың қолына теңдік, еркіндік, елдік қасиеттер арман болған кезең. Соны шәкірттерінің көкірегіне дарытып адалдық, ерлік нышаны еткен ұстаздар қауымы және өзінің алғыр ойлы замандастары Абылайханов, Әлібеков, Байлин, Арыстанбеков, Баржақсин, Кадочников, Нұрымов, ірі мемлекет қайраткерлері Нығымет Нұрмақов, Александр Иванов секілді толып жатқан Сәкеннің замандастары революциялық дауыл алдында тас-түйін боп тұрады. Қазан төңкерісінің шу дегенде қай халыққа да тигізген пайдасы аз емес екенін бүгінде біреу ұғынар, біреу ұғынғысы да келмес. Бірақ сол кездегі Сәкеннің жүрегіндегі арман қаналудан қабырғасы арса-арса боп жүдеген, қара түнектен езілген халық еркіндік-теңдікке қол жетуін, бодандықтан құтылып шығатын жолы төңкеріс екенін ұғынуы заңды. 1900 жылғы есептегі 8 миллион 200 мың

қазақтың ауыр халі жүрегін тебіrentпей қоймайтыны белгілі. Сондықтан да қазақтың ұлттық сезімін оятушылардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейітқали Меңдешев, Мұхамедхафи Мырзағалиев, Нығмет Нұрмақов, Сәкен Сейфуллин және басқаларының бүгінгі ұрпаққа сіңірген еңбектеріне мыңдаған жылдар өтсе де тарих төрінен орын беру лайықты. Қазақ аспанының сөнбейтін жұлдыздар шоғыры деу ләзім. Айта кетсек, Омбы мұрағатындағы 299 қордағы деректер Александр Иванов мұғалімдер семинариясында Сейфуллин, Нұрмақовпен бірге оқығанда ұлы достықты үйрендік деп «Омская правда» газетіне тебірене жазса, белгілі өртіс Пономарев Сәкеннің алғыр ойлылығын, халқының азаттық аңсағанын тілге тиек етеді. Омбыдағы Ахмет Байтұрсынов ұйымдастырған «Дастан» әдеби, тарихи клубы Абай, Мағжан, Шәкәрім, Жүсіпбек, Міржақып шығармаларын негізге алады. Айта кету керек, қазақтың ойшылдарының тағы бірі – Қошке Кемеңгеровтің «Бостандық жемісі», «Қасқырлар мен қойлар» сияқты драмалық шығармалары, «Қазақ тарихы», «Бұрынғы езілген ұлттар», «Қазақша-орысша тілмаш», «Оқу құралы», «Химия» оқулығы және басқа толып жатқан еңбектері де Омскі топырағында қазақ халқының бодандықтан құтылып, ғылым-білімге қол созуға арналған теңдесі жоқ шығармалар. Бодандық демекші, сол ойшылдардың қайқайсысы да Асан қайғының: «Мұнан соң қилы-қилы заман болар, заман азып, заң тозып жаман болар, қарағайдың басына шортан шығып, балалардың дәуірі тәмам болар, ол күнде қарындастан қайыр кетер, ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер, ұлық-қызың орысқа бодан болып, қайран ел, есіл жұртым сонда нетер?» дегені Сәкен замандастарының көкірегінде қатудай қатып тұрмады дейсің бе?

– Қазақтың Абайдан үлгі тәлім алып, орыс ғылымы арқылы әлемге құлаш сілтеуді аңсаған асыл азаматтарымыз Октябрь төңкерісінен үлкен жақсылықтар күтті. Бірақ оның бәрі керісінше екенін, мемлекеттің басқа ойлы бағытын өзгерту бірдің ісі еместігіне кейін түсінгендігінен Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетіне жазған мына мақаласынан көп нәрсені түсінуге болады, – деп Есенқұл

Есенболов қалың дәптерге жазып жиған-терген деректерін мөлдіретіп айтып берді. Одан халықтың жанайқайын көруге болады: «Николай түскеннен бері жұрттың сүйенген-таянғаны Құдайдан соң, Құрылтай еді. Құрылтайдың басына бұтын көтеріп тұрып большевик сарыды». Міне, сөйтіп қазақтың зиялыларының көкірегінде қалың өкініш аңғарылады. Демек, қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі Сәкен есімі омбылықтар жүрегінде қаншама жылдар өтсе де жазылған хаттай кіршіксіз сақталып келеді. Сәкен атындағы көше бар. Сол көшемен жүріп келе жатып Сәкен жүрегінде ұзақ жыл езгідегі үрейлі халық болашағына сеніп жұлқынып шыға алмайды-ау деп ойлады ма екен дерсіз деп көкірегіндегі өкініштің мұзын жібітер сөзін айтып жеңілденгендей болды Есенқұл. Қазақ ұлтының даналарына байланысты деректер мұрағатта жетерлік, Сәкеннің Колчак бандыларының тұтқынына түсіп, азап вагонынан тартқан зәбірі, тіпті Сәкеннің жұмсақ өзілдері, өткір сатиралары жайлы деректер баршылық. Оны көздің қарашығындай сақтап отырғанын мұрағат қызметкерлері Ленчевская, Пугачева, Панина жылылықпен айтып, Есенқұл ағаның сөзін тірілткендей болып еді. Қазақ зиялылары үстемдіксіз еркін өмір сүруді аңсады. Олардың арманы бүгінде орындалды. Омбы облысында 115 ұлттың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп отыр. Қорыта айтқанда, тар жол, тайғақ кешу кезінде Сәкеннің де, замандастарының да азапқа толы өмір тарихы болашақ ұрпақтың есінде жүретін шежіресіндей десек, артық емес.

«Сәкенді жүрекпен ұғып, жүрекпен тілдескендей болғанда ерекше түсінесің, кеткеніміз келіп, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай болған, Сәкеннің, Илиястың, Бейімбеттің ақталуы Қазақ аспанындағы әдебиеттің жарық жұлдыз шоғырларын байытты. Бұл – ұлттың тойы, ұлттың салтанаты» деп Алатаудай биіктікті әсерлі сөзбен жеткізген Сәбит Мұқанов Жазушылар одағының залындағы төрде оң жағында отырған Гүлбаһрамға ашық жүзін тастады да: «Қазақ совет әдебиетінің туын көтеріп, негізін салған, идеялық жағынан берік қалыптасуына еңбек сіңірген қайраткер, ақын, жазушы, сыншы, ғалым Сәкен «Қазақ әдебиетіндегі жаңа эраның көшбастары»

болды (Қазақ совет энциклопедиясы, 105-б.)» деді. Сәбит Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» пьесасы да Сәкенді жүрегімен түсінуінен туындаған шығарма десек болады. Әдебиет тұлғаларының бақассыз бірін-бірі дәріптеуі кісіліктің ажарын аша түспей ме? Сол кездесуде Гүлбаһрам ана тебіреніп: «Оттың қадірін сөнгенде білерсің, ердің қадірін өлгенде білерсің» дегендей, Сәкенімнен, қадірін білмей, айырылып қалғандай өкінемін» деп өзек өртер сөзін жалғады: «Қыдырып Мәскеуге барып, шат көңілмен шалқып келіп Сәкеннің жұмыс бөлмесінің есігін ашып қалып едім, бір әйелмен әңгімелесіп отыр екен. Бұрын есігін қақпай ашпаушы едім, жалма-жан жаба қойдым, бірақ біртүрлі көкірегімде қызғаныш пайда болды. Сол қызғаныштың зары ма жарымнан айырылғаным...»

Жанарына жас үйіргендей болып сәл сөзін үзді де Гүлбаһрам: «Қарғыс атқыр қара машина терезе алдына тоқтаған бойда жазу үстелінде отырған Сәкен орнынан тұрып: «Есікті аш, Аян шошып кетер, зұлымдық жетті ғой. Мирзоян «қызыл ат» деп аузын қиғаштап еді, Аллаға беретін жанымды Мирзоян алғысы келген екен», – деп күбірледі. Сол екі ортада қару-жарағын асынған өрттен шыққандай түгігіп екі шенді жетіп келіп «Сәкен, тұтқынсыз!» деп өмір ете бастады. Сәкен үстелінің тартпасын ашып қарады да, кенет Аянды көтеріп денем қалшылдап тұрған маған қарады. Аналар «Болыңыз, жиналыңыз» деп дігірлеп тұр. Оларға тіке қарады да, «Мен түрменің жағдайын білемін. Түрмеше киінейін, сосын ұлымның бетінен сүйейін» деді. Маған қимай қарап, «Өмір сапарым осымен тына қоймас, жалғыз ұл – аманат, шыда!» деді де, екі қызыл жағалының алдына түсіп есіктен шықты. Табалдырықтан аттарда бұрылып соңғы қараған бейнесі қанша үміттенсем де қайтып келмеді ғой», – дегенде залда отырған жазушылар мен студенттер Мирзоян басқарған қайырсыз сүргін мезгілді іштей айыптап, азаттықты аңсаған ақын өлеңдерін оқығандай еді.

Сол бір кездесудегі Сәбит пен Гүлбаһрам жүзінен көрген тарихтың қан тамған беттеріндегі өшпейтін қайғы-шердің жөні бөлек екенін ұғындым. Сәбиттің кеткеніміз келді десе, Сәкен шығармаларын оқып жүрегімізге түйдік, өлгеніміз тірілді десе, Сәкеннің рухы қаламгерлерден

бас-тап халқымызға дәру болды, өшкеніміз жанды десе, Сәкен шығармалары том-том болып баспадан шыға бастады, түрлі ұлттар тіліне аударылды. Ұлттың мұң-зарының орны бөлек қой, бірдің емес, мыңдардың қайғысының кегі қайтып, бір түрлі тебіренбей тұра алмайсың. Оған дәлел, жоғарыда айтқан сейфуллиншілдер деген жалған айып тағылып, ұрпағы ғана емес, ел болып зарлап қалғандар да қылмыссыз делініп, ақталып жатты. Жақсының жарық шұғыласы жалпақ жұртқа тимей жата ма? Содан ақ жаудың ұрпағы, жаудың тұқымы деген қасіретті сөз аталмайды. Көлеңкемізден қорқып өліктей қыбырлап жүргеннің тебірене толқуына сөз шақ келмес еді. Сол Одақ залында отырған кейбір жастар қуанғаннан көз жасын сығып алып жатты. «Ғасырларға кететін Сәкен аты» деген Сәбиттің сөзі жан түкпірімізді от жалынға орап, өршітіп әкетті. Сондай сәттік көріністерді ұмытармын ба!..

## ЕСІРГЕН ӘМІРШІ

– Мирзоянға кіруім керек, – деді Ізмұхан Құрамысов.

– Мырзажан деңіз, – деп жағымпазы пісте мұрнын бір тартты.

– Немене, есімін өзгертуді өзі өтінді ме? – деді Ізмұхан кісіге тіке қарамайтын жасқаншақты аяп.

– Басшыға жақсы сөзді қимайсыз ба?

– Әдетте жағыну өзгеге күдік тудырады...

Сол сәтте Мирзоянның қоңырауы сылдыр етіп, жағымпазы аяғының ұшымен басып кіріп кетті. Қолында Мәскеуден түскен телетайп хабарламасы бар. Лезде асқа тойған мысықтай жымсиып шықты да Ізмұханға қарап:

– Кіріңіз, – деді төмен қарап.

– Мирзоян жолдас, – деді Ізмұхан Орталық Комитеттің өзіне тиесі бөліміндегі жұмыстарды таныстырып... – Ойымдағы ашық айтқым келгені, ғалымдар Күдірін, Шонановты НКВД ұстапты, іс-құжаттарын өзіңіз бір қарап шығуыңыз керек шығар. Болашаққа ғалым да, жазушы да керек қой.

– Құрамысов жолдас, жауды қолдағың келетініне түсінбедім. Бұл ойыңды Сталин де түсінбес еді. Ұлтшыл-

дықты тоқтату керек. Кімнің көкірегінде күңгірт сәуле болса, үштік тани біледі. Оған күмәнің болмасын. Байқап отырмыз халық комиссарлары жақсы орындарға жайғасып алып, жаулығын асырып, аса қауіп төндіруде. Жапондарды жақсы көретіндер бар... жауды маңына жинайды, билік арасына кіріп кетеді. Комиссарларымызды айтам...

– Олар жұмысқа арыз беріп кірген жоқ қой. Өмір деректерін өзіңіз көріп, біліп, байыптап қарап тағайындадыңыз ғой.

– Құрамысов жолдас, Шу ауданында секретарлық қызметті атқарған кезде Мәскеуден Алматыға сапарлаған Троцкийді Шу темір жол вокзалынан ықыластанып қарсы алып, оның саясатын құлағыңызға құйып алудан саумысың, – деп Мирзоян жымысқы күлкімен қарап қалды.

– Троцкийді көрді, онымен сөйлесті деген бұлтартпас дерегің болса, мені Орталық Комитеттің хатшылығына тағайындамас едіңіз. Оған ақылыңыз жетіп тұрды, – деп Ізмұхан саяси тазарту жөніндегі жұмыстарды көпшілік талқысымен шешкен жөн деп шығып кетті. Ізмұхан Құрамысов қызметін мұқият атқарса да алаңсыз тірлік болмайтынын байқап, сезігі күшейген кез еді. Өйткені «ұлтшылдық-фашистік ұйым, троцкийшілдер, халық жаулары арамызда жүр, оларға аяушылық болмасын» деп республиканың тұңғыш прокуроры С. Есқараев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, Б. Майлин, тағы басқаларын шұғыл түрде түрмеге жауып, атуға бұйрық беріле бастады. Адам тағдыры ойыншық, жау деуге сылтау, себеп жетеді. КСРО Бас прокуроры А.Я. Вышинский дейсің бе, Ежов дейсің бе, Мәскеу көсемдері дейсің бе, өздері тағайындаған Мирзоянның дегенін орындайды. Ұлт тұлғаларын тазартудың құпиясын біледі. Қазақ еліндегі күллі ойлылардың көзі жойылса, сенімсіз ұлттарды жер аударып қоныстандыруға кедергі болмайды, саяси астары осы емес пе? Мирзоянның бірсыпыра қоғам қайраткерлерін жұмысқа өзі тағайындап алып, ажалға айдап жатқанына үрейлі биліктің күткені орындалды деңіз. Мирзоян 1937 жылы Кремльге хат жолдап 2 446 «халық жауын» атуға, 4 403-ін жер аударуға лұқсат сұраса, Мирзоянның тілегін Ежов екі етпей, жазалаушылардың са-



нын 7 650 кісіге көбейтіп, бекітіп, заңдандырып беріпті. Кәне, Мәскеуден алған тапсырманы тездетіп орындамай көр, басың екеу болса. НКВД талайдың есігін қағып, түн жүріп, түсі қашып, Мирзоян берген тізімнің талайын тындырып, рет-ретімен ататынын атып, түрмеге жабатынын сөзге келтірмей жауып жатты. Басқаны айтпағанда, Мирзоян өзі қол қойып тағайындаған 72 халық комиссарлары мен орынбасарларын ұлтшыл жау атандырып, аттырды. Одан басқа обком, райком және басқа да мекеме басшыларын аттырды. Соның бәрі де қазақ ұлтының ойшыл, білімді текті тұлғалары еді. Мирзоянның жымысқы саясатының құпиясын көрдіңіз бе, елге елеулі, халыққа қалаулыларын билікке тағайындап алып, рахаттана күліп тұрып, көп ұзамай «халық жауысың» деп көзін жояды. Сосын Мәскеуге «Қазақтардың ұлтшылдық-фашистік жапоншыл әрекеттерінің үмітін үзіп жатырмыз» деп хабарлама бере салады. «Мәскеудегі үрейлі билік, не деген есірік әмірші едің» деп ешбірі тіс жарып айта алмайды. Өйткені сенімсіз ұлттарды қазақ даласына тұтас көшіргенде ешкім ауыздарын аша алмайтынын түсінулі. Саясат зұлымдығының құпиясы бір-бірімен астарласып жатады. Қазақстанды «халық жауларынан» тазарттым деген Мирзоянды қуаттап қояды.

Сөйткен қанішер Левон Мирзоянға, еркін ел атанып, тарихымызды түгендеп, өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жағып, әлем елімізді танып жатқанда 1997 жылы Ақтөбенің әдемі бір көшесінен ескерткіш тақта орнатыпты. Қанішердің жаны о дүниеде де қанішерлікті тілеп жатсын деді ме екен? Әлде қазақтың ұлы тұлғаларын жазықсыз ажал құштырғанының құпиясын ешкім білмейді деді ме екен? Мәскеудің үрейлі үстемдігі Мирзоянды да жер жастандырғанын тарихтан білеміз. Ал тісқаққан қанішерді қазақ заңдылығында қабіріне қазық қағып о дүниедегі жаны тірілерге зиян келтірмеуді ойлайды. Ақтөбедегі ескерткіш тақта орнатушылар Астанада Мирзоян көшесінің есімін жойып, Қ. Сәтбаев есімімен атандырғанын ескермей отыр ма? Бәлкім, жоғарыдағы қайдағы-жайдағы жағымпаздары Мырзажан деп дәріптеп жібергенін шындыққа жорып отыр ма? Қайткенде де

жайдан-жай қателік емес-ау... Ғаббас Қабышұлы бастап Мирзоян ескерткішінің тұруына қарсылық білдірілсе де, билік әлі күнге үнсіз келеді. Шыдамдылық түсініксіз. «Есірген әміршінің өлі жаны да елді бүлдіреді» дегенді ұғу қиын болғаны ма? Бабаларымыз ата-баба қорымына зұлым адамның денесі түспесе екен деп тілеуші еді. Оны да ұмыттық па?



МОСКВА ЦК ВКП(б) тов.СТАЛИНУ.

По антисоветским элементам нам было предос  
во репрессировать по первой категории 8 тыся  
ю второй категории 8 тысяч человек. Сейчас э  
ти полностью использованы - мы должны к 10 д  
ельно зачистить и покончить с активным антис  
том. По этим двум категориям активного повст  
ерсионного и шпионского элемента нами изъят  
ованным организациям и группам на 1600 челов  
овленного диктата.

Для полной зачистки остатков мы просим раз  
однозначно репрессировать по первой категори  
и по второй категории 1 тысячу человек.

Л. Мирзоянның Мәскеуден үсті-үстіне лимит сұрауымен атылып кеткен халық комиссарларының бір тобы:



Аймауытов  
Жүсіпбек  
(1889-1930)



Әділев  
Дінмұхаммед  
(1900-1930)



Әлібеков  
Әлиасқар  
(1893-1937)



Алиев  
Теймур  
(1896-1938)



Алманов  
Баймен  
(1896-1941)



Арғыншеев  
Сақыпкерей  
(1887-1938)



Асфендияров  
Санжар  
(1889-1938)



Асылбеков  
Абдолла  
(1896-1937)



Атанов  
Михаил  
(1898-1938)



Атырауов  
Сәуір  
(1901-1938)



Ахметжанов  
Сұлтан  
(1897-1938)



Баймаханов  
Сәдуақас  
(1903-1938)



Байтұрсынов  
Ахмет  
(1873-1937)



Бектұрғанов  
Шәймерден  
(1896-1938)



Беляев Семен  
(1902-?)



Берестин  
Иван  
(1897-1938)



Боранбаев  
Қанай  
(1896-1938)



Бураев  
Оразәлі  
(1898-1938)



Жаманмұрынов  
Тель  
(1893-1937)



Жандосов  
Ораз  
(1899-1938)



Жантілеуов  
Шайхи  
(1898-1938)



Дивеев  
Шақир  
(1886-1938)



Дүйсенов  
Әкім  
(1905-1938)



Есқараев  
Сүлеймен  
(1897-1938)



Жүргенов  
Темірбек  
(1898-1938)



Зәлиев  
Нұғман  
(1889-1938)



Иралин  
Нұртаза  
(1882\*-1938)



Исаев  
Ораз  
(1899-1938)



Қасаболатов  
Есенғали  
(1889-1938)



Қаширин  
Иван  
(1890-1937)



Қошанбаев  
Хасен  
(1896-1938)



Күленов  
Сәлемхат  
(1898-1938)

\* Басқа деректер бойынша 1898 жылы туған.



Күлетов  
Қазмұхамед  
(1897-1938)



Құлсартов  
Қалап  
(1899-1938)



Құлымбетов  
Ұзақбай  
(1891-1938)



Құрамысов  
Ізмұхан  
(1896-1938)



Құрманғалиев  
Рамазан  
(1894-1937)



Манаев  
Нұғман  
(1894-1938)



Манкин  
Біржан  
(1900-1939)



Меңдешев  
Сейітқали  
(1882-1938)



Молдажанов  
Ілияс  
(1900-1938)



Мырзағалиев  
Мұхамедхафий  
(1887-1938)



Мұхаметқұлов  
Асхан  
(1895-1938)



Нұрмұхамедов  
Хасен  
(1900-1938)



Нұршанов  
Жүсіпәлі  
(1896-1938)



Орынбаев  
Мұқаш  
(1900-1938)



Розыбакиев  
Абдулла  
(1897-1938)



Сәдуақасов  
Жанайдар  
(1898-1938)





Саматов  
Мұхтар  
(1894-1938)



Сарымолдаев  
Қабылбек  
(1898-1938)



Сейітов  
Нұрқан  
(1904-1953)



Сейфуллин  
Сәкен  
(1894-1938)



Сүйіншәлин  
Сұлтан  
(1905-1941)



Сырғабеков  
Нығматулла  
(1900-1938)



Тәтімов  
Мұхаметқали  
(1894-1938)



Тәштитов  
Қайсар  
(1904\*-1938)

\* Басқа деректер бойынша 1902 жылы туған.



Тоқтабаев  
Кәрім  
(1892-1936)



Төрегожин  
Зейнолла  
(1899-1938)



Төлепов  
Мирасбек  
(1903-1938)



Хангереев  
Дәрібай  
(1890-1938)



Шамов  
Михаил  
(1887-1938)



Жүсіпбеков  
Хамза  
(1900-1938)

Қазақстан халкомдары. 1920-1946 жж. – Алматы: Арыс, 2007 ж.

## АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Мен Тасболатпен екінші рет кездестім, кәдімгі талай жылғы сырласымыздай ашық әңгімелескен едік. О да төуелсіздігіміздің, еркіндікке қол жеткен мезгілдің қорқынышсыз, үрейсіз өткен-кеткен ел тарихын, өзіміздің өмір жолымызды шындық шырайымен-ақ жарылып айтуы еді. Рас, Қызыл империяның кезінде талайлардың ішінде шындық айтылмай кете барды. Байқамай сөйлеу көптеген арыстарымыздың түбіне жетті. Өлдеқалай сөзден жаулық тауып, қаншама адамды түрмеге сүйреп кетті. Тасболаттың әкесі де ел басқарып жүріп жаламен сотталды, түрмеде өлді. Әкеге еркелеп, мұңсыз өсуді маңдайына жазбады. Кішкентай кезінен қорқыныш, үреймен тыныш ұйықтай алмағанын ұмытар ма? Тасболатпен әңгіменің ұшығын белгілі жазушы, қоғам қайраткері Жайық Бектұровтың нарықтың экономикалық қиындығына қарамастан Қарағанды қалалық әкімшілігі ұйымдастырған мүшел тойында кездесіп, пікірлесіп едік. Той үстінде қазақ әдебиетінің классиктерінің бірі Тахауи Ахтанов сабырлы да салмақты сөз қозғап: «Жайық Бектұровты Берияның түрмесі де сындара алмады, ұлттық жадын өшіре алмады, ауыр азапты көрсетсе де жасыта алмады, ешкімге жала жаптыра алмады, шындығынан таймады. Жайықты білгісі келгендер кітаптарын оқысын, оның ішінде арыстарымыздың тағдырын танығысы келгендер «Ененен ерте айырған төл секілді...» деген кітабын оқысын» дегені барды. Саясаттың төлкегіне талайлар ұшырады, талайлардың өмірі қиылды, тектілігімізді жоюға қалды, зұлымдардың көзіне шалынғандардың басын аман сақтағаны аз шығар. Қантөгісті ойлап табатын адам-шайтан семірді, қиып тастады талайдың өмірін. Адалдықтың, шындықтың шырағын үріп сөндіруден жалықпайтын жатыпатарлар, құдай біледі, ұрпағының аузына «зұлым бол, сұм-сұрқия бол» деп түкіріп, батасын беріп кетті. Шайтан тағы кімді аттырамыз деген үн Мәскеуге лимит сұраған үшбу хат құпиясын кім біліпті.

Қазақстан Орталық Комитетін Л. Мирзоян басқарған кезде ұлтымыздың ондаған арыстары лимитті орындау

жолында атылып кетті. Біздің Жайық Бектұров сол аяулы ағаларымыздың біразымен қызметтес, дәмдес, тағдырлас болды. Жайықтың жан дүниесіндегі көзімен көргенін, небір зұлымдықты ашып, толығымен бүгінгі ұрпақтың санасына жеткізуге тиістіміз.

Біраз жазушылар болып, Қарағанды университетінің студенттерімен кездесуде де Тахауи ағамыз ұлтымыздың тарихы жайлы толымды пікірлер айтты. Тәуелсіздікті қорғау мақсатында, еркіндіктің баянды орнығуы негізінде жөнсіз сөзуарлықтан гөрі ғасыр оқиғаларын жатқа білетін Жайық сықылды тірі шежірелердің түрлі құжаттарын, ойын, әңгімесін зерделеп алып қалсақ, тәуелсіздіктің тарихы толыға түседі.

– Қызыл империя қасіретін өзім де зерттеп жүрмін, – деп Тасболат ойының сүрлеуінен хабар беріп еді. – Әбілқайыр Досов туралы біраз деректер жинадым. Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» кітабының бір тарауы Досовтың саналы өмірі мен атқарған қызметін үлгі-өнеге етіп көрсеткен ғой...

...Екінші ретте Тілеулес Бекмұрзинмен жол сапарға шығып туыс, туғандарын аралап, немере інісі болғандықтан Тасболаттың шаңырағында болдық. Қазақ әйеліне тән ибалықпен қарсы алған Тасболаттың әйелі төргі бөлмесінде жайғасып, аман-саулықты сұрасқаннан кейін:

– Жақында ерім есіктен кіре қуанып, «Әкемді тауып келдім, әкемді, сүйінші, әкемді тауып келдім!» деп билеп жүр. Ойымда «Түрмеден аман шығып, бір жерде тірі өмір сүрген-ау, елге келуге қорыққан шығар...» деу ғана. Со-сын: «Әкеңді қайдан таптың» демеймін бе?

Күлімсіреген күйі қол сөмкесін ашып қалың кітаптың белгілі бетін көрсетіп: «Әкем, мына кітапта, түрмеге отырған жері, о дүниелік болған уақыты, ақталғаны жазулы тұр» дейді.

Тасболаттың Әбілқайыр Досов туралы ел арасындағы көзі көрген қариялардан сұрау салып іздеп, кітаптардан, ақпараттардан дерек, құжаттарды жинап «Арқа ажары» газетіне (28 шілде, 2007 жыл) бір беттік мақала жазып, Досовтың есіміне «Степняк» қаласынан көше берілуіне атсалысқан-ды. Сөз арасында Тасболат: «Жайық

Бектұровтың тойына барғандағы олжам «Енеден ерте айырылған төл секілді» кітабын тауып алдым. Репрессияға ұшыраған кезде Ө. Досов Шымкент обкомының бірінші хатшысы қызметін атқарған. Бұрын ұзынқұлақтан естігенімде атақты фельетоншы, сатирик жазушы Асқар Тоқмағанбетовке үштік шүйліккен кезде: «Оу, социализмді берік орнату жолындағы қайратты қаламгер жау бола ма?» деп қорғапты дейтін-ді. Содан кейін кідірмей өзін тұтқындағанын айтатын еді. Ол кезде алғашқы сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына үміткер болып тіркеліпті. Сайлау 1937 жылы 12 желтоқсанда өтсе, Досов 1937 жылдың 28 қараша күні тұтқындалады. Оны қамауға алысымен көшелердегі ілінген плакаттар, суреттері жыртылып, алынып тасталады, сірә да. Жайық Бектұровтың кітабында: «Мен Әбілқайырмен бірге қызмет істедім... Мен 1938 жылы Алматыда бұрын Оңтүстік Қазақстан облысының «Мақтарал» совхозының көп жылдар директоры болған, кейіннен Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасының орынбасары болған аяулы қарт-коммунист Александр Семенович Орловпен (ол бұрыннан мені жақсы білетін, сол облыста комсомолда бірге істегенбіз) кездесіп әңгімелескенде айтқаны «Оңтүстік Қазақстан обкомының бұрынғы пленум мүшелерінен бес-алты адам қалдық. Қазақстан Орталық Комитетінің өкілі болып пленумға М. Атаниязов қатысты. Әрине, Мирзоянның тапсырмасы оған белгілі болар. Әбілқайыр Ысқақұлын орнынан аларда пленумды маған басқартты. Мәселенің мән-жайын түсінген Ө. Досов жолдас телефон арқылы Л. Мирзоян жолдаспен сөйлесуге ұмтылды. (Орталық Комитеттің бірінші хатшысы). Бірақ телефон сымы жұмыс істемеді. Қолма-қол партиядан шығарылды. Үйіне кетті, ізінше қамалды. Естідік, Шымкенттің бір көшесіндегі кішкене үйіне барысымен ұсталыпты. Денелі, күшті кісі, өзін ұстауға келгендермен арпалысып, алысып, көпке дейін бой бермепті. Ақыры НКВД-ның бірнеше адамы жабылып соққыға жығып әкетіпті». А. Орлов ақсақал осылай сөйлейді (жоғарыда көрсетілген кітап, 29-бет). Досовтың ұсталуын Мирзоян білмеді дейсің бе, білді, телефон байланысының үзілуі де алдын ала дайын-

дық емес пе? Досов Алматы түрмесіне қамалады, 1938 жылдың наурыз айына дейін тергеліп, 8 наурыз күні Жоғарғы Сот комиссиясының шешімімен атылады, одан кейін наурыздың 19-ы күні еліміздің бетке ұстар азаматтарының бір тобы, ірі қоғам қайраткерлері жазықсыз атылып кете барады, – деп Тасболат сұрапыл жылдарды ауыр еске алады да, Сәкенмен байланыстыра сөйлейді. – Мен Досов туралы зерттеуімде талай деректерді кездестірдім. Әкесі Ысқақ – кедей, Сатыбай Байғошев деген байдың жылқысын бағыпты. Кезінде дауылпаз ақын Сәкен Сейфуллин өзінің Әбілқайыр Досовқа арнаған «Біздің ұлан» өлеңінде оның өміріне шолып өтеді.

*Әкесі оның күндіз-түні*

*Ауыр бейнет көрген күні.*

*Жан анасы тезек теріп*

*Барлық күшін байға беріп, отын жаққан.*

(С. Сейфуллин. Шығармалар жинағы,  
1-том, 106-бет).

Досовтың өмір деректері 1917 жылғы Қазан төңкерісінен бастау алып, үнемі басшылық жұмыста, социализмнің нығаюына қызмет ету емес пе? Семей, Түркістан, Орал, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, тіпті 1930 жылдан бастап партиялық қызмет, Мәскеу қаласында ВКП(б) Орталық Комитетінің нұсқаушысы қызметтерін атқарған қоғам қайраткерінің жау атануына себеп жоқ сықылды ғой.

– Мәскеудің лимиті бойынша себеп табылады. Мысалы, Сәкен жау атанса, жоғарыдағы өлең жолдары жаумен байланысы бар, Кеңес үкіметін құлатуға топ құрып жүр деп саясаттандыра салмай ма? – дегенімде Тасболат: «Досовтың өмір дерегі алғырлығы, білімділігі, жұмысқа қабілетінің жоғары болуымен тез өсіп отырған. Оқу, білімді Омбыдан алады, онда Сәкенмен танысып саяси жұмысқа қатысады. 1918-1919 жылдың өзінде Көкшетау уезінің төтенше комиссиясын басқарады. Омбыда «Кедей сөзі» газетінің алғашқы редакторы қызметін атқарғаны және бар. Айта берсек, Досовтың атқарған қызметі, халыққа сіңірген еңбегі жетерлік.

Міне, Степняк қаласының Құрметті азаматы, Еңбек Ері Тасболат Алпысұлымен ашық әңгімеміз ел мен жер тарихы, тарихи тұлғаларымыздың өмір деректерінен біраз мағлұмат алып, білгенімізді көпке жариялауды жөн көрген едік. Орынбор мұрағатындағы «Авангард» журналының беттерінде қазақтардың іскерлігін, ерлігін жазған деректер жеткілікті. Сонда Дутов басқарған ақтардың армиясын талқандауға қатысқан ақын Ыбырай Ғаниевтің:

*Қазақ жері байлығы шалқар теңіздей,  
Оққа тосып кеудені, жасықсың дегізбей.  
Намыс отына пісіп, шынығып,  
Киелі далама жау табанын тигізбей, –*

деп жырлағанындай, қазақ елінің болашағы деп жанта-ласа қызмет еткен арыстарымыздың әрқайсысының өмір жолы тым ауыр, қым-қуыт, мұң-шерге толы. Оны бүгінгі ұрпақ біліп, тәуелсіздікке кір шалдыруға тиісті емес...

## АЛТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ

Пойыз дөңгелектері безек қағып зырлап келеді. Кейде терезеден көз талдырып жазық далаға қарайсың. Екінші күн дегенде Алтай өлкесінен іліккесін сыңсыған орман көріне бастады. Табиғат көркемдігі тамсандырады. Күн нұры жасыл ағаштарға құйылып шыныдай жалтырайды, сөуле ойнақ салады. Көкпеңбек аспан асты, сансыз бояуға малынған жер үсті талайлардың ізін жасырған, талайлардың қаны төгілген, адал тері көл боп ақса да игілікке бұйырмаған, бордай тозған елдің жұртындай сезілетіні де бар. Пенденің басына бейнетін жаңбырдай жаудырып, тұтаса құйылған көздің жасын қара жерге сіңіргенін меңзегендей тарихы бар. Дала егер үн қатса: «Ұландарым, қайда жүрсіңдер, жаяу-жалпылап жылан қуғандай үйлеріңнен безіп кеттіңдер ме?» дер ме еді. Есесіне қалың қайғы зілі түскен босқынның басы қайсы, соңы қайсы, оны кім біліпті. Есебі жоқ. Ұсқынсыз түрлі пішіндер бірінен бірі өтіп жауыздығын асырғанды үнсіз төңірек айта қоймайды. Басқа түскен жамандықты уақыт тозаң

етіп ұшырып әкеткен. Тарих ойын сақтаған сырсандықты кім ақтарыпты, жүрегінің түгі барлар тегінен қопарылып тазартылған. Тозаң басқан ел оқиғаларын кім сұрап, кім шындығын шығара алар дейсің. «Себепсізден болған» деп жасырып келген тарих жарасын, ел қасіретін бірден емдеуге күш жете ме? Берекені кетірмей, мерекені келтіретін еліміздің тәуелсіздік таңы атқалы мұрағаттарды түрткілей бастадық, адамдармен ашық сөйлесе бастадық. Пай, осы кезде әділін біліп, адалын айтатын көнекөз қариялардан ада болуға қалдық. Бірен-сарандары күңірене күрсінген үнмен «елім, жерім-ай» деген аянышты дауыстарын жел ғана сыбдырлап еміс-еміс жеткізетін тәрізді ме?

Қилы-қилы заман доңғалағы біресе олай, біресе бұлай тартып, заңы жанға батып, саясатын шайтан иектеп пендені итсілікпеге салған кезде күресте дәрменсіз болдың деп ешкімді жазғыра алмайсың. Басқаны айтпағанда, «Жизнь Сибири» журналының 1922 жылғы №3 санында Сібір өлкесінде қоныстанған 6 105 254 адам, бұлар 14 ұлт өкілі, 200 мыңнан астам қазақ болғанын деректейді.

«Арада өткен жүз жылға тарта уақытта қазақтар саны миллионға жетпеген бе?» дегенде Құлынды ауданы Керей ауылының ұстасы Құнанбай Исабекұлы шытыр еткендей мінезбен:

– Оны Кеңес заманындағы аштықтар мен қуғын-сүргіннен сұра, – деп қалды қоңыр көзін бір нүктеге қадап. – Құлынды өңіріне бабаларымыз 1880 жылы қоныстана бастаған. Содан бері көресіні көріп, өлетініміз өліп тірі қалғаны тірлік дәнін теріп жүрміз...»

Одан әрі жанды сөз, нақты дерек бадырайтып айттып бере алмайтынын білдірді. Онысы да жөн. Мұрағат дерегінде тайға басқан таңбадай жазбада бұл өңір XVIII ғасырдан зерттеле бастайды. Ертіс бойын мекен етуге Павлодар уезінен он бес мың қазақ қоныстанады. Одан арғысы 1880 жылы қыркүйек айында миллион соттық жерді уақытша иеленуге Ресей патшалығынан лұқсат алынады. Одан кейін 1907 жылдың 5 июлінде орыс империясының жарлығымен Сібір, Еуропа, Ресейдің қарамағына өтеді (№06-01-00504 а жобасы). Қазақтардың жанұя саны 1 089, ер адамы 3 539, адам басына 2 540 соттық жер



беріледі. 1908-1909 жылғы санақта адам саны жүз мыңға жетеді (1-с.қ., 100-іс т., 2,5-бб.). XVIII ғасырда Алтай Ресей империясын алтын қорымен байытты. Алтай өңірі бойынша 1725 жылы жоңғардан оңтүстігін, қазақтардан батысын бекітіп шекаралықты белгілеп тастады. Барнауыл алтын қорын игеруге купецтер Сухов, М. Морозов және бай Құлмамбетовтер қатысқан көрінеді (С.Н. Южковтың редакциялауымен жарық көрген Барнауыл қала шежіресі кітабы. – Санкт-Петербург, 1905). Сонымен, шежіре кітапта көрсетілгендей, 1874 жылы 109 302 пұт күміс өндіріліп Шілба зауытының табысы ерекше аталады. Ал 1831 жылы алтын зауыты жыл сайын 20-40 пұт алтын өндіруді меңгереді. Айта кетерлігі, Иван Иванович Ползунов алғашқы күміс тиелген керуенді басқарып Петербургқа апарып, Ломоносов білімін игерген инженер-капитан шенін алады. Осындай өндірістің өркендеуі 1918 жылғы Алтай-губЧК-ның қаулысы бойынша 25 мың қулақ, 50 мың бай болғанын анықтайды. Дереве жер аудару, түрмеге тоғыту басталады. Қуғын-сүргін алапаты аштыққа ұласады, 1922 жылы өлкеде 40081 жетім балалардың 34 мыңын мемлекеттік асырауға орналастырылады. Олардың ішінде аштыққа ұрынып қазақ даласынан өндіріске жете алмай өлгендердің жетім қалған балалары да болған.

«Өркімнің өз күшімен өмір сүруінен айырғасын аштан өлмей қайтеді, – деп Құнанбай ел жадында қалған естігендерін ойына оралтты, – Белағаш болысының тұрғыны Байдәулетте 1800 жылқы, Саламбайда 900, Исада 500 және басқаларында да Кеңес үкіметінің қырына ілігетін байлық болған деседі. Бірақ байлар ақылға салып малдарын кедейлерге, туыс-туғандарына үлестіріп беріп, тәркілеуден аман қалыпты. Дегенмен қымс етсе қиып түсетін, жазықсызға да жазаны үйіп түсетін кезде сотталғандар аз емес еді. Солардың үні қалды», – деп Құнанбай термелер ме еді.

*Заманым мұнша неге қиын болды,  
Тірлігім алай-дүлей құйын болды.  
Адымыңды аштырмай қиып түсер,  
ОГПУ – жан алатын ұйым болды.*

Қиналдым, қашан жаным шығар екен,  
Зілтемірмен басыңнан ұрады екен.  
Қансырап бөлмесінде қалшиганда,  
Жөн сөзді қақас қылып бұрады екен.  
Үштігің қайғы, шерді білер ме екен,  
Соңыңда кісі ілісіп жүреді екен.  
«Жатыпатар» кіндіктес туысың да,  
Кінәсізге кінә қойып күледі екен.  
Күн сайын құпиялы жиын болды,  
Қолыңа кісен салған сыйың болды.  
Аузыңа темір қақпақ орнатпасаң,  
Бұралқы сөз айтарға тыйым болды.  
Дақпыртың біреу көріп пайдасын-ай,  
Бір күні ғапыл кетіп қалмасым-ай.  
Дарига, дарқандықтан айырылғасын,  
Сұрқия тексіздерден болмасын ба-ай.  
Дорба сақал долданып отыр екен,  
Жазықсызды жазғырған қоқым екен.  
Төбеден жай тұскендей толықсыдым,  
Кісіге ұқсас тергеуші соқыр екен.  
Өмірден дәл осылай құтым қашты,  
Жалмап жатыр халықты қалың аштық.  
Жалпақ жұрт сенімінен айырылып,  
Ажалдың түрлі есігін айқара аштық.  
Үкіметтің құлқы неге тарылды,  
Кім тыңдайды мына менің зарымды?  
Бір үзім нанға зарығып қалғанымда,  
Тартып алды құныққандар барымды.  
Ойда, қырда қырылғандар жетерлік,  
Өлгендердің шыға қоймас санағы.  
Жер қойнына тапсырып қатын-баланы,  
Қаңғып жүрген көріп тұрсың ағаны, –

деген сөз жұрттың жадында екенін Құнанбай Исабекұлы айтты да, ауыр дем алып ойын жалғады. «Тарыдай шашылып, кез келгенге жем болған, теңсіздік, жоқтық еңсесін езген ата-баба еске түсе береді. Құдайдан басқаны құдірет тұтпай, Мұхамбеттен басқаның уағыз-заңына бағынбай, тіршілігінде еш жауына босағасын ұрдырмай, туырлығын

тілдірмей, өлісінің мүрдесінен аттатпай, ұлтарақтай жерін де таптатпай, босағада көріспей, қас дұшпанға беріспе-ген ер тұлғалы аталарымыздың түбіне жеткен, көзіне қара шыбын үймелеткен жымысқы заңсыздық, жылтыр қулық, сұм-сұрқиялық», – деді інісі Жұматай Исабекұлына қынжылысын білдіріп.

«Қазір Қазақ елі тәуелсіздікке қолы жетіп өркендеді» дедім мен.

«Тәуелсіздік түбірі мықты болса, халық қадірі артар. Ата-баба салты да заң. Біз бала жастан соны қорғап ұрпаққа жалғастырып келеміз. Мектебіміздегі оқу-тәрбие жұмысы да соған негізделген, – деп Жұматай сөзін жалғастырды. – Адам о дүниелік болса да жақсы салт-сана өлмейді, тіршілік етеді. Адам өлер алдында ең қимас, ең аяулысын еске алады ғой. «Соңғы сөзін айтуға біреуді күтіп жатыр» деп күбірлесетіндерді жиі естиміз. Байқағаным, осы елімізде қаншама қариялар дүниеден өтерде «Баба қонысынан топырақ бұйырмады-ау» деген өкінішін айтатын. Мүмкін, бұл туған жердің топырағынан жаралған дененің қасиетті орнына орналасуды аңсау құдіреті ме? Бәлкім, біздің туған жерге іңкәрлігіміз, қаншылдығымыз, ата салтына адалдығымыз, бабалардың жатқа туған жердің бір уыс топырағын да ұстатпаймын деген ант арманымен болаттай суарылуынан шығар. 1900 жылдардан арғы аталарымыздың киелі жұрты «Байымбет» деген жерде. Оны әкем көзі тірісінде айтып, көрсетіп кеткен. Сол жерге бала-шағамызды ертіп атақонысқа барып аруақтарға дұға арнап тұрамыз. Жүрегі құрғыр тулап, магнит тартқандай өзіңді-өзің ұстай алмай кетеді екенсің. Қазақ еліне шекаралас тұрсақ та, бабалардың қарашаңырағы тым биік, біртүрлі сезімді асқақтатады екен.

Бәлкім, Керей ауылындағылардың арғы аталары шекарадан бөлініп қаламыз деп ойламаған да шығар. Тарих деректерінде Сібірді игерудің картасы 1701 жылы жасалса, бұл кезде қазақтар болмады дейсің бе? Барнауылдың шежіре тарихында швед генералы, инженер-геолог Михаил Федорович Розен Балтық, Каспий, Арал теңіздерін зерттегені, «Веселый» алтын кенін ашқаны тарихтан ойып орын алған. Сол сықылды, Андреас Венедиктович Беэр «Русский

биографический словарь» кітабында оның 799 пұт күміс, 14 пұт алтын өндіруге қатысқанын, түрлі жаңалығын жазады (Спб., 1908. 4-қ., 12-1-б.). Осындай ғалымдардың қай-қайсысының зерттеу еңбектерінде Ертіс бойында қазақтардың алтынды суға шайып, немесе балық аулап, мал өсіріп жүргенін түстеп сипаттайды. Олар бәлкім Керей ауылының арғы бабалары шығар. Рас, көшіп-қонумен өздерінің еркін тіршілігін сақтап, жайлауын, қысқы қонысын, ондағы құдығына дейін қадір тұтып, кеңпейіл, ешкімге жаманшылық ойламайтын, асыл қасиетімен өлкеге қоныстанушыларға жұғысып, тірліктеріне көмектескені анық болар. Бірақ көптің, күштілердің қай заманда да азға, әлсіздерге үстемдігі аз болмайтыны белгілі. Қазақта «Көп қорқытады, терең батырады» деген содан қалған. Әйтпесе, Құлынды Алтай өлкесіндегі ғасырлар бойына қазақтардың мекені болған. Мұнда Тоғызкөл, Ащыкөл, Тұщыкөл, Құлынды, Қаракөл, Шот деген сияқты қазақша жер атаулары әлі күнге жазылған тарихтай сақталып келеді».

«Ол түгілі, Барнауыл есімді де қазақтар қойған десеңді, – деп Жұматай сөзін сабақтады. – Бабаларымыз көшіп, қонып жүріп «жақын жерде бар ма ауыл» дегеніне, екіншісінің «бар ауыл» деген сөзінен Барнауыл боп, алтайлықтардың тілінде өзгеріске ұшырап аталып кеткен. Мына Құлынды өңірінде қалың шалғын болыпты. Сол шалғын арасында құлын жоғалып қала береді екен. Содан Құлынды аталған екен. Алтайлықтардың да, орыстардың да Құлынды деген сөздің жоқтығын айтсақ, аңыз емес, шындық екені хақ. Шетелдіктердің зерттеу еңбектерінде де қазақи жер атаулары сақталып қалғаны және бар».

Халқымыздың атақты тарихшысы, көрнекті ғалым Бекмахановпен бірге оқыған, қатар өскен тарихшы Шайхым Бериновтің «Алтай өлкесінде Кеңес өкіметінің орнауы» атты ғылыми еңбегінде осы өңірдегі қазақтардың елдік, халықтық қалыптасуы қақында көп нәрселер орын алған.

1916 жылы Шот қаласы мен Қызылағаш аталатын елді мекенде қазақтар көбірек қоныстанса керек. Ол кезде алғашқы темір жол Шот қаласына келіпті. Қазақтардың

бір жерге ұйысып, татулықты диқан дәніндей сақтауы нәтижелі болса керек. Алтай өлкесіндегі екі он бір жылдық қазақ мектебінің іргетасы сол кезден қаланып бүгінге дейін сақталып келеді, Алтай өлкесінде 30 мыңға жуық қазақтар тұрса олардың ұрпағының біразы қазақ мектебінен білім алып шығады екен. Жұматайдың сөзін тірілген мектеп директоры Нұрғайша Ғалиқызы: «Оқу-тәрбие жұмысымыз Қазақстан Оқу министрлігінің бағдарламасы негізінде жүргізіледі. Ресейдің программасына көшіңдер деген дүңкіл де, дүбір де, тұс-тұстан қыспақта ана жылдары кездесті. «Бірде-бір орысы жоқ ауылға орыс мектебін аштырмаймыз» деген халықтың өтініші, талабының орындалуы ерлік ісіміз сықылды. Керей аталатын аулымыздың халқының көбі 1905 жылы Семей өңірінен көшіп келіп қоныстанғандар», – деді.

Благовещенский ауданының Байқамыт деген қазақ ауылында да қазақша орта мектеп, балабақшасы бар екен. Мектептердегі мұғалім кадрлары қазақ елінде оқып, білім алғандар. Әрине, мемлекеттік тіл – орыс тілі, оны жақсы меңгеру үшін ана тіліне жетік болудың маңызы ерекше. Нұрғайшаның зайыбы Сансызбай Шайқымұлы да жоғары білімді маман. Ұл, қыз өсіріп отыр. Отбасында ұлттық тәртіп, тәрбие. Қазақи қалыптың терең тамыр тартқаны ұрпақ әке даңқын, әке айбарын сыйлап, ананың инабаттылығын үйреніп өскесін ешкім де қор болмасы анық.

Елге басшы болып қалтқысыз қызмет ететін Дүйсенбай Кереев: «Бізде еңбек адамдары намысшыл, бір-бірі үш кісінің жұмысын атқарады. Бірі – үкімет, екіншісі – өзі, үшіншісі – Қазақ елінің абыройы үшін. Өйткені «Қазақтар бүлдіріп тастады» деген жаман атақтан қорқады, құдайдан қорқып, адамдардан ұяла біледі. Шаруашылықта мал, егін өсіру жыл сайын табыспен оралады, халықтың тұрмыс, тірлігі де жоғары. Алтай өлкесіндегі отыз мыңдай қазақтардың қай-қайсысы да әр таңда адал оймен оянып, дастархандағы нанның киесін сақтап, ұлтымыздың намысына кір келтірмейді. Бұл бабаларымыздың тарихын көздің қарашығындай сақтап, ұлт ұлылығынан өзгелер сабақ алсын деумен сабақтасады. Тарих деректерінде

Құлынды өңірін қазақтар 1542 жылдан бастап мекендей бастағанға ұқсайтыны Антония Виданың Обь өзенінің картасынан көрініс тапқаны деуге негіз бар секілді, – деді де: – Ақынжанды жігіттің бір өлеңі бар еді, соны айтайын, – деп сөйлей жөнелді.

*Байтақ дала – ырысым,  
Жұртымның өлең-жырысың,  
Тарихтың да сырысың.  
«Құлынды» десем әр кезде,  
Ашылып кетер тынысым.  
Замандар өтті әр кезең,  
Саясаттың құлысың.  
Пендені бірақ жарылқар  
Алланың берген сыйысың.  
Алтайдан соққан самалға  
Кеудемді керіп тұрысым.  
Өркелкі адам әркелкі,  
Жамандық ойлау құрысын!»*

– Қаскөйлік дегеннен шығады, баба жері ұрпаққа сақтала ма? Үрей, қорқыныш жоқ па? – дегенде, Дүйсенбай:

– Өлкеміз тек қана Франциямен мәдени байланысы бар, басқадай шетелдермен экономикалық қатысымыз мүлдем жоқ, шекарамыздан моңғол да, қытай да заңсыз өте алмайды. Кеңес заманында құрылған кеңшарлар сол қалпында сақталып дамып, халқын жарылқап отыр. Саясат сипаты тұрақты, өшпенділік жоқ, халықтың өмір сүру болашағымен біте қайнасқан. Біреуді біреудің қорсынуы, өктемдігі жоқ. Өктемдік жүрген жерде, өзгелердің жымысқылықпен жеріңді, байлығыңды олжалағысы келген жерде бүліншілік болмай тұрмайды. Оны әлем оқиғаларынан көріп отырмыз, – деді нықтай.

Иә, Алтай қазақтарының қайсысымен сөйлессең де ежелгі елдік қасиетінен сыр шертеді.

## ҚАНДЫ ҚЫРҒЫНДЫ КӨРГЕН

Қоғам халқының бәрін бақытты етуді шын көңілмен ойлай бермейді. Бірақ жұрт үмітін үзбейді. Сәл босап қалжыраса ажал бас салғалы тұрғанын сезген Әукен Досжанұлы қарға адым жер жүруі мұң болған жастық шағын өмір бойы ұмытпайды. Бұл 1932 жылдың қарғыс атқан, қазақ даласының әр бұтасын адам өлігімен толтырған кезең еді. Бүкіл Жарсуат елінде үрерге ит, тігерге тұяқ қалмады. Белсенділер әр үйді тінтіп ірімшік, құрт, майы, аз-кем астығына дейін тартып әкетті. Өліп қалған әйелдердің сақина, жүзік, сырғалары, басқа да іліп алар қымбат бұйымдары мен киімдерін сыпырып, көліктеріне тиеп Ақмола жаққа кетіп отырды. Аман қалған жасөспірімдер шақпақ тұзын ауыздарына салып, басы ауған жаққа қаңғыды. Екі жүздей үйдің түгін шығатын мұржаларына қонып алып өлім жырын жырлаған сауысқан, құзғын құстардың жолы болған шығар.

Ажал аузында жатқан он алты жасар Әукенді бір керемет күш көтерді де, ілби басып дорбасын арқалап, жолға шықты. Анасы тіккен дорбада әкесінің айбалтасы, пышағы бар. Естүінше, әлсіреп құласаң, жол бойы шұбырған әлді адамдар сойып жейді деген қауіптен қорғануы керек. Айбалта, пышақ, ата-анасынан қалған мүлік осы ғана. Белсенділер қара мылтықты кезеніп тұрып аяқ, табақ, көрпе, көпшікке дейін қалдырмай көзінше алып кетті. Мылтықты көрсе жүрегі ұшады. Көзі ілінсе шошиды. Жанына серік болатын ауылдағы жасөспірімдердің көбі өлген-ді. Тірілері Атбасар, Көкшетау жаққа қаңғып кетті. Зұлымдықтың ықпалынан, қанішерлігінен кім құтылған. Оны елестетудің өзі қатерлі, үрейлі еді.

Жол бойы ұзақ, елсіз жерлер, көзге ілігетіні әр жердегі адам өлгі, өлікке үймелеген құзғын құстар. Жан-жағында талшық етер адал шөп те кездесе қоймады. Өзірге жанын сақтап келе жатқан тұз ғана. Асықтың көлеміндей тұзды сорып қуат алады, одан басқа нәр татқан жоқ. Ымырт үйіріле бозғанақ шөптің тамырын шайнаймын деп, жылымға түсіп кетіп, өліп-талып әзар шықты. Үсті-басы малмандай су, ілгері басқан аяғы кері кетіп, тіпті әлсіреді.

Құласа өлетінін біледі. Сөйтіп, жан арпалысымен бір елдің қарасына ілікті. Терезесінен майшамның жылтырағаны көрінген үйдің есігін қақты. Егде орыс әйелі есік ашып, ішке кіргізді. Аздап сүт ішкенін біледі. Есі ауып кетсе керек. Жылағысы келеді, көзінен жас шықпайды. Ертеңгілік ұйқыдан бас көтергенде жағы ашылмайды. Манағы әйел піскен сүтті құйды аузына. Біраздан соң барып тіршілік қалпына түсті. Екінші анасындай боп өмірін жалғаған сол әйелдің жақсылығын өмір бойы есінен шығармайды. Ерінің «Наташа, мал жайғайық» деген сөзі жадында қалған-ды.

Жанын шақырып қимылдай бастағасын сол Наташа жол сілтеді, Ақмолада аштарды бір жерге топтастырып бағып жатқанын да айтты. Үзілген үміт сәулесі жанғандай сезінді. Бірақ қылаң етіп қиып түсердей әлсіреткен аштық жеткізе ме? Бірақ жол бар. Айдау жол, ашық дала, алдында босқындар сүрініп, жығылып жүріп бара жатыр, үрейлі көрініс, қаншалық қорқынышты болса да аяғын жанқиярлықпен басып біраздан соң қала іргесіндегі артельге, қазіргі Киров атындағы совхозға жетті. Көшенің шет жағындағы үйдің қасындағы арбада жүдеу, көздерінің оты сөніңкіреген үш адам аруақтай қалқиып отыр. Әукен арбаға жақындады. Үйден орта бойлы әйел, шоқша сақалды, бөкене бойлы ер адам шықты. Әйел бірден Әукенге көзін салды да, арбаға мін деп үн қатты. Қара тарантасқа сығылысып отырды. Әйел осы шаруашылықтың бастығы екен. Шоқша сақалдыға мына адамдарды артельге апарып тамақтандырып, орналастырып қайтып кел деп бұйырды. Орысша оқығаны бар, латынша жаза білетіні көдеге асып, Әукен адамдарға берілетін азық-түліктің есебін шығарушы болып орналасты. Аздап әлденді. Әр күн сайын қырылып жатқан адамдардың өлігін жинап көміседі. Артельде де аштан бұрлыққан адамдарды тойындырып бағуға азық-түлік тапшылығы сезіледі. Күнделікті әр адамға өлместік нәр беріледі. Өліп жатса да еш пенде кінәліні айтқан емес. Зұлымдықтың қара дауылы қайдан шыққанын халық білмейтін де шығар. Егін орылды, астық жиналды, лезде Мәскеуге жөнелтілді. Қоймаларда тышқан да қалмады. Ажалды үнсіз мойындайтын қарапайым халық лажсыз еді.



Аштық жылдарының құпия дерегін қара сандықта сақтап оны білуге тыйым салынғаны белгілі. Өйтпесе, қызыл империяның көздеген мақсат нысанасы халықтан бір түйір дән қалдырмай жинап алған астықты, мал етін шет елге шығарып өндірісті өркендетуді қатал қырғынмен жүргізіп жатқан саясат еді. Аштыққа ұрынған жалғыз Әукен бе, бүкіл халық екенін түрлі құжаттар негізінде айта кетелік. «1918-1919 жылдардың қысында болған аштықтың салдарынан халықтың тең жартысынан астамына дейін аштан, суықтан өлген («Известия ЦИК Турк. Республики. 23.04.1918). Әрине, ол кезде толық есеп жүргізуге мүмкін еместіне жаяу, техникалық мүмкіндіктер жоқтығы белгілі. Оған дәлел көзіміз көрген ауыл, ауылдардың тегіс қырылғанын білеміз», – дейтін-ді Әукен. Ал әлгі ақпаратта 1921 жылы қазақстанның бес губерниясы бойынша Орынбор, Ақтөбе, Орал, Бөкей, Қостанай губерниялары мен Адай уезінде 2,5 миллион халық ашытыққа ұрынғанын жазған деректерді кім біліпті. Әукеннің сол кездегі көргені, түсінгені бойынша ешкім ештеңе талап етпейді, күмәнді ойын да айта алмайды. Адамдар өмір сүруі үшін, қолынан келсе, адамға жақсылық жасауға, бір үзім нан ба, басқа азық па бөліп жеуге, өзім өлсем де жастар тірі қалсын деуге ой-сезімдерін арнаған адамдарды есінде мықтап сақтады. «Аштықтың себебін кейін білдік қой, – деп Әукен тарихи деректі қозғады. – Сталин 1930 жылы 24 тамызда Молотовқа жазған хатында: «Күніне 1-1,5 миллион пұт астықты сыртқа шығарудамыз. Менің ойымша, бұл аз. Ең кем дегенде, 3-4 миллионға дейін көтеру керек. Өйтпесе, біз металлургиялық, машина жасау заводтарынсыз қаламыз» дегені аштыққа ұрындырмай қайтеді. Сөйтіп Әукен жастық шағында замандастары секілді тірліктің жақсылығы мен зұлымдығын аз көрген жоқ. «Ақиқат пен өтірік те біздің басымыздан қатар өтті, қаншама зиялы адамдарымыздан айырылды, – дейді Әукен. – Сталиндік дүрбелеңді көзімізбен көрдік. Бес саусағымыз да бірдей еместігі секілді адамдар да әр түрлі ғой. Наубайхана бастығы аяғын сылтып басатын, бетінде шешек дағы бар, аздап тұтығып сөйлейтін Жолдан деген еді. Бір жылға жетпейтін уақытта, аштық басталғаннан жиыр-

мадан астам әйел алған-ды. Жанын сақтауды ойлап тентіреп жүрген қыз-келіншектер жетеді. Наубайхана мен асхананың есеп-қисабын жүргізіп болғасын бір ой түсіп: «Ағай, әйеліңіз жайлы ма?» демеймін бе. Ол орындығында шалқалап отырып жымсия күлді де: «Көп әйел алсаң ішінен бір тәуірі табылады екен. Алдыңғылары асқа тойынғасын мінез көрсетіп мыжыңдай бастап есірді. Қазір сөз көтеретін кезең бе, алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен деп зарыққан уақытта кім тірі қалғысы келмейді. Көріп жүрсің, сүрініп құласа өліп кететін аштар толып жүр, бір үзім нанға зар қыздар жетеді ғой», – деді. Ал аштарды күн, түн қатып Ақмолаға тұс-тұстан кіретін жолдан өлмелі адамдарды жинап әкеліп өмірін сақтап жүрген Киров шаруашылығының бастығы Нина Ивановна талайдың алғысын алды. Көрдіңіз бе, адамдықтың қалыптасуы тәрбиеге де, арғы тегіне де байланысты. Айналып келгенде әр адамның өзінің рухани байлығымен, жас күнінен бойына дарыған кісілік қасиет, мүмкін бесіктен, мүмкін ана сүтімен дари ма деп қалам, – деп Әукен аштық жылындағы сұрапыл көріністі қинала айтты да ауыр күрсініп, сәл тыныстап сөзін жалғады: «Өмір тарылып бір түйір тарының қауызына сыйғандай кезден тірі қалу үшін үрейленбей, күш, жігеріңе сене білуің керек екен. Адамның айуандық көрінісінен үрейленуге бас ұрсаң өлгенің. Сөйтіп, жылдар өте тірілердің ауызы асқа тиді. Мен ұстаз болып жастарды оқыттым. Адамда тұрақты пікір жөнінде таластар болып тұратын-ды. Тіпті жасымыздан бірге өскен Көрім деген інім бар. Соның өзі бас қосып пікір таластырғанда, біреу алай, біреуі былай айтып отырғанда бірінікін жөн деп қосылса, жалт беріп екіншінің айтқанына да қосыла кетеді. Қарашы, сонда әуелден бітімінде тұрақты ой, пікір болмаған. Сосын адам жалтақ болады, бағындырушының алдында үрейленіп сасып, жөн сөзін айта алмай абыржып тұрады.

Ал енді өзінің талантына қарай көргенін, жақсы адамдармен жолдас, сырлас болып үлгі алып жиғанын адамгершілікке, елге, өнегелі болуға салатындар бар.

Бірақ өзінің жақсы-жаман екенін де білмей күн кешетіндер аз ба? Зұлымдықтың жолы қысқа, қайтсе де өзіне-

өзі кедергі жасап сүріндіруге, кесапатқа ұшырауға тиісті. Бұрынғының сөзі бар, «Ақкөңілдің аты арымайды, тоны тозбайды» деген. Ал Бауыржан Момышұлы: «Ашу – ашыған у, ақыл керек, мұндасар да кісі жоқ, сөз ұғарлық, кім жұбатып болады ермек» дейді. Шындығында солай ғой.

«Бүгінгі замандастарыңның көрген, білгендерін айтуы жарастықты ма?». «Көбі сауда-саттық, айла, амалды айтады. Ұту, ұтылу, кесер кеңірдек жағдайынан аспайды. Құлағымды тығып алып, жай отырамын. Өйткені білгеніңді, өмірдің маңызын айтып ұқтыра аласың ба? Сөйтіп өңкей ортада қартайып отырмыз. Адамға қанағат керек. Соны да білмейді. Бұрынғылар «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызады» деп айтады ғой. Шүкірлік, қанағаты қашқаннан қасиет безеді. Ал осы кейбіреулердің ниеті бұзылып барады. Өзімшіл өріп жүр, оған қарап тұрсаң өлердей жек көресің. Бір-бірінің үйіне кірмейді, шақыру тілейді. Қараңызшы, бұрын олай емес еді ғой. Бас қосып үлкендер сырласатын-ды. Жастарға үлгі, өнеге үйретіп, құлақтарына жақсылықты құйып отыратын-ды. Қазір ол жоқ. Жақсы-жаманды көріп ажырата аларлықтай, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай, сөз қалдырарлықтай қариялардың қатары сиреді. Ауыл жекешеленді, әркім өз бетімен түйе айдағандай болып, ұлттық өнеге күйрей бастады. Ертеректе әр ауылда байы да болды, орташасы да кедейге көмек етеді, соған қарасатын еді, содан елдегі жоқшылық білінбеген-ді. Ал қазіргі уақытта тұрмыс, тірлік өзгерді. Сана өзгеше өзімшілдікпен қалыптасты. Мындап мал айдағаннан артық тұрмысқа жеттік. Сондықтан мен ойлаймын, дүниеқоңыздық өзімшіліктің ауыр дертіне ұрындырады. Басқа ештеңе жоқ, халық сауатты, кемшілігіміз дін, дәстүр жағынан кедейленіп жұтап едік, бүгінде бәрі оралып жатыр, тәуелсіздік жанымызды жарқыратты. Ал енді осыны ұғынып, саналылықпен ұрпағын тәрбиелей білсе, тәубә, шүкір ғой. Бірақ әлі де мұны біреу ұғады, кейбірі ұқпайды», – деп Әукен Досжанұлы терезеден төгіліп тұрған күн сәулесіне қарады да көкірегін кеңірек ашып ойын жүйеледі.

«Жалғыз балам бар, есімі – Бауыржан. Ұлым дүниеге келгенде Бауыржан Момышұлына хат жаздым, жауап хат

алдым: «Лұқсат, қайырлы болсын, Бауыржаның азамат болсын!» деп жазыпты. Ұлыма сол «Асыл атаңның атына кір келтірме» деймін.

«Бауыржанның патихасын алған балаңыз сіздің қарашаңырағыңызға ие болар?»

«Осы бала ие ғой. Кеңес үкіметі құлағаннан кейінгі жылдарда жоқшылық пен қымбатшылыққа ұрындық. Бір жақсылығы боларын өмірді көрген тәжірибемізді айтып сендіріп отырдық. Орынсыз жоқтықтың, ауырлықтың үрейінен сақтадық. Өзіңнің отбасыңның емес, ел азаматы болуға үндеп білгенімізді, көргенімізді үйреттік. Адамның қандай да ісінің жемісті, пікірі келісті, қорытындысы жеңісті болуы үшін жүректілік те керек. Соғыстан кейінгі жылдарда Краснознамен ауданы Калинин атындағы кеңшарда мұғалім едім. Партия жиналысында Хрущевтің жұрттың жылқысын алу, жылқы асырамау саясатына қарсы сын пікір айттым. Біраз қазақтар қол соғып қолдады. Осылай пікір айтпасам жылқыдан айырылатын едік».

Бір адамның керсаясатқа қарсы пікірі жұрттың жадында ұмытылмай қалады. Облыс әкімі болған Браун ел аралап кездескен сайын Әукеңе ел мүдесін қорғаған азаматым дейді екен. Расында қазақ халқына бөгелек боп тиген Хрущевтің саясаты – қазақтарды басшы жұмысқа алмау, олардың өмірін сақтайтын сүйікті асы – жылқыдан айыруды түпкі мақсат етуі, азғантай ұлтты түбірімен жою еді. Соны ел басшыларының көбі кезінде түсінбеді, түсінсе де отыз жетінші жылдың зобалаңын көріп қалған әркім өз басының амандығын ойлап тырп ете алмай, мемлекеттік қамытты мойнына киіп, құлдық ұрудан басқаға дәрмені болмады. Досжанұлы сияқты ел мұңын қорғайтын күш, жамандықпен айқасатын ерлік ол кезде аз еді. Халық үрейлі, Мәскеуден басталатын саясаттың уысынан шықпайтын үрейлілік езілумен тынатын-ды.

Жасынан аштық зұлматын көріп, бір үзім нанға зар болып, нанның қуатын, киесін түсініп жетімдермен бірге оқып тәрбиеленген Әукен біраз қазақ жастарын оқуға түсіріп қамқор бола да білді. Соғыстың алдында мұғалімдік білім алып, жаяу, жалпы ел аралап балаларды оқуға тарту, оларға білім беруді ұйымдастыруда тынбастан, қажымастан еңбек еткен.

«1940 жылы жазғы сессияны өткізіп, Атбасар, Ақмола мен Қимадағы онжылдық мектептерді аралап, мұғалім кадрларын дайындадық. Өттең, 1941 жылы дүниежүзілік соғыс басталды, – деп қазына қарт сөзін жалғады: – Педагогикалық училище директоры Елеусізов, математика пәнінің ұстазы Хамит Шиденов, Кәріпжанов – барлығымыз жүз жігіт, ішіндегі ең жасы мен, 16 тамыз күні күндізгі сағат бірдің кезінде поездға отырып әскерге аттандық. Әбікен Жантөрин екеуіміз әскери училищені бітірдік. Майдан жолы Москва түбінен басталды, қырқа үшін қырқысумен Белград, Курскімен аяқталды. Өкпеден ауырып, қан құсып алты ай емделдім, маған кез болған дәрігер майор Фетисов алматылық екен, жерлес деп көп көмектесті. Өзі қазақша біледі. Сол дәрігер жанымды алып қалды, енді кездесем жылап көрісер едім. Көз алдыма әлі елестейді. Жақсылық деген сол. Денсаулық соғысқа кіруге жарамаған соң Ташкент әскери округіне жіберді. Сол жерде жауынгерлерге әскери сабақ беріп, соғыс аяқталғанша қызмет еттім».

Егер соғыс уақытындағы бірлік, тәртіп, халықтардың достығы берік болмаса, Әукеннің жарық дүниені көру, көрмеуі неғайбыл еді. Ташкентке барар жолда поезд үстінде әскери киімдерін, құжаттарын ұрлатып алады. Біреуден жақсылық көріп, жаны жадыраған қария тұттай тоналып үрейі ұшқанын да ұмытқан жоқ.

«Жаман қиналдым, әскери трибунал, зәрең ұшады. Ташкентке келісімен майор Асқаровпен танысып сырластым. Ол капитан Сұлтанов деген кадр бөлімі бастығымен кездестіріп, соғыстағы әскери бөлімдермен сұрастырып қатаң жазадан аман алып қалды».

Қанды қырғынды кешіп жүріп, ажалмен талай беттесіп, көрер жарығы, дәм-тұзы таусылмай, тірі жүргеніне кейде қайран қалатын еді. Қазақтың «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі, ажалсызы аман жүреді» дегені бабалардың ғасырлық тәжірибесі шығар. Адам жарық дүниені, өмірдің әрбір минөтін қадірлей білсе ғой. Соғыста қыршын кеткендердің талайын көріп жүрегі езіліп еді. Соғыс өрті кеудесін қапқанда таза ауаны сағынды, жымың қаққан жұлдыздарды тыныштық аспанынан көруді сағынды, көзін тарс жұмып алаңсыз ұйқыны

сағынды. Қорғасын жауып түнерген соғыс аспанынан түңілді. Соғыс заңы – не өзің өлесің, не өзгені өлтіресің, неткен қанқұйлы жауыздық. Бүкіл табиғат өртеніп жатыр, неткен қастандық. Осындай қырғын естен өлгенінше шығар ма? Жан жарасы жазылар ма? Үлкен үрейлі өмір жолында, талай ауыр кезеңдерде жақсылық пен жамандықтың небір түрін көрген Әукен елге 1947 жылы оралып мектепте мұғалімдік қызметін жалғастырады. Ұрпақ жүрегіне ерліктің, адамшылықтың ізгі дәнін сепкеннен артық бақыт бар ма?! Тағдыр деген сол. «Адам өмірі бір-біріне ұқсамайтын кітап» деген осы.

## КАТЮШАНЫҢ КОМАНДИРІ

Сол ауыл-аймағы ма? Ауызбірлігі мықты деп толғанып еді. Алданды ма? Кейбірі жан тәтті, саясатқа ықтап жалданды ма? Жалғандық жанын ауыртты ма екен? Аусарлар тірі жүре береді екен ғой. Өтірік күле береді екен ғой. Асылды тани алмайтындарға несіне өкінесің. Атабаба сатқыннан сақтанған. Ақылсыздың далбасасынан түңілген. Даукестің дау-дамайынан қауіп еткен. Ой толғап, Зәбит тарихты парақтады. Естек Кете Балташтан, оның үлкен ұлы Оразымбеттен Күмісбай, Қамысбай, Құрақбай, Мырзатай, Мырзабек есімді бес ұлы болса, Күмісбайдың Меңдібайы «Көкжар» жәрмеңкесінің іргетасын қалап, әлсіздің тамағын тоқ, киімін бүтіндеуді азаматтық қағида етті деседі. Елдің қажетіне қызмет сіңіргенін, одан қадір-құрмет өзіне бұйырғанын түсініп, Мұқаш, Дәукен, Серікбай, Ғұсман сынды ұлдарын жақсы іске баулып, 1878-1879 жылдары Ойыл өзені бойынан үй салып, жеке қожалығын қажырлы жүргізген. Мекен теуіп орныққасын орташа білім беретін мектеп құрылысын салып, өз қаражатымен ұрпақ оқытқан. Отыз жылда осы мектептен талайлар білім алып шықты. Көпке бақыт арнау ма? Әрине, көрсоқырдың көзін ашатын игілік. Мұны біреуі түсінді, біреуі түсінген жоқ. Сосын да көрген-баққаны отыз жыл. 1928 жылғы тәркілеуге ілікті. «Бұлар бай» деп тасадан қолын шошайтып қаскөйлік ойлаушы табылды. Бүкіл ұрпағы кеңкең күлген советшілдердің зұлымдығына тап болды.

Елдің қиқы-жиқысын шығарып тоз-тоз етті. Зар-мұң, ату, асу, қуғындау... заман залымдығынан ұрпақты қорғауға тірі қалған бірен-саран ағайын орыс жеріне үдере ауа бастады...

Зөбит атамекеніне бас иіп тұрып бабаларының зарлаған үнін естігендей болды ма? Қуғындаушы кім? Олар да төмпешік. Не тапты жаулығынан? Катюшаның командирі болып, соғыста үлкен ерліктер жасағаным аруақтардың қолдауы ма? Жеті жасымнан туыс-туғаннан айырылып қалың аштықта қырылған адамдардан шошып, інімді жетектеп Орынбор облысының Ақбұлағындағы жетімдер үйінен пана таптым. Әкем де үкімет, анам да үкімет болмағанда, Ойылда тірлік етсем, қаскөйлердің құйыршықтары байдың тұқымы деп итжемеде өлтірер ме еді. Өйткені катюшаның командирі боларда КГБ үш рет ататегімді сұрастырғанға ұқсайды.

Зөбит көкірегі қарс айырыла толғанды. Ойылдың ағын суы жылжыған сайын лас, қоқымнан тазаратын тәрізді. Арнасы бар адаспайтындай-ақ... Адам да тегі, ата-бабасы бар, неге адасады? Аңқаң кепсе, су шөліңді қандырады. Аңсарың ауған сезіміңді ширатады. Шөлдегенде Нарва өзенінің қанды суын да ішкен. Фашистер Ленинград қаласын 900 күн, 900 түн қоршады, Пенза қаласындағы офицерлер даярлайтын артмин училищесін бітірген оған 134-567 гвардия минполктарында батарея командирі болуды жүктеді. Нарва өзенінің батыс жағындағы фашистердің шоғырланған күшін талқандап, Карельский өңірін кеңейтудегі табанды ерлікті жоғары бағалап, Ленинград майданының 59-армиясының командирі Зөбитті «Александр Невский» орденімен марапаттайды. Бұл сирек құбылыс еді. Дұшпан топтары орасан қырғынға ұшырады. Нысанаға дөп тиіп жатқандықтан, фашистердің танкілері бірінен соң бірі лапылдап жанып жатты. Болаты да балқытқан катюша жаудың жүздеген танкілерін құртқандықтан, алды-артына қарамай тірісі қашып тынды. Зөбит басқаратын 9-батареяның расчеттары Отан алдындағы аса жоғары ерлігі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. Осы орденді Зөбит екі рет «Қызыл Жұлдыз» ордені және бірнеше медальмен

жеңіс жолын Берлинде аяқтап, 1947 жылы елге оралды. Мына Ойыл өзені, ата-бабасының туған даласы алты жасар інісі Әнуарды жетектеп, жеті жасында қазақтың бір қайырымды адамы балалар үйіне тапсырғанын білер деймісің. Сонда киімі өрім-өрім ашқұрсақ балаға: «Әкең кім?» дейді.

Бала үнсіз.

Жанындағы қария «Әкесі Ғұсман, олар өлді, тұқымы жоқ» деді ме екен. Бәрі елес. Күә да елес. Өйткені байдың тұқымы, жаудың ұрпағына дейін түрмеге алып жатқанын үрейлі халық біледі. Сосын жалтарды, сосын ұрпақ аман қалсын деп тілейді. Оған пәле жолатқысы келмейді. Ойылда ататегін іздегенде атақты шопан Сағидолла Мөлкеуов замананың мұң-шерін толғап отырып қара домбыраны шертіп-шертіп Дәукеннің «Күндерім-ай» әнін төгілдірді.

*Қолға алып көк қаршыға күйлеген күн,  
Душпанды саз балшықтай илеген күн.  
Атадан Ержан, Нұржан, туып Дәукен,  
Алаштың ұранымен жігерленіп,  
Үшеуіміз үш болысты билеген күн.*

*Алдында есігімнің ну қарағай,  
Жанбайды отқа салсам су қарағай.  
Қырмызы қызғалдақтай қызық күндер,  
Кеттің бе алды-артыңа бір қарамай?*

*Күндерім-ай!  
Ортаңда ойнап-күліп жүргенім-ай!  
О, күндерім, өтеріңді білмедім-ай! –*

деді де Сағидолла Ойылдың талай ғасыр күәсі болғанын сыздықтап баяндап, заманында Мұқаш, Дәукендердің мектеп ашып халыққа білім бергені, үкіметке жазығы бай болғаны, әлсіздері ішкізіп, киіндіргені, барды ұқсата білгені... Өзен тасығанда қайықсыз өте ала ма, қайықсыз халық саясаттан да қайырым күте бере ме? Сосын әр кезеңнің зарын шегеді. Осы өңірде Махамбетті сатқындар қанын шашты, бірақ ерлігін, өлеңін, күйін өлтіре алды ма?



Қайғыға ел қайысады, жер қайысады, талшық іздеп төнгірегендер әр бұта түбінде де өліп жатты. Тірі қалғандар зарлы өлеңін ғасырларға жеткізіп сақтады. Дәукен Меңдібайұлы күңіренсе жан дүниең езілмей ме? Зәбит соғыста талай қаруластарының өлігін, Ленинградтағы қырғында мындаған аштан өлгендерді, оққа ұшқан сәбилерді көргесін, фашистерге деген ыза, кекпен көкірегі қарс айырылып:

*Атамекен, армысың, болған ырыс,  
Жерің жайлы, көлеңкең екен тыныс.  
Көрейін деп өзіңді, атақоныс,  
Әдейі іздеп келдім етіп жұмыс, –*

деп толғанды. «Әттең, өкініш де мол... туған інім Әнуар Волхов майданында пулемет бөлімшесінің командирі болып Ленинград облысының «Синявин қыратындағы» қырғында 1943 жылдың қаңтар айында ерлікпен қаза тапты. Тірі болса елге екеуіміз келер едік-ау». Оның ойын бөлген Сағидолла: «Александр Невский» орденін алғандар Ойыл түгілі, Ақтөбе облысында бірен-саран шығар. Аруақ қолдаған шығар. «Жігітке қырық жыл дәулет, қырық жыл бейнет» дегендей, ағайынды Мұқаш пен Дәукеннің атамекені Талтоғай, Меңдібай салдырған «Қызыл мектеп» XIX-XX ғасырда талай ұрпаққа білім берген. Ағайындылар қалың орман өсірген, орманы «байдың тамырына балта шабамыз» деп оталған. Қанішер Голощекин басқарған жылдардағы қанды қырғын тарихы түгенделіп болғанша қай заман. Қайта көрер жарығың болып, жетім балалар үйіне жолыққан екенсің. Түрме, ату, құғын-сүргін зұлматынан аман қалу, «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген.

Зәбиттің түсіне шынжыр кісен кейде еміс-еміс енеді. «Мал-мүлкімді ал, туған топырағымнан айырма» деп бір уыс топырақты маңдайын басқан мұңлы аталары ма? Туған жер киесі, аруақ үні – бәрі өң мен түстей. Сөйткен Дәукен шеттегі түрмеде өлгеннен туған жерімнің топырағында жатайын деп қайғының уын ішіп, құса боп дүниеден озғанын Зәбит шикі жасында естімеген де болар. Өйткені халық үрейлі, үнсіздік, туыс-туғанды ауызға ала бермейді.

Ленинград майданында туған жері, аруақ дем бергендей сезінетін-ді. Зәбит гильзадан жасалған білте шамның көмескі жарығымен майдан газеттеріне өлең жазады, құрбы-құрдастарына сағынышын жеткізеді.

*Хатыңды алдым, жан құрбым, жазған сенің,  
Жүрегіме дем берді айтқан сөзің.  
Жалындатып әр сөзің махаббатпен,  
Секілденіп қараған мөлдір көзің, –*

деген мөлдір көзі Зұлфат еді. Ол да 1942 жылы Ұлы Отан соғысына сұранып кетеді. Арнаулы білім алған Зұлфат Сәрсенғалиқызы атқыштар авиация корпусында бірінші класты радист болып, жауынгерлік жолын Болгария, Чехословакия, Румыния, Югославия жерін фашистерден азат етуден бастады. II дәрежелі «Отан соғысы» ордені және көптеген медальдармен марапатталды. Майданда шыныққан Ғұсман мен Зүлфия махаббаты жеңіспен нығайып, ұрпақ өсіріп:

*Барған сайын алыстап,  
Сонау соғыс жылдары.  
Өз Отанын қорғаған  
Өңкей батыр ұл-қыздары, –*

деп Ойылдағы ата-баба аруағына тағзым етеді. Мұз дәуірінен де аман қалған Ойыл, сталиндік зұлмат жылдардың қырғынын да көрген Ойыл тарихын Зәбиттің төрт ұлы, онға тарта немересі де біліп өсті, олар бүгінгі тірлікке тәуба етеді.

## ӨРТ КЕШКЕН АРУ

Өткен ғасырда ел басынан көп ауыртпалық әкелген, миллиондаған адамның өмірін қиған сұрапыл соғыстағы Жеңіске 75 жыл иек астында жақындап қалды. Сол Ұлы Отан соғысы деп аталатын қиын кезең бүкіл адамның жандүниесін ойрандап қойған жоқ, бел шешіп қарсы күресуге бастады. Жұмылып жұдырықтай, түйіліп бірліктей, береке тірліктей боп, аталы сөзге, ақыл-парасатқа ұйыған жер-

де жеңіс болмай қоймайтынын, осы бір бес жыл ішіндегі еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін жан алып, жан беру дәйектеді. Біз осы соғысқа қарғадайында қанаттанып қатысқан, жеңіспен оралып, қазір бір әулеттің анасы атанған Зұлфат Сәрсенғалиқызы Жалмұхаммедова туралы ой қозғасақ деп отырмыз.

Сәл шегініс жасалық, Зұлфаттың өмір жолы оңай болмапты. Атақоныстары Астрахан қаласы еді. Әкесі Сәрсенғали Медетұлы, анасы Рахима бейбіт күнде әдемі тірлік кешіп отырған-ды. Сүттей ұйыған тату отбасы болатын. Анасы Зұлфатқа «Байлық та, бақыт та біреудің шаңырағына бітеді, оны сақтайтын ақыл болады, ақыл жетпесе азып-тозады» деп үлгі беретін. Дәулеттері де осал болмапты. Үйір-үйір жылқысы, ақтылы қойы өрісте жатыпты. Әйтсе де Совет өкіметі келгеннен бай деп әкесін тұтқындайды. Алдарындағы дәулетін тәркілейді, былайша айтқанда, қарулы күшпен тартып алады. Сол бір сәт анасы кеше айналамызда қаптап жүрген туыстар қайда деп көз жасын төгіп отырғанда Зұлфат он жаста еді.

Зұлфат Ақбұлақтағы педагогикалық училищені бітіргеннен кейін жұмысқа орналаса алмайды. Сол жылы сұрапыл Екінші дүниежүзілік соғыс басталып кеткен еді. Жас қыз қалай да елге жау, ұлтқа қас емес екенін дәлелдеу үшін майдан шебіне барсам деп өтініш білдіреді. Бұл тілегі алғашқы кезде қабылдана қоймайды. Бірнеше рет арызданғасын ақыры ер-азаматтармен Батысқа бет түзейді. Алғашында Ульяновскідегі авиация училищесінің байланыс бөліміне оқуға түсіп, оны бітіргенде кіші сержант атағын алады. Мәскеу түбіндегі бесінші әуе әскеріне қабылданады. Ресейдің Омбы, Томск облыстарынан келген өзі секілді қыздар Зұлфаттың алғырлығына, жіті қимылына тәнті болады. Оған күндіз-түні бірдей ұшқыштардан хабар алып тұру жүктеледі. Курск, Харьков, Полтава, тағы басқа қалаларды азат етуге қатысады. Қаһарман қыздың әрбір ерлігі ескерусіз қалмайды. Түрлі марапатқа ие болып жүреді.

«Фашистердің жатқан жерін, келе жатқан бағытын анықтау оңай болмайтын еді. Бірақ басымызды өлімге тіксек те, орындауға бел байлайтынбыз» дейді Зұлфат сол бір қиян-кескі кезеңді еске алып.

Ол тағы бірде өзі майданға баруға талап қылып жүрген кезде бәрін анасымен ақылдаспай істегенін, мақсаты орындалған тұста анасы: «Өлі жассың ғой, құлыным, соғыс деген әйел адамның ісі емес, өмір мен өлім арпалысқанда жүрегің шыдас бермесе қайтесің?» дегені бар еді. Ал соғыстың қарсаңында ғана өзіне кесілген үкімді орындап, денсаулығынан айырылып қалған әкесі: «Сен менің «кінәмді» ақтағың келе ме, балам? Мен ақпын, ешкімге жасаған кінәм де, күнәм де жоқ, нақақтан-нақақ кеттім. Түрменің түбінде бүкіл денсаулығымды құрттым. Осының өзі-ақ жетіп жатыр емес пе? Тілімді алсаң, тылда да еңбек аз емес қой!» дейді. Алайда қайсар қыз алған бетінен қайтпаған. Майдан шебіне аттанып кеткен, әке амалсыз батасын берген-ді.

Зұлфат әскери борышын өтеп жүрген бөлімше талай рет жау қоршауында қалған кездері де болыпты. Бірақ аққа Құдай қашанда жақ болатыны бар ғой. Жауынгерлік жолы Тушинодан басталып, Курск, Орел, Харьков, Ясса, Кишинев бағытымен жүріп, Болгария, Чехословакия, Югославия, Румыния жерлерін фашистерден азат етуге ұштасқан. Байланыс мамандығын үздік меңгерген Зұлфат Сәрсенғалиқызы майдандағы ерлігі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденін, ондаған медальды омырауына тағады. Жеңіс күнін Брно қаласында қарсы алады. Әскери ұшқыштардың сол сәттегі қуанышын ол көз алдында елестеткенде жүзі жайнап кететіні бар.

Кейде майданнан оралмай қалған замандастарын еске түсіріп, мұңайып та қалады.

– Өмір шіркіннің көп өткелін көрдік қой, бейбіт күнге не жетсін? Алла жар болып, аман оралдым, ұрпақ өсірдім. Ал от жағып, отау тікпей кеткен боздақтарды айтсаңшы? Арттарында аты-жөнінен басқа не белгі қалды? Тіпті кейбіреулердің аты-жөні де белгісіз болып қала берді. Сондықтан да мен жауынгер қабіріне барғанда ең алдымен есіме соларды түсіремін. Аруақтары риза болсын деп Құран бағыштайтыным бар, – дейді Зұлфат.

Ол 1945 жылдың қыркүйегіне дейін Пловдив қаласында әскери қызметте болды. Соғыстан кейін Орынбор облысындағы өзінің Ақбұлағына келеді. Елге оралған

оның қуанышында шек жоқ еді. Өзі секілді майдангер, «Александр Невский» орденінің иегері Зәбитпен от жағып, отау құрады. Ұрпақ өсіреді. Слава, Әнуар, Сырым, Амантай есімді төрт ұлды өмірге әкеліп, қатарға қосады. Олардан немере-шөбере сүйіп, аналық, әжелік парызын өтейді. Бүгінде Зұлфат Сәрсенғалиқызы жас ұрпақтармен кездесуде өзінің жауынгерлік жолын, қаруластарын толғана әңгіме ғып айтады. Тағдырдың тас соққысына мойымай, қабырға қайыстырған қайғының зілін көтеріп, еңсесін түсірмеген ерліктің куәсі еді. Бүгінде қатар өскен мұндастары да азайды. Мұңлы үндер көкірегінде тұншығып қалды. Қан кешіп жүріп, көргені толған өлік болса да ажал-үрейден сескенбей тілегені тыныштық еді. Сонда кектің оты құдірет күш дарытты ма? Соғыс қырғыны, адам қанының суша шашылуы, халықтың мұң-шері ұмытылмақ емес.

– Өткенді, тарихты зерделеу, алдыңғы толқынды қадірлеу бұл кейінгіге үлкен сабақ болады, тарихи танымдық ілім делінеді. Тыныштықты, өмірді қадірлеуді меңзейді, адалдыққа жігерлендіреді. Ұлттық өнегені жастар бойына дарытуға үлкен септігін тигізеді. Өйткені заман жаңарған сайын ұрпақ та алмасады. Ал ұрпақты ұрпақ қадірлеу, қастерлеу – ең асыл қасиет. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ ұлтының үлгісі де, өнегесі де бөлек, бейне құдірет, тіршілік нәрі дерсің. Содан да шығар, қазақ жұртының шежіре жазып, бүкіл ата-бабаларын түгендеп отыратыны. Бүгінгі ұрпақтың соғыс шежіресін «тірілтуге» деген ниетін қуана құптаймын. Тарихын білген ұрпақ әлемде ешкімнен кем болмасын деп аналық алғысымды, батамды беремін, «Баталыға бақ қонған» деген қазақ мақалы әркімге жұғысты болғай, – дейді Зұлфат Сәрсенғалиқызы.

Жауынгер ананың жан толғанысынан отбасынан басталатын Отаныңды қорғау әрбір пендеге парыз екенін ұғып, Әмір Темір заманынан қалған аңыз еске түседі. «Бір көкқұтан ұшып келіп, өз ұясына жайғасып алған қарғаны көреді. Арада екі-үш күн өтсе де, ол бұған пәлендей мән бере қоймайды. Ал төртінші күні төрт жүз көкқұтан ұшып келіп ұясын қарғаға берген көкқұтанды түте-түтесін шығарып

шоқып өлтіреді». Міне, туған жер, туған ұяны жауға алдырмау кім-кімге де перзенттік парыз екенін осы мысалдан да ұғасың. Зұлфияның қаруластары адам қанына жерік талай құзғындардың өмірі ажалмен аяқталатынын көзімен көрген. Жұмыр жерде біреудің ұясын басып қалғысы келетін зұлым қарғалар да бар, ұясына ие бола алмайтын сатқын көкқұтандар да бар. Сондықтан әркімнің ойы ояу қалпында, көкірегі құлазымауға тиісті. Ұлылар рухы соған меңзейді.

## БАТЫР ҚЫЗЫ ХАЛҚЫМНЫҢ...

Қап-қара түнек аспаннан бір жұлдыз ағып түсті, бірақ жарқыраған жарығы қалды сөнбейтін. Әлия Молдағұлова қазақ бесігінде тербеліп, қара домбыраның күйін қанына сіңіріп, елдің өткен-кеткен тарихымен сусындап, өлмейтін қазына қайнарын томашадай жүрегіне шырағандай жағып еді. Жиёмбет жыраудың ержүрек жары Есенқыздың ерлігін ұқты ма? Дала



дауылпазы Махамбеттің көтерілісіне он бес жасынан қатысып, құралайды көзінен ататын мерген әрі ақын Алмажанның батырлық қасиетін кеудесіне ұялатып, берік тұтты ма? Тарих қойнауындағы қанды қырғындарда қазақ қыздары атқа қонып ерлермен бірге туған жерін қорғай білді. Олардың есімдері қап-қараңғы түндерде де жұлдыз болып жанып, ерлік пен елдікте жарасым киелігін ұқтырды. Босағаға ілінетін таға, ер-тұрман, қажет десеңіз, жылқышының құрығына дейін айықпас дертті де емдеді. Жан ауруы мен тән ауруынан айықтырып, жамандықтың қара мысығынан сақтандыру да ұлт тәрбиесінің жемісі еді. Ондайда аруаққа табынады, аруақ ақ жолға бастады. Тірліктің бұрқыраған қара дауылына да төтеп беруді үйреніп, ұядан ұшқандар бүкіл ұлттың мақсатына жара-



сымды болуды армандады. Әлия қазақы қасиетті бойына сіңірді, бірақ сол асыл мақсатты сұрапыл соғыс, қуғын-сүргін дейсің бе, зұлымдықтар, фашистердің дүниені дүрліктірген қанды қырғыны талқандап бұзды. Тағдыр таласы, саясат арпалысы, жауыздықтарға жаны егіліп жастықтың төтті үмітін бұзып-жара бастады. Адам адамға жауықты, жүректерді суытты дүлей күш.

Мұндайда ерлік даңқы әлемдік тарихта алтын өріппен жазылғанына ұрпақ, тірілер мақтанады. Адам сегіз қырлы дейміз-ау, олай деу жеткіліксіз, жүз сексен қырлы деуге болады. Батырлық та сан қырлы. Даңқы жатыр жаңғырып. Есімін ұрпақ жүрді ән қылып. Күн жеті сәуледен тұрады дейді, жеті емес жеті жүз сәулесі болатындай. Батырды жүз сексен қырынан әр қаламгер қалай жазуына да сыяды. Жан дүниесінің жеті жүз сәулесін түгендеуге болады. Ақырет сотының фашистерді қалай жазалағанын әулие болсаң да білмессің, бірақ туған жер, туған ел, бүгінгі болашақты қорғаудағы әлемдік ерлердің деректерін Берлинге барған сапарымда көзбен көріп, Әлияның елге жазған хатын оқығанда қаскөй жаудың да жүрегі тебіренер еді. «Менің қазақ ұлтым түскер. Ертең шабуылға шығам. Бірақ тірі оралмаймын. Мен – қазақпын, қазақтың қызымын! Алтын ұям, байтақ қазақ даласына, халқыма дұғай сәлем! Қасық қаны қалғанша елін, жерін қорғаған батыр халықтың перзентімін. Тумақ бар, өлмек бар. Өкінішім, 19 жыл-ақ ғұмыр сүрдім. Жастығымды аяймын. Елім ұлттық намысымды сақтағанымды ұқса, жетеді... Қысқа ғұмырымды Отаныма арнадым, талай жауды сеспей қатырдым» деген мағынадағы хатты оқып, жанымдағы жолсапар жетекшісі Эммаға:

– Гитлер не үшін соғысты, халық соғыстың ажал екенін, бүлік, жаугершілік-зұлымдық, қырғын екенін біле тұра, неге соңынан ерді? – дедім.

Ол кінәлідей тосылып тұрды да:

– Соғысқа дейін Германияда неше түрлі ауру, індет, жоқтық, жұмыссыздық жайлап еңсе көтертпеді.

Гитлер соғыс өндірісіне бүкіл қаржыны жұмсап, халықты жұмыспен қамтыды. Саясаты – жұмақ орнату, өзге елдің байлығын тартып алу деп түсіндірді, – деді. – Науқас қоғамның науқас адамдарына екі дүние бірдей көрінді. Саясаттың бетін қайтарып, тиімді ақыл беретін топ тым аз еді.

– Тосын зұлмат күш... Саясат... Бізде де еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін: «Біз тойлаймыз, тойлаймыз, тойлаймыз да ойлаймыз, фашистердің қолынан Тельманды алмай қоймаймыз! – деп әндетуші едік. Соғыстың мейірімсіз, қырғындығын ұқтық. Майдандағы ерлердің жеңімпаз хабарын естісек, асқа тойғандай жүзіміз жадыраушы еді. Әлия, Мәншүктердің батырлық атағын естігенде, төбеміз көкке жеткендей болатын-ды. Елдегі аналар дүниеге келген жас нәрестелерін қыз болса Әлия, Мәншүк атандырып, Шығыстың қос жұлдызы, қос қарашығымыз дейтін-ді.

Әлия жұлдызы күн сөнгенше сөнбейді. Оның есіміне ешбір қиянат төнбейді. Ерлігін жұмыр жерге мойындатқан, сұрапыл соғыс тарихына жетпіс жыл өтер құйындатқан. Жолы тайғақ шатқалаң өмір кетті ұзап. Батылдық, өжеттікпен еткен ерлікті бүгінгілердің тәтті қиялында орнықты десек, торғайлық майдангер қарт Ақан Ыбыраев: «Шіркін-ай, көз алдымда сұлу бейне... Мен Әлияны бір-ақ рет көрдім. Жанымыздан өтіп бара жатып, қазақ екенімді танып, амандасты да: «Жеңіспен елге оралғанша сау бол, батыр халықтың перзентін абыройдан жазбасын!» дегендегі жалынды үні, бауырмалдығы, қалың көптің ішіндегі бір қазақты көргеніне қуанышы жадымда жарық күндей өшпей қалды. Сонымен Әлия оққа ұшты дегенді естігенде, қабырғамыз қайыса қайғырдық. Соғыс өрті кімді жалмамады, өкініші қалың ғой. Болашақ туралы асыл ойды үзді, сұлулықты, нәзіктікті аямады, үміт, сенімді де шайқады. Соғыста аяу, қайырым, мейірім бола ма?» – деп, өлшеусіз қуаныштың орнына қиянаты қалың ажал басқанына өкінген еді. Сосын ауыр күрсініп: «Әттең, жар сүйіп жар



қызығын, бала сүйіп бала қызығын көрмеді... Қайтесің, қазақтың Әлиясы ғой, даңқы жоғарылай берсін!» деп күбірледі. Талай боздақтардың майдан даласында ажал құшқанын, өзі қатысқан Ленинградты қорғауда аштықтың өзінен мыңдаған адам өлгенін көргенін айтып тебіренді.

Бұл пікір Әлияны білетін талай майдангердің батырлықты ғасырдан-ғасырға жеткізетін, соған шүкіршілік ететін ықыласты тілейтін үні еді.

Қазақ елінің барлық елді мекендерінде қаламгерлік жолсапарда жүріп, майдангерлермен тілдесуде алдымен: «Бауыржан, Талғат, Рақымжан, Әлия, Мәншүктермен кездестің бе?» деп сұрайтын едім. Сол әдетіме басып, Одессадағы екі дүркін Кеңес Одағының Батыры атанған А. Алексеенкоға кездесіп, Талғат Бигелдиновтің жауынгерлік досы, соғыстың басынан аяғына дейін бірге болған оқиғаларды айтқанын тыңдап отырып:

– Әлия Молдағұлова батыр қыздан хабарың бар ма? – дедім.

– Майдандық газеттерден ерлігін оқыдық, – деді де, – мына кішкентай қызыңның аты кім? – деп мейірлі, жылы жүзін танытты.

– Әлия.

– Бақытты болсын! – деді де, – Талғат досым майдан газетінде қазақтардың ерлігін жазғанын оқыса аса қуанып, «Міне, біздің жігіттер мен қыздардың батырлығы» дейтін-ді.

Майдандағы және тылдағы ерліктер Одақ халқына газет, журналдар арқылы баяндалып жатты. Майдангерлер сыры осылай. Бүгінде қазақ елінде мыңдаған Әлия есімі бар. Күніне миллиондаған Әлия деген сөз айтылады. О дүниеліктің есімін ауызға алған үлкен сауап делінсе, қазақтың Батыр қызы Әлия өлшеусіз сауапқа кенелді деңіз.

Майданның қап-қара түнінде ағып түскен жұлдыз жарығы қазақ еліне өнегелік шуағын шашады. Айналамыздағы думан-дүние қызығын сол жұлдыздар болмаса көрер ме едік. Тыныштық аспанының қайғысын аға ұрпақ тартып, бақыты бүгінгіге бұйырғанына шүкіршілік! Әлиялар аңсаған еркіндік, тыныштық ұрпағымызға жұғысты болғай!

## ДАҢҚЫ ЖЕР ЖАРҒАН

Мәңгілікке мәнін жоймайтын, жылдар өте аңызға айналатын, жұмыр жер пендесі таңғалатын ғажайып ерліктер болады. Батылдық болар, батырлық аз. Адамда мақсат бар, арманға жетуге арпалыс бар. Оны орындауға жанталас өтіп жатады. Алдына қойған мақсатын кім қалай шешеді, алғырлығына байланысты. Отаным, халқым деп ерекше көңіл бөлу, өзі ғана емес, өзгенің бақытын қорғау қатал сын. Сондай сын сағатында ажал мен өмір арпалысында батырлық адамзаттың аманатын орындаумен тамыр тартса керек. Ондай батырлықты айрықша қасиетті, киелі адамдар атқаратыны тарихтан белгілі. Ғасыр тудырған ерлер қара жерге қан жауып, қанға малынған ұрыс даласында Прометейдің мәңгілік шырағын сөндірмей атой салғандай дерсің. Осындай ойлар көкіректе тұрса да, Рақымжан Қошқарбаевпен алғашқы таныстығымда:



– Аға, батыр ірі тұлғалы, сұсты, денесі сом болаттай, айбары тау тітіркенетіндей алып, ерекше адамдай сезінуші едім.

– Қомсынып тұрсың ба, інім? Батырлық жүректе, сосын білекте, алғыр ойда, зерек мида болмай ма? – деп әдемі ашық келбетінен жылылық танытты. Сосын қаталдау сыни көзімен қарап алды. Қоңыр көзі тым өткір әрі отты екен. Жан дүниемді тінтіп өткендей болды. Ұшқарылықпен айтқан сөзімді іштей жөн көрмегені белгілі болғандай еді. Жауынгерлік жолы туралы сұрағыма ойланып барып білтелеп сыр ашты.

– Жаудың дүлей күшіне жүректілер ғана тойтарыс береді, сын сағатта алғыр шешім таба білгендер ғана ерлік жасайды. Майдан даласында өлгендердің қай-қайсысы да батырлықты мақсат еткендер. Дұшпанның қандайы да қатерлі. Соғыстың жалпы сипаты қыру, жою, өртеу,

бүлдіру, талқандау. Өмір мен өлімнің айырмасы сол. Адам айтқысыз қырғын көріп, ажал төніп тұрғанда жаныңды қайтіп сақтауды ойлап қас қағымдық сәтте бұлқынасың. Қаңғырған оқ та кейде іздеп тауып жер құштырады.

Рақымжан ауыр оймен сөзін сәл тежеп, өткір көзін бөлменің бір нүктесіне қадады. Бәлкім, майор Земякиннің қуанышты пікірін есіне алды ма: «Лейтенант Қошқарбаев, білесің бе, ажалдан тайсалмай, бөлмеде фашистер аңдып тұрып ата салады демей, біраз жауынгерлерден бұрын баса-көктеп Гиммлердің үйін басып алдың. Бұл оқиға көз көргендердің есінде қалады, ұмытылмайды. Айтпақшы, қазір атыс күшті, жаудың өліспей берісетін түрі жоқ. Өне, терезеден қарашы, Гиммлердің үйі Рейхстагқа үш жүз метрдей ғана. Соған жете алмай қырылып жатқан боздақтар. Жеңісті көріп тұрып арманда кеткендер.

– Оқтары таусылмайды екен фашистердің, – дейді де, Гиммлердің үйін басып алған Қошқарбаев деп жауынгерлер аңыз ете бастады. Сонда ерлік жасайын деппін бе? Қазақи тәрбиедегі жауға өшпенділік, кешіруге жатпайтын кек, ыза ғой бойды буған. Дегенмен, бүгінде ойласам, даңққа деген құмарлық сол сәтте сезілген-ау. Даңқ – у, оны ішкен адам өлгенінше құмары да, шөлі де қанбайды. Ал даңқтының маңында көре алмайтын, ішіне пышақ айналмайтын қызғаншақ жүреді. Қапысын тауып даңқтыны сүріндіріп, уды қанып ішкісі келеді. Өлемдік соғыс тарихында даңқы шыққандардың қатарында болған Жуковты да көре алмаушылары түрткілеген жоқ па, жұлынжүйкесін жұқартқан жоқ па?

– Өрбір генерал Жуков болғысы келеді дейсіз ғой.

– Генерал боламын деп армандамаған солдат солдат емес демей ме? Сонымен сын сағаттардағы Рейхстахқа ту тігу оқиғасы еді. Фашистің мергендері оқты қарша боратып тұр. Саябыр тартар түрі жоқ, қимылдағанды атып түсіріп жатыр. Қанды қырғын... құмырсқадай құжынаған өлік. Қандай аянышты, жеңіс сағаттары соғып тұрғанда оққа ұшу. Ту тігуді елестетіп, терезеден көзіміз жетсе де төуекел деу қиын-ды. Ұлы жеңіс деп әлемге жар салатын сағаттар, минуттар... Командир Рейхстагқа ту тігіңдер деп ешкімді де қыстамайтынын айтқан-ды. Осындай ой үстінде тере-

зеге төніп тұрғанымда жаныма Булатов келді. Оған мойнымды бұра қарап:

– Ерлік әркімге алыстан қылаңдайды. «Ажалдан қорыққан ер болмайды», деседі, жүрегің не бұйырып тұр? Қаһармандыққа лайықсың ба? Ту тігіп өлсем, арманым жоқ дей аласың ба? Өмір-өлім белдескенін көріп келдік, жаудың сағын сындырып, талқандап жеңіп келдік, – дегенімде, ол:

– Мен бір мүмкіндікті байқап тұрмын. Ана бір темірден істелген телефон күркешігіне жетсек, жау оғының нысана сынан құтылуға болатын секілді, – деді.

– Оған борап тұрған оқ жеткізсе... Бұл – үлкен үмітіңнің бір мысқалы. Бораған оққа білгірсу жүрмес. Дегенмен Жаратқанға сиынып, ертеңгі күн шыға жарығымыз таусылмасын деген ақ ниет тілеп, Рейхстагқа жылжымыз, – дедім.

Көрген түсін жақсылыққа жорыса да, кеш түскен екен, Григорийге айтпады. Біздің қазақ түскер. «Ақ боз атты батыр баба биікке жүгір деп әмір етті. Өлімнен қорыққанның еңсесі төмен, бабаларың ерлікті ғана аңсаған, жүрегіңнің үніне жүгін, есең тегін кетпесін» дегендей үн құлағында қоңыраулап тұрды. Бұл Рақымжанның сенімін арттырып, жігерін шыңдағандай еді.

Сәуірдің отызыншы таңы атып, құлақтанып күн шықты. «Күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан» деуші еді қазақ. Қаланың өртенген түтіні күн сәулесін жасыра бастады. Соғыс өртінің ішінде жүрегін қорқынышқа, мұңға жеңдірмейді, көрер жарығым таусылмасын деп тілейді. Қайғысы да, арманы да тыныштық аспанындағы жарық күнді көру ғана.

«Кеттік, Григорий, нартәукелді серік еттік» деп есік алдынан басталатын өліктер арасымен етпеттеп өлген дене сықылды жылжи бастайды. Бас көтеру жоқ, бір қарыстан жылжыса – олжа. Сөйтіп, бесіннің кезінде көңілдеріне місе тұтқан екі телефон үйшігіне жетіп еді. Оқ шұрқ тескен, жан сақтайтын қамсаулығы жоқ екен. Фашистер Гиммлер үйінің маңындағы бекіністі нысанадан аудармай тұрғаны түсінікті еді. Рақымжан өзенге қарай бұрылуды қаруласына айтады.

– Сол тұста зуылдаған оқ дыбысы онша еместігі байқалғандай еді, – деп сөзін үзіп, кең тыныстады. Қалың жұртқа мәлім болмаған ерлікті ант беріп, іште бүккеніне өкінді ме? Сәл үнсіздіктен кейін: «Булатов екеуіміздің Алла маңдайымызға жазған ерлігімізді әлемге жария етуді неміс азаматы Карл Вильгельм, неміс тілінде мақалалар жазып фотодеректерді жариялады. Одан бұрын дивизия газетінің қаламгерлері одаққа сүйінші сұрағандай хабарлап жіберді. Расында жүрегінде жеңіс деген теңдессіз қуаныш тұрғанда Рейхстагқа кім ту тіккісі келмеді дейсің. 674-полкты майор Твердохлебов басқарса, оларды Берлинге ту тігуге сенім білдірілген, әскери кеңес мақұлдаған. Бірақ оқ нәсердей құйылып, ауа қабынып, жер беті қып-қызыл өртке малынып тұрғанда, жұтынған ажал оғы қимылдағанды жұтып жатқанда кімнің жүрегі дауалайды, дегенмен жеңіске жеттік деген қуаныш өлімді ұмыттырады. Григорий Булатов екеуіміз өліктердің арасымен метрлеп емес, сантиметрлеп, қарыстап жер бауырлап, панасыз шұрқ тесік үйшіктен бұрылып өзенге қарай жылжи бастадық. Үміт үзілген жоқ, аман-сау өзеннің жарынан домалап түстік. Сол жерде аздап тыныстап, су бетіндегі қанды қолмен тазартып су іштік. Бетімізді жудық. Өлі боламыз ба, тірі боламыз ба деп аты-жөнімізді алмастырып жазып алдық. Мен иманымды үйіріп, Бөгенбай батыр бабамыздың аруағына сиындым. Дұғамызды іштей оқып өзеннің жар қабағынан, фашист мергендерінің нысанасынан қағыстау болар деген тұсты таңдадық. Қызыл Туды маңдайымызға басып: «674-полк, лейтенант Қошқарбаев, қызыл әскер Булатов» деп туға жазып алдық. Өзіміз өлсек те тудағы жазу өлмейді, ажал құшқандардың түрлі құжаттары, хат-хабарларына дейін жинап алынады, мұрағаттарға тапсырылады. Бұл – соғыстың тәртібі, заңдылығы. Сөйтп, әр түрлі оймен бірімізбен біріміз қоштасқандай болдық та, Рейхстагқа жылжыдық. Өлмеуге ант еткендей тас түйінбіз, жұдырықтай жүрегіміз жеңіс туын тігуге ынтық, қарыспа қимылмен бораған оқтың нысанасынан өтіп Рейхстагтың бірінші қабатына іліктік. Әлемнің мейірі болар жеңіс туын қолға ұстап екінші қабатқа көтерілгенде біздің байланысшыларымыз теле-

фон желілерін тартып жүр екен. Олар да біздің туды көріп қатты қуанып:

– Асқан ерлік!

– Адамзаттың қуанышы!

– Ұлы жеңістің белгісі, – деп құттықтап үн қатып жатты. Бұл 1945 жылдың 30 сәуірі, кешкі сағат жетінің кезі-тін. Ғаламат оқиғаны дивизия командирі В.М. Шатилов «Воин Родины» газетіне хабарлап үлгерген. Тасқа басылған жазу газет арқылы қолдан-қолға өгіп, лезде тарап кетті. Сол мақаланы басқа да майдан газеттері қуанышпен жариялап Рейхстагқа ту тіккен Булатов екеуіміздің жауынгерлік жолымызды баяндаған еді... Кенет... – деді де, Рақымжан сөзін үзді.

– Оның себебі де бар-тын. Сталиннің түрлі басқосуда «Біз, орыстар, фашистермен соғысып жатырмыз. Ерлік жолы есепсіз болмасын, жеңімпаз армиямыздың шығыны да, фашистердің шығынынан салыстырмалы есептен алшақтамасын» дегенін кім түсінбейді. Шатиловтың қуанышты хабары қолбасшы Жуковқа да кешігіп жетеді. Жуков ойланбай ма? Сталиннің пікірін есіне алмай ма? Дереве бұйырып ертең әлем білетін болсын, бір орыс, бір грузин Рейхстагқа ту тіккенін, ақпараттар арқылы жұмыр жерге хабарланатын болсын демей ме? Демек, дивизия командирі Шатиловқа айтқаны бұйрық болмай ма? Айтқандай-ақ, 1 мамырда капитуляцияға көнгендік білдірген фашистердің қарсылығы тоқтап, атыс саябыр тапқандай дәрежеге жетеді. Сол тыныштықта Егоров пен Кантария пәлендей қиындықсыз, үрей, қорқынышсыз Рейхстаг үстіне желмен желбіретіп ту тігеді. Бұл хабар фотодеректермен ақпараттарда жария болады. Екінші рет тігілген жеңіс туы деген сөз, сірә де, айтылмады.

Бірақ «Воин Родины» газетінде «Они отличились в бою», (3 мамыр, 1945 ж.), «Они водрузили флаг победы» (5 мамыр, 1945 ж.) мақалаларында 30 сәуір күні Р. Қошқарбаев пен Г. Булатовтың Рейхстагқа жеңіс туын тіккенін тәптіштеп жазғаны құлақ түріп отырған бүкіл әлемге таралып кеткен еді. Онда: «Незабываемые факты», «Два отважных» деген тақырыптармен әскери газеттерде жазылған: «Первым достигли Рейхстага и водрузили флаг

над ним лейтенант Кошкарбаев и красноармеец Булатов» деген бұлтартпас деректерден артық не шындық керек? Газеттерден көз алмай оқыған қалың халық оны ұмытара ма? Ерлік аңыз ғып айтардай ауыздан-ауызға жетіп талай жүректерге орнады. Қара таспен бастырсаң да шындық жарып шығады, сосын нағыз төрешісі халыққа тез жетеді. Ерлік адамзаттың аманаты болғандықтан, оған қиянат жараспайды.

– Рас, соғыс тарихында ерлікке де талас байқалмай тұрмайды. Қас қағым сәттерде кімнің қандай ерлік жасап, жаудың қаншалық күшін қиратып тастаған дерегін сол минөттерде басшылыққа жеткізуден кемшіліктер кетіп жатады, – деп барып, Рақымжан сәл сабыр сақтады. – Неміс ақпаратының қаламгерлері өте-мөте жіті бақылап, тіпті Берлин қаласына қандай сан жазылған танкі бірінші кірді, байланыс жұмысын бірінші кімдер атқарды, кім Рейхстагқа бірінші ту тікті, сол жөнінде кинокадрлар, фотосуреттер арқылы дәлелдеген еді.

Ал дивизиялық газеттің тілшісі оқ пен өрттің ортасында қан кешіп жүріп оқиғаны көзімен көріп жазғанын бірінен соң бірі жалғастырып әкеткені бар. «У стен Рейхстага» («Қырым», №2, 1948 ж.), «Знамя победа» («Дружные ребята» журналы, №5, 1948 ж.). «У стен Рейхстага» («Советский воин» журналы, №9, 1949 ж.) мақалалар мен түрлі жанрдағы шығармаларда Қошқарбаев пен Булатовтың көзсіз ерлігін ашық дәлелдейді. Өткен істе, көзбен көріп, құлақпен естігенде өтірік жоқтығын сипаттайды. Аныққанығын әбден жеткілікті жеткізеді. Өйткені қалың жауынгерлердің жүрегіне жеткен алғашқы ерліктің бейнесін биіктете түседі. Қорғаншақтамай толық зерттелгенін айна-қатесіз шындықпен шырайландырып көрсетеді.

– Бұл журналдар, газеттер өзіңіздің жеке мұрағатыңызда бар шығар?

– Әрине, бар. Менің өмірбаяным ғой. Оны көздің қарашығындай сақтамаймын ба?! 1949 жылы 8 мамыр күні «Казахстанская правда» газетінде кинооператор Роман Карменнің сұхбатында Рейхстагқа алғашқы ту тіккен Қошқарбаевпен кездескім келеді деген сөзге тебіренбессің бе? Тағы бір қызығы, Жеңістің 20 жылдығына Мәскеуге

шақырылып парадқа сапқа тұрдық. Таныс жауынгерлермен жүздесудің бақытты сәті жан толқытар әңгіме, әзіл-қалжың керемет еді. Кенет Кантария Рейхстагқа тігілген ту деп алшаң басып, көкірегін көтеріп келеді, жалма-жан қолынан туды жұлып алып: «Бұл туды бірінші Булатов екеуіміз тіккенбіз!» – дедім. Шындықты білетін жауынгерлер тырс еткен жоқ, қайта риза болғандық танытып жүздеріне жылылықты, қоштау сезімін үйірді. Өзі де үнсіз жүні жығылып қалды. Міне, саясаттың қателігі, ең болмаса Рейхстагқа екінші рет Егоровтар тікті десе қай жөнінен алса да дұрыс шешім болар еді. Шындықтың бұрмалануына кім шыдайды. Бәрібір халық біледі, шындықты тарих халық тұрғанда жасыра алмайды. Одаққа белгілі жазушы Борис Горбатов қарулас болып бірге жүріп, көзімен көрген ерлігімізді 1948 жылғы 18 желтоқсандағы «Литературная газетада» жазған шығармасында «Қошқарбаевтың ерлігі көз алдымда, мұндай ерлікті социалистік реализмнің биік шыңына жеткізіп жазсаң да аздық етеді. Мұндай ерлікке теңеу табу оңай емес» дегенінен артық қандай дерек, қандай құжат керек.

Рақымжанның әр сөзі сиқырлы, аурасы таза мөлдір, мыңнан бір адамға көріне ме, көрінбей ме, киесі ақ боз атты елестей сезіледі. Кісі жатырқамайтын пейілін байқағанда қазақтың «Ұлылықта кие бар» дегені есіңе түседі. Соғыс қырғыны, қан-теңіз, қансырап жатқан адамдар, өртенген ел, күлге айналып қара жамылғандай орманды көкіректері жылап жүріп көрді. Пенде өмірге қарыздар болса, халық қарызын қанымен өтеді. Рақымжан адам қанының киелігін, кейбір жаратылысы бөлек жандардың оқ пен оттан қорғаушысы кие болатынын бәлкім іштей түсінген де шығар. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегенді қазақ неге айтты дейсің. Бекер еместігіне өз өмірі куә. Сол Жеңістің 20 жылдығында шақырумен Берлинге барғанда Одер өзенінде бомбадан күл-талқаны шықпаған көпір жоқ еді. Бір ғана аспан түсті көпір аман қалғанды. Оны немістер киелі деп бағалайды екен. Рақымжан Лейпциг қаласында да болды, орталық алаңындағы биік тұғырға орнатылған Гете ескерткішіне қарап тұрып: «Ешбір ісің шала қалмас, сене бер мойымастан, төзе білсең сен



егер» деген ұлы ақын сөзін есіне түсірді. Сол көпірге көзі түсіп Рейхстагқа беттегенін, өзінен бұрын 21 жастағы Булатовты оқтан қорғағандай соңына ерткенін есіне алды. Соғыста қазақтар өзінен жасы кішілерді сен аман қал, алдымен оққа кеудемді мен төсейін дейтін еді. Рақымжан оны жақсы біледі. «Тірлікте жақсылықтың да, жамандықтың да ақыры бар. «О, аруақ, Бөгенбай баба!» деп нәсердей құйып тұрған оққа қарамай ту тігуге асығып жанұшырып еді. ГДР-дың халқы Рақымжанның ерлігін бағалағанына қуанышы қойнына сыймады. Қошқарбаев атындағы пионер отрядымен кездесіп: «Біздің елде пионерлер соғыс жылдарында Германиядағы коммунистер қозғалысының басшысы Э. Тельманды қадірлеп: «Біз жеңісті тойлаймыз, фашистердің қолынан Тельманды алмай қоймаймыз, біз тойлаймыз, тойлаймыз, жеңіске жетпей қоймаймыз!» деп әндететінін, балалар майдангерлерге хат жазатынын айтты. Жалынды Тельманды Дрезден қаласында фашистер өлтіргенін де білеміз. Америкалықтар Дрезден қаласына бомбаны аяусыз төгіп күл-талқанын шығарып еді. Жеңіс туы желбіресе де Саксонияға бекінген фашистер Кеңес жауынгерлерін орасан мол шығынға ұшыратқанынан да хабардар еді. Ораниенбург қаласында тұтқындарға шексіз зәбір көрсеткен Захсенхаузен концлагерінде 1941 жылдың екі айының өзінде 18 000 совет жауынгерлері азаптап өлтірілген, азапты фашистер «спорт» деп атаған. Осы түрменің азабын тартқан Кеңес генералы А.С. Зотов, Чехословакияның бұрынғы президентінің бірі А. Запотоцкий және басқа ардагер азаматтар болған. Ал 1945 жылдың 21 сәуірінде Кеңес армиясы тақап қалғасын фашистер 30 000 тұтқынды қырып тастауға кірісіп өлім маршы ойнатылады. Сөйтіп, оларды Бранденбург, Макленбург жолымен орманға айдап, жүруге жарамағандарын атып тастайды. Макленбург маңында Кеңес армиясы тірі қалған тұтқындарды құтқарған екен. Сондай-ақ, Берлин қаласын фашистерден азат етуде бес мың Кеңес жауынгері қыршын кеткені түрлі деректерден белгілі. Соғыс тарихы ұмытылмайды. «Қандай жиында болса да ерлігімізді немістердің аузынан естігенде, қолың күнге сәл ғана жетпей тұрғандай сезініп қуанады екенсің» деген Рақымжан

ағамен соңғы кездескенім Қазақ радиосы, телевидениесінің тілшісі болып Ақмолаға бұйрық алғанда «Алматы» қонақүйіндегі кабинетіне есігін қақпай кіріп бармаймын ба? Кабинетте грузиннің бір сұлуы отыр екен. Жалма-жан шығып кетуге ыңғайланғанымда орнынан тұрып:

– Кабинетте отыра тұр, мына Грузиядан келген қонақты тәуір орынға орналастырып келемін. Қазақ еліне келіп, қонақүйлерінен тәуір орын таппадым деп жүрмесін, – деді. Сонша қайырымды жүрек, сонша жұрттай қарапайымдылық, жүріс-тұрысына, лауазымына ерекше жарасып тұратынын бүгінде қатты сағынасың. Қайран ағаларымыздың қазақ даласындай кең пейілі-ай! Кабинетіне қайтып келгесін:

– Е, сонымен Ақмолаға жұмыс ауыстырамын дейсің. Ол менің туған жерім, бойтұмарым. Қаншама қашықтықта жүрсем де, соғыс өртінде жүргенде де, бойтұмарым тынысымды кеңітіп, қиындықтан, ажал төніп тұрғанда абыржытпай, қаңғырған оқ қағып кетпей, сақтаған киелі жер, – деген сөзі жадымда. Елі дегенде елең ететін, даңқы жер жарған Рақымжан Қошқарбаев ағамызбен одан кейін кездесуді тағдыр жазбады. Жаралғанда табиғаты ұлы, туған жері де ұлы, ұлылықтың ұясынан өсіп шыққан Рақымжанның ұлы ерлігі жайында ең болмаса телеочерк жазуға талаптанғанда ағамыз «Батырлар көп, асықпа» деп лұқсат бермеп еді. Енді Рақымжанның ұлы ерлігін, Қазақ елінің территориясын сақтап, қазақ елін жұмыр жерге танытқан Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұйрығымен «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Батырлық баяндалды, ұрпақтың ғасырларға жеткізетін Рақымжан ерлігін тәуелсіздігіміз шындықты ашып айшықтап берді. Бұған мың да бір рахмет! Өзгеге ұқсамайтын аңыз-ерлік бүгінгі ұрпақтың жадында болғай! Кейде Рақымжан ағамыз жан азабын есіне оралтып: «Өліктер арасымен Рейхстагқа жорғалап келе жатқанда көшеде тірі адам қалмаған, құмырсақдай құжынып жатқан өлік. Көкіректе жеңіске жетіп тұрып, арманда кеткен боздақтар-ай деп күңіренесің. Біз де өлеміз бе, әлде жеңіс туын қадауға жетеміз бе? Өмірде бар-жоғымыз белгісіз боп кете ме? Арманда кеткен боздақтар-ай деген оймен өліктер арасымен жылжи бердік... Ажал алдында еліңді,

Отаныңды өлердей сүю сезімі қуат беріп тұрады екен» деп өзінің сүйіп айтатын Естайдың «Қорланын» есіне алып толғанды да: «Дариға, арманым көп, не қылайын» – бұл өн махаббаттың гимні ғой. Осындай қазақтың ұлы өнері де бойымызға жүректілікті, ерлікті дарытқан шығар. Ақмола талай тарихи тұлғалардың мекені ғой, ер жігіт үйінен шықса үйіріне қосылады деген, жолың болсын, інім!» деген сөзі жадымнан шығар емес. Көкірегі қазақ даласындай кең, қайран ағалар-ай! Солардың бойына біткен қасиеттері қандай қастерлі еді...

\* \* \*



Тәуелсіздігіміз дербестігімізді нықтап, ғасырлар бойына жанымызға жабысқан әлдебір үрейден арылтып, ұлы халық екенімізге көзіміз жетіп, төрт құбыламызды түгендеп, жүрер жолымызды, көрер жақсылығымызды өз көзімізбен өлшеуге қабілетімізді ашып, дарындылықты қолдаудың мазмұнын мәндеп берді. Бұл ұрпақтың ұлы мақсаттарға жетуінің сара жолы болғандай! Аспанымыздан үрейдің бұлты айығып,

тәуелсіздіктің шұғыласы жанымызды ажарландыра бастағанда Рақымжанның жат жерде қалған қаруластарының туыс-туғандары, ұрпағы хабардар болар ма еді деген күдігі сейілді. Өткен, кеткен тарихымызды зерделеу жолы айқындалып көрінді. Талайдың соғыс салған мұң-шері, ащы зары тарқатыла бастады. «Жеңін сұғынып елден тірі кеткендердің сүйегі қайда қалғанын өмір бақи білмей кетеміз бе?» деп едік. Елден тірі кеткен бауырлардың бейнесі көзден ғайып болса да көкіректе жатыр еді. Халықтың көрген қасіреті ұрпақтан ұрпақ өсіп, жетілсе де ұмытылмайды екен. Екінші дүниежүзілік соғыста жұмыр жерде сүйегі шашылып қалғандардың қабырға қайыстырар қайғысы, жан жарасы оңайлықпен жазылмайды

екен. Соғыс зұлматына кекті жүректің зары оңайлықпен тарқамайды екен. Бір қайғыны ойласаң мың қайғыны қозғайды екен. Ауыр күрсініспен булығып отырып қазақтардың кейбірінде тіріде бірінің етін бірі жейтіндей бас араздығы болса да, тарихымызда сүйегін далаға тастаған кезі жоқтың. Алланың маңдайға жазғанына мойынсұну болса да, үш бірдей ағамыздың Мұса, Кенжеқара, Қуанның соғыс даласының қай бұрышында сүйегі қалғанын байыз тауып іздеуден жалыққан емеспін. Бұл жалғыз менің жоқтауым емес қой. Қайран боздақтар, өмірден ешбір рахат көрмей қара жерге жұтылса да жандары елдегі қорымына жетпей тыныштық таппай жүр-ау дейсің. Қазақтың өлгенде жаныма жаман адам түспегей деп тілейтіні бар емес пе? Демек, жан о дүниеде де тәтті болғаны ғой. Сосын да болар миллиондардың соғыстан оралмағандардың жоқтауы тоқтамас. Ақпараттардан ара-тұра әкесінің, атасының, бауырының ажал құшқан жерінің нақтысын біліп, туған жерінен топырақ апарып қабіріне салып, дұға арнап, белгі орнатып мұңын басқандарды естіп жатамыз. Отан үшін жанын пидә еткен ағаларымның қай жерде, қалай жерлегенін білуді парыз санап талай хат, хабар салдым. Сөйтіп жүргенде Сыртқы істер министрлігінің «Арманда кеткен боздақтар» естелік кітабы қолыма түсті. Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік Республикасындағы Елшілігі шығарған естелік кітапта «Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында Қазақстаннан шақырылып, түрлі себептермен тұтқынға түскен, нацистік концентрациялық лагерьлердің барлық сұмдық-зұлымдықтарын бастарынан кешкен, ақыр аяғында жат жерде соңғы демі таусылып, туған жердің топырағы бұйырмай, шет елде мәңгіге көз жұмған азаматтарымызға арналады» делінеді кітаптың алғы сөзінде. Кітапта 6 225 адамның қай жылы, қайда туып, қайда жерленгені белгіленген. Қолына түскен тұтқынды фашистік қанішерлік тәртіп аяды ма? Заксенхаузен концлагерін ертеректе аралап жүргенде тұтқындардың аяғына екі-үш размері кем болатын ағаш бөтіңкі кигізіп жұмысқа салғаны, уатылған әйнек үстінде жалаң аяқ билеткені, жиырма сағат бойы істік темірлер арасымен жүгіртіп

отырғаны, ас-су бермей ашықтырып, жеке бөлмеде қамаудан өлгендердің денесінен бөлінген газдан граната жасағаны, адамның терісінен, сүйегінен түрлі бұйым дайындағанын көріп зәреміз ұшып еді. Қаншама мыңдаған, миллиондаған тұтқын қорланбай өлді дейсің. Әлем халқы кешірмейтін сұмдық естен шықпас.

«Қазіргі күні деректер қорында 740 000 адамның аты-жөні бар. Ал кезінде рейх аумағына орналасқан лагерьлерге 3 миллионға жуық адам апарылғанын ескерсек, осы адамдардың тағдырын айқындайтын құжаттарды іздестіру жұмысы жалғастырылуы керек екені өзінен-өзі түсінікті» деп жазады Саксон мемориалдары бірлестігінің құжаттама орталығынан доктор Клаус Дитер Мюллер мен Александр Харитонов.

Жұмыр жерді қандатқан, астаң-кестеңін шығарып шаңдатқан, тіршілікті қырып-жойған фашизмді талқандап жеңіске қуанушылар да жетерлік, қайғы жұтып қара жамылғандар да жетерлік, дүние абыр-сабыр еді. Әсіресе, Герман жері түрлі халықтарға толы, өліні жинап үлгере алмайды, тірісі есі шыққан-ды. Адамдарда түрлі тілде сөйлеу бар, түрлі қару асынғандар қала тыныштығы күзетінде. Қираған, бүлінгенді қалыпқа келтіруде. Кек сақтайтын халық жоқ тәрізді, бірен-сараңы болмаса. Тірілері өмір сүргісі келеді. Жерді солқылдатқан бомба жарылысы да саябыр тартқан тәрізді. Тартқан азап, шеккен бейнет өз алдына, жеңіс туы Рейхстагта желбіреп тұрғанда оққа ұшу қандай өкінішті. Австралия жерінің өзінде қаншама жауынгерлер, әскери тұтқындар ажал құшты. Австрия Республикасының Федералдық Ішкі істер министрі Маг. Д-р Мария Фектер: «Қызыл Армияның әскери құрылымдары 1945 жылғы 29 наурыз күні Бургенланд федералдық жерінде австриялық мемлекеттік шекара арқылы ел аумағына енді. Сәуір айының ортасында Қызыл Армия Венаны басып алды, ұрыс қимылдары барысында 30 мыңнан астам қызыл армияшылар Австрия аумағында қаза тапты. Егер бүгінгі күнге дейінгі қаза тапқан қазақстандықтардың саны 500 шамасында болған болса, Петер Сиксль мырзаның зерттеуіне сәйкес ол көрсеткіш екі есеге ұлғайды» десе, Қазақстан

Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Ержан Қазыкенов: «Қызыл Армия құрамындағы қазақстандықтар Еуропа азаттығы үшін күресте, Австрия мен Берлин үшін шайқастарда баға жетпес үлестерін қосып, соғысқа жеңіс нүктесін қойды. Австрия аумағында менің мыңнан астам отандастарым қаза тапты» дейді. Міне, сол қаза тапқандардың санағында Ақтөбе облысының өзінен 23 туысқанымыз Отан үшін жанын қиған екен. Байғаниндік Қабаш Абдуллин, Үндібай Өтебан, шалқарлық Әмет Әбуғалиев, темірлік Құрманғали Әбиев, Мехейін Сатыбаев, қобдалық Манат Тоғанов және басқалары Австрия топырағында жерленген екен. Менің қолымда бір ғана Ақтөбе облысы бойынша Германия, Австрия жерінде жеңіс күні қарсаңында опат болғандардың 243 адамының аты-жөні, жерленген жері туралы естелік кітаптың деректері бар. Ал қазталовтық Сейфуллин Пангерей Сейфоллаұлы Австриядағы фашистердің қырғынын көзімен көріп, өзінің гвардиялық атқыштар дивизиясындағы қаруластары Фатух Хантеміров, Керім Шоқанов, Есен Әбулатов, Сарыбай Ахметов, Тоқжан Бекбердиев, Нығымет Жалмұханов және басқаларынан айырылғанын айтқаны бар-ды. Осы қырғында опат болғандардың көбінің жасы 20-25 шамасында, Отан үшін ерлікпен өмірлерін қиды. Пангерей III дәрежелі «Даңқ» ордені, «Вена қаласын азат еткені үшін» медалі, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медалімен, 3-ші Украина майданының әскерлеріне, соның ішінде Сейфуллинге Сталиннің атынан алғыс жарияланған ерлік дерегін де білетінбіз. «Ер жігіт елі үшін туады, Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа жеңіс туын тіккенде әлем халқы қуанған шығар, біздің қуанышымыз ерекше еді, елі үшін өледі, жеңіс жолында өлгендердің аруақтары да батырларын жебеген болар» деп Пангерей ағамыз еңсесін биік ұстап, Рақымжан ерлігіне сүйсініп, о дүниелік болғандарға дұғасын арнап отыратын-ды. Бұл, әрине, жат жерде сүйегі қалғандардың елдегі туыс-туғандарына аз да болса жұбаныштыққа жарайтын дерек қой. Адамын жоғалтқандардың қалың қайғысы бәрібір ұмытылмайды. «Бұл соғыс көп адамды жалмады

ғой, олардың есімі тарихта ұмытыла қоймас» деп Пангерей сенімін ұрпақтан күтетіндей еді.

– Расында, Екінші дүниежүзілік соғыста қайтыс болғандардың жалпы саны шамамен 35-40 миллионға дейін жетіп қалды, – дейді қазіргі зейнеткер, жоғарғы мемлекет шенеунігі Петер Сикслъ. Десе де соғыстың жойқын зұлымдығы тарихқа кетті, болары болды, енді жұмыр жерде қанды қырғынның қайталанбауын тілейміз. Оқтай зымырап өткен жылдар мен күндердегі тынштықтың жақсылығын көріп, иә, «Бауыры бүтін пенде жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ» деп шүкірлік етесің. Әлденені есіңе түсіріп ренжісең де аруақтарды ойлап, ел аман, жұрт тыныш деп көңіліңді көтеріп, болашаққа сенудің құдіретіне жүгінесің. Тіршіліктің дұрыстығы да солай. Сондай сәттерде Рақымжан ағаның жүзіне жылылықты ойнатып тұрып: «Тірі жүргенге ештеңе жетпейді. Аталарымыз «Ақылым көп деп мақтанба, батырмын деп баптанба» дегені бар емес пе? Талай батырлар тыныштық заман үшін өлгенін көзімізбен көрдік, талай боздақтардың белінде кеткен талай даналар, алғыр ойлылар, ерекше тұлғалар жарық дүниені көре алмады, адамдардың қанымен келген тыныштық, өткен ғасыр қанымызды көп ішті, өртке оранған жер үсті, оны ұмыту мүмкін емес. «Бомба жарылысы, мылтық даусы кейде түсіме енсе шошып оянам, жердің үсті қайысты, аспан мен жер арасы өрт, қырғын өлік, өлгендердің аманатын өтеу – тіріге парыз» дегені есіме түсе береді...

Жастығын соғыс өртінің ішінде қалдырған ағаның терезеден түсіп тұрған тыныштық аспанының сәулесіне сүйсіне қарап отырғаны көкірегіңді тербеген сәттерде тіпті де қоштасқың келмейді екен. Батыр Рақымжанның бейнесі көзіме әлі ыстық. Тірі қалпында елестетемін кейде... Даңқы жер жарған Рақымжан Қошқарбаев деп үн қатқандардың дыбысы құлағыңа келгендей сілкінесің-ау. Сосын шығар, бір ұлымның атын Рақымжан атандырып едім...

Қалың көптің бірі болып, қызымның есімін Әлия атандырдым.

## БАШҚҰРТСТАН: ЖҮЛДЫЗДАР ЖОЛЫ

Орал тауының шошақ шыңдары бірде аспанды тірегендей биіктеп, бірде сағым оранып аласарып, тілкем-тілкемденіп қалың жыныс орманымен көріктеніп көз тартады. Табиғат құдіреті жасқануды білмей талайды ажалдан қорғағандай сезінесің. Көркіне көңілің шалқып, сүйсініп тұрып «ерте, ерте, ертеден жалғасқан адамзат тарихымен астасып, астарласып жатырсың-ау» деп құштарлана ойға берілесің. Қия беткей құздар мұң-шерді жеткіземе, үстемдіктің шынжырын үзе алмаған жан азабын білдіре ме? Азаттықты аңсаған ерлер үні ғасырлардан бері жаңғырып естіле ме?

Республикалық мемлекеттік тарих мұрағатында сақталған деректер 1749 жылдан бастау алса, онда талай тағдыр бар, алып тұлғалардың ерліктері де сипатталады. Еркіндікті көксеу, өжет халықтың қоныстанған жері мен ықтасын тұтар тауы, ішер суы, татар дәмі болған атамекенін ерлікпен қорғауда талай соғыс, талай қақтығыстардан жеңіспен шыққан тұтас халықтың ежелгі көршісі Ресей болсын, татар, қазақ елдері болсын, бір-біріне қарайласып ойран-топыр, жойқын қырғынға да төтеп беріп, елдігін сақтағанын аңғарасың. Осындай оймен ел өмірін білуге ынтыға отырып, жазушы Ниязға қарап:

– Шыңдарына бұлт ілініп қалған, ұшы-қиыры жоқ байтақ өңірде мекендеген тау мінезді ерлердің ерлігі аңыз-ау, – дедім.

– Солардың бірегейі, театр сахнасынан жүріп жатқан «Қахым-төре» Мәскеуге дейінгі жолда кезіккен елді мекендерді өртеп, жерін ойрандап, қырғын күйге ұшыратып, қылышынан қан сорғалаған Наполеон армиясын талқандауда жиырма полктан тұратын башқұрт сарбаздарын басқарған ғой. Б. Бикбай, Х. Иргалиннің «Қахым-төре» драмасы мәңгі ұмытылмас ерлікті бүгінгі ұрпаққа шебер жеткізіп, көрерменін рухтандырып, ерлік жігерін шыңдап тастамақ. Қандай ұлт болса да адам жаны ерлікті аңсайды, өне бойына өзін биіктетіп ұстауға үздіксіз талпындырады. Адамгершілікті қалыптастырып, бүліншіліктен сақтандырып, халықтар арасындағы біте қай-



насқан татулықты, кісілік заңдылықты сақтатады. Көрермендер қанша жылдан бері көрсе де жалықпай, мазмұны ерлікке, елдікке құрылған драмаға қол соғып, қуаттайтыны сондықтан. Театр сахнасынан әртістердің шеберлігіне тәнті болдық. Ұлт – ұлылығын, ерліктің өшпес даңқын сақтайтын, тарихын жадынан шығармайтын, елмен елді байланыстырып, жақсылықтың басын құрап, үрейден, өктемдіктен, небір зұлымдықтан сағын сындырмай қорғап, өмір сүруге құштарландыратын киелі сөз. Тіл мен жақтан шығатын дыбыс әркімнің ойын, ұғымын, түсінігін, сұранысын білдіріп, қанағат таптырады. Шын жүректен шыққан сөз шынайы келеді және адамдықты анықтайды. Сөйлей білмесең, тірлігің далбаса. Башқұрт халқының тілі қыпшақ-болгар тобына жататындықтан қазақтарға түсінікті екен. Драманы көріп отырып осыны ұқтық.

– Қазақ тіліндегі шығармаларды да оқып, мазмұнын түсіне беремін, – деді толғанып Нияз. – Халқымыздың әлемге танылған даналары баршылық қой. Еңбегінің қызығын ғасырларға бойлатқан ұлы тұлғалар болған. Ерте, ертеде түркі жазба тілін, араб әліппесін пайдаланған екен. Адамдар тіл арқылы, сөз арқылы бауыр басады, тілегін тілеседі. Қуаныш нұрына ортақтасып, бірлесуге, кісілік құндылықты білісуге асығады. Осы орайда әрбір халықта кезеңіне байланысты тарихи көшбасшы қалың көпті дуалы сөзімен аузына қаратады, жұрттың сенімін алып, қалың көпті соңына ерітеді. Солардың бірі де бірегейі Валиди Заки Ахметтегі 1908-1972 жылдары «Касмия» медресесін бітіргеннен кейін қанағат тұтып тоқтап қалмай, 1935 жылы жоғары бағамен Венский университетін тәмамдап, философия ғылымдарының докторы атанады. Оның ең ірі ғылыми еңбегі «Түріктер тарихы, татарлар» шығармасы 1902 жылы Қазан баспасынан жарық көреді. Әрі ғалым, талантты жазушы Зәки 1917 жылы ұлт-азаттық қозғалысының басшысы болса, арымен арпалыса жүріп большевиктердің Башқұрт Республикасын құрудағы сыңаржақтығына келіспей, өңкей елеске алданбай, өктемдіктен жалт бұрылып, Түркістаннан Иран еліне өтіп кетеді. Аласапыраны мол кезеңді түсініп, 1927 жыл-

дан 1970 жылға дейін Стамбул университетінде түрік халқының тарихы туралы дәріс берді, біраз ғылыми еңбектерін дайындап, жариялады. Шығармалары қараңғылық тұмшалаған ғасырлардағы өктемдіктің, зұлым күштің қасіреті жұмыр жер үстін ауыр бүліншілікке соқтырғанын айрықша талдап көрсеткені адамдарға қорқынышты, үрейлі екенін, халықтардың игілігі үшін күресу тәсілінің мардымсыздығын ашып көрсетеді. Қанды азап жанын қинаса да, бүкіл өмірін күреске, ұшқыр қиялын шығармашылыққа арнаған Заки Валидидің кітаптары, түрлі құнды құжаттары Башқұрт тарихының бір биік белесінде мұрағатта сақталып, даңқы түркі халқына танымал. Оның есімінде Уфада бір көше бар, бұл ұлы тұлғаны бүгінгі ұрпақ қадір тұтатынын айқын аңғартады. Елінің бақ-беделін сақтауға, дамуының жолын көрсетуде еткен қызметі ғасырдан-ғасырға жететіні кәміл.

Жұмыр жердегі түрлі елдер, халықтар бірімен-бірі қақтығыссыз, кішігірім соғыссыз тыныштық таппағаны тарихтан белгілі. Дәуірлегендерде өшігу бар, жаулаумен, тонаумен байлыққа ие болу бар, дүниенің тірлігін өзінен өзгеге көпсіну, қызғану бар. Өлді мемлекет әлсіз отарының байлығын, жерін тартып алуды мақсат етеді. Қақтығыстың, соғыстың құпиясы отар елін ойрандап қоймай, екіншілей бас көтермейтіндей үмітін үзіп жаншып тастау ғана. Аш бөрідей ұлысып, байлыққа таласа қарсыласуы қайда, артық дәулетін өз еркімен беріп тұруға дағдыланады. Патша үкіметінің езгісіне, жерін басып алып, алым-салықты шамадан тыс көбейтуімен қатар діннен бездіруге бағытталған соғыстарда Ақай Қосымов басқарған көтерілісшілер 1735-1740 жылдары жерін, елін, дінін, дәстүрін қорғап қалғанынан артық не бар. Ақайдың әкесі Төлекей 1681-1684 жылдардағы патша үкіметінің езгісіне қарсы көтерілісті басқарыпты (см. МИБТ. У1. – С. 363-364). Осындай көтерілістерде Ақайдың батыр сарбаздары Қаратабын болысынан Жүсіп Артықов, Юрмай болысынан Сұлтанмұрат Дүйсекеев, Бұляр болысынан Өмір Тоқтаровтар үлкен ерлік көрсетеді (МИБТ. У1. – С. 364). Соғыста да, қақтығыста да жеңіс бола бермейді.

Ізгі ерлік аталады. Амал не, ыза, намыс бар, жан алқымына тірелген өшпес өштік кек бар. Екі жақтан да адамдардың қаны шашылады, соғыста өзіне-өзі ырза болатын қолбасшы да кездеспейді, бәрінің ақыры жетім-жесірдің қалың қайғысымен аяқталады. Өкініш өзекті өртеп жатады. Осындай екіталай ойранда 1725 жылы бургомистр Юхневтің есебінде қырғыз болысы бойынша 1000 түтіннің 3000-ы ерлер болса, соғыстан өліп ендігіде қолына қару ұстауға жарамайтын балалар қалған деседі. Ал Петр Рычков қырғыз болысында 113 түтін ғана тірі қалды деп жазады (П.И. Рычков. Топография Оренбургская. Ч.1. спб. 1762. С. 99). Десек те, тарихтағы осындай қырғиқабақ соғыс, түрлі қақтығыстар арқылы башқұрттар жерін, дінін, ділін, тілін аман сақтап қалды. Жойқын үстемдікке қарсы тұра білді, қайтпайтын кектілікті танытты. Бабаларымыз ерліктеріне есеп беріп, жер мен елді сақтауды ұрпағына аманаттап, ұлттық ұлылық сезімді басшылыққа алып адал ниетімен құс жолымен кете барды, – деді жазушы Нияз Алсынбаев тарихтан бір үзік сырды мысалдап.

– Өділетті қатты ескертуі екен, қанын ішіне тартқан үстемдік алдында елпектемеген халық күші қаһарлы ғой қашанда, – дедім мен ақтарыла. – Мұрағат деректерінде оңтүстік Орал бойын мекендеген башқұрттар 1219-1220 жылдары Сырдария даласына дейін көшіп барып, Алтын орда мен қарым-қатынаста болыпты. Ерлері 13-1 әскери полкіне тіркеліпті. Үміт аз, күдік көп, ізін аңдитын жаулық бар, құтырынған зорлық, езіп, жаншуы үдеп тұрған Ресей патшалығының басқыншылығына байтақ даланы қорғауға ерлердің ерлігін күткен, зұлымдыққа төн зар заман аз халықтардың мұңы ортаққа айналған-ды. Бой бермей, түтеп өршіп тұрған жаугершілік, түрлі кедергілердің қыспағы халықтың есін шығарып, еркіндікке ем таппаған кезеңдер тарихтан белгілі. Ресейдің билігін амалсыз мақұлдап Алтын орда және басқа да ұсақ мемлекеттер еркіндігін талап етсе де қақтығыс, соғыс тоқтау таппағанына тағы бір дәлел 1736 жылдың 29 маусымында тұтқынға түскен Ақай батырды босату үшін башқұрт сарбаздары генерал А.И. Румянцовтың әскери бекінісіне тосын шабуылдап 180 солдатын өлтіріп, 32 солдатын жа-

ралы етеді (См. МИБ. Т. У1., С. 218. П.И. Рычков. История Оренбургская. – Орынбор, 1896. – С. 24). Тарихқа зейін қоя қарағанда, отарлау саясатының зұлымдық, қанқұйлы оқиғалары аз еместігін байқап, ерліктің жалпы бейнесіне таңғалмай тұра алмайсың. Дүлей үстемдік жаугершілік соғыстан мол байлық, зор бақыт табуды ойлайды, адамның киелі қаны тегін кетпейтінін, өзінің қаны да төгілерін білмейді. Ел мен жер тарихын түсінетін адамға біздің бүгінгі тыныштық өміріміз бабаларымыздың ерліктерінің жемісі. Адамзат тірлігінің тұңғығында рахатын көре алмаған ерлердің өмірі, төгілген қаны, өлер алдында да өткір көзінен кектіліктің ұшқыны, «тірімін, семсерімді бер» деген ерлігіне дақ түсірмегендердің үні зұлымдықты масқаралап кеткендей дерсің.

– Асқан ерліктің ұшқындары сөнбейтін сәуле қалдырып жұлдыздар жолында сайрап жатыр, ерлік кектенуден бастау алады, еркіндікті аңсау елдіктің шарты, – деді Нияз. – Адамдар жер бетіне пайда болған жылдарды айтпағанда, қаншама ғасырдың қуанышына ортақтасып, қайғысына бірге жұбанысқан қазақ, башқұрт халқының достығы терең тамыр тартқан. Түн түнекті де көрді, шерленіп бірге мұңданды да. Әйтеуір үмітін үзбеді, бір-біріне арқа сүйеді. Түтіні түзу шығып адал тілекпен, биік мақсатпен, зор жігермен бірлесіп көреалмаушылыққа, пайдакүнемдікке салынбай, кісілік тарихын тазалықпен сақтау ежелден қалыптасқан. Башқұрт жерінің көлемі 143 600 шаршы шақырым болса, халқы 1865 жылы – 1 291 018, ері – 642 681, әйелі – 648 337 екен мұрағаттың тарихи дерегінде. Ал XVIII ғасырдың 20-30-жылдарында Берке Тоқтағұлұлы мекенінде 210 үй, 1123 адам болса, тама Күзей Ұзайытовтың үш ұн тартатын диірмені халыққа қызмет еткен. Бір қызығы, біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда «Гянь-ғұн» билік етіп, өмір сүргенде 30 мың әскері, одан кейін 386-581 жылдары қырғыздар қоныстана бастағанын көрсеткен «Бэй ши» нақты хроникасы құжаттапты. Башқұрт халқының ұлы тұлғасы атанған Заки Валидидің: «Түрлі соғыс, қақтығыстарды айтпағанда Азамат соғысының көлеңке жағындағы шындықты айқындап ашар болса түрлі елдердің түсінігі өзгеше болар еді,

шындық көрініп қалар еді», – деуінің астарында адам құқы, ұсақ елдердің арман-мүддесінің қорғалудан шет қалып, үстемдіктің қорлау қалыбына құйылып, әлсіздердің үрейленуі көрінетінін білдірсе керек. Расында үрейлі үстемдік, жаугершілікте байлық тоналады, жерден айырылады, одан масқаралығы әйелдердің ар-намысы төгіліп, зорланады, өлісі өліп, тірісі қан түкіріп, зәресі ұшып аңырап күн кешеді. Жауыз күш адам құқын аузына да алмайды, дүлей күшпен масығып адамдардың бірігуі емес, үнемі алакөздік, кекшілдікпен ел мен елді ыдыратып, күйреуге тақайды. Бүлдіруші обырлықта опа болмайды, жынына тұншығып өмірден өтеді. Адамзат тарихынан түсінікті, жын қуғандар аңғармай, өлігі құзғын құсқа жем боларын білмей өтеді...

Башқұрттардың жазба дерегі ертеден басталса, Уфаның жоғарғы жазалау әкімшілігін басқарған Меңдияр Бекшорин (1750-1821) Сырым Датовпен кездесе, осы сапарында қазақтың «Барса келмес» ертегісін жазып алып «Санкт-Петербургские ведомстиде» жариялауы (839, №17), екі ұлттың шығармашылығы ертеден бастау алғанын көрсетеді. Башқұрттар тірлігінің ұзын-ырғасы халықтарды бөтенсу емес, түрлі тірлік қозғалысын бағалап, түсіністікпен іш тартып қарау десек, XVIII-XIX ғасырлардағы түрлі революциялармен қатар Париж коммунасының шындығына көз тастап, болжалмен бағалай қарап, өздерінің іс-әрекетін жетілдіріп ұлттық қасиетін дәуірге сай дамытып отырған. Оған дәлел Уфада 1838 жылы губерниялық баспахана ашылып, Хайбулла ауданында «Бақыт», «Шура» журналдары жарық көрген, оқырманға жеткен екен. Ресейдің қол астындағы халықтар Пушкин, Гоголь, Белинский, Лермонтов және басқаларының шығармаларымен танысады. Жанына білік азығы нәр алады. Қалың оқырман өздерінше бағасын береді. Сирек ұшырасатын жақсылықтарды іздейді. Қарапайым халықтың тірлігінен көптеп табылатын қиындықтарға ортақтасады. Қалың жұрт назары мұң-шерді жеңуге талпыныс екенін байқайды. «Тізгінін тартпаған үстемдікке шыдамайтын жігер керектігін сезіп, «мың өліп өмір сүргеннен өле қалу артық па?» деп ойланады. «Ерлік, елдік бәрін жеңеді» деп

сенеді ақырында. Айта кетерлігі, башқұрт халқының ойлылары Петербург университетінің профессоры (1855 ж.) Березин Илья Николаевичтың «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» жинағында Рашид ад-Дин, Шай-бани, Жалайыри, Әбілғазы еңбектері, Алтын орда тарихынан мол мағлұмат келтірген. Баспасөз, кітап халықтың ішкі төрбиесін, ұлттық өнегесін қадір-халінше дамытып, қоғамның да, сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да түсінігіне негізделсе керек. Бір ғана Хайбулла болысының құрамына 148 ауылдық совет, 43 тұрғын мекенінде халық саны 195 036 адам болған. Ал 1922 жылы Зилаирский өңіріндегі 12 әкімшілік болысында Салихов, Таналық, Темясов, Усарган және басқа да болыстардың халқы Башқұрт автономиясына кірген. Қалай болғанда да Кеңес үкіметі ағымдағы барлық байланыста азшылықтың талап, талғамын жүз пайыз қанағаттандырмайды. «Азшылықты көпшілік жеңеді» деген кісілікке сыйыспайтын үстемдік қағидамен Қызыл империя басқыншылығын бүкпелеп кімге ұнады, кімге ұнамағаны қайсы, бәрін құпия жүргізгенін тарих кешең анықтайды. Башқұрт халық қозғалысының басшысы А.А. Валидовтың мақсатты құнды ұсыныстары нәтижесіз қалса, көп кешікпей губернияларда аштық өрттей лау ете түседі. 1921 жылдың бірінші қаңтарында Уфа губерниясында 13 миллион пұт астық, 2,2 мың пұт май, 12 миллион дана жұмыртқа, Кіші Башқұрт бойынша 2,2 миллион пұт астық, 6,2 пұт май, шаруаларда 39 мың ірі қара, 82 мың қой, ешкі. Ара өсіруден жиналған 2,2 пұт бал, мұнша азық халыққа бұйырмай, үкіметке тапсырылып кетсе, ол аздай 1921 жылғы қуаңшылық бар, азамат соғысы қалжыратқан елде аштық басталады да халық көтерілісіне ұласады. Арынды өзендердің бойымен аққан өліктер қабірін де таба алмай қалды. Ондайды көрген тас жүректінің де көкірегі шыдамас еді. Бірақ Қызыл Армия, кеңес басшылары барынша мүмкіндіктерді қарастырды. Халықтың үмітін жоймауды біршама ойластырды. Жұрт «Кеңес үкіметі жарылқайды» деп асыққанда Орынбордан шыққан Дутов армиясының ақтар, қызылдар болып қырылысуы да башқұрт халқына оңайға соқпады. Көз сүрінетін өліктер, аш құзғындар таласы, ғажайып

өлке өртке оранып жатты. Өлі күнге жерге күрек салса қарулардың шіріген қалдықтары шығады, ара-тұра аштан өлгендердің бе, оққа ұшқандардың ба, адамдардың сүйегі де көрініп қалады. Оныңыз мәңгілік ұмытылмайтын зұлымдықтың естен кетпес куәсі. Биік төбелерде аталар жатқан молалардан ұлы күрестердің белгісі мен тыныштық, өсем өмірің қайда бұрынғы дегендей үн естіле ме? Расында, XVI ғасырда Алтын орда, Ноғай ордасы, Қазан хандығы, Сібір хандығы болып ұйысып, жергілікті халық өзін-өзі басқарып, тыныштықпен біраз жылдарға еркіндігін сақтады. Қала өркендеді. О да зулап өте шықпай ма? Соғыс, қақтығыс іргеге тақаған ауырлық қажытса да, оның бәрін айтпағанда, аштықтың қынадай қырғанына орманына дейін қара жамылғандай болса керек. Оған дәлел де, дерек те жетерлік екен.

Жаратқан Ием башқұрттарға шыңы көк тіреген тау, қалың жыныс орман, таудан бас алатын арынды өзен, көлдері дейсің бе, небір табиғат сұлулығымен қытымырсыз жарылқаған. Осындай құнарлы да құт өңірде ашыққан халыққа 1922 жылдың 6 қаңтарында «Винкобого» су кемесі 5 900 тонна жүгері дәні және басқа да азық-түлік, дәрі-дәрмек жеткізген. Өздерінің халқын сақтауға өндірген азық-түлігін үкімет сыпырып әкеткенін жоғарыда көрсеттік. Өлгі шетелдің көмегі 5 250 ашыққан балаларды асыраса, 1921 жылғы желтоқсандағы дерек бойынша, 75 000 баланы аштықтан қорғау керектігін мәлімдеумен қатар (ЦГИАР(б). Ф.р.-0101. оп 1. д.70. – С. 29-30) балалар өлімі 40 пайызға, емшектегі сәбилер өлімі 75 пайызға жеткені айтылады. Сол тұста Американың ашыққандарға көмек есебінде 29 тамызда Ригадан Москваға 8 вагон, 30 тамызда 14 вагон толы азық-түлік жөнелткенін «Правда» газетінің 1921 жылғы 3 қыркүйегіндегі санында жазған екен. Бірақ мұның бәрі аштыққа ұрынған қалың халықтың қайсысына жетті дейсің. Жетпесе де бір сапарлап болса да жүрек жалғайтындай 2 222 асханадан 276 686 адам тамақтанса, Башқұртстан аумағында, аштыққа мықтап ұрынған 1 миллион 185 мың адам тойып тамақ ішті деймісің. «Правда» газеті жазған, РКФСР-да 1922 жылдың 1 тамыздағы мәліметінде 9 миллион 554 мың

575 адамға өмірін жалғауға Америка азық пен көмек берген (АРА) (ГАРФ. Ф.р. 1058. оп 1. д. 532. – С. 99а). Ажал қауіпне қауіп ұласып, аштан қырылып жатқан қазақ еліне аз да болса көмек болды деген деректерді өз басым кездестіре алмадым. Қазақтарға Мәскеудің үстемдік иелерінің сонша қатуланып, қас-қабағы түндей түнергенін елестетіп өүреге түссең де, үрейлі құбылыстың құпиясын білмессің.

– Аштық алдымен адамдардың ақыл-есін алатын, миын істен шығаратын тәрізді. Солай дегенмен, әрбір ата-ана соңғы үнемін ұрпағына беріп, өзі ажалға бейіл болатыны шығар жетім балалардың тірі қалуы, – деп Нияз пікірін дәлелге негіздей сөйледі. – Аштық қырғыны ұлт өсімін ондаған жылдарға шегерді. Басқан ізді аңдыған дұшпан дейсің бе, аштық, соғыс ажалы дейсің бе, пенденің өмірін сақтауға тырыспаған үрей жетегіндегі зіл көтерем азап, шемен шер ұмытылмас. Ерлер есімі – ел есінде. Қазақ даласындағы аштық қырғынына ешқандай көмек болмаса да, белсенділер ел-елді аралап, ашыққан жетім балаларды үйлеріне паналатып, ішіндіріп, киіндіріп, балалар үйіне тапсырған-ды.

Аштықты көз алдыма елестетсем, жаным шошиды, бұғынған әлсіздер ажалды күтті, немен жұбанды, бұл сауалға жауап жоқ. Башқұртстанның кейбір елді мекендері Челябині губерниясына қараған ғой. Мысалы, Верхнеуральск қаласында 1897 жылы 11 103 түтін башқұрт мекендеген. Бүгінде Башқұртстан құрамында. Сол өңірдегі өлімші болған 2,5 мың баланы АҚШ азықпен асыраса, Швецияның Қызыл крест қоғамы – 100 мың жасөспірімді, квакерлер қоғамы – 350 мың ұрпақты асырапты. Ал Нидерланды мемлекеті көмек ретінде 4 000 тонна азық-түлік, дәрі-дәрмек жеткізіп отырған. Осы кезде губерния бойынша 19 580 тұрғын нәр сызбай өлім аузында жатса, оның 9 007-і жас балалар екен. «Адам өмірге өлу үшін келмейді, әділдікпен бақытты өмір сүруге келеді десек, тірліктің құнсыздығы, үстемдік өлімнен де табыс тапқысы келді ме?» деген ойға қаласың. Ұлтымызға қалған қағида шүкірлік, қанағат деп жұбансаң да, түрлі қақтығыста ойран-топан, өлім-жітім қорқынышты болуын да ұмытпай,



еркіндік, әділеттікпен сезініп, туған жердің амандығына ештеңе теңгермей тынарысың.

– Жанарлардың нұры сөніп, аштыққа ұрынған халықтың көз жасы көл боп жатқанда Кеңес үкіметі өндірісті дамытуды тездетіп жүргізу мақсатында жиналған аштықты шетелге шығарып жатқаны есуастық па, нендей сорақы есеп екенін түсінбесек те, қасірет атаулының бәрі биліктің солақай саясатына байланысты ма деп қаласың. Мемлекеттің жауапты адамдарының қолында жан-жақты зерттелген статистика мәліметі болса, оған көз салып, көңіл қойса, миллиондаған халық ажалдан аман қалар еді. 1921 жылы басталған аштық 1922 жылы жалғасып, Башқұртстан губернияларында 421 352 адам, 368 330 балалар аштық ауыртпалығын тартып өлімші болған, ауру, сырқау меңдетіп өлім құштырған көбін (ГАЧ. оф. 380. оп.1. д. 18. п. 21-24). Аштықтың ажал уысына түсіп әлсірегендерді қуаты барлар тамыз айында 86 адамды сойып жей бастаған. Уральскіде – 84, Троицкіде – 5, Миасскоеда – 7, губерния бойынша 98 адамды адам сойып жеген (ГАЧ. о.ф. 380. оп. 1 д. – С. 18-37). Міне, жаның шошып, төбе шашың тік тұрмай көрсін. Қалың қайғы. Кеңес саясатының қорытындысы ажалға айналғанын түсіндіргендей болса да, КСРО-да 1930 жылғы есепте 1920-1921 жылдардағы аштықта кем дегенде 6-7 миллион адам өлді деп мойындағандай болса да, оның себебі ашық айтылмайды, мемлекеттік құпия. Қоғамның ішкі дүниесіне үңіліп, шындықты аздап болса да ірікпей көрсетуге биліктің дәрмені жете бермесі анық. Башқұрт өңірінде «патшалы Ресей кезіндегі 1892 жылғы қуаңшылықтан пайда болған аштықта 500 адам өлген делінеді (О голоде 1891-1892. – Стр. 386-387). Әрине, аштық қай кезеңде де қалай болды, оның толық шындығына мейлінше жету, нақты санын анықтау, ұланбайтақ жердегі жағдайды жаяу-жалпылап аралап білуге мүмкіндік бола да бермейді. Сондықтан стат есебінде нақты есеп көбіне шамадан тыс азайтылып көрсете қалатыны да кездеседі. Қай кезеңде де нақты дерек бірінші басшыға берілсе, ақпаратқа басқаша есеп көрсетіледі немесе құпия сақталады. Әсіресе зұлымдық пен озбыр күш өршіп тұрғанда шындық айтылмайды. Мысалы, қазақ халқы төрт

бірдей аштықта, әдейі қыруды мақсат еткенін жасыру үшін халықтың 30-40 пайызы аштыққа ұрынды деп сипай салады. Стат есебі биліктің уысында. Олай болса, башқұрт халқының саны 1900 жылдағы санақта 1 миллионнан асты делінсе, арада өткен жүз жылға жуық уақыттағы өсімі көңіл көншіте қоймайды. Қызыл империя саясаты нені мақсат етеді, оны қалай шешеді, шындығын іздеп, өл-тіріл, таппайсыз. Бүгінгі өмірің еркінсіп жайнап тұрса да, тарихыңды ойласаң, көңілің күпті, ұлттың өткен мұңшері, мәнсіз тірлігі, тұқым қуалаған қастандық, зәлімдік, бүгінгі досың ертең қас болатынын көргенде үрейлі қоғам адамдардың өмірге құштарлығын өлтіргендей сезініп, ұйқың келмей күйзелесің. Азат адамбыз деп сезініп қана ертеңгіден үміт етесің. Шіркін, жан сезімің өрши түссе, рухани күшің биіктей түсер еді.

Сонда да тау алқаптарына мұңлы көзбен қарап тұрып, халық басына түскен жойқын нәубеттің нақты себебін айтып, айқындықты танытып, данышпандық болжауын жұрт талқысына салған алаш ойшылдары, мұсылмандардың үшінші съезінің мүшелері, саяси шешен, астроном Жәңгір Абызгелдин, белгілі философ, дін қоғамының қайраткері, «Ғалия» медресесін ұйымдастырушы Зиятдин Камалетдинов, мұғалім Мұқлиса Ғабделғалимова, «Идел» газетін шығарушы ұстаз әрі жазушы Абдрахман Гумеров, тарихшы-ұстаз Хасанғата Мұхаметұлы, философ, ұстаз Муса Бигаев, жазушы Шахар Шараф және басқалары да ел өмірінің шындығын айтам деп Қызыл империяның қуғын-сүргініне түсті, түрмеге де отырды, өлгені өлді, өлімші болғанына атар таң, көрер күн көрсетілмеді. – Жазушы шерін тарқатты. – Саясат қылышы жалаңдап дінге де килікті, бұзу үшін бірлікті, тобыр шүйлікті. Діннің артықша қасиетін түсінбеу, пайдасы қайсы, зияны қайсы дұрыстап анықтай алмау өрттей өршіді. Коммунистік идеяны шексіз мадақтау арқылы табындыру қарқындап қаталдық, үрейді күшейтіп тұрды. «Дінсіз болу ұнамаса түрмеде отыра ғой» деген жат қағида ақыр аяғында қоғамға ұйыту емес, жік салып, ірі-түге бағытын бастап кетті. Ұлт мүддесін, тілін, дінін, ділін қорғаған белгілі жазушылар Абзал Тагіров, Болат

Иманғұлов, Ғұбай Давлетшин, Дәуіт Юлтай Абдолла Амантай, Тухфат Янабилер халық жауы есебінде атылып кетсе, 29 жазушы қуғын-сүргін зардабын шегіп, түрмеде отырып жазаланған екен. Аштықтан аман қалғандар саясаттағы жауапсыздық, қаламгерлер қалың халықтың көзі, құлағы, тілегі ортақ, мұң-шері бірге екенін білгісі келмегендік. Немесе аштық жылдарындағы қылмыстың шындығын ашып, келер ұрпақ алдында айыптай ма деп қорықты ма? Әйтеуір, саясат қайғының қара бұлтын сейілтпеді. Жазушы халықтың адал ойына сүйенеді, қоғамның ілгері басуына қозғаушы күшке жарайды. Оны білуге тырыспаушылық, қайта қоғамға бөгет болады деп жүрдім-бардым ойлаушылық қасіреті қалыңды. Е, жазушыны өлтірсін, не түрмеде шірітсін, бәрібір оның өршіл ойын, құнды шығармаларын өлтіре алмайтынын, халық жадынан шығарып тастай алмайтынын түсінбей, халықты үреймен басқару бірден-бір иімді екенін біліксіз билік түсінді. Сол үрейлі мақсатты таңдады, үрейдің нәтижесінде өздері еркіндеді. Елірді, сұқтанды, жаулықтың жүзінен пенде біткен шошыды. Қоғам кемшілігін, сырты жылтыр саясаттың жүрек жылытпайтынын бірден тани білегін әдебиетшіге қастандық, әдебиетке өштік әдейі ұлтқа төнген қалың қатер деп түсінсек, башқұрт шығармашылығының тамыры тым тереңде, тілмен, сөзбен бірге жалғасқан «Орал батыр», «Ақбоз ат» эпостық жырларымен қатар XII ғасырда жазылған Якуб-ин Нұғыманның «Булгария тарихы әдеби-ғылыми еңбегі» және XVIII-XIX ғасырлардағы С. Юлаев, М. Кулей, Т. Ясығұлов аль-Башкорди, Буранбай, И. Мурзакаев, Г. Усман, Ш. Заки, М. Акмулла, М. Үмбетбаев және басқаларының шығармаларын Кеңес үкіметі оқуға тыйым салса, ұлттың қанын да, жанын да басқа арнаға бұрып, халықтың өмірін ұмыттырса, саясаттың ұтқанына балады. Көпшілік саясатқа ғана құлақ түріп, ұлтының өткенін тани білуден безіп, қаперінен шығарса, еш нәрсемен ісі жоқ, ойлаудан қалып, бірін-бірі түсінбей, үстемдіктің ығындап, ың-шыңсыз тірлік етіп, қатып-сеніп тарта беретін күйге түспей ме? Сонда қоғам нені талап етсе, мүлтіксіз орындалады. Басқаға лаж жоқ, ертеңін елестете алмайды. Кеңес халқы тек қана қой үстіне

бозторғай ұя салатын социализм жетістіктерін көріп біле алады. Үміт дейсің бе, оныңыз күйрейді, қуанышың – тірлігің, ас ішіп, аяқ босатуың. Үнсіз күңіреніс, іштен тынып тұншық. Әміршінің зіркіліне де үйренесің, төзесің. Құз-жартасқа мәлие қараған қарт түнгі жұлдыздардың суға құлағанын көріп, «тағы да бір адам өлді, жұлдызы сөнді» деп іштей дұғасын үйіреді. Ашық сөйлеудің ебін таппайды. Ертеде жұлдыздар жолын бетке алып Уфаға білім іздеп келіп жататын қазақтар да аяғын салмайды, тарихын шаң баса бастады.

Осы орайда «Красный Башқұртстан» республикалық газеті халықты игілікті іске жұмылдыруда біраз іс тындырды. Одақ бойынша, көршілес мемлекеттер бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды жариялайды. 1937 жылы Сталиннің тапсырмасымен 7-8 миллиард пұт астық үшін күрес басталады (1936 ж., 31 желтоқсан, «Красный Башқұртстан», №301 (4701) санында Қазақ КСР-і Халық комиссары төрағасы Ораз Исаевтың мақаласында: «Балқаш мыс қорыту комбинаты жылына 100 мың тонна мыс, Риддер, Шымкент қорғасын зауыттары жоспарларын асыра орындаса, Жезқазған мыс қорыту зауыты 175 тонна мыс өндірді. Республикада 2 042 километр темір жол іске қосылды, 7 877 колхоз бен совхоз ауыл шаруашылығын өркендетуде. Ресей патшалығы тұсындағы 1 897 жылғы санақта қазақ халқының 92,4 пайызы ауыл шаруашылығымен айналысса, қазірде өндірісте 700 мың жұмысшы, қызметкер бар. 1938 жылы 16 қазақ мектебі ашылса, республикада 21 жоғары оқу орны бар, 22 театр халыққа қызмет етеді деп жазады. Міне, газет көрші елдердің атқарған істерін үлгілеп ашық айтумен қатар, әлемдік оқиғалардан да оқушыларын хабардар етіп, социализм жетістіктерін әркімнің тани білуіне, соған орай дамуға қатысты саяси мазмұнды көпшілікке таратады. Міне, әдебиет шығармаларының түрі ұлттық, мазмұны социалистік реализм шындығы деп, небір дарындылардың еңбегі жоғарғы басшылықтың саяси ұпайын түгендеуге лайқатталады.

Тағдыр дейсің бе, кезең дейсің бе, үрей күшімен болмағанды болдыруға мүмкіндік алу, мақсатты орындау, көңілін жайландырып, шындыққа жетпегенге көндігу,

арам ойлы да адалмын деп өжектеумен қажетін табу сықылды пенделердің өзгеріске ұшыраған мінез-құлқын алдымен көреген ойлы жазушы аңғарып, шығармасына арқау етеді. Тауына қарай аңы, заманына қарай заңы деп тақымын қысады. Ындыны көпкен саяси қулықты да әркім күліп қарсы алады. «Толқыны тулап, таралып қалар жырларым, қайта-қайта қағып көңіл сырларын» деп жырлаған Шығыс әйелдерінде біріншілер қатарында болып «Бір өмірдің тарихы» трилогиясымен Кеңес Одағында есімі құйрықты жұлдыздай жарқ еткен Зайнаб Бишеваның шығармалары күреске толы башқұрт халқының шежіресі деп әлі күнге жоғары бағаланып келеді. Ырғыз өңірінен білім іздеп, бақыт таппақ болып, арып, ашып, мұң-шерге батып, өлі түске ұрынып, қиындықпен жанын аямай арпалысып, үн деп Уфаға жетеді. Осында білімдімін деген әйел үнімен жарқ еткен қуаныш, көкірегінде білімнің сөнбес шырағы. Жанының қатты күйзелісін жеңілдеткен қазақ қызы, қазақ ұлының, башқұрт қызы, башқұрт ұлының езілген замандағы қабырға қайыстырар ауыр тағдыры оқырманға шынайы шындығымен баурап алғаны кәдіксіз еді. Бұл жазушының жұлдызын жарқыратты да.

– Иә, жазушы шығармасы өмір айнасы десек, суреткерлік таланты заманынан асып туған Сайфи Құдаш (1894-1993) 1913-1915 жылдары Қостанай қаласындағы қалалық мұсылман мектебінен білім алып, Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқуын жалғастырады. Сол жылдары Ш. Бабич, Х. Туфанмен бірге әдеби, музыкалық үйірмелерден білімін толықтырып, талантын шыңдайды. Түрлі баспалар қолдан-қолға тигізбей Сайфидың өлеңдерін жариялай бастайды. 1919 жылдан бастап Омскідегі «Азат сібір», «Шығыс кедейі» газеттерінде өлеңдері жарық көрсе, 1930 Уфадағы «Жаңа ауыл» газетінде қызмет атқарады. Одан кейін «Октябрь» әдеби журналында редактор қызметтерін атқарып, талай қаламгердің шығармашылық бағын ашады. Зор ынтасымен көмектеседі, – деп Нияз да білетінімен бөлісті. 1943-1948 жылдары Башқұртстан Жазушылар одағын басқарып, өмірін бірыңғай әдебиетке арнайды. Тұңғышы «Еркіндік әні» шығармасынан бастау алса, өлеңдер жинағы, романдары қазақ, қырғыз,

тәжік, өзбек, украин және басқа ұлттар тіліне аударылады. Ұлы тұлғаның көз алдында, жадында жаңғырып Мағжан елестеп тұратындай болды ма екен, мұрағаттағы әдеби қорының алғашқы бетінде өзінің, Мағжанның фотобейнесі жарқырап тұрғанын көріп, әдебиет әлемінің терезесін ашып, тынысын кеңейтті ме екен деген ойда қаласың. Қаламгерліктің бірін-бірі құрметтейтін қасиеті қандай шырайлы, қылығы, ойы, сөзі жанына қуаныш беретінін жазушыдан басқа ешкім түсінбес те, ұқпас та еді. Және Мағжанның суретімен қатар «Ақ жол» журналының №1 санында жарияланған «Темірді жұмсартқан ана» новелласы да қорда әспеттеліп, үлгі ретінде сақталған. Мәңгі жасайтын ұлылық, шындық, келешектің болжамы, өткеннің мөлдір бейнесі өшпейтінін Мағжаннан тапқандай рахат сезімде болып, жан дүниесін кеңейтіп, өзінің шығармашылығына құлаш сермеді ме екен Сайфи? Қайткенде де оның шығырмашылық ағынына ерекше әсер етудің бастауы, сусындаған ойының жүйесі өмірге терең үңілдірумен нәтижеге жетсе керек. Оған дәлел Сайфидың 100 жылдығында Татарстанның халық ақыны Сибғат Хакімнің «...Ірі ақын, үлкен тағдыр. Оның поэзиясы – тұтас ғұмыр» деп бағалауынан артық айтар баға болмас. Баға дегеннен шығады, келбетіне қараған сайын көз құмары тоймайтын, табиғат әсемдігін суреттеуге сөз жетпейтін Уфа қаласын Батыс Орал тауынан басталатын Ақеділ, Қараеділ өзендері шалқыған байлықтың қайнарын құрап жатқандай. Ғалымдардың болжауынша, бұдан 3600-3800 жыл бұрын осы өңірде ондаған қалалар болыпты деседі. Бүгінде де табиғат байлығы халықтың дәулетіне айналып отыр. Атап айтсақ, 40 өндіріс орны Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдерімен және Моңғолиямен байланыс жасап келеді. Шығынсыз емес, табысты, нарықтың тайғақ жолында табанды. Башқұртстанның ауыл шаруашылығына арналған 7 миллион гектар жері бар, оның 3,7 миллион гектарына егін, көкөніс өсіреді, қалғаны жайылымдық. Мұнда 900 ауыл шаруашылығы кәсіпорны, 930 азық-түлік өңдеу кәсіпорны, 5 500 шаруа қожалығының қай-қайсысы да табысты салаға айналған, ғылыми негізде дамыған. Жыл сайын

10 000 тонна астық, 6 000 тонна көкөніс, 5 000 тонна картоп, 1 800 тонна шөп, 9 000 тонна сүрлем дайындалады. Мал өсіру тиімді сала, 7 000 тонна сүт, 400 тонна сапалы ет өндіріліп, халыққа таратылады. Халқының біразын қырып салған баяғы аштық енді оралмасы анық. Бұрынғы үрей, өктемдік ұмытылды, тарих қойнауына біржола кетті.

Ауыл шаруашылығының табысты салаға айналуының негізі – табиғат байлығы. Мұндағы 143 мың шаршы метр өңірде 3 мың көл, 13 мың өзен бар болса, онда 300 құс түрі, балықтың 42 түрі өсіп-өнеді. Міне, мұның бәрі табиғат шапағатымен адамдар тірлігі ерекше келісім тауып, еркін даму жолында ешкімнің қалғып, не әрекетсіз болуына жол бермесі анық. Әркім жақсылыққа тырысып бағады десек, бабаларымыз білім іздеп Уфаға құс жолын бетке алған тірлігі, басқан іздері, татқан адал дәмі, ішкен құнарлы суы, жұтқан мөлдір ауасы еске оралады. Мына Ақеділ өзенінің суына бетін жуып, биік шыңға қарап, қазақ сатирасының классиктерінің бірі Жиенғали Тілепбергенов: «Шаршап тозған ойларды тазарттың, жастық шағымның біразын осында өткізіп ізгілікті таптым, білім алдым, қатал тағдырды жеңуді үйрендім. Мақсатсыз күндер қалды артта. Мейірімсіз үрейден жасқана қоймаспын, таудың өрлік мінезін бойыма дарыта көр, кеудем желпініп бір сергіп қалсын. Бойымды бекіт, жолымды аш. О, табиғат құдіреті, тарихтың шындығын бауырыңа басып жатырсың ба?» деп толғанды ма екен. Рас, қазақтың талай ойшылдары, биік тұлғалары осы Уфа қаласынан білім алды. Башқұртстанның жанымызға жақын болатыны – өткеніміз, бүгініміз, ертеңіміз, тарихымыз ортақ, ауыл аралас, қой қоралас, төскейде мал, төсекте бас қосылған татулығымыз жаратқанның берген тартуы сықылды. Алакөңілдік, жатсыну ежелден болмаған қазақ, башқұрт халқының кісілікті құрайтын қасиеттері ортаққа айналып, талай ғасырлар бойы қалыптасқан-ды. Түсініктісін айтсақ, Уфа қаласының мемлекеттік мұрағатындағы №585, 228 құжаттардың қазақтар тарихына қатысты деректері жетерлік, оны азсынсаң, ұлттық кітапханасында араб, парсы әрпімен жазылған алғашқы дәуірден бергі құнды кітаптар да табылады. Міне, бабаларымыз бағыт

алған жұлдыздар жолы оңғарыла беріп, жақсылығымыз ұнасым тапқай деп тілек тілесек, артық болмас, сірә. Көз тұндырған табиғат сұлулығынан тірлік шындығын тапқандай башқұрт жазушысы Нияз Алсынбаев «Еділ мен Жайық» өнін шырқай бастады. Тау жаңғырып жатты... Үн алысқа кетті... Ұлттық ашық үнге шаттана түсесің! Және мұрағаттарда тасқа басылып хатталып қалған тамырластығымыздың тереңде жатқанына қуанасың. Мұрағатта жеті ататегінен де өрілеп басталатын тектіліктің нақтыланған дерек, дәйек кітапшалары тұр. Мысалы, арғын, найман, тама, байұлы, қырғыз тектерінің осы өңірде ежелден өмір сүргенін баяндайды. Айталық, Оразкелді Сейтековтің аталары 1642 жылы башқұрт жеріне қоныстанса, одан тараған адам 525 болса, екінші тармағы 1841 адамға жетіп, бүгінде Қиғазы өзенінің бойын мекендеп отыр. Ал 1881 жылы туған дін ғалымы Ғабдырахман Зейнуллаұлының барша ұрпағы өсіп-өнгенін шежіре кітапта көрсетіпті. Ол тұңғыш рет дін календарын және «Религия ислама» кітабын шығарып, мұсылмандардың II-III съезіне қатысып мұсылман дінінің ғылыми ерекшеліктерін кеңінен түсіндірген. Ғалымжан Ибраимовтың «Қазақ қызы» романын талдап, көпшілікке түсіндірген. Башқұртстанның халық жазушысы, Жайық қызы, Шығыс қыздарының ішіндегі «Бір өмірдің тарихы» трилогиялық романымен жұлдыздай жарқ еткен Зейнеп Биешованың шығармалары орыс және басқа тілдерге аударылды. Одан кейінгі «Кемсіту», «Құлшыну», «Жарық нұр», тағы басқа романдары Ырғыз өңірінен басталатын халықтардың еркіндікті күн қызуындай сағынып, аңсауын нанымды баяндаған. «Басты кейіпкерім Емеш Менмін және башқұрттың қыз, келіншектері ауыр тағдырларын бастан кешірген» дейді автор. Осындай жазушылардың, ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің ерте, ертеден өңірде өмір сүрген тектерінен басталып бүгінгі күнге дейінгі ұрпақтары тізбеленген деректер баспадан кітапша күйінде дайындалып, мұрағатқа сақтауға қойылғаны тек-тілікті сақтаудың аса маңызды екенін көрсетеді.

– Башқұрттардың тарихында талай ғаламаттар бар ғой, – деді Нияз халықтың бастан кешкендерін бүгінгі



ұрпаққа жеткізу үлкен ғибрат екенін білдіріп. – Башқұрттардың ертедегі ататегі VIII-X ғасырда оғуздармен тамырлас болып, Сырдария бойын мекендеген деп жазады ғалым Р.Г. Күзеев (Указ. соч. – С. 361-362). Қараңыз, Көктау ауылының шежіресінде Қорқыт ата, Қалдар би туралы мол мәліметтер ерте, ертеден сақталып, тектілік шежіре, кітапша болып мұрағатқа қойылған, сондай-ақ башқұрт тектерінің көсемдері Қият би, Қоңырат би, үйсін Майқы би, Қыпшақ би, Керейт би және басқа да тектілік шежірелері мұрағатқа қойылған (Изд. АН СССР, 1936. – С. 361). Шежірелерді қарап отырсаңыз, башқұрт жерін 627-649 жылдары мекендеген халықтардың өмір дерегінен хабардар етеді. Ал бертінгі 1726 жылдары 60 мың табын, 45 мың тама және мыңдаған қыпшақ, арғын, керей-лердің бүгінгі күнге дейінгі ұрпақтарының саны, олардың атқарған қызметтері айтылады. «Алпамыс» жыры, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» және басқа да қазақ жырлары оларда да ауыздан-ауызға тараған. Әлсіздердің қорғаушысы болған Алдар көсе оқиғалары да башқұрт халқының жадында бүгінге дейін сақталып келген. Міне, мұның бәрі түбіміз бір, тағдырымыз ортақ, тілегіміз бір, елдігіміз ортақ екенін көрсетеді. Тарихымыздың ақтаңдақ беттерін толтыратын деректеріміз жетерлік, бауырластығымызды жүреміз көкке көтеріп.

Тарихымыз тамырлас елде қалыптасқан осындай ұлық өнеге бар.

## ЖЕТІ ҚЫЗ

Сол түні Қараеділге жеті жұлдыз құлаған, қара терең суға сынып түскен сәуле біржолата өшкен. Үш-төрт солдат тыныштықты бұзып оқ атқан. Мылтықтың жаңғырыққан үнін естіген тірі пенденің жауыздық түзелуден кеткен деп зәресі ұшқан. Бұл әлдеқалай құпия көрініс деп қалмаңыз, жексұрындық қимыл байқаусызда деменіз, кепілдігі жоқ жайсы үстемдіктен, әлсіз қорғансыз, оның қорқып қалтырағаны жауызға тамаша. Тірлігі мүшкіл-мүсәпірдің көрер жарығы сөніп, суға құлаған жұлдыздай болғанына мылтық асынғандар қызықтап қарайды. Бүкіл өмірін намысқа арнап, сөнген сәулені түсіну дүлейге бәрібір...

Батыр тұлғалы жігіт қылышын қара тасқа шауып, қос қарашығына жас ірікті. Талай құқайды көріп, талай зұлымдықпен айқасып, атағы жер жармаса да туған жерін сақтауда аттан түспей қылышын қате сілтемеп еді. «Біреу емес, екеу емес... жетеу, жеті тағдыр... жеті қыршын өмір. Жетеу. Тірлігі жетісе алмаған, көрерін көріп, берерін беріп, аларын ала алмаған, салтанат-сәніне беріле алмаған жетеуі де ұлт қымбаттысы, жұрттың қуанышы, ақ тілегі еді... Жетеудің жарық жұлдызы қапыда сөнді. Өкінішті, зұлымдықпен шайқаса алмадым, батыр аңсыз дегені осы ма? Жауызды қойша бауыздап қанын іпсем кегім қайтар ма еді? Басқан ізін кіл аңдыған дұшпан, айуан емес қой, зұлым да өмір сүргісі келеді, ойлап қарасаң кім өмірден баз кешіп жеріпті. Жетеу... жеті үйдің жұлдызы, қызды ұлтымыз жағадағы құндыз дейді, жұлдызым, жарық күнім дейді, қыз өміріне қиянат жасағанды кешірмейді, қиямет азабын берсін деп қарғайды, қарғыс қате кетпейді. Көзіне шыбын үймелеп жатар өліп, жауыма өштігім, кегім қайтар сонда... серт етем семсеріммен!».

– Ежелден аңыз боп жеткен оқиғаны айтып берсем шерім тарқар, – деді Нияз жеті тас бейнеге қоңыр көзін тастап жанын отқа қақтағандай күйініп тұрып. – Қайғысы, кегі тарқамаған бейнені көргенде, тарғыл тастарға соғып ағып жататын өзен суын арманда кеткен арулардың көз жасындай елестетемін. Қанжұтпа тарихи кезенді мысалдап айтуға аузың бара бермейді. Өлсідің сорына тап болған сұрапыл жылдарды басынан өткерген Қият би, Қоңырақ би, Керейт би, Қалдар билердің ақылына ғана жұбанып, ерлігін ұлылап, ұлт жанын сақтаған ғой. Маңғытай би бірде: «Ей, Қалдар би, орманың – қорған, құсың – кептер, қиғыр қылышың жаудың желкесін қисын», – депті деседі шежіреде (Мәрвәров Ф. Иске. «Құтау авылы тарихы». – 2010, №8. – 199-205-бб.). Сол айтқандай, орманымыз қаншама ғасырлардан бері халықты асырады, қиғыр қылыш жауды қорғады, кептеріміз тыныштық тіледі. Жеті қыздың тас мүсініне де кептерлер ұшып, қонып «тіріл, жер басып жүріп ұрпағыңды еркелет, аяулы арманыңды орында, тіріл!» дейтіндей сезінесің.

– Ақыл кені – биіміз де ортақ, тірлігіміз терең тамыр тартқан елдігіміз де ортақ, «Қозы Көрпеш – Баян

сұлу» және басқа жырымыз да ортақ, алғыр ойлы Алдар көсе де башқұрт тілінде сөйлеп, әлсізді жарылқап жүр, қайғы, мұңды тарихымыз да ортақ екен-ау, ендеше пенделер бес күндік өмірін түсінбей, не үшін қырқысады? Күн сәулесін, түн нұрын бірге жұтып, суын бірге ішіп, зілді ашу, қырғын қақтығыс байлыққа құнығудан ба? – астарлы ойын сұрақпен тастаған жазушы аз кідіріп, ойланып қалды. – Дүлей үстемсігендердің ақылы миында емес, ақиған көзінде тұрып, байлық, мал-мүлікті олжалауға итше ырылдасып таласпай ма? Орынбор губерниясын Неплюев басқарғанда мұсылмандарды діннен бездіріп шоқындыруды мақсат етті. Оның бұл сөзінен Әбілқайыр да шошып, ырқына көнбегені ажалына себеп болды. Ол – ол ма, әскерилері шекаралық елді тонап, әлсіздерді өлтіріп тыныштық бермеді. Айта кетелік, шекаралық жерлерде қазақтар мекен етті, 1726 жылғы есепте 60 мың табын, 45 мың тама руы, орталықтарда қыпшақтар, арғын, қоңырат, қырғыздар қоныстанған. Бәрінде де соғыс қарулары жоқ, тыныш өмір сүруді мақсат еткен халық қой. Оны Ресей солдаттары болсын, Дутовтың бандылары болсын, бәрі жақсы біледі де өрт, барымта, қырып салу халықтың зәре-құтын қашырады, ойда-жоқта тұтқиылдан шауып ойрандап кетеді. Үйір-үйір жылқыларын жауы қуып бара жатқанда ерлер атқа қонып малын қайтаруға соғыс салады. Осы кезде жаудың екінші тобы елді тонайды, әйелдерді зорлайды, алтын, күмістен істелген қымбат мүліктерін тартып алады, қарсыласқанын өлтіреді, қыздарын құлдыққа әкетуге, сатып олжаға кенелуге жанталасады. Қан төгіп, қара жамылдырған ойранда қолға түскен жеті қыз арым – жанымның садақасы, ұлтымды, дінімді сатқанша жер басып жүрмейін деп жаудың қапысын тауып тау-тастардан секіріп қашап, ақыры жетеуі де құздан құлап өліпті деседі. Адамдардың зар-мұңын осынша ғасырлардан бері көтерген шыңырау ессіз, тау шыңы ессіз, тіл қатпайтын таудан аққан Қараеділ өзені құлым жаудың дегенін орындағандай арлы, намысты башқұрт қыздарын дөңбекшіген тастармен қоса қара тереңге батырып ел аузында Қараеділ атанса керек, жазықсыздардың жанын ақ құстай көкте қалықтап, мұң-шерін талай ғасырларға аңыз ғып жеткізгендей болады. Ақ құстар әні сызылып:

«Біз басқа өмірде, мәңгілік мекенімізде бақытты болдық» дегендей егіле ме, өзгені жұбата ма, кегін жеткізіп, өзен толқындарына сырын аша ма? Аспан ашық, мылтық үні өшкен, тыныштық, оған құрмет те ерек, сый бөлек, қорқыныш тарқаған... қуаныш қалың. Ақ құстар тау құздарын айналып ұшып: «Дүниедегі арын сатпайтын, діні, ділі, тіліне берік болған біздерміз, ұлылықтың жаны біздің кеудемізде, кісілік санам жоғары, айуаннан да жаман зұлымдықтың жолын кестім, жерге қаратып түңілдірдім, ерлік мәңгілік деп бетіне түкірдім» дейтіндей, жаның жай таппай жүрегің дөңбекшиді. Шаттығынан мұны көп, әлсіздердің құны жоқ, тыныс алар түрі жоқ сұрапыл кезең өткен-ді.

Сол оқиғалардан бері қаншама жылдар, қаншама ғасырлар құйындатып кетсе де, башқұртша жазылған Айһылыу (Айсұлу), Көкһылыу (Күнсұлу), Таңсупан (Таңсұлу) атаулары ұлттың киелі, қасиетті, ерлікті ұмытпайтын есімдерге айналып, жеті қыздың тас мүсіні башқұрт халқы әйелдерінің моральдық кодексіндей ардақ тұтылады. Аңыз шындығының маңызы сол – қалың жұрт алдында ұлт ұлылығын танытып, есімдерін жадында сақтап, зор даңқты ойыңа оралтып, мың рет өліп тірлік еткеннен, арлылықпен бір рет өлудің құндылығын танытады деп ризалық білдіресің. Отанын, халқын сүйетін әрбір адам, алдымен аналар туралы, олардың мұң-мұқтажы, қайғы-шері, өткен өмірінің, бүгінгі тірлігінің оқиғалары туралы есінен шығармаса, қайдағы бір кездейсоқ жамандықтан, аласұратын зұлымдықтан көкірегін тазалап, өзің үшін емес, өзгенің бақытын ашуға қызмет етсең, қалың көп есіміңді ардақтап, басына көтеріп мадақтап, өлімді ерлік жеңеді деп ұлықтар еді. Небір қаскөйлерді біртіндеп жұлып тастар еді. Қаһары қайтпайтын ерліктің жұлдыз боп жанып тұрарын түсінесің. «Адамды жұлдыз басқарады, жұлдыздарды Құдай басқарады» дейді екен ежелгі нақылда. Рас шығар бәрі де.

– Арман әлеміне тарихтың құнды оқиғаларынан бастап жақсылық жолында құрбан болсаң да өкініші жоқ деседі, сосын тағдырдың жазуына не шара деп жұбанамыз, – деді жазушы Нияз ойын жалғап. – Жер бетіндегі адамдардың бақыты, шемен шерлі аналардың қолын жақсылыққа

жеткізуден басталса, ізінді бағып, тіміскілейтін жауыздық болмас еді... Пенденің ертеңі болжаусыз, бүгінде өкініш болмай тұрмайды.

Бір сәт жеті қыз мүсіні «ұлымның ар-намысы үшін жаным садақа!» дегендей, ақ құс ақша бұлт арасынан саңқылдап үн қатқандай еді. Тас мүсіндер маңында ұшып-қонып жүрген кептерлер қыз бейнелеріне табынғандай әсер қалдырды... Еркіндікке ұмсынған тас мүсіндер...

## АРМАНЫ БОЛҒАН АЗАТТЫҚ

Башқұрт тарихында ислам діні 922 жылы қабылдана бастаған екен. Одан кейін діні мен ділін, тілін қалпынша жүргізуде Алтын Орда хандығы елеулі кезең болса, осы кезде қалың көптің арасында христиан діні, оған жалғаса католик діндері өз уағыздарын жүргізе бастаған. Өзбек хан тұсында, 1320 жылдары, Орал өңірінде ислам діні өркен жайған. 1788 жылы Уфада Мұхамеджан Хұсайыновтың басшылығымен өңірдегі өзге дін өкілдерімен татулық, елдің іргесі беріктігі, дін, тіл бостандығы, адамдардың тірлігін сақтау мәселесі қозғала бастайды. Елдің ризығы мен тыныштығын ойлап, бірлік қана халықтың арманына бастар жол деп түсінген ерлер Қазан төңкерісіне де түсіністікпен қарап, майданда түрлі ұлттармен бірге қарсыласымен қақтығысқа, соғысқа қарсы тұра білді. Солардың бірі – Бақтыгерей Шафеев. Иманқұлов елді мекенінде 1897 жылы дүниеге келген ол екі сыныптық орыс мектебінен білім алады. Одан кейін өндіріс училищесін бітіріп Орынбордағы «Хусейн» медресесінен сауаттанып шығады. Осы білім ордаларында жүріп социал-демократиялық үйірмелерге қатысып, оны басқарумен шұғылданады. 1914 жылы Қазан қаласындағы медициналық университетке оқуға түсіп, онда да студенттер арасында бірен-саран революциялық қозғалыстар ұйымдастырады. Университетті бітірген соң 1917 жылы Орынбор қаласына келіп, большевиктермен қоян-қолтық жұмыс істей бастайды. Башқұрттар мен татарлар арасында большевик партиясын айқын азаттық жолы деп түсіндіреді. Башқұрттар мен татарлардың Ұлттық қызыл армиясы отрядын басқарады. Олар революцияның жауы Дутовтың

армиясын талқандауға қатысады. Орынборды Дутовтың армиясынан азат етіп, қалада мұсылмандардың әскери-революциялық отряды құрылады, оны оны Бақтыгерей Шафеев басқарады. Одан кейін уақытша Башқұртстан революциялық кеңесі құрылып, оған да Бақтыгерей жетекшілік етеді. Қалың көпті соңына ерте білген Шафеевтің басшылығымен Башқұртстан автономиясының негізі қаланады. Ол елдің «Башқұрт Кеңес Республикасы» атауын сұрап, 1918 жылы 27 наурызда Мәскеуге делегаттарын жібереді. Жоба бойынша мұсылман комиссариатын құру болса. Азамат соғысы басталысымен комиссариат мүшелері ақтардың армиясымен күреске аттанады. Осы кезде Орынбор комитетіне жау шебінде халықты ақтарға, шетел интервенттеріне қарсы күреске жұмылдыру тапсырылады. 1918 жылдың тамыз айында Бақтыгерей Шафеевті Дутовтың қарақшылары қолға түсіріп, атып өлтіреді. Сөйтіп, башқұрт халқы азаттықты армандаған азаматынан айырылды, бірақ тарихта есімі қалды (М. Габдуллин. ГАОО, ф.р. 1, оп. 1,9.1. л. 5: ф.р. 2418, оп.1. д. 11. л. 14). Газет «Башкуртстан» от 1 марта 1918 г. №1. Р.М. Рахимов. Образование Башкирской АССР. – Москва, 1952 г. Журнал «Әдеби Башкортстан», №2, 1956 г. – С. 57. и №3. 1957 г. – С. 71)» деген дерекпен тізімделген (Автор М. Габдуллиннің мұрағаттағы дерек, дәйегіне қиянат жасаған жоқ – Т.Қ.).

Талайды өлімнен құтқарып, бақытты тірлік кешуді бүгінгі ұрпаққа қалдырып, өздері қан кешіп, азап арқалап, жауына қайсарлықпен төтеп беріп, жерін, елін қорғап, бүгінде олар төбе басында төмпешік болып қалса да, рухы ұрпақтарға жалғасқан. Өлімге басын тіккен башқұрт ерлері талай қақтығыс, талай соғыста жаудан кек алуға ант етті, сертін орындады. Бүгінгі тыныштық өмірді болжады. Өлемін деп өкінген жоқ. Өлтірді жауын, қорғады елін, өзі де өлді, дерегін бүгінгілер мұрағаттан табады. Ерлердің төгілген қанының құны – бейбіт өмір, бүгінгі ұрпақтың бақыты...

*Астана – Уфа – Астана.  
2016 жыл, қаңтар*

## КИІЗБАС

Бұл оны білетіндердің сыбырлап айтатын лақап есімі. Ешкім әзірге жария ете алмайды, орынтағы, билігі және байлығы жетерлік. Дегенмен оқта-текте лақап атын құлағы шалса да, түсіне қоймайды. Шығайда біреуге не айтылмайды? Жұрт сүйген ұлын «шұнағым» деп те жағарды. Халық ат қоюға шебер. Ерте, ерте, ертеде Орал өңіріндегі «Тіке би» атанған Алдардың ауылынан келген айтқыш жүгініп отырып: «Балаңның аты Демесін, аз алса аз екен демесін, көп алса көп болды-ау демесін. Елден алудай алсын, берудей бермесін. Қолы ашық, мырзалық жараспайды, ондайлар төбесін көрмесін. Жұрт соңында жүрмесін, білімді болсын, елін билесін. Арлы боламын деп, жарлы болып жүрмесін. Орынсыз күлмесін, күлсе сұрамсақтарға беріп қояды, әлсіздігін біліп қояды» деп бата беріп аттандырыпты деседі. Бертінде тың игерудің дүрілдеген дүрмегінде, байтақ дала түренмен қопарылып, адам айтқысыз көп техниканың гүрілінде, үнге үн қосып, механизаторлық білім алды. Ұлағатты ұстаз, елге өнегелі атанған Зейнелге мағыналы сөзі ме, өткір көзі ме, әлде белсенді мінезі ұнады ма, түрлі билікке араластырды. Комсомол хатшысы атанды, мінбелерден тақылдап сөйлей бастады.

Өмір техниканың қисық-қисық коленвалы сықылды. Мезгіл-мезгіл майламасаң, бір темірді бір темір қажап тастайды да, тозады... «Саясат мотор уақыттан зырлап озады» деген сықылды теңеу тапқыш-ақ. Мінезімен басшылыққа жаққыш-ақ. Сосын Демесінді қолтығынан демеп үміт күтушілер жетіп жатты. Сөзіне құлақ салады, жағымды, абыройлы алымды болды. Біреулердей божырап аузына сөз түспей тұрмайды. Және жөнімен саясатқа сыйыстырып, көсем сөздерін қиыстырып, жиындарда жағы сембейтіндей еді. Әдемі жымиғаны да ашаң жүзіне жарасады.

Тракторда қанша вольт бар десе, көбісі дөп баспай адасады. Демесін тоқсан мың деп дәл айтады. Кім санап қойыпты? Сонымен, аңсаған арманындай техникалық білімді меңгеріп шықты. Бірақ техникаға отырған жоқ,

орынтаққа қонжиды. Ұстаздан шәкірт озып, маман атанды. Жиындарда шешен, жастарды басқаруда көсемдік көрсетті.

– Демесін дұрыс айтады.

– Бір сөзі де қате емес, коммунизмді көріп тұрғандай дәлелдейді.

– Білгір екен. Облыстық мінбелерден сөйлесін.

– Аман жүрсе алысқа сілтейді, миы алғыр, – деп кеу-кеулеген қошаметпен араға біраз жылдар салғасын аудандық жастарға жетекшілік етті. Одан кейін Кеңесте, бірте-бірте партия комитетінде лайықты орынтақ дайын тұрды. Искерлігімен саясаттың алды-артын болжап, үстемдіктің жөнсізін де қорғап, бірін алдап, бірін арбап, қызыл тілін жалдап, алар жерінде алып, берер жерінде беріп, ой-хой, коммунистік қызу өмірде қызынып жүріп жатты. Қадірлесін қанаттыға қақтырған жоқ. Қолынан келгенінше жақсылармен жағындырып, жамандарды табындырып, жалғыз жүріп жол таппай, көппен бірге тарттық алға десті. «Ұшқан құста да тамақ бар, орынтақта бал ұстадың екен, ең болмаса жалап қал» деген ауыл айтқышының сөзін көкірегіне түйіп жүрді. Төбеге шығып төрледі, қолдаушысы мықты ерледі, үздіксіз өсіп-өрледі. Қызыл-жасылды қоғамның белсендісіне лайықты атанды. «Жолдастар, көсем жасасын!» деп өзі айтатын коленвалды тоздырмау үшін майлап тұруды, биліктің аузын алуға берерін сайлап тұрудың түрлі қисық-қисық жолын қатесіз меңгеріп, басшылыққа еті үйренді. Дабыр-дүбірдің қайнаған ортасында жүріп бағасын ойып алды. Тірлік жәрмеңкесінде түрлі-түрлі шаруасы тірелгендердің көп бергенін көпсінген жоқ. Ала білетін адам өз қолымен емес, өзімсінген жалғыз-жарым жүрек жұтқан жағымпаздары арқылы алатын құпияны иісшіл ит те аша алмайды. «Онысы неге?» деп таңданбаңыз. «Біреудің қолымен от көсесең, өзіңнің қолың күймейді» деген қағиданы білмейтін ақымақ емес қой...

Бүгінде шіренген шенеунік болсын, министрдің өзі болсын, ым қақса, заңсыз істі де заңды деп қол қойып, мөр басытын орынбасарлары бар емес пе? Қырғыздарда «Өзің биікте тұрсаң, ытқытқан тасың алысқа түседі» дегенді ұқпайтын



болса, орынтақтың қадірі кетті дей бер. Әсіресе, төменгі лауазым иесінен жоғарылап, түрлі айла-амалды біліп жетілген Демесін абыройына шаң жұқтырар ма? Алмаса жүрегі тастай қатады, пара бермейтінді туғаны болса да қабағымен атады. Кейбіреулер кінә Демесіннен емес, есігін күзететін, бетінің бәрі мұрын сықылды қу жақ, иісшіл иттей, қалтаңда не барын сезіп тұратын көмекші Байрат та пәле шығар дейді. Дей берсін, құныққанды жыныққан табады. Ізін жасырып қалады. Сосын да болар, жұрттың: «Жарайсың, шенеунік судан шыққан су тышқандай тап-таза орынтағынан кетсе де, басқа бір жайлы орынға жайғасыпты. Миллиондаған қаржысын, түгел байлығын аман сақтау жағын ойласыпты, милы екен, жемқорлық та шеберлікке байланысты. Оу, Кеңес үкіметі құлағанда инвенциялық купонмен айналысыпты, аудандардың мал-мүлкін тонаушыларды басқарыпты», – деген сыпсың сөзін кім елеп жатыр? Ебін тауып електен де су тамызбайтын амал-айласы бір басына жетіп, сыбайластарының пайдасына өтіп жатыр. Айла болмаса, Демесіндер парадан да қолын тартар еді, арам іске көңілім соқпайды деп айтар еді. Бүгінде лауазым иесіне жақын-жуықтар телефон шалмай тұрмайды. Кейде параны телефон арқылы алады. Ғылым дамыды, ақпараттық технология шарықтау шегіне жетті. Түрлі қылмысты ғылыми негізде жүргізуге қол жетті. Нанбайсыз ба? Айталық, дүниежүзінде хакерлер 500 миллиард долларды қағып түссе де, қақалмайтын жолын тапты. Жемқорлықтың жаңа түрі ешбір заңға бас имейді. Көзге көрінбейді, ізі білінбейді, отқа күймейді, суға батпайды. Қоғамның жанды жерін жалмап тынады. Бұл пара берудің бүгінгі заманғы техникалық өрлеуіндегі қилы-қилы құпия жолы дамып, алмайтынды да алып жатыр. Айтпақшы, бұдан алты-жеті жыл бұрын елімізде 19 миллиард теңгені жемқорлар құмға сіңген судай етсе, Ресейде 36 миллиард доллар ұрланды деп жар салып жатты. Аузын апса көмекейден сөзбен бірге ақша көрінетін кезеңде осылай қоғам денесіне жегі құрт боп түсті. Сонда Бергішбай да, Алғышбай да заң қармағына ілікпей, тақтан да таймайды, бақ құсы да ұшпайды, қызметін өлердей сүйіп істейтін кадр деген мақтау, абыройын сақтайды.

Қара түнек көкіректе нендей сыр барын көріпкел де таппайды. Бірақ біздің Демесін бір жетіде оңай олжа таппаса, жүзіндегі ызбары әлгі емін-еркін кіріп-шығып жүретін жемтіктесін де састырып тастайды.

Бірде сырласы туысына үй салуға жер керектігін айтып еді.

– Қанша алдың? – деп шақ етті Демесін.

– Соғыс ардагері, алғыс айтады.

– Алғыс екіге бөлінбейді. Қанша алдың?

– Алмадым.

– Бара бер, жер жоқ, – деді сазарып.

Өз-өзінен күйіп-пісіп: «Дүние не болып барады, жұртың бәрі шаруасы түспейтіндей байып кетті ме? Оу, тегін дейтіні несі?» деп ойланады. Қайтеді, миллиондардың өспегеніне іші күйеді тағы. Пара алып көрмегендер оны қайдан білсін? Аранның әбжыландай ашылуының өзі қызық. Жанына жайлы, алыс-берістің тоқтау таппайтынын аңғарудың өзі сәттілік. Құлқын көкірекке оттай жалын беріп жігерлендіреді. Ертеде баукеспе ұрылар ұрлайтын ештеңе таппаса туыс-туғанын тонайды деуші еді. Демесін ұры емес қой. «Лауазым иесінің аса шалқуы – табысына мастануы» деп көңілін демдейді. Демесіннің мінезі бірбеткей, алыс-берісті құрметтей біледі. Өйткені үйреніскеннен алады, қызметін, тапсырысын да мүлтіксіз орындайды. Береген беріп болмаса ішкен асы бойына сіңбейтіні де бар. Орынтағының да құпия шығыны аз емес. Сол кеткен есесін елден қайтармаса, тыншу таппайды. Ашкөздің бүкпелеуі содан, алымның қызығынан қайтіп қағылады. Алғанын бермейтін сорлы да емес. Елге сіңірген еңбегі, мінбелерден сөйлеген жұмсақ сөзі де білініп қалады. Сосын жұрт көзімен көріп, қолымен ұстамағасын жемқор, парақор дей алмайды. Сыбайластарынан өлсе де сөз шықпайды. Айтпақшы, біреулер жемқорлық Кеңес үкіметі құлағасын басталды дейді. Онысы бекер. Адам жер бетінде өмір сүргелі, тіпті одан бергі 1852 жылы Орал өңірінде байланыс бөлімін басқарған, жемқор, парақормен күрескен «Тіке би» атанған Алдар да тоқтата алмаған. «Параны берушіге де, алушыға да және оларға дәнекер болған адамға да Алланың лағынеті болсын» деген хадисте

о дүниеде жазан ауыр болады десе де, қылмыскер қара тастай қатып, міз бақпай, шайтанға қолын артып тарта берген. Қоғам тауқыметі, жын-шайтан иектегендерге күш жетпес деп Алдар да, иманы күймеген халық та түңілген шығар. Сонда бұл ғасырдан-ғасыр асып бізге жеткен ем қонбайтын індет пе деп іштей мүжілерсің. Оған Демесін Жағындықовтың қылшығы да қисаймас. Пенде қызық, мақтайтындар да табылады, біреуді даттайтындар да табылады. Бәрі дәрменсіздікпен тынады. Жемқордың өңешінен өткен байлық заңды болып шығады. Алуан ұсқын теңселе басып жүріп, айла-амалды сан құбылтып, берерін беріп, су жұқпастай сытылып, жазықсыздай бой тасалап, айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылып тұрады. Бүгінгі «тура би» деп сенерің – «Нұр Отан» партиясы талай шенеуніктің жемқорлығын анықтап, жазалап жатыр.

Естерінде болсын, біздің Демесінде құжаттары бойынша байлық жоқ, бар болса да туыс-туғандарының есебінде. Кәне, кінәлап көр? Құрметті оқушы! «Киізбас деп неге лақап ат қойылды?» деп түсінбей қалдыңыз ба? Киіз білектің күшімен бабында ұйысып басылған соң оны өткір пышақпен бір қабатын шаққа кесер едің. Төрт қабат киізге оқ өтпейді. Сол сықылды киіздей ұйысқан сыбайлас жемқорлардың, әсіресе лауазым иелері өліспей беріспейтінін көрсетіп тастады. Олар орынтағынан жоғарылап өсуі керек, не столында жүрек талмасымен өлуі керек. «Қылмыссыз қоғам орнатамыз!» деу басталғалы төніп тұрған заң тармағынан азап тақай берсе де, жемқордың меселі қайтар түрі жоқ. Жан-жағын көзбен шолып дем беретін «шатырға» біте қайнасып, бүкіл болмысы алымсақтың амалын жаңартып, орынбасарларына билік берген сыңайлы. Киізбастардың түлкібұлтағы, міне, осындай. Заң орындары айналасы аз уақытта бір жарым мыңдай қылмыс тіркелді десе, оның біразы сыбайлас жемқорлық деп түсініңіз. «Бұзауды ұрлаған өгізді де ұрлайды» деген сол. Киізбастардың қимылы немен тынар екен?.. Ел айтқыштарының сайқымазаққа толы лақап атының өзі тірідей өлтіретін ауыр жаза. Өйткені өзі ғана емес, ұрпағының бетіне басылатын қара күйе тәрізді.

\* \* \*

– «Әкім – халқына жақын» деп баспасөздерде ана жылдары қуана жазып еді. Кейін әкімнің басты мәселесі жемқорлыққа жақын болғасын, ләм-мим демейтін болды, – дейді Шаруабай. – Кедейлерден байлардың құмары артық, бүйрегі жемқорлыққа тұрар тартып, ар-намысты жіберер сатып... Жүргенін көресің қылмысқа батып...

– Байығаннан ақыл сұрама, оған мұңыңды шағып жылама. Жүз әкімнің екі-үшеуі жемқор атанса, бір құмалақ бір қарын майды шірітпей тұра ма? Халықтан бөлініп, есігінен күзетші әдейі кіргізбей қойса, ондай шенеунік елге қызмет етіп оңа ма? – дейді Жұмысшыбай. – Жеті атасына жетерлік байлық жинаса да, баратын даңғыл жолы о дүние екенін «киізбастар» ұғар ма? Барлық пәле шарқаттан, шарқаттың күйін тарқатқан деп желкеге мінген жемқор, парақорлар әлсіздердің көз жасына шомылғандай көрінеді.

– Оларға қиядан төгілгендей халықтық қиқу үзілмесе ықтиярсыз статъяны мойындар, қоғамда тазалық орнаса ұлан-асыр тойың бар... Қылмыскерге лағнет айтып қойындар, – дейді Құрылысшыбай.

Ей, жан азабы тағы...

\* \* \*

Кеңес үкіметінде адалмын деп айлық алып, ретін тауып медаль, орден алып, игілік үшін деп орынтаққа жайғасқандар кеңсеге әдеппен кіреді. Бірінің кемшілігін бірі бетіне баспай, қоғам дәулетін орынсыз шашпай, бүкпесіз сөйлегендей, билік тізгініне қолы жеткені өзгелердің жай-күйін онша ұқпай, қызметіне іші пыспай, заң-зәкүнді ойша пысықтап отырушы еді. Қоғамдық көзқараста көбіне ұрыны ұры, сұмды сұм, қаныпезді қаныпез деудің де көрсеткіштік құпия жобасы бар. Қылмыс жетіп жатса да қара сандықта белгісіз күйде жарияланбай қалатыны бар. Өйткені социализм адамдары әлемде ерекше адалдығымен көрінуге тиісті. Сондай зор

міндеттерді атқаратындардың қатарында соттың орны ерек. Жұрт сотты қателіксіз деп ойлауы да мүмкін. «Біз де періште емеспіз!» деп өздері де айтпайды.

## **ЖЫН СОҚАННАН МЫҢ СОҚАН ЖАМАН**

Әрбір таңмен ататын отырыс, жиналыс болсын жоғарыдан асығыс хабарға байланысты талқылау, жоспарлау басталады. Шақырылғандар жәй адамдар емес, сен тұр, мен атайын дейтін, қашқанды құтқармайтын, тасқанды сабағына түсіретін, сасқандардың қаққанда қанын, соққанда сөлін алып, дұрыс ойлының пікірін бұрысқа бұрып, жіліншігін зілтемірмен шағып тұрып, «күнәдан мұнтаздай емеспін, жаулық ойым бар шығар» дегізеді. Адамды жазалауға себеп табудың мың сан амалын жетік игергендердің қарайған жүректерінде кісілік қайырым мүлдем болмайтындай. Біртүрлі, ауру адамдай түрлері ұсқынсыз, бірінен бірі қылпылдап үрейленетіні де байқалады. Зәлімдік мінез жат, зәуде қажетінде бірінің жанын бірі қылышпен қиып тастайтындай обыр саясат жолында оңтайы келсе опырып тастауды бірінші міндет, борыш деп түсінеді. Тапсырыс беретін – Мәскеудің саяси бюросы, астыртын құпия істі асырып орындататын – Берия және Вышинский. Жоғарыдан төменгі буынға дейін қызыл жағалылар қандай да лимитті тікесінен тік тұрып қабылдап тезінен орындайды. Адам тағдыры өздеріне де, өзгеге де ермек, түкке тұрғысыз. Қолдарына түскендердің басы домалап, қаны шашылып терең шұңқырға түсіп жатса да аяушылық сезім болмайды. Сонымен облыстық комитеттің төтенше жиналысын басқарушы ісініп-қабынып мақтанған жоқ. Жеке басымда кемшілік болып еді деп ақталмайды. Ой-санасы көсемше болғасын сақтанған жоқ. «Әр түлкі құйрығын мақтаса, әр адам қылығын мақтайды» деген кезең солай. Партия көсемі И.В. Сталин әлемнің дамыған елдерінен елу жыл кейін қалғанымызды айтты. Оны бәрің де білесіздер. Сондықтан саяси күрестің негізгі бағыты он жылда елу жылдың жұмысын дүрілдетіп атқаруымыз керек, мемлекеттің қажеттілігін орындау аса маңызды. Көсем атап көрсетті, сенім білдірді. Сенім тірегіміз, көсем деп

соғады жүрегіміз. Демек, өндіріс орындарымыздағы жазасын өтеушілердің өлгені, еліне жазасын өтеп кеткені бар. Олардың орнын тездетіп толтыру керек. Қасымызда жүрген қылмыскерді байқамай қалатын кейде әдетіміз бар, ондайға аяушылық жоқ, қатты жазасын тартады. ВКП(б) Орталық Комитетіне қылмыскерлердің лимитін көбейтуге жазбаша хабар салдық. Одақ бойынша құпия жұмыс... айталық, арамыздағы алшаң басып жүрген «халық жауларын» тазартып, тездетіп түрмеге алудың маңызды міндеті тұр. Орталықтағы саяси бюроның мәліметі бойынша республикалар өлке, облыстар бойынша 48 000 өлгендердің орнына 57 218 адамды қылмыстық жазаға тарту бүгінгі таңда көзделіп, заңға негізделіп, күн тәртібіне қойылған. Осыған сұраныс беріп едік, ВКП(б) 1938 жылдың 31 қаңтарында қанағаттандырғанын хабарлады. Міне, күрделі іске байланысты шіркеулер мен мешіттердегі діншілдерді шұғыл тазарту керек. Өздерің білесіңдер, «Дінсіздер бесжылдығы» қаулысына сәйкес жұмысты ойдағыдай жүргізе алмай қатаң тәртіпті, екең болса да аямайтын заңды білгізе алмай, жөнсіз жалтақтап отырмыз. «Жолдастар, тездету керек» деген тапсырма көпшіліктің төбесінен жай түсіргендей болды. Бәрібір, өлтіріл, орындайсың, кешірім күтпейсің, өйткені басың екеу емес қой. Басқаша сұрақ жоқ па, ендеше жиын жабық.

Саясаттың негізгі нысанасы Одақ бойынша «халық жауларын», шетел шпиондарын, Отанға опасыздық еткендер сықылды жат пиғылдылардан күндіз-түні тазарту құйындатып жүріп жатты. Саясаттың қара дауылы қатты, халық қан теңізіне батты. Атақ-даңққа қараған жоқ, топ-тобымен, бірінен соң бірін қойша шұбыртып әкеліп түрмеге тыға бастады. Басқасы басқа, 1937-1938 жылдарда жұмысшы шаруалардың Қызыл армиясы бойынша 47 мың әскерилері, әскер басшылары – Блюхер, Тухачевский, Якир және басқалары шұғыл тексеріліп, атылып кетті. Сталин мамыр мейрамында бүлдіршінді құшағына алып түскен «Правда» газетіндегі сурет жазбасында «Болашақ жастардың бақыты үшін» десе, көп ұзамай қыздың әкесі жау атанып, атылып кетті. «Күнсіздерге күн болған, жер

жүзіне нұр болған» деп ақындар жырласа, ақылдыларда «Өз адамдарын атқан қоғам не болғаны?» деп таңданып талмаусырап, өлі түске ұрыну қайғысы қалындады. Үрей күшейді. Мемлекетті үреймен басқарудың тиімді тәсілі осылайша түпкілікті орныға бастады. Өмір мен ажал сайысқа түсті. Жоқ, социализм берекетсіздіктермен халқын мешеулікке ұрындырып, азып-озған, капитализмнен қалған үрей, зұлымдықтың жұқанасы. Капитализмде қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болғандарда өштік бар, кектену бар, өліспей беріскісі келмейтін жасырын жамандық ойлау бар. Көзге ілмеген, лақтырған таяғын әкеле алмайтын тақыр кедейлерге билік берілгенді шетел капиталистері де жақсылыққа жорып, іші жыли қойды деймісің? Сондықтан тәртіпті талап ететін чекистерді де жалған жаламен Мәскеуге хабарлаудан да кенде болмады. Қоғам мінезі шұғыл өзгерді. Әркім жанын сақтауға жанталасқан кез келді. Небір зұлымдықты көз көрді. Әкесі баласын атты, баласы әкесін атты. Бірін-бірі қаралау белең алды. Ажалдың айдау жолында екіжүзді пәлеқорлардың қырсығынан одақ бойынша 20 мың чекис қуғын-сүргінге түсіп, біразының үкімі өлім делінді. Бір ғана Орынбор облыстық басқармасы бойынша 639 қызметкер қуғындалды.

Қауіпсіз ұйқы жоқ, қауіпсіз қимыл жоқ. Түндей түнерген уақыт. Қуаныш сезімі жойылған. Айнала өлік, қарға, құзғынның жемі. Басқарма бастығы Наум Райскийден бастап, біразы бірден оққа ұшқан. Жаппай қырғынның басталуына себеп 1936 жылдың 29 қыркүйегіндегі ҚК(б)П ОК-ның саяси бюросының «Троцкийшіл-зиновьевшілдердің» революциямызға қастандығы» жайлы қаулысына орай КСРО НКВД-ның №00447 бұйрығы бойынша республикалардағы УГБ НКВД қызметінде 3-бөлім және 4-бөлімдер арасында кім адамдарды көп тұтқындады деген жарысты жариялап, халық комиссарларының бұйрығын қатаң орындауды қажет еткен. Өмір мен өлімнің бітіспес күресі басталды. Улы шеңгел талайдың өмірін өшіріп тастады. Әрбір республика, облыстарға белгіленген лимит бойынша адамдарды тұтқындауды асыра орындағандарға сыйақы, шен-шекпеннің өсуі сықылды

марапат болып тұрған. Олжа табудан, құрмет көруден кім қашады? Ешкім періште емес, пенде. Сонда Кеңес Одағының абыройы оның саясатын жүргізген ЦК-ның Бас секретары И.В. Сталиннің арқасында әлемге мәшһүр болды ма? Жұмыр жердегі тұңғыш саясат солай деуге тамыр тартып негізделеді. Дегенмен арнайы қызметін басқарған Малюта Скуратов, Николай Ежов, Берия немесе Ф. Дзержинскийлердің әлемдегі кедей халықтардың жоғынан бар жасап, болмайтынды болдырып, экономиканы ілгерілетуде түрмелерге халықтарды толтырып, адамдардың қаны, қаңқа сүйегінің үстінде жұмыр жерге белгілі мемлекетті құрды дейсің бе? Көз сал, көңіл қой тарих дерегіне, қан теңізі елестеп толқиды. Өркім әртүрлі ойлары хақ. Орынбордың болсын, басқа қалалардың болсын, НКВД-ның жер асты қараңғы, қапас бөлмелерінде «халық жаулары» деп жазықсыз атылғандардың қанының қолқа атар иісі, аруақтардың үні қанша жыл өтсе де тынышта ла қоймасын байқап көр. Революция, социализм еркіндік, тәуелсіздік, теңдік әпереді деп жанын қиғандардың төгілген қандарының үстінде шылқып, шалқып жүрген бүгінгі ұрпақтың біразы тарихынан бейхабар. Амал не? Оны-мұныға алданып көңілі көншіп, желігіп, ертеңін ойламаудың, өткенінен сабақ алмаудың аянкестігі болса, не шара? Өйткені әлі күнге жұлын-жүйкемізде орныққан, қанымызға сіңіп кеткен сүйегінді сырқыратып, миыңды талқандайтын үрей бар. Қазақта көзі қанталап, қан ішкен адам қауіпті деседі. Революцияның қанды қырғынын көргендерде ес болды деймісің? Кімнің кесірлі пәлесі екенін толық білген болса, атылар алдында «Бізде кінә жоқ, жау емеспіз, өздерің жауызсындар, мұны Сталин білсе өздеріңді құртады» деушілер аз болмаған. Әскери қолбасшы Ягоданың мұрағатта сақталған қолжазбасының түпнұсқасында, Орынбор губерниясының Төтенше комитетін басқарған Юртаевтың 1921 жылдың 26 наурызында Орталыққа телеграф арқылы жеткізген хабарында «Георг Банквинцердің тұтқындарды ұрғаны туралы үкім шығарылып, ВЧК қаулысы, губком, губисполкомның шешімі заңды делінгені қалай?» дегені айтылған. Мұндай асығыс, үстірт шешім жетерлік. «Жаусың» деу



шындыққа келмейді. Адам жанын сақтау үшін басшысын сатса да, Отанын сатпайды. Десек те, сол сұрапыл жылдарда орынборлық ФСБ-ның «Ескерткіш кітабында» 639 чекистің Отан үшін деп жүріп жазықсыз, асығыс тексеріліп, саясат үрейіне ықтап, атылып кеткені өкінішті-ақ. Одақ бойынша қаншама НКВД-ның аяулы азаматтары оққа ұшты, қуғын-сүргіннің зөбірін көрді. Атақты қанжұтпа «58» статьяның қармағына ілікті. Айта кетелік, Алаш ойшылдарының бағыт, бағдарламасын Ленин мен Сталин кеңестік заңнамаларға пайдалана білді. Жанша Досмұхамбетов дайындаған заңдылықтарының жобасы «58-10», Кеңес Одағына қарсы үгіт-насихат жұмысы, «58-11», контрреволюционер деген айып тағылып, үкім шығарудың тәртібін заңдандыру. Жаншаның заң жобасында көрініс тапқаны мұрағаттағы түпнұсқадан анықталып отыр. Демек, Ленин мен Сталин Алаш көсемдерінің бірі Жаншаны жылы қабылдап, дербес мемлекет құру идеясын мақұлдап, қар-жылай көмек ұсынып, оны Саратов қаласында тартып алуын екіжүзділік дейсің бе, әлде ойшылдардан сезіктенді дейсің бе, өздерің түсінесің. Қолға түскен қазақтарға тағылатын айып осал болған жоқ екенін мұрағат деректері анықтап отыр.

«Алаш идеясын жақтайсың, ә? Бөлек мемлекет болғыларың келеді. Шетел шпиондарымен байланыстарың қалай?» деген тексеру амалдары үзіліссіз жүргізіліп отырған. «НКВД қатарында жүрген Ш.Н. Шандыбаев не үшін айыпталды» дерсіз?

– «Алаш» партиясы болған... Оның үстіне туған-туысқандарың діншіл көрінеді. Соларды түрмеге әкелесің!

– Мен оларға діннен без деп айта алмаймын. Лениннің өзі әр ұлттың салт-санасы, тілі, ділі, діні қорғалады деген емес пе?

– Сталин діннің зиянды түрінен сақ бол деп отыр. Адал қызмет еткің келсе, – деді.

– Кенет орындалмаса жағдай өзгереді.

– Көсемнің әр сөзі көптің ойынан шықты.

– Сталин құдайшыл болмағанды айтты.

– Діншіл қазақтарды түрмеге тық. Орынбордағы мұсылмандардың үш мешітін талқанда. Бұйрық солай.

Қазір кабинетте үшеуіміз отырмыз, тапсырманы орындағың келмеді ме? Екеуіміз бірігіп дінді қорғаушы, «Алаш» мүшесі деп құжаттап өзіңді ата саламыз. Соңғы сөзіңді айт. Ойлануға біраз уақыт беріп отырмыз, шенді сыйлағандықтан. Жалпы айтқанда, жаңалықты, социализмді жақтырмайтындар бола ма?

– Әрине, болады.

– Дұшпандық ойлайтындар табыла ма?

– Неге табылмасын. Түсінік ала-құла.

– Жаңа Одақтың дамуына қастандық жасаушыны кешіруге жатпай ма?

– Жатпайды.

– Азаттықты сақтау керек пе?

– Керек. Демек, Жанша көсемдермен күдіксіз сөйлескендей болған да шығар. Бірақ пенделік алдау, арбау деген кездеспей тұра ма? Кеуде талай жұмбақты жасырады. Құлдық ұрған сайын үстемшіл басынады. Міне, Шандыбаевтың шен-шекпені, атқарған қызметіне қарамай, «Алаш» партиясы, Жаншамен байланысың болған көрінеді деп пәле жапса, қатар жүрген қаруластары ажалың бір оқ десе, не шара?

– Қазақпын, жазықсыз қантөгіс бізге жат, кінәсі кешірімсіз, тым ауыр. Діннен безсе жұрт сайқалданады, ұлт өсімі құриды. Оны кім тыңдайды? Тыңдайды дейтіндердің бәрінің де құлағы керең. Сақау мен саңырауды да тұтқындап жатқан мезгілдің опасыздығы деп тынасың. Міне, осындай қып-қысқа сұрақ-жауап Шандыбаевтың ажалын тауып береді. Тергеу жұмысында алғыр деп танылған Қ. Шаяхметовті да қыршынынан қиюға үштік себеп таба ма? Табады.

– Түзтөбе ауданындағы Ш. Есмұхамбетов молданың үйіне қонып шығыпсың. Нағашың көрінеді. Бір қой сойып үйіңе беріп жіберіпті. Мешіттің азаншысы З. Асанов, саудагер А. Хафизов дастарханда бірге болыпты. Өткен қоғамды тебірене айтып байлар өмірін жоқтапсындар. Ессіз тобырдың тұнып тұрған құпиясы бізге мәлім. Бәрін біліп отырмыз. Өзің мойында!

Үкімді оп-оңай орындаймыз... Бәлкім шындық айтып жеңілдік күтерсің.

– Туыс-туғанның үйіне бармасын деген заң жоқ қой.

– Заң бар.

– Қандай?

– Қылмыскермен сөйлесіп, Кеңес үкіметінің жұмысын бүлдіруге жоспар жасадыңдар. Әккі жаулық астыртын әрекет. Сойқанды салмақсыңдар, ә? Ондай қылмысқа жол жоқ.

– Түсінбедім, біреуді біреуге шағыстыру жөн емес қой.

«Қазақтың қазақтан алынбаған еншісі – мейманға дастархан жайып, адал дәмін ұсыну» деген сөзді айтпайды.

«Жаулардың аузын арандай ашып отырғанын білеміз. Солармен дәмдес болып ауыз жаласқаныңды мойындауға батылың жетпейді. Ондай жымысқы әрекетке жол жоқ, бір оқ жалынсын» десе, жаныңдағы қару-жарағын, киімдерін кабинеттің ішінде тартып алады. Сол қызыл жағалылардың өздерін өздері жазалап, атылғандарының көбінің үкім орындалар сәтінде «жазықсызбыз, бұл қылмыстарыңды Сталин білсе өздеріңді де өлтіреді» дегенге төзбей, кісі өлтірушінің кейбірінің жұлын-жүйкесі әділетсіздікке шыдамай, өзін атқаны да болған. Содан кейін өлім жазасын орындаушылар Мәскеуден арнайы дайындықтан өтіп, нағыз тасжүрек есебінде жұмысқа алынған. Олар келген бойда: «Маған бірінші кезекте үй, барлық жағдай керек!» деп қатаң талап қойса, өздерінің қарауында жұмыс істеп жүргендердің сәл қателігіне бола жазаға тартылып, әйелін қылмыскерлердің лагеріне жөнелтіп, балаларын жетім балалар үйіне тапсырып, үй-жайын жұмысқа жаңадан келушілерге бергені де белгілі. Мәселен, алғыр чекистердің бірі Г.Э. Цейтменді атуға үкім шығаруға да, түрмеге салуға да дәлел табылады. «Шетелдіктермен байланыста болғансың, шіркеуге барып поптармен сөйлесіп, топ құрып жүргенсің. Үкіметті жек көрдің» деп жалалап, екілік мүшелері бетпе-бет егесіп, құжаттаса жетіп жатыр.

Үкім орындалғасын әйелі «АЛЖИР» лагеріне кетеді. Жанұясының тірі қалғандары үй-мүлкін даулап ала алмайды. Мемлекет меншігіне айналған байлық қайтаруға жатпайды. Жазықсыз жаза деп ешкім қуана алмайды, адвокат іске араласпайды. Осындай қайғымен қостанайлық Цим-

перман Софья «АЛЖИР» лагерінде шерлі өмірін өткізді. Статьясы: Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген, күйеуі чекистер қатарында қызмет еткен. «Жаулық» әрекеті анықталып, жазасын тартқан. Қуғын-сүргінге ұшырап, өмірлерін қиған Одақ бойынша жиырма мың чекис десек, олардың қай-қайсысы да революциялық жолда жанын сала қызмет еткендер. Социализм теңдік, еркіндікке қол жеткізіп, қалың халықты теңдесі жоқ бақытқа жеткізеді деген үмітпен жүріп, қалайша атылып кеткенін сезінген саяси басшы жоқ. Қанға бөккен түсініксіз майдан, қара жерді қайыстырған өліктің шындығы құпия еді. Мұң-зарды үстемдік сезінбейтіні облыстық, республикалық партия басшылары, «Нағыз маркшілміз» деп төске ұратындар милициялардың үрейімен туған-туысын аямайтын нағыз жендетке айналдырудың құпия саясатын жүргізіп отырды. «Аса құпия» деп шекесіне соғылатын партия басшыларының ұсыныс-пікірлерін Мәскеу құп көріп, заңдастырып жатты.

Орынбор мұрағатында сақталған деректерде бір жылдың өзінде 82 милиция атылып, олардың әйелдері «халық жауының жары» делініп, Ақмоладағы «АЛЖИР» лагерінде азапты күндерін өткізді. Тыныштықта «милициядан байың болсын, индийский шайың болсын» десе, кейін қуғын басталғанда «Көрген күнім жылау болса, жан амандығын сұрау болса, рахат өмірге жеттім деген ойым құрысын, ағыл-тегіл жылаймын, өлікке толы маңайым» деп көз жасын төгу өз алдына, милицияның жары екенін лагерьдегілер білсе қорлап өлтіру деректері де болған. Ал милиция ұрпақтарының балалар үйіндегі ауыр тағдырын дұшпанның да басына бермесін.

– Келесі кімді жазалаймыз?

– Саспа, табылады. Адамдар аз емес, жүр ғой қалпағы қақырайып. Бірі сөзінен шырмалады, кейбірі ұры, банды туыстарын аза тұтамын деп азап тілеп алады. «Өз еркім өзімде» деп еліретіндер де болған шығар. Содан сотталып атылғаны атылып, түрмеге кеткендердің орнына Берияның дайындығынан өткен, тәртіп-тәрбиесі заң сүзгісіне лайқатты кадрлар келіп үй-жайы ыңғайлы, орынтағы дайын жұмысқа жайғасады. «Үштік» мүшелері

де, төтенше комитеттегі әскери трибунал, НКВД дейсің бе, бәрі бірінің ізін бірі бағады. Тәтті сөйлесіп тұрып қылмысты деуге сөзіңді табады. Аңсыз қадам бассаң бір аждаһа жұта салады. Шен-шекпенің, лауазымың қорған бола алмайды. Одақ айбынынан әлем шошулы. Шен-шекпенділердің жанын шүберекке түйгізіп адал жұмыс істетуі үшін қызметтес жаулардан тазартудың қанқұйлы әдіспен ың-шыңсыз жүріп жатқанын бас прокурор Вишенский білсе де іске араласпайды. Өйткені жүдеп-жадаған қалың халықты жарылқау жолында қызмет етіп жатқан республикалар, облыстық партия комитеттері бар. Олар кімнің кім екенін бақылайды, саяси басшылар орталыққа үрейлі сөзбен құпия хабарлар түсіреді. Түсініктісі, өндірісті өркендетуді шұғыл және шығынсыз жүргізеді (*Бүгінде Орынборда 7 565 кәсіпорын жұмыс істесе, олардың біразының іргетасы 1920 жылдары сотталғандардың жұмысымен қаланған. Ақмоладағы бұрынғы Одаққа танымал өндіріс орындары да, басқа республикалардағы түрлі өндірістерді қылмыскер деп жазаланғандар салған*). Кеңес үкіметіне дейін ағаш соқамен жер жыртып, талшық талқан кедейшілік меңдеткен халықты жарылқай қою оңай болды деймісің? 1922 жылы Америкадан 12 мың тракторды Жерорта теңізі арқылы жеткізіп, РКФСР мен Украинаға берсе, үлкен жетістікке жеткендей көрінген де шығар. Ал социализмде үрейлі айбар болмаса, Америка талғамай екі шайнап, бір жұтпас па еді? Социализм мен капитализмнің ұйытқыған арпалысының сарыны да түсінікті. Ешбір дәлел, айғақ болмаса да, адам қаны төгіліп жатыр деушілер де болған-ау. Әйтпесе Сталин: «Сіздер мәселені дәрекілеу қойғансыздар, сөйтіп, айқындыққа жетуге жәрдем еткенсіздер», – деп екіұштылау айтпас еді. Айқындық күрес жолында чекистер орасан мол жұмыстар атқарды. Орынбордағы мұрағат деректері бойынша қазақ елінің алғашқы астанасында 1918-1920 жылдарда Революциялық комитеттің төрағасы Әбдрахман Әйтиев болған. Қоғам қайраткері, Қазақстандық Кеңес съезін ұйымдастырушылардың бірі. Ол осы съезде Ішкі істер халық комиссариатына ұсынылып, Орынборда 1925 жылға дейін қызмет істеді, Қазақ КСР-інің бірінші

Конституциясының алғашқы авторларының бірі екен. Солай бола тұрса да, 1936 жылы «халық жауларының» қатарында аталса, не шара? Әйтиев неліктен қара тізімге ілінді? Жүрегінің түбінде «Алаш» пікірін жақтау болды ма? Ұлттың әдет-ғұрпын қасиеттеп, жаза басуға себепті білдіріп алды ма? Дерек сараң. Әр түрлі ойға қаласың. Бәлкім, «Алаш» партиясына іш тартты ма? Ұлтының аштыққа ұрынып, қатты зәбірленгенін көріп, жүрегі сезбеді деймісің. Расында, «Алаш» жиырмасыншы жылы күшпен тоқтатылса да, ұлты қазақ болса айыптауда «Алашшыл шығарсың» деген тергеу амалдары тоқтау таппаған-ды. Кеңес Одағын құруда «Алаштың» бағыт-бағдарларына түсіністікпен қараса да, кейбір саяси соқырлар оны қылмысқа айналдырса, не дауа бар? Ол түгілі, қазақ елінің астанасын көшіруде Лениннің ауызша нұсқаулары болғандығы неге дерсіз. Бәлкім, елі елдес, қоныстары жерлес жатқан Татарстан, Башқұртстанның мұсылман халқы социализмге қауіп төндіреді деген шалақ ой болды ма? Әлде көсемдердің, олардың сөзін сөйлеушілердің қағазға түспеген кереғар пікірлерін заманында кім болжады дейсің. Қайткенде де жүрегі алашпын деп соққан Әйтиевті кінәлауға себеп көп, қарауындағы бір қазақтың шенін жоғарылатса да жетіп жатады. Ал ұлтына іш тартпайтын пенде болмайды. Тырнақ астынан кір іздеген кезде бәрі де себепке, себептікке жарайды. Коммунистердің құпия жиынында бірі «Кеңес үкіметінің идеясында аздаған кемшілік бар сықылды, идея тазалығын сақтамасақ болмайды» деуінде алашшыл пікір бар дейтіндер болмады деймісің. Қазақ ойшылдары пікірлес те болды. Оған дәлел, мұрағат дерегінде Бақыт Байменов 21 жасында ВК(б)П мүшесі атанып, отыз жасында Домбаровский аудандық кеңесінің төрағасы болып еңбек етеді. Оны 1937 жылы 26 тамызда НКВД тұтқындап, партия қатарынан шығарып атып тастайды. Тағылған басты айып – Алаш идеясын қолдап, Кеңес үкіметін құлатуға топ құрып, яғни аудандағы кеңшарларды басқаратын Ешімбетов, Темірғалиев, Айтуғанов, Нұрмағамбетов, Иманқұловтармен бірігіп, шет ел агенттерімен астыртын байланысып, мал қораларының өртенуіне, малдың шығын

болуына жол беріп, кеңшарларды құлатпақ болған. Сондай-ақ М. Багиров «халықтар әкесі» Сталинге танымал десе, Ежов пен Берияға жаға қояр ма екен? Ол Өзірбайжан ССР-ын басқаратын Г. Сұлтановпен байланысатын көрінеді және Өзбекстан, Грузия, Армения, Украина, Тәжікстанмен саудагерлік қатынасты қымсынбай, заңды елемей ұйымдастыратын көрінеді.

Ұлтаралық алаштық саяси шикілік сауда байланысын желеу етіп жаулық топ құрғысы келетінін білдік деп күйе жақса, біраз қайраткерлер өмірінен баз кешеді. Ағат кінәлау, жөнсіз айып тағып қылмыскер атандырудың жеңіл жолын жергілікті партия басшылары тауып жатса, оның бәрін бірдей Сталин біле берді дейсің бе? Орталыққа түсіп жататын телефонограммаларда жазаға тартылған адамдардың саны ғана көрсетіледі. Сондықтан барлық пәле жергілікті саяси басшылардан басталады. Олардың әрбір аудан, облыс, тіпті шағын-шағын ауылдарда көзі, құлағы, «жатыпатарлары» жазықтылары өз кінәсіне өзі күйсін, жазықсыздарды ағайын-туыстықтың бет жыртысқан кегін іште сақтап қаралап көрсетіп, ажалдарына жеткізді, түрмелерде телміртті. Бірен-саран аман келгендеріне кекесінмен күле қарап: «Ленин де түрмеде отырған дейді ғой, ештеңе емес», – деп ақыл айтқанситын. Арамзалар онымен қоймай, көлік сұраған саяси өкілге ырқ-ырқ күліп: «Сен түгілі, кеше милиция да ауданға жаяу кеткен», – деген сөз қалса, ауыл, елдің қайыршылық күйін көрсетпей ме? Соншалық артта қалған мемлекетті қайткенде де алға шығарамын деп Сталиннің қабырғасы қайыспады дейсің бе? Революция жылдарындағы киімінен басқа киімге қызықпай, айлығын да сақтық банкісіне салмай таза жүруінен маңындағылардың өзі сескеніп, адалдықтың айбатынан үрейленіп тұрмады дейсің бе? Ауыр жылдардың, жүректерді қан жылатқан таршылық кезеңді біреулері түсінді, кейбірі жанында жүріп өтірік күліп пайдаланды. Қоғам солай. Құпия қайғы ғасырларға кетті, көңілі жарым пенде зарығып күн кешті. Бұл лагерьлерде «халық жауларының» әйелдері, қарындасы, әпкесі жазасын өтеген. Атылғандардың бәрінің дерлік соңғы сөзінде «Жазықсызбын, шынайы большевик, адал ком-

мунистпін, сендердің бұл қылмыстарыңды Сталин білсе, өздеріңді құртады» деуінің жаны бар. Өйткені әрбір республика, облыс басшылары, Әскери-революциялық кеңес, Орталық Комитетке қанша адамды түрмеге салуға (лимит делінеді) сұраныс беріліп тұрған. Оны Мәскеу қанағаттандырады. Өйткені өндіріс орындарының жұмыстары жүріп жатыр. Оған адам күші керек. Лимит алынып, қылмыскерлердің бірінші, екінші категориялық саны белгілі болғасын, ОГПУ батыл іске кіріседі. Қаруға ерік береді. Саяси бюро бақылайды. Ат дегенін атады, түрмеге жап дегенін жабады, «әкем еді, ағам еді, туыс-туғаным» деп тайсақтаса, өзі жазалы. Әркімге жан қымбат, жарық дүниеге келгесін өмір сүргісі келеді. Саясаттың тегеуріні қатты, шындық айтып қасарысуға дәрмен жетпейді. Торығып зорлыққа көніп тынады. Қызыл жағалылар оқ пен оттың ортасында. Атылып кетуі де, шатылып кетуі де ықтимал. Ойылда милиция бастығы болған Құбай Берғалиев деген ағамыз қартайған әкесін түрмеге жауып қоймай ма. Сонда Керей деген ауыл айтқышы: «Милиция болуың қиын, милиция болғасын әкенді түрмеге жабу оңай болған екен. Адамды адамның сыйлағаны жақсы, бірақ қорқып сыйлағанға ештеңе тең келмейтінін ұғыпсың», – депті. Әріптестері де: «Құбеке, мұның қалай?» – десе, ол: «Үйге келсем әкем бүйірі шығып ет жеп отыр, үкімет малының еті шығар деп күдікпен түрмеге жаптым», – депті. Ал шын ойында милиция қатарына кіріп кеткен жаулық ойлыларды тазарту жүріп жатқасын, басының амандығын сақтаудың амалы болса керек. Отанның ортақ байлығын ішпей-жемей талан-таражға жол бермеуде заңдылықты сақтау жан берісумен жүріп жатты. Үрейлі кез талайдың жұлын-жүйкесін істен шығарды. Біреудің іші жау, сырты күлкі, біреудің беті жылтыр, пиғылы түлкі болатын қым-қуыт кезде ленинградтық ғалым В.П. Осипов 1926 жылы «Обозрение психиатрии, неврологии и рефлексологии» журналының №2 санындағы мақаласында «Жұлын-жүйкенің үреймен бұзылуынан ақыл-естен айырылғандар большевиктерді балағаттап жынды адамша сөйлейді. Адамдардың денсаулығым пілдей дейтіндері де үрей, қорқыныштан денсаулығы бұзылып, өмір жасы



қысқарады. Қазан революциясы бүкіл халықтың қолын тездетіп бақытқа жеткізуді ойлады. Жұрт «Коммунизм жолында жан пидә, бүкіл өндіріс орыны, ел байлығы демократтардың қолында, жасасын социализм!» деп ұрандады. Өлшеусіз қан төгілуін көргендер шошынып қалды» деді. Оның үстіне аштық әлсіретті. Орынбордың өзінде революцияға қатысып жараланған 1 500-дей жауынгер топырақты суға қайнатып, суын ішіп жан сақтаса, аштық жылдарында кейбір қазақ әйелдері адал шөптен отыздан астам түрлі ас дайындап, жанұясын аман алып қалған екен. Ал қуғын-сүргінде жазықсыздардың жапа шегуін көрген орыс ғалымы Иван Петрович Павлов халықты жаппай жазалауға қарсылық білдірген хатын тарих ұмытпайды. Рас, ойлылар, ғалымдар, ұлы тұлғалар қосақ арасында босқа күйіп қуғынға ұшырағанын жақсы білгендіктен айтқаны болар. Өйткені медицина ғылымының кандидаты, төрт баланың әкесі И.В. Савельев мекеме басшысын мазақтап, алдамшы үміт иесі деп сөйлегені үшін «жұлын-жүйкесі шатасқан, қоғамға қауіпті» деп жындыханаға жапқан. Сол аурухананың бас дәрігері артына қайырып, байлаған қолын шешіп тұрып: «Сіз түсініңіз, парткомның телефон шылдыры өзіңді осында еріксіз әкелді. Оларға қарсылықты кім көрсете алады, жүрек жұтқан емеспіз, жанымыз қымбат, өмір сүргіміз келеді», – деген сөзі «демократпыз» деп билік басында отырғандарға жындыхана қызмет ететінін дәлелдейді. Ал Э.П. Кабардина «Жұлын-жүйкесі ауытқыған, білімсіз надан, қара ниетті кейбір мекеме басшылары арамызда бар» деп радиодан сөйлеген сөзі үшін жындыханаға түседі. Эмма Павловна деген дәрігер де жындыханаға түсіп, одан қашып шығады. Оны әскери күйеуі үрейлі топтан жасырып ұстайды. Міне, қуғын-сүргіннің қолдан ұйымдастырылып, билік басындағылардың халықты бет қаратпай ұстауынан медицина мамандарының талайы зәбір көрген. Қостанай облысының жұлын-жүйке ауруханасының бас дәрігері болған білгір ғалым Б.О. Нарзуқаев өз жұмысына салақ қараған медбикені жұмыстан шығарады. Ол облыс басшысына шағымданады. «Ұлты шешен болғасын қол астындағы бағынышты орыс тілділерді жек көреді, зәбірлейді» деп

пәлелейді. Нарзуқаев елден қуылады. Міне, тоталитарлық сүргін салған үрейді кейбір партия басшылары қатты пайдалана білді. Тырнақ астынан кір табылса, түрме бос болмаса жындыханаға жауып жатты. Партия басшыларын биік билікке қолын жеткізерде жұлын-жүйкесін тексеруден өткізуді ұсынған, осы тақырыпта 190 еңбек жазған В.П. Осипов екі рет Ленин орденімен наградталып, 1933 жылы РКФСР-дың ғылымға еңбегі сіңген қайраткері атаныпты. Расында кеңестік дәрігерлер түрмелер мен концлагерлердегі тұтқындарға адал қызмет етіп, олардың еңбекке қабілетті болуына еңбек сіңірген де болар. Ал жындыхананы сол кезден бастап партия басшылары өздеріне жақпаған, сын айтқан, білгірлігі артық кадрларды өлтіргісі келсе немесе азаптағысы келсе жұлын-жүйке диспансерлерінің басшыларына телефон шылдырын білдіре қояды. Одан кейін өлесің бе, мүгедек боласың ба, оны дәрігердің қабілеті, дәрі-дәрмек түрінің қуаты шешеді. Осылай сүргін алапат партия ұйымдарынан басталатынына дерек жетеді. мысалы, 1938 жылдың ақпанында Харьков облысы партия комитетінің басшысы Ежовқа жазылған «Облысымызда Кеңес үкіметін жек көретін халық жаулары азаймай отыр. Сондықтан жат пиғылдыларды тездетіп арамыздан аластату үшін қосымша 8000 адамға, оның бірінші категориясына 3000, екінші категориясына 5000 адамға шұғыл түрде лимит керек» деген сұраныс хат нені көрсетеді? Бұл түрмедегілердің ауру-сырқау, мүгедек болып, өлім халіне жетіп, жұмысқа жарамсыздарының атылып кеткенін, енді өндірістерде жұмыс істеуге дені сау адамдармен толықтыруды көздегені шындық. Осы 1938 жылы Мәскеу және Мәскеу облысының УНКВД-сы ауруханасындағы мыңға тарта мүгедектерді атып тастағаны құжатта тұр. Қоғамның бір тиынын тиімді пайдаланып, бір үзім нанды еңбек сіңіріп жеп, яғни Кеңес үкіметін он жылда әлемнің озық елдерінің қатарына қосу деген Сталиннің саясатын жүзеге асыруда қызыл жағалылардың өлген-тірілгеніне қарамай құлшынып қызмет еткені анық. Әкесі баласын атты, баласы әкесін атты, саясаттың қанжұтпа ойыны тырп еткізбеді. Жаулық ойлы жоқ дей алмайсың. Бір-бірінің түріне сезікпен

қарайды, кімді атуды, жазалауды көздейтін саясаткер жанында жүр. Айналыра бастаса алып ұрады, аңсыз айтқан сөзіңнен де тұтыласың. Қызыл кеңірдек болып шындық үшін айтысуға құқың жоқ. Үнсіз мойындау, тұншығып тыну, әйтпесе жаза басқаның. Расында, түрлі қылмыскер қай қоғамда да болған. Бірақ жазықсыздар жазаланып жатқанына Ежовтың да, Берияның да қабырғасы қайысып қайғыра қойған жоқ. Себебі жергілікті жердегі әділетсіздікті, қырғынды көзімен көрмеді, жазба деректерде жазаланғандардың саны ғана белгілі. Үрейлі кездің басы қайсы, аяғы немен тынады? О да түсініксіз. Анығы, өндіріс орындарына тегін жұмыс қолы керек. Болашақтың ісінен титтей де қарсылық көрсетуге болмайды. Сондықтан қапыда қолға түстің бе, қылмыскер атанасың. Мойның үзілгенше мойнына қиып салатын тәсіл де, амал да жетеді. Кейін жазанды өтеп шығып есің түзеле қалса, өзіңнің сөзіңе өзің нанбай, естен тануды қаперіңе алмай, жер басып аман жүргеніңе қайран қаласың. Сұғын қадаған суық бейне түсіңе енсе шошисың. Кім қалай қылмыскер, Отанға қауіпті атанды? Оны ешкім екшеп саралауға уақыт таппады. «Барлығы да социализмнің гүлденуі жолындағы жарыстың үдеуімен» саяси бағаланып жатты. Сталин ұлы өркендеу жолында адам шығыны болады деп түсінді, жанындағылар да қуғын-сүргіннің алапатынан нақты хабар берді деймісің. Атылған ұлы тұлғалардың да атын атап жатпайтын болар. Адам – шыбын. Тірлікке қонды, қаққышпен өлтіре салды. Сұрауы жоқ. Адам – шаң-тозаң, үріп жіберді, ұшып кетеді. Оны үстемдік иесі де, оны қолдаушылары да елең қылмайды. Түрлі құжаттар құпия. Қан ұйыған жанарлар қилы-қилы құпияны жасыра алады. Омбы, Орынбор облыстарындағы партия чекистердің өтінішін ЦК ВКП(б) мақұлдап, «1937 жылы бірінші категория бойынша Омбы облысынан 8000, Орынбор облысынан 3500 адамды тұтқындап, бандылардан, халық жауларынан тазартуға келісім береді» делінген телефонограммада. Сол сияқты 1937 жылдың 22 қыркүйегінде Микоян мен Маленьков және Литвиннің ЦК ВКП(б)-ға жазған құпия хатында «Арменияда Совет үкіметіне жат жау пиғылдылар жүр. Сондықтан 700 халық жауын

атып, 1500 адамды, бірінші категориялы қылмыскерді жазаға тартсын!» делінген. Сол сықылды осы құжатта Болгариядан саяси сенімсіз деп жер аударылған 3000 адамнан 600 адам өлген. Ал шетелдіктердің бір пәлесі болмасын деп қатаң бақылауда болғаны, немістер мен австриялықтар, фашистердің қуғынымен КСРО-ға паналап келгендердің жүздегені өлсе, олардың ішінде 130 өнер қайраткерлерінің 90-ы «ГУЛаг» лагерінде қорлықпен көз жұмған. Қылмыскер делінгендерді жазалап, орынтақта отырғандардың да бедірейген бейнесі өзінің де аман жүруі қиындығынан қорқып, бетінің қаны қашып, өз-өзінен үреймен сасатындай кезі болмады деймісің. Қасындағыларға тұнжырай үнсіз қарайтынының да себебі бар болған-ау. Одақ бойынша мыңдаған чекис өмірден баз кешіп, өліп жатқаны естен шығар ма? Күн-түн қатып қиындықтардан қайтпас қайсарлықпен жұмыс істейді, сонда да саясатшыға жақпай ма? Партия басшылары: «Араларыңда жауыз ойлылар бар көрінеді. Сенікі бұрыс, менің ойым дұрыс деп таласу жөн емес. Басты міндетті түсінбеудің өзі қылмыс. Оны өздерің тауып жазаламасаңдар, біз кірісеміз. Сонда өзің де ақталып қала алмайсың» – деп баспалап айтатыны жетіп жатады. КСРО КГБ-ның орынбасары В. Пирожковтың дерегінде «1921-1930 жылдары қылмысты деп жазаланғандар 854 000 адамға жетсе, оның 143 118-і атылып кеткен». Ал Д. Волкогоновтың есебі бойынша 1937-1938 жылдары Одақ бойынша 4,5-5 миллион адам қылмысқа тартылған («Естелік кітабы». «Мемориал» қорымен бірлесіп шығарған, Ресейдің ФСБ басқармасы, Орынбор облысы, 103-б.). Осы кітапта зерттеушілер С. Максуров 1918-1949 жылдардағы соғыстарда жеңіске жету жолында адам шығыны 38-56 миллион десе, И. Дядькин 56-62 миллион аралағында болғанын айтады, А.И. Солженицын саяси қуғын-сүргіннен өлгендер 1917-1953 жылдарда 700 000 адам деп түйіндейді. КГБ-ның қолына түскен қуғын-сүргін деректері бойынша 1935 жылдың 1 қаңтарынан 1941 жылдың 22 маусымы аралығында Одақ бойынша тұтқындалған 19 840 000 «халық жауының» 7 миллионы атылып кеткенін көрсетеді («Естелік

кітабы», 102-б). Қараңыз, 1937-1938 жылғы 17 қыркүйектегі СНК СССР және ЦК ВКП(б)-ның аса құпия қаулысы бойынша прокурорлық бақылау және тергеу жұмыстарында шпиондық, арандатушылықпен күресті жүргізудегі жетістіктермен қатар НКВД және прокуратура жұмыстарында кешірімсіз кемшіліктер болды. Сондықтан үштіктің («Тройка») үкім шығаруын тоқтатып, бұдан былай тұтқындаған адамға лұқсатты прокуратура береді деген сықылды өзгерістер жаппай қылмысты деп үштік шешімімен минөтінде түрмеге жабу бөсеңдегендей болады. Оның есесіне, 1939-1940 жылдары саяси сенімсіз ұлттар деп Батыс Украина, Беларусь, Балтық елдеріндегі немістер, қалмақ, болгар, ингуш, Қырым татарлары, қарашай, грек, курдтарды тексеріп-тергемей, сот үкімінсіз миллиондаған халықты жер аударып, өлімші етіп, азып-тозуға ұшыратты. Олардың қатарында 200 мың латыштың үштен бірі түрмеге түсіп азап шекті, бір мың эстондықтар қуғындалып, қарттары мен балалары аштан, аурудан, қорлықтан өлді. КСРО-ның Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті (Абакумов) ЦК ВКП(б)-ның қаулысы бойынша Ленинград қаласы мен Ленинград облысында «троцкийшіл-зиновьевшілдер» делініп, 1 500 адамды жер аударуға үкім шығарылды. Дүние-мүліктерінен айрылды. Тыныс алдырмаған саясат өлермендігі құтырынып өрттей жалмап жатты. Өмір мен ажал арпалысып бақты. Айта кетелік, ГУЛаг лагерінде (бастығы – генерал-полковник И. Серов) басты мақсат мемлекеттік жоспарды орындау, өндіріс орындарындағы жұмысты шапшаң жүргізу, сонда ғана лагерьлердегі НКВД қызметкерлерінің шені өседі. Түрмеге түскен неміске «фашиссің бе» десе басын шайқар, туған жері Одақ аумағында екенін де айтады ғой. Эстон болсын, латыш болсын, қаншама шетелдік лагерьде жұмыс жасайды, күн сайын тергеу, жауап алу жалғасып, адамның миын шатастырып, жұлын-жүйкені талқандап жатады. Сенімсіз ұлттар делінген 3 миллиондай тұтқын Горький автозауытында тегін жұмыс атқарған. Ал 1940-1944 жылдары «ГУЛаг» 2 миллион 550 адаммен толығып, оның біразы өліп, 900 мыңы соғысқа сұранып кетеді. Ар алдында ақталамын деумен. Буылдыр тұманданып

көрінген қатаң жазалаудың астарында мән бар-тын. Буржуазиялық, капиталистік қоғамның ұймасына әбден батып мешеуленген, адамдар өзін асыру қабілетінен айрылған, ат төбеліндей капиталистердің жемі болған бүкіл Одақ елін алға сүйреп шығару қатаң жазаны қажет етті. Басқадай жол көрінбесе, жылы-жылы сөйлеп зауытта жұмыс істей қой десе қай адам білегін сыбанып кірісе кететін еді? Құлдырай берсе алпауыт елдер жұтуға дайындалып, жабықтан сығалағандай болып тұрғаны және бар. Сталиннің басты мақсаты экономиканы дамытып, өндірісті өрлетудің, ағаш соқамен жер өңдеуден халықты құтқарып, әлемдегі озық елдердей өркендеуді дiттеді. Әрине, қоғам болғасын ұрлық, басбұзарлық, сұм-сұрқиялық қылмыстар болады, тексеру кезінде жазықсыздар да жапа шегеді. Ал 1953 жылғы Хрущевтің келтірген дерегінде осы лагерьде 10 миллион адам жазасын өтеді дегенді айтады. Украинаны билеп тұрғанда сұрап алған лимит бойынша миллиондаған адам жазаланды демейді, кемшілігім білініп қала ма деп сескенеді.

Пендеде мағынасыз есірік болады. Орынтаққа желпініп арындап кету ақиқаттан адастырып жатады. Даңққа шөліккегенде ыза кернейді көкіректі. Содан-ақ көп алдында түлкі мінездінің жалтаруы бар. Сотталғандардың шындығына кім жетті дейсің. Сталиннің «Өндіріс құралдары материалдық игілік өндіреді» деген қағидасы бойынша зар илесен де, көзіңнен қан ақса да жазаны өтейсің. Олардың бәрі де өлген-тірілгеніне қарамай, социалистік тапсырманы орындап, қоғамның, социалистік өндірістің өркендеуіне қызмет етті ғой (әлемнің ірі мемлекеттерінің қатарына қосылған Одақ болмаса, бүгінгі халықтың ішпесті ішіп, киместі киіп өмір сүруі екіталай болмас па еді). Тұтқындардың өндіріс шаруаларында жұмыс істеп, дамытуға жұмылдыруда адам санын толықтырып отыруда НКВД қызметкерлеріне жауапты да, қауіпті жұмыстар жүктелгені белгілі. Солай бола тұра өздері де сәл нәрседен жазаланса, түгіне түсінбейсің-ау. Обком хатшысы «Шіркеудегі поптарды ұста, тұтқында, еңбекке тарт!» десе (жазбаша тапсырыс бермейді), милиция ғасырлар бойы дінін сақтаған жазықсыз адамдарды түрмеге тартудан бас

тартса өзі сотталады не атылады. Не түрмеге түседі. Әйелі «АЛЖИР» айдалады, балалары «Ақбұлақтағы» балалар үйіне тапсырылады. 1932 жылы Қазақстанда аштық қырғыны басталғанда Түзтөбе, Ақбұлақ аудандарына 1600 жанұяның 5000 адамы келіп аштықтан құтқаруды өтінген. Аудандық партия комитеттері 920 адамға арналған азықтандыру орнын ашып жан сақтаса, «Ақбұлақ» ауданында үш жетім балалар үйін ашып, 576 жетімді қабылдап және 2 500 қазақты жұмысқа қабылдаған екен. Міне, осы аудандарда ашылған өндіріс орындары мен шағын кәсіпорындарда жазасын өтеушілер де қызмет етті. Ересек балалар да жұмысқа тартылды. Ал лагерьге жазасын өтеуге кеткен әйелдердің күйеуі милиция екенін білсе, тірлігі қауіпті. Құжаттарда көрсетілгендей, Бройдт Нина Митрофанова 38 жасында «АЛЖИР» лагерінде ұрып-соғудан өлген. НКВД-ның шені бар қызметкерлері И.А. Храпич, Н.М. Цаунат, А.Е. Чадаев, С.И. Шабашев, Г.С. Щербаков, П.А. Эристердің үкім кесіліп, жазаланғаннан кейін үй мүлкі тәркіленіп, әйелдері «АЛЖИР» лагерінде өмірін мұң-шермен өткізген. Орынбор облысы бойынша қуғын-сүргін құрбандары болған чекистердің 60 әйелінің лагерьде көрген қорлықтары аз емес шығар. Өлгендердің қабірі де атаусыз. Идея түсінікті, бағыт белгілі. Ленин салған тура жолда толарсақтан қан кешсең де, ертеңгі ұрпақтың бақыты үшін атқарылатын іс деп түсінушілер де болғаны анық. Қалың көптің тұспалы солай, ал коммунист басшылардың жүрегінде «Біз лениндік, сталиндік саясаттың тамыршысымыз... Шындық керек, адалдық керек, сөзсіз социализм орнады, оны ұғынсаң біздікісің, ұғынғың келмесе жақсылап ұғындырамыз, бүгінгіңді көп қып елден, жұрттан шығындырамыз, аяқты алшандай басу бар, кінәсізбін деп сасу бар, сиқың бөлек, шпионсың деп ызғар шашу бар, басыңа пәле тіліңнен, шындығы сол, адалдығы сол» деген сөздерді адамзат тарихына өшпестей қалдырып, бүгінге дейін жеткізді. Өзі бірдемені бүлдіріп немесе қоғамға жамандық ойлап тұрса да, беті бүлк етпей шындық, адалдықты аузынан тастамайды. Партия басшысы қателестім демейді, жұртты жазалауға себепті заңдандыруға аса шебер келеді. Мысалы, Орын-

бор мұрағатындағы Тасболат Арғынбаев Сәлімгерейұлына кесілген үкім – 58-с.10-б. 2-ук. бойынша сотталған, бар кінәсі, алдымен, «Алаш» партиясының идеясын жақтаушысы болған, газеттер, радиохабарлары өтірік саясат айтады, жүрекке жатпайтын насихат депті. «Германия КСРО-ны басып алады, немістер коммунистер мен комсомолдарды құртады, шаруаға тиіспейді» деп Кеңес үкіметін жамандаған сөз айтыпты. Бас-аяғы тоғыз парақ қағазда осындай ағайын-туыстардың ренішінен туындаған өсек сөз азаматтың түбіне жетті. Жұрт содан-ақ туыс-туғанымен қалжыңдасу, бір үзім нанды бөліп жейтіндей татулық, той тойлап, қазақи тәртіп-тәрбие, ұлттық өнегеден сақтана бастады. Танауын көтерген «жатыпатарлар» зілмен сөйлеп, үрген қарындай күмпийіп жүрді. Түйе бағушыны соттатты, жазығы Америка түйесінің өркеші мықты екен деп айтыпты-мыс. Қазан мерекесіне ат жаратып жүрген атбегіні соттатты, иен далада жүріп жапон шпиондарымен кезедеседі деп. Мұныңыз ұят емес пе, обалы кімге деменіз. Олай десең, өзіңе де бір сұмдықты ойлап табады. Адамның адам ізін бағып, жыртқыш тәрізді аулай бастағанда ылғи да жол табылатынын енді түсініп, жаппай жазалаудың амалы қалай құрылып, қалай дамитынын аңғарған боларсыз. «Тек жүрсең тоқ жүресің, екі елі ауызға, төрт елі қақпақ, сөйлесең басыңды жұтасың, кезең – сумаңдаған сұр жылан, сатқын – ізді басқан зымиян, төңірек түгел өлік, қалай ғана бой жиям?» дегендей үрейді қара шаңырақтарына орнатып алды. Өйткені пәлелеудің оңай тәсіл екенін түсінді. «Осындай істерді тергеп жүргізген Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің қызметкері Петухов пен НКВД қызметкері Ивашкин Алаш идеясы мен бағыт-бағдарын түсініп, біле қойды деймісің» деген ойда қаласың. Партия комитеті тапсырыс берді, орындайды. Ол – ол ма, сотталғандардың тоғыз жасқа толмаған балалары КСРО-ның 221-қаулысы бойынша Қарағандыдағы лагерьге жіберіліп, жұмыс жасайды. Он бес жасқа толғандары үлкендердің лагеріне қосылады. Жазасын өтегеннен кейін оқуға түсуге барса да, жұмысқа барса да «Сотталдың ба, әкең қандай статьямен сотталған» деген биік қорғандай ауыр сөз алдынан



оңдырмай, тілегінді болдырмай, үмітінді үзіп шығады. Күнкөріс қиынға соғады. «Әкесі үшін баласы күймейді» деген заңдылық жергілікті жерде бекерге айналады. Ауылдастың да үлкен-кішісі күдікпен қарап, маңайына жуытпайды.

Жасынан жазықты болған балалар өмірге құштар, алғыр, жоқтық көрген жетелі болып келеді. Оған өмірбаянынан көріп-біліп отырса да, кейбір шыбын тайып жығылатындай жылтыр бетті лауазым иесі дүр етіп:

– Сотталдың ба? – десе, бала жасқанбастан:

– Тоғыз ай, тоғыз күн тастай қараңғы үйде болдым, одан шыға бере қол арба сүйреп зауытқа құрылыс материалын тасыдым, еңбекпен ерлігімді білдіріп, абыройымды асырдым, – дейді.

– Қай жердің қараңғы үйі?

– Анамның құрсағында... Ой, шіркін жылылық, жаның жадырап ештеңені ойламайсың. Жарық дүниеге шыққың келмейтінін, оның себебін лагерьде жүргенде қатты есіңе аласың. Жақсылық пен жамандықты ойлап қажымайсың. Түкке тұрмайтын тірлік пе, түсінсем бұйырмасын... Бірақ лагерь тірлігін мансұқ ете алмаймын.

– Тілің удай, лагерь жігерінді жасыта алмағаны қызық екен. Жаныңа ештеңе батқан жоқ па? Лагерьден шыққанға ұқсата алмай, қиналып отырғаным...

– Қарным апса, ыңғайы келсе, сол қызыққа қайта барармын. Кейде сол лагерьді сағынып жүремін. Жұрт айтқандай жаман емес, ең бастысы қарын тоқ еді.

– Шындық керек, әділдік керек, соны үйренуің керек, – деп мөймөңкелеп, құзғындық ісін, сұм-сұрқиялығын саясатпен дәлелдейтіндер аз болмаған шығар. Шикі жас екенсің деп жұмсақтық таныта қою екіталай. Өйткені қылмыскерлер балалардан бастап ересегіне дейін түрмелерді толықтырып отыруы шарт. Байқалдағы БАМ, Амур магистралында 78 000 тұтқын жұмыс істесе, олардың қатарына 28 000 жер аударылған «Отанға қауіптілер» деген жазалылар болған. Ал сайлауға құқығынан айрылғандар, есімі қара тақтада тұрған сенімсіздер жүздеп саналып, айыпты атанады. Олар ұлты қазақ болса алашшылар, ұлты орыс тілді болса троцкийшілдер делінеді. Қай тұрғыдан алғанда

да, қызыл жағалылардың көз алдында өз шаруасымен жүргендерді де түрмеге әкете беру қиындық келтірмейді. Қатесіз бірде-бір адам жоқ, сақау, саңырауды да қолға түссе, шпиондар жорта сөйтеді деп түрмеге жаба салуға болады. Осындай сүргіннен тыныш ұйықтай алмай, зәресі ұшқан Ақан серінің сақау, саңырау ұлы Ыбан әкесінің жазған өлеңдерін шеген аулаға тығып, өрт болғанда күйіп кетіпті деседі. Тергеу-тексеруде түйін жоқ, адам нанбайтын оқиғалармен жазаланғандардың есімдерін атасақ, құжаттардағы айыптылардың санын ондап, жүздеп мыңдап санайсың. Мысалы, А. Нұркеев, Ш. Әбдиев, Ж. Үдірбаев, Қ. Құттыбаров, Ш. Ермұхамбетов, З. Асанов, Ғ. Салауатов, Ғ. Хамитов, тағы басқаларды Алаш идеясын жақтаушы, діншілдер, саудагерлер деген айыппен жазаға тартылған. Сонда айыпты дегеннің бірі «Аузым бар, тілім бар, ұлтым қазақ, дінім, ділім бар. Аз ұлттарды қорғасын деген Лениннің үні бар. Ленин есімі аузымыздан түспей, енді, міне, қазақсың, алашшылсың дегеніңе таңым бар, қазақты ертеде Алаш атаған, тарихты оқып қалыңдар» деді ме екен? Бірін-бірі түсінбей қаскөйленген адамдар-ай. Обалың саясаткерлерге...

Сол сықылды, троцкийшіл деген айыппен 1937 жылдың 25 қаңтарында он адамға үкім шығарылған. Орыс тілді он адамға жеті беттік айыптау жазбасы толтырылған. Тағы бір сорақысы, 1917-1919 жылдары Қызыл Армияда борышын өтеп, оққа кеудесін тосқан, одан соң Қостанай коммунистік полкінде болған, 1919-1920 жылдары Ақтөбе облыстық «Красная звезда» газетінің редакторы қызметін атқарған И.М. Паршинге 1937 жылы 4 қыркүйекте Ақтөбе УНКВД-сы тұтқындағанда «Троцкийшілдік ұнпарақ таратқан» деген айып тағылады. Әйелі Юлия – ауру, үш баласы жетімдік зарын шегеді. Ержеткен соң әкесінің ақталуын сұраған ұрпағына Ақтөбе облысы УКГБ полковнигі Шалтақбаев жауабында Паршиннің қылмыстық делосы мен құжаттары мұрағатта сақталмағанын айтып, 1969 жылғы 26 мамырда жауап берген. Демек, кейбір түрмелер мен лагерьлерде тұтқын өлген бойда түрлі құжат, дерек-дәйектері бірге көміліп те кеткен болар.

1930-31 жылы тұтқындардың 10 миллионы өлгенін білмеді ме, Сталин мен Жданов Сочида жатып Мәскеудегі

Саяси бюроға телеграмма салады. «Считаем абсолютно необходимым и срочным делом назначение т. Ежова на пост наркомвнудела. Ягода явным образом оказался не на высоте своей задачи в деле разоблачения троцкистско-зиновьевского блока. ОГПУ опоздал в этом деле на 4 года. Об этом говорят все партработники и большинство областных представителей НКВД. Быть «не на высоте» означает мало арестов, мало крови. И скорость конвейера беззакония возрастет, «высота» достигается» («Естелік кітабы», Орынбор. – 64-б.). Осы хаттың жазылуына не түрткі, нендей себеп болды дерсіз. Екі көсемге кездескен облыс, республика басшылары бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай сөзін қағып алып:

«Сталин жолдас, сіздің идеяңыз нақты жүзеге асатынына сенеміз, тағы да айтам, сенім мықты. Жұмыр жерде социализм орнайды. Бірақ Троцкий мен Зиновьевтің «Сталин социализмді Маркс идеясымен құрамын дейтіні түбірімен қате» дейтін үгітін аудан, облыс, республика түгілі, ауылдарға дейін насихаттап, жұрттың құлағына сіңіріп тастаған. Ол – ол-ау, Қазақстан Компартиясының басшысы, Орталық Комитеттің сенімдісі Голощекин орыс деревняларын тарықтырмай, тыныш сақтап, қазақ ауылдарында азаматтық соғыс жүргізіп жатыр» (Мәскеу, «Родина» журналы, 1989 ж. – №9) дегені не деген сұмдық, мұндай хабарды шетелге жариялап жатпады деймісің. Троцкийдің жанында қорғаушылары және дәрігері бар, не деген еркінсу, не деген басыну, сіздің идеяңызды жұртқа жамандау – бұл.

– Троцкий мен Зиновьевтер – Кеңес үкіметінің нағыз жауы.

– Екеуін де халық алдында ату керек еді.

– Сіздер қате жұмыс жасайсыздар, бүкіл халық Ақпан революциясын жақсы қабылдап еді. «Нағыз маркстіл Троцкий мен Зиновьевті қуғындау жөн емес» деп шулап жүргендер ілгері басар ісімізге күллі кедергі келтіріп, өндіріс орындарын, кеңестік ұйымдарды келемеждеп, мүліктерді өртеп бүлдіруде.

– Троцкий Алматыда велосипедін мініп, демалыс үйінде жатып, халықты үгіттеп жүр деседі. Арнаулы вагонмен,

қасында медицина қызметкерлері бар, емін-еркін жүруіне жол бергендік жөнсіз. Кеңес үкіметінің жауын осылай неге тайраңдатады? Біз осыған түсінбедік.

– Олардың Алматыда жүруі тегін емес. Голощекиннің, Сталин жолдас, сізге жазған хатын білеміз ғой. «Қазақстанда «Кіші Октябрь» жүргізіп жатырмын... бұл тағы халық екен, жазда сай-сала, бұталар арасында көшіп жүреді, қыста жерді қазып тышқан сықылды үңгірге кіріп кетеді. Үй салып, терезе, есік қондырып, отырықшы елге ұқсап өмір сүруді білмейді. Тіпті асты қолымен ішеді, қасық ұстамайды» деген тағы елдің байлығын шетелге өткізіп, Кеңес үкіметін мойындамайтын мемлекет құрғысы келіп жүрген болар. Нағыз жаулық ойларына кешірім жасасақ, мемлекетімізге қауіпті.

– Маркс, Ленин ілімін мойындамауларын кешіруге болмайды.

– Сонымен солай, ел, халық тыныштық таппай, көзінді ала беріп зиянды, қаскүнемдік істер атқаруы тыйылар емес.

– Көздері қанталағандар Троцкий былай деген деп доқ көрсетеді.

– Кеңнен тараған жасырын ұйымдарын да естіп жүрміз. Бізде олармен күресуге саясат заңдылығы керек, – деген сықылды сөздерге Сталин мен Жданов ұйып қалды ма дерсің. Сталин мен Ждановтың Сочи курортында жатып Мәскеудегі Орталық саяси бюроға орысша жазған хатта екеуінің қайсысы қолымен жазса да, қан теңізін тереңдетіп, түрмелерді тұтқындарға толтырып, адамдарды атудың санын көбейтуға нақты тапсырыс болғаны шүбәсіз еді...

«...ОГПУ троцкийшіл-зиновьевшілерді жазалауда 4 жыл кешігіп қалғанын облыстардағы партия қызметкерлері айтып, нақты дәлелдеп отыр. Тұтқындаудың биігіне шыға алмаппыз, қантөгіс өте аз...» дегенін түсінсек, күш алып, тым биіктеп кеткен жаулықты тездетіп, түбірімен жайпап құртуға тапсырыс беріледі. Ойға қаласың, егер Троцкий, Зиновьевтердің бағыт-бағдарын ұстанғанда тұлдыры жоқ ел, ұйыққа сіңіп бара жатқан мешеу мемлекеттерді қарағым, шырағымдап, маңдайынан сипап, әлемдік

биікке шығара алар ма еді, ұйыққа батқан күйінде батыра түсер ме еді? Осының бөріне жалпылама мән беру қиынның қиыны. Көсемдер кеңес халқының жер бетінде аман қалуын алдын ала болжағасын қылмыскерлерден тездетіп құтылуға ден қойды ма? Пікірді осылай деуге де болады. Расында, жұмсақтық кімді жарылқайды? Толған сұрақ. Көзіміз көріп, ортасында жүрмегесін әлденендей ойды айта салу оңай. Бірақ сол қырғындардың саясаты төменгі белсендіден басталып, жоғары қарай түрлі жиындар ұйымдастырып, онда алдын ала дайындалған адамдардың бірін-бірі жөнсіз кінәлау сөзінен басталмады ма? Қылмыс түйіні сонда. Сталин кімнің қасына келіп жаусың депті. Ал партия ұйымдары милицияларға шұғыл тапсырма беріп, жүздеген, мыңдаған адамды түрмеге жабасын десе, орындамай көрсін. Ондайда тәуліктегі 24 сағат милицияға жете бермейді. Бұрынғы ататектік құжаттарды сүзгіден өткізеді. Өсек өрті өршиді. Куәлардың жазбасына талдау жасайды. Барлығында бірдей заңгерлік білім де жетісе бермейді. Әсіресе алашшылар деп тектілер тұқымына шүйілсе, орыс тілділер троцкийшілдердің ізін бағады. Бұл кезде Троцкий Алматыда санаторияда жатып, еркін жүргенінен, шетелге өтпекке дайындығы барлығынан да хабар алады. Кіммен сөйлесті, бөрі аңдушының есебінде. Сөйлескен адамдарды тұтқындау түк емес. Оны азсынсаң, неміс, жапон шпиондары деуге лайықты адамдарды жатпайтұрмай іздестіреді. Әркім басымен қайғы боп, шыбынын қаға алмай талшық іздеп тентіреп жүргенде «кім шпион» десе, қорқақ «әне жүр» деп көрсете қояды. Жандәрменде өзі құтылса, басқаны қайтеді? «Кеше мені шпиондыққа кір, ақшаны мол табасың деген» деп пәлені жаба салады. Сол сөз қағазға түсіп, іске тіркеледі. Сосын елге елеуліге, екі-үш адамға сөзі өтетін адамға кенеше жабыса кетеді. Мысалы, Әлиасқар Әлібеков ақтармен шайқаста ерлік көрсеткен. Соғысып жүріп жауға қызмет еткен жоқ па? Өзі білімді, Ленинградтың су шаруашылығы институтын бітіріпті. Бүкілқазақстандық Кеңестер съезінің делегаты болып, сол съезде Москвадағы елшілікке сайланады. Одан кейін Орынборда Орта Азия суландыру және механикаландыру институтының директоры екен. Оны тұтқындау

үшін «жатыпатарға» сену керек. «Кімдермен сөйлеседі, кімдердің үйінде қонақта болады, Алаш идеясын кімдерге үйретіп жүр? Үкімет талабын ұғынды ма, партияға опасыздық жасағысы келмей ме?» деген сұраққа тыңшылар жедел жауап табады. «Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкетуге жасырын топ құрып жүр» десе жазалауға жетіп жатыр. Сонда адам қанына жеңсік, қан дариядай толқыған сайын жанына рахат тапқандай сезінетін кейбір тас жүрек саясатшыл коммунистер қолында «Алаш» партиясының тізімдері де сақталып отырғанын біреу білер, басқа жұрт қайдан біледі? Расында, Ақтөбе облысы бойынша Алаш партиясының 154 мүшесі болған. Олардың қылмыстық жазадан аман қалғаны некен-саяқ. Мен білетін Ойыл ауданының өзінде қағазға түскен «Алаш» партиясының 25 мүшесі: Балғынов Керей, Қаратаев Сыдық, Сарходжин Әміре, Құбышев Жетібай, Ізтілеу Сағидолла, Сатаев Кенжеғали, Шектібаев Сансет және басқалары партия жұмысына белсене қатысып, таудай үмітпен дербес мемлекет болуды аңсап өткен. Еркіндік, тәуелсіздік кімнің арманы болмады дейсің. Еркінсің десе көңіл жібиді, тәуелсізсің десе, жүрек жылиды. Міне, осындайда саясаттың жырынды жымысқыларының айтқанын милиция болсын, чекісі болсын, қай-қайсысы да тапсырысты орындамаса, өзі жазаланады. Алматының өзінде сотталған қызыл жағалылар жазасын оқшауланған түрмеде өткізді. Бір милиция қылмыс үстінде ұсталған банды, басбұзар, ұры, қалтақағар, үй тонаушылардың қалтасында жүретін суық қаруларды үйінде сақтағаны үшін сотталғанын да біліп, күлерімді не күйінерімді білмегенмін. Өзімшілдің осал қылығы ма, түсініксіз еді. Соған бола айыпталуы әріптестікті сыйламау ма? Кеңес заманында әйтеуір жазадан аман қалу, бас бағудың қиындығын еске түсіру – ауырдың ауыры. Үнсіз шайқас, қанға батқандай теңіз елесі, қара дауылда бөйтерек жапырағы қалтырап, жұлынып түсіп жататынын көресің ғой. Адамдар тағдыры да соған көбірек ұқсап тұратын-ды. Айта кетелік, Одаққа танымал, біраз республикаларда, шетелдерде қызмет еткен заманының алғыр чекистерінің бірі – Жәлел Тұрмағамбетов (лақап аты-жөні – Евгений Иванович) ағамыз «Әділ адам өзгелердің де

әділ болғанын қалайды» дейтін-ді. Мәскеуде басшылықтан бастап тазалық болды, артық дүние-мүлік жинап, пара, пайданы білмеді. Қандай да бір кадр бірін-бірі бақылап, көз қырынан түсірмей, заңсыздыққа жібермеді. Биліктің социалистік бұл түрі жоқтан бар жасады, оның игілігін жаппай кедейленген халық көрді. Қатал тәртіп нәтижесінде Ұлы Отан соғысындағы жеңіске де жеттік. Білгірлік болды, саясаттың кейбір тұсында білместік те кездесті. Асқақтау тайғақтық жолға түсіреді, бұғып жүріп жан сақтау болды, қоғамдық өзгеріс біреулерге жақты, кейбірі қарғап-сілеп жатты, қуғындалу дейміз ғой, оның да сан тараулы себептері кездесті. Күресте сүріну бар, лаң салушының себебі ашылмай қалуы бар, ой мен сезімнің бір-біріне қайшы тұсы сол құпиялық.

– Өзіңіз Мәскеудің есебінде тұрып, республикалық партия басшыларымен біріге жұмыс істедіңіз. Жаза басқан кезіңіз болмаса да, бетперде жамылып, аман қалуын ойлағандарды да байқадыңыз ғой.

– Көбіне республиканың бірінші хатшысының қасында жүрдік. Ел аралағанда жақсы істерді көрсек көңіл сергіді, кемшілікті көрсек төзе алмадық. Осы қуғын-сүргіннің халыққа жариялылығы Хрущев таққа отырғасын басталды ғой. Жазықсыз жапа шеккендер ақтала бастады. Соның алдында Ж. Шаяхметов Қазақстанды басқарып, И.В. Сталинге бірде пікірлескенде «Егіншілікті дамыту үшін әлемде тарыдай шашылған қазақтарды елге жинап берсеңіз» деп тілек еткенде, Сталин уәдесін бергенге ұқсайды. Бұл әңгіме Хрущевке жақпады ма, Шаяхметовтің орнына П.К. Пономаренко келді де, орынтағына байыздап отырып алғасын-ақ Шымкентке жолсапарға баруды ұйғарды. Жолшыбай «Осында облыстық пленумды Шаяхметов шақыртып қойып, өзі жеті-сегіз сағат кешігіп келгені қалай?» деді. Мен оған Шаяхметовтің миынан дертті болғанын, оның медициналық деректері Мәскеуде барлығын айттым. Іштей «Шаяхметовті жұмыстан алғанымен қоймай, Мәскеу қуғындаудың дерегін іздестірді ме екен» деп түйіндедім. Жәлел ағамыз «Чекист Қазахстана» құрастырма жинағында суреті мен атқарған қызметі жөніндегі мақаланы көрсетіп, жұмысыма адалдығымның жемісі дегендей, қуаныш сезімін білдіргені де ойымда.

Қайтеді, қуғын-сүргінде талай әріптестерінен айрылып, жүрегі жылаған күндерін көкірегінде шемен шердей сақтамады деймісің. Кейде үнсіз қарысып, үн қатпауы аштық жылдарында туған жері «Жетікөл» елді мекеніндегі ағайын-туыстарының нобайы қырылып, тірі қалғандары Орынборға босып кеткеніне себеп таба алмауы ма еді? Жастық шағы, өскен ортасы, бәрі көрген түстей, жан сарайында құпия. Кейде өзегі өртенсе Қасымның өлеңдерін оқып сілкінетіні бар-тын.

– Демек, қуғындау атағына, даңқына, елге сіңірген еңбегіне қараған жоқ. Қоғамға жақсылықтан басқа қылдай қиянаты, титімдей залалы болмағандар да сәл нәрседен күйіп кетіп жатқан дейсіз де қоясыз. Ал Хрущев таққа отырысымен ұзамай-ақ Қазақстан тыңын игеруге үн тастап, «Патшалық Ресей одан кейінгі Сталин басқарған кездерде Қазақстанды пәлен жылдар бойы игере алмаса, мен бір-ақ жылда игердім!» деп жар салғаны да есімізде. Шаяхметовтің идеясы айтылмайтыны түсінікті, бедел, бақ, орынтақ үстемдігі еске алдырсын ба? Міне, осындай қиын-қыстау кезде ебепке себеп тауып, жергілікті райком басшыларынан бастап «жатыпатарлары» талай жазықсыздың өмірін де қиды. Осы жерде XVIII ғасырда Ресей империясын басқарған II Екатерина Орынбор генерал-губернаторына жолдаған нұсқауында «Қырғыз-қазақ халқын бірі мен бірін қас етіп, бірінің етін бірі жеуге себеп болыңыз» деген тапсырмасынан бастап ағайындар ата кекті сақтап, «жатыпатар» атанып, жазықсыздарды аяусыз жазалатып, келмеске кетіріп түрмеге айдатты. Осындай іштен шыққан жауыздыққа қиналған ақылдылар патша заманында қазақтың жауы қазақ болды-ау деп азғындардың азғыруына еруін қарашы деген қынжылыс ұмытыла ма? Сонда екінші ақылгөй: «Қазақ тіріде бірінің етін бірі жесе де, сүйегін далада қалдырмайды», – деп, түрмелерде өлгендердің қазасы тым ауырлығына қабырғасы қайысатын да еді. Бәрібір халық дәрменсіз, күштімсінгендердің жалған сөзін де құп көріп, айтқандарын қол шапалақтап қуаттайды. Қорқыныштың зардабы ежелден қалың болған. Үрейлі үстемдік қарапайым халықтың миына жарылғыш қойып, ататегін ұмыттырып, «Басың аман болса, тірлігің жа-



ман болмас» деп өсек, өтірік, жағымпаздық, сатқындық, сұм-сұрқиялықтың небір жексұрын түрінсіз өмір сүрудің жоқтығына тіреп тынбай ма? Неғұрлым ұлттық қадір-қасиеттен безгендердің жолы болып, ұрпағын да «Өзіңді ғана ойла, өзгені қайтесің, жаның қымбат, жағына біл, билікке табына біл» деп тәрбиелеп жатты. Шындық іздеп ешкім шаршамағандай, өң мен түс сықылды ұйытқыған саясатпен жел айдаған қаңбақтай пенде аузына іліккенін ас етіп, иығына іліккенін киім етіп, үстемдік соңынан дектеп жүгіріп, тас құдайға табынып, болмайтынды болдырып, шаруаны оңдырып, ортақ меншікті нығайтып тастады. «Барлық игілік коммунизмге!» деген үн миға орнығып, оны түсінбесең миың жарылады деген сақтықпен көп өмір сүрді. Қара сандықта талай құпия сүрленіп жатқанын ешкім білген жоқ, «аса құпия» деп қағаз шетіне белгі соғылған талай зәлімдік оқиларды халық білгісі де келмеді. Әркім басын сағаттап, үкіметтің берген айлығы мен жетержетпес байлығына мәз болысты. Бірінен бірі асып тұрмыс құрмай, жаппай кедейлікпен өмір сүргесін ыңқ етерге лаж қайсы? Саясат жөн емес, үкіметтің мынасы жарамайды десе, түрмеде бос орын бар, апыл-ғұпыл апара салады.

Халықты түрмеге тығып, лимитті орындаудың құпия тәсілінің бірі – қара машина, соңында жүк автокөлігі бар НКВД-шілер ымырттатып ауылға жетеді, әуелі «жатыпатарларын» тауып алады. Кімнің үйінде неше адам қонақта отыр, жас мөлшері, білімі, тірлігі қалай екенін біліп алады. Содан шамы жанып, дастархан басында отырғандарды терезеден көреді де, ішке еніп: «Үкіметті жамандап отырсыңдар!» – деп, құжаттап, автокөлікке тиіп ала жөнеледі. Бұдан артық қорқыныш, үрей бола ма? Әкелеріміз түнгі төсекке жатарда «Атар таңда аман боламыз ба, жоқ па?» деп бақиласып, түннің бейуағына дейін көз ілмей жататын еді. Бірдеме сылдыр етсе атып тұрып, иманын үйіре бастайтын жан азаптарын көріп, жастайымыздан сезініп өстік. Ал облыстық мінбелерде саясат жүргізуші сыбырмен жан-жағын аңлап сөз бастап: «Жолдастар, шындық керек, адалдық керек, біздің қоғам шындыққа құрылған, оны түсінгісі келмейтіндерді адал ойлылар беті-жүзіне қарамай айтып отыруы керек.

Үкіметке зиянкес ойлыға арамызда жол жоқ. Көсеміміз Сталин кімнің кім екенін біліп отыр», – десе ду қол шапалақтау залды кернеп кетеді. Мінбедегі одан әрі сөзін созып: «Біз саяси тамыршымыз!» – деп сақ етеді. Айсыз қараңғыда да адаспайтынын айтады. Сонда кейбіреу іштей күбірлеп: «Тамыр ұстап адамның дертін табамын деп, жын-періні денеңнен қуамын деп зікір салғанды көріп едік. «Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы» деп, жынмен жеке айқасып тұрмын дейтін бақсы болушы еді. Соны көрген естілер «Жын соққаннан мың соққан жаман» деп сөз қалдырған-ды. Кеңес үкіметіне жұрт болып жұмылып, қорамызды бекітіп, малымызды ортаға салып едік. Қырғын аштықта үнем таппай халқымыз сүйегін далада қалдырып еді. Бұлар сол шындықты неге айтпайды? Адамға ажал ғана шындық, бойыңа жұғымды болған асың ғана адалдық. Саясатшы тілінде сүйек жоқ, сөзінде тиек жоқ. Жын-перінің жетекшісі бар, адалмын деушінің де тазалығын білетін есепшісі бар» деп, үрейге берілетін. Тағдыр кейбір пенденің миына шындық пен адалдықты дарытпады. Айтар ойы қара түнекке батып, лауазым биігіне жеткенше біреуді қаралап, даттап, ізін бағып, естен танып, дүлейдің аузын бағып сүріндіруді мақсат етеді. Олар жын-перісінің арқасында сұм-сұрқиялығын ешбір пендеге білдірмей өтуге құлшынады. Қоғамға сыйыспайтын жат пиғыл бар, қарапайым халыққа жасалған кешірімсіз қиянатты мола ғана жасырып тынады. Қазақ ондайды қулығына найза бойламайтын еді деп түңілген-ді. Қоғам болғасын қудың қуы, сұмның сұмы, мың соққан ібілістер қасымызда жүреді, бұрын да жүрген. Сталин сенген талай саясат тамыршылардың аты-жөндерін, қылмысын мұрағаттардан қопарып қанша іздесең де табу қиын. Сондықтан қуғын-сүргіннің қалың қасіретіне, жант шошырлық үрейіне жүз пайыз Сталин кінәлі деуге ауыз бармайды...

Кеңес заманында аудан, облысты басқарғандардың кейбірі Мәскеуден телефон шылдыры түссе, батпансып мызғымайтын орынтағынан ұшып тұрып, өзінің аты-жөнін де ұмытып қалғандай құты қашатынын да ауыл айтқыштары «Арыстандай айбарын байқап көріңдер, құрғақ па екен шалбары; «Товарищ, товарищ» деп сөз таба

алмай қалды сазарып, жоғарғы билік иттей ғып ойын тоздырды, орынтақ айналма, оңға да тартады, солға да тартады. Мәскеуге дұрыс есеп бермесе, орынтақтан ұшып түсіп жатады» дегендер де болған. Жоғарыдағы көсемдеріне жағынатын жерінде жағынып, табынатын жерінде табынып, аудан, облыстық деңгейдегі беделін сақтағандар ішіп-жемі, олжасы, пара, пайдасы ел үстінен де болып жатты. Ұрпағын өсірді, «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесіңді» санасына сіңірді. Ақыл-есі кіргеннен алым-берімнің тәсілін көріп өскендер бүгінгі капитализмде жемқорлықтың мың-миллион түрлі амал-айласын таба білді. Құныққандар бірінен бірі аспаса, ауыратындай күйге түсті. Солардың бірі де бүгін «Сталиннің үрейлі тәртібінен қазынаға жиналған дәулетті олжаладық, жұлын-жұтқыншақ аман тұрғанда әлі де тонайтынды тонармыз» деп ойлана ма екен? Қайта «Өке-шешелеріміздің миына қойылған үрей бомбасын миллиондаған олжа қаржымен залалсыздандырып жатырмыз» деп қуанар ма екен? Бірісі жақсы, жемқорлардың аты-жөнін ақпараттан естіген сайын кедейлер кеңкілдеп күлетініне не жетсін?! Шынын айтқанда, о да бір еркіндіктің бақыты. Мол қаржы ұстаса сасып қалатын әлсіздердің құлағына аруақ үні «Тәуелсіз заманда өмір сүргеннен артықты тілеме!» дейтіндей көрінеді. Ал байлар байыған сайын олжаға қызыға түседі. О да өмірдің өтпелі, кетпелі құбылысы, қайғы-зары, қайырымсыз тағдыры, өшкен үміт, үрейлі уақыты ұмытылмас, біз соған қарыздармыз деп түсінгенге не жетсін?! Әй, қайдам... Ақша шешеді бәрін десе, пілдің құлағына кірген шіркей де мықтылық танытатындай кезең қалай болар екен? Адалдық тарс есінен шығып кетіп, шалқасынан құлап жүрмесе, бала-шағасы «ой, бауырымдап» жылап жүрмесе дегендей ойды бөліп, құғын-сүргін жылдарын неліктен ұмытамыз деп аруақ үніне құлағыңды тосқандай боласың. Өмірде адамын қапыда жазықсыз жоғалтқанның қасіретті қайғысы ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмақ емес. Егер зұлмат кезеңнің шемен шері бірдің емес, мыңдардың, миллиондардың басына түсіп, тұтас ұлттың халықтардың қара шаңырағын ойрандаса тарих бетінде қанды қырғын болып, жер басып жүрген пенденің жадында өшпей қалды.

Розаның да анасы бауырына қысып, көз жасы құрғамайтын күйде жоқтауын сыбырлап айтып тынатын-ды. Сосын қызыл шырайлы жүзіндегі қайғының себебін ашпай: «Қызым, жан-жағыңа қара, кімнің қандай ойы бар екенін байқа», – дейтін-ді. Ондай сақтандыруды ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің машинисткасы Ғазиза да айтқан еді. Өйткені Бейсеннің кіндігінен тараған Мейірман, Нұрғали, Бақтығалидың ұрпақтары үрейден зөре-құты қалмай үркелектеніп өсті. Басқан ізі, айтар сөзіне дейін аңдуда болды. «Байқаңдар, бұлар кімнің тұқымы, үнсіз жүріп бір пәле ойлайтын шығар» деушілер тура сөйлесең де, бұра салып жазалы ету саясат бойынша оңай-тын. «Қаскөйлер біледі: Бейсенов Бақтығали – Батыс Алашорда қайраткері, дербес мемлекет атану жолында белсенді күрескердің бірі болған. Оны азсынсаң, әкесі Бекболаттың байлығы ешкімнен кем емес екен деседі. Несін айтасыз, Бақтығали Алашорда қайраткерлері қатарына інілері – Ишанғали, Зепқалиды да тартқан. Болшевиктермен жұлдыздары қарсы, анау-мынау емес, өштігі сонша – қалың көпті қаруландырып, дербес мемлекет орнатпақ. Үгіт-насихатының жасырын жұмыстарынан адам шошиды» деген сықылды қызылдардың қырғынды сүрлеу саясаты Батыс Алашорда таратылып, жеңіліс тапқасын Бақтығали халыққа мамандығы бойынша дәрігерлік жұмыс атқарғанын да көпсініп, қай-қайдағы ойдан шығарылған пәлемен 1938 жылы 25 ақпанда КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясы «үштігінің» қаулысымен атылады. Содан Бейсенов әулетінің ұрпақтары 1958 жылы 14 маусымда Орал облысы сот қаулысымен ақталғанша «жаудың тұқымы» деген саясатшылардың ауыр азабын тартып, түнде тыныш ұйқы, күндіз күлкіден айырылған-ды.

«Жұрттың көз алдында қылмыскердей жәутендеп қараудың ауырлығынан көкірегің қопарылады» дейді медицина саласында ұзақ жыл еңбек сіңірген Роза шемен шерін бүгінгі ұрпағына жеткізгендей оймен. Өзі де саяси дүлейлердің көз қырынан тыс қалған жоқ. Әйтеуір, аруақ қолдап, Берия түрмесіне барған жоқ. Дегенмен дүлейлер бұқ десе бұқты, қара дауылға ық десе ықты, кейбірі әділдік іздеп қара тереңге батып, жантәсілім боп шықты.

Үреймен халықты басқарған Қызыл империя жұрттың шыбын жанын шүберекке түйгізіп, жазықты дегенін қара жерге тірідей тықты. Зұлымдар қапысы кеткендей өшігіп, жалған жалалаумен ұлт ойшылдарының көзін құртты. Мәскеудің Орталық саяси бюросының лимиті бойынша мұнша «Алашшылдарды» тұтқында десе, қолына түскен, көзіне көрінген қазақтарды төрт-бес сөйлеммен статьяға сыйғызып, атарын атты, түрмеге жабарын жапты. «Дүниенің барлық жамандығы, қастандығы, қанды қырғыны тарихта бұрын-соңды болмаған шығар» деп Бейсеновтің тірі қалған әулеті қан жұта қайғырып, ішкен асын бойына сіңірмегендей болушы еді.

Қызыл империяның қанды қырғын саясаты байтақ даланы қып-қызыл қанға бояғандай еткенін кейде ауызға алуға жүрексінесің. Алашорда энциклопедиясында үш жүзден астам «Алаш» партиясы мүшелерінің деректері енсе, әлі де «Алаш» идеясын қолдаушылардың жүздеген есімінің аталмағаны жетерлік. Қазақ даналығында «Үрейшілді өлім өкшелейді, қаукөкірек қара күйеден де кесірлі» деген сақтану сөзін қанды қырғындарға түңіліп айтқандай түсінесің де, бір қайғыны қозғасаң, мың қайғыны қозғағандай күрсініп тынасың. Өйткені тәуелсіздігіміз арқасында Бейсенов әулетінде тірі қалғандардан тараған ұрпақ жиырмаға жетіпті. Орнында бар оңалса да, өткен ғасыр зұлымдығы жоғалса да, бүгінгі қылмыскерлерді естіп, көріп, ызамен өткен тарихты өкіне еске аласың. Атам айтатын еді: «Ей, адамдар, қай заманда да жын соққаннан мың соққан жаман, олардың мың түрлі айналасын кім ұққан, қаскөйлік жайлап, жыныққан... олар шыға қоймас қылмыс деген былықтан».

### **«ТҮЙЕСІ ЖОҒАЛМАҒАННЫҢ БӘРІ ЕСТІ»**

Ерте, ертеде Жайық бойындағы шаруа түйесін жоғалтып, ел кезіп сұрау салғанда:

– Түйені несіне іздеп шаршайсың, өзі келер.

– Қасқыр түйені жемес, жүрген шығар, казактардың шарбағына кіріп кетпесе, – десе, жоғын іздеуші мұңайып:

– Ей, түйесі жоғалмағанның бәрі есті, есалаңы мен болдым-ау. Жүзбасы Қолпаков дегенің жиырма казакты

қаруландырып, Оразғали Сұлтанов пен Рыспай Тоқтағұловтардың малын тартып алып кетті (1824 ж., 20 қазан). Төрт аяқты қасқырдан екі аяқты қасқыр лаңдатып жатыр, – деп Жайық суына бетін жуып, көзінің сорасын тазартқан шаруа мұңын тыңдар естіні таба қойсын ба?

Барың жоғалды, «қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кететін» кезең басталды. Басқан ізің аңдулы, зұлымдық үрейі тұс-тұстан кеулеп келеді. Отарлық қыл бұрауға жаны ышқынбай ма? Қорғансыз құл мен күңнің көзінің жасы Жайыққа төгіліп жатыр. 1737 жылдан бастап сұр жылдай жорғалап, казак-орыстар қылышын қынабынан суырып жалаңдата бастады. Ресей өкіметі Жайықтың оң жағына қазақтардың өтуіне ресми тыйым салады, ал 1742 жылы 19 қазанда Орынбор генерал-губернаторы (қазақтар «жаналар» деген) И. Неплюевтің жарлығы бойынша қазақтар Жайық өзенінің сол жағына да жақындамауға тиісті болады... Ал 1771 жылы Астрахан губерниясы бойынша Самар көлі, Үлкен өзен, Кіші өзен маңындағы қазақ қоныстанған жерлер өкімет меншігіне айналды. Бұл кезде Ішкі Орда бойынша 252 мың халық 52 мың түйе, 100 000 ірі қара, 2 миллион қой өсірген екен. Осы кезде Астрахандағы князь Борис Николаевич Юсипов «Қазақтар жерімізден шөп шапты, жылқылары басып өтті» деп алты мың рубль айып төлеуді талап еткен. Бұл «Қызыл-жар» өңірінде сұлтан Қуаныш Жаналаев, Әбілғазы Қаратаевтардың мекендері болса, казактар күштеп ығыстырып, граф Безбородко мен князь Юсиповтың меншігіне өткен. Басқыншыларда аяушылық болмаған, жыртқыштықпен қарсыласса қан шашумен тынған. Тату көршіліктің шөлмегі біржола сынған.

«Иван Грозныйдың патшалық құрған кезінде-ақ Доннан қашқандар Еділ мен Каспий теңізіне, оның жағалауымен Жайықтың жағасына жетіп, қоныс тепкен. Орал казактары қазақ даласын орыстардың жаулап алуы барысында нағыз авантюристер болып шықты» (Россия. Географическое описание. «Киргизский край». – 1903 ж., 164-б.). «Сарайшық» қаласын талқандап, Грозный «Мәскеумен теңдес қала болмау керек» деп кірпіштерін әкетсе, ал Қазан қаласындағы сол заманда салынған мешіттердің

кірпішінің құрамы да ұқсас болған деседі. Бұл тобыр өсе келе, көбейе келе кісілік сипат тұлғасын басқыншылыққа негіздесе, Түркістан өлкесіне қоныс аударушылардың жай-күйін көруге келген зерттеуші В. Воцинин олардың бұл жерге мәдениетсіздік, тұрпайылық, алаяқтық, жағымсыз қылықтарды өздерімен бірге ала келгенін жазады» деген философия ғылымының докторы Өмірзақ Озғанбайұлы «Ресей мемлекеттік думасы және Қазақстан» кітабында. Көнеден келе жатқан ескерткіштерді қиратып, ормантоғайлардың ағаштарын кесіп, арықтарды бүлдіру, аң-құс, балықтарды жөн-жосықсыз аулау үйреншікті іс болды. Оған Арыстан баб батырдың отырғызған бағының жай-күйі мысал бола алады. «Қоныс аударушылар Арыстан баб батыр отырғызған бақты бүлдіруде, ағаштарын қарақшылықпен шауып отауда, кесіп жөнсіз істер жасауда... Михайловка станциясындағы 200 жанұя тұрғын 500 шелек арақ ішкен және жергілікті тұрғындарды да бұл әдетке баули бастаған» деп жазады Воцинин (В. Воцинин. Очерки нового Туркестана. Свет и тени русской колонизации. 1914. – С. 79). Ең сорақысы, естен кетпес қалың қайғылы қазақ өзінің жерін билей алмай, босқыншы казак-орысқа 90 мың сом алым төлеп, еңсесі езіліп, қайыршылана бастайды. Шұрайлы жерінен, құт мекенінен айырылып желдің өтіне, құла, тұз, құба жонға – қуарған қу медиенге күштеп қуылады. Патша өкіметінің зұлымдығы, қан шеңгелі еріксіздіктің зарын шектіріп, талай ұрпақ қыршынынан қиылады. Бір адамның жақсылығы мыңдарға үлгі, бір адамның қанішерлік зәлімдігі қалың ұлттың бетіне шіркеу екенін отарлық езгіні «ерлік» тұтқандардың миына кіріп те шықпайды. Отарлауда мұздай қаруланған казак-орыстар түс-тұстан құйылып, қазақтың адал асын арамдап жатты. Бұғау мықты, қарусыз әлсіз халық бұқты. Кісілік сиқы жоқтар көкіректерін көкке көтергендей зәлімдігімен байлықты олжалап ұтты. Құтырғандардан құтылу қайда, мылтық асынған есерсоқтардың зөбірінен әлсіздер ажалынан бұрын өліп жатты. «Көріңде өкіргірі!» деген қарғыс ауада ілініп тұрды. Қарғыстан қорыққан олар жоқ. Патшалық Ресей өкіметі «бұратана халық» деп, одан кейінгі Қызыл империя «төртінші сортты халық»

деп қазақ ұлтын қорласа, намысына тигеніне моральдық шығынды бүгінгі Ресей төлер ме екен? Оны ақылды орыс даналары ойласа да, үстемдік деп түсінуі қиын-ды. Қайта өскен өркенді, еркін дамуымызды көре алмаушылар қыдыңдап сөз жүгіртіп мазалайтын шовинистерінің ескі заман тарихындағы үстемдігін ойлап, құрысы тарқамай, құлдық торын аңсайды-ақ. Абай «Өзі түгел көрмедім, ізі жоқ басқан табаны. Күйдіріп құдай алмады, бенденің құрыр амалы» десе, ол да отарлық езгінің құрсаулап салған қыл бұрауын басынан өткізген-ді. Қандай да бір қоғамда, қандай да бір өкімет адам сүюді, кісіге кісілік танытуды бірінші мақсатқа қоймас па?! Қалың орыс халқына кінә тағудан аулақпыз, өкімет ақылмен кеңесіп, жақсылыққа үнемі жақын болса, тарихта өкпе болмас еді. «Америка түшкірсе, Британияның қызуы көтеріледі» дегендей, тарихта казак-орыстар қабағын шытса, әлсіз қазақ құйындатып зытқан тәрізді. Өйткені патшалы Ресей қазақ жерінің шұрайлысын сыпырып алып, қанға қолын малып, отарлықтың шынжырын мойынға тағып, естен танғанымыз аздай, Қызыл империяның қолдан жасаған төрт бірдей аштық қырғыны, қазақ даласының әр бұтасын өлікке айналдырғанын кім ұмытады? Қазақтардың аштан қырылысын көзімен көрген орыстың ақын қызы Татьяна Новадовскаяның «Қазақстан трагедиясы» аталатын ұзақ өлеңін жылап тұрып оқисың.

*Кім жіберді аштық деген пәлені?  
Кім жауапты? Білгім келер соны мен.  
Түйе мініп, атпен шапқан жан еді,  
Малын айдап, көшіп жүрген жөнімен.  
Түгін қоймай сыпырды ғой қастықпен,  
Болады екен осындай да сұм айла.  
Бүкіл жұртты қырып-жою аштықпен  
Керек пе еді Аллаға, әлде Құдайға?  
Азаптаудың ойлап тапқан нешесін  
Есі ауысқан миғұла бір пақыр ма?  
Қойын, малын, киіз үйін, кесесін  
Тартып алып, отыреызған тақырға.*



*Аштық жайын еске алудың өзі мұң,  
Шаншу-сұрақ мазалайды: «Неліктен?».  
Бұл қорлыққа жетер қайтіп төзімің,  
Жер үстінде жүре алмайсың өліктен! –*

деген ұзақ өлеңнен үзіндінің тірі пенденің көкірегің қан жылататынын, Қазақстандағыдай аштық қырғыны өлем тарихында бұрын-соңды болмағанын толық аңғарамыз. Келер күннен үміт күте-күте, «Байқоңырға» қарап әлсіреген денеміздегі Менделеев кестесінен де көрінбеген химиялық қоспалар бар-ау дей бергенде, «Капустин Яр» сынақ алаңынан ұшып шығатын оқтұмсықтан шошып, кейде ұйқымыз бұзылады. Қазақ жеріне сынақ алаң жараспайды, Ресейдің кең байтақ жері жетпей ме? Өлде «түйесі жоғалмағанның бәрі есті» деп шыншыл тілімізге сүйеніп, үкілі үмітпен, өзімізде болмаса да көршімізге жақсылық болсын, солардың ұйқысы тыныш болса, біз де ұйқыны қандырамыз деп тарта береміз бе? Ғасыр сұрағы жетерлік. Тарихымыз небір сорақылықты келген еді көтеріп. Ақиқат мәнін шырайландыратын теңшілік болса, өткендегі өкініштің қиуазы қайтып, ойымыз тұрар еді өтеліп.

## **МИЫМДА МЕНІҢ ҮРЕЙ БАР**

Қымыр келді де, қатты өкінгендей сыңай танытты:

– Қыдырбайды айтам-ау, банктен аз өсіммен қарыз әперемін дегенге нанып бір жылқысын беріпті. Көз танысы алаяқты іздеп таба алмай, сенделіп жүр. Аңқау алдырмай тұрмайды, сұрқия ізін бағады ондайдың. Банкке кім алданбай жатыр, жақсылықты аңқау кеуіп аңсасаң да, тап бола кетер жамандық. Жарылқайтын берегенді таппассың, алданудың өзің ашарсың қақпасын. Қыдырбайдың әкесі Сыдырбай да аузынан сөзі, қойнынан бөзі төгілген болыпты. «Жатыпатардың» иек қағуымен аздаған істі болып, соғыстан кейін Семей өңірінде құрылыс жұмысында істепті. Адамның өмір сүруін ұзартатын өлемде жоқ қала салуға қатыстым дейді екен. Берияның «Атом жобасы» бойынша жұмыс істегенін қайдан білсін? Жаппай қырып жоятын қаруды Семей өңіріне орналастырудың ғылыми

зерттеу негізі бойынша қазақ елінің шығысынан соққан желмен ажал радиациясы бүкіл облыстарға тарап, тірлікті құртып тынады дейтін зұлымдық па екен? Сол Семейде 1953 жылы 5 тамызда сутегі бомбасын жарғанда сынақ алаңына жақын жерден 4-диспансер ашылып, оған 40 адам зардап шегіп түссе, соның 5-еуі ғана тірі қалыпты. Соның бірі – Сыдырбай. Ақыл-есі ауып, сөз айтпайды, күле берумен өмірден өткен. Міне, Қыдырбай да алданғанына күле береді. Күлкісі тыйылғасын жөн сөз айтуға құлқы жоқ. Біраздан соң жақсылықты кімнен тілер екенмін дейді. Сосын «Қызыл империя көсемдері бізден жарық дүниені көпсінді, жақсылық істемек түгілі» дейді. Айтпақшы, мені ет комбинатына жұмысқа орналастыратынын айтып қалтамдағы біраз қаржыны қағып алған Сырдан досымның да басы істемейді екен. Ұмытшақ, ешкімнің есімін жаттай алмайды, қағаз, түрлі құжаттарын қайда қойғанын білмей басы айналып, аузы көпіре сөйлеп жүреді. Жүз грамм арақ ішсе болды, өзінен-өзі жылай береді. Себебін сұрасам ауыр күрсініп: «Туған жерім Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы. КСРО Қорғаныс министрлігінің №929 шешімімен Батыс Қазақстанда шамамен 20 рет өте күшті атомдық жарылыстардың байқау сынақтарын жүргізген ғой. Әкем де, анам да аузы-мұрнынан қан кетіп қансырап өлді. Кейде өзіме кіжініп, бүйтіп тірі жүргенім құрсын деймін. Бірақ жарық күнді қимайсың», – дейді. Осыны естігесін Сырдан досымнан түк қайыр болмас деп сырттап кеттім ғой...

– Е, Қыдекең кімнің ақылы жөн, аңғара алмайды, ұрынады, перінеді, шекесіне тимейді, – деді Тымыр. – Ақылы асқан жақсыны «алысым» деп ойлама, алдағысын болжай білмейтін толып жүр сынақ алаңынан шыққан надан, сорлағандар. Ақша берсең түрме де қақпасын ашады, Ақтауды түрмеден қашқандар дүрліктіріп жатыр. Занды басынған надандықтың түрі. Бәлкім, «Азғыр», «Галит» сықылды жойқын қаруды сынақ аймақтарында дүниеге келген сумилар шығар. Оны азсынсаң, 1957-1962 жылдарда «Ембі-5» он бір термоядролық жарылыс жасаса, есалаң жауыз ойлы тыныш өмір сүруді қарақан басына лайқатты көрмей өмір құнсыз, өлген артық дейтін бо-

лар. Түрлі жауыздықтардың әр түрлі себептерін түсініп болмасың. – Жемқорлық дейсің бе, парақор дейсің бе, түрлі қылмыстарға баратындардың расында миларында бір кілтипан бар-ау?

– Пара алсаң керемет автокөлік мінесің деді-ау. Сосын «Алпыс қарсақ ат болмас, ақылды адам жат болмас», «түрмеде ақыл минут сайын жаңарып кіреді», «ретін тапқан арыстанды да ерттеп мінеді», «борбай созды боп жүргеннен, автокөлік мініп қатардан озды» боп жүрейін деушілер қайдан да табылады. Шайтанның азғыруымен, мидың жамандыққа бейімдігімен олжа бөлісуге сөзсіз көне кетеді. Алыстан болжауға миы жетпейді. «Алмастың жауы – қорғасын» деп кім сыйламас пара бергіш сырласын? Білесіңдер, алаған қол қарап тұрмасын, – деп Қымыр аспандағы көшпелі бұлтқа қарады. Бұлт тілсіз, аспан радиациядан таза сықылды, қоқыс тазартып жатқандар үнсіз. – Оу, пара, пайда, олжа десе жұрт үнсіз қалатыны несі? Базарлы қоғамның сырын білмей ме? «Базар теңгеліге базар, теңгесізге назар, жоқтық қысса солады көрік, ажар» демей ме? Сонау өткен ғасырдың елуінші жылдарында кеңшардың есепшісіне «Ассалаумағалайкум» деп қолымызды ұсынсақ, сәлем алудың орнына «Ақша жоқ, ақша жоқ» деп аяғын сылти басып кеңсеге кете баратынды. Сонда бір қария «Айылдың батқанын иесі білмес, ат білер» деп кеңшар басшыларының тойынып, байып бара жатқанын өзге емес, туыс-туғаны нақ білер, «жатыпатар» бір күні олжаны бөліспесе актілер, ауылдағы бишігеш биікпін деп білегін түреді, әлсізді қорлауды қызықтап жүреді. «Бостаншылық болмады талайыма, жалтақтап қансорғышқа қараймын, ө» деп еңбек күнге беретін азыққа да бедел салады, ақша «сірә да жоқ, адам басына беретін бір литр сүтті қыздырып ішеді. Айтпақшы, әр үйдегі жанын асырап отырған бір-бір сиыры бар, әйтеуір. Басқарушыға бас ұру – дағды, оларға батып сөз айтуға болмайды, жаусың деп дүр етсе оңбайсың», – деп өкінішін көкірегіне толтырып өткен. Бойлайтын өмір қалды ма, қан теңізінің ойлап көрді тереңін, бордай тозғандар білмеді кімге сенерін.

Қазақ көрмеген азап бар ма?

– Ұлтыңның жойылып кетуден аз-ақ қалғанын ойлайсың, – деді Тымыр.

– Сталин «Ұлт мәселесі дегеніміз – пролетариаттық революция туралы жалпы мәселенің бір бөлігі» десе, сол бір бөлекті құртса, екінші бөлегі үреймен тұншығып тынады деуі ме еді? Есқараевтың қойын дәптерінде жазылғандарды тергеуші оқып, «Бірақ бұл – шындықтың жұрнағы ғана» деген Сталин. Сондықтан әрбір тергеуші шындықты жүз пайыз ашуға міндеттісің депті. «Үштік қылмысты дөп басып жүр. Оған күмәнің бар ма?» депті. «Күмәнсіз іс болмайды» депті Есқараев. «Қырылған, жұтаған халық неліктен нәубетке ұрынды? Бұл сұрақтың шындығын келер ұрпақ біле жатар» деуді ішінде сақтады. «Таптар тұрғанда, айналамызда капиталистер қоршап отырғанда, зиянкестер болды да, бар да деді Сталин депсің. Сосын қарапайым халықтың бәрін зиянкес дей берсек, қоғамға зиян дейсің?» «Шындығы сол... Ленинизм идеясы соны талап етеді. Қойын дәптеріңіздің мына бір жерінде тағы да Сталиннің «Әдебиетте кейде диалектілер мен жаргондар тіл деп теріс танылып жүр» дегенін нендей пиғылмен жаздыңыз? Қазақ даласы байтақ, әрбір өңірдегі халықтың жергілікті сөзінде айырмашылық бар, сол диалектілер мен жаргондарды тергеуші қылмыстық істі қарап отырғанда түсіне білуі керек. Түрлі құжат, дерек сауатты, заңға саймасай болуға тиісті. Адам тағдыры сөз түгілі, сөйлемдегі үтірге де байланысты... «Конторға да сауаттылық керек пе?». «Не оттап отырсыз!? Залымдық пікір жақсылық әкелмейді». Осы кезде тергеушілер бір-біріне иек қағып Есқараевты сүйрелей жөнелді ме екен? Кемеңгер демейді, қолына түсті, аяушылық сірә да жоқ, неткен зұлымдық, қатыгездік, адамын керексінбеген сойқандық. Халқын қырудың бәріне Сталиннің сыпа басы жауапты ма? Жоқ. Ленинді тұтқындау жөніндегі ордерге шімірікпестен, беті бұлк етпестен қол қойған КСРО Бас прокуроры А.Я. Вышинскийдің зұлымдығы, қанішер құзғындық әрекеттері бірінен-бірі кем соқпайтын Ягода, Ежов, Берия, Абакумовтардың жауыздық істері халықты Сталинге қарсы

қою ма деп те қаласың. Қайткенде де Есқараев ішкі пікірінде Сталиннің өлемде ең артта қалған Кеңес үкіметін алға шығаруға тырысқан біраз істерін жоққа шығармаған да болуы. Ал жазықсыз жау атандырудан қорғай алмаған Қазақстанның бюро мүшелерінің қорқақтығына, өздерінің басы аман қалуын ойлайтын әлсіздігіне қайран қалуы да мүмкін-ді. С. Нұрпейісов басқарып келген комиссия шен-шекпендінің алдында әлсіздік танытса, 1938 жылы 10 мамырда Есқараевты тергеп, тексеріп, атушының алдында жүнін жұлған торғайдай болып, Калининнің қолынан Ленин орденін алып тұрып, оның қызығын көрмей Мирзоян да «жау» атанып ұрып-соғудан қалжыраған кезде:

– Мирзоян, Қазақстанды шетелге сатпақшы болдың ба? Неткен сатқындық?!

Айтпақшы, Ленин орденін кім берді, Калинин бе, ұялмай омырауыңа қалай тақтың? – дейді Мәскеуден келген Берияның қолшоқпары.

– Үн шығармаймын.

– Тілің кесілген жоқ қой.

– Кесілді.

– Нұрпейісов, Исаевтар «ұлтшыл-фашистерміз» деп мойындап отыр.

Мәскеуден келген Скворцов Қазақстанның екінші съезінде жаулықтарыңды әшкерелемегенде, КСРО-дан бөлініп шетелге бағынышты болып кетеді екенсіңдер. Кез келген жауды ата білеміз, ажалыңа бір оқ жалынады. Аузыңды ашпағаның да қылмысты мойындағаның, – деп тергеуші атылуға тиісті құжатты толтырды.

Қазақстанды өркендеткенім, ашыққан халықты тойындырғаным, елді мекендердің есін жиғызған іскерлігім бар шығар деп Мирзоян айтпайды. Оған дәлел таппайды. Түсініп отыр, Вышинский болсын, Берия болсын, ұйымдасқан жыртқыштар Сталинге кіріп әуелі елдің шаруа жағдайларын айтып отырып, көңілін біраз бөліп халық жаулары деген тізімге қол қойдырып алады. Сосын әскери соты іске кірісіп топырлатып қамайды, кінәң бар ма, жоқ па, онымен санаспай атады. Шпион, қоғамға зиянкес жаулар, сатқындық топ құрғандар деп әктілей салады. Мирзоян: «Адалмын, партияға, халқыма 22 жыл ар-ожданыммен

қызмет еттім», – десе де, Берияның қолшоқпарлары тыңдай қоймайды. Нығмет Сырғабаевты НКВД-ның адамдары ұстаған кезде Л.И. Мирзоян: «Нығметті жау десеңдер, бәріміз жау болғанымыз», – депті. Сол сөз Берияға жетпей ме? «Жау екенін өзі айтса, атылсын!» деп Мәскеу төртіп бермей ме? Ат деді, атады, Мәскеуге үкім орындалғанын шұғыл хабарлайды. Сталин кейбірін кешең біліп опынатын да шығар, қайтеді, мешеу елді әлемдік деңгейге қалай шығарамын деген ой арпалысымен Кремльдегілердің қайсысы қандай былық, қылмыс істеп жатқанын біле бере ме? Қуғын-сүргінге түскендердің көбінің Сталинді жазғырмайтыны ауылдағы белсенділердің не істеп, не қоятынын аудан, облыстағы басшылардың білмейтінімен салыстыруы шығар. Бірақ Сталин «Отанын сатқан», «Халық жауы» деген сөздердің шикілігін, көрер көзге жала жауып, пәлелеу екенін ұқпағаны – үреймен басқарудың тиімділігін түсінуі, құптауы емес пе екен? Тарихта осындай қырғындар да өткен... КСРО Бас прокуроры А.Я. Вышинский жазықсыз қоғам қайраткерлерін ажалға айдамады ма? Көсемді қалай иландырып қан шеңгелін құр тұрғызбаса да, қанталаған көзі кісі өлімінен басқаны көрмесе де, тас жүрегі селт етіп тебіренуді сезбесе де өзінің ажалы қалай боларын ойлады ма екен? Егер Ленин он жыл тірі тұрып, мемлекет басқарғанда қандыауыздар билік басына келер ме еді, келмес пе еді? Аштық қырғындарынан құтылуға Ленин бір амалын табар ма еді? Вышинскийдің түрлі қылмыстарын «Правда» газетінің фельетонисі Шатуновский ізіне түсіп, талай деректі анықтап жүргенін білсе де қалай құртудың амалын таппағанына өкінді ме екен? Адам шындықты өлер алдында ғана айтады деседі. Жоқ, көсемнің де, оның қолшоқпарларының да шындығы айтылмайды. Тарих кешең ашады. Тірі куә да таптыра бермейді. «Бұлар әділетті болғысы келеді. Шатуновскийге түрлі жалған дерек беріп жүргендер өзіміздің ішімізде жүргендер, тазартуды прокурорлар мен НКВД-дан бастаймыз» деп жиырма мың НКВД-ның басшы қызметкерін, жүздеген прокурорларды аттырып жіберсе, кімді аямақ? Түрме азабын көрген Бекболат Мұстафин ақпаратқа берген сұхбатында: «1941 жылы құпия кеңестің шешімімен

Воркутадағы лагерьде қазақстандық облыстық партия комитетінің 17 секретары, одақтық және республикалық деңгейдегі 64 депутат бір камерада отырдық. Кінәміз ертек тәрізді, ұлтшыл-фашист, үкіметке зиянкес, терроршы, шетел шпионы... Осындай ертекті сүйегінді ұрып сындырып, басыңды жарып, тырнағыңның астына ине сұғып мойындатады...». Осылай қоғамды тазарту тәртібін үреймен күштеп орындап, Сталинге мәлімдемейді деймісің. Қырғын салушылар Вышинский, Ягода, Ежов, Абакумов, Мехлис, Ульрих, Кагонович түрлі құжаттарға қол қоюда. Калинин және басқалары «Мұнымыз қалай, қоғам қайраткерлері ғой, жазықсыз шығар» деп аузын ашпайды. Сталин Саяси бюроның құрамын тазартып аттырып, түрмеде шірітіп жатқанда басқасын кім арашалайды? Әркім өзінің амандығын ойлайды. Вышинский де қауіптенбейді деймісің? Осындай жан түршігерлік оқиғаларды Есқараев білді. Зұлымдықпен жасалған аштық құрбандарын көзімен көрді, масақ тергені үшін мыңдап тұтқындалып жатқанына араша түсті. НКВД-ның бастығы Мартынов Мәскеуге құпия түрде бәрін жеткізіп тұрды. Берия да, Вышинский де сыбысты кешіре бермейді. Бірақ өздері қалай өледі, ажал қайдан тап болады? Қанішердің есірік көңілі оны ойға алдыра бермейді. Сталин ше? Мың жылдық өмір жоқ. Бәрі де өледі. «Миллиондаған адамды қырдық, Құдай алдында не деп ақталамыз?» демейді. Қазақ «Алла күнәнді кешер, бірақ аруақ кешпейді» деген сөз қалдырған. Кеңес Одағын әлемге танытып, фашизмді талқандаған, темірдей тәртіп орнатқан Сталинді тарих алдында біреулер мақтар, екіншілер даттар, одан келер, кетері шамалы. Жаратқан Сталинге де ақ өлімін бұйыртпады, сүйегінің қайда қалғаны, қай жылы, қай уақытта өлгені жұмбақ күйінде кеткен сұрақ. «Қарғыс атқан сталиншілдер, көрінде өкіресіңдер» деп дүниеден өтерінде Есқараев та, басқа да жүздеген, мыңдаған жазықсыздар, жалпы саны 40 миллион адамның қыршын кету қайғысы – тарихымыздың ақтаңдақ беттері.

Барнауыл прокурорының аға көмекшісі Давыдова Елена Юрьевна: «Сорақылық, зұлымдық кейбір қылмысты

делінген папкіде төрт-бес баланың анасы «халық жауы» деп атылып жатса, қанды қырғынға зөрең ұшады» дейді. Адам құны бес тиындыққа да тұрмағаны ғой... – «Партиялық моральды бұзушыларды жауапқа тартып отырады» дейді КПСС уставында. Ал жазықсыздарды қырып-жою моральға жата ма? Жауабын өзің тап. Әттегенесі, дара тұлғалар, ірі қоғам қайраткерлері, ғалымдар тірі тұрғанда талай жақсылықтар жайнап көрінер еді. Ортасы толмас өкініш сол ғана. Адамдар кештік өмірі бар ма, жоқ па, білмеген ауыр уақытты еске алғанның артықтығы жоқ, бәрі тарихымыз, оны білуге кім ынтызар емес дейсің, – деді Қымыр. – Сол сүргін жылдарда бірін-бірі бөтенсіген туыс келді, бірін-бірі пәлелейтін кеудесі қуыс келді. Ел басқарды. Бұғалық түскен мойынға, жылан кірді қойынға. Сұрқия саясаттың құрту еді ойында.

Булығып талықсыды бар адам, үкіметтен қарасу деген жоқ оған. Шірік шірітті, бұзық бүлдірді, тозған елге болар екен кім үлгі? Мінбеден халыққа қарап «Сталин көсеміміз «Социалистік бақытты өмір – жақсы іс» деген, соны түсінуіміз керек, жолдастар» деп сайрап, ел дәулетін олжалауды ойлап түрмеге кеткендердің өкініші де хатта қалған-ды, – деп Қымыр өлең шумағын айтпай ма?

*Биліктің шығып алдым қыр басына,  
Бәрі аздай, аздай болып тұрмасын ба?  
Ел дәулеті жетпеді бір басыма,  
Сыбайлас табылып еді ұрласуға.  
Масқара-ай, қылмысымыз мәлім болып,  
Қиындады алшаңдап жер басуға.  
Түрменің босағасын аттағасын,  
Қара жер, жұмсақ болдың жамбасыма, –*

деушілер де болған. Бірісі жақсы, «ақша жоқ» деген есепшінің сөзіне тосылып, тояр-тоймас ас ішкеніне шүкірлік еткен, маңдай терін мал бағып, егін өсіру жолында өлшеусіз төккен еңбекшілер бақытты өмір келер деген сенімін жоғалтқан жоқ... Басқадай амалы қайсы, үрейден қорқады.



Бедел де ажал, атақ та ажал, білгірлік те ажал, жұрттың көзіне түскен алғыр ойлыны сыпыра «жаусың» деп қара машинаға тиеп қырып, жойып жатқанда Тұрсынғали әкем сотталып кетті. Түрмеде өлген. Ірі қоғам қайраткерінің бірі, алғашқы прокуроры Есқараев қылмысты делінгенде, кеңшарды ұйымдастырушы, белсенділерінің бірі қоғамға шындық керек деуші Тұрсынғалиды ұстап, Берияның лимитін орындау қиынға түспегені анық. Айыбы қандай, қай жерде жаны үзілді деп ұзақ жыл іздедім. Қазан қаласына да бардым. «Кейбір қылмыскер өлісімен делосын бірге шұқырға тастайтынын немесе бес-алты жылдан кейін кейбір іс құжатын Мәскеуге жіберетінін естідім. Өйткені түрмелерде адам шамадан тыс көп болған көрінеді. Сөйтіп әкемізден қалған дерек, құжат та жоқ, өлген жері де белгісіз. «Қайдасың, әке?» деп Есқараев ұлы Маратша іштей күңіренумен жылдарды өткіздік. Көресіні көрдік. Жалғыз біз бе? Халық мойны ырғайдай, биті торғайдай боп, ішер ас, киер киімге жарымаса да, үрейден қорқып басының амандығын тіледі. Сталиндік зұлымдыққа бірер қарт кіжініп «Направо, налево, Сталиннің салған әлегі» деп көзінің сорасын сүртіп тірліктен безіп кеткендей еді. Ондайда «жатыпатар» миығынан күліп, «есқараевшыл, тірі жүргенің көп, өлімің жақын» дейтіндей болған. Өмір талайды өксіткенде, сұм-сұрқияның шайтаны семіріп, есіріп қалады. Қыста қар емес, қан жауғандай, жазда жаңбыр емес, мұз жауғандай сұрапыл зұлым ойлының «есқараевшыл» деп үштіктің құлағына сыбырлау жанына жақты ма? Өлі далада өздері оңаша қалып бақыт тапты ма? Жоқ. Қиянат қыл өңеш етіп жанын қинады. Жұмабай Кіржағалов ағамыздың «Адамнан «жатыпатар» жасау үкіметке оңай, ал «жатыпатардан» адам жасауға күші жете қоймас» дегеніне намыстанғандар «есқараевшыл, үкіметке тіл тигізуші» деп айыптап түрмеге отырғызып еді. Кейін Кеңес үкіметі сталиндік қуғын-сүргінді айыптап, жұрт бас амандығына жеткен кезде «жатыпатарлар» домалақ арызды оңды-солды боратуға көшті. Осы тұста облыстың бір бастығы арызқойды шақырып алып,

«Жаңа пәтер берем, астыңа автокөлікті тегін сыйлаймын, арыз жазуды қоясың ба?» демей ме? Сонда арыз жазғыш «Өйтіп мені қинама! Бергеніңді алам ғой, қолым көтереді. Бірақ арыз жазуды қоя алмаймын. Өкемнің өсиеті бар: «Жұрт өзіңнен ығып тұрса, сұсыңмен жерге тірідей тығып тұрсаң, кеудең көтеріңкі болады. Арызыңның үш пайызы шындық болса, аудан, облысты дүрліктіруге жетеді, жүні жығылғандар құрметтеумен өтеді, шыншылмын деп кеуде кересің, тірі жүргеннің қылмыстан сауы жоқ, үндемеске тізіп бересің» дегенін қалай ұмытам. Өке өсиетіне адалмын» депті.

...Сынықтың да сырқырағаны жұғады, жақсылық та, жамандық та тұқым қуалап тынады. Қырғынның қара тақтасы, қара тізіміне іліккендер қудаланды, дүйім жұрт дігір салғандардан беті қайтты. Осыншама надандықты білімсіздіктен деп тапты. Ұрпақты оқытуға бар зейінін аударды.

Қазақ КСР-і кезінде 1938 оқу жылында 7 566 мектеп бойынша 976 711 оқушы болған. Демек, 1917 жылдары Ахмет Байтұрсыновты қуандырған жеті миллионнан астам қазақтың қаншасы қырылғанын балалардың саны да көрсетіп тұрған жоқ па? Мектеп санының түріне қарағанда, қаншама елді мекен иесіз қалғанын көрсетпей ме? Қазақ КСР-і халкомы А.М. Абдықалықовтың баяндамасында есептік дәлел 1938-1941 жылдары сауатсыз және шала сауаттының оқуға тартылғаны 847 310 адам делінсе, соғыс жылдарында 1 миллион 200 мың қыз-келіншек майдан үшін еңбек етсе, «қоғамға жат элемент» деп жер ауып келген жүздеген мың адамдарды санаққа қоссақ, соғысқа бір миллиондай жігіттер аттанса, Қазақстан халқы үш миллионға да жетер-жетпес болса, 1918-1922 жылдан басталған аштықта қанша қазақтардың қырылғанын есептеп шығару қиын емес (Осындай қырғындарда да «жатыпатарлар» аман қалды). Ал Одақтық есепте Қазақстанда аштан өлгендер 50 пайыз деуі анық емес, кемінде 70-80 пайыз халық қолдан жасалған қырғынға ұшырады. Голощекиннің қанішерлік қылмысын Сталин білмеді деймісің. Білді. Қателікті жасыруы керек. Қылмыс білінбеуі керек... Кеңес үкіметін мойындамаған шығай қашқындардың өздері кінәлі деу керек.

– Рас, қай кезеңде де санақта күмән көп, өткен санақты ғылым өркендеп, барлық мүмкіндік бар бола тұрып біраз адамдар есепке кірмей қалды, – деді Қымыр сөзін жалғап. – «Халық санағын басқарған Анар Мешінбаевадан бастап бөлінген қаржыны ұрлаған жауаптыларына үкім шығарылды, Анар шетелде қашып жүр. Егер санақ дұрыс өткенде қазақ саны 14 миллионнан кем болмайтын еді. Былық-батпағы өкіндірді. Өтіріктің жолы болып, сұм-сұрқияға өлім жоқтығын көрсетті. Обыр «мешінбаевашылар» өткен қоғамда да толып жүрді. Халық алдында сайрап, «Коммунизм ана қырдың астында келіп қалды, алтын ғасыр басталды» деп есі шығып елірді. Қоғам өтірікке құрылса, шындық қара сандықтан шықпайды. Өтірік минут сайын айтылып жатты. Мына Торғайда қой қырқудан әлемдік чемпион Шотай Тойбағаровпен тең түскен Қадірбек Оразалин: «Шопандардың табан еті, маңдай тері желінуін қашан қойдырасындар? Жыл аяғында берешек болып шығады, шопанға айына бір қапшық ұн, бес-алты килограмм шай, қанты, бір киер киімінен басқа қандай табыс бұйырды? Өтірік мәлімет...» деп облыстың бір басшысы Үсеновке айтқаны үшін бе, өзінің қой қырқудағы үздік еңбегі еленбей қала барды. Міне, мұндай шындық айту ешкімді шырайландырған жоқ. Есесі кетіп, есінен танғандар өтірік айта алмағандықтың зәбірін көрді, қуғындалды, шындық айтқан кейбір шаруашылық басшылары өмірден баз кешті. Саясат құйыны ықтатты, жел қуалаған қаңбақ етті. Жалғаншы сөзі түзуді даттайды, үстемдік иесінің сөзінде мін бар деуге батпайды. Сөйтіп жағынып беделін сақтайды. Адалдықтың ала жібінен аттайды. Сұм-сұрқияны тілін безеп мақтайды. Қосып айтуды қостайды, жағынып, табынуға шеберлер орынтаққа жеткенше дәйек таппайды. Өтірікті шынға айналдырып дәлелдеп береді. Дәлдудің қыздырма қызыл тілі болмағанды болдырады, халық қолына бақыт құсын қондырады. Дәлелдемесі сыптай, шындықты тынбас құртпай. Сөйтіп, социализм жүйесінің өтірікке, өсекке құрылуы қоғам мерезіне айналды. Оған социализм кінәлі емес, басқарушы тобырлар өзімшілдіктен аспады.

«Шыдаңдар, ашыққанға көмек тездетіп жетеді» деп аштық жылдарында талайды жер жастандырды. Обыр, қаскөй, не түрлі зұлымдар саясатқа бейімделіп жетілді, ұрпағына жағынғанның жағасы жайлау болады деп түсіндіріп тастады. Содан-ақ, не түрлі қылмыскердің айы оңынан, жұлдызы солынан туып, шындықтың құны жойылып, адалдықтың көзі ойылып, ақырында өтірік өрге бастырмай, социализмді құлатып тынды.

Қоғам құласа да өтірікшіге өлім келген жоқ, жекешеді аларын алып қалды, берерін беріп қалды, қылмысы білінсе түрмеге жетіп барды. Онда да өмір, көріп қал. Берияның түрмесі бос емес, өтірік күліп онда да алдайсың. Ашкөздікте тойым жоқ, Мешінбаева сықылды талайлар өтіріктен олжа тауып, тұлкі мінезбен шетелге барып қалды. Оңай олжа бір күн қуанып, мың күн ұялтарын намыссыздар біліп пе? Шындық жоқ дегенге сеніп қалды. Тоқетері – жетерлік, қанағат етерлік дейтін о заманда да, бұ заманда да жұмыр жерде жемқор жоқ. Бір міскіндер міңгір-міңгірлеп тартып барады...

Ертеде бір тентек «Қайғы жоқта қайғырдым, сүм-сүрқиядан неге айырылдым?» деген екен. Кәне, қоғамның мерезіне ем табуды іздейміз бе? Шындық келер деп үміт үзбейміз бе? Өзің біл. Бөріне кінәлі де, күнәлі – Адам, өзіңнен. Сталин саясатын орындауға жанын аямаған мейірімсіздер қан кешіп жүргенін ұқты ма? Бәрібір ажал бәрін де жұтып тастады. Тірі жанның тірі жүргенін көре алмайтын қара тастай қатты жексұрындар да төбе басына кеткен. У ішіп, қан түкіріп жүріп социализмді өркендеткен Одақтың мол байлығы бүгінгі сыбайлас жемқорлардың қолына да жеткен. Миллиондар мен миллиардтардың қожалары әлсіздерге ауыстырар ма екен ештеп? Табысы ортайса қылғынып өліп қалардай қараулық қанына сіңіп кеткен...

– Қымыр, жықпыл-жықпыл тірлікті айтып жұқармалық. Жақсылықтың да тұрақтар баяны бар, жамандықтың да түсіңе еніп шошытар аяны бар, – деді Тымыр қоларбасындағы қоқысты автокөліктің қорабына салып жатып. – Қаланы қоқыстан тазартудан шаршап қажымайды екенмін. Сары кеудеше киіп көшелердегі лас

қоқысты іліп алып қоларбасына салып жүрген адамдар тек қана тазалықты ойлайды екен. «Қотыр қолдан жұғады, таз тақиядан жұғады» деп өткен қоғамнан тамыр тартып келген түрлі қылмыстың қарасы батса, адалдықтың таңы атса. Қоғам да тап-таза болып шыныдай жарқырап тұрса ғой. Бұл арманға де жетерміз, – деп ол Астананың сұлу ғимараттарына сүйсіне қарады.

Айхай, дүние шіркін!

Тарихымыздағы түрлі қасірет-қайғы, мұң-шерді ұмытқысы келеді. Бірақ ұмытыла ма?

– Бірде Бөлекбаев облыстық әкімнің орынбасары Қасым Тәуекеновке құжат қағазды қолма-қол тапсыруға жұмсады. Ұлт жанашыры екені аңыз болған Тәуекеновтің кабинетінде отырғанымда есіктен сүрініп-қабынып кекті адамша кірген бөлім бастығы менің бетіме үңіле бір қарап: «Бөлекбаев Торғайдан қоныс аударғандарға кезексіз пәтер таратып жатыр. Өзімізде он-он бес жылдан бері пәтер кезегінде тұрғандарды елемеу неткен сорақылық... Ынтықпа, сабыр ет, Торғай облысы жабылғаннан кейін қаражаты қала бюджетіне аударылған, үкіметтің қаулысы және бар кезектен тыс пәтер беру қажеттігі жөнінде. Өз басыңа түссе қайтер едің, соны ойлап көрдің бе? Аяқ астынан пәле іздемесеңдер, ұйқыларың қаша ма? Бара бер, пәтер алып жатқандар Бөлекбаевтың туысы да емес, досы да емес» дегенін ойласам, сол кезде Астана әлем таңғалатындай қала болады деп ешкім қаперіне де алмаған еді. Халық күйзелген кезде кейбіреулердің ішіне пышақ айнамай қызғаныш, көреалмаушылық, былайша айтқанда жыртқыштық пайда болды. Аң, құс, табиғат жөнінде шебер жазатын алғыр ойлы жазушы Қасым Тәуекеновтің ойына қаншық қасқырды атып алып сойғанда ішінен арлан қасқырдың дене мүшелері шыққанына таңданғаны оралды. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» дегені бекер болғаны ма? Арланнан қайрат кетті ме, аңсыздық па, әлде шектен тыс зәбірді қаншық кешірмеді ме? Түсініксіз... Пенде... тарығып, зәбір, жападан қажып жыртқыштық мінезге бара ма» деген ойда біраз толғанып еді Қасым. Бәрібір адалдықтан, халқының қамын ойлаудан басқаға алаңдамайтын ниеті белгілі. Қаусап қалған өндіріс орында-

ры, шашылып қалған шаруашылықтар, осындай ауыр кезде жұрттың сенімін жоғалтпай аман сақтаудан басқа жол жоқ, – деп Тымыр сол кездегі басшылық жұмыстағылардың қай-қайсы да халықты аман сақтаудың барлық амалын алғанын есінен шығармайды. Өйткені ер адамдардың өмір сүруі 59-61 жасты құрап, әлемде ең соңғы орында тұрса, Жапонияда ерлер 84 жыл орта есеппен өмір сүрсе, соның бәрін жазушы, облыстың басшыларының бірі Қасым біліп, жаны қайтіп күйзелмейді? Қысқасы, Астананың іргетасының берік болуына әрбір басшы, әрбір тұрғын бағалай білуге тұрарлық қызмет істеді. Тәуелсіздігіміздің нығаюына керегі де сол ертеңге деген сенім еді. Ұлттардың татулығы сақталды. Бірақ пенденің бәрі күн ілгеріні нақты болжай алмасы айқын. Сондықтан орыс тілділер өз отанына, немістер Герман жеріне кетіп жатқанда Ақмоладағы достарын қимай, көз жастарын төккендері қаншама? Дос, жолдастан, кіндік қаны тамған жерден, үйреніскен жұрттан айырылысудың қалың қайғысы ұмытылар ма? Сол тұстағы не түрлі пікірлер мен дақпырттар, бүгінгі әлем таныған тұста сол кезді көзі көргендердің есінен шыға қоймас. Енді қайтеміз деп жабыққандар да жетіп жатты, бүгінгіге көңілі толық, шат-шадыман болып, ертеңгіге сеніммен ұялмай қарай алады. Тірлік әр тарапты жолмен бәрібір жүріп жатты... Шындықтың беті ашылып, жан аямай атқарған істің қайырын көріп білдік.

## ЖҰЛДЫЗЫ ЖАҚЫН БА?

Қазақ шыр етіп жерге түскеннен басы жерге жеткенше өзінше өмір сүруге икемділігі, күші мен қайраты, салты мен санасы, қадір, қасиеті дала мейлінше кең болса, мінез-құлқы да кеңдікпен өлшеніп, рухы құдіретті құбылыстай көрінеді. Далашылдығы, елшілдігі, туған жерге сүйіспеншілігі ұлттың ұлылық сипатындай делінеді. Татулығы ерекше жарастықтыларды үлкендер: «Тілектері де, ойлары да ортақ, жігері, қабілеті, бүкіл тірлігі бір-біріне ұқсас, «Болар бала бесікте бұлқынады» деп бұлқыныстары жарасымды, жұлдыздары жақын ғой» деп ақиқат пікірлерін қуана құптап жататын-ды. «Қыз өссе

қызы жақсымен, ұл өссе ұлы жақсымен жақын бол» деуі – тәрбие тетігі, әлемде қазақтан басқа ұлтта кездесе бермейтін тәртіп еді. Онысы батыстан шығысқа қарай жылжып жататын жұлдыздардың аспан әлеміндегі небір құпиясына да жетік данагөйлер ауа райын да, жыл маусымындағы түрлі өзгерістерді де дәл болжау шеберлігі, оның адам жаратылысына әсерін де дөп басып айтуы атақты ғалымдардан кем соқпайтын-ды. Табиғаттың бірыңғайлығы мен тұтастығын болжап ой қорыту, түндерде жұлдыз бағытымен жол жүрудегі шеберлігі табиғат кеңістігін мейлінше толық білуі дерсің. Тіпті адамның дүниеге келу және өмірден озу уақытын құранға қарап отырып жұлдыз, күн, уақыт өлшемін дөп басып айтуы да дала даналарында қалыптасқан ғылым болатын-ды. Қазақтар осындай қасиеттерін жоғалтпай, жанның түзілуін жеті ата бойына сақтап келгені ешкімнің қиындықтан мұқалып, мұңданбауына тікелей әсер еткенін ойшылдық демей көр. Қазақтың мыңдаған жылдардағы тарихына үңіліп ойлансаң, әлемде шаппай бөйге алатын ұлылықтарды тізбелеп айтуға болар. Ендігі ұлылардың оралуы десек, Қалила ана он екінші желтоқсанда толғата бастады. Төрт-бес жылғы аштық жылдарында түсік тастағанына ана жаны қиналса, құрсағындағы мына шарананы өмірге әкелуге толғақ қатты келіп өлі түске ұрынуда. Жеңіл босануына тәжірибелі әйелдер не түрлі амал-айла қолданса да, толғақ әлсін-әлі тарап кетеді. Қалфе молда құрандағы ай, жұлдыз күнді болжап, дұғасын оқиды. Бірақ жиналғандардың ешқайсысы да айдың он екінші жұлдызында әлем бойынша кімдер келді, оны білмейді. Осы күні «Бовари ханым», «Саламбо» романдарының авторы Г. Флобер дүниеге келген екен. Бәлкім оның да анасының толғағы оңай болмаған шығар. «Мені таныңдар, әлем халқы!» деп 1928 жылы он екінші желтоқсанда өмірге келген әйгілі қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың анасы да оңайлықпен босана қоймаған шығар. Тоғыз жасында қуғын-сүргіннің қанды қырғынынан әкесінен айрылып өмір бойы әкесін жоқтаумен өткен қайғысын жұрттың бәрі біле бермес. Міне, Қалила ана тағы толғатты. Жұмыр жерде талай ана толғатып жатыр. Талай адам көз жасын көл етіп өмірден

өтіп жатыр. Ана толғағы қатты, жанына да қауіпті. Жұрт біресе арқан керді, ерлер жын-шайтанды қуып оқтын-оқтын мылтық атады. Босағада аттың тағасы және сегіз өрме қамшы ілінген. Төрде қара мылтық, қылыш, оның жанында тағы да он екі өрме дойыр қамшы ілулі тұрса шайтан кірмейді деп ырым ететіні және бар. Айта кетерлігі, осы шаңырақтың киесі – қамшы атадан балаға мирас еді. Ал «Алланың шайтанынан адамның шайтаны қауіпті, жаман» деп есептейтіндіктен әйел босанатын бөлмеге ниеті бұзық, арам ойлы, бедеу, төсін бала тартпаған әйелді жуытпайды. Басқан ізіне дейін аластап отырады. Далада боран соғып тұр, аттаған ізінді қар лезде жауып жатыр. Адамзат күнтізбесінде 1776 жылы орыстың атақты тарихшысы Николай Михайлович Карамзин дүниеге келген. Орыс мемлекетінің тарихы туралы он алты том жазған, бөлкім Есімханның бас биі, әскер басы, батыр Жиёмбет қақында сөз қалдырды ма екен, қаламына ілікпесе де қоңсы қонған қазақтар жайлы дерек болғаны мүмкін-ді. Шекаралық ұлттар ең өжет, еркіндік жолында батылдығы ерекше екені тарихшы қаламынан орын алмады деймісің. 1927 жылы осы күні «Сөз өнері» кітабын жазған академик Зейнолла Қабдолов дүниеге келіп, қазақ халқының бойындағы ең құдіретті сөздің оқтан өткір, қылыштан да қиғыр, небір жауын сөзбен тоқтатын ерекшелігін уақыттан оза жазып қалдырды. Бұл оқиғаларды білмесе де, молда Қалфе құранның әлемде теңдесі жоқ ғылым екенін жүрегімен ұғып, Қалиланың толғағы жанын мұрнының ұшына әкелген тұста дұғасын сарнатып оқиды. Қиналған ананың сол минуттарда өмір сүруге құштарлығы артып, жанталасады.

– Жұмырығыңды түй, тісіңді шықырлат, күшен, бар күшіңді сал?! – деді абысыны Жақия. – Бес бала тумай белгілі қатын болмайсың, үш бала деген не тәйірі?! Өлі талай туасың.

Оның бетіне салқын қараған Науша:

– Жаны қалып, аяқ-қолын бауырына алуын айтсайшы, – деді жұмсақ үнмен. Ерлер жағы үнсіз, Қалиланың ұлдары Қуан, Мұса анасының жаны қалуын Алладан тілеумен жұмған аузын ашпай, далада жүр. Олар да



1837 жылдың 13 желтоқсанында Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов осы өңір арқылы Жайық даласына өткенін қариялардан естіген. Ұрпақтың азаттығы үшін күрескерлер туралы талай аңыз ел жадында. «Мұндай батырлар жүздеген жылдардан кейін өмірге келер ме екен?» деушілерді есіне алады. Бірақ әлемде осы күні 1642 жылы голландиялық теңіз саяхатшысы Абель Тасман Жаңа Зеландия аралын ашса, қазақ батырлары Орбұлақ шайқасында ірі жеңіске жетті, олардың ішінде Жиёмбет батыр да бар еді. Осы ауылдың елу үйі сол Жиёмбеттің ұрпақтары. Айтпақшы 1720 жылы осындай қарлы боранда Италияның драматургі Карло Гоцци өмірге келсе, оның атақты туындысы «Турандот ханшайым» шығармасы деседі. Ал сөзуарлар Жиёмбет батырдың бір әйелі итальян қызы екенін сыбыр-күбірмен айтады. Дегенмен сыртта өңгіме көрігін қыздырып тұрған Жұмабай мен Қоңқай:

– 1917 жылдың он үшінші желтоқсанында Орынборда өткен екінші Бүкілқазақ съезінде Әлихан Бөкейханов Алаш автономиясының үкіметі – Алашорданың төрағасы болып сайланды. Өттегені, Алаш үкіметі ұзақ өмір сүре алмады, – деп Қоңқай қынжылды.

– Съезге Ойылдан біраз адам барып едік, оның ішінде Рахымжан Шотаев сөзшеңдігімен, ақындығымен, алғыр ойымен танылып еді, – деді Жұмабай.

– Жаңа іске жөн төрелік айту ұлттық қасиет десейші!

Жұрт әдеттегі осындай өңгімемен уақыт алдырып отырса да, тілектері – Қалиланың аман босануы. Ұлттық мінез-құлық, тәртіп, тәрбиенің дәуірлеген кезінен бастап қалыптасқан тәртіп бар. Екінші үйде Бекқазы мен Тұрсынғали ырымдап меңсіз қойды сойып жатса, малдың ішек-қарнын тазартуға көмектесіп келе жатқан Мәнет өзімен-өзі сөйлеп «бәйбіше ерке болады, әлі босанбаған шығар» деп күбірлейді. Оған Жұмабай салқын көз тастап, іштей «үлкендер байы өлгеннен кейін, балалары жат босағасында қаңғымасын деп қоярда қоймай күштеп Тұрсынғалиға атастырды, екеуің де белсендісіңдер, жаңа ұжымды дұрыстап басқарыңдар» деді және. Бірақ Жұмабайдың көкейінде қойыны құтсыз еді, ақыры не болар деу тұншығып тұратын-ды. Ал Қалила толғағы

бәсеңдеп, есін жия бастаған сәтінде атасы Құтмамбет елес береді. Өмірім халықтікі, ажалым өзіме бұйыратыны деп мұнайшы ағылшындарға жер менікі, қақымызды жегізбейміз, дұрыстап еңбегімізді төле, әйтпесе келген іздеріңмен кетіңдер деп қарсылық көрсеткенін ұнатпай машинамен қапыда қағып өлтірді. Жаны үзілерде ұрпақ бақытты болғай деп соңғы сөзін айтыпты. Сол ата елес беріп «Қайраттан, бар күшінді жұмсап іштегі шарана да, өзің де аман болыңдар» дейтіндей қайрат, күшіне дем береді. Адамның өмірге келуі жеңіл болған ба? Жұмыр жерде ұлы ақиқаттар ұлт кәмілдігімен есте қалып жатады, кейбірі ұмыт болады. Он төртінші желтоқсанда 1546 жылы Марсқа алғашқы болжау жасаған дат астрономы Тихо Браге дүниеге келсе, 1924 жылы «Қаңғыбас», «420 мырза», «Сангам» фильмдерімен әлемді таңырқатқан үнді киносының актері, режиссері Радж Капур дүниеге келіп халқын қуантқан-ды. Ал осы жұлдыздың келесі күні 1913 жылы қазақ әдебиетінің дарынды тұлғаларының бірі Қалижан Бекқожин, 1922 жылы Әзілхан Нұршайықов өмір есігін ашып, халқына біраз мұра қалдырды. Адамзаттың жер бетіндегі күнтізбегінде ұлылық оқиғаларына қатыстылардың қай-қайсысы да аналардың құрсағынан оңайлықпен шыға қоймаған шығар. Адам өмірге шөлдеп келеді, ана құрсағынан жылап түсетіні содан, адам өмірден шөлі қанбай өтеді, жылап кететіні содан болса керек.

Қалфе молда Қалила толғағының үшінші күнінде алдындағы құранынан көз алмай оқып отырып, әлемдік дін ғылымын Мұхаммед пайғамбар құстай ұшатын етіп жеткізді. Түрлі қауіп-қатерден қорғай білді. Жер бетінде ерекше жарқ еткен құбылыс еді-ау деп ойлап отырды да айналаны іңір қараңғысы басқан кезде, кенет қараңғылық серпіліп аспанда Ай туатын күн ғой, Ай туды ма, далаға шығып қарап келіңдерші деді. Дегенмен көкірегінде шарананың үш күн бойы анасының жанын қинағаны, тірлігінде көретін қиындықтары, қасіреті аз болмас па екен деген пікірін жарияламайды. Ойын жиғанша шарана баж етіп өмірге келді. Кенет Науша сәбиді көтеріп алып уәде бойынша бауырына басуға шұғыл кірісті. Үлкен үйдегі Бекқазыға да хабар жетіп

сүйінші сұралды. Көз жасы сақалын жуып Жаратқаннан «Шаңырағыма ие болатын ұл бер» деп жатса-тұрса тілек тілеген Бекқазы туған інісі Тұрсынғалиды құшақтап сүйе берді, сүйе берді. Қуаныштың құдіретіне бүтіндей берілуі ұзаққа бармай, арада екі жыл өтісімен «қара машина» Тұрсынғалиды «халық жауы» атандырып түрмеге әкетті. «Отыз жеті» ойраны қайғыдан жер қайыстырып түнерген аспан астында түндігі ашылмаған талай үй қаңырап қалды, үрейден бесіктегі балалардың да үні тұншықты. Қорқыныш қалың, тыныш ұйықтау қалды. Екі жасар ұлы Тұрсынғалимен соңғы рет дәм татқанын да есейгесін естіді. Одан кейінгі қан жұтқызған қайғы – Мұса, Қуан, Кенжеғали інілері дүниежүзілік соғыстан оралмады. Ауыр қайғы «Қаракөл» ұжымшарындағы елу түтіннің босағасын ойрандап, кейбірінің шаңырағын ортасына түсіріп, ошақ отын өшірді. Балалардың біразы аштық, түрлі індеттен күн құрғатпай өліп, қарттардың қабір қазудан қолдары босамады. Қайғы тыныс алдырмады. Өмірден баз кешкендікті білдіретін аза тұтып жоқтау сарыны бүкіл халықтық тақсіретпен ұштасып жатқанын ұмытуға болмайтын еді. Бұл ауылда қуғын-сүргін, байларды төркілеу басталғанда қара тізімге ешкім ілікпесе де, көрші Қызылқоға ауданындағы жекжат-жұрағаттары жиырмадан аса байдың қатарында аталды. Ақын Хамит Ерғалиевтің әкесі Ерғали және Дүзелбай Жұмабаев, Әлжан Игіліков, Жұмағұл Жұлдызовтарды білетіндерің бар ма деп «қара машинадағы» қызыл жағалылар сұрау салып жататынынан Тұрсынғали да, ауылдастары да хабардар еді. Онысы тергеу жазбаларында байлармен пікірлес болған деген жаланы жабудың амалы ғой. Сөйтіп 1935 жылдың желтоқсанында өмірге келген ұрпақтардың бесік табы белінен кетпей жатып маңдайына қасірет, қайғыны өшпестей етіп жазғаны «қара машинадағылардың» алдында өлердегі сөзін айтса да, жазықсыздығын дәлелдесе де ақтала алмай зар илеп Берияның түрмесіне кете барды бас көтерген ер-азаматтар. Жала, жаза, өтірік, өсектен, қисынсыз пәлелеуден ешкім қашып құтыла алмағанды. Өйткені милициялар жоғарыдан түскен лимитті орындауға тиісті. Ататынын атады, түрмеге жабатынын жабады.

Қандайда бүлік, ойранның себебі заңдастырылады. Қызыл жағалыны көрсе дірілдеп үрейленбейтін ешкім болмаған шығар. Мұндай үрейге толы уақытты еске алғандар ай, жұлдыз, жылдарды кінәлай алмайды, құдайдың күнін сөтсіздікке жорымайды. Өйткені әлемді ойшылдығымен, даналығымен таңғалдырған адамдар аз ба? 1770 жылы желтоқсанның он алтыншы жұлдызында дүние есігін еркін ашқан немістің ұлы композиторы, Людовик ван Бетховен. Жұмыр жерді таңдандырып, талай туындыларымен аспан әлемінде құйрықты жұлдыздай қанша ғасыр өтсе де ұмытылмайтын есімін қалдырды. Осы айдың осы жұлдызында қазақтың ұлы тұлғалары Тауман Амандосов, Гүлфайруз Ысмайылова, Фарида Шәріпова және басқалары туған күндерін құрмет тұтып, жаманатқа ұрынбай жақсылығы жақын болуын тілеп келер уақытқа сенімін арнайды. Өмірден өткенінше Алла берген талантын құрметтеуден танбаған-ды. Қазақ сәби дүниеге келген күннен ақ тілегі жұлдызы жоғары болуын Жаратқаннан сұрайды. Жә, адам болып өмірге келгесін тақтайдай тұзу жол жүру болмаған да шығар. Ал әрбір ақ уыз таңнан жақсылық күткенде жамандық орала кететін кезеңі де аз емес-тін. Бақыттылық үнемі қолымда деу де, жаңсақтыққа ұрынып өкіну де кездеспей тұрмас еді.

Жылдар атқан оқтай зулап өтіп жатты. Тірілердің тым жарастықты татулығын көргенде қарттар «Шүкір, жұлдыздары жақын болғаны ғой, күндерің нұрлы, аспандағы айларың ашық болғай» деп іштей дұғасын оқып тілек тілеп, орыны бар оңалатын күндерге жетіп, өткен қайғыны соңғы қуаныш ұмыттыратындай бас амандығына разылық танытатын-ды. Сәбилер үні ата-анаға не түрлі қыспақты ұмыттырып, өмір жалғасының қызығына жаны жай тауып болашақ ұрпақ бақытты болар деп ой түйеді. Бірақ пенде алдында не күтіп тұрғанын білмей басын тауға, тасқа соғып елеурейді. Қателік өзімнен демейді. Бабалар тарихын қанмен бойына сіңіріп, аналар өнегесі көкірегінде жатпай, ұлт ұлылығы миында тұрақ таппай түк көрмегендей жалған әуестікке бой алдырады. Толғақ қысқанда олжаға дөніккен оташы өз күшіңмен туа алмайсың, оның оқасы жоқ, сәбиді жарып аламыз деп

арам пиғылын танытып, ананың үрейін ұшырып Алланың ісіне қарсы тұрып, өмірге келетін ұрпақтың денсаулығына ақау келтіреді. Кешірімсіз қайғысы ананың екіншілей перзентті болуының жолын кеседі. Ұлтқа жасалып жатқан қасіретті қиянат десек, артық емес.

Бүгінде әрбір он адамның алтауы дәрігерлерге наразы болғасын, антұрған деген жаман сөзді еститіндері қаншама?! Ананың діңкесіне тиіп, жанын қинап келетін сәбидің жерге жылап түсетіні антұрғандардан сақтанатыны ма екен? Шынын айтсақ, құдайын ұмытқандарға адам өмірі бір-ақ тиынға айналып бара ма? Бір сәбидің қайғысы, бір ананың қайғысы тұтас ұлт қайғысы деп қабырғамыз қайыса алар ма екенбіз? Әлде шетел насихатына табынып, олжаға құнығып қай мамандықта да сыбайласқан жырындының епті құлығына алданып өмірімізді өкінішке толтыра береміз бе? Амал қанша, ана үсті-үстіне толғатып жатыр, оташы емес, Алла жәрдем бергей деп тынасың. Жұлдызы жақындар ұлтымызға жұғысты болғай. Жиырма миллионға тездетіп жетсек... Ұлт даналары көп болуын бесік жырымен, ақ сүтін беріп тілеген баяғы аналарымыздың аруағы қолдағай! Жұлдызы жақын ұрпақтар көбейіп, бабалардың ұлылығы жұғысты болғай! Мақсат – пайдалы іске, күш-жігер шындыққа арналғай!

\* \* \*

– Өткен ғасырдағы саясат зіркілі пенденің қаққанда қанын, соққанда сөлін сығып алып, биліктің қаһарынан жым болған, ішсе асқа, кесе киімге жарымай, коммунизм орнатамыз, сіріңкеден бастап халық тегін алатын күнге жетеміз деген үнмен еңбек етіп, халықты жұмылдырған мына суреттегі ел басқарған Осан мен Майқаннның киген киімі – жүдеу өмірінің куәсі. Мәскеуден басталатын социалистік меншікті қорғау комитетінің қаулы, қарарлары бойынша қоғамға қылдай қиянат етпей қазынаның ортақ байлығына қызмет етті. Бұл комитетте бүкіл заң орындары бірігіп, олардың адал қызмет етуін қаламгерлер бақылап отырды. Қоғамның бүкіл өмірінде

тазалық қалыптасты. Сәл кемшілік болса кенет ашылып жазаланып отырылды. Одан кейінгі халықтық бақылау комитеті де тәуелсіз жұмыс атқарып, не түрлі қылмыс, әсіресе жемқорлықтың тамырын қырқып ел байлығын қызғыштай қорғап еді. Осыншама байлықты қалың халыққа бұйыртпай, жемқорлар жекешелену кезеңінен бастап талап, тонап түбіне жетті. Миллиардтаған қазына қаржысын ұрлап екі жүзге тарта ұрыларымыз шетел асып кетті. Солардың бірде-біреуін елімізге қайтарып әкеліп бет пішінінде ұят тұратын орын бар ма, жоқ па, зерттеп қарап, қас-қабағын, көздеріне не ұялағанын мініскердей бақылып көріп, ұсқынсызына жаның түршігіп қарғыстан қорықпайтын, заңнан аяғын тартпайтын жынсың ба, алла берсін жазанды деп айтатын күн қашан болар екен, ә, – деп Қымыр көше тазалаушылардың маңдайдан төгілген тері мен табан еті желінбесін, ұлт сатқыны көзімізге көрінбесін дегендей болды. Аңырып тұрып ашық аспанға қарады, ұлтымыздың ұлылығына жүгініп, «тәуба» деді...

## ШАПАННАН ТАРАҒАН ШАПАҒАТ

Мәриям қайта-қайта күрсініп, алыста қалған күндерді шарқ ұрып іздегендей болады. Уақыттың шапшаңдығы мен қадірін жұмырбасты пенде кеш ұғатындай. Адамға мүмкіндік өмірде бір-екі рет беріле ме, қайтеді? Бірақ одпан да аңдаусызда айырылып қалып жатады, сосын өкінеді. Тағдыр бүкіл жақсылықты есепсіз қия берердей көреді. Қызыққа толы сезімнің әсте тойымсыз болатыны несі екен. Ақырында жан мен тән қартайған соң, бәрін де ұмытып азап шеккен сәттер мен бақытты күндерді аңсаудың өзі тәтті арман екен. «Шіркін, екі ғұмыр сүретіндей сезілген албырт мезгіл де өтті, түлкі бұлаң күндер де ұстатпай кетті», – деп тірлігінің мазмұнды, мәнді тұстарына ой жүгіртті. Көңіліне медет етіп тоқтаған, кәрілікті әбден мойындаған жүрек қалай оңтайланса да құрия күшпен шаңша шашылатын тәрізді. Жан тәннен адасардай қорқынышты сезім кейде көңіл құлазуын молайта түседі. Сөйтсе де ұмытылмас тәтті оқиғаларға ойын дептеп жанына медет тапқандай болады. Бірақ бәрі де аз, бәрі де

жеткіліксіз сияқты. «Ұлылардың кішіпейіл жүрегі кең болады екен-ау», – деп сан мәрте қайталаудан тынбады. Дерті сәл тыныштаған сәтте өмірге құлшынуы артып жаратушыдан әлі де болса рахым күтті. Пенде өмірден өтерде ең жақсы көретіндерін қанағатпен еске алады деуші еді.

Мәриям дастархан үстінде:

– Апыр-ай, қазақ қызы бұйырмады ма, жолдасың орыс қой, – деп Мұхаңа өзімсіне сауал тастаған.

Ұлы Мұхаңның езуінде күлкі тұрып:

– «Әр ұлттың да адалы мен наданы бар. Сондықтан кім-кім де өзіне теңдес табуға талпынады. «Өзің орыстың перзенті болсаң да қазақтың қара шаңырағының отын түтетіп отырсың ғой. Орыста «Тапқан анаң емес, баққан анаң» деген сөз бар, ал қазақта «Кімнің жерін жерлесен, соның суын сула» деседі. Демек, жүрек әмірі күшті, әркім бақытын әр жолдан табады. Қадірін білгенді, құрмет тұтады», – дегені Мәриямның түйсігінде орнығып қалғандай еді.

Біраздан соң Мұхаң:

– Әр ойдың да асыл орны, өзіндік өлшемі бар. Шындық бүркемеленбесе ой ажары ашыла түседі. Ондайда қара сөзден гөрі өлең, әннің орны бөлек. Оны өзің де білесің. Ақмолада өнерпаз шаңырағын көтеріп өндіріп өлең жазып, ән шырқап, қазақ мәдениетін менше сүй деген бейнетің елеулі ғой. Бірақ сол шығармашылықтың бақыты да, соры да бар, ол әркімнің пешенесіне қалай жазылады, көре алмаушың қай тұстан мін табады, бәрі тағдырдың ісі, – деп оған өзінің аса құрметпен қарайтынын шынайы тілекпен жеткізген. Мұхтар Әуезов өз дастарханы басында осылайша Мәриям Жағорқызына әр сөзін қорғасындай салмақтап, бүкпесіз ой тарқатқан. Көсіле сөйлеп отырып: «Жыралыбы Жамбыл, асқақ, өрелі ақын Қасым Мәскеудегі 1936 жылғы онкүндікте қазақ халқының бірегей әдебиеті мен өнерін айдай әлемге танытып жазушының жоғары бағаланғанына Мәриямның жүрегі толқыған. Құрметке сусайтын шығармашылық адамдары көбіне бала мінезді көрінеді екен. Кішінің де, үлкеннің де жүрегі жақсы сөз аңсайтынын Мәриям сонда шындап ұққан. Әлгінде қазақ қызына үйленбедің бе дегеніне Мәриям аздап өкінді.

Өйткені Валентина Николаевна Мұхаңның қас-қабағына қарап, ыммен ұғатын тәрізді.

– Еркін сүйген жүрек, елін де, халқын да сүйері анық, – деп Мәриям іштей толқыды да ойын жалғады. – Мұха, ел ішінде өнер де, небір ғаламат қаймағы бұзылмаған асыл да жетерлік. Иманжүсіп, Қажымұқанның әр минуты жырға бергісіз өшпес тірлігі, мәңгілік өнегесі бар ғой. Соны халыққа насихаттасақ, арман бар ма?

– Е, оның дұрыс, елге барып, халықтың әңгімесін бір естігенде ойың кемелдене түседі. Анау Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ақындық сара жолы орыстың Александр Блогымен тең емес деп ешкім айта алмас...

Мұхаңмен әңгіме-дүкен құрған сол сәтін Мәриям мезгілдің дүниеде ештеңемен теңдесі жоқ тартқан сыйына бағалап еді. Сәулелі сәттер мен ұмытылмас кезеңдердің несін айтасың. Оны ойлағанның өзі бақыт екен-ау. Мәриям әлгінде ғана дүниеден озамын-ау деген құлазыған қайғыдан бір уақ арылғандай серпіліп, төсектен басын көтерді. Балаларын қасына шақырды, жегідей жеген дертті жеңгендей қайраттанып:

– Сол сапарда Мұхаң иығыма шапан жауып еді. «Киелі, ұлы адамның ықыласы үрім-бұтағыңды көркейтер дегенді. Сендердің жапырақтарың жайылып, көсегелерің көгерсін» деп жанындағы шапанды иығына желбегей жамылып отырып ол: «Қырғыз достарымның сыйлаған шапаны, сыйды сыйлы адамға арнаса жарасады. Мәриям, қара шаңырағыңа құт дарысын» деген Мұхтардың сондағы үні құлағымда қоңыраулап тұр, – деді.

Сосын қызы Мүслимаға аманат етіп тапсырып:

– Осы шапанды шаң жуытпай сақта, – деп көмейі құрғақсып, үні үздіге берген. Ұлы жазушының шын ықылас-ниетпен ескерткіш ретінде ұсынған шапаны бүгінде Мүслима төрінде ең құнды мүлік боп сақтаулы. Мәриямның ұрпағы өсіп, бүгінде артынан ерген ұрпақтары немересі мен шөбересі адал еңбекпен күн кешуде. Адамның адамға құяр сәулесі, оның ішінде ұлылардың жарығы кейінгі ғұмырға алтын арқау болып, асыл ойды ұрпақтан ұрпаққа жалғай береді дегеннің куәсі осындай-ақ болса керек...



## МӘРИЯМНЫҢ ӨСИЕТІ

Арманға ешкім жеткен жоқ, армансыз пенде өткен жоқ. Бірақ мақсатыңды орындауға талпыну шарт. Ол үшін үлкен жүрек, болаттай берік төзім керек. Оны Дүйсен екеуінің ғашықтық кезеңі айқын танытқан шығар. Адал махаббат ақын етеді адамды, ғашық қос жүрек «билеп» тұрар ғаламды. Сорлы Дүйсен (Дудар) ғашықтық зарын аз шекті ме? «Енді жалғызсырап жүрмін, жаныма кел» деп шақырар ма? Көп ұзамай оған да барамын. Сыбырлай сөйлеп, бозала таңға сүйсіне қарап, кеудесін көтерген Мәриям жан-жағына тіктеп сүйенішке қойған жастыққа қайта құлады. Бұл 1953 жыл еді.

– Ырысалды? – деді. Үлкен қызы ертеңгілік ас дайындау қамында жүр екен. Естімеді.

– Мүслима? – деді. Төсек-орын, үй-ішін жинастырып жүрген қызы анасының жанына жетіп келді.

– Отыр!

– Ана, бірдеме айтасың ба?

– Өтініш, тілегім көп емес. Бірақ орындауға қиналарсың. Үкімет тәртібі сенмді шытынатты. Қайтеміз, заман-зауал, ел қатарлы түтін түтетіп отырғанға шүкіршілік, – деді де Мәриям күрсініп ауыр дем алды. Ойлана отырып өлең жолдарын ағытты.

*Білемін, бұл дүниеде көп жүрмесін,  
Құрыштай алтын кеудем тек жүрмесін.  
Балалар, сендерге айтар өсиетім,  
Мариядан бала жоқ қой деп жүрмесін.  
Елудің келді жасым сегізине,  
Жоқ еді еш жамандық негізімде.  
Сертіме қадір алла жеткізбей-ақ,  
Тәубасыз, тауныықсыз дегіздің бе? –*

деді де Мәриям жүзіндегі екіойлылықты, сенімсіздікті байқатты. Онысы да заңды еді.

Орыстың отбасында дүниеге келіп, қазақтың діні мен діліне ештеңе теңгермей, орыс тілін «ұмытып», қазақ тіліне жетіктігін әркім әртүрлі түсінетін-ді. Онысы мү-

сылмандыққа, имандылыққа шын ғашықтығынан екенін ойсыздардың кейбірі шала ұғынатын-ды. Мансаптың уын ішкендер арам өлуге бар; адамды түсінуге жоқ. Қызмет тәкаппарлығы – жегі құрт, сенімді улаудан басқа не бітіреді? Халықтық тәрбиені өтірік күліп, пұшпақтап құртып жатқанын Мәриямның білгені қашан. Сосын да балалардың болашағын болжап, құдайға құлшылықтық анық ойын айтқаны еді. Орамалын түзеп тартты да, Мұслимаға қимай қарап отырып:

*Тоқташы, шіркін, кеудем, мені қыспа,  
Жүректен әлсіз кесел шыққан нұсқа.  
Мүскенжан, саған айтар өсиетім,  
Сайраш пен Сапарыңды қолыңа ұста!* –

деп күрсіне демалды. Албырт жас кезіндегі жігерлілік пен елгезектік қайда, өне бойын әлсіздік жайлап алғандай еді. Жанына батқан дертін де сездірмеуге тырысып, Мұслимаға қарады да:

– Мүскен, жаныма жақынырақ отыршы. Айтайын дегенім, мойнымда парыз бар. Өтінемін, соны жеңілдет, – деді.

– Айтыңыз, апа!

Сөзін ықыластана тыңдап, іліп өкеткен қызына ақырындап қарады да, ақырғы тілегін сыртқа шығарғандай болып:

– Қызым, маңдайыңды шаждаға тигіз. Намаз сабағын жазып берем, тездетіп үйрен. Өзіңе жеңілдік аласың, оның үстіне аруақтар қолдап, қорғайды. Мен не істесем – соны қайталап, аят сабағын жазған қағазды оң жағыңа қойып, намаз оқы. Дін – тірлігіңнің ажары, оны орындағанның назары сынық болмайды.

– Қалай орындаймын, жүрексінемін.

– Мойындасаң, бәрін де жеңесің. Алдымен таң намазы неше сабақ екенін жазып ал. Сосын намаздыгер, намазшам, құптан сабағын жаттайсың. И-и, қызым-ай, орыс оқуынан қиын болып па? Мен коммунистердің қатал тегурініне, елдің бейпіл ауыздыларының қаңқуына қарамай, мұсылман дінін қалай мойындап шыққан бейнетімді сендер білмейсіңдер. «Орыс әйеліне дін жараспас» деп

кекетіп, мұқатушылар жанымды шабақтайтын. Жұрт не демейді, ауыз өздерінікі. О дүниеде тыныш болсын десеңдер, балаларым, сендер намаз сабағын үйреніп, бастарыңды шаждаға тигізсеңдер – армансызбын. Мұслима сол кезде жиырма бес жаста еді. Балалары бар, зайыбы Егінбай милиция қызметін атқарып жүрді. Ал партиялық идеологияның дінмен жұлдызы қарсы. Бірақ Мәриям Жагорқызының атақ-даңқы одаққа танымал. Сондықтан оның отбасындағы оқиғаларды коммунист-тер жетік біле бермейді. Білсе де жария етуге жасқанады. Мәриям бұл кезде дерті жанға батып, Алланың ажалын күтіп, өзін о дүниелікке дайындап жүрген кезі-тін. Бірде ойлы көкшіл көзін қадап, әйелге тән сыпайылық пен биязылықты білдіріп:

– Мұсылман дініне алғаш кіргізген Дүйсен еді. Сұм ажал екеумізді екі айырды. Дударым түсіме жиі енеді. Сондағы сөзі: «Жарықты қимаймын, Мәриям. Хамкенің қабағын шыттырма?! Білемін, сен де жарық таңды қимай жүрген шығарсың; мені жалғызсырады деп ойламайсың-ау. Түсінемін, тірлік қымбат... Бірақ көп кешікпе дейтін тәрізді. Жазық маңдайы, өткір көзі, зерделі келбет, сүйкімді мінезі... Әр сөзін ақылға салып айтатыны – түс емес, өңім тәрізді екенін айтайын, – деді де Мәриям алыста қалған жастық өмірінің парақтарын ақтарғандай болып біраз үнсіз қалды.

Ғашықтықтың құдіреті қандай. Екеуі ағайын-туыстан қашып-пысып қамыстан күрке жасап алып, сонда-ақ өздерін үйлі-баранды, отбасылы сезінді. Дүйсен қайтыс болған әйелінің емшектегі Хамзесін Мәриямның бауырына салды. Қыз денесі елжіреп, омырауынан сүт шықты. Құдай қосқан жар сезінген сол минөттерде қаскүнемдер көл жағасындағы қамысқа өрт қойған. Бас паналар жер қалмады. Содан Мәриям қазақша кимешек киіп, кең көйлегінен омырауын жасырып, бала емізіп тұрған. Оның қасындағы жаны тырнағының ұшына іліккен бейкүнә Дүйсенді көріп, аяған ағайындардың бірі:

– Тоқтатындар дүлейлікті! Ақылға жүгініңдер. Дініңді, тіліңді қабылдаған бейкүнәларды аяңдар. Оңбағырлар, адамдық керек, иттік жараспайды, – деді.

Ғашықтық сезімнің алған бағытынан қайтпайтын бір-беткейлігін ел сезінді... Сую сезімі жоқтық – адамдық емес, оған қастық – құдай алдында күнә.

Осы кезде оның ойын Ырысалды бөлді. «Шай дайын, апа» – деді. Ана жүрегі елжіреп, оны да қасына шақырып алды.

– Балаларым, мен о дүниелік болысымен-ақ жуып арулап, оң жаққа қойдырыңдар. Намазымды шығарсын. Мыңшұңқырға, Жантай қажының қорымына жерлесін. Құрман атам екі сөзінің бірінде: «Мәкенім ырыс, несібенің құты», – деуші еді. Есіл, Нұраның ағынды суын дұғамен тоқтататын әулие Анас намазымды шығаруға жазса еді, – деді. Молда мұсылмандық шаруаны тыңғылықты атқарғасын Үкіметке хабарласыңдар. Мені негізі орыс деп тақтайға шегелеп жүрмесін. Өмірді қимай, аһылап-уһілеп жасыған жоқ. Алланың жазмышына қарсылығы жоқтығын білдірді. Қазақ салтымен жұмсақ үнмен кеңесін айтты, тұрмыс-тірлігіндегі жәй-күйін пысықтады. Өмірді, жарық күнді қадірлеу керектігін айтты. Сабырлы қалыппен тыңдап отырған ұлдары мен қыздарына: «Моңғол шежіресінде келіннің үш күйеуі болады деседі. Алғашқы күйеуі – алтын елі; екінші күйеуі – ар-намысы, соңғы күйеуі – алған жары. Алтын еліне болаттай берілсе, адамдығымен аты шығады. Адал атын сақтаса, алған жары қайда бармақ?» – деді тағы да.

Мәриям Жагорқызы «үш күйеуі» алдында да кіршіксіз тазалығымен дүниеден өтіп, Жантай қажының қорымына – Дүйсен Үкенұлының ата бабаларының зиратына жерленді... «Өзге өзіңді сыйласын десең, ана тіліңді құрмет тұт. Сөйтсең ақ сүтін берген анаңның алдындағы парызыңнан құтыласың. Дініңе адалдығыңды санаңнан шығарма; Аллаңа адал бол. Сонда ғана жүрегің лас-қоқымнан арылады» дегені есте Марияның. Ұрпағына күдіксіз ана сенімін бүгін де кір шалған жоқ. Мәриямның барлық немере-шөберелері қазақша оқып, білім алды... Ділі, тіліне адалдықпен замандастарының бетіне ұялмастан қарай алады. Тарих бетінде 770 ауыл құрап, 550 187 қазақ мекен еткен Ақмола өңіріне 1900 жылға дейін патша әмірімен отарлау мақсатында 1 миллионға жуық орыстар келіп

қоныстанса, солардың бірі Егор Ракин шаңырағындағы ұлдар мен қыздардың мұсылман дінін қабылдап, қазақ атанғанына тағзым етесің. Орыс боп туып, қазақ тілін, дінін меңгеріп, имандылығын адамдығына жарастырып, аз ғұмырын аңыз етіп өмірден өткен Мәриям ана үлгісі кейбір мәңгүрттеріміздің жанына жарық түсірсе, кәнекей деп ой түйесің. Оның «Дудар-ай» әні әлем аспанына шырқай басталғанда: «Хрущевтің Ресей патшалығы қазақ жерін отарлауды жүздеген жылдар бойы дұрыстап жүргізе алмады, мен тың игеруді дәлелдеп мыңдаған орыстарды, өзге орыс тілді халықтарды орналастырып теп-тез игердім», – деп бөскені бар-ды. Қазақ ұлтын киіз қазық болса жерге сіңіріп жібердей жаулықтың дүлей күші тамырынан жұлынды... Небір жәуміттер жер қапты. Керісінше, Мәриям сықылды арлылар ұрпақтардың жүрегінен өшкен жоқ. Жан жұлдызы қарқырап тұр... Мәриям басы жерге жеткенше қазақтың: «Ымыраны бұзған жаманның ісі» дегенді санасынан шығармай арына күңгірт-көлеңке түсірген жоқ. Қазақтың байтақ даласы киелі деп түсінді. Сондықтан ұрпағы ешкімнің жетегіне түсіп, азғыруына ермеуді тіледі Мәриям...

## ЖЕТЕК

Кеңес заманында сенгіштерді жетекке жақсы пайдаланушы еді. Сондай бір ағамыз Бадыр әрекетсіз қол құсырып жүрелеп отыр. Жүзінде шарасыздық мұңы бар. Өйткені кеңестің туы жығылды, облыстық кеңестің шатырындағы ту онсыз да күнге күйіп, жыртылып алаудалау боп тұр еді. Енді осы үлкен ғимаратқа педагогикалық институт көшіп келеді деп жүр. Айнала дігір мен дүбір. Бөкең бұрыңғы қутындап жүретін әдетінен ада болып, тауы шағылып, тозған тудай көңілсіз-тін. Оған Ешкібас кездесіп еді.

– Ешеке, біле білсең, туыс едік... Мына мен саған қарағанда сорлы адаммын. Дүниеде мен сықылды бейшара жоқ шығар. – Бір көзінің ағы бар, содан сорасы сорғалап тұр. Орақ тұмсығына орналасқан танау делдең қағады.

Ешекең оның өз-өзіне сенбей, көңілі көншімей, тірлігіне тықыр туып өзен суындай сарқылған түріне бас шайқап:

– Атыңды өкең Бадыр деп еді, барасың-ау дыраусып, қадірлі болсын қыр асып деген өкең ойы шығар. Тілекте мін жоқ, ал өкеңің аманатын ақтамауың – күйінерлік нәрсе. Аздап намысың болса, өзіңше өмір сүруге талпынып көр. Өлде арбаға байланған қарамай шелектей әлі де біреу-міреумен қосанжарланып тіршілік ете бересің бе? Облыс жабылды, Ақмолаға барсаң өкеңнің досы атанған Қиқу маңы түгілі, шаңына жуытпайды. Өзінің туыс-туғанын, сыбайластарын жарылқаудан қолы босамай жатыр. Жұрт біреудің қолшоқпары болуға намыстанады. Сенде де намыс бар шығар, – деді аянышпен.

– Намыс... О не деген сөз? Намыс дейді, ә? Ондай сөзді естісем бұйырмасын, шала қазақтың ғой. Айттым ғой, біреудің жетегіне үйреніп... – деп Бадыр бебеу қақты. – Өзіме өзім тіпті де ұқсамаймын. Нансаң, өршігіп кеткен басқа пенде сияқтымын. Байқайсың ба, басқа пендемін. Жетексіз аяғымды қалай аттап басуға, өзімше ойлауға ақылым жетпейді. Качперовскийдің дуасын теледидардан көргенде ағыл-тегіл жылағаным бар. Миымда жетектің сиқырлы дуасы бар. Әдемі деген ойымның өзі кенет қотырланып қож-қож боп кете барады. Өйткені миымда жетекке жүруден басқа түк түйсік қалмаған. Бәрі-бәрінен де жұрдай шығармын. Әйелім басың істемейді деп дұрыс айтады. Ал саған өтірік, маған шын, біреудің нұсқауымен жүріп-тұруға тіпті қажымайтынымды қайтерсің. Миым, аяққолым, тіпті он екі мүшемің бәрі де жетектің ырқына түскенде атылған оқтай зырлайды, ұшақтай ұшып бара жатады. Егер жетек болмаса көзім қарауытып, миым шыңылдап, құлағым бақаша шулап, берекем қашады. Қатты жетімсіреп қалам. Өттеген-ай, бәрінен бұрын жетекші құдіреті күшті әміршім, облыстық кеңес төрағасының орынбасары Әмірбай Тырлыбаевич Алматыға қызметі жоғарылап кетті де, маған өз күніңді өзің көр деп жұртта қалған бұралқы иттей ғып тастады. Бұрынғыдай емес, менен суығанын байқатты. Өйткені оның ішіп-жемін, алым-берімін білемін ғой, жаңа қызметінде сондай суық қолын айтып қояды деп сескенгені шығар. Сол қызметіне орналасатынын білген болар, кейінгі бірер айда менсіз өзі шешініп, өзі киініп, құжаттарын өзі реттеп папкісіне

салып, тыраштанып жүрді. Мен істейін деп ұмтылсам, қолымды қағып жібереді. Обалы не керек, Әмірбай менің адал атқарған ісіме кінә таққан емес еді. Сосын да омырауыма бірекі медальды өз қолымен таққанын қайтіп ұмытам? Оның айтқанына, ым қаққанына тез түсініп, құрбандыққа бар десе де дайын едім. Ей, мен сорлының сол сықылды еңбектерімді енді кім ескеріп жетегіне алар дейсің?.. Ақыры да, соңы да осы болмағай. Жұрт бұрынғыдай емес, өзінің командасын жетегіне алып ойға, қырға топтасып ұйымдаса бастады. Сыбырласады, сыбайласады... бір-біріне мейірі төгіліп, бірге туғанынан да артық көреді екен. Соны ойлап зырқ-зырқ етеді шекем.

– Жалпы, өзіңнің алға қойған тәтті арманың бар ма еді? Жетек шатырыңды пайдаланған сықылды...

– Ешекеау, неге жоқ болсын?! Шынымды айтсам, бүкіл билік иесінің көңілін тауып, құрақ ұшып бірінші бастықтың жетегіне қолым жетсе деуден басқа мен сорлыда қандай арман болушы еді? Сол үшін бала-шағаны да ұмытар ем... Оның да сәті енді-енді түсіп келе жатыр еді. Есінде ме, ана жылы бір ауданның бір-екі кеңшарында қой қысыр қалыпты. Қысырлық басқа жерден де нөпір байқалды ма, бастығым Әмірбай мені «жансыз» етіп тексеруге жіберді, мал маманы деген атағымды біледі ғой. Барып байқасам, сұмдық, мал дәрігерлері есеге жетпей, спирт құюлы кеседен қолдары кетпей жұмысты тәрк етіп, қолдан ұрықтандырылды деп жалған мәлімет береді екен. Қаскөй немелер, қошқарды да қоспай, мас болып тырайып жатқанын көріп, түгел тексерттім, менің де жыным келетіні бар, әр сөзімді найзадай қадап, кінәсін мойнына қойып өктемдік білдірдім. Сөйтсем де спиртінің дәмін татып көріп едім, жаныма жағып бара жатты, ал келе іш, жақсы ас қалғанша, жаман құрсақ жарылсын, ішу... мас болсаң да уақасы жоқ, кім мас болмай жатыр. Күйіп-өртегіп кете жаздадым. Мен сияқты бақытсыз адам осылай арам өледі екен. Бірақ ел адамдары үстінен түйе түгілі автокөлікпен өтсе де мыңқ етпейді ғой, менің ішкенімді облысқа айтпапты. Бар жайды басшым Әмірбайға жеткіздім, спирттің стандартқа келмейтін сапасыздығын да айттым, оным мал дәрігерлеріне шаң жуытпаудың айласы еді.

– Спиртті ешкім ішпей ме екен?

– Ауыздарына да алмайды. Содан кеңшар басшысына ескерту, мамандарына да ескерту беріп шаруа тынды. Менің «жансыздық» қағиданы берік сақтағаным омырауыма значок тақты. Өміршім сол сәтте:

– Ішпейсің ғой.

– Ішпеймін.

– Арсызсың ғой.

– Арсызбын, – деп неге аузым жаңылып, сөз емес сөзді айтқанмын. Мен арақ ішкенде көк желкемнен қарап тұрған жоқ қой, өзі де ішеді, оны көрсем де мен айтпаймын ғой.

– Өтірік айттың ба?

– Айтып тұрмын ғой деппін. Бұл – ессіздік. Қазір өз сөзімді өзім түгендей алмай жетек алдында ақыл-есімнен жаңыла беретінім: өмірші дуалап қойғандай көрінеді... Маған арнамыстан гөрі Өмірбек қымбат еді. Оның айтқанын орындап, жетегінде жүрсем жетеді. Сөйтіп маған зор сеніммен қарайтын Өмекең менің олпұл мінезімді кешіреді. Өйткені біреуді тұңғыыққа итергісі келсе десант, то есть «шпион» етіп мені жіберетін еді. Өмекеңнің айтып, үйреткенінен қандай да зұлымдығын адалдықпен қалтқысыз орындау жолында тым ширақ едім. Нақақтан-нақақ тума-туыстарымды да отқа күйдірдім. Әй, Өмекеңе жақпаған өз обалдары өзіне. Бәрінен бұрын немере інім Бәлкенді өтірік өсектің өртіне салып, әйелінен айырып жібергенім өзіме қатты ауыр тиді. Бақсам, Өмекеңнің шалқар көңілі әдемі келінімізге ауып, ретін тауып ықылас-қатынасын реттеп жүр екен. Ғашықтық, ынтықтық не істетпейді. Ей, қайдағы ғашықтық?! Кемді күнгі күліп-ойнау... жалпы осындай ертелі-кеш етегім елпі, жеңім желпі боп атқарған ылдымжылдым қызметімді Өмекең керемет бағалайтынды. Басқаны айтпағанда, Астана ма, Мәскеу ме, қай қалаға барса да базарлық деп омырауыма значоктарды өз қолымен самсатып қадайтынын айтсаңшы! Оның ішінде талай құстың, иттің, не түрлі аңның бейнесі бар. Омырауым зоопарк сияқты еді. Енді бір орден беремін деп жүргенде Өмекеңнің қызметі өсті де кетті. Бүкіл жоспарым тәрк етілді. Өзім де бір сорлы, жолым болмайтын



адаммын. Біреулер енді «Әмірбайдың жетегіндегі ит» десетін көрінеді. Көре алмайтындардың қаңқуына ыңқ етіп айылымды жимайтын едім. Сондағы бар арманым – бірінші бастықтың жетегіне қайтсем ілігем деу еді. Жұрт болашаққа қалай сенсе, мен басшыма сондай сенетінмін. Оның айтқаны оң болсын, теріс болсын, қажет десеңіз, қандай тұңғыыққа да бат деп итермелесе де, тіпті ажалға да күшігенше сұғынып дайын тұрдым. Әмірбайдың шектен тыс қатыгездігі де бартын. Ал маған ұғынықты қып өзінің зығырданы қайнаған адамды қалай сүріндірудің жолын демде-дем айтатын шеберлігі де мықты еді. Жұлын-жүйке диспансері дейсің бе, төртінші поликлинника дейсің бе, әміршілік жүйеге қызмет етті ғой. Жалпы құртатын кейбір шаруашылық басшысын білемін де бас дәрігерлерге келіп, Пәленшиев жұмысқа кедергі жасап жүр-ау десем, олар да түсіне қояды. Сөйтіп, кейбірі табытқа шегеленіп о дүниеге кете барады.

– Інім-ай, ұят дегенді білмеген де қасірет қой, – деді Ешкібас суқаны сүймей.

– Ей, ұят дегенді, ақиқатында, Әмірбайдың айтқанын орындамау деп ұғынам. «Киев» кеңшарының директорының ажалына себеп болған едім. Сонда әйелінің «Жер тартсын» деген ауыр сөзі жүрегімді аздап сыздаты. Бірақ бастығымның омырауыма өз қолымен қадаған талай значогының қадірін қалай ұмытам? Біреудің өліміне қайғырып не жыным бар... Үстемдіктің құрметіне ештеңе айырбастауға тұрмайды. Білебілсең мына тарғыл костюмнің өңірі толған значоктар, бұйырса қатарында орден де тұрады деп жүргем. Бәрі де Әмекеңе атқарған адал еңбегімнің куәсі. Оны ешқашан ұмытпаймын. Мені ессіз дейсіздер ме? Дегенмен оған мәңгілік қарыздармын. Ашу қысқан кезінде «Оңбағыр, таңдайыңды тақылдатып, билік басына жақындатып сені адам еткен мына мен, көкең!» деуші еді. Ақыр аяғында шылғи өтірікті судай сапыратын болдым. Қорқақ адам өтірік айтпағанда қайтеді? Бас аман болсын, өтірікті Әмекең үйретсе өкпем жоқ. Өзінің адал жоспарын орындауда аз-маздап өтірікті жіптіктей етіп дәнекерлеп жіберетін еді. Айтқаны да жарастықты. Оны қалай үйренбейсің? Әмекеңе қылдай қиянат істемеген

адамның, аздап өкпесі де болуы мүмкін ғой дерсіз. Оныңыз жөн. Аздап шеттеткені ме, мені біреуге тапсырып жетегіңнен шығарма деуге ауызы келіспегені қалай? Менің бейшаралығымды да аямай, қасыма жақындауға қалың топтан қорықты ма екен? Әлдебір мықтының жетегіндегіні қарауына алды ма? Жаңа жұмысына мені ертіп баруға арлана ма? Бір бастық басқа жұмысқа ауысса тобымен шашбауын көтергендей сойылын соғып жүреді ғой. Одан қазынаның қазаны қирап қалар дейсің бе? Кетіп бара жатқандағы сөзінің түрінен шошыдым. «Жазған шірікін, таланттыңның қанаты қырқылды ма, қайтті?» деп өгей шешедей өсиет еткені несі. Мындағы үлкен бастыққа тапсырса орынтағынан құлап қала ма? Сүйеніші мықты, құласа да тұрғызып алады ғой. Апыр-ай, жынның ойнағындай болған, өтірікті судай сіміретін конторға да бұрынғыдай емін-еркін кіре алмаймын ба? Көлді қимаған шағаладай күй кештім. Кейде жүрегі түскір басқа жаққа талпынады. Өмекең қарауына шақырар деп алаңдайды. Оу, түсім де түс еместігінен неге шошымын? Құдіретке айналған үстемдік менің бүкіл кісілік өмірімді адыра қалдыра ма деп қорқам. Өкем марқұм «Жатыпатардың» моласынан да жұрт аулақ жүріп, қатты қорқатын еді» дейтінді. Менен де танитындарым сөйлескісі келмей, ауыздарына су ұрттағандай томпиятыны несі? Е, енді білейін дедім, дүниедегі ең сорлы, тіпті басқан ізіне шөп шықпайтын жетектегі мүсәпір екен. Сүйретілген сүліктей сұмдық сорлап қалғанымды ештеп сезінем де, өзімнен өзім біржола безінгім келеді. Амал жоқ... бәрі кеш...

– Ей, Кәдеке, жетектегі адам да, ақыреттегі адам да бәрібір емес пе?! – деп Ешекең көңіліме қарамай айтып еді. – Шындықты бетке айтқанның құдірет күшін білмей өтем бе деп едім...

– Бәлкім мен де жетекке сенбей, өлмейтін жолымды тауып тынармын. Не болмаса Өмекең маған ренжіген райынан қайтып қол астына жұмысқа алар...

– Кісісің бе өзің... аяқ, жолыңды қарамай соқыр сезімдімісің, – деді тағы да Ешекең.

Анау бірдеме дегісі келді ме, булығып жынданғандай қолын сілтелеп теңселіп кетті. «Аты-жөнін қатесіз жаза

алмайтын сорлы» дей ме? Ойланды: «Жұрт мені шынымен есуас санайды, мен расында жындымын, жетекке сенгенше өлгенің артық еді дегені несі?» деп бетперде қып жүрген әлдекімнің көлеңкесін қармағандай жанығып қалды... «Көзіңе қара, зәлім!» демейтініне шүкір... Абыр-жиды, көкірегінде мылқау сұрақ жетіп жатыр... Бастық жетектегінің уақыт өте қандай адам екенін танығасын әрбір қимылы, тіпті үніне дейін құлағына түрпідей тиіп:

*Жанымда жүрген жүлік пе,  
Оған онша елікпе.  
Өтірік күледі екен,  
Жарай қоймас серікке, –*

деді ме екен? Кім қалай ойласа да өзі білсін. Ел бетіне ұялмай қарау үшін де үлкен шеберлік керек. Аяғын алшаңдай басқан талай дүлейдің басына қара бұлт үйірілмей тұрмайтыны және бар. Сынақ алаңында сүрінбейтіндер аз-ау шамасы. Жетекке үйренгеннің еңсесі езіліп, өз тірлігін айыру қиынға соқты.

## МЫЛТЫҚСЫЗ МАЙДАН

Ауыл сыртында ақ таяққа сүйеніп, мола жаққа қарап тұрған ақ сақалды қария тірі пенде сықылды күнәсі болса да, ұрпаққа ақыл айтпақ боп жанындағы шала мас ұлына қарап, «Сақтансаң сақтаймын» деген Жаратқан Ием. Жан-жағында көзбаяушы арам ойлылар аз емес қой, бір күні орға омақастыра құлатпасын» деп айтса да, ойын ұғынып мақұл көретін ұрпаққа күмәні барлығы байқалды. Соғыс жылдарының тауқыметін көргендіктен бе, бүгінгі тәртіп, тәрбиеге, саясатқа көңілі көншімейді. Қайтеді, уақыт сақалын сипағандай әп-сәтте өтті де кетті... Бүгінгілердің күнәсінің ауырынан шетелдің құйындатып келіп киліге кеткен зиянды саясаты ұлттық игілікті ірітіп барады. Пенденің жүзі суық тарта бастады.

Қарияның есінде. АҚШ-тың бұрынғы ЦРУ (ОЗБ) бастығы Аллен Даллестің «Соғыс не бейбітшілік» кітабындағы әлемді уыстан шығармай ұстап, билеп-төстеп тұруының

басты амал-айласы жұмыр жердегі елдерде «1. Жезөкшелік. 2. Зорлық-зомбылық. 3. Айуандық. 4. Сатқындық. 5. Ұяттан безу. 6. Екіжүзділік. 7. Маскүнемдік. 8. Бірін бірі көреалмаушылық. 9. Күндеу, өсектеу. 10. Рухани бейшара ету» деп бүкіл саяси қызметті осы бағытта жүргізуді мақсат етсе, соғыссыз-ақ әлемді оңдырмас еді. Өлі түске ұрындырып есінен айырар еді. Біраз елдерде Даллестің тәртібі орындалып та жатыр.

Бірінші жезөкшелік дейсің бе? Ұлбіреген жап-жас қыздың тәнін сатып жезөкше атанып, тірі пендеге күлкі болуының себебі үрейден дей ме? Жоқ, тұрмыстың ауыр соққысы деп дәлелдер. Тойынып ас ішпей, жылтырап киім кие алмауы қоғамның әлсізді қорғай алмайтындығы ма? Әлде араққа тойынудан басқаны армандамайтын әке-шешесінің ауыр халі ме? Өмірден өзіндік орын таппай қалғанда билік өз обалың өзіңе деп итсілікпеге итере салғандай түсіне ме? Сұрқиялық жолмен байыған тобыр санасыз, әлсіздің жан дауысын естімейтін шенеунік мансабынан басқаны ұғынбай, көзі аспандап кетті деп таушақты болды ма? Жоқ, шетел насихаты, тән қызығына маймаң қағып қаңғып келді де, жұғыса кетті, төсек ләззаты деп ұғыса кетті. Басына түскен ақырзаман қайғысын жан дескен құрбысына да айта алмайды. Оның байы бар, ішпесті ішіп, киместі киіп, бала сүйіп отыр. Өзі ше? Шынын айтқанда, қойындасқан еркектері сұрағанын береді. Кейбірін біртүрлі жақсы көріп қалады. Махаббат деп түсіне ме? Бекер, бәрі алдамшылық шығар. Жоқ, маған бұйырғаны жезөкшелік өмір-ау демейді. Ешкімді де сүйдім, күйдім дей алмас. Әке-шешеме табысымды берем, олар да ұятсыз, «Бүйтіп тірі боп жүргенше құрып кет, көзіме күйік боп көрінбе» деп жекіп мазалап жатпайды. Табысы бар ішіп-жеміне, жылтырап киінуіне тарымшылық көрмейді. Еліктеп еркіндей бер шетелдік көргенсіз өнегеге дер. Кейін өле алмай қиналасың деп ешкім айтпайды. Ажал қорлығы осал болмас деуге ауыз келіспейді. Тапқанын ата-ананың қолына салады. Кедейшілік түрі есін шығарып езіп барады. Басқадай амалы қайсы? Әлсіздің көзі жасы көл-көсір болса, зорлық-зомбылықтың қабырға қайыстырар қаталдығы деп қойыңыз. Жұмыр жерде жауыздықтың

жезөкшеліктен басқа да түр-түрі көп, Ирак анау – қанша жылдан бері АҚШ салған соғыс өртін сөндіре алмайды, Ауғанстанның, мынау Усама бен Ладен дегені ібіліс ұйтқытып жүр деп адам өлімі тыйылмайды, бүгінгі Ливия мынау – бүліншілігінде әлсіздер өледі. Әскери нысандарды бомбалаймыз деп даурыққан НАТО қаншама халықты қырып тынды. Дүлей немелер бөтен мемлекеттің тағдырын ойыншық етіп, халықты қорғаймыз деуі, демократияның бір тетігі қан шашу ма? Қазақ «Бос жатқан жер жау шақырады» деуші еді, байлық таласы да қырғын болғаны ма? Бақайшағына дейін зұлмат қарумен жарақталғандар әлсіз елдерге қыр көрсету, қиқандаса қиып түсуге даяр тұратыны басқыншылықпен бағындырып, байлығын тонауды мақсат ете ме? Және қан төгіп тұрып демократия дейді. Жұмыр жерде тыныштық жоқ, қаскөйлік, алакөздік жетіп жатыр. Адамдардың Құдайын ұмытқандығы ма, табиғат апаты да жайсыз тиіп, шашыңды тік тұрғызады.

Көрші мемлекеттердің алакөздігі қай ғасырда да билік шарттаса тұрса да тоқтаған жоқ. 1882 жылы Ресей патшалығы мен Қазақ елі арасындағы осындай шарт бұзылып, кейін онша кідірместен қазақ хандығы жойылды. «Орыс көп пе, орман көп пе, қалың халықты, олардың жымысқы саясатын қайтіп тоқтата аламыз деген қасірет кеуледі. Бөрінен бұрын, XVIII ғасырда Ресей империясын билеген қатын патша Екатерина II Орынбор генерал-губернаторына жолдаған нұсқауында:

1. Қырғыз-қазақ халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларымен араз етіп, бірімен-бірін қас етіп, бірінің етін бірі жеуге себеп болдыңыз (Қазақ тіріде бірінің етін бірі жесе де сүйегін далаға тастамайды деген мәтел осыдан қалса керек – Т.Қ.).

2. Сұлтандарын бірімен-бірін араз қылып, бірімен-бірін иттей тартыстырып, бірінің етін бірі жеуге себеп болардай іс қылыңыз.

3. Қырғыз-қазақтың басшы адамдарын сұлтандарымен араз қылып, сұлтандарын өз қоластындағы ақсақал адамдармен араз қылыңыз. Араларына от түскен уақытта жа-

нып кетердей көкір-сөкір дайындай беріңіз, – деп нықтап, мықтап тапсырды («Айқап», 1913 ж., №20).

Ру-ру боп қырқысу, дау-дамай, сәл нәрсеге кектеніп босағада көрісеміз деп, қанға-қан деп, әке кегін баласы қайтаруға міндетті деп, семсермен серттесіп, әдеттен тыс жаулық көзқарас ұлттың ұлылығына құлақ аспай қорқынышты құбылысқа айналды. Үлкенді-кішілердің өзі ақылды тыңдауды қойды. Көріңде өкіргір Екатеринаның нұсқауымен орыстар қазақ жерін иеленуге Ресейдің не түрлі басбұзар, қанішер қылмыстыларына жағдай жасап, Орынбор, Сарыаттағы қалың қазақты сулы, нулы жерден ығыстырып, тырқыратып қуа бастады... Көршілік, сыйластық түкке тұрғысызға айналды. Кісілікке бағытталған ақылды күту теріс кетіп, басқыншылық қасіреті төнді. Ленин: «Орыс шовинистері аса қауіпті» депті деседі. Рас шығар...

## «...ЗҰЛЫМДЫ ҚҰДАЙ ҚАРҒАҒАН» ДЕСЕДІ

«Ежелгі жау ел болмас, етектен кескен жең болмас» десе мәтелде, ежелгі жау ел болар – жеті атасына дейін жақсылық жолдан таймаса, о дүниеге барғанда көршімен араздар тамұқ отына күйерін ойласа, етектен кескен жең болар – шебері оңтайлы табылса. Десек те, пенде аяғының астындағы алтынды көрмей есінен жаңылады, сосын жоқты іздеп сабылады. Ақылға негізделген сынды тыңдамай есерленіп қағынады. Соны сезгіш сұм-сұрқияның жолы болып тұрады. Әсіресе саясаткерсымақтар аузы жабылмай сөйлеп, аяғы талмай барар жерін көздеп елдер арасындағы ұрыс-қағыстың отын үрлеп, өзгенің байлығының етек-жеңін жинақылап, ұпайын түгендеуді, ұйқы беріп, қайғы алатындай желігеді. Қырғын бастаудың жанды жерін тапқандай ойран ойына беріліп, көрегендей көрініп, мемлекетінің баға жетпес қазынасын толтыру, жерін кеңіту жолын нұсқағысы келетін «Другая Россия» партиясының төрағасы Эдуард Лимонов байбалам ниетімен «Назарбаев биліктен кеткен соң Қазақстанның орыс қалалары Ресей құрамына өтуі керек» деп қақсап қалды. Оу, орыс елінің заңын білмейді екенсің деп көр. Әлемнің 90 мемлекетінде туып-өскен орыстар сол елдің азаматы атанады делінсе, заңда орыстың туған жері Ресей мемлекетінің деген сөз жоқ қой. Оны былай қойғанда, Ресей патшалығының басқыншылығы қырсығынан орыс жерінде қалған ежелгі қазақ жерлері Орынбор, Саратов, Орск, Челябині, Қорған, Омбы, Алтай, Түмен облыстарындағы 1,5 миллиондай қазақтардың көзін көлегейлеп, тарихын тығып қоясың ба? Немесе Қытайдағы миллионнан астам қазақтар ежелден мекендеген жерлерін «Қазақстандікі, қосып аламыз» десе, Қытай мемлекеті қалай қарар еді? «Ақылдары ауысқан ба?» деп күлер еді. Ондай ұлттар араздығын белгілі бір қоздырушы болса, Қытай заңы сот

үкімін шығарып жазалап тастайды. Үкім демекші, халықаралық сот әрбір мемлекет қалаларында халықтың 55-60 пайызы қандай ұлт болса, сол қала, небір аймақ соған тиесілідей заңдылықты өзгертпесе, мемлекетаралық қырқысу, қантөгіс тоқтамасын көріп қалдық. Мысалы Германияға миллиондаған босқын барды, олар жылдар өте келе Германия деген атауды өзгертіп жіберуі мүмкін ғой. Осындай заңсыздықты ойлап белден басқысы келген Лимонов «Назардан тыс Қазақстанда қалып қойған орыс қалалары бізді қызықтырады. Оралдан бастап Әскеменге дейінгі орыс қалалары түгел Ресей құрамына өтуі керек!» деп, бұйыра сөйлеп, қолдаушыларына қиыла сөйлеп, картаны сызып, мақсатын шегелеп қойғандай қожайынсып қоқаңдағанына жол болсын. Ойы шынайы орыс халқының абыройына кір келтіріп, адамдық емес, тілейтіні жамандық, ниеті зұлымдық, дұшпандығы жойқын екенін Лимонов ашық білдіреді. Қарапайым орыс халқын көрші отырған қазақтармен өштестіруді, патшалы Ресейдің қатын патшасы Екаторинаның Орынбор губернаторына жазған хатында: «Ресей жерін кеңейтуі үшін қазақтарды бір-бірінің етін жеп, сүйегін далаға тастағандай өшіктірі. Бірақ, байқа, қазақ қалтасынан пышағын шығармасын, шығарса салады» дегені еске түседі. Сақ бол, Лимонов! Екаторина заманындағы қазақтармен бүгінгі қазақтарды салыстыра алмайсың. Құлдық қамытын біржола үзген, әлемдік картада белгілі жер көлемі бар, жұмыр жер халқы таныған еркін мемлекет, қандай да қарсыласының сазайын тарттыруға қабілеті жетеді. Оның үстінде жер бетінде 1,5 миллиардтай мұсылман бар екені, тосын төнген жаугершіліктен құтқара алады. Шүкір, туыстық күйреуден аман. Ел мен жерді қасқырша талауға тойтарыс бере алады, Лимонов жолдас.

Зәлім оймен лепірген Лимоновтың орыс қалалары дегені орыстың ұлы тұлғаларының есімін көшелерге, қалаларға әлем елдері беріп құрметтегенін көпсінуі ме, кімнің кім екенін білмей тепсінуі ме? Лимоновтың шовинистік пікірі орыс ұлтына кесірін тигізіп, Украинада орыстың ұлы тұлғаларының атындағы көшелері мен тас мүсіндерін қиратып жатқанын көріп, біреудің қатыгез



қатесі келешекті, тарихты жойып ойрандатады екен-ау деп ақылдылар түсінбейді деймісің? Өкініп-күрсінбей ме? Лимонов өкінбек түгілі, Украинаға тоғыз облысты қалдырып, Польша, Румыния, Словакияға жерін бөліп беріп, «Біз, орыстар, тек қана орыстілділер мекен еткен жерді аламыз. Харьков, Одесса, Запорожье, Херсон, Николаев облыстары, Азов теңізі – орыс теңізі, орыс жері ата-нады» деп сайрағанын, өшіктіруге өрт салғанын Украина халықаралық сотқа берсе не бетін айтар еді?!

Дені дұрыс адам КСРО аумағындағы бұрынғы елдерді өз меншігіндей көруді ұмытар еді. Шовинистік дертпен ұшынғандық тежеу таптырмай ар-ұятты жиып қойып, ежелгі басқыншылық үрейлі бұғауын аңсап тілін безеп желпініп тұрады екен. Әлемдік кемеңгер Лениннің «Орыс шовинистері ең қауіпті» дегені – қандай көрегендігі. Кейде жұрт «Дуасыз ауызға сылдыраған сөз бітеді, шақшадай басына өшті-қасты көз бітеді», деуі де мүмкін. Жоқ, ақпарат майданындағы қақтығыс, соғыстың өршуі сүреңсіз ой, бірді-бірге өшіктіруден басталатынын әлем халқы түсінді. Сондықтан ұшынғанда ұят жоқ деп, жеңіл-желпі қарамай әлемдік сотпен жазаланатын кезең туды.

Қазақтың «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады» дегеніндей, білгішсінген, алдағыны болжағышсыған Лимонов пейілі тарылып, ертеңінен жаңылып, қаскөй ойы ашылып, басқыншылық пікірі тасынып, «Қазақстанда қазір 4 миллионнан астам орыс тұрады (Үш миллионнан аспайтынын айтпайды – Т.Қ.). Қазақ халқының әкесі, біз үшін аса құрметті Нұрсұлтан Назарбаев дүниеден өткен соң, Қазақстанда элита бір-бірімен соғысады (1986 жылғы Қызыл империя үстемдігіне қарсы көтерілістің мәнін білмейді екен – Т.Қ.). Сол кезде орыс қалаларында жергілікті референдумдар өткізіп, оларды Ресейге қосатын тамаша мүмкіндік туады» деп Лимонов Қырымды референдуммен тез игеріп алғанын алға тартады. (Қазақстанда референдум ешқашанда болмайды). Лимоновтың әлгі арамза тәсілі дәндеген қарсақ құлағымен ін қазадының кері ме, сайрағаны сақтануға жақсы болды. 14 миллион қазақтар референдумның маңы түгілі, шаңына да жолатпай 1986 жылғы ерлігін әлемге танытар. Қалың халықты

арбай алмайтыныңды енді түсіндің бе, Лимонов жолдас. Қазақта мың рет ұшықтаса да ем қонбайтын ұшынған болады деген. Лимонов аңсағаның өштік болса, оныңыз тұтас орыс халқының беделіне дақ салып, орысты көрсе өзгенің күдіктене қарауына соқтырады. Қазақта «Біреуге ор қазба, өзің түсесің» дегені жаратқанның үкімі деп ұқ, Лимонов жолдас. Қазақта «Зұлымды құдай қарғаған» деген сөздің ауырлығын түсінерсің бе, Лимонов жолдас... Әй, қайдам...

– Лимонов жолдас жердің қай ендігінде тұратынын біле ме екен?

– Қайдан білсін, егер білсе Еуропада тұрып, Азия ендігіндегі Қазақ елінде жеріміз бар демес еді. Ұяттан көп жыл бұрын туған немелер аяғын кімге саларын да түсінбейді?

*Р.С: Ассамблея Думада заң қабылдануға ұйытқы болғаны жөн болар еді. Сонда ұлтараздықты қоздырушы жазасын өтесе тыныштық кепілі табылар еді.*

### «ИТ ҮРЕДІ, КЕРУЕН КӨШЕДІ»...

Біреулер болады өзінен өзгенің елден ерек жақсылығын көрсе қара тастай қатып, қайғы-мұңға батып, өмірі өткендей Құдай атып, доңыздай дөңбекшіп, жарығы сөніп, кісілік әдептен кеміп, тағдырына налып, у ішкендей қанып, ауыс жандай еліріп, күні біткендей жерініп, миы бұзылып күйреп, бір құдай желкелеп, бір құдай жетектегендей, есімнен алжасып барамын деп алас ұрып шығады. Ақкөзденіп одырайсыған сорлы нені ұғады. Пенденің ұят сезімі жоғалса, оған ем қонбайды. Топастығын зұлымдығын бүркемелеп жынды емесін деп сайрап жауыздықтың көлеңкесінде өзгені еліктіруге тырысады. Нақұрыс адам да нақұрыс емесін деп көсемсіп қалмай ма? Ондайлар жұртты қанша алаңдатқысы келсе де зәлімдігімен өледі. Санасы өшкенін білмейтін, өзгені іші күйіп күндейтін, қарғыс атқан қан сорғыш, жөніне қарап жүрмейтін, қақтығыс іздеп қағынатын, қатын өсектен табылатын, құнсызданып кеткен, тәлкегі түбіне жеткен, ақиқатты танымай алжасып өткендер де босқа өмір сүрдім демейді. Қырқыстырушыға өзің зәлімсің деген ат

тағылса да өкінбейді. Сөйте тұра атақты атануды іздейді. Ондайлар кеудесін ыза буса, иттің үргенін де көре алмай, ит боп үргісі келеді. Керуеннің көшкенін де көре алмай, керуеншідей өмір сүргісі келеді. Өз мазасын өзі кетіріп, бұлан-талан кейіп өкініп, меңзендікпен басы қатып, өзөзіл шайтани ойға батып, «Русь православная» талдау агенттігінің директоры Константин Душенов өзінің жеке сайтында: «...Жалпы, Қазақстан тек қазақтардың елі емес» дейді. Сонда деймін-ау, ондаған ұлыстарды ұйыстыратын, қадір-қалінше мұңсыз өмір сүретін Ресей ресейліктердің елі болмаған ба? Өзінің артын өзі ашқаны Душеновтікі масқара екен. Саналы адамдар «Үні өшкір сөйлей білмей нені қоқытып жүр» деп сайқымазақ етпей ме? Қазақ жеріне қызығып тұрып, қызынып не айтқанын білмей, аузына ақ ит кіріп, көк ит шыққандай болатын Душеновтің масқарасы – «Қазақстанды мемлекет деп атауға мүлдем болмайды» деп пасық ойына шырмалып, дені сау адамша сөзін айтады. «Күншіл өтер біреудің бағын күндеп, ауырар – «Анау неге аман-сау жүр?» дегендей ежелгі тарихты білмегендік те сорлылық-ау. Әйтпесе, Ресей мемлекеті қай заманда құрылып еді? Соны есіне алмас па? Біздің дәуірімізге дейінгіні айтпағанда, Тоқтамыс ханның 400 мың әскері болса, әлемдегі ірі мемлекетердің бірі емей немене? Сақ, сармат дәуріндегі қазақтардың тектік деректері Орск мұрағатында тұрғанын, бабаларымыздың алтын, күмістен істелген түрлі бұйымдары, қару-жарағын қарап, қоладан жасалған айнамен беті, жүзінді көрсең көзқарасың өзгерер ме еді? Әй, қайдам. Тарихпен санасқысы келмейтін, жүз мың, екі жүз мың жыл өткен өмір тарихын кейбіреу түсінде де көрмес. Кесірлі сөзбен өзгенің жанын шабақтап сандырақтайтындарға мезі болады екенсің. Душеновтың миына кірген, жанын жегі құрттай кеміріп жеген қызғанышпен діңкесі құрып, «Ол (қазақ елін айтып отыр – Т.Қ.) Ресейдің көмегімен хат таныған тайпалардың бірлестігі» деп аузы мұрны қисаймай, сақалын талдап жұлғандай тұлданады. Оу, жыл санауымыздың 352 жылдарынан бері қазақтар араб, парсы жазуын білгені қайда, құранды жатқа оқып жүргені қайда? Тасқа қашалып мың жарым жыл бұрын жазылған:

«Мен – Білге Тоныкөк Алтай асуын асып келдім, Ертіс өзенін кешіп келдік... Төңірі жарылқады. Бүкіл Түркі халқына қарулы жау келтірмедім...» деген сөзін сен жазып беріп пе едің, Душенов жолдас. Ол – ол-ау, ежелгі қазақ жеріндегі қазбалардан табылған «Алтын адамды» әлем таныды, миы бар адам қазақ жерінде дамыған ұлттық өнерін, ғылымын, ерлігін, өндірістік жетістігін көзі жылтыраған албастыдан басқасы ұғынып, біліп отыр. Душенов жолдас, оған не айтасыз, бүкіл Ресейде ақылды екі адам болса, бірі өзім дейтіндей кепшеленіп қалма? Баяғыда бір айтқыш «Пілге де үретін қабаған иттерді көргенмін» депті. Адам ит емес қой, өзің де талайды көрген шығарсың, жоқты-барды құйып, ізгі ниеттілерді қырылыстырып, қан шашылса айызы қанатын ит мінезді адамдар болатынын. Ғафу ет, Душенов жолдас, жазбаңда «Сонда ғана Назарбаевтың орнына болашақта кім келсе де, 1991 жылы заңсыз алынған, орыстар қоныстанған Ресей территориясы Қазақстаннан қайтарылып, Ресей құрамына өтуі керек!» деп не бетіңмен сайрайсың?! Шекара сызығы сызылғанда көзіңе құм құйылғандай көрмей қалып қазақ еліне жер бере салдың ба? Заңсыз дегеннен шығады. Орынбор, Челябин, Саратов, Астрахан, Түмен, Омбы облыстары – қазақ жері, оны Ресей патшалығы қандай заңға сүйеніп жерлеп алыпты, басқыншылық, қырылыспен иеленді. Оны айтпағанда, қызыл империя сенімсіз ұлттар деген желеумен Қиыр Шығыстан 100 мыңнан астам корейлер, Ресейдің Еділ өңірінен 361 мың немістер, Солтүстік Кавказдан 507 мың шешен-ұңғыш, қарашай-балқар, оны азсынсаң тың игеру жылдарында мыңдаған орыс, украин, беларусьтарды қазақ еліне төгіп салды, жүз ұлттың зертханасына айналдырды. Сол қуғындалып келгендер атақоныс жерін қазақ еліне арқалап келіп пе? Душенов жолдас, жоғарыда «Қазақстанды мемлекет деп атауға болмайды» деп едің, мемлекет болмаса әлгі халықтарды бұлт үстіне қоныстандырдың ба? Есіңді жиып, қуғын-сүргін жылдарында қазақ жерінде қырылған халықтардың моласын зерделе. Сонда данышпансыған шылғи өтірік сөзіңмен кімді сендірер екенсің. Ұлылығы асқан орыс ойшылдары қырылыс аңсап, қиғылық салғың келген пиғылаңа қарап

бетіңе түкіріп жүрмесін. Өйткені байтақ Ресейді айтпағанда, Мәскеудің өзінде 250 мың мұсылмандар тату-тәтті өмір сүргенін көпсініп, көкіп, «көсемсігенің» шовинистік жексұрын пиғыл емес пе? Ол – ол-ау, басқыншылық арам пиғылың жұмыр жер алдында Ресейдің беделін түсіріп, орыстарға жаны суып, бөтенсіп қарап, бұларға сенім жоқ дегізбей ме? Осыны түсінбейтін түйсіксіз болғаның ба, Душенов жолдас.

Халық даналығында «Қаны қара жаман, зәлімнің қаруы жала» деген сөз бар. Өштік, өсекті қанжардай қайрап көрші елдер арасында лаң салғысы келетін Душеновті халықаралық сотқа берсе артық болмас еді. Сонда жаны қалай ышқынар еді. Ей, қазақтың мінез-құлқындағы «Ит үреді, керуен көшеді» деп зұлымдықты елеусіз қалдыра салатын әдеттен арылып Душенов сықылдыларды кешіруге болмайды... Құзғындық пиғыл қандай жиіркенішті. Қош болыңыз, Душенов мырза, зауқың енді неге соғар екен?..

## ЖЕЛКЕУДЕ

Адам жаны шөлмек тәрізді ме, сынған шөлмекті сірә да жинай алмайсыз. Қазақтың «Қалған көңіл шыққан жанмен бірдей» деуі ой-санасы бүлініп, көкірегі лайланғандай кешірімсіз сөзді естуден бе? Пендеде ағаш ауыз, тікен тілді бар, сөз саптауынан мінез-құлқын түсіне біл. Өкситіні – жала, аңсайтыны жұртты шала оймен шатастыру деп біліңіз. Ондайдан ақкөңілді жұртым алданып, санын соғып жүр. Күліп тұрып сатып кететін, өлтіре мазақ ететін тас жүректі қыртың жүр. Шүкіршілігін меншіктеп алған, өмірдің қызығына қанбаған, кейде қайырсыздан қайыр күтуден шаршамайтын ұлтым бұл. Халық – терең су, оны ешкім лайлай алмайды деген сенім нық. Қалың көптің сипаты мен ұлттық бейнесі сол тазалықта. Кейде бейқам көңілмен байлығын сордырып, шетел асырса да жақсылықты түсінбейтін улы тікен тілдінің жүрегіңді жазылмас жаралайтын азабына төзе аласың ба? Мен өзімді кім-кімнен де артық болмасам, кеммін демеуші едім. Бірақ

кешіре алмайтын ұлтыма тигізілген сөз кеудеме зіл салып, көңілімді мұңға батырды, миыма жарылғыш қойып жарып жібергендей сезіндім. Қызыл империя тұсында халқым ұлардай шулап, қан түкіріп күңіренді. Шеменшері жазылмас дертке айналып еді. Пендеге ең ауыры жан азабы, қорлық, намысыңды біреу талқандап жатса мүжілесің, ізгі ниетің шаңша ұшқандай түңілесің. Ілгері басқан қадамың кейін кеткендей, өз құлағыңа өзің сенбегендей жаттың қаңқуына шыдамай, әр қилы ойға жүгінесің. Акимов деген біреу ақпаратта Қызыл империяны аңсады ма, қызғанышы аш өзегіне түсіп ісініп тамсанды ма: «Қазақтардың мемлекеттік жері жоқ, олардың жері Моңғолия мен Қытайда» деп сұхитқан сөзін естуге душар болсақ, көлгірсігеннің көксегені мұқату ма, жанжал, ұлтараздықты қоздыру ма деп тындық. Ей, «Қызғаншақтың ішінде доңыз дөңбекшиді» деген осы ма дерсің. Патшалық Ресейдің отарлық улы тырнағында қалған Омбы, Орынбор, Орск, Саратов жерлерін қазақтар даулайды деді ме, Акимов суға кеткен жыланды да қармайтындай адасып тынды ма? Әлде көре алмаушының бұзық ойы бірте-бірте ұшындыра түсіп лаңкестікке тірейтінін сезбеді ме алжасып. Желкеуде кейде шіренеді. Өтірік қапқа да сыймайтынын білмей тіреседі. Аспанды алақандай, жерді тебінгідей көретін бетін қақпаса күңірсіген лас пікірін шіреп айтуын тоқтатпауы да мүмкін-ді. Апыр-ай, кейбір пасық бірін-бірі жерлеп жатпаса бойына ас сіңбей ме деп түңілерсің. Акимовтың «Қазақ жері Қытайда» дегеннен шошып жер даулайды деді ме, Ху Хұң Бао деген қытай жазушысы: «Қазақтар – қонақжай халық, мейманын күткені сондай, қой сойып алдыға табақ тартады. Ет беріп күтуімен қоймай, қонағына ұзатылмаған үлкен қызын қойныңа салып береді, төріне отырғызып алдыға адал дәмін үйіп қояды да, етегін жел көтермесе ер көтермеген қызын қойныңа салғанда тартынба», – деп бүкіл қазақ ұлтын масқаралады. Бұл жалғыз қазақ халқы ғана емес, жұмыр жердегі бүкіл мұсылман халқының сүйегіне басылған қара таңба. Осы жазушының тағы бір сорақысы, қазақты айуаннан әрі көргендей, «атасы алғаш түскен келінін бірінші астына басады. Сондықтан тұңғыш немересін өз баласы етіп, бауырына алады» деген беті бүлк

етпей, ұлттың намысын тас-талқан етуі желкеуденің шектен шыққан зәлімдігі емес пе? Жалғыз қазақ халқы емес, әлемдегі бүкіл мұсылман халқының адамшылығын ойрандап ұлттар араздығын қоздыратын лаңкестікті қоздатып отыр. Мұндай лаңкестікке өздерінде заң бар екенін де естен шығарып жүрек жұтқандық танытып, қыр көрсетуі ненің желігі, заңын менсінбеуі неткен кесірлігі. Әйтпесе ҚХР-дың Қылмыстық істер заңының 250-тармағы – аз санды ұлттарды кемсіткен, қорлаған шығармаларды баспадан шығару бойынша 3 жылға дейін сот үкімі болады екен. Ху Хұң Бао сот жазасының бұғауынан да сескенбеуі – татулықты бұзық бүлдіреді деп шыдап көр, мейман ғой деп шетелдікті сыйлап көр, арам пиғылдыны босағаңнан аттатып көр. Адал ниетті қазақ арам ойлының өрлігін ешқашан да кешірмеген-ді. Қытай жазушысының сөзі әлемдік лаңкестік, террорлыққа қоздыру, адамдардың қырғынын аңсауы деп түсінесің. Қазақта ата-бабадан ғасырлар бойына дала заңындай сақталған темірдей тәртіп үйіңе келген мейман дастарханнан дәм татып отырып, әйеліңе көзін тастаса, нағыз дұшпаның деп есептейтінін Ху Хұң Бао түсінгісі келмесе де көзіне шұқып айтуға тура келеді. Пендеге байлық, лауазым, атақ бітсе, тар кеуде желге толып ақыл-естен айырады деуші еді.

Жазушы есебінен жаңылды ма, ұйқысынан шошыды ма, желігіп желкеуделенгені несі? Көрші қақын білмейтін, кісілігін сақтап жүрмейтін, екілене сөйлеп гулейтін, нанымсыз ойын әр саққа жүгіртіп құбылып отыратын зәлім ойлылардың талайының көзіне Алла әмірі топырақ құйған. Ал Ху Хұң Бао қазақты мазаққа қалдырдым деуімен қатар 74 елде тірлік етіп жүрген қытайлықтардың жолын кесіп, бақытын байлап, аралас некеге тыйым салынатынын, өлем халықтары қытайды көрсе қызын маңына жолатпайтынын сезбеді ме? Онсыз да халқы жеріне сыймайтындай жағдайда болғасын қытай азаматы барған елдеріне сіңіп кететіндей мемлекетінің үмітін үзуге тырысқанын Қытай үкіметі жазасыз қалдыра қояр ма екен. Қазақ ұлтын мазақтаймын деп өзінің адасқанын есінен адасып байқамаған шығар. Байқа, Ху Хұң, қазақтың рухани

күші, бабалардың асқан ерлігін естімеген шығарсың. Бір ғана, тарихта белгілі, «Орбұлақ» шайқасында 50 мың жоңғар әскерін 600 қазақ батыры қалай жайпады, әлемдік соғыс тарихында окоп қазып соғысу шеберлігін қалай игерді, жаулық ойлыны тәубасына қалай түсірді, басқа да тіл жетпейтін ерлігіне қолың тисе, танысып көрерсің. Сонда қазақтар намысын қорлатпайтынын ұғарсың. Оу, жұмыр жердегі пенденің қайсысында ұл-қыз жоқ, өзіңде де қызың болса бейтаныс мейманның қойнына салар ма едің? Жазушы басыңмен, кеудеңе жел бітіріп тесіп бара жатпаса, өзгені өзіңдей көруге ақылың жетпегіні ме? Қандай өкінішті. Меңіреуленіп пенденің адасуы тым аянышты. Бәрінен бұрын әлем ойшылдарының бірі Абайдың «Иттеніп жүріп өлмей ме, өлсе бәрі қалмай ма?!» деген сөзіне тұрмайтын талай шығармалардың сыйлық алып жатқаны да белгілі. Оған ақылды адам көкірек көтере қоймайды. Және жұмыр жердің ашықтан-ашық көріне бастаған құбылысын, басыну мен тасынуды Жаратқан ием кешірмей, жерінде табиғат апатымен ажал төндіріп өлім-жітімге ұшыратып жатқанын алдымен жазушы сезінуі керек еді. Мысалы, АҚШ-тың басшылығы әлемдегі соғыстар мен қақтығыстарға қатысып қантөгіске араласуына Алланың көрі ме, жерінде қаншама табиғат апаты халқының апшысын қуырып жатыр. Адам тағдырын ойыншық көретін үрейлі үстемдік сезбесе де, жазушы терең түсінуі керек еді. Соғыс қырғындарында да ұлттың ар-намысына дақ түсірмей, тіпті екінші дүниежүзілік соғыста немістердің ұлттығына тіл тигізбей, фашистер деген сөз қалыптасқанын неге ұмытамыз. Ху Хұңның қазақ ұлтының намысына тіл тигізгені жазасыз қалмасын деп Қытай елшілігіне бір топ қазақтардың апарған хатын елшіліктің қабылдамағанын теледидардан көріп, бұл өрлік қазақтың ұлық болсаң, кішік бол деуді ұқпағанына қайран қалдық. Жазушы Ху Хұң Бао қазақтың намысын қорлаумен қатар Қытай үкіметінің тату көршілікті ғасырларға кететін үмітіне кесел келтіріп отырғанына тәкаппарлықтың түрін байқайсың. Мүмкін бір адам сөзі елеусіз деуі, жоқ, олай емес, жазушының оқушылары



қалың. Оның жиюсыз аузынан шыққан қаскөй сөз лаңкестік, террорлыққа бастамасына кепілдік жоқ. Сондықтан Ху Хұң Баоны Қытай үкіметі заңға тартуы тиісті деп түсінеміз. Төменнен жоғарғы лауазым иесіне дейін ұл-қыз асырап отырғандар, Қытай елінде де жетерлік болса, қазақ намысын қорлаған сөздің қасіретін түсініп, ажалдан да ауыр екен демес деймісің. Сексен жасқа иек артқан ұл-қыз асырап отырған маған қызды қорлатуға көзді жұмып көну деген, ең ауыры, намыссыз ұлт дегенді естігеннен гөрі өлгенім жақсы еді. Бірақ қазақтың даналық сөзінде «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады» деп біреуге тіл тигізбек түгілі, ешкімнің ала жібін аттамаған тәрбиені қаныма сіңіргендіктен, жазықтының жазасын Аллаға тапсырып, өзіме өзім тоқтау саламын. Жаратқанның үкімі бәрінен де қатал. Қазақ елінің Сыртқы істер министрлігі ойланар деп тоқтамға келсем де, бармағымды тістеп, әлемде шекарасын бітеп, қытайлықтардан көмек күтпей отырған Индонезия мен Малайзия халқының ақылы асқан екенін ойлап қалам... Шекарамыз ашық, бірлескен кәсіпорындар... рыноктағы тату көршімен табыстымыз деген құр далбасалық болмағай. Ху Хұңның қазақ ұлтының намысына майдан ашуы тегін емес тәрізді... Егер жазушы жазған қытайлық жігіттің қойнына қызын салған қазақ болса өз көрін өзі қазып, тірідей жерленіп, жаназасына жан келмесін деп лағынет айтар едім. Ондай намысы өлген қазақ табыла қоймас... Ал «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деп жазушының өрескелдігіне Қытайдың қарапайым халқы да зығыры қайнап, өкініп, ызаланбай кешіре салуы неғайбыл. Халықаралық сотқа шағынғанда жазушының жер бетіндегі миллиард жарымдай мұсылман халқына айыппұл төлеуге күші келер ме еді әлде өзінің кінәсіне тұншығып өлер ме еді? Бұл ойланатын сұрақ. Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы Бас консулы Ду Девеньнің «Ғаламтордан оқыған боларсыздар, ол өзі де қазақ елінің ар-намысына тигісі келмегенін айтып, кешірім сұраған болатын» дегені де түсінікті. Кешірім сұрамай қайтеді? Қазақтың «Күле кіріп, күңірене шық-

қаннан сақтан!» дегені қалай ұмытылады. Бабалар қа- бірінде тыныш жатсын десе, ұлт тағдырын ойлайтын ғасыр ұрпағына аса сақтық керек екені көрініп қалды... Сатқындардың қабіріне қазық қағуға жеткізбегей...

\* \* \*

– Тірліктегі зәлімдердің қиянатына төзбей, құлағын тістеп алғың келді ме? Неге ойқанасың? – деді Тымыр қоқыс толы қол арбасын автокөлікке жақындатып.

– Кейде жұмыр жердегі жамандықтарды көріп ессіз- дерді тістемек түгілі, зұлымдыққа қоздырғыштың кеңір- дегін жұлып алып, қолына бергім келеді, – деді Қымыр.

– Тісің қышымасын... Қиянаткерге Алла береді жаза- сын.

## ПӘЛЕ ҚАЙДАН?..

– Қайда қалмаған қу тірлік, ара талағандай өмір сүрдік, енді масадан да ажал табатын болдық па? Тфу, пәлекет, өлсе өзімен кетсін. – Қымырдың үйіне келген жерлесі Кәжек өкініштен мазасы кеткендігін білдіріп, түшкіріп, қолорамалымен бетін сүртіп алды да, әңгімесін жалғады. – Ертең бұл жарық дүниеде бармыз ба, жоқпыз ба? Сүрең тірлік талайдың сазайын тарттырып жатыр...

– Күдік көп, бұ заманның масасы да бұзылған, жан ала- тын жүлік, ұшып-қонған жері – бүлік. Кәсібі қан сору еді, бүгінде жан соруға айналыпты. Талабы таудай самолетке топырлап мініп «шпион» болуды ойлапты, «Зика» деген есімін меншіктеп алып біраз елді шарлай бастапты, – деді Қымыр ойын түрлі аурулармен теңдестіргісі келмей.

– Біз қауіп-қатерсіз маса ғой десек, әлем елдері Зика деп қорқынышты ат қойып, айдар тағып, маса көрсе «жаным- ды сақта» деп жалбарынатындай ажал үрейін тудыратын сыңайлы. Алла өзі берген жанын өзі алушы еді, ұмытқан ғой Құдайды, зұлымдар билік етсе қайтіп шыдайсың. Инедей тіліне дерттің микробын жағып тамақтандырып, «Адамның төтті қанын сорасың мейірің қанып, ұша бер

әлемге қанатыңды қағып!» деп ғалым зертханасынан батасын беріп, оң сапар тілеп, жанашырлығын көрсетіп, мыңдап, миллиондап ұшырып жатыр-ау. Өйтпесе, дәрі-дәрмек өндіретін компаниялары табыс таппай жұтап, тақыршаққа отырып, шаңырағы ортаға түсіп құлап қалар еді. Жұқпалы аурудың халықты қыратын қабілеті атом бомбасынан да жоғарылығы тарихтан белгілі. XIV ғасырда оба дерті Еуропа халқының елу пайызын қырып салыпты. Ол аздай, 1665 жылы Лондонда өршіген тырысқақ халқының 25 пайызының басын жұтыпты. Сүзек дертіне ем табылмай, Наполеон армиясының елу пайызын ажал құштырса, 1918 жылы 550 миллион халық осы дерттен өлгенін ғалымдар деректеп отыр. Биологиялық қару есебіндегі оба, сүзек, Сібір жарасы, тырысқақ, бруцеллез, туляремия, басқа да дертті жұқтырып, таратудың тасымалшысы түрлі жәндік, жануар екені белгілі. Бабаларымыздың «Барсакелмес» деп атауы, ерте, ертеде қанішерді, сатқынды ит терісін басына қаптап осы аралға апарып тастаған деседі. Орыс ғалымдары Р. Левшин мен А. Бутаков 1831 жылы бұл өңірдің табиғатын зерттеп, тірі жан мекендемейтін құпия өңірге жорыған. Есесіне, аң-құстардың түрі көптігін білген. Сөйтіп жан-жануарлардың жұқпалы ауруын зерттейтін, кейін 1952 жылы биологиялық қару сынайтын құпия аймаққа айналады. Қызыл империя тұсында «Барсакелмес» аралының зынданында түрлі жұқпалы ауруларды таратудың сан түрлі амалы қарастырылып, сынақтан өткізіледі. Құпия дерек жариялауға жатпайды. Халыққа қандай зияны болды, не өлді, не қалды, белгісіз. Қазақ елі еркіндік алысымен жойқын қаруларды жойып, халықты аман сақтауға әлемге жар салды. Енді зұлымдықтың барлығы ұмытыла бергенде түрлі аурулар, шошқа тұмауы, құс тұмауы дейсің бе, жер шарында қылаң бере бастағанда тыныштық таптырмайтын бүліктен шошисың, – деп Кәжек жұқарды. – «Зика жұқпалы дертіне тездетіп дәрі-дәрмек таппаса, 4 миллион адамның өмірін талқандауы, жер жастандыруы мүмкін» дейді «Ресей 24» телехабарының 7 қаңтардағы хабарында. АҚШ ғалымы Рэрод Шорттың пікірінше, дәрі-дәрмек

компанияларының табысқа кенелуінің құпия амалы, оған ғалымдар дәрі табуы үшін 1-2 миллиард доллар қаржы керек деп құндайды. Дерттің қатты зияны қашанда қара халыққа тиеді, алмаз, құнды металдар өндірісі, мұнай байлығы мол жерлердегі халыққа зика дерті тездетіп оқша зулап бара жатыр. Зұлымдықта айла көп, қалың халықтың арманын, тірлік еткісі келетінін мазақтайды. Әлсіздер сенімін жоғалтады, еңсесі түсіп езіледі, бас көтере алмай, қылжияды. Тірідей көрге кіруіне үрей ықпал етеді. Көзге көрінбейтін, шындығы білінбейтін саясаттан екі ойлы болсаң да аздап байқайсың, жазықсыз өлгендерге өкініп, басыңды шайқайсың. Зика дертінің емдік дәрісі табылғанның өзінде, әлемнің 58 еліне тарап, өндіріс байып шығады. Әлсіз елдер кедейлене береді, онсыз да жоқтықтың тар қамыты тыныс алуды ұмыттырып өмірін көп етіп, ақыл-естен тандырады. Дерттің түрі жаман, тері обырын туғызады дейді, емі табылмаса, шошқа тұмауы, құс тұмауымен қатарласып қабірге алып ұрады дейді.

– Қарадай қалтырайсың, пәле қайдан дерің бар ма? – деді Қымыр.

– Өйтпей қайтесің, айналаң толып жүрген микроб сықылды, құс түрлері де, шыбын-шіркей, жәндіктер де, өзен, көлдердегі қиқулаған құстар да, тіпті ызыңдаған қоңыз, бақа, шегіртке де жаныңа жуып кетсе, белгісіз бір дертті жұқтырып «өле қал, сыбағаң суып тұр» дейтіндей көресің. Жұмыр жердегі адамзатқа бұдан артық не зұлымдық керек? «Маған ақша, саған ажал» дей ме, түрі жаман үрейшілдік жерді қайыстырып бара ма, қалай? Алпауыттардың дәрі-дәрмек өндірісіне әлсіздер ажалын арнап, өмірін садақа ете ме? Онсыз да жер бетінде миллиардтан астам адам аш, сусыз тарығып, зарығып ажал күтіп отыр десе, олардың өмірден тез кетуіне түрлі дерт шапшаң көмектесе ме? Қара ниеттінің пиғылын қасқыр талағандай дерсің. Жұмыр жер, соғыс, қақтығыссыз тұрған жоқ, ол аз көрінгендей, түрлі жәндік, жануарлар арқылы дерт таратып тіршілікті ойрандау кімге пайда? Көкірегін шайтан иектегендер о дүниеде тамұққа барудың жолын аңсай ма? Бәрі түсініксіз. Ал небір құпияны қалың халық түсінгелі қашан...

– Табиғат құбылысы да өзгерді, күн райы қаталдана бастады, небір құйын түрлері пайда болды, көл құрғады, өзендер тартылды, мұның бәрі зәлім ойлылардың ар-ұяттан безіп, мың-миллиондарға қастандық жасауының салдары емес пе? – деді Қымыр. – Жер бетінде өзімшіл, жексұрындар көбейіп, өзгенің табысын, байлығын тонап, жәндіктерге дейін өлім құштыратын қару есебінде пайдалануға шынымен кірісті ме?

– Мен ізгілік ойлайтын, кісіге ылғи да тірлік тілейтін қазақпын. Зұлымдық тозақ сықылды құйынмен ұшар, кетер, дерт жұқтырғыш маса да қырылар, асықпасақ, жаратқанның жақсылығы әлсіздерге бұйырар, – деп Кәжек артық сөзге бармай ойын тежеді.

– Пікіріңізге құба-құп...

## САЛАЗАРДЫҢ ТІСІ ҚЫШЫП ОТЫР

Фашизмнің күлі көкке ұшты десек те, әлем тыныш тұрмайды. От үрлейтін сайтанға өлім жоқ. Соның айтағына еретіндерден шошынып, өңің қу шүберектей болар, тұла бойың мұздап үрейленіп қаласың. Әлемнің қарапайым халқы өлердегі сөзін кімге тыңдатарын білмей сасып жатса, Салазар тісі қышығасын сықырлатады. Бұл сүйекке сіңген әдеті көрінеді. Әсіресе қарапайым әлсіз халыққа тісін батырғысы келсе, тісі қышиды екен. Қолайы келгенде, өзін дәріптей де біледі, аузым дуалы деп күледі. Мемлекеттік кабинетінде дамыл таппай ұшып-қонатыны да бар. Оның мәнісі түнде түсінен, күндіз есінен шықпайтын аңсаулы арманы елге фашистік тәртіп орнатып қалған кездерін ойлауы кейде меңдетіп әкетеді, қайта оралуын күтеді. Сырт киімінің түймелерін біртіндеп ағытып, фашистік шен-шекпенді жалма-жан киіп алғысы келеді. Сол сәтінде неден қысылады, маңдайындағы тер бұршақтап төгіледі, адамның қаны емес қой деп сүртеді. Абыржиды. Талқандалған, бүлінген, өртенген фашистік ғимараттар, өртенген, бомба астында өлген адамдар. Сондай қырғынды көзімен көре тұра фашизмді ойына алғаны не болғаны, шатасқаны ма? Жоқ, демін ішке тартып,

тісін бір шықырлатып алды да, қошаметшілеріне қатаң тәртіп берді.

«Халық емін-еркіндікті талап етеміз деп олай-бұлай ереуілдеп кетпесін. Өтірік уәдемен миын айналдырып, кемшілікті көрмейтін етіп көздерін байлаңдар. Халқымыздың қырық пайыздан астамы сауатсыз дедік пе, оны алпыс пайызға жеткізіңдер. Газет оқымасын, радио хабарларын тыңдамасын. Құлақтары дым естімесін, көздері су қараңғы болсын. Қару-жарағымыздың күшін көрсетіп үрейлендіре біліңдер. Кім өлгісі келеді дейсің, Гитлер де өлгісі келген жоқ. Ешқандай талап ететін бейбастыққа ерік бермеу керек».

Салазардың аузынан шыққан тәртіп жүз пайыз жүзеге асады. Қарауындағылар аяғының ұшымен басады, зәресі қалмай сасады. Португалияда Салазардың оң қолы атанған отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын елу жанұяның құдайы берулі. Мемлекеттің бар дәулетінің бәрі – солардың билігінде. Байлықты белшеден кешіп жүр, біз мемлекет қожасымыз деп бөсіп жүр. Қансорғыштар халықты жүдетіп, тонаумен есіп жүр. Өлсіздердің ішкені ірің, жегені – желім. Салазардың ым-жымы бірлері – ұлттық шонжарлар, шетелдік байлар тобыры. Өзара шүкірлеседі, пікірлеседі, халықты тонаудың қилы-қилы құпия жолын табады. Нарыққа сіріңке екеш, сіріңке түсіп сатылса, қаржысы шетелдің қара сандығына құйыла кетеді. Шетел компаниялары өнеркәсіп, транспорт, сауда кәсіпорындарын иеленіп алған. Қаржы байлық тұтқасы қолдарында. Ал шаруақой халық «Ит жеген ішінен таусылады» деген, байлығымызды шетел талап жатыр» деп іштей кіжінеді. Ондай сыпсыңды естісе, Салазар тісін қышырлатып, Жанын жаһаннамға жібер, елімізде моласы да қалмасын» деп тәртіп береді. Фашистік тәртіпті көріп қалған соң адамға аяушылық білдіріп жұмсара қоярма? Капиталист дегенің байлыққа тояр ма? Қара халық шонжарлардың көлеңкесінен рахат тауып оңалар ма? Телефон байланысына «Дженерал Тайр энд Раббер» қожалық етіп сұқ саусағын көтерсе, жекеменшік қара сандығына қаржы құйыла кетеді. Еуропадағы ең мықты

уран кеніші Уржейра және вольфрам кеніші, Жалесадағы алтын өндіретін кеніш, Сан-Домингуштағы пират кеніші – бөрі-бөрі де Ұлыбританияның уысында. Игілігін де, сүйгілігін шетел көреді. Салазар көкірегін мақтан қысқанда: «Батыс герман капиталында ауыз жаласып, дәмін татып отырмыз, менің отарлық империям осындай ынтымақтасудың нәтижесімен гүлдеп кетеді. Португалияның байлығын о дүниеге арқалап кетеміз бе, көрші елдер қызығын көрсін. Батысгермандықтарға Бежедегі соғыс базасын да жомарттық танытып бере салдық» деп шіренеді. Қарапайым халқы сүрең саясаттың өтірігіне тіренеді. Мұндайда қолдаушы жағымпаздары да қарап қалмайды: «Францияға Азор аралындағы спутниктерді бақылайтын станцияны бергеніміз жөн болды. Олардың көзқарасы жақсарды. АҚШ құр қалса тым ұят болар еді, Азор аралындағы тұрған авиация базасын жалға алудың келісімшартын пәлен жылға ұзарттық. Олар да мәз болып арқамыздан қағып қалды».

«Апыр-ай, тісім қышымай, жағым сырқырағаны несі? Айтпақшы, шаруалар мен жұмысшылар, тіпті студенттердің революциялық әрекеті үдей түсетін түрі бар. Тездетіп олардың дымын шығармай талқандауға полицияның террорлық жұмысы күшейтілсін. Шетелдік достарымыз амандығымызды тілеп көмегін аямайды. Білдіңдер ме!» деп Салазар жақтастарына қатты тәртіп беріп, құстай ұшындар деді...

Олар құстай ұшқанымен, қалың халық тәуелсіздік жолында арпалысын тоқтата қоймас...

\* \* \*

Бұл өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы капиталистік қоғамның іргесін шайқалта бастаған тірлігі болса, Еуропа бүгінде де тыныш емес, тұс-тұстан дағдарыс меңдетіп, халықтың бой көрсетулері жиілеп барады. Араб елдері, Сирия, Ливия, Ирак және басқалары халықтың наразылығынан зор зардап шегулі. Капиталистік қоғамның, оның демократиясының қара көлеңке тартқаны,

әлем халқының азаматтық қоғамды аңсауымен ұласпаса неғылсын. Мазасы кеткен түрлі қозғалыс біраз нәрсені сездіріп, қателіктерді айқындап тастады... Жұмыр жер тыныш болғай!

## САМОЛЕТ БЕРСЕҢ ДЕ, АЙТПАЙМЫН ӨТІРІКТІ

– Ешқашан да өтірік айтпаған екенмін, суқитқым келсе де аузыма түсе бермейді, бірдемені шатып-бұтып айтқан да ерсі ғой, – деп Дәдебек ернінің жылтыраған суын сұртті де, Артыққа әңгімесін жалғады. – Торғай өзенінен кеше, саған өтірік, маған шын, тайлақтай балық ұстадым. Ата қоныстарын тастаған нөпір халық Қостанайға, Астанаға көшіп кеткесін, кім балық ауласын, әбден ту сиырдай семіріп кеткен ғой. Айтқыш Айса заманында баспақтай балық болды деп естіп, естен танып едік... Өзен, көлдерді ықтияттап күтетіндікті жинап қойып, өсіп-өнуі, көсегесі көгеруін табиғаттың еркіндігіне бетімен жібергесін балық түрлері семіреді тағы. Облыс басшылары менің тайлақтай балығымды көрсін бәлем. Езуім жыртылғанша күліп, қуанғанымды білсін бәлем.

Дәдебектің қызықты оқиғасын ауызба-ауыз естіп, өзін көзімен көріп Артық мырс етіп күлді де:

– Ірі балығыңды, тірі балығыңды көріп күлетін басшы тапсаң жақсы, сайқымазағыңды түсініп өзіңнің әлек-шөлегінді шығарып жүрмесе. Табиғат байлығын сырттай бақылауға да жарамайтындар тымсырайып тым-тырыс отырғанына мәздігін көріп өзің білесің, білесің де күлесің, күліп-күліп етегің елпі, жеңің желпі болып ел көшкен жұртта қалып, қарының ашқасын, құтың қашқасын тайлақтай балықты түсіңде аулап алуға аңсарың ауған екен. Өтірік айтуға да зауық керек, шаршай қоймаған екенсің. Түгін тартсаң майы шығатындай Торғай жері құт, балығы тайдай тулап жатса, ақырында бір табысқа бастар. Ауыздан аңлаусызда шығып кететін өтіріктің де шындығы бар, бір күн қуанасың, кейін ұяларсың, нешауа, бірақ көп сөзге құрмет жоқ. Тайлақтай балығың қара қазаныңа



сыймай қалып жүрмесін. Жұртқа көрсете берме, көз тиеді, тірлігін сақтап қара тереңінде қалдыра тұр, тұқымын көбейтсін. Мойнына қайда жүріп-тұрғанын білдіретін дыбыс тетігін байлап жібер. Онсыз да әлемдегі өзен-көлдер, теңіздердегі балық түрлерін химиялық қоспамен азықтандырып, шілдей балықты пілдей етіп жатқанын ғалымдардан естігенің бар ғой. Балық тағамдарына дивакцина, хлор, фосфат сықылды қоспаларды қосып азықтанған адамның бір аяғы аспанда, бір аяғы жерде тұратындай алып болады деседі. Өтірікшілер академиясын бітіргендерге жаңалығыңды жеткізіп, мақтау қағаз аласың. Алуан түрлі мінезді кісілердің мақтауын алғанға не жетсін. Құс сияқты шарықтап ұшасың, асқақтағанда аспан аласа боп көрінеді, жұлдызбен тілдесіп толықсысың. Өрең кеңіп, шексіз шалқығанға не жетсін! О да бір айтып жүретін үлкен байлық... Ақылың бар, байлықты ерінбей-жалықпай, қышыған алақаныңды уқалап, күте тұр.

\* \* \*

– Жұрт қалай десе, олай десін, менің жаңалығым әлемде жоқ екеніне өзімнің көзім жетіп, біртүрлі сергіп қаламын, – деген Дәдебек сойдақ тісін ырсыта күлді. – Қатты дауыстасам, былайша айтқанда, 150 дециметрге дейін-ау, сонда аузымнан құйын жел шығатын еді. Сапырылысқан адамдар сол желге ықтайтын. Кәдімгі әлемді кезіп жүрген дауыл құйыннан бірде-бір кем емес-тін. Сол кеудеге сыймайтын желді, пай, шіркін кеше пайдаға жараттым.

– Қалайша? – деді Артық ойын ерекше жақсылыққа демегендей ниетпен.

– Жыланшықтағы өзеннен кілең екі басты балықты іріктеп аулап, қапшыққа сықитып тиеп, мотоцикліммен келе жатпаймын ба? Өзің білесің, Борсық құмына ана жылдары космос қалдықтары түскенде, басқасы басқа, сиыр тумайтын болды, бұқа өгіз боп қалды. Радиацияның молдығынан шығар, екі басты балықтың көбейгені. Дегенмен дәмі тәтті. Бірді айтып бірге кеттім бе, Жанкелді ауданында автокөлік жолдары «К-700» тракторымен жүрсең де іріткіңді түсіріп, айшығыңды аударады. Сол

жолда мотоциклімнің дөңгелегінің желі шығып кетті. Қырсыққанда дөңгелек үрлейтінді ұмытып кетіппін. Содан аузымнан шығатын құйын желді құйғытып, дөңгелекті желге толтырып алып, желмен жарысып зырлап кеттім. Бұл аз олжа ма?

– Желді жүгендейтін жігіттің нағыз өзі болған екенсің. Жер кезіп, ел кезіп жүретін бақыт сенің ішіндегі желіңе қонған екен. Оны босатып алмай тұрғанда кеудесіне нан пісіретіндерге қымбатына сатсаң байып шығасың. Қазір не қымбаттамай жатыр. Ауыз жаласып жүретін таныстарың арқылы арзанына жел сатсаң, қаяусыз көңілің шарықтап, байлар қатарында еркін сайран саласың. Алмайтынды аласың, шетелге де барасың.

– Оу-оу, өте-мөте табылған ақыл. Бірақ қиындығы жоқ, миға қонады.

– Аңқау сорлыларды жел сөзбен де алдауға болады, оның қасында жел сату өте дұрыс екен... Желдің тілеуін тілеп, көкірегіңді көріктей күмпілдете бер, талайдың басын айналдырып байып шығасың, қазынаның қалтасын қағып шетелге тайып шығасың. Өміріңнің жақсы кезеңі желмен басталса, көре алмаушының көзін ойып шығасың. Желмен келетін әділеттігіңді мүлгіген қалың жұрт таңыр-қасып біліп тұрады, өзді-өзді күбірлесіп күліп тұрады, – деп Артық айтайын дегенін түсіндіргендей болды. – Осылайша әсерлі сезімге, желдей ескен ерік, жігерге дұшпаның да таңырқар еді. Кеуде желінің орып түсетін ойнақы құйыннан аман ба? Тамаша ғой ой мен тәтті қиял.

– Құйын да қиянаты мол жерден көтеріліп апатқа ұрындырады. Біздікі барлықтың желі ғой. Тегін ақылыңа түсіндім, үндінің пілдері сайлауға шақыру қағазын халыққа таратып жүргенде, біз балықты тайраңдатпай желдендіру тәсілімен өзен, көлдер, табиғатты зерттетуге жұмысқа қоссақ әлем таңғалар еді. Ертеректе Торғай өңіріндегі бүкіл өзендер Ырғыз аймағындағы су аяғы құрдым, жер асты теңізіне құйылып Байқоңырдан ғарышқа ұшатын кемелерді сумен қамтып келеді. Қазірде кеуіп қалған өзендерге суды желмен құйындатып айдап әкелмейміз бе? Па, шіркін, ғажап қой!

– Ғажап, желінді жасырма. Сұм-сұрқияға алданып қалма! Сондықтан өтірікшілердің сөзін басыңнан асырма. Жол берме әңгүдік, тасырға. Бітті, зулат.

\* \* \*

– Кейде ойлаймын, біраз ғұмырым тауықтың тісін табамын деп, құр әуремен құйындатып шабамын деп, босқа күнім өтіпті. Жақсылармен танысып, білісе алмадық, ескіні еске алып, ашық күлісе алмадық. Ешбір мақсатсыз тәлтеңдеп жүріп кісіге ұқсап өмір сүрісе алмадық. Арақ майданында жекпе-жекке шыдап тұрыса алмадық. Одан не қайран болды, үйімізде түрлі ойран болды. Енді қырыққа шығып қырқамызға қарап, бірдеме істеу керек деп ойландық. Еркіндіктің мейірім дүниесіне еніп, маскүнемдіктен біржола жеріп, жекеге иеленген, бұрынғы бастық нағашым қыстап алдырған он-он бес гектар жеріме қыста түсетін қарды жаңа жыл алдында Шымкентке апарып сатып, пайда тауып байып шығуға бел шешіп кірістім. Өзің білесің, кесе қан шықпайтын сараңдығым жоқ, байысам кедейлерді жарылқаймын.

– «Құлық ойлаған құдыққа құлайды» деп, жерінді баптап күтпей, айырылып қалмайсың ба? Қар сатамын деп қайратың кеміп, жүзің солып, төсегінде жатып, ар-намысыңды жоғалтып, құдай атып, адам болмай қалмайсың ба? Қар сатумен кімді алдайсың, ө? Жұрттың бәрін ақымақ көресің, ө?

– Алданбаған кім қалды, қар сататын кәсіпорын ашсам, табанда жерді игергендігім емес пе? Көңілімнің селқостығын баяғыда көкке ұшырғанмын, жалпы самолет берсе де өтірік айтпаймын және өтірікшілердің жанына жуымаймын.

– Баяғыда тесік қалталы кедей қалыңмалсыз қыз ала алмай жүдеп жүрсе де көкірегі таудай боп, «Айтпаймын қыз берсең де өтірікті» депті. Сол сықылды саусағыңа ештеңе ілікпесе де, самолет берсе де өтірік айтпаймын деуің тапқан ақыл екен. Бұған жұрт қызыға да, қызғана да қарар әлі. Оу, әлде байлыққа қызығып, шетелдіктердің етегіне жабысып жатқан қазақ қыздарына емеурін

еткен өкінішің бе? Ақшаға сатылғандарда не қасиет қалды?..

– Ешбір қателігі жоқ, айтқаның рас-ау. Білетініміз – сатылғанын білетінімен ешкімнің ісі жоқ. Қателігін есіне салсаң да ұяла қоймайды. Ар-намыс арзандады деген сол...

\* \* \*

– Қымыр-ау, бағзы біреулер қалай бағаласа да өздері білсін. Өтірігін шынға жорымайтындардың аузы күлкіден жиылмасын, десек те өмірді қысқартатын айқай-шу дыбыс толқындарының пенделік мөлшері 40-50 децибелдік болса, кейде тіпті дыбыс қаруында 1000-нан асып кететін болса, зиянды дыбысты лезде реттей қоятын ғалымдарымыз тетік тауыпты. Осы ғаламат жабдығымен әлемдегі жерге сыймай тұрған жойқын қаруларды да залалсыздандыра аламын дейтін көрінеді. Сөйтіп, әлемдегі қару-жарақ өндіретін корпорациялардың жұмысын жерлеп, есімімді өрлетіп шығамын деп дәлелдейді.

– Е, кесел-дерт құйғып келіп, ілбіп қайтар деген бар еді. Жер бетінде ажал сатып жүргендерге тыйым болса қайғы-қасіретсіз әлем орнайды де!

– Әлсіз ел жойқын қарулы елдің ығына жығылып, тыныштықпен түтін түтетуіне зар болатындай күйде. Талай елді мекендердің тас-талқаны шықты, миллиондаған халқы бас сауғалап Еуропаға босып кетті. Сондай күдік пе, Пхеньян қыр көрсетіп, баллистикалық зымырандарды ұшыра бастады. Халықаралық ұйымның санкциясы да олай-бұлай ойқастап, азаттық, еркіндік жолын кес-кестеуде. Сондықтан қару-жарағым күшті болса жұмыр жер билігі қолымызда дейтіндердің үрейінен құтылу жолы ешбір бөгетсіз жүзеге асады, табан астынан іске кірісетін электромагниттік дыбыс толқындарының жанына жамандық бермесін, адамзатқа ең керегі тыныштық емес пе? – деп Дәдебек тірі жан біле бермейтін жаңалығын құпиялады...

– Әлем мәңгілік тыныштықпен өзгеріп шығады дегенің ұнайды, – деп Артық жақсылықтың жақыны қазақ елінен басталғандай сезіммен толқыды.

\* \* \*

Әлемді ажал-үрей кезіп жүргенде айтқыш Артық «Самолет берсең де айтпаймын өтірікті» десе, оған еліктеген біреу мінбеден түспей желпініпті. Әр сөзімді жазып отыр деп, жағымпазына өлердей өтініпті. Сталин менен артық па деп, биіктен сөйлеуге бекініпті. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген қазақ, елді мылжың басқарса, көрген күнің болады азап. Айтқыштардың сөзі белгісізді білуге, қырсық шалудан сақтандыруға мәнді болатын-ды. Шындықты ашып айтқанға не жетсін. Оны айтқыштар ғана міндетіне алғандай болатын еді. Айтқыштардың сөзі түп-тұқиянына жеткенше ауыздан-ауызға жалғасты... Құйындатып өткен заман-ай!

\* \* \*

Сталин дегеннен шығады, айдан анық шындықтарды мөлдіретіп айтқанда халықтардың қырылғанына мемлекет басшыларының кешірім сұрағанын қай заманда да естімеген шығарсыз. АҚШ Жапония қалаларына әлемде бірінші болып атом бомбасын тастап, мыңдаған халықты қырып салды. Өткенде АҚШ президенті Барак Обама Жапонияға келгенде тарихи қателікті айтып, кешірім сұрауға аузы келіспеді. Жойқын қарулардың зардабы теңіздердегі радиация мөлшерінен он есе өсті деседі ғалымдар. Оны да үстемдік халқынан жасарады. Қазақ халқының төрт бірдей аштықта 80 пайызы қырылғанына, қуғын-сүргіннен талай ұлы тұлғалар жазықсыз атылып кеткеніне қызыл империя басшылығы кешірім сұрады ма? Ниеті бұзық саясат иелері үрейлі басшылығына шаң жуытпай тұрғанда кішірейіп қайтеді. Чернобыль апатында жүздеген адамдар өлді, Одақ басшылығы қара сандыққа құпия салып жасырды, қателікті ашық айтса көсемдердің атына кір келеді деп түсінді. Кеңес заманында Семейде, Атырау, Ақтөбе өңірінде жойқын қаруларды сынады, қаншама адам өлді, зардабы әлі жойылған

жоқ. Шындық – құпия. Қамқорси қалатын саясаттың жымысқылығы кешірім сұрамайтыны түсінікті. Өйткені халыққа жасалған кешірімсіз қылмыс. Қылмыскер айыбын мойындағысы келмей дызақтамай ма? Сонымен өткен келмейді, өлген тірілмейді. Оны тергеп, тексеріп әлемге шындығын жарқыратып айтуға қақың жоқ. Қазірде елімізде рак ауруы баршылық, одан өзге ұйықтап жатып өліп кету, мұрнынан қан кетіп өлу және басқа да дерт түрі баршылық. Оны айтасың, өзін-өзі өлтіру секілді бұрнағы жұртымызда тарихында болмаған сұмдық та бой көрсете бастады. Бір ғана Қостанай облысында өткен жылы 38 бала суицидке барса, биыл да 10 бала өмірмен қоштасуға бел бұған. Республиканың басқа өңірлерінде де өмірден безініп, ажал таңдаушылар табылады. Ал Ақтөбедегі дінбұзарлардың терроршылдық қанды оқиғасын қазақ тарихында кім естіген-ді. Тас емшегін жібітіп, тар құрсағын кеңіткен іштен шыққан перзентін (бәлкім ұлт болашағы данасы болар) өлтіріп далаға тастайтын қанішер аналарды бұрынғылар өңі түгілі, түсінде де көрмеген шығар. Жаға ұстататын мұнша жамандықтар қалай пайда болды? Жұрт қалай айтса, олай айтсын, ғалымдар, заңгерлер немен дәлелдегісі келсе де өздері білсін, бір нәрсе ақиқат – қызыл империяның жойқын қаруларды қазақ даласында зұлымдықпен сынағанының нәтижесі – бүгінгі ұрпақтың өмір жасын қиып жатқан қасіреті десек, артық болмас. Жұлын-жүйкесі болаттай берік, денсаулығы пілдей адам өзін-өзі ажалға қимайды. Қазақтың «Ақымаққа арқан көрсетсең, асылып өлер» дегеніндей, жұрттың бәрі ақымақ емес қой. Киіктердің қырылып жататынының да шындығын айтуға жасқанамыз, суқитып өйткен, бүйткен деп дәлелдеген болып, алдауға шеберміз. Жұмыр жер халқы жойқын қарулардың зардабынан медицина ғылымында кездеспейтін дерттердің құрбаны болса да, халыққа жария етілмейді. Әлемдегі үстемдік үрейі аспанды жыртып, табиғатты бүлдіруінің небір құпиясы жұмбақ қала беретін шығар...

\* \* \*

Жастық шағым батыс өңірдегі Капустин Яр, Азғыр аталатын Кеңес заманындағы жойқын қарулар сыналған аймақта өткен соң, соғыс ауыртпалығы, аштық зұлматын бастан кешіп, мұрағаттардан зерттеп шашынғандықтан ба, менің миымда үрей бар. Сол үрей дертіне ем болар деп туған жерім «Қаракөл» колхозының орталығындағы Шоңқайлы көлінен қамыстың тамырын жегім келгені бар-ды. Жаңбыр жаумаса, су ішіндегі қамыс та құрайтындай көлде су жоқ, қамыста тамыр жоқ. Кезінде Ойыл өзені байтақ өңірдің ондаған көлін суға толтырып, Қызылқоға ауданының территориясын жарып өтіп, Жайыққа дейін құйылып жатса, бүгінде өзеннің суы тартылып, тармақ, тарамдары кеуіп қалған. Ресейдің Орал тауынан кей жылдары 16 метрге дейін биіктікпен су келіп жатады, Кеңес заманында сол су Ойыл, Темір, Ырғыз, тағы басқа өзендерді жарылқап жатса, бүгінде көршіміз артық суды өздерінің көлдеріне асырып, төгіп жатады. Қазақ елінің суға қатысты мәселесі 60 пайыз көршілерге байланысты болса, келісімшарттар болғанымен, оны түптеп қадағалап жатуға қырсықтығымыз өзімізден. Ертеңін ойлауды қойып үйреншікті мәздікті айтқыштар бекерден-бекер шаршама, «Көрмес түйені де көрмес» дегенді түсініп, «тыныш отыр деп мазақтайды. Тірліктің қулығына алданған да жақсы... «Тезірек мені алдаңдар» деп өлеңдетсең жаман ба?

\* \* \*

Ертедегіні қайдан білейін, білгірден сұрап білу ойыма кіріп шыққан да емес. Әйтеуір Арал теңізінде, баяғыда Кердері теңізі аталыпты, ненің аты өзгермей жатыр, өзгерісі өз алдына, теңізде бырдай бықып жүретін семсер балық болыпты. Өлгі зәлім найза тұмсығымен кемеңі де тесіп өтіпті. Соны естіген біздің Ойылдың Майлапесі Жалаңашкөлде ұшып жүретін балық көп еді, еті бал, сорпасы шекер татитын дейтін. Майлапестің мақтайтын Ойылдағы көлдердегі балықтар қайда асығып кеткені

белгісіз, суды ішіп-ішіп басқа әлемге ұшып кетіпті. Көлдерді құрғатқыларың келсе, ұшқыш балықтарды іздеңдер. Қолында билігі барлар, қалтасы қалыңдар өзен-көлдерді суға толтырамын деп басын бәйгеге тігіп шаршамай-ақ жайын дейсің бе, ұшқыш балық дейсің бе, қайсысы көлдің суын толтырады, ақылдасып көрер. Балық біткен ақылды, байлық таласындағы үздігін алыстан таниды, қаржысын төксе қайтарымын еселеп қайтаруға уәде береді-ау...

\* \* \*

Торғайдың айтқыш Айсасы: «Әйел тұншыққаннан өлсін, еркек құлшынғаннан өлсін» деп бабаларымыз айтқандай, қорықсыздың аузына түсіп, миына кіре бермейтін мағынаны менің әйелім қатты түсініп, ердің абыройын сақтағанға не жетсін, – деп отырады, – И-ша деспедік. Кейбір әйелдер ерінің бетінен алып шаптығып, балаларының алдында әке беделін түсіріп сорлап жүр. Өзім болсам қойма меңгерушісі болғанда асқа жарымай аш жүрсем де азық-түлікті әлсіздерге үлестіріп бердім. Ертеде жол бөлімін басқарғанда бір қапшық құм мойныма мініп, 25 жылға сотталып едім, түрме менің жаныма жағып Қазан вокзалын салып жүргенде Ленинмен кездестім, Сталиннің автокөлігін мініп үлкен беделге бөленіп едім. Түрмеде көре алмаушылар қаралай салса, жылыңа жыл қосылады. Сөйтіп, 75 жылға сотталсам да құлшынудан тынбадым, ар-намысым сынбады.

### **«ЖОҒАЛ, АНТ АТҚАН БҰЗАҚЫЛАР!..»**

Өзімшілдік мінез өзіне тәуір болғанымен өзгеге ауыр, тіпті қастандық есебінде. Гогольдың шіркеудің дьягі баяндаған хикаясында: «Үй ішінен қыңсылай жүгіре шыққан арыстай бір қара ит, айтқанша мысық болып бұлардың бетіне шапшыды. «Құтырма, құтырма, кәрі сайтан!» деп Басаврюк оған тағы бір сөз айтқанда адамның құлағы шыдап тұрғысыздай болды». Расында адам құтырынғанда зұлымдық өрті сөнбей бықсып жанады,



қолқа қабар ащы түтіні өрттен шапшып шыққан жыландай аңсыз тұрғанның мойнына орала кетеді. Құдайдан безген күншілдер өмір бойы жарымағандай обырлана түсіп, көршісіне тиісе береді. Ресейдің мемлекеттік Думасының депутаты Павел Шперов беті бұлк етпей, адамзат тарихының анық, қанығына жетпей: «Қазақстандағы орыстардың ежелгі жерін қайтып алуымыз керек!» деп сайрап қоя берді. Пәле қуған адам дерек-дәйекті де қаперіне алмайды. «Шекара мәңгілік емес, жақын уақытта шекарамызға ораламыз, Қазақстанда орыстарды диаспора дейді, олай емес, біздің орыстың жерінде отыр» дегені Гогольдың шығармасындағы жыланның ысқырығындай бір жаман күлкілі сөз. Өйткені патшалы Ресей және қызыл империя саясатымен Астрахан, Орынбор, Саратов, Орскі, Челябині, Қорған, Түмен, Омбы, Құлынды, Барнауыл аталатын аймақ ежелден қазақ жері, сақ, сарматтардың заманынан қазақтар мекен еткен, қолымызда жер атаулары, сызба құжаттары бар. Халықаралық сотқа жүгінер болсақ, бұл тартпас деректер жетерлік, патшалы Ресейдің басқыншылық әрекетін аймандай етеді. Басқа әлемнен келгендей болмай, П. Шперовқа «Гогольдың кейіпкері жезтырнақ: «Жоқ, адам қаны төгілмей, алтын сенің қолыңа түспейді» деген зымыян пікір ішінді удай ашытып бара жатыр-ау» дегің келеді. Оқасы жоқ, әбігермен жаныңды мүжіп, ғұмыр жасыңды қысқарта бергейсіз. Өзгені көре алмайтын күйгелектік денсаулыққа зиян деседі, өзің біл, бізге мейлі ғой, Павел жолдас. Рас, Хрущев сыйлай салған Қырымды Ресей референдуммен құйындай ұйтқытып саясаттандырып, заңдандырып қосып алысымен Жириновский: «Тезінен Орта Азияны Ресей құрамына алып, Орта Азия округі етуіміз керек» деп желпінді. Адам мейманасы тасып желпінгенде сасық ой, пасық пікір, жексұрын мінез, жалмауыз пиғыл пайда болып опырма есіртеді деседі. Оған мысал жетерлік, бүліншілік тілейтін сорлылар қай кезеңде де болған. Оу, Жириновскийдің айтқанын асыра қолдаған ішмерез жұғымсыздықты танытып Эдуард Лимонов «Нұрсұлтан Назарбаев биліктен кеткен соң Владимир Путин Қазақстанның солтүстік территориясын

басып алуы керек» деп аузы-мұрны қисаймай, шулы қиқу салды. Өлгі әлекке бастайтын сөзі әзірейілді көргендей жаныңды түршіктіреді. Бас қатыратын шытырманнан қауіп бар.

Ана жылы Хакасия Парламентінің төрағасы Владимир Штыгашев «Шығыс Қазақстан, кенді Алтай, Қарағанды Ресейдің жері еді, бес облысты Кеңес үкіметі Қазақстанға бере салды» деп дерек-дәйексіз аузына келгенін суқитып айта салды. Гогольдың «Құдай жыңды қылмасын!» дегеніндей, адамда жыңдылық сөз бола береді екен. Қараңыз, Павел Шперов «То, что исконно наша – оно наше» дей келіп, тағы да «Оңтүстік Орал, Оңтүстік Сібір – бәрі біздің жер, Донск, Новороссия, Малороссия – бәрі біздің жеріміз, біз осы жерлердің өзіміздің меншікті болуына саясат жүргізуіміз керек» деп қояды. Гогольдың бір кейіпкерінің «Жоғал, ант атқан бұзақылар!.. Сайтанның балалары, әкелеріңнің соңынан барып дарға тартылыңдар! Балға қонған шыбындай үймелегені несі!» дегенін ойға алсақ, қазақ жеріне жанталаса ойранды пікір тастауына қарағанда, құдайдан қорқып, адамнан ұялуды білмейтін зәлімдік деуге болар. Өлсін-әлі қиқулауы неткен ақымақтық деп кешіре берсең, «Есірткенде есектің қиы да секіреді» боп шықпасына кім кепіл. Гогольдың тағы бір кейіпкерінің: «Осы бүліктің бәрін жасап жүрген қандай сұм, қандай ғана сиқыршы албасты екен десем!» дегеніндей, Павел Шперов, Эдуард Лимонов, Владимир Штыгашев, Владимир Жириновскийлер көршінің тыныштығын, халықтардың сыйластығына іріткі салғысы келген кәрауыздық орыс халқының беделіне нұқсан екенін білмейтіні қалай? Ресейдің ақылдылары тыйым салар деп сабыр ете тұралық, қомағайлықтың әбігеріне тосқауыл болар заңдылық керек шығар. Әйтпесе әлемдік сотқа жүгінуге тура келер. Гогольдың кейіпкері «Өзімнің де жаным шошып тұр. Сен тұрған жерде жақсылық жоқ» депті. Гогольдың сатиралық кейіпкерлеріне қанша ғасырлар өтсе де ажал бұйырмас, сірә... Аптыққан әлек, әбігер қызғаншақтардың жан дүниесін жегідей жеп, тыныштық таптырмайды...

\* \* \*

«Я, тәңірім, өмір ет, мұның бүкіл үрім-бұтағы жалғанда жарық сәуле көрмесін... Ал Иуда Петро жер астынан тұра алмай, онан да жаман азап шексін, құтырған иттей топырақ қауып, жер астында құрысып-тырысып қалсын!» (Гоголь шығ. – Алматы, 1954 ж. – 203-бет). Зәлімдер қарғыстан да қорықпас па екен, әлемде тыныштық жоқ... Алланың көріне ұшырауды ойлаудан қалмасақ жарар еді.

\* \* \*

Өркімнің бас қондырысы, ми қауашағындағы нейрондарының қызметі әр түрлі, тіпті мың сан түрлі. Біреулердің ашуы тарқап болмайды, өзінде жоқ, өзгеде барға өкпесі қара қазандай болған соң тыныш ұйықтап, бойына ас сіңер ме? Осындайда кемшілігін бетіне дөп басып айтқан шындықтан қатты қорқып, биліктің сойылын соға кетеді. Қырқысуды саясатшы бастаса, өсекші жалмауыз, сұм-сұрқиялар рахатын көреді. Аһылап-уһілеп барып, «Бірді бірге шағыстырмасам, өсек өртін салмасам, ел мен елді қырылыстырмасам, қалай өмір сүрем, өліп қаламын ғой, суық сөздің қадірін біліп құрметтеу керек. Кеңес заманында жатыпатарлар, жансыздар керемет өмір сүрді. Ақылдыларға күйе жағу қиын болып па? Міне, өсекшінің қыруар пайдасын билік көрді» деп бет бақтырмайтын тасжүректер иненің көзінен өтіп, биліктің көлеңкесінде әлі де көлеңдеп жүр. Ондайды халық даналығының «Қызыл тіл – қынсыз қылыш жап-жалаңаш, жұрт қалай ол қылышқа арандамас» деген жолдары ойға оралады.

\* \* \*

Біздің елімізге ешкімнің тіл тигізуге хақы жоқ!..

## МАЗМҰНЫ

Қанаты күйген қарлығаштар.....	3
Дығыр таянды.....	38
Кемді күнгі дәурен-ай.....	48
Көздің құртын өлтірген.....	52
Сиқыр күші сұлудың.....	54
Асау толқын арпалысы.....	61
«Сен кімсің» демейді уақыт.....	65
Зұлым.....	72
Қыршын кетті.....	79
Шемен шері қазақтың.....	84
Көлдария көздің жасы.....	98
Белшесінен қанға батқан.....	111
Құлаш ұрған.....	124
Жойқын зұлмат.....	127
Түйетөбе басына шөккен бұлт.....	136
Қыл тұзақтан қаймықпай... ..	138
Кедей кекшіл.....	146
Үрей... Бұқпантайлардың қиянаты.....	154
Қолқамызға қол салды.....	159
Жолаушы.....	163
Сөзі мыңжылдық.....	177
Босқын.....	183
Сәкен және үзеңгілестері.....	190
Есірген әмірші.....	198
Ашық әңгіме.....	210
Алтай қазақтары.....	214
Қанды қырғынды көрген.....	222
Катюшаның командирі.....	229
Өрт кешкен ару.....	233
Батыр қызы халқымның... ..	237

Даңқы жер жарған .....	241
Башқұртстан: жұлдыздар жолы.....	255
Жеті қыз .....	272
Арманы болған азаттық .....	276
Киізбас .....	278
Жын соққаннан мың соққан жаман.....	284
«Түйесі жоғалмағанның бәрі есті».....	316
Миымда менің үрей бар .....	320
Жұлдызы жақын ба? .....	333
Шапаннан тараған шапағат .....	341
Мәриямның өсиеті .....	344
Жетек .....	348
Мылтықсыз майдан.....	354

### *Памфлеттер*

«...Зұлымды құдай қарғаған» деседі.....	358
«Ит үреді, керуен көшеді».....	361
Желкеуде .....	364
Пәле қайдан?.. .....	369
Салазардың тісі қышып отыр .....	372
Самолет берсең де, айтпаймын өтірікті.....	375
«Жоғал, ант атқан бұзақылар!.. .....	383

*Кітаптарымдағы нақты деректер Омбы, Кемерово,  
Новосібір, Барнауыл, Орынбор, Орск, Қазан, Уфа  
қалаларындағы мұрағаттардан алынды.  
Мұрағат қызметкерлеріне алғысымды білдіремін.*

*Автор*

**Табыл ҚҰЛЫЯС**

**ТАҢДАМАЛЫ**

**Үш томдық**

**Екінші том**

*Деректі хикаяттар*

Редакторы *Айдана Базарбай*  
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*  
Техникалық редакторы *Әльмира Заманбек*  
Корректоры *Гүлзат Самат*  
Компьютерде беттеген *Ақмарал Кадикенова*

Басуға 14.04.17 қол қойылды.  
Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ . Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 20,58.  
Тапсырыс №0037. Таралымы 5000 дана.



«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

ISBN 978-601-302-633-6



9

786013026336

ISBN 978-601-302-273-4



9

786013022734